Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ 811.512.122’1 Қолжазба құқығында

БАЙСЫДЫҚ ИНДИРА БОЛАТБЕКҚЫЗЫ

Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері

8D02314 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор
К.Б.Кудеринова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Doç. Dr. Şüleyman Kaan Yalçin
(Элязыг, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....5
КІРІСПЕ.....6
1 МІНЕЗ АТАУЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ...12
1.1 Адам табиғатының темпераменті, ерік жігері.....12
1.2 Мінез бітісі, адам болмысы, адам табиғаты, көңілі, қылығы, құлқы ұғымдарының аражігі.....19
1.3 Мінез және оның психологиялық, әлеуметтік сипаты.....25
1.4 Көркем мінез ұғымы және сапалық белгілері.....30
1.5 Адам мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық және этнолингвистикалық аспектіде зерттелуі.....34
1.6 Қазақы мінез атауларының лингвомәдени сипаты.....41
Бірінші тарау бойынша қорытынды.....51
2 ҚАЗАҚЫ МІНЕЗ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....53
2.1 Қазақ тіліндегі жағымды мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері.....53
2.2 Қазақ мәдениетіндегі жағымсыз мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері.....81
2.3 Қазақ тіліндегі әйел және ер адам мінез атауларының мәдени негіздері.....103
2.4 Қазіргі қазақ дискурсындағы мінез атауларының жиілігі.....112
2.5 Қазіргі қазақ тіліндегі мінез атауларына қатысты варваризмдер.....117
2.6 Қазіргі қоғам мүшелерінен алынған әлеуметтік сауалнама талданымы.....120
Екінші тарау бойынша қорытынды.....127
ҚОРЫТЫНДЫ.....129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....132
ҚОСЫМША А – Қазақ ұлтының танымындағы жағымды мінез атаулары.....138
ҚОСЫМША Ә – Қазақ ұлтының танымындағы жағымсыз мінез атаулары.....141
ҚОСЫМША Б – Жағымды мінез атауларының түсіндірме сөздігі.....146
ҚОСЫМША В – Жағымсыз мінез атауларының түсіндірме сөздігі.....223
ҚОСЫМША Г – Жағымды мінез атауларының жиілігі.....317
ҚОСЫМША Ғ – Жағымсыз мінез атауларының жиілігі.....318
ҚОСЫМША Д – Жағымды және жағымсыз мінез атауларының тізімі.....319

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертацияда төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер пайдаланылған:

Антропологиялық лингвистика (грек. *anthropos* адам, лат. *lingua* тіл) – 1) тіл білімінің жазуы жоқ тілдерді зерттейтін саласы; 2) методологиялық негіз ретінде "антропологиялық принципті" (тіл – адам) қолдайтын зерттеулердің шартты атауы.

Бинарлық (лат. *binarius* жұп, екі бөлімнен тұратын) – тілдік объектінің міндетті түрде екі жақты, екі құрамды сипатта болуы, соған сай оларды зерттеп суреттеуде осы екі жақтылықты ескеру. Бинарлық қарама-қарсылық – екі жақты, қос, жұп қарама-қарсылыққа негізделеді.

Варваризм (грек. *barbaros* бөтен елдік) – белгілі бір тілдің қалыптасқан нормаларына кіріспейтін, ондағы сөзжасам, сөз түрлендіру, сөз тіркестіру заңдарына сәйкеспейтін, зәрушілігі шамалы бөтен тілдің сөздері мен сөз қолданыстары. Варваризмнің пайда болуы кірме сөздермен байланысты.

Денотаттық мағына – әртүрлі реңк тудыратын үстеме мағынадан тыс сөздің негізгі мағынасы.

Коннотаттық мағына – сөздің негізгі мағынасына үстемеленіп, әртүрлі семантикалық, стилистикалық реңк тудыратын қосымша мағына. Мысалы, *азамат* сөзінің *кәмелетке жеткен ер адам* деген негізгі мағынасы – денотаттық мағына болса, *адамгершілік қасиеті жоғары, саналы адам* деген мағынасы – коннотаттық көтеріңкі мағынасы болып табылады.

Концепт – когнитивтік санада белгілі бір нысанға байланысты әлемде қалыптасқан жалпы танымдық түсінік, белгілі бір қауымдастықтың тәжірибесі негізінде қалыптасқан мәдени-танымдық элементтердің бірлігін, халықтың рухын, мәдени танымын, ойлау жүйесін түсіндіретін менталды кілт, танымдық бөлшек.

Лексикография (грек. *lexikon* сөздік, *grapho* жазамын) – 1. Сөздік жасаудың теориясы мен практикасын зерттейтін тіл білімінің саласы; 2. Белгілі бір тілдегі немесе ғылым саласындағы сөздіктердің жиынтығы. *Лексикограф* – лексикография маманы, сөздікші.

Номинация (лат. *nominatio* атау) – 1) сөздің немесе сөз тіркесінің затты атап білдіруі; 2) атаумен байланысты жалпы тіл мәселелерінің және номинативтік тұрғыда қарастырылатын сөзжасам, көпмағыналылық, фразеология т.б. жиынтығы.

Прецеденттік феномендер – ұлттық-лингвистикалық-мәдени қоғамдастықтың барлық өкілдеріне жақсы таныс; санада, ойда, сөзде үнемі әртүрлі қырынан жаңартылып отыратын тұлғалар, оқиғалар.

Сигнификат – (лат. *significatum* белгіленуші) – тілдік таңбаның ұғымдық мазмұны. Гносеологиялық (философиялық таным теориясы) тұрғыдан алғанда сигнификат адам санасындағы денотат қасиеттердің белгісін білдіреді.

Синекдоха – (грек. *synecdoche* қатыстыру) – метонимияның бір түрі болып табылатын стилистикалық ауыспалы мағына. Бөлшектің орнына бүтінді,

бүтіннің орнына бөлшекті, көпшенің орнына жекешені қолдану негізінде сөз мағынасының ауысуы.

Семасиология – (грек. *sëmasia* мағына, *logos* сөз, ілім) – заттар мен құбылыстарды, түсініктерді атап білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын зерттейтін ғылым саласы. Лексикологияның аса маңызды бөлімдерінің бірі.

Сөзтізбе орыс. *реестр* – сөздікке енгізілетін сөздердің әліпби ретімен берілген тізімі.

Стереотиптер – бұл белгілі бір топты немесе ұжым туралы біздің қабылдауымызға әсер ететін нанымдар; белгілі бір халықтың ұлттық мәдени көрсеткіші, әрі сол халықтың ұжымдық санасында ұлттық тіл арқылы зерделеніп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тұрақты ұлттық-мәдени бейнесі.

Темперамент (лат. *temperamentum* – бөліктердің қажетті арасалмағы) организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе, жоғары жүйке қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылысы.

Фрейм – тілдік практиканың нормаларын қоса есептегенде оқиғалардың, жағдаяттардың немесе іс-әрекеттің бір типті ұйымдастырылуы туралы білім, бұл білім алдыңғы тәжірибеге сүйенеді және нақты күтілетін жағдайларды алдын ала білудің салдары болып табылады.

Эвфемизм (грек. *eu* жақсы, *phemi* сөйлеймін) – ауыспалы мағынаның ерекше бір түрі. Сөздің дәл мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылуынан туады. Тұрпайы сөздер мен сөз тіркестерді сыпайылап айту. Мыс.: *мылжың* деудің орнына *сөзі көп, сөзуар* деп атау.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ар. – арабша
ауыс. – ауыспалы
б.э.д. – біздің эрамызға дейінгі
жерг. – жергілікті
ир. – иранша
көне – көнерген сөз
қарап. – қарапайым
лат. – латынша
сөйл. – сөйлеу тіліне тән сөз
сын. – сын есім
шығ. – шығармалары
экспр. – экспрессивті сөз

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ халқы алдымен өзінің табиғатын, болмысын таныған, дене мүшелерінен бастап, адамдық қасиеті мен жақсы-жаман қылықтарын, мінез-құлқын, қабілеттерін, өзін қоршаған орта, туған-туыс, айнала, алыс-жақын жұрағат, танитын-танымайтын, бірақ көзіне көрініп, бір сипаты белгілі болып қалған барлық ортаны байқап, бағалап, сипатын беріп отырған. Оған түркі дәуірінен сақталған төл сөздерден тұратын дене мүшелері атаулары, туған-туыс, үй-іш атауларының әрқайсысына тән атау болып бекіген барлық лексикалық қор айғақ бола алады. Оған академик Ә.Қайдар «Қазақ қандай халық?» [1] деп сұрақпен атаған, ол сұраққа қазақ ұлтын адам, қоғам және тіл үштігі аясында зерттеп, ұлттың мінез-құлқы, менталитетімен жауап берген бірегей еңбегі дәлел бола алады.

Қазақ лингвистикасында қазақ тіліндегі аталымдар жүйесінің әр тобы айтарлықтай зерттелді. Сөздік қорымыздың лексикографиялануы ХХ-ғасырдың 40 жылдарынан бастап қолға алынып, бүгінде «Қазақ әдеби тілі сөздігінің» [2] 106 мың сөз, 150 мың сөз тіркесін қамтыған түсіндірме сөздігі жарыққа шығып, сөз байлығымыз айтарлықтай түгенделді. Адамның ұғым-түсінігі мен бағалаулары таңбаланған номинативті бірліктер мен сипаттама қолданыстар жиналды. Тіл таңбалаған, тілдік санада анықталған бірліктер сол халықтың бағалаулары мен тілдік санадағы қорытынды нәтижесі болып табылады. Сондықтан филологиялық зерттеулерде кез келген тақырыпты зерттеуді жаңадан қолға алғанда алдымен сөздік қорды түгендейді, сөздік бірліктерді жинақтап, халық санасы тілдік бірлік ретінде атау беріп таңбалаған құрамды анықтайды, жалпы сандық көрсеткішті анықтап, көріністі бағалайды. Сандық көріністі бағалаудың ең айқын және тура жолы қолда бар лексикографиялық еңбектерді пайдалану, қажетке жарату болып табылады. Сол себепті қазақ тіліндегі мінез атауларының лингвомәдени негіздерін айқындау үшін алдымен сөздік құрамда тіркелген, ауызша және жазба тіл дискурстарында бірнеше рет қолданыс тапқан мінез бірліктерін жинап алу, оларды топтастыру, мағыналарын ашу қажеттілігі айқын.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. «Адамның күні адаммен» деген қазақ ұлты қашан да алдымен өзін және жақын-жуығының мінез сипаттарын өте дәлдікпен атаған және барлық өзгерістерді аңғарып, түсін түстеп, байқап, сондықтан атаумен, мақалмен, мәтелмен, тұрақты тіркеспен бекітіп отырған.

Алайда қазақ лингвистикасында адамның мінез сипаты атауларын зерттеп, тіпті лексика-семантикалық топтарға бөліп, барлық атауларды түгендеген зерттеу еңбегі жоқ деуге болады. Яғни «Қазақ тілінде қандай мінез атауларына атау берілетін болған?», «Қазақ ұлты мінез атауларында қандай сипатын ерекшелеп айтады?», «Мінез атауларының негізінде қандай мәдени сипат бар?», «Жақсы мінез атаулары көп пе?», «Жаман мінез атаулары көп пе?», «Не себептен?», «Ер адамдардың мінезі мен әйел адамдардың мінезіне қатысты сөздердің қандай ерекшеліктері бар?», «Қазақ тіліндегі мінез атауларының көбі неге белсенді қолданыста емес?», «Қазақ тілінде сөйлеп отырып, мінез

атауларына келгенде неге орыс тіліндегі анықтауыштарды қолдана салуға әуеспіз?» және т.с.с. сауалдар қарастырылмаған қалпы ашық тұр.

Атаулардың байлығы, айқындығы мен анықтығы, егер олар қолданыстан шығып қалса немесе өз мәнінде, мағынасына сай қолданылмаса, бірте-бірте ол ұғымдарды варвар тілдің, өзге тілдің сөзі жаулап алатынын, немесе өз тілінде сол сипатты беретін атаудың өрісін тарылтатынын көріп жүрміз. Мысалы, біз біреуге оның қандай адам екенін сипаттап беруін өтінсек, анықтауыш сын есімдерді кеңінен және дәл айта алмайтынын, қазақ тіліндегі атауын таба алмай, көбіне орыс тіліндегісін айтуын көріп жүрміз. Ал ресми іскағаздардағы мінездеме мәтіндері бірінен бірі көшірілген, субъектінің, тұлғаның нақты өзін айқындай алмайтын жаттанды атаулардан тұратыны жасырын емес.

Ал қазақ тілінің сөздік қорында мінез атауларын сипаттайтын 1800 (бір мың сегіз жүз) сөз, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркестері, ішінара мақал-мәтел бар екені белгілі болды. Қоғам санасында, тілдік санада үнемі қайталанған, әлеумет әр қырынан танып, әр қырынан атау берген, дәл, тура мағынасында денотаттық мағынада атаған тілдік таңбалармен қатар, атаудың қолданыс аясы кеңіген сайын сигникаттық, коннотаттық мағыналары да шығып, тілдік таңба байып отырады. Сол себепті қазақ тіліндегі бір ұғымды беретін бірнеше атаулардың синоним түрінде, вариант түрінде, сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркес, эпитет, метафора, синекдоха түрінде атала беруі заңды.

Сондықтан зерттеу тақырыбының өзектілігі қазақ тіліндегі мінез сипаты атауларының түгенделуімен, лексика-семантикалық топтарын айқындаумен, лингвомәдениеттанымдық аспектіде негіздерін іздеумен, атаулардың тезаурусын жасаумен өзекті болып табылады.

Зерттеу нысаны. Қазақ тіліндегі мінез сипаты атаулары, тұрақты сөз тіркестер, ішінара мақал-мәтелдер.

Зерттеу пәні. Мінез сипаты атауларының мағынасы, семантикасы.

Жұмыстың мақсаты. Қазақ тіліндегі мінез сипаты атауларының толық тезаурусын жасау, лексика-семантикалық топтарға бөлу, мінез атауларын аксиологиялық тұрғыда қарастыру, мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін анықтау.

Жұмыстың міндеті. Зерттеу жұмысының мақсатына орай, төмендегідей міндеттер қойылды:

– мінез ұғымын психологиялық, әлеуметтік, аксиологиялық аспектіде қарастыру;

– лексикографиялық еңбектерден қазақ тіліндегі мінез сипаты атауларының тезаурусын жасау; қазақ халқына таңылған ұлттық мінез атауларын, стереотиптік қазақы мінез атауларын айқындау;

– қазақ тіліндегі мінез атауларын жағымды және жағымсыз сипатты білдіретін атауларға топтастырып, жағымды мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарының көбінен азына қарай топтастыру, лингвомәдениеттанымдық тұрғыда қарастыру;

– қазақ тіліндегі жағымсыз сипатты білдіретін атауларды лексика-семантикалық топтарға бөліп, тілдік бірлігі көп топтан аз топқа қарай орналастыра отырып, сипаттама жасау;

– қазіргі қазақ күнделікті сөйлеу тілінде орысша аталымы қолданылатын мінез атауларын сауалнама негізінде айқындау, варварлық сипатта тілімізге еніп кеткен орыс тіліндегі атаулардың қазақ тіліндегі баламаларын көрсету;

– қазіргі қазақтілді жас буынның қазақы мінезді тану мәдениетін айқындау;

– қазақ тіліндегі мінез атауларының түсіндірмелі-әліпбилік, синонимдік қатарын көрсететін қолжазба ұсыну.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер. Лексикографиялау, түгендеу, сипаттау, лингвомәдениеттанымдық, концептуалды, лингвоаксиологиялық талдау әдістері және сауалнама әдісі мен статистикалық әдіс қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде құрылымдық тіл білімі мен аксиологиялық, антропоөзекті бағыттағы тіл білімі саласының белді ғалымдары В.Ф.Гумбольдт, Ю.Н.Караулов, А.Вежбицкая, В.А.Маслова, А.Д.Ли, Н.Ю.Лукашевич, Е.Ю.Харитонова, А.А.Добрининаның зерттеулеріндегі тұжырымдар мен түйіндер, психология саласының мамандары Ә.Алдамұратов, Қ.Б.Жарықбаев, М.Қ.Бапаева, Ж.Түрікпенов, педагогика және философия саласының зерттеушілері Д.К.Кішібеков, Ә.Табылды, Ж.С.Сандыбаев және қазақ лингвомәдениеттаным саласының негізін салушы ғалымдардың, атап айтқанда Ә.Т.Қайдар, Н.М.Уәли, З.Қ.Ахметжанова, Ж.А.Манкеева, Г.Н.Смағұлова, А.Б.Әмірбекованың зерттеу еңбектеріндегі тұжырымдар, зерттеу бағыттары алынды.

Зерттеудің дереккөзі. Зерттеудің дереккөзі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2001-2013 жылдары арасында зерттеген, жинаған, құрастырған және сөздік, концептілік деңгейде жүйелеген, профессор Нұргелді Уәлидің жетекшілігімен және редакторлығымен жасалған «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты онбестомдық түсіндірме сөздігінің деректері, ондағы қазақ тіліндегі адам мінезін сипаттайтын атаулар, сөз тіркестері және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер алынды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қазақ тіліндегі мінез сипаты атаулары алғаш рет жиналып, семантикалық топтарға бөлініп, қазақ халқы бағалаған және қазақ халқы құптамаған мінез түрлерінің атаулары лексика-семантикалық топтарға және концептілерге бөлініп, лингвомәдениеттанымдық тұрғыда қарастырылды. Бұл жұмыс қазақ тіл білімінде осы мақсатта зерттелмеген немесе ішінара қарастырылған тақырып болуымен қолға алынып отырғаны зерттеудің жаңалығын көрсетеді. Зерттеу жұмысында алғаш рет қазақ тіліндегі барлық мінез атаулары (сөз, сөз тіркесі, ішінара мақал-мәтел, тұрақты тіркес түрінде) жиналып, қазақ сөздік қорындағы алатын мөлшері анықталды. Алғаш рет мінез сипаты атаулары қазақ тіліндегі жағымды мінез атаулары мен жағымсыз мінез атауларына топтастырылып, саны шығарылды. Қазақ тіліндегі жағымды мінезді танытатын концептілер анықталды. Қазақ тіліндегі әйел адам мен ер адам мінезін сипаттайтын атаулар

айқындалды. Қазіргі қазақ күнделікті сөйлеу тілінде орысша аталымы қолданылатын мінез атаулары сауалнама негізінде айқындалды. Варварлық сипатта тілімізге еніп кеткен орыс тіліндегі атаулардың қазақ тіліндегі баламалары көрсетілді. Мінез сипаты атауларының сөзтізбесі жасалып, алғаш рет концептілер және лексика-семантикалық топ аясында жинақталды. Диссертациялық жұмыстың қосымшасы ретінде «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» онбестомдығы негізінде жасалған мінез сипаты атауларының түсіндірме сөздігі берілді. Қазіргі қазақтілді жас буынның өзінің және өзгенің бойынан таныған, бағалаған, жағымсыз мінез түрлерін анықтау мақсатында және қазақ тіліндегі мінез атауларының қорын пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында жасы негізінен 18-25 арасындағы қазақ жастарының арасында сауалнама ұйымдастырылып, 500 адамның жауабына талдама жасалып, қорытынды шығарылды. Сондай-ақ қазіргі жазба мәтіндерде, әртүрлі стильде кездесетін мінез атаулары «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (2016 ж.) бойынша жиілігі көбінен азына дейінгі алғашқы 100 бірлік анықталып, себебі айқындалды.

Зерттеудің теориялық құндылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тілтанымы мен лингвомәдениеттаным бағытындағы тұжырымдар мен қорытындылар жасауда өзіндік үлесі болады деп ойлаймыз. Қазақ халқының аксиологиялық құндылықтарын анықтауда айтарлықтай көмек болатыны сөзсіз. Сондай-ақ қазақ тілі лексикологиясы, семасиологиясы, сөзжасам, фразеология, паремиологиясына қатысты зерттеулерге өзіндік үлес қосады. Қазақ тілінің төл сөздерден тұратын сөздік қоры мен байлығының сапасын анықтауға көмектеседі. Қазақ халқының аксиологиялық құндылықтарының деңгейін, адамтану, адамсүйгіштік, елсүйгіштік қасиетін бағалауда маңызы жоғары болады деп ойлаймыз.

Зерттеудің практикалық құндылығы. Диссертациялық жұмыс барысында алынған нәтижелер қазақы және ұлттық мінез атауларының тақырыптық, лексика-семантикалық топтары мен мағыналас атауларының жүйесін нақтылауда өзіндік үлес қосады. Мінез атауларына қатысты талдау жұмыстарын ұйымдастыруда, лексикографиялық курстарда, мәтін стилистикасында, тілдік қатынас, мәтін лингвистикасы, ұлттық корпустың ішкорпустарын құрастыруда, семантикалық белгіленімдерін қоюда, қазіргі қазақ тілінің лексикология, фразеология бойынша дәріс оқуда, курс жұмыстары мен диплом жұмыстары үшін пайдалануға болады. Зерттеу барысында алынған сөз бірліктер қазақ тілінің түсіндірме, синонимдік сөздіктерін құрастыруда пайдалануға болады. Лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілерін қалыптастыруда өзіндік үлес қосады.

Зерттеу материалдарын орта білім берудегі мұғалімдер, әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілерінің оқушыларға мінездеме жазуында, оқушының тұлғалық сипатын беруде пайдалануына болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар.

1. Адам темпераменті тумысынан болатын, адам әрекетінің сыртқа шыққан физиологиялық қасиеті, адам мінезі сол темпераменттен шығатын әрекеттерді

бақылайтын, ұстайтын, жіберетін, жетілдіретін, тәрбие мен ортаның әсерінен жүре пайда болатын қасиет болып табылады; мінез адамның алға қойған мақсатынан, мақсатты жүзеге асырудағы қолданатын құралы мен әдісінен, дүниеге, бөгде адамдарға, өзінің ісіне, өзіне деген қатынасынан көрінеді.

2. Қазақ тіліндегі мінез атауларын және олардың лингвоаксиологиялық, когнитологиялық сипатын шығару алдымен осы кезге дейін құрастырылған лексикографиялық еңбектердегі бірліктерді жинау және олардың макро, микро мағыналық топтары мен концептілерін шығару, сол арқылы қазақ халқының адам мінезін бағалаудағы аксиологиясы мен прагматикасын анықтаудан тұрады. Осымен байланысты «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2006 – 2013 жж.) онбестомдығынан жиналған 1800 бірлік қазақ тіліндегі мінез атауларының негізгі қоры болып табылады. Мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер, фразалық тұтастықтар, мәтіндер осы базалық бірліктердің негізінде болашақта қарастырылатын болады.

3. Қазақ тілінде жағымды мінезді таңбалайтын бірліктер концепт құрайды, жағымсыз мінезді сипаттайтын бірліктер лексика-семантикалық топтарға бірігеді. Жағымды мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарын көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шығады: *аққөңілділік, батырлық, ақылдылық, момындық, алғырлық, әдептілік, байсалдылық, білімқұмарлық, шешендік, қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық, ұқыптылық, намысқойлық, ағайыншылдық, әсершілдік, әзілқойлық, имандылық, шыншылдық, жайлылық, шыдамдылық, жақсы, сыйымдылық, кеңпейілділік, бірсөзділік, қонақжайлылық, еңбекқорлық* жатады. Қазақ мәдениетіндегі бағаланған мінез концептілері адамның рухани дүниесін, әсіресе ақылға, сабырға, жомарттыққа, кеңпейілдікке байланысты болып келеді.

4. Қазақ тілінде жағымсыз мінез атауы жағымды мінез атауларынан көп болу себебі қазақ халқының жамандықты, нормасыздықты, қазақ мәдениетіне жатпайтын теріс қылыққа атау бере отырып, жақсылыққа үндейтін тәрбиесіне байланысты. Жағымсыз мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарын көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шығады: *бұзықтық, ынжықтық, менмендік, тәкаппарлық, қыңырлық, сөзшеңдік, әдепсіздік, мейірімсіздік, тұрлаусыздық, жеңілтектік, мақтаншақтық, даңғойлық, кінәмшілдік, сараңдық, тексіздік, жалқаулық, ақылсыздық, шолжаңдық, мазасыздық, ұрысқақтық, қулық, тойымсыздық, арамдық, қызбалық, іштарлық, қыдырымпаздық, қорқақтық, салақтық, аңқаулық, енжарлық, жалақорлық, өтірікшілдік, жағымпаздық, мансапқұмарлық, ебедейсіздік, көрсеқызарлық, өзімшілдік, зарылдауықтық, берекесіздік, надандық, әділетсіздік, мысқылшылдық, тұйықтық, нәсіпқұмарлық, абыржығыштық, жанаярлық, ұмытшақтық, жалпақшешейлік, күмәншілдік.*

5. Өзге ұлт өкілі тарапынан бағаланған мінез атаулары мен қазақ халқының өзі бағалаған мінез атауларының арасында сәйкестік бар.

6. Қазіргі XXI ғасыр қазақ мәдениетінде жаман мінездерге қарағанда жақсы мінездердің жиі қолданылуы коммуникацияны жақсарту, мақтау, мадақтау, көтермелеу, рух беру, қадірін білу мақсатында, сонымен бірге

жағымпаздық, айлакерлік, саясат мақсатында, адамдар арасында жасанды қарым-қатынас жасауда пайдаланатын құрал ретінде қолданылады.

7. Қазіргі дискурста мінез атауларының варваризмі әсіресе жастар мәдениетінде сөздің, сындық атаудың орыс тіліндегі лексикалық бірлігі алдыңғы қатарлы, заманауи болып көрінетін түсінік алға шығып кеткендіктен және тілге деген салақтықтан ғана қате қолданылады, орыс тіліндегі мінез атауларының қазақ тілінде бір емес, бірнеше төл атауы бар.

Зерттеу жұмысының жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары 5 мақалада жарияланды. Оның ішінде *1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасындағы импакт-факторы жоғары журналда:*

– Lexical aspect in language and culture communication // XLinguae, Terminology and lexis. – 2023. – Vol. 16, №1. – P. 216 – 223.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің бекіткен тізіміне енетін журналдарда 3 мақала жарияланды:

– Ұлттық және шығыстық мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық аспектілері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. «Филология» сериясы. – Алматы, 2022. – №4 (188). – Б. 21-32.
– Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2023. – №1 (68). – Б. 24-39.
– Қазақ тіліндегі жағымды мінез концептілерінің тілдік репрезентанттары // А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты «Тілтаным». – Алматы, 2023. – №1 (89). – Б. 44-55.

Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында 1 мақала жарияланды:

– Абай қара сөздеріндегі мінез сипаты атаулары туралы // Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткен «Абай мұрасы – рухани жаңғырудың қайнар көзі» атты ONLINE негізіндегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – Б. 53-56.

Зерттеу жұмысының жалпы құрылымы. Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады.

1 МІНЕЗ АТАУЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Адам табиғатының темпераменті, ерік-жігері

Академик Ә.Қайдар «... Адам мен ұлы табиғат өзара тығыз байланысты: Адам да сол Табиғаттың өзінен жаралған, сол Табиғаттың өзінде өтіп жатқан саналы өмірдің, ондағы қалыптасқан рухани, заттық мәдениеттің ұйтқысы, барша өркениеттің зиялы иегері. Ол бұл дәреже-деңгейге өзін-өзі де, өзін қоршаған табиғат құбылыстарын да, өзі қауымдасып жасап отырған қоғамдағы қарым-қатынасты да – бәрі-бәрін тегіс біліп, тереңнен түсінуі арқылы ғана жетіп отыр... Демек, Адамның ең басты, ең қымбат, ең абзал, ең құнды қасиеті – оның Адамдық қасиеті. Ал, бұл қасиет ақыл-парасаттан бастау алып, жер бетіндегі барша саналы өмірдің ұйтқысы болып отыр» [3, б.12] деп айтқандай, қазақ халқы адамның құнын адамдық, яғни гуманистік сипаты жағынан бағалаған. Сол себепті қазақ тіліндегі мінез сипаты атауларына зерттеу жасамас бұрын алдымен, адам мінезі негізгі нысан болып табылатын психология ғылымындағы мінез бірлігіне қолда бар әдебиеттерді пайдалана отырып, сипаттама жасап көреміз.

«Мінез» ұғымының шекарасын анықтауға байланысты туындайтын маңызды мәселе – бұл тек салыстырылып қана қоймай, кейде бірін екіншісімен алмастыратын мінез-құлық пен темперамент арақатынасы. Адам эмоционалды, рухани, адами болмысына қатысты ғылымда анықталған темперамент, ерік-жігер және мінез психологиясы бар. Алдымен темпераментке тоқталайық.

В.Д.Небылицын өзінің «Темперамент» мақаласында бұл ұғымды «адамның психикалық әрекетінің динамикалық ерекшеліктері, яғни психикалық процестер мен күйлердің осы қызметін құрайтын қарқын, жылдамдық, ырғақ, үдемелілік жағынан сипаттамасы» деп анықтайды [4, б. 238]. Психиканың мұндай қасиеттері оның мазмұнына, мақсатына, мотивтеріне қарамастан әр алуан іс-әрекетте бірдей көрінеді. Сонымен бірге адам есейген кезде тұрақты болып қалады және өзара байланыса отырып, темперамент типін сипаттайды.

Тұлға туралы ілімнің тарихында темперамент мәселесіне байланысты үш негізгі көзқарас қалыптасқан. Осылардың ішінде темперамент ұғымын денедегі кез келген сұйықтықтың қасиеттерімен байланыстыратын гуморальдық теориялар ең ежелгі көзқарас болып табылады. Ежелгі Грецияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың (б.э.д. 460-356) еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әртүрлі темпераменттер адамдар мен жауарлардың денесінде төрт түрлі сұйық заттарға байланысты болмақ. Олар: денені жылытып тұратын – қан, салқындататын – шырыш, құрғататын – бауырдағы сары өт және оған дымқылдық беретін – қара өт (талақ). Осы төрт түрлі сұйықтың араласуының пропорциясын грекше “красис” деп атаған. Ал латын тілінде бұл терминді *темпераментум* деп атап кеткен [5, б. 343-353]. Гиппократ және оның шәкірттері адамдағы темпераменттердің әртүрлілігі организмдегі осы төрт түрлі сұйық заттың бір-бірінен аз-көптігіне байланысты деп түсінген. Мәселен, организмде қанның пропорциясы артық болса, ол сангвиникалық (латынша “сангиус” – қан), ал шырыш басым болса (грекше

“флегма” – шырын), флегматик темперамент деп, ал организмде қара өт басым болса меланхолик (грекше “мелай – нехоле” – қара өт), организмде сары өт басым болса, холерик (грекше “холе” – өт) темпераменті деп аталған. Осы теорияға сүйене отырып, ағзадағы басым болатын сұйықтыққа байланысты темпераменттің төрт түрі туралы ілім қалыптасты: сангвиник, холерик, меланхолик және флегматик. Темпераменттің бұл түрлерінің психологиялық сипаттамаларын неміс философы И.Кант жүйелеген [6].

Екінші топқа темпераментті морфологиялық белгілердің жиынтығымен байланыстыратын теориялар кіреді. Бұған, ең алдымен, неміс психологы Э.Кречмердің ілімдері жатады [7]. Ол белгілі бір психикалық ауруларға бейімділік пен дене құрылысының арасындағы байланысты анықтады. Кречмер дене құрылымының кең тараған үш түрін анықтап, сипаттады. Осыған сүйене отырып және полюстердің бір-біріне тартылу (көңілді – мұңды көңіл-күй немесе сезімталдық – салқындық) көрсеткіші бойынша Кречмер темпераменттің алты тобын анықтады. Американдық психолог Р.Шелдонның тұжырымдамасы да темпераменттің морфологиялық теорияларына жатады. Ол Э.Кречмер сияқты тұлғаның әртүрлі психикалық қасиеттері соматикалық түрде анықталады деген идеяны ұстанды [8, б. 242].

Үшінші топтағы темперамент туралы теориялар жануарлар мен адамның жүйке жүйесінің типологиялық қасиеттері туралы И.П.Павлов іліміне негізделген [9, б. 11]. Жүйке жүйесінің үш негізгі қасиетін (қозу және тежеу процестерінің күші, тепе-теңдігі, қозғалғыштығы) бөліп көрсете отырып, Павлов жоғары жүйке қызметінің негізгі, типтік комбинацияларының төрт түрін анықтады. Павлов осы төрт түрді темперамент типтерінің ежелгі классификациясымен тікелей сәйкестендірді.

Мінез және темперамент ұғымдарының арақатынасына келетін болсақ, қазіргі уақытта 4 негізгі көзқарас бар [10]:

1) мінез бен темпераментті сәйкестендіру (Кречмер, Ружицкий);

2) мінез бен темпераменттің қарама-қайшылығы, олардың арасындағы антагонизмге баса назар аудару (Викторов, Вирениус);

3) темпераментті мінез элементі, оның өзегі, өзгермейтін бөлігі ретінде тану (Городецкий, Кейра, Гундобин);

4) темпераментті мінездің табиғи негізі ретінде тану (Выготский, Ананьев, Рубинштейн).

Көптеген зерттеушілер үшін мінезді темпераменттен ажырату мәселесі ерекше маңызға ие. Мәселен, В.Д.Небылицынның пікірінше, «темперамент ешқашан тұлғаның өзіне ғана тән даралық қасиеттерін (дүниетанымы, көзқарастары, сенімдері, қызығушылықтары және т.б.) сипаттамайды, ол тек қана адам әрекетінің динамикалық жағымен, ал мінез тұлғаның индивидтік қасиетімен тығыз байланысты» [4, б. 242]. Ю.Б.Гиппенрейтер темперамент пен мінездің негізгі айырмашылығын «темперамент негізінен ағзаның туа біткен қасиеттерімен, ең алдымен оның жүйке жүйесімен байланысты» деп санайды, ал мінез туа біткен және жүре пайда болған қасиеттердің «қорытпасы» ретінде беріледі деген қорытынды жасайды [11, б. 19].

В.С.Мерлин темпераменттің айрықша белгілері туралы айта келе, оның қасиеттеріне «жеке ерекшеліктерді» жатқызуды ұсынады. Олар:

«1) жалпы психикалық іс-әрекеттің динамикасын реттейді;

2) жекелеген психикалық процестер динамикасының ерекшеліктерін сипаттайды;

3) тұрақты және қалыпты сипатқа ие, ұзақ уақыт бойы дамуды сақтайды;

4) темперамент түрін сипаттайтын қатаң әрі тұрақты қатынаста болады;

5) жүйке жүйесінің жалпы типімен анықталады» [12, б. 165].

Сонымен темпераменттің мінез-құлық ерекшеліктерінен айырмашылығы – темперамент кез келген жағдайда көрінуі мүмкін, өйткені ол жалпы динамиканың сипаттамаларын анықтайды. Ал мінез темперамент негізінде қалыптасады, темперамент мінездегі кейбір белгілерді анықтайды (мысалы, жаңа жағдайларға бейімделудің жеңілдігі/қиындығы, реакцияның қозғалғыштығы/инерттілігі, мінез-құлықтың тепе-теңдігі/теңгерімсіздігі). Бірақ адамның темпераментіне байланысты оның мінезіне алдын ала болжам жасауға болмайды. Мысалы, темперамент қасиеттері бірдей адамдардың мінезі әр түрлі сипатқа ие болуы мүмкін, тіпті кейбір мінез қасиеттері темпераментке қайшы келуі де ықтимал. Тұтастай алғанда, профессор Қ.Б.Жарықбаевтың түсіндіруінше, «темперамент тұлғалық қасиеттердің дербес түрі емес, ол мінез ерекшеліктерінің белгілі бір эмоционалды бағытынан, психикалық процестер мен олардың жылдамдығынан, жеке тұлғаның экспрессивті қозғалыстары мен әрекеттерінің сипаттамасынан тұратын динамикалық жағы» деп қорытынды жасауға болады» [5]. «Рим дәрігері Гален (129-199) темпераменттің санын он үшке жеткізді. Гален организмде жылылық неғұрлым басым болса, темпераменті күшті болатынын, денесі салқын болса, темпераменті баяулайтынын айтты. Бұл секілді түсініктердің прогрессивтік маңызы зор, өйткені адамның тәнін зерттеу, тәжірибеге көңіл аудара бастау сол кезде кең жайылған, жан тәнге байланыссыз нәрсе дейтін теріс пікірге берілген үлкен соққы еді» деп айқындайды осы еңбегінде ғалым [5, б. 343-353].

Орта ғасырдағы ғалымдар темпераментті организмдегі химиялық заттардың құрамына байланысты түсіндіруге тырысты. Кейіннен темперамент организмнің түрліше физиологиялық өзгешеліктеріне, атап айтқанда, қан жолы жүйесінің құрылысына, зат алмасуға, ішкі секреция бездеріне т.б. байланысты деген пікірлер де тарады. Неміс философы И.Кант (1724-1804) өзінің “Антропология” деген еңбегінде темпераменттің төрт түрі туралы толық психологиялық сипаттама берді. Бірақ ол темперамент пен мінез ұғымдарын бір-біріне балама ретінде қарастырды.

Темперамент туралы теориялар XIX ғасырдың аяқ кезінде де кең өріс алады. Мәселен, неміс анатомы Гейне темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе, орыс антропологы Н.Л.Зеланд (1833-1902) ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты деді. Көрнекті орыс педагогы П.Ф.Лесгафт (1837-1909) темпераменттердің қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады. Темпераменттердің физиологиялық негіздерін

ғылыми тұрғыдан дәйекті етіп түсіндірген академик И.П.Павловтың ілімі темперамент туралы түсінікті ғылыми сара жолға түсірді [5, б. 343-353].

И.П.Павлов ілімінің айтуынша, жүйке жүйесінің әрбір типінің үш белгісі болады. Мәселен, күшті типтердің бірі – *ұстамсыз тип* – жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу, тежелу процестері бір-бірімен сәйкес келмейтін (қозуы ылғи да басым келіп отыратын) ерекше қозғалыстағы тип. Күшті типтердің екіншісі – *ширақ типтер* деп аталынады. Мұнда қозу мен тежелу процестері бір-біріне тең келіп, тез алмасып отырады. Күшті типтің үшіншісі – қозу мен тежелу бір-біріне тең, бірақ алмасуы сараң, баяу көрініп отырады. Күшті тітіргендіргіштердің әсерінен туатын шектен тыс тежелулер де әлсіз типте жиі болып отырады. Мұндайда кейде күшті типтер сыртқы дүниеден келетін түрлі әсерлерге төзімді келсе, әлсіз тип “морт сынып” кететін болады. Павлов сангвиниктерді – ширақ, жүйке жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі тең, қозғалғыш адам; холериктерді – ұстамсыз, жүйке жүйесі күшті, қозуы тежелуінен басым; флегматиктерді жүйке жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі бір-біріне тең болғанмен, қозғалысы баяу адамдар десе; меланхоликтерді – жүйке жүйесі әлсіз типті адамдар деп сипаттады.

Сонда темперамент – организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе, жоғары жүйке қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс болды. Темперамент адамның жалпы қозғалысынан да (мәселен, біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, енді біреулер жай қимылдап, асықпай істейді), психиканың күші мен тереңдігінен де (мәселен, біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше, сылбыр, жігерсіз болады), адамның көңіл күйінің ерекшеліктерінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз т.б.) эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек т.б.) жақсы байқалатын болмыс. Бір адамның эмоциялық сезімі тез немесе күшті болуы, ал екінші бір адамдікі баяу немесе әлсіз болуы мүмкін. Осыдан келіп адамдардың мінезінде түрліше көріністер пайда болады. Мысалы – эмоциялық сезімі тез пайда болатындарды – холерик, әлсіздеу болса – сангвиник, ал баяу сезімділерді – меланхолик, тым әлсіздерін – флегматик деп атайды.

И.П.Павлов бұл айтылған негізгі типтерден басқа да аралас, көшпелі типтердің кездесетіндігін айтты. Мәселен, ұстамсыз типтің өзінен қозуы ерекше күшті, тежелуі әлсіз және қозуы мен тежелуі бірдей күшті (бірақ аз да болса қозуы басымдау тұратын), сонымен қатар, қозу мен тежелудің күші тепе-тең келетін варианттары байқалған. Соңында ғалым мынадай анықтама береді: “Темперамент жануарлар мен жеке адамның жалпы сипаттамасы, әрбір индивидиуумның барлық әрекетіне белгілі өң беретін жүйке жүйесінің жалпы сипаттамасы” [13, б. 103]. Гиппократ іліміндегі темпераменттердің физиологиялық негіздерін көрсеткен И.П.Павловтың анықтауы төмендегі кестеде тұр.

Кесте 1 – Темпераменттердің физиологиялық негіздері

Темпераменттердің түрлері (Гиппократ терминологиясы бойынша)	Жүйке жүйесінің типтері (Павлов терминологиясы бойынша)	Жүйке процестерінің (қозу, тежелу) қасиеттері		
		күші	тепе-теңдігі	қозғалғыш-тығы
Холерик	Ұстамсыз тип	Күшті	Тең емес (қозуы тежелуінен басым)	Ерекше қозғалғыш
Сангвиник	Ширақ тип	Күшті	Тепе-тең	Қозғалғыш
Флегматик	Баяу тип	Күшті	Тепе-тең	Баяу қозғалады
Меланхолик	Әлсіз тип	Әлсіз	-	-

Профессор Қ.Б.Жарықбаевтың айтуы бойынша, соңғы жылдары көрнекті орыс психологы Б.М.Тепловтың (1896-1965) лабораториясында жүйке жүйесінің типтері одан ары зерттеле түсті. Егер И.П.Павлов өзінің тәжірибесін жануарларға жасаған болса, Б.М.Теплов пен оның шәкірттері осындай тәжірибені адамдарға жасады. Бұл зерттеулерде И.П.Павловтың нерв жүйесінің төрт түрлі типі туралы ілімі адамдардың жеке өзгешеліктерін, әсіресе, оның темпераменттерін анықтауда ерекше маңыз алатын бірден-бір ғылыми теория екені тағы да дәлелдене түсті. Б.М.Тепловтың шәкірттерінің бірі В.Д.Небылицин (1930-1972) осындай зерттеулердің бірінде жүйке жүйесінің әлсіз типінің өзі бірнеше варианттарға бөлінетінін анықтап берді. Бұрын өмір сүруге икемсіздеу деп саналатын осы әлсіз типтің өзі енді қозғалғыш, баяу, қозу мен тежелуі теңгерілмеген типтер деп бөлінетін болды. Әлсіз типтің де сезімталдығы күшті екендігі, осыған орай оның сыртқы ортаға бейімделе алу қабілеті мол екендігі анықталады [5, б. 347].

И.П.Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы ілімі бойынша әртүрлі темперамент өкілдері былайша сипатталады. Мәселен, жүйке процестері күшті, бірі екіншісіне тең келмейтін адамдар, көбінесе, ұйытқымалы, қимыл-қозғалысқа шапшаң келеді. Олар – ұстамсыз, күйіп-пісуге ылғи да дайын тұратын күйгелек адамдар. Істі бұрқыратып істегенмен, олардың кейде қолын бір сілтеп сылқ түсетін кездері де болады. Бұлар – *холерик темпераментінің өкілдері*. И.П.Павлов холериктерді жылдам, тез әсерленгіш, жалындап атып тұратын жауынгер тип деп айтады. “Күнделікті және әлеуметтік өмірде орта мінезділер, сірә, жақсы нәтижелерге жеткенімен, әлем тарихының прогресі мен дамуы едәуір әділ және рефлексивті, сонымен қатар құмартушы және белсенді темпераменттердің біріккен күшінің негізінде жүзеге асатынын” тарихи оқиғалар көрсетіп отыр. Осындай холерик болмысты тынымсыз, мазасыз, әрекетшіл және шапшаң, әртіс, өзіне назар аудартуға бейім, көңіл-күйі мен әдеттері тұрақсыз тұлғалар өмірді өзгертетін қабілетке ие болады.

Сангвиник темпераментінің өкілі, Павловтың айтуынша, қуатты, тұрлаулы, ширақ тип, ойнақы, еті тірі бірақ кез-келген істі бастап кейін тастап жүре береді. Ол жұмысқа қабілетті, беріліп істейді, басқа адамдармен тез тіл таба

біледі, ұжым арасында өзін көңілді ұстайды, былайша айтқанда, аққөңіл, қызу істің адамы. Оның осал жері – іс жоқ кезде сылбыр күйге түсіп кетеді, енді бірде жеңіл мінезділікке салынады. Бұл оның эмоцияларының тұрақсыздығынан және жалпы қозғалғыштығынан туатын жайлар.

Флегматик темпераментіндегі адам, көбінесе, салмақты, сабырлы келеді. Олар кез-келген нәрсеге сезім білдіре бермейді, асықпай, баппен жүріп-тұрады, сезімдері сыртқа шықпайды десе де болады. Осы темпераменттің бір осал жері – қимыл-қоғалыстың баяулығы, өмірде болып жатқан жағдайларға селсоқ қарайтындығы, оңтайлылықтың жоқтығы. Бірақ мұның ұстамдылығы, салқындылығы, адамның мінез бітістері үшін таптырмайтын қасиет болып табылады.

Меланхолик темпераментіндегі адамға әсер етпейтін нәрсе жоқ, бірақ әсер еткен нәрсесінің бәріне өз сезімін білдіре бермейді, не де болса ішінде жүреді. Мұндай темпераменттегі адам өзге адамдармен онша көп жұғыспайды, бірақ тиісті жерінде айтайын дегенін айта алады. Тұйықтық, өз ойына шомуға бейім тұрушылық, орынсыз ибалылық – осы темпераменттің ең бір нашар жағы.

Табиғи жағдайда темпераменттердің “таза” түрін ажырата алу, көбінесе қиынға соғады. Өйткені, олар адамның өмір барысында қалыптасатын әр түрлі ерекшеліктерінің көлеңкесінен жөнді көрінбей қалуы да мүмкін.

Темперамент түрлерінің қазақ тілінде мынадай атаулары бар:

Сангвиник темпераменті: ашық, көпшіл, сөзшең, кісіге қайырымды, қысылып-қымтырылмайды, оптимист, өмір сүйгіш, көтеріңкі көңілді, басшылыққа, жетекшілікке құштар, жылдам, тез қозғыш, көңіл күйі жиі өзгергіш келеді, көп нәрсеге қызығады, бәрін біліп алуға тырысады, бірақ біреу бағыттап отырмаса, тез суып кетуі де ықтимал. Ақыл-ой әрекеті белсенді жүріп отырады. Сангвинниктік тип мақсат-мүдделері анық, жағымды ой-пікірлерін бір нүктеге шоғырландыра білетін, ғарыштық космостық жүйеде негізделген, халықаралық деңгейде ерікті, ешкімге тәуелсіз, абсолютті бостандықтағы адамдар легі. Бұнда шынайы махаббат та, ізгі түсінік те, көк пен жердің байланысындай шынайы қарым-қатынас та, бақыт пен шабыт, жеміс пен жетістік сияқты компоненттермен бірге, дүниенің «ұлы шегі» бар.

Флегматик темпераменті: өте сақ, ұяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бірқалыпты, сабырлы, ауыр мінезді, салқынқанды, байсалды. Флегматиктік тип – дәстүрлі өз көзқарасының клеткасында қамалып, қатып қалғандар. Олар өтпелі өзгерістерге, (ренессанс) жаңалықтарға өте баяу, көп кідіріп келеді. Олардың цементтеліп қатып қалған өзіндік жабық ойлары шектен тыс тәртіптіліктің салдарынан белгілі бір төртбұрышты, құлыпсыз рамка ішінде, шектеулі тәуелділік күйін кешеді. Оларға қамаудан шығудың жолын, мүмкіндіктердің жолын көрсетпесе тұтас этностық сананың тежегіші болып қоғамдық іргерілеуді кідіртетіні анық. Мысалы, Сұлтанмахмұттың мінезі осы топқа келеді. *“Сұлтанмахмұт тарс-тұрс ашулануды білмейтін, жәбірге көнбейтін ақылды бірбеткей еді... оның осы мінезіне қызығып, біз Сұлтанмахмұтқа әдейі ызаландыру үшін жабылатынбыз. Бірақ ол тірідей ашуланбайтын. Біздер онан сайын ерегесіп, оны түйебас қылуға шейін*

баратынбыз. Кейде Сұлтанмахмұт бір жерлері ауырып та қалатын. Біздің бетімізді қайтармақшы болған Сұлтанмахмұт бір күні әкесіне ақ шоқпар істетіп алады да, сабаққа келгенде бізге көрсетпей ала келіп қардын астына тығып қояды”.

Холерик темпераменті: ұшып-қонған, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, тұрақсыз, соқпа мінезді, белсенді, пысық, ашуланшақ, сотқар, шалдуар, ашуы шапшаң, қатты, қияңқы, ұнамсыз істерге әуес, жылдам, өте сезімтал, ызақор, ашуланшақ келеді. Ә.Толысбаеваның айтуы бойынша, әр жеке адамның өн бойында 80-100 триллионның үстінде қасиет болатын болса, соның тек қана 15-20% ғана қызмет жасайды екен. Қалғандары ашылмауымен жабық күйінде қала береді және адам ғұмыры біткенде өзімен бірге қайтып кетіп жатады екен [14, б. 108-112]. Холериктік тип – бұл өтпелі топтағылар қай-қай жағынан да өте шапшаң (резкие), тік мінезді, өткір тілді, өткір сөзді, қызу қанды, қиып түспе, бұзда-жар, өте сыншыл – шоқ мінезділер. Мысалы, Шоқанның мінезі осы топқа келеді. *“Шоқан үйіне келген адамдардың (ол үйге, әрине, сұлтандар, билер сияқты “ірі” адамдар ғана келеді ғой) байлаулы аттарын шешіп жіберіп, тұсаулы аттарын ағытып жіберіп, ерттеулі аттардың айыл-тартпасын, үзеңгісін босатып қойып, өздерін мазақтап... дегендей, дамыл-тыныштық бермеген. Онымен де қоймай, бірге ойнайтын балаларды ұйымдастыру арқылы... бірнеше қозының тірідей асықтарын алған... әкесінің “оқуға апарамын” дегенін естіген соң, Шоқан қашып, құсмұрын дөңінің үшбұлақ аталатын сайларында қалың боп өсетін қайыңдар мен талдардың арасына тығылып... бірер күнде әрең табылған...”* [15, б. 37]

Меланхолик темпераменті: өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң, жай басар, ұялшақ, тартыншақ, “қорқақ”, “сылбыр”, “үндемес”, “маубас”, жасқаншақ, сіркесі су көтермейтін, бірбет, қыңыр, қисық. Олар өмір шырмауына жиі түсіп, үнемі оратылыста, лабиринт пен шиеленістердің ортасында шырматылып жүретіндер. Бұлар күйкі тіршіліктің матауымен өмірге көңілдері толмай түңілген, айналаға шағымданып, үнемі жылаумен жүретіндер. Оларға таңның атысы мен күннің батысы арасында уақыт та жетпейді, ұйқылары да қанбайды, тамаққа да тойымсыз.

Негізінде адамды сыртына қарап ішкі мінез-құлқын оңай айыра салу, типке бөлу мүмкін емес. Бұл типтердің кез келгенінің де ұнамды, ұнамсыз жақтары бар. Мұны төмендегі кестеден байқауға болады.

Кесте 2 – Темпераменттердің жақсы, жаман жақтары

Темпераменттер	**Жақсы жақтары**	**Жаман жақтары**
Холерик	шапшаң, белсенді	ұстамсыз, күйгелек
Сангвиник	пысық, оңтайлы	тұрақсыз, баяу
Флегматик	ұстамды, сабырлы	сылбыр
Меланхолик	сезімтал	тұйық

Айтылған пікірлерді жинақтай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Мінез – адамның тәрбиесінен (әр түрлі іс-әрекеттерде, адамның қоршаған адамдармен қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуінде) көрінетін ең тұрақты жеке психологиялық ерекшеліктерінің жүйесі.

2. Мінез қасиеті белгілі бір ықтималдықпен саналы түрде жүзеге асырылатын тәрбиенің кейбір стереотипін білдіреді. Ол сол мінезді танытатын өмірлік жағдайлармен тығыз байланысты.

3. Психологияда қабілет, интеллект емес, мінез-құлық ұғымына ерікті қасиеттерді жатқызу әдетке айналған; темперамент типін және ойлаудың кейбір ерекшеліктерін қосуға қатысты бірыңғай пікір жоқ.

“Темпераментті тізгіндей білу үшін адамның жақсы тәрбиеленуі керек” деген М.Жұмабаевтың тұжырымымен қорытындылаймыз [16].

1.2 Мінез бітісі, адам болмысы, адам табиғаты, көңілі, қылығы, құлқы ұғымдарының аражігі

Жалпы, мінез туралы ілімнің (характерология) ғасырларға жалғасқан даму тарихы бар. Әр түрлі жағдайларда адамның іс-әрекетін болжау үшін мінез типтерін белгілеу және оларды анықтау мінезтанудың маңызды мәселелері болып табылады. Тұлғаның өмірлік құндылықтары негізінде оның мінез-құлқы қалыптасатындықтан, қолданыстағы мінезге қатысты жіктеулердің көпшілігі тұлға дамуының сыртқы, аралық факторлары арқылы туындайды.

Бүгінгі таңда адам мінезі туралы ойларды қандай ақпарат негізінде қалыптастырамыз деген сұрақ ерекше назар аударуды қажет етеді. Өткен уақыттарда адамның сыртқы түрі мен әдеттегі қалпы, ым-ишарасы оның мінезінің көрінісі ретінде сипатталды. Бірақ қазіргі ғылыми дискурстарда мұндай тұжырымдардың дұрыстығы үлкен күмән тудырады. Ал, шындығында, біз адамның іс-әрекеті мен тәлім-тәрбиесі арқылы оның мінез-құлқы туралы пікір қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар, біз адамның еріксіз әрекеттерінен емес, керісінше саналы қадамдары арқылы оның мінез-құлқы туралы маңызды тұжырымдар жасаймыз. Демек, адамның қандай да бір орын алған жағдайға байланысты жасаған таңдауы арқылы оның мінезі бағаланады.

Адамның тәрбиесін айшықтап тұратын ерекшеліктері оның мінез белгілері, мінез бітістері, адам болмысы, адам табиғаты, көңілі, қылығы, құлқы ретінде түсініледі. Психология ғылымындағы «мінез» ұғымының шекарасын анықтау аталмыш жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі болып табылатындықтан ерік-жігер, қылық, сезім, көңіл деген ұғымдарды ажырата кетейік.

Ерік-жігер – адамның өз психикасы мен тәртібін саналы түрде басқаруы. Ерік темпераменттің кез-келген түрінен де алдыңғы қатардан орын алады. Ерік-жігері күшті дамыған адамға темпераменттің қандайы болса да жараса береді. Мінезді қалыптастыруға ерік-жігердің қосар үлесі зор. Еркі күшті адамның мінезі де берік. Жігерсіз адамның мінезі де бос, сылбыр келеді. *Ерік-жігер сапалары* – мақсаткерлік, шешімділік, табандылық, төзімділік, шыдамдылық, дербестік, істі аяғына дейін жекізе білу, батылдық, ерлік. Ерік-жігерден болатын

әрекетке «менің қалауым осы» немесе «маған осы ұнайды» емес, «осылай болу керек», «жасауым керек», «міндеттімін», «мен қорқамын, бірақ қолымнан келеді!» деген сөздер тән. Яғни, ерік-жігер адамның бір істі қалауы немесе қаламауынан көрініс табады. «Мінез» категориясымен байланысты адамның ерік-ықтиярына келсек, оны мінезге қосу қалыпты жағдайға айналған. Ананьев жазғандай, «мінез бірлігін қалыптастыруда ерік ерекше рөл атқарады» [17, б.176]. Рубинштейннің пікірінше, ерік – бұл мінездің «тірегі». «Ерік, ең алдымен мінездің күштілігімен, оның беріктігімен, табандылығымен, батылдығымен байланысты. Бірақ мінездің күші сарқылмайды, ол сол ерікті басқаратын мазмұнға ие» [18, б. 378].

Адамның еріктік сапалары "Жағымды мінездің жотасы" деп те аталады. Адамда күшті жігер-қайрат болса, өзінің көздеген мақсатына жету үшін батылдығы, шыдамдылығы, тәртіптілігін байқатады. Жігерсіз, ерік күші жоқ адамды "Нашар мінезді адам екен" деп те атайды. Ондай адам тіпті білімді, кабілетті болса да іс-әрекетінде өз мүмкіншіліктерін толық пайдалана алмайтындығы белгілі. Мінез адамдардың ерік-жігеріне де байланысты. Егер де ерік-жігері күшті болса, ондай адамдарды *"мінезді"* адам дейді. Мұндай адамдар қажырлы, іске алғыр, ойлаған мақсатына жетуде қандай қиыншылық болса да қарсы төтеп бере алатын, табанды адам болып келеді. Табысты болушылар – әрдайым ерік-жігері күшті болғандар. Ал егер де жігері әлсіз адам болса, оны *"мінезсіз"* қиыншылыққа қарсы тұра алмайтын қорқақ, алдына батыл мақсат қоя алмайтын, өзінің дербес бағыт-бағдары жоқ, басқалардың ықпалынан шыға алмайтын адам деп санайды. Яғни, адамның бар болмысы ерік-жігеріне байланысты. Ерік-жігердің маңызы мен рөлі аса жоғары екендігі осында.

Тұлғаның қалыптасуына және мінез-құлыққа әлеуметтік ортаның әсері күшті. Сонымен бірге тұлғаның мінез-құлқымен адамгершілік бағдарына адамның ішкі рухани дүниесінің тигізетін әсері аз емес. Адамның ақыл-парасатымен адамгершілік ерік-күші неғұрлым айқын көрінсе, оның өмір бағдары, жалпы адамдық мораль талаптарымен неғұрлым толығырақ болса, адамдық тұлғасы да соғұрлым айқын көрініс табады. Бұл жағдайда адамның тұлғалық бейнесі рухани ерік-күшінен көрінеді. Егер адам өзін тұлға санаса немесе тұлға болғысы келсе, онда ол жауапкершілікті сөз жүзінде ғана сезінбей, іс-жүзінде, мінез-құлқында көрсете білуі тиіс. Сонымен тұлғаға еркіндік тұрғысынан мінездеме беру қажетті екені сөзсіз, өйткені еркіндік тұлғаны сипаттайтын бірінші қасиет.

Қазіргі психология оқулықтарында мінездің өзіндік ерекшеліктері мен ең маңызды мінез-құлық белгілерін жіктеуге негіз болатын келесі қатынастар ажыратылады:

- басқа адамдарға қатынасы (бұл ретте көпшілдік – оқшаулану, шыншылдық – қулық, әдептілік – дөрекілік, т.б. сияқты мінез-құлық белгілерін ажыратуға болады);
- іскерлікке қатынасы (жауапкершілік – жауапсыздық, еңбекқорлық – жалқаулық, т.б.);

- өзіне деген қатынасы (қарапайымдылық – нарциссизм, өзін-өзі сынау – өзіне сенімділік, тәкаппарлық – кемсіту, т.б.);
- меншікке деген көзқарас (жомарттық – сараңдық, үнемшілдік – ысырапшылдық, ұқыптылық – ұқыпсыздық және т.б.).

Адам мінезінің көріністері әрбір жеке жағдайда, оның оқиғаларға қатысуынан аңғарылады. Адамның іс-әрекет сапасы сол іске деген қатынасымен қатар ерік-жігеріне, көңіл-күйіне, зейініне, ақыл-ойына да байланысты болады. Соның нәтижесінде адамның әр алуан психикалық процестері оның іс-әрекет түрлеріне ықпал етіп, адамның ақыл-ойын, көңіл-күйін, эмоциясын, ерік-жігер қасиеттерінің ерекшеліктерін айқын аңғартады.

Ерік-жігер айтылған жерде нәпсі де айтыла жүретінін ескергіміз келеді. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде *нәпсі* сөзінің сегіз түрлі мағынасын беріпті: НӘПСІ а. (نفس нәфс: 1. душа; 2. кровь; 3. человек; 4 грам. лицо; 5. намерение, желание, охота, аппетит; 7. гордость; 8. сущность чего-л.) – страсть, страстное желание [19, б. 215]. Көріп отырғанымыздай, нәпсі сөзінің алғашқы мағыналары – жан, қан, адам екен. Нәпсі ұғымы ислам философиясындағы негізгі ұғымдардың бірі. Солай бола тұрса да ауызекі тілде және қазақ тілінің лексикасында нәпсі ұғымы кейінгі мағынасында, құмарлық, бір нәрсеге қатты құмарту мағынасында ғана қолданылады. Ал оның әуелгі мағыналары – жан, қан, адам – мүлдем дерлік семантикалық тұрғыда жұмыс істемейді деп батыл айтуға болады.

«Нәпсі – алдаушы дұшпан» – қазақ дүниетанымында орныққан түсінік осындай. Нәпсі сөзінің семантикалық қатпарларын түсіну үшін ислам ғұламаларының еңбектеріне сүйенеміз. Шәкәрімше айтсақ – ақылды жан, ақыл қонған жан рухқа айналады, ақылсыз жан нәпсінің бодауына түседі. Табиғатынан ақылды жан (рух) өзін тірілтіп алмаса, ондай жанды нәпсі билеп алады ды, ондай жан енді толықтай нәпсіге, дененің қажетін өтеуші жанға қызмет ете бастайды екен.

Қазақ айтады: «Менімен тіресу үшін екі рет туып кел» – деп. Екінші рет туу – рухани туу, нәпсі мен шайтанды жеңе отырып, екеуінің арасын жарып өтіп рухани қайта туу. «Адамның адамшылығы – көрінбей тұрған қалыпта, рухта, ғақылда, нәпсіде, сырда ризық барлығын біліп, сондай ризықлар бирлан ризықланып, халық-жұртқа һәм сол ризықлардан үлес несібе үлестірсе. Хазірет Ғиса ғалиассаламнан жәдігер қалған бір сөз бар: «Кім де кім болсын, екі тумай, іске жарамайды» – деген. Бір туғаны анасының құрсағынан шығып, шешесінің жатырының қараңғылық, тарлық, қиындығынан жарық дүниенің жүзін шығып, қанмен араласқан жаман сулардан құтылып, қалқиып, қарайған кісі болғанды айтады. Екінші туатыны – хайуандық дәрежесінде қалдыратын мінездерден құтылып, адамдық дәрежесіне білге, ішпейтін, жемейтін періште сипат болуға тырысып, өз қарақан басыңның ішітығың, не жұмыс үшін жаратылғандығын түгел танып, көзге көрініп тұрған ғылымлы сорда қалмай, ғылым мағына жұмысымен айналысуды айтады. Солай болғаны үшін әуелгі шешеден туғанды қанағат қылып: «Сонымен кісі болдық» – дегендер жаны жоқ өлік есебінде болып ел болудан, жұрт болудан қалып барады да» деп Мәшһүр Жүсіп өткінші

тәнге сонша құрмет көрсеткенде, мәңгі өмір сүретін жанға деген құрмет көп болу керек деп ескертеді. [20, б. 58].

Шығыстың философ-ақындары нәпсі туралы көп жазған: *1. Тойымсыз нәпсіге ерме – ерген жанға // Құбыла, бірде мұнда, бірде анда. 2. Нәпсісін жеңген кісі асыл болар // Рүстемнен батырлығы басым болар. (Сағди, XIII ғ.); 3. Бұл жерге мен қу нәпсімді ірку үшін келгенмін // Қайғы ағызған көз жасымды сүрту үшін келгенмін (Хафиз, XIV ғ.); 4. Сенің кінәң – ит нәпсінің әлегі // Нәпсіге ерген басқа тілер пәлені (Әбдірахман Жәми, XV ғ.); 5. Дүние үшін жанған отқа жүгірме // Тый нәпсіні, сорың содан түбінде (Жүсіп Баласағұн, XI ғ.); 6. Тыйған жан ашқарақтық қу нәпсісін // Гауһардай жарқыратар шуақ түсің (Низами, XIII ғ.). 7. Нәпсі сені тоздырып жындай қылар // Дін үйіне кіре алмас сұмырай қылар. Өлер шақта иманыңнан жұрдай қылар // Ақылға ерсең, жолата көрме бойға (Қожа Ахмет Яссауи, XI ғ.); 8. Дүние-ай, жалмай қуып, жете алмадым // Нәпсімен болдым даулы, біте алмадым. Мойынға үзілмейтін арқан тостым // Қайрат қып, үзіп, тастап, кете алмадым (Мәшһүр Жүсіп, XIX ғ.).*

Адам жақсылық немесе жамандықты таңдап алуға ықтиярлы. Алайда таңдап алған жақсылық немесе жамандықтың салдарын таңдауға құқығы жоқ. Адам өзіне берілген осы ықтияр мен еріктің арқасында бойындағы мінезді тәрбиелеуге, оны кемелдікке жеткізуге құдіретті. Ж.С.Сандыбаевтың пікірінше, екі дүниенің де бақытына бөленіп, кемел адам болуы үшін, адам әуелі өз нәпсісімен күресіп, оны тәрбиелеуі тиіс. Өзін жаман деп танылған мінездерден тазалап, ескертулер арқылы нәпсіні бұзықтықтан қайтаруы қажет [11, б. 14].

Мінез сипатына қатысты айтылатын тағы бір ұғым, ол – *қылық*. Педагогика мамандарының зерттеуі бойынша, «адам бойындағы мінез-құлықтың бастапқы көрінісі – қылық болып табылады. Мұнда әр адамның өмірлік беталысы, бағыт-бағдары, талғам-сенімі, көзқарасы, мақсат-мұраты көрініс береді. “Қылық – адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты, өмір жағдайларына сәйкес жәнесолардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы”, – дейді Ж.Бейсембаева [12, б. 105-110]. Адам өзінің қылығын, мінез-құлқын бақылау арқылы мінездегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет, дөрекі мінездерден өзін тыйып ұстауға мүмкіндік алады.

«Адамға көбіне үш алуан түрлі мінез-құлық жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады» деп Абайдың айтқаны осы қылықтың жұғуы және оның қайталана келіп, өмір барысында мінез болып қаланатынын айтқан. Қазақта әдемі кеңес, мақал бар: «Ұлың өссе, ұлы қылықтымен, қызың өссе, қызы қылықтымен ауылдас бол!».

Кез-келген мінез-құлық тәрбиенің тұрақты стереотипі болып табылады. Бұл жерде айта кететін жайт, мысалы, Ю.М.Орловтың пікірі бойынша, мінез-құлықтың белгілі бір белгілері көрінетін типтік жағдайлармен бірге оның тәрбиесі қоса байқалады, өткені орын алған жағдаяттар адам тәрбиесінің сол сәттегі маңызды сипаттамасы болып табылады. Қандай да бір жағымды-жағымсыз мінез-құлықты адам мінезінің тұрақты қасиеті деп оның сол жағдайда көріну ықтималдығы мүмкіндігінше жоғары болған кезде ғана айтуға болады.

Дегенмен, мінезге қатысты ықтималдық ұғымының өзі шартты түсінік, себебі бұл мүмкіндіктің әрқашан пайда бола бермейтінін білдіреді. Әйтпесе бұл жай ғана механикалық мінез-құлық мәселесі болар еді. Осылайша, мінез-құлық қасиетін «белгілі бір жағдайларда пайда болатын әр түрлі қылықтардың тұрақты формалары немесе заңдылықтары» ретінде түсіну ұсынылады [23, б. 20].

Қазақ тілінде мінез сипатына қатысты *құлық* деген де сөз-ұғым бар. Бұны алғаш түсіндірген сөз зергері М.Ж.Көпеев: «Құлық» – деген адамда болған мінездің ең барып тұрған оңды жақсысы. Солай болғаны үшін қазақ өз бетімен көшіп-қонып, өсіп-өніп жүрген күнде әр таптың бір биі болып, ел-жұрты: «Қой үстіне торғай жұмыртқалатып» билеп тұрды. Сонда айтысып жүрді: «Тайдың жорғасы түйе болады, Жігіттің жорғасы еліне ие болады» – деп. Мұнан мағлұм болды: ел билеуге жараған – мінез-құлқы басқадан озық болғандықтан билегендігі. Қазақта өлең бар:

Құтылмас көптен, қоян, қамалаған,
Тәңірі атар ер дұшпанын табалаған.
Төрт бұрышын бұ дүниенің түгел ойлап,
Ер азбас, өз ақылын шамалаған!

Бұл құлық, жақсы мінез – өзін-өзі шамалап, өзіне-өзі құн баға пішіп кесуге ақыл есі түгел жеткен жаннан табылмақ екен» дейді [20, б. 33].

Қазақ сөзі айтады: «Әуелі өзіңнің үйіңе жақ, онан соң ауылыңа жақ, онан соң отан-аймағыңа, онан соң халқыңа жақ. Сонан соң барып Құдайыңа жақ!» – дейді екен. Әне – дін, әне – өсиет, әне – қасиет.

Бұл құлық мінез – адам жаратылыста өзімен бірге жаралған нәрсе. «Жорға жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады». Ақыл-есіне ие болуға жараған жан шаппай, желмей, өз бойындағысын өзі тауып алып толықтырып, өсіріп, жұрт көзіне түсіреді. Бұл құлық – адам ізгілік, жақсылық, жағымдылықты – біреуге жағыну, біреуге сүйкімді көріну үшін емес, өзі ақжүректік, адал көңілділік, туралық, түзулікте табан аудармай тұрып қалғандықтан тапқан» дейді қазақ ойшылы Ж.Көпеев [20, б. 34].

Кейбір адамдар іске ойланбастан кірісіп, шапшаң бітіріп тастағысы келеді. Мұндай қасиет мінезі жеңіл, қызуқанды адамдарға тән. Басқа біреулер іске кіріспестен бұрын асықпай ойланып, оны тиянақты бітіргісі келеді, бұл мінезі ауыр, салқынқанды адамдарға тән. Мінез дегеніміз жеке адамдардың тұрақты, өзіне тән психологиялық сапасының көрінісі.

Ендеше қазақ тіліндегі құлық пен қылық сөзінің шығу төркіні бір, тек кейін семантикалық дифференциация жүрген. Сөйтіп, қылық адамның белгілі бір жағдаят кезінде жасайтын, айналасы білетін, содан сондай әркетті күтетін сипат болып танылды да, ал құлық деген сөз мінез сөзімен қосарланып мінез сипатын білдіретін атауға айналды.

Мінезді қалайтын құрылымдар *сезім, көңіл, жігер, сана* болып келеді. Мінез соңында адам санасымен тығыз байланысты болады. Сана адамның бойындағы психологиялық барлық процеске басшылық етеді. Адамның мінезіне әсер ететін оның сезімі болады. Сол сезім арқылы адам айналасындағы құбылыстарға өзінің бағасын беріп отырады. Ол адамға жақсы-жаман, ұнамды-

ұнамсыз, қажетті-қажетсіз сияқты түрлі деңгейде әсер етеді. Егер де адамның айналасындағы болмыс пен құбылыстар оның көңілін жабырқатуы мүмкін. Себебі көңіл ылғи да сыртқы немесе ішкі әсерлерден туындайды. Ал өз кезегінде көңіл-күй адамның мінез құлқына әсер етеді. Егер де адам көңілді болса, ол ашық-жарқын мінез көрсетіп, шат-шадыман күйде болады, көңілі жабырқау болса ызалы, болмашы нәрсеге ашуланғыш болып келеді.

Адам мінезі барлық уақытта бір қалыпты болып тұрмайды, ол адамның жасына да байланысты. Жас ұлғайып, ақыл-ойы толысып, өмір тәжірибесі көбейген сайын адамның мінезі де өзгере бастайды. Егер адам жасында қиялға берілгіш, арманшыл, белсенді болып келсе, өсе келе өмірге шын көзімен қарайтын парасатты, жалған мен ақиқатты айыра алатын, әлеуметтік кемелденген тұлға болып қалыптасады. Сонымен қатар, жер бетінің әр тұсындағы адам табиғатының қалыптасу процесіне көз жіберсек, ол өмір сүріп отырған ортаның ерекшелігіне тығыз байланысты болатынын, климаттың әр жерде әртүрлілігі ұлттық темперамент, салт-сана, дәстүр, әр халықтың тіршілігінің, мәдениетінің дамуына, менталитетіне өзінің әсерін тигізетінін, осылардың жиынтығы адамның мінез-құлқын қалыптастыратынын айтады зерттеуші Ә.Нілібаев [24, б. 169-181].

Әр дәуірдің, әр қоғамның, әр нәсілдің, әр ұлттың өзіндік ерекшелігі бар. Адамның мінез-құлқына географиялық, климаттық, тіпті геологиялық ерекшеліктер де әсер етеді. Мысалы, қиыр солтүстік пен қиыр оңтүстік адамдарының мінез-құлқы бір-біріне ұқсамайды деген сияқты көптеп келтіруге болады.

Пайғамбарымыз “саллаллаhу алейhи уасаллам” «Адамның денесінде бір ет бөлшегі бар. Ол жақсы болса, бүкіл мүшелер жақсы болады. Ол жаман болса, бүкіл мүшелер бұзық болады. Ол – көңіл» деп бұйырған. Яғни біздің жүрек деп атайтын бір бөлшек етте болатын қуатқа ишарат етілген. Көңілдің жақсы болуы – жаман мінезден тазарып, жақсы мінезбен безенуі дегенді білдіреді. Көңілді діни санада былай анықтайды: «Адамның бақыттылығы мен бақытсыздығының тоғысатын жері – көңіл. Көңілдің қалауын іске асыруды және бақытты болу үшін дене жүректі қолданады. Көңіл дене жүрегіне ғайып (көзге көрінбейтін) әлемнен келіп кіргені үшін, дене оның қалауын қанағаттандырғаны мен шынайы бақытқа жетпейді. Себебі көңіл бұл дүниеге жат болғандықтан, өзінің бастапқы келген отанына оралуды қалайды. Адам жүрекпен дененің қажеттіліктерін басынан кешіріп, өмір сүреді. Ғазалише жүректің қажеттілігі, Аллаhты білу және Оны сүю. Дененің қажеттілігі болса азықтану, дем алу және сол сияқты т.б. амалдар жатады» [25, б. 11-16]. Қазақ халқы көңілге аса мән беретін халық. *Көңіл көңілден су ішеді, көңіл қалу, көңіл бір атым насыбайдан да қалады, көңілі жақын* деген тіркестер адам мінезін қалыптастыратын және адамдар арасындағы мінез арқылы қарым-қатынас жасайтын жағдайды реттеп отыратын ұғым екенін білдіреді.

1.3 Мінез және оның психологиялық, әлеуметтік сипаты

Адам мінезінің даралық ерекшелік екендігін ғылым тарихында тұңғыш рет сипаттап жазған – ертедегі грек философы Теофраст (б. з. д. IV – III ғғ). Бірақ ол мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет дейді. Алғашқы кезде мінез адамның әлеуметтік-адамгершілік ерекшеліктерін білдірген.

XIX ғасырда француз ғалымы А.Бен мінезді тек психологиялық ерекшелік, дара адамның ақыл-ойы мен сезімінің және ерік ерекшеліктерінің қасиеті деп санады. Т.Рибо мінезді сезім мен ерік ерекшелігі десе, ал орыс медигі әрі педагог П.Ф.Лесгафт ерік қасиеті деді. И.Кант (XVIII ғ.) мінезді темпераментпен салыстыра отырып, оны адамда жүре пайда болатын қасиет деп анықтады. Сондай-ақ, ол адамның даралық қасиеттеріндегі туа пайда болатын ерекшеліктер мен жүре пайда болатын ерекшеліктерді бөліп көрсетеді. Т.Рибо мінезді адамда туа пайда болатын икемделу десе, ал П.Малапер, А.Фулье т. б. мінездің туа пайда болумен қатар жүре пайда болатын ерекшеліктері де бар дейді. Ф.Полан мінездің барлық сипаттары адамның тіршілік жағдайымен байланысты деген пікір айтады. Сонымен, мінез жөніндегі осындай екі түрлі көзқарас қазірге дейін өзара талас-тартыс туғызып келеді. Рубинштейннің пікірінше, «адамның мінез-құлқы оның нақты өмірлік жағдаяттардағы іс-әрекетінің алғышарты әрі нәтижесі, яғни, адамның тәлім-тәрбиесінен оның мінезі танылады» [18, б. 365]. Л.С.Выготский мінез категориясын оның бастапқы мағынасымен байланыстыра отырып («мінез» грекше «жауынгерлік қалқан» дегенді білдіреді), «мінез – жеке тұлғаның әлеуметтік қорғаны. Ол адамның әлеуметтік ұстанымы мен өзіндік көзқарасы үшін сан түрлі күрестерде шыңдалған, қатайған типтік болмысы» деп түсіндіреді [26, б. 18]. Р.С.Немов «Мінез – адамның басқа адамдармен қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуінде көрінетін тұлғаның ең тұрақты өзіндік психологиялық ерекшеліктерінің жүйесін білдіреді» деп айқындай түседі [27, б.85].

«Мінез сипаты – бұл адамның өзіне ғана тән тұрақты әлеуметтік мәнді болып табылатын ішкі сапасы, болмысы. Әр адам сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштерше өз әлінше түрліше жауап қайтарып отырады. Бұл жауап реакциялары оның сыртқы дүниемен қалайша қатынас жасайтынын көрсетумен қатар, біртіндеп беки келе, сол адамның үйреншікті әдетіне, мінез-құлқының мәнеріне айналады. Сөйтіп, әр адамда әр түрлі мінез бітістерінің болуы оның сыртқы ортамен түрліше қарым-қатынас жасауының нәтижесі болып табылады. Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын осындай қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды», – дейді психология саласының мамандары Ә.Алдамұратов, Қ.Рақымбеков, М.Бапаева, Г.Нығыметова, Ж.Түрікпенов [28]. Мәселен, біреу қарым-қатынаста ұстамды, екіншісі ашық, біреу өз ойымен, біреу басқаның ойымен айналысады. Рубинштейн жазғандай, «Мінездің өзіндік ерекшелігі дегеніміз – белгілі бір логика мен ішкі дәйектілікпен сәйкесетін және олармен үйлеспейтін, оларға қайшы келетін адамның маңызды қасиеттері» [18, б. 363-364]. Сонымен бірге, мінез-құлық қасиеттерін әдеттегі өмірлік жағдайлардан ажыратуға болмайды. Мысалы, егер адам күйзеліс жағдайында өзін өте сыпайы ұстамаса, онда бұл

оның мінезі дөрекі, шыдамсыз, ашушаң дегенді білдірмейді. Ю.М.Орловтың айтуынша, «ең бұйығы, тұйық мінезді адам белгілі бір жағдайларда көпшіл болады». Сондықтан «әрбір тұрақты мінез-құлық түрінің мәні жүзеге асырылатын жағдаймен байланысты болуы керек» [23, б. 16]. Тиісінше, кез келген мінез-құлықтың тұрақты түрі орын алған нақты жағдайларға байланысты танылады.

Әрбір мінез-құлық адамның шындыққа деген қатынасының белгілі бір деңгейін көрсетсе де, бұл кез-келген көзқарас мінез-құлық қасиеті болады дегенді білдірмейді. Б.Г.Ананьев жазғандай, «өмірдің мән-жайларына және өзінің іс-әрекетіне деген маңызды қатынас қана мінездің қасиеті болып табылады немесе мінезге айналады» [17, б. 172]. Осылайша, адамның қоршаған шындыққа деген қарым-қатынасынан өмірлік жағдаяттарға байланысты оның мінез-құлқына айналатын сипаттамалық формаларын бөліп көрсетуге болады. Олардың ең басты айырым белгісі – адамға қатысты объектілердің шешуші, бірінші кезектегі және жалпы өмірлік маңыздылығы. Ананьевтің пікірінше, мұндай объектілерге мыналар жатады:

1) табиғат, қоғам және әлеуметтік идеялар (идеология);
2) еңбек – адамның өмір сүру тәсілі ретінде;
3) әлеуметтік байланысы осы индивидке тән басқа адамдар;
4) адамның жеке тұлғасы мен іс-әрекеті.

Адам мінезінің көріністері әрбір жеке жағдайда, оның оқиғаларға қатысуынан аңғарылады. Жоғарыда айтып кеткендей, адамның іс-әрекет сапасы сол іске деген қатынасымен қатар ерік-жігеріне, көңіл-күйіне, зейініне, ақыл-ойына да байланысты болады. Соның нәтижесінде адамның әр алуан психикалық процестері оның іс-әрекет түрлеріне ықпал етіп, адамның ақыл-ойын, көңіл-күйін, эмоциясын, ерік-жігер қасиеттерінің ерекшеліктерін айқын аңғартады.

Мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет. Мінез бітістері көп.

Мінезді даралық өзгешеліктің өзегі, адамның негізгі тіршілік бағытының өрнегі деуге болады. Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез – кең мағыналы ұғым. Онда түрлі сапалар тоғысып жатады. Халық қай ғасырда болсын, инабаттылық, гуманизм, адамдарға қамқорлық, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, өз міндетін орындаудағы жауапкершілік пен адалдық құндылық болып саналған.

И.П.Павлов адамның мінез бітістерін жоғары жүйке қызметінің тума типтері мен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша жүйке байланыстарының өзіндік “құйындысы” деп түсіндірді. Бұл жөнінде ол былай деп жазды: “...адамның мінез-құлқының бейнесі жүйке жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге, организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да байланысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады” [29, б. 118].

Біз өмірде мінезі жақсы адам немесе мінезі жаман адам деген сөзді жиі қолданамыз. Адамның мінез бітімінің көбі біреуде ұнамды, жарасымды, екіншісінде ұнамсыз, сорақы болып көрінуі мүмкін. Мысалы, адам бойындағы – әдепті, кішіпейіл, ибалы мінезді “жақсы мінез”, ал әдепсіз, дөрекі, мылжың мінезді “жаман мінез” дейміз.

Адам бойындағы мінез-құлықтың жақсы не жаман болуы ол адамның күнделікті өмір салтына, яғни оның істейтін ісіне, әлеуметтік ортасына, әдет-ғұрпына байланысты қалыптаспақ. Ол туралы осыдан мың жыл бұрын Әл-Фараби: “Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жуысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет деп, белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамыз. Жақсы мінез-құлықтың өзі де әдет арқылы келетін болғандықтан, біз әдеттене келе біздің жақсы мінез-құлқымызды тудыратын және сондай-ақ онбаған мінез-құлқымызды тудыратын нәрселерді де әңгіме етуіміз керек” деген болатын [30, б. 19-20].

Адам қоғамда қауымдасып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы өмір сүре алады. Сол себепті адамдармен қатынаста, отбасында, ұжымда тіл табысып, тату-тәтті өмір сүрулері үшін, оларға бір-бірін түсінісіп ұғыса білулері керек. Егер адамды танитын, білетін болсаңыз, ол өмірдің әр түрлі жағдайында қандай мінез-құлық көрсететінін болжауға болады. Мінез-құлықтың басқаруға, оны басқаларға ыңғайлы, сиымды етіп, дұрыс жол көрсетіп отыруға болады. Сондықтан мінез тәрбиеленетін қасиеттерге жатады. Адамдардың мінез-құлқы тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты көрініс береді. Ол бірінеше көрсеткіштерімен сипатталады. Сондықтан жеке тұлғаға мінездеме бергенде оның ерекшеліктерін басқалармен салыстыра отырып, қарама-қарсы көрсеткіштермен сипаттайды: кең пейілді – іші тар, жеңілтек – байсалды, адал – арам, сыйысымды – сыйысымсыз, қорқақ – батыл, сезімтал – қатыгез, т.с.с.

Адамды бағалағанда мінез көрсеткіштерінің ішінде жетекші, доминантасы бойынша мінездеме беруге болады.

«Доминантасының ерекшелігі мінездің құрамды бөліктерінің ішінен біреуі жетекші және барлығына бағыт беріп тұратын болады, ал қалғандары қосалқы болып, негізгінің көрінісінің тереңдетіп, құлпыртып тұрады. Оны келесі мысалдармен дәлелдеуге болады:

а) кеңпейілділік доминанта, жетекші көрініс берген адамның басқа мінез сипаттарының барлығы жалпы, ол адамды жақсы адам деп қабылдайды. Ол тірлікті асығыс, шала, үстіртін істейтін, кейде сөзінде тұрмайтын болса, кең пейілділігі бұл осалдылығын жұмсартып көрсетеді;

б) сыйымсыздық, қатыгездік доминанта болса, ол адамның барлық басқа қасиеттеріне теріс белгі беріледі. Доминантасы қатыгез болса ол адам іскер, білімі терең, барлық мәселені шешу жолдарын тез анықтайтын болғанымен қоршағандар жалпы оның мінезі теріс деп қабылдайды.

в) доминантасы сыйысымдылық, кешірімді, ұрысқақ емес, басқалардың жағдайын түсінетін болса, ол адам шалағай, сөзінде тұрмайтын болса да оны

басқалар оң қабылдайды, жақсы адам деп санайды» – деп Ж.Бейсембаева тұжырымдайды [22, б. 106].

Ғалым Т.Мұхтаровтың пайымдауынша: «Мінез-құлық – жүктелген іске, адамдарға қарым-қатынасынан тұрады. Күнбе-күнгі тіршілікте адам әдетте, менмен не көпшіл, қайырымды не сараң, биязы не дөрекі, батыл не солқылдақ, табанды, ержүрек не байбалаңшыл болып сипатталады. Қасиеттердің бәрі өзара үйлесімді келсе, тыңғылықты мінез, ал бір қасиет екіншісімен үндеспесе, қайшылықты мінез орнығады» [31, б. 7].

Мінез-құлық ерекшеліктерінің қалыптасуында биологиялық факторлардан гөрі тәрбиенің рөлі күшті. Бұл жөнінде академик И.П.Павлов жақсы айқындай түседі: «Адамның мінез-құлқының бейнесі жүйке (нерв) жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да қатысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады» [29, б. 120]. Демек мінез – адамның тәртібінен байқалатын психикалық және рухани қасиеттерінің жиынтығы. Темпераментке қарағанда, ол өзгеріп отыра алады.

Ә.Алдамұратов: «Мінез – әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Мінездің қасиеттері мен ерекшеліктері әркімде әрқилы жағдайда байқалып, адамның сол жағдайларға қатынасын білдіреді. Мінез ерекшеліктері – адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері. Дегенмен, адам бойындағы ерекшеліктердің бәрі бірдей, мысалы, естудің нәзіктігі, көздің көргіштігі, есте сақтаудың шапшаңдығы, ақыл-ойдың тереңдігі мінез ерекшеліктеріне жатпайды» [28] деп жақсы айқындаған.

Қазіргі қазақ тілінде кәміл адам деген тіркес және ұғым бар. Жүрегінде иманы бар, жеңіл жолда жүріп табыс іздемейтін, дене мүшелерін өтірік айтудан, арамды көруден, қиянат жасаудан қиын да болса, қорғауға тырысатын, тілінен бұрын ақылын қолданатын, рухын (жанын) және денесін таза ұстай білетін, шындықты жақтайтын, өз ақысын ала алатын, біреудің ақысын жемейтін, шүкіршілік ететін, уақытын үнемдейтін, әр минутын бағалайтын, адал достарын көзінің қарашығындай қорғайтын, жүрегін таза ұстайтын адамды кәміл адам деп анықтаған М.Хопач [32, б. 27-31].

Ал қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Кемел адам. [ар. «инсан-и камил» – толық адам] діни. *Кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам.* Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін Темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік (ҚҰЭ). Кемел адам ұғымы қазақ әдебиетінде кітаби ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді (ҚҰЭ)» деп беріледі [33, б. 241-242].

М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында мінез туралы былай дейді: «Бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады. Сондықтан мінез ақылға, яки сезімге байлаулы нәрсе емес, қайратқа

байлаулы һәм мінез қайрат деп, дәрежесіне қарай бөледі. Егер бір адамның қайраты күшті болса, сөзінен ісі айырылмайтын, екеуі екі бөлек жайылмайтын болса, ондай адамның мінезі қайратты, күшті, берік мінез деп аталады. Егер де сөз бен ой және ісі қабыспайтын болса, ауыз айтқанды қол істей алмаса, ондай адамның мінезі жұмсақ мінез деп аталады» [16, б. 112].

Мінез адамның жаратылысына қарай тума болады: һәм басқа сыртқы себептермен тұрмыс түрі, жаратылыс, жолдас, тәрбие секілді жүре пайда болады. Тума мінез көбінесе тұқым қуалап келеді. «...Адамның өмірлік бет алысын білдіретін оның бір сыдырғы тұрақты және жеке-дара тұрлаулы қасиет мінезінің екі сипаты бар: бірі – адамның ақиқат дүниеге қатынасы және оны жүзеге асырудың өзіндік амалдары. Екіншісі – өз әрекетін тәртіпке келтіре алатын өзіндік еріктері. Адам ғұмырының барлық жасындағы мінезіне тәрбиенің ықпалы зор» делінген [16, б. 112]. Сонымен, ғалым мінезді жеке тұлғаның айрықша қыры ретінде қарастыра отырып, адамның іс-әрекеті мен тәрбиесіне әсер ететін жеке, айқын және ерекше сапалық психологиялық қасиеттері екендігін анықтап өткен.

«Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан» деген екен Ж.Аймауытов. Қазақ мәдениетінде жалпы мінез деген сөздің өзі жақсы, жағымды ұғыммен байланысты болады. Мысалы, мінезді адам, мінезі мықты, мінезі бірқалыпты деген тіркестер бар, ол мінезі жақсы деген сипатта жалпы айтылатын атаулар. Соған байланысты психологияда да мінездің мықтылығы деген ұғым бар. Яғни қойылған мақсатқа жетуге, қиындықтарды жеңуге бейім, өз сенімін дәлелдейтін, іске қызу кірісіп, батылдық көрсете алатын кісіні мінезі мықты деп сипаттап жатамыз.

Мінез – адамның алға қойған мақсатынан, сонымен қатар мақсатты жүзеге асырудағы қолданатын құралы мен әдісінен көрінеді. Адамның мінезі тек не істейтінімен ғана сипатталмайды, қалай істейтінімен де сипатталады.

Екі адам бірдей бір істі істеп, бірдей мақсат көздеулері мүмкін. Сонда бұлардың біреуі, қызу кірісіп, жұмысты қарқынмен істеуі, екіншісі – борыш-міндетін өтеу деп қана қарап, адал ниетпен салқын ғана істеуі мүмкін. Осы екі адамның жұмысты қалай істейтіндігі жөніндегі бұл айырмашылығы бұл екі адамның іске тиянақтылығында даралық айырмашылықтарын ерекше терең сипаттайды.

Адамның мінезін оның дүниеге, бөгде адамдарға, өзінің ісіне, ең ақырында, тіпті өзіне деген қатынасы билейді. Бұл қатынас саналы түрде адамның дүниеге көзқарасынан, сенімінен және түрлі пікірлерінен көрінеді. Адам өзінің көңіл-күйінде осының бәрін басынан кешіреді.

Мінез адамның өмір сүру барысына, тұрмыс салтына ықпал жасайды. Табанды, қажырлы, қайратты кісі қандай кедергіні болса да жеңіп, көздеген мақсатына жете алады, осы жолда өз еңбегін, тұрмысын тиімді етіп ұйымдастырады, барлық мүмкіндіктерді жете пайдаланады.

Мінез жеке өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де қажет. Ұжымдық өмір мен ондағы тіршілік, әсіресе қызметтегі әр адамның көңіл күйі ондағы адамдардың мінез бітістерімен сабақтасып жатады. Кейде мінезі ауыр адам бүкіл өндіріс

ұжымына қырсығын тигізетін кездері болады. Осындай адамның әлегінен ұжымда тартыс, кикілжіндер туады, өсек өріс алады, бұл басқалардың жұмысына, көңіл күйіне қолайсыз әсер етеді. Мұндай жағдай отбасында да кездеседі. Ал аккөңіл, жайдары адам, жолдастық қарым-қатынаста болады, кісімен оңай шүйіркелеседі, үйде де, түзде де демалысына қолайлы жағдай туғызады.

«Адамдардың мінезіндегі бір айырмасы: өзіне-өзі сенуі әртүрлі болады. Кейде бұл сипат анық байқалады: өзіне өте сенгіштік, яки сенімсіздік салған жерден көзге түседі; мұндай парық мінезге де өзгешелік береді», – деп есептейді Г.Жакпарова [34, б. 139-143].

«Жаратылысынан барлық ізгі, этикалық, интелектуалдық қасиеттерді бойына сіңірген адамның болуы шындыққа да, ақылға да симайды, сол сияқты жаратылысынан барлық өнерге бейім адам да болуы мүмкін емес. Дәл сол секілді жаратылысынан барлық бұзақылыққа бейім адамның болуы да ақылға симайды», – деген әл-Фарабидің сөзін келтіру арқылы Р.Жақсылықбаева адам жаратылысының жақсылыққа не жамандыққа бейім болып тумайтындығын айта кетеді [35, б. 126-128].

Сонымен, мінез сипатын психологтердің, этнолог, әлеуметтанушылардың айтуы бойынша жинақтап келгенде, темперамент тумысынан болатын, физиологиялық қасиетіне сай, адам әрекетінің сыртқа шыққан көрінісі болса, адам мінезі сол темпераменттен шығатын әрекеттерді бақылайтын, ұстайтын, жіберетін, жетілдіретін, тәрбие мен ортаның әсерінен жүре пайда болатын қасиет болып табылады.

1.4 Көркем мінез ұғымы және сапалық белгілері

Исламға қатысты мәтіндер мен дискурстарда көркем мінез деген атау белсенді қолданыста. Шынайы мұсылман болу үшін көркем мінезді болу қажет деп әрбір пенденің ішкі жан-дүниесінің әдемілігі дәріптеледі. Қазақтың этнопсихология тарихында жағымды мінез, көркем мінез жайында әл-Фараби, Қ.А.Яссауи, Ж.Баласағұн, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев айтты.

Қ.А.Яссауи көркем мінезді 1) тәубашылдық, 2) ғибадатшылдық, 3) махаббат, 4) сабырлылық, 5) шүкіршілік, 6) ризашылдық, 7) заһидшілдік (анықтық), 8) ғаріптік (мүсәпір, бишара) деп атаған [36].

Ы.Алтынсариннің “Мұсылмандықтың тұтқасы” атты еңбегінде пенденің көңілінде болатын пиғыл екі түрлі дейді. Бірі – көркем, бірі – бұзық сипатты. Яғни адамның айналасына және өзіне көзқарасы, қатынасы пиғылына, ниетіне байланысты дейді [37, б. 51-52]. Осыдан барып көркем мінез сөзі шыққан.

А.Нүсіпбайдың көркем мінезге қатысты жазғандарын жинақтасақ, мұсылман адамның көркем мінез туралы түсінігі мына рубаяттардан алынған [38, б. 11-12]: «Аллаһ Тағала өзінің сүйікті Пайғамбарын мақтап, оған берген ұлық нығметін былай айтады: «Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің» (Құран Кәрім, Қалам сүресі). Айша анамыз (р.а.): «Аллаһ Елшісінің мінезі Құран еді», – деп айтқан (Мүслим)». Сонда ұлы мінез, құран мінез деген қандай мағынадағы сөз?

«Бір адам Пайғамбарға келіп, көркем мінез жайында сұрайды. Сонда Аллаһ Елшісі: «Мұхаммед кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет», – деген аятты оқып (Құран Кәрім, Ағраф, 199 аят), кейін: «Көркем мінез қатынасты үзген адаммен байланысты орнату, сенен қызғанып бермеген адамға сенің беруің жәнесаған зұлымдық қылған адамға кешірімді болуың», – деп айтады (Анас риуаяты).

Пайғамбар (с.ғ.с.) «Мен көркем мінезді кемеліне жеткізу үшін жіберілдім, – деп айтқан (Ахмад, әл Хаким және Байһақи). Сол сияқты Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) келесі сөзінде: «Қиямет күніндегі тақуалық пен көркем мінез тұрған таразының басы қаншалықты ауыр болады десеңші», – деген (Әбу Дәуд, Термези). Бір кісі Аллаһ Елшісінің алдына жақындап келіп: «Иә, Аллаһтың Елшісі! Дін дегеніміз не?» – деп сұрайды. Көркем мінез, – деп жауап береді. Кейін Аллаһ Елшісінің сол тарапынан келіп: «Дін дегенміз не?» – деп тағы сұрайды.

– Көркем мінез, – деп жауап қатады.

– Кейін оның артына өтіп: «Иә, Аллаһтың Елшісі! Дін дегеніміз не?» – деп сұрайды. Пайғамбар оған бұрылып: «Сен түсінбедің бе? Сенің ашуға берілмеуің», деп жауап береді (Мухаммад ибн Наср әл Маруази риуаяты).

Аллаһ Елшісінен: «Бақытсыздық деген не?» – деп сұрайды. Пайғамбар: «Жаман мінез» – деп жауап берген (Имам Ахмад).

Сол сияқты Аллаһтың Елшісіне бір адам келіп: «Маған насихат айт», – деп өтінеді. Пайғамбар: «Адамға көркем мінезбен қарым-қатынас жаса», – дейді (Термези). Бірде Пайғамбардан: «Амалдың абзалы қайсы?» – деп сұраған уақытта. Ол: «Жақсы мінез», – деп айтқан. Фузайл ибн Ияз Аллаһ Елшісіне келіп: «Түгенше деген әйел күндіз ораза ұстайды, түнде намаз оқиды. Бірақ оның мінез-құлқы жаман, көршілерін тілмен ренжітеді», – дейді.

Сонда пайғамбар: «Оның бұл істерінде қайыр жоқ. Ол әйел тозақ иелерінен», – деп жауап береді.

Әбу Дарда: «Аллаһ Елшісінің: «(Қиямет күні) таразыға қойылатын нәрселердің ең әуелгісі, жақсы мінез бен сақилық. Аллаһ Тағала иманды жаратқан кезде, Иман: Иә, Аллаһым! Мені қуаттандыр, деді. Аллаһ оған көркем мінез бен сақилық беріп, оны қуатты қылды. Сонда күпірлік: Иә, Аллаһ! Маған күш бер, деп сұрады. Аллаһ оған сараңдық пен жаман мінез беріп, қуаттандырды», – деп айтқанын естідім» – деген (Әбу Дәуд, Термези).

Аллаһ Елшісі: «Көркем мінез Аллаһтың жаратқан нәрселерінің ұлысы» – деген (Табари). Бәр күні Пайғамбардан: «Иә, Аллаһтың Елшісі! Иманы жағынан мүміндердің қайсысы абзал?» – деп сұрайды.

Ол: «Мінезі көркемірек болғаны», – деп жауап береді (Әбу Дәуд).

Пайғамбар: «Адамдарға мал мүліктеріңмен емес, (оларға) жылы жүз және көркем мінезбен асығыңдар», деген (Баззар риуаяты).

Барро ибн Азибтың (р.а.) Аллаһ Елшісі хақында: «Аллаһтың Елшісі адамдардың арасындағы ең көркем жүздісі, ең көркем мінездісі еді», – деп айтқан (Әл Хараити)» [38, б. 11-12].

Діни дискурста және әлеуметтік-көпшілік дискурста көркем мінез деген атаудың мағынасы осындай түсініктермен дәйектеліп, қазақ халқы көркем мінезді кісіні көрсе, «мінезге бай кісі екен» дейді.

Бірақ қазіргі уақытта заманның өзгеруіне байланысты адам мінезі де өзгерді. Мысалы, Ғ.У.Қабекеновтің айтуы бойынша, «Пайғамбарымыздың бөлежара айта кетер бір қасиеті – адам баласындағы бір-біріне қарама-қайшы мінездерді өз бойында ерекше үйлесімділікпен жинақтай білуі еді. Асылында мінез тепе-теңдігін әр кез сақтау жеңіл іс емес. Мысалы, бір адам аса жомарт бола тұра оның сол жомарттығы дарақылыққа, ысырапқа апаруы бек мүмкін немесе аса үнемшіл, ұқыпты боламын деп жүріп сараңдыққа бой алдыруы да ықтимал. Батыр, қаһарман болуы мүмкін, бірақ бұл қасиеттің де өз арнасынан шығып, алды-артын аңдамайтын, жақсы-жаман деп талғамайтын бірбеткей қатігездікке ұласуы да ғажап емес. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, ешбір жақсы қасиетті екінші бір қайшылық тудыратын қасиетпен шатастырмаған және өз арнасынан асырмаған. Алла елшісі (с.ғ.с.) ержүрек, батыр және мұнысымен қоса мейірбан, рақымды һәм кішіпейіл. Алайда тым кішіпейіл, мейірімді болса да ешқашан қорқақтық пен қорлануға бас имеген. Өте салмақты, байсалдылығымен қоса жанындағы адамдарға шаттық сыйлай алатын, күлкісі күміс шашқан, жүзі жарқын нұрлы. Күллі ғаламға ұстаздық етіп, ауқымды мәселелерді қозғаған Пайғамбарымыз кішкентай бүлдіршіндермен құмда отырып ойыншық ойнайтындай қарапайым. Яғни Алла елшісі (с.ғ.с.) әр кез таразының екі басын тең ұстап, тепе-теңдікті сақтай білген» [39, б. 27-30].

Зерттеушінің бұл айтып отырғаны қазіргі уақытта өте маңызды. Күллі нәрседе орта жолды ұстану және кез-келген нәрсе үшін шын жүрекпен берілмеу мұсылман дінінде насихатталады. Осы орайда адам проблемасын зерттеуде әлемнің бірінші ұстазы Аристотельдің «Алтын аралық принципін» («принцип золотой середины») айтқымыз келеді. Қазақ философиясында да «орташа адамға» ерекше мән береді. Бала-дана Шоқан Омбыда оқып жүргенде, жазғы демалысында Бөгенбай батыр шөбересі Саққұлаққа барып, сәлем беріп; «Ата жақсы адам қандай болады?» – дегенде, Саққұлақ шешен:

«Адам биік болса – тасар еді,
Төмен болса – құрт-құмырсқа басар еді.
Бәрінен де орташа адам көп жасар еді» – деген екен.

Сонымен, көркем мінез деген тіркестің мағынасына сабырлық, адамда еркі мен күшін, сезімін, қалауын, қуатын тепе-тең, «Алтын аралық принципін» ұстай алатын ақыл-парасаты мен пайымының жеткілікті болуы сыйдырылады.

«Адамдарды қарым-қатынасына байланысты топтарға бөлген Ғазали бірінші топқа қасындағы адамдарды жақсы түсініп, оларға жәрдем көрсеткен адамдарды, екінші топқа не пайдасы жоқ, не зиян келтірмейтін адамдарды, үшінші топқа тек өз пайдасын ойлайтын өзімшілдерді жатқызады. Ойшыл, соңғы топтағы адамдарды өзінен тыс адамдар үшін зиян тигізетін жамандар деп санайды» ортағасыр араб-мұсылман ғалымы Әбу Хамид әл-Ғазалидің шығармаларын зерттеген ғалым Б.Қ.Бейсенбаев [25, б. 11-16]. Қазақ адамның жақсы, жаман мінезді екенін жүрекпен байланыстырады. Оның себебі адамның

сыртқы әрекеттерінің дүниеге келуінде жүректің ықпалы барлығын, бір мінездің жақсы-жаман болуы, жүректің жақсылық және жамандыққа толы болуына байланысты екенін айтады ғалым. Адамдардың бір бөлігі табиғатынан көркем мінезді болатыны, екінші бөлігі ондай болмағандықтан көркем қылыққа жаттығу және ыжтыһаттың арқасында қол жеткізетінін айтады Б.Қ.Бейсенбаев.

Көркем мінездің құраушы басты құрамы – ақыл мен ойлау, сондықтан күллі бақыттың басы – ақыл мен дұрыс ойлау болып келеді. Тағы бір мәселе – мінез бен ойлаудың арақатынасы. Жалпы ғылымда қабылданған көзқарастарға сәйкес ақыл-ой қабілеттері (жалпы қабілеттер сияқты), адамның ойлау ерекшеліктері оның мінезіне кірмейді. Сонымен бірге, бірқатар психологтар адамның ойлауын да, мінезін де бір мезгілде сипаттайтын белгілердің бар екеніне назар аударады. Мысалы, Рубинштейн мынадай көзқарасты ұстанады: «Өте кең тараған пікірге қарамастан, мінез тек ерік-жігер мен эмоционалды ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық ерекшеліктерді де қамтуы мүмкін, өйткені ол адамның айналасындағылармен қарым-қатынасының сапалық ерекшелігінде көрінетін жеке тұлғалық қасиеттерге айналады. Олай болса, парасаттылық, байыптылық интеллектуалдық қасиет болғанымен, жалпы алғанда, мінез-құлық белгілері болып табылады. Сонымен бірге, мінез-құлық ерекшелігіне айнала отырып, интеллектуалдық қасиеттер бір ғана интеллектті емес, жалпы тұлғаны сипаттайды» [18, б. 372].

Ананьев «ойдың тереңдігі мен өткірлігі, мәселе және оны шешудің төте жолы, интеллектуалдық бастама, ойлау процестері барысындағы сенімділік – мұның бәрі ақыл-ойдың бір қыры ретіндегі тұлғаның өзіндік ерекшелігін құрайды» деп есептейді [17, б. 177].

Бұл аспектіде Э. Фромм ешкімге ұқсамайтын ерекше көзқарасты ұстанады [40, б. 48]: «...Әдетте ойлау тек интеллектуалдық әрекет болып саналады, әрі тұлғаның психологиялық құрылымына тәуелді емес деп есептеледі. Бірақ бұл ұшқары пікір, біздің ойлауымыз неғұрлым шындыққа сәйкес келсе, соғұрлым нақты объектілерді эмпирикалық манипуляциялаумен ғана емес, этикалық, философиялық, саяси, психологиялық немесе әлеуметтік мәселелермен бетпе-бет келеді. Мұндай пікір ойлау әрекетіне қатысатын таза логикалық элементтерден басқа, көбінесе адамның тұлғалық құрылымымен анықталады...». Фромм өз ұстанымының дәлелі ретінде «махаббат», «әділдік», «теңдік», «өзін құрбан ету» сияқты ұғымдарды түсінудегі айырмашылықтарға тоқталады. Мұның себептерін жеке тұлғаның мінез-құлық құрылымында қарастырады. Осы орайда, Фромм ойлау арқылы адамның ақыл-ой қабілеттерінен басқа, ойлау субъектісінің санасындағы әлемнің бейнесіне байланысты тұжырымдар жасаудың ерекшеліктерін түсінетіні анық. Ал тілде ойлаумен байланысты бұл екі аспектінің біртұтас ұғымға бірігуі екіталай. Мәселен, «Ол ақылды ма?» деген сұраққа біз иә, ол *«ақылды», «зерек», «сұңғыла», «басбілгі», «зерделі», «көкірегінде көзі бар» «оң мен солын танитын»* деген сияқты немесе ақылсыз адамды көрсек, *«есерсоқ», «жетесіз», «зердесіз», «қуыс бас», «надан», «ойсыз», «өресіз», «санасыз»* деп адамның ойлау категориясына қатысты мінез атауларымен сипаттай жөнелеміз.

Сонымен, қазіргі қазақ мәдениетінде және қазақ тілінде көркем мінез атаулары мынадай: кешірімшіл болу, әділ болу, әдепті болу, менменсімеу, адамшылығы жоғары болу, кекшіл болмау, кішіпейіл, қарапайым болу, ірі болу, жалақор, бәлекұмар болмау, жарқын ойлы, ақылды болу, ғайбатшыл болмау.

1.5 Адам мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық және этнолингвистикалық аспектіде зерттелуі

Лингвомәдениеттаным ғылымы Фердинанд де Соссюрдан бері тілді өз ішінде қарайтын бағыттан (тілдік құрылымдар мен құрылымдық элементтерді зерттеу) тілді қоршаған ортамен, табиғатпен, адаммен, қоғамдық қатынастармен байланыстыра қарайтын бағытпен бірге басталды. Тілді зерттеу сол тілді қолданатын адам мен тұтынатын қоғамынсыз жартыкеш, жарымжан екені белгілі болды. Ю.Д.Апресян айтқандай, тіл жоғары дәрежеде антропоцентристік болады. Оның сөздік қорының үлкен бөлігі адамға – оның ішкі әлеміне, сыртқы әлемді қабылдауына, физикалық және интеллектуалдық қызметіне, мақсаттарына, басқа адамдармен қарым-қатынасына, оқиғалар мен жағдайларды бағалауға арналады [41, б. 18]. Немесе Э.Бенвенист айтқандай, әлемде тек тілі бар адам бар, басқа адаммен сөйлесетін адам бар, сондықтан тіл адамның өзін анықтауда қолдануы қажет. [42, б. 293].

В.Гумбольдт тілді үйрену түпкі мақсат болмайтынын, бірақ барлық басқа салалармен бірге адамзаттың өзін және оның айналасындағы барлық көрінетін және жасырын нәрселерге деген көзқарасын білудің ең жоғары және жалпы мақсатына қызмет ететінін айтқан.

Осындай қажеттіліктер ғылымды жаңа салаға бағыттады. 90-жылдары «лингвомәдениеттаным» атауы Н.Д.Арутюнов, В.В.Воробьев, В.А.Маслова, Ю.С.Степанов, В.Н.Телия және тағы басқа зерттеушілердің зерттеулерінде айтыла бастады. В.И.Карасик тіл мен мәдениеттің өзара әсері мен байланысын кешенді түрдезерттейтін ғылымның бір саласы екенін айтты [43, б. 87].

Мәдениет категориялары – кеңістік, уақыт, тағдыр, құқық, байлық, еңбек, ар-ождан, өлім және т.б. Бұл жүйе тілдік тұлғаны қалыптастыратын координаттар. Тілдік тұлғаны зерттеуді алғаш үндеген неміс ғалымы И.Вейсгербер екенін В.А.Маслова атап өткен [44, б. 91].

Бұл жылдары этнолингвистика бағыты да, лингвомәдениеттаным бағыты да қатар шығып, тіл мен ұлттың бірлігін жарыса зерттеген ғылым салалары бола бастады. Екі бағыттың анықтауы бойынша да, ұлттың дүниетанымы, қоршаған ортаға жалпы өмірге деген көзқарасы, салт-дәстүрі, айналасында болып жатқан құбылыстарды бақылап, танып, оларға сипаттама беруі тілінде көрініс табады, тіліндегі атаулар арқылы бекітіледі. Этнолингвистиканың дамуына үлкен үлес қосқан ғалым Эдуард Сепир: тіл – мінез-құлық нормасын көрсетуші құрал екенін, халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін еместігін айтса, Н.И.Толстой этнолингвистика тіл мен ұлттың менталитеті, тіл мен халық шаруашылығы арасындағы корреспонденция түрлерінің қарым-қатынасына, байланысына жол көрсететін тіл біліміндегі жаңа бағыт екенін көрсеткен [45, б. 18].

Профессор З.Ахметжанова айтқандай, тілге таңбаланған халықтың ұжымдық санасын тануға, табуға ұмтылушылық бұл бағыттың күшеюіне бастады: «Расцвет лингвокультурологии, науки о взаимосвязи и взаимодействии языка и культуры, связан с разными факторами, среди которых особо выделяется понимание языка как системы, в которой аккумулирован коллективный опыт народа по познанию объективной действительности и самого себя» [46, б. 74].

Академик Ә.Қайдар бастаған қазіргі уақытта дәстүрлі зерттеу бағытына айналған этнолингвистиканың орнына лингвомәдениеттаным бағыты басымдық танытып, зерттеу тәсілдерін жетілдіргені туралы алғаш айтқан профессор Жамал Манкеева [47]. Тіл мен мәдениеттің байланысы лингвомәдениеттану саласының өзегін құрайтынын айта келе, лингвомәдениеттану пәнінің басты мақсатын анықтаған В.Телияның тіл мен мәдениеттің өзара қатынасын қазіргі заман мәдени ұлттық сана-сезім тұрғысынан қарастырып, оның тілдегі көрінісін зерттеу және сипаттау деген сөзін келтірген [48, б. 18].

Сөйтіп, лингвомәдениеттаным – ғылымның жаңа саласы ретінде өзінің нақты міндеттерін шешуі керек және ең алдымен, мына сұрақтарға жауап беруі керек болды:

1) мәдениет тілдік концептілерді қалыптастыруға қалай қатысатынын;

2) тілдік таңба мағынасының қай бөлігіне мәдени мағына кірігетінін;

3) бұл мағыналар сөйлеуші мен тыңдаушыға байқалу, байқалмауын, олардың сөйлеу стратегияларына әсерін [44, б. 6]. Осылай деп анықтаған Маслованың пікіріне сай, профессор З.Ахметжанова: «Лингвомәдениеттанудың негізгі ұғымдарының қатарына әлемнің ұлттық тілдік бейнесі мен концептілер жатады. Бұл екі ұғым да бір-бірімен тығыз байланысты. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі деп ұжымдық санадағы объективті шындықтың семантикалық формациялар жиынтығы түрінде көрінісі түсініледі. Бұл семантикалық формациялар бейнелер мен ұғымдармен қоса алғанда гетерогенді болып табылады. Лингвомәдениеттанудың негізгі бірлігі – мәдени концепті болады. Біз В.Карасиктің ізімен, мәдени концепті деп құнды, бейнелі және ұғымдық құрылымдар ерекшеленетін көп өлшемді семантикалық формацияны түсінеміз. Қоршаған дүниені концептілеу, атау, бейнелеу жәнесипаттау арқылы жүзеге асырылады» деп айқындаған болатын [46, б. 8-9]. Ғалымның осы тұжырымдарын зерттеуімізге теориялық негіз етіп ала отырып, санада тілдік құрылымдар арқылы пайда болған концептілер арқылы мәдениетті тануға болады деген бағытта зерттейміз.

Концепт ұғымының анықтамасы мен сипаты туралы көптеген еңбектер жазылған, оларды түгелдей айқындап беру зерттеудің мақсаты болмады. Тек ф.ғ.к. А.Әмірбекованың концепт пен ұғымның айырмашылығы туралы айтқан қорытынды пікірін зерттеуімізге негіз етіп алғанымызды білдірейік. Зерттеуші ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайтынын, ал концепт – бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттерін де қамтитынын, ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең болатынын, концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болатынын, ұғым құрылымында тек мазмұндық, анықтамалық элементтер болатынын, оған концептілік

құрылымдағы барлық компонент ене бермейтінін, концептінің мағыналық, сипаттамалық қырынан басқа да әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінетінін, яғни концепт бойынан адамның зат не құбылыс (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінетінін айтқан [49, б. 44] Профессор З.Ахметжанова айтқандай, «концепт тілде және, ең алдымен, фразеологиялық бірлік, мақал-мәтел сияқты бірліктер арқылы көрініс табады» [46, б. 75].

Сондықтан қазақ тілінің концептуалды жүйесін білмеу қазақ халқының өміріндегі көптеген құбылыстардың өткеннің сарқыншағы ретінде қабылдануына, теріс бағалануына алып келеді. Жас ұрпақ үшін жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырылуы қажет қазақтардың дәстүрлі және қазіргі ұлттық мәдениетінің көптеген құбылыстарының терең, философиялық мәні белгісіз болып қала беретінін айтады ғалым.

Маслова негізгі мақсат адам туралы оның өз тілінен қалай көбірек білуге болатындығын көрсету, өйткені тіл тек қарым-қатынас, ойды жеткізу және білдіру құралы ғана еместігін, тілде әлемнің тұжырымдамалық бейнесі жасалатынын, адамды белгілі бір ұлттың тасымалдаушысы ретінде түсіну қажеттігін, тіл барлық әрекеттерге қатысатынын айтты. Қазіргі ғылымда жай ғана адам емес, жеке тұлға да маңызды, белгілі бір адам, сананың, тілдің иесі, күрделі ішкі әлемі бар адам, тағдырға, заттар әлеміне және өзіне деген белгілі бір көзқарасы бар адам маңызды екенін жазған. Жеке тұлға ғаламдағы ерекше позиция екенін, ол үнемі әлеммен, өзімен диалогқа түсетінін, А.А.Леонтьевтің «Человек – существо социальное по своей природе, «человеческое в человеке порождается его жизнью в условиях общества, в условиях созданной человечеством культуры» деген сөзін келтіре отырып, адам – табиғаты бойынша әлеуметтік жаратылыс екенін айтады [44, б. 88].

Және ғалымдарды жалпы адам емес, тілдегі адам, қызықтыру керек екенін, тіл – жасырын салаға енуге көмектесетін жалғыз құрал бола алатынын, тіл адам туралы өзі білмейтін жайттарды хабарлайтынын айтады. А.Гончаровтың Е.Н.Нарышкинаға жазған хатын келтіріп, тіл тек сөйлеу емес, сөйлеу, бұл адамның бүкіл ішкі бейнесі, оның ақыл-ойы, жүрегі, ол тәрбиенің, ақыл-ой мен адамгершіліктің өкілі деген сөзін қайталады [44, б. 88]. Және лингвомәдениеттанымның зерттеу пәні лингвоелтануда сипаттама пәні ретінде қызмет ететін сөздер мен қолданыстар болып табылатынын ескертеді [44, б. 13]. Лингвомәдениеттанымның бірліктері немесе нысаны болып табылатын тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, атаулар, прецедентті мәтіндер мен атаулар тілдің жаңа деңгейде дамуын, жетілуін көрсетеді. Маслова айтқандай, тілдің дамуына мифологемалар мен архетиптер әсер етеді.

Ғалым әрбір нақты фразеологизм біртұтас мифті емес, мифологеманы көрсететінін, мифологема – бұл миф үшін маңызды кейіпкер немесе жағдай, бұл мифтен мифке ауыса алатын мифтің басты кейіпкері сияқты екенін, миф, әдетте, архетипке негізделетінін, архетип бұл жеке санада барлық жерде пайда болатын және мәдениетте кең таралған тұрақты имидж болатынын айтқан. Архетип

ұғымын К.Г.Юнг 1919 жылы “Инстинкт және бейсаналық” мақаласында енгізгенін, К.Г.Юнг барлық адамдар армандап, миф, ертегі, аңыз арқылы архетиптердің жалпы белгілерін бейсаналық түрде қалыптастыра алатын туабітті қабілетке ие деп есептегенін айтады. Архетиптерде, К.Юнгтің пікірінше, “ұжымдық бейсаналық”, яғни жеке тәжірибенің нәтижесі емес, адам ата-бабаларынан мұраға қалған бейсаналықтың бөлігі көрінетіні айтылған [44, б. 13].

Осы бағытта А.Б.Әмірбекова мифологема – мифтегі басты кейіпкер немесе басты жағдаяттың тілдік көрінісі екенін, оның тұрақты тіркестер немесе мақал-мәтелдер бойында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетуін, мысалға «Асан қайғы – қайғы», «Көк бөрі – түркілер», «Самұрық – қорғаушы, бақыт сыйлаушы» болып қалыптасқанын айтады. Мифологемалар – кез келген тілдік жүйеде ерекше орын алатынын, сол ұлттың көне тарихы мен халқының таным-түсінігін, қияли әлемін танытатын мифтік бейнелерін, аңыз үзіктерін, мифологиялық ұғымдарын, аңыздық образдардың символдануы мен эталонға айналуын объективтендіретін тілдік бірліктер екенін, ал архетип – бұл белгілі бір ұлттың мәдениетінде танымал болған жеке индивидуалды санада тереңінен орын алған, ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетіп отырған тұрақты бейне болатынын, мысалы, сараңдық ұғымының тұрақты бейнесі «Шық бермес Шығайбай», суайт, алдаушы ұғымы – «Алдар көсе», алаңғасарлық ұғымының архетипі – Қожанасыр, т.б. екенін айтқан. Ал эталон болса, бұл белгілі бір дүниені ұлттық танымда бейнелі түрде сипаттап өлшеу болып табылатынын, тілде эталондардың тұрақты теңеулер арқылы көрініс табатынына қазақтар үшін қулықтың өлшемі – түлкі, сұрқияның өлшемі – жылан, қорқақтың өлшемі – қоян, ақымақтың өлшемі – есек, алып үлкендіктің өлшемі – түйе, молшылықтың өлшемі – Абылайдың асы, биліктің өлшемі – қамшы, ұсақтықтың өлшемі – тары болып отыратынын дәл көрсетеді. Оларды тілдегі «жылқы мінез», «түлкідейін бұлғаңдап», «қоян жүрек», «түйедей алып», «Абылайдың асындай», «тарыдай шашылу», «қамшы ойнату» деген тұрақты тіркестер дәлелдейтінін айтады. Ал стереотипті белгілі бір құбылыстың (мінездің, әрекеттің) ұлт санасында автоматты түрде астырт түйсігінде бейнелі түрде таңбаланып түсіндірілуі деп анықтады. Оның тілдік көрінісін қазақта сұлулық «Қыз Жібек», «Баян Сұлу» деген стереотиптермен танылса, орыстарда «красавица-примудрая» деген стереотиппен танылатынын айтты А.Б.Әмірбекова [49, б. 43].

Лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізудің әдістері жан-жақты, әртүрлі, бірін-бірі толықтыратын тұрғыда болатыны түсінікті. Өйткені тіл мен мәдениеттің арасындағы байланысты бір әдіс-тәсілмен анықтау аздық етеді. Ғылыми зерттеудің кез-келген әдісінің нақты қолдану шегі болады. Қазіргі ғылымның аксиомасы – кез-келген әдісті шектеулі, аясы тар дейді. Өзара әрекеттесетін тіл мен мәдениеттің көп қырлылығы соншалық, олардың табиғатын, функциясын, генезисін бір әдіспен білу мүмкін емес – бұл өзара байланысты бірқатар әдістердің қосымша болуын қажет етеді [44, б. 10].

Сондықтан зерттеуде нақты бір әдістің басымдығын атап айта алмаймыз. Бірақ мінез сипаты атауларының қазақ тіл білімінде номинация тұрғысынан, сөзжасам, не лексика-фразеология тұрғысынан зерттеліп көрмегендіктен

алдымен мінез атауларының тезаурусын жасау әдісі негізгі болды. Қазақ тіліндегі мінез атаулары психология пәнінің нысаны ретіндезерттеушілердің еңбектерінде жазылған және «қазақ қандай халық?» деген сауалға жауап іздеу мақсатында академик Ә.Қайдардың еңбегінде жан-жақты ашылған. Ал өзге тіл білімінде әсіресе орыс лингвистикасында бұл тақырып бірнеше диссертацияның зерттеу нысаны болған екен. Олардың ішінде қазақ тіл біліміне және мәдениетіне жақын еңбектерді қарастыруды мақсат тұттық. Оның бірінші себебі өзге ұлт өз мінезінде қай сапаны, қандай қасиетті бағалайтынын және оны бағалау тәсілдерін қалай шығаратынан көргіміз келді. Осы тұрғыда біраз ресейлік ғалымдардың Ли Акадия Дмитриевнаның “Синонимо-антонимические группы имен прилагательных обозначающих черты характера человека и его эмоционально-психические состояния” [50], Лукашевич Наталья Юрьевнаның “Когнитивно-семантический анализ предикатов, обозначающих черты характера человека” [51], Харитонова Елена Юрьевнаның “Лексикографическое описание лексико-фразеологического поля «черты характера человека» (на материале современного немецкого языка)” [52], Добринина Альбина Альбертовнаның “Прилагательные современного Алтайского языка, обозначающие черты характера человека” [53] атты диссертацияларының тұжырымдары мен түйіндерімен танысып, сол ғалымдардың ішінен А.А.Добрининаның «Алтай тіліндегі адам мінезінің ерекшеліктерін білдіретін сын есімдер» атты ғылыми зерттеуіне назар аударып көрелік. Аталған диссертацияда мінез атауларын мынадай таптастыру бар: 1) адамның өзіне деген қарым-қатынасы; 2) өзін ортада ұстауы; 3) адамның ерік-жігерін танытушы; 4) адамның басқа адамдарға деген қатынасы; 5) еңбекке, жұмысқа деген қатынасы; 6) адамның адамгершілік қасиеті; 7) заттарға және дүние мүлікке деген қатынасы [53, б. 25].

Адамның өзіне деген қарым-қатынасын көрсететін сын есімдердің алғашқы тобы алтай тілінде оң және теріс семантикалы – јобош пен мактанчак деген екі топқа бөлінеді: јобош – «кішіпейіл, сабырлы», мактанчак – «мақтаншақ». «Јобош» сөзі қазақ тіліндегі жуас сөзімен сәйкес келеді. Сонда алтай тілінде момындық пен тәкаппарлық бір-біріне қарама-қарсы қойылады. *«Јобош» мактанбас «мақтаншақ емес», тынзынбас «менмен емес», јакшыркабас «көкірек емес», улуркабас, јаанаркабас, јамыркабас «өршіл емес», байыркабас «байлығымен мақтанбайды», инеркебес, маалкатпас, адаркабас «менмендігі жоқ»* деген лексемалардан тұрады.

Теріс семантикасы бар сын есімдердің синонимдік қатарында басымдық танытатын мактанчак сипаты мынадай лексемалардан құралады: *тынзынчак 'менмен', чмермеркек, јакшыркак 'өркөкірек', тееркек, сайыркак 'менмен', улуркак, јаанаркак, јамыркак 'өршіл', оморкок 'көкірек'.*

Қарастырылып отырған синонимдік-антонимдік қатардың барлық сын есімдері (јобош қоспағанда) бір нәрсеге бейімділікті білдіретін *-чак* немесе *-бас* – теріске шығару жалғаулары арқылы қалыптасады. Бұл сөздер көбіне ауызекі сөйлеуге көбірек тән.

Алтай тілінде жақсы – жаман мінезден ерекшеленетіні *баштак 'балованный, игривый, шаловливый',* қазақша *'бұзық', согушчан 'драчливый',*

қазақша *'бейбастақ', арбанчак 'ворчливый',* қазақша *'бейапар, бейауыз', шапылдууш 'болтливый',* қазақша *'шапылдақ', канкылдууш 'болтливый',* қазақша *'бейпіл ауыз', тилгерек 'языкастый',* қазақша *'тілді' јапшынчак 'навязчивый, назойливый'* [53]. Бұл адамның қоғамдық, әлеуметтік ортада өзін ұстауына қатты мән берілетін мәдениетке қатысты атаулар екені көрінеді. Яғни жүгенсіздік, есерлік алтай ұлтының мәдениетінде мүлде құпталмайды деген сөз. Бұл түркі жұртының түп мәдениеті бір екенін білдіреді.

Адамның ерік-жігерін танытушы сын есімдер тобына келсек, негізгі синонимдік-антонимдік қатарға мына сөздер кіреді: *јалтанбас – јалтанчак. Јалтанбас* 'қайсар', *коркыбас* 'өжет', *айабас* 'жанкешті', *јалтанчак, коркынчак* 'жалтақ, қорқақ, жігерсіз, батылсыз', *чочынкай* 'жасқаншақ'.

Ал қазақ тіліндегі лексемаларға тоқталсақ, бұл жерде *жанкешті, жанқияр, жансебіл, жанкешпе* деген сөздер назар аудартады, яғни адамның ерік-жігерін танытатын сын есімдер *«жан-»* деген түбір сөз арқылы жасалатынын көруге болады.

Адамның айналасындағы заттарға, дүние мүлікке деген қарым-қатынасын білдіретін сөздерге алтай тілінде *ач – кысканбас* сипаты, яғни *жомарттық* пен *сараңдық* жатады.

Алтай тілінде бұл топты мына лексемалар құрайды: *1) чебер* (ұқыпты), *кымакай* (үнемшіл), *јуункай (*жинағыш), *чотонгыр, кыдырмак. 2) ачап (сараң), кысканчак* (қызғаншақ), *тудум*, *карам* деген бір біріне қарама қарсы мінездерді көрсетеді.

Орыс тілінде де осы оппозициядағы сипаттар адамды бағалауда көп ауызға алынады: *бережливый, экономный; зажимистый, прижимистый – скупой, жадный, скаредный, ненасытный; щедрый; расточительный, небережливый.*

Қазақ тілінде – *үнемшіл, қанағатшыл, ынсапты, жомарт, қасым жомарт, атымтай жомарт – ашкөз, ысырапшыл, ынсапсыз, тойымсыз, шық бермес шығайбай.* Аталған тілдерде сараңдықты үнемшілдіктен бастап, сараңдыққа қарата күшейте сипаттаған [53].

Қарастырылып отырған синонимдік-антонимдік қатардың барлық сын есімдері адамның айналасындағы заттарға деген оң және теріс бағыттағы қарым-қатынасын білдіретін *-шіл, -шыл* немесе *-сыз* – теріске шығару жалғаулары арқылы жасалады.

Қазақта «Ынсапсызда ұят болмайды» деген сөз бар, ал Хакім Абай «Ынсап, ұят, терең ой – Ақыл, зейнет, біліп қой» – дейді. Халқымыз адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі – осы «ынсап» деп бағалаған. Ынсапсыз адамның ындыны жаман, қомағай келеді, ынсапсыздық ысырапқорлыққа әкеледі деп, бұл мінезді үнемі сынға алып отырған.

Біз В.А.Маслованың тіл мәдениеттің өнімі, оның маңызды құрамдас бөлігі және өмір сүру шарты, мәдени кодтардың қалыптасуының факторы деген тұжырымын негізге аламыз. Ғалымның осы парадигма шеңберінде қалыптасатын қазіргі лингвистикадағы негізгі бағыттар – бұл когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану болады деген, ол “тілдегі мәдени факторға және адамдағы тілдік факторға” бағытталуы керек деген ойын

(В.Н.Телия), лингвомәдениеттануды лингвистикадағы антропоцентрлік парадигманың өнімі деген тұжырымдарын зерттеуіміздің базалық теориялық ілімі ретінде аламыз. Ғалымның айтуы бойынша, лингвомәдениеттану тілді мәдени құбылыс ретіндезерттейді, ал бұл тіл ерекше ұлттық менталитеттің өкілі болып шығатынын, ұлттық тілдің объективінен қарағандағы әлемнің бір көрінісі болып табылатынын дәлелдейді [44, б. 8].

В.А.Маслова тілдің, мәдениеттің, этностың арақатынасы мен өзара байланысы мәселесі – философия мен әлеуметтанудан бастап этнолингвистика мен лингвомәдениеттануға дейінгі бірнеше ғылымдардың күшімен ғана шешілетін пәнаралық проблема болып шығатынын, этникалық лингвистикалық ойлау мәселелері лингвистикалық философияның құзыреті екенін, этникалық, әлеуметтік немесе топтық қарым-қатынастың ерекшеліктерін тілдік аспектіде психолингвистика зерттейтінін саралап берді [44, б. 9]. Тіл мәдениетте ғана өмір сүреді, мәдениетпен бірге дамиды, мәдениетті жасайды.

Және В.А.Маслова алғашқылардың бірі болып, В.Н.Телиямен келісе отырып, лингвомәдениеттанымның нысаны ұлттық қана емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық мәдени ақпараттар болатынын, осыған орай әртүрлі мәдениетке тән әмбебап құбылыстар болатынын айтты. Лингвоелтану мен сөз болып отырған сала арасындағы айырмашылық – лингвоелтануда сол ұлтқа, елге тән баламасыз тілдік бірліктер – сол мәдениетке тән құбылыстардың атаулары сөз болса, лингвомәдениеттануда әмбебап құбылыстың әр тілдегі көрінісі сипатталады [44, б. 11].

Және В.Гумбольдттың идеяларындағы тілдің халықтың рухы, болмысы болады дегенін келтіре отырып, мәдениет ең алдымен тілде көрінетінін, тіл мәдениеттің шынайы шындығы, ол адамды мәдениетке енгізе алатынын, тіл – бұл мәдениеттің ғаламға және өзіне деген тұрақты көзқарасы болып табылатынын айтады.

В.А.Маслова зерттеуіне көбірек жүгінетін себебіміз – ғалым осы пәннің, соңғы жиырма жылдықта пайда болған лингвомәдениеттану пәні ғылыми аппаратын толық ашып берген ғалым. Мысалы ғалым лингвомәдениеттанымның нысаны – мәдени ақпараттың, мәдениеттің оның көзқарастары мен артықшылықтарымен аудармашысы болып табылатын тілдің өзара әрекеттесуін және осы мәдениетті тілді қолдана отырып жасайтын адамды зерттеу екенін нақты атады. Нысанның бірнеше іргелі ғылымдардың – лингвистика мен мәдениеттанудың, этнография мен психолингвистиканың “түйіскен жерінде” орналасқанын айтты [44, б. 28].

Бұл ғылымның зерттеу пәні мәдениеттесимволдық, эталонды, бейнелі – метафоралық мәнге ие болған және миф, аңыз, салт-дәстүрде, фольклорлық және діни дискурстарда, поэтикалық және прозалық көркем мәтіндерде, фразеологизмдер мен метафораларда, рәміздер мен паремияларда жазылған архетиптік және прототиптік – адам санасының нәтижелерін жалпылайтын тіл бірліктері болып табылатынын айтты.

Лингвомәдениеттанымдық зерттеулерде атаудың ұлттық сана мен мәдениетіне қатысты мағынасы, бағасы қоса қаралады. Профессор Ж.Манкеева

заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытатынын, ал тану, ия анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болатынын, әртүрлі ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірибесінде кездесіп қолданылатын жағынан танып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратынын, ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнелетіндігін айтады [47].

Адам мінезінің, ұлттық құндылықтарының лингвомәдениеттаным тұрғысынан зерттелуі профессор Зәуреш Ахметжанованың еңбектерінде де кеңінен айтылады: «Традиционно в качестве признаков нации указывают на язык, территорию, государственность, однако в настоящее время важнейшей чертой нации считают менталитет, сложившийся в ходе становления нации и отражающей уровень ее духовного, нравственного и интеллектуального состояния: «Характер конкретной нации (как и характер конкретного человека) во многом определяет, как его далекое, так и его близкое будущее, его путь и темпы развития. Кроме того, зная характер нации, всегда можно достоверно предположить и предопределить ее действия в тех или иных (экономических, политических, социальных и иных) ситуациях и обстоятельствах» [46, б. 7]. Ғалым мінез деген адамның, ұлттық тағдыры немесе керісінше тағдыр, мінез ұлттың өзінің бет-бейнесін, болмысын қалыптастырады дейді.

1.6 Қазақы мінез атауларының лингвомәдени сипаты

Жалпы, жеке адамның өмір сүру қағидаларының психо-мәдени ерекшеліктері (киім киісі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті мен өзге де құндылықтары) тұтас ұлттың болмысын танытады. Эдуард Сепирдің тіл – мінез-құлық нормасын көрсетуші құрал. Халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін еместігін айтқанындай, әр халықтың сөздік қорын, сөзжасамын, сөйлеу барысын қарап отырып, сол елдің мәдениетін, санасын, болмысын тануға болады. Әсіресе оны адам мінезіне қатысты атаулардан көбірек байқауға болады деп ойлаймыз. Өйткені, ғалымдар айтқандай, қазақ ұлты басқа ұлттарға қарағанда адам факторына көбірек назар аударатынын, адамды танып, оның сипатын анықтап, түсін түстеп беруінен сол халықтың өз болмысын тануға болады.

Қазақ этнолингвистикасының негізін салған академик Ә.Қайдар және ғалымның ізбасарлары мен шәкірттерінің анықтауынша, ұлтымыздың этностық бейнесін, ұлттық болмысын, дүниетанымын тіл байлығымыз арқылы жан-жақты танып-білуге, яғни қазақ этнолингвистикасы арқылы зерттеуге болады.

Академик Ә.Қайдардың «Қазақ қандай халық?» атты бірегей туындысы біз нысан етіп отырған адам мінезі сипаты атауларының жиынтық қорын көрсетеді. Еңбекте тарихи қазақтың да, қазіргі жаңа қазақтың да мінезі бар. Алайда онда аталым дәрежесіне жеткен сөздік бірліктер ғана емес, атауға әлі ие болмаған ұғымдардың сипаттамасы жинақталған. Ә.Қайдар: «...Адам мен ұлы табиғат

өзара тығыз байланысты. Адам да сол табиғаттың өзінен жаралған, сол табиғаттың өзінде өтіп жатқан саналы өмірдің, ондағы қалыптасқан рухани, заттық мәдениеттің ұйытқысы, барша өркениеттің зиялы иегері» [3, б. 12] – дегенді айтады.

Профессор Нұргелді Уәли тілдік таңбалардағы мәдени семантиканы айқындаумен арнайы шұғылданатын лингвомәдениеттану ғылымы бар екенін, тілдік бірліктердегі мәдени мәнділіктерді негізінен бейэквивалентті лексика (*шаңырақ, саба, биебайлар, қымыз, көкпар, бәдік айтыс, шілдекүзет, отқаңұяр, отқа май құю, тоғыз беру, беташар, бата беру т.б.*), мифологиялық мазмұндағы тілдік бірліктер (*жыны ұстады, арқасы қозды, албасты басты, жеті қат жер асты, жер ортасы көктөбе, дәм-тұз аттамау, дәм-тұзға шақыру; көз тию, сөз тию, тіл-көз тию т.б.*); паремологизмдер, фразеологизмдер, эталон, стереотиптер, символдар, тілдік метафоралар мен образдардан т.б. тілдік құбылыстардан іздейтінін айтқан болатын [54]. Ал мінез сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, бастан кешкен тарихи жағдайларға байланысты қалыптасады, әрі дамиды.

Тілдегі қазақ ұлтының мәдениетінің, бағалауының бейнесін көбінесесөз тіркестерінен, тұрақты сөз тіркестерінен көруге болады. Мысалы, қазақ тілінде адам мінезін сипаттайтын сөздер көбінесе ***ақ, ала, қара, көк*** сөздерімен байланысты.

Лигвомәдениеттанушы ғалымдардың айтуы бойынша көбінесе түс белгілері символдарға айналады. Осы саладағы соңғы зерттеулер түске белгілі бір жиынтықты құрайтын 10 пигментті ген сәйкес келетінін Маслова айтады. Әр түстің өз ерекшелігі бар, сондықтан екі адам бір затқа қарап отырып, оның түсін басқаша қабылдайтынын айтады. Ғалым миы зақымданған адамдарға жүргізілген бақылаулардан түс туралы ұғым, ол ұғымды білдіретін сөздер арасындағы байланыс оның әртүрлі екенін анықтағанын айтады. Әр елде түстің мағынасы әртүрлі екенін, мысалы, жасыл түс АҚШ-та «қауіпсіздік», Францияда «қылмыс»; қытайлықтар үшін ақ түс аза тұту болса, басқа мәдениетте қара түс қайғының символы [44].

Ал қазақ мәдениеті үшін ақ сөзі денотаттық семасынан өзге әділдік, тазалық, ашықтық мәнінде жұмсалатыны белгілі. Осы сема адамның жағымды мінезіне қатысты сипаттарды атайды. Мысалы, *ақ көйлек адам, ақ, ақжарқын, ақжелең, ақжүрек, ақкөкірек, ақкөңіл, ақниет, ақпейіл* сөздері мен кезінде тұрақты сөз тіркесі болып қалыптасқан атаулар кейін бірге жазылып, бір атаудың қызметін атқарып кеткен. Сол сияқты ала сөзімен келетін *ала жылан, алабүлік, алагүлік, алағұс, алакөңіл, алақарға, алақол, алақұйын, алақұс, алақызба, аланиет, аласот, алауыз, аузы ала, аш бақа* деген бірліктер берекесіз кісілердің мінезіне қатысты атауларды құрайды. Ал «барып тұрған», «нағыздың өзі» деген мағынада белгілі бір нашарлау мінезді күшейтіп айтуда қазақ мәдениетінде көк сөзі қолданылған: *көк жалқау, көкауыз, көкбет, көкезу, көкжал бөрідей, көкмылжың, көксоққан.* Қара түсі қай мәдениетте де қаралықты, бар нәрсенің көлеңкелі жағын көрсететін *жүрегі қара, қаны қара, қара желін, қара қамшы,*

қарабауыр, қарабет, қаражүзді, қаражүрек, қараниет, қарапейіл сөздерімен байланысты.

Бұл тараушада осы кезге дейін зерттелген лингвомәдениетанымдық еңбектердегі қазақ халқының ұлттық мінез сипатына қатысты концептілер түгенделеді. Жоғарыда көрсетілгендей, лингвомәдениеттанымдық аспектіде зерттеу үшін тіл мен мәдениеттегі концептілерді анықтау қажеттігі бар.

Маслова белгілі орыс мәдениеттанушысы В.Н.Сагатовскийдің орыс ұлтының мінезіне ең алдымен құбылмалылықты (ең басты қасиеті ретінде), руханилықты (діндарлық, жоғары мәнді іздеуге деген ұмтылыс), шынайылықты жатқызғанын айтады. Және күштің шоғырлануы көбінесе босаңсуға, ойлануға, темекі шегуге, ішіндегісін шығаруға айналатынын айтады, соңында обломовшылдық тудыратын максимализмге апарып соқтыратынын айтады. Орыс мінезіндегі қарама-қайшы қасиеттердің жиынтығы бәріне байқалады дейді Маслова. Ғалым А.К.Толстойдың орыс жан-дүниесін былай бейнелегенін келтіреді: егер сүйсе, есі кеткенше, егер ашуланса, ойнамайды, егер өтінсе, бар жанымен, ал егер тойласа, тоңқалаң асқанша тойлайды [44, б. 19].

Ғалым әр мәдениеттің өзіндік кілт сөздері бар, орыс мәдениеті үшін олардың толық тізімі әлі анықталған жоқ, дегенмен мұндай сөздердің тұтас сериясы – жан-дүние, ерік, тағдыр, сағыныш, зиялылық және т.б. сөздерден тұрады деп көрсетеді. Және бұл сөздер мәдениеттің негізгі сөзі болып саналу үшін сөз жиі қолданылу керектігін, әрі фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің бір бөлігі болуы керектігін айтқан [44, б. 55].

Қазақ мәдениетінің кілт сөздерін табу үшін қазақ даласына келген шетел саяхатшыларының назарына іліккен мінез сипаттары қаралды. Мысалы, Владимир Карл фон-Герн (1884 жылдан бастап Орталық Қазақстанмен, Сарыарқа қазақтарымен тығыз байланыста болған ғалым. Семей және Ақмола облыстарында қызмет жасаған) қазақ халқының ең бірінші мінез сипаты ретінде – ***кеңдік, қонақжайлықты*** атайды: «Кочевые степняки, составляющие главную массу населения Степного края, называют себя не киргизами, как мы их называем, а казахами. Названием же "киргиз" они отличают отдельную отрасль своих горных родовичей, носящих официальное и принятое у нас название “каракиргизов”. Как казахи, так и кыргызы вообще и до сих пор отличаются *приветливостью, добродушием и гостеприимством*, которое возведено у них даже в культ. Оставшийся без угощения путник, по обычаю, имеет право заявить об этом бию (казахскому народному судье), как о несоблюдении и даже оскорблении священного обычая *гостеприимства* (қонақасы). [55, б. 5].

Одан кейін *әділдігі мен момындығын* және шынайылығын айтқан: Саяхатшы қазақтар адал және тыныштық сүйгіш халық екенін, қонақты ренжіту немесе алдау олар үшін үлкен айып болып саналатынын, танысын, белгілі адамды, туысын қазақ ешқашан алдамайтынын және қорламайтынын айтқан. Үшінші аз сөзділігі мен үндемейтіндіктерін атаған: қазақтар сөзге шебер, бірақ мылжыңдықты даттайтын халық, керісінше үнсіздік пен тыныш қалып олар үшін маңызды екенін, ол ақыл мен өмірлік әдеп белгісі болып саналатынын айтқан [55, б. 6].

Бірақ *өсек сөзге құмарлығын,* біреулерді әңгіме қылуды ұнататындарын жандары табиғатпен жақын байланыста болғанынан іздейді: «Но вместес тем, эти дети природы любят сплетни, в особенности такие, которые имеют хотя бы какое-нибудь отношение к их жизненному обиходу или народному управлению. Не говорю уже о том, что проезд или выезд в степь кого-либо из уездной администрации, а в особенности Уездного начальника, их действия, распоряжения, даже произнесенныеслова с разными прикрасами, но также и деиствия ближайших к народу лиц туземной администрации или пользующихся влиянием и уважением родовичей – очень быстро разносятся среди казахского населения» [55, б. 6-7].

Және *аңқаулығын, сенгіштігін* атайды: Саяхатшы қазақтарды табиғат баласы ретінде өте ырымшыл болатынын, әр нәрсеге деген сенімдері мен ырымдары сансыздығын атап айтады.

Бөтенге ішін бере қоймайтынын, сақтығын да аңғарған: «В разговорах с малознакомыми людьми казахи очень осторожны. Человеку постороннему, в особенности принадлежащему другой национальности, нелегко получить прямой и обстоятельный ответ на заданный казаху вопрос. Боясь повредить себе или своим родовичам откровенным ответом на предлагаемый вопрос, который почему-либо может казаться замысловатым или хитрым, казах непременно постарается добиться цели, с которой вопрос ему предложен и тогда уже смотря по обстоятельствам, дает прямой ответ или все таки уклончивый, а иногда явно скажет не правду» [55, б. 8].

Ғалым қазақтарды бейтаныс адамдармен сөйлескенде өте сақ болатынын, бөтен адамға, әсіресе өзге ұлт адамының сұрағына бірден жауап бере қоймайтынын, жан-жақты жауап алу оңай еместігін, өзіне немесе туыстарына кесірі тиіп кете ме деген себеппен сұраққа ашық жауап беруден жалтаратынын, сұрақтың мақсатын біліп алған соң, тікелей жауап беретінін, кейде жалтарып, шындықты нақты айтпайтынын аңғарған.

Сондай-ақ *ақкөңілділік, мейірімділік* тәндігін аңғарған: «Қазақтар менің жеке көзқарасым бойынша, мейірімді, момын және өзінше адал: олардың ар-намыс пен адалдық туралы түсініктері біршама ерекше. Мысалы, қандай да бір сатып алушыны немесесатушыны алдау олар үшін айыпты болып саналмайды; бірақ қазақтар өз саудагерлеріне қарыздарын ешқандай борыштық міндеттемелерсіз төлейді», – деп айтқан [55, б. 9].

Нашар мінездері ретінде *бәлеқорлықты* атайды. Бірақ бәлеқорлық қала және қала сыртында тұратын қазақтардың, қалалық бола бастаған қазақтардың бойында бар екенін дұрыс байқаған. Ауылдан тыс болыстықтардағы қазақтардың арасында бәлеқорлар бар, бірақ мұндай адамдар шектен шыққан кезде ғана болады, және ондай мінезді туыстар кешірмейді деп, қазақ даласында құпталмайтын, бола қалса, өшіретін мінез екенін айтады.

Бауырымшылдықты да атайды: рулық қағидаға және рулық мүдделердің ортақтығына үйренген қазақтар әрқашан өз туыстарының артында нық тұрады, тіпті оның дұрыс еместігін білсе де қорғайды. Бұл, әсіресе, егер қазақ өзінің туысын басқа ұлттан қорғайтын кезде қатты көрінетінін айтады.

Ортақ сана, рулық сана барлық қазаққа тән болатынын аңғарады: Бәйгеден озып, үлкен-үлкен жүлде алған қазақ бәйге сыйлығын өзі алмайтынын, өзінде тек атақ қалатынын, ал сыйлықтың барлығын ағайын, ру адамдары бөліп алып кететініне бірнеше рет куә болғанын айтады: «Как бы велики призы не были, выигравшие призы, кромеславы для своего скакуна, получают очень немного из причитающегося на их долю приза. А в Семиречье и в Аулиатинском уезде, Сырдарьинской области, первые призы скачек, которые устраивались при поминках почетных лиц, иногда достигали очень больших размеров. Мне лично случилось присутствовать на байге, первый приз которой достигал: ста лошадей, ста баранов, девяти верблюдов и небольшой юрты, вместо кошем покрытой развернутыми кусками красного сукна (т.е. стоимостью более двух тысяч рублей); а мне известны байги с гораздо большими призами, ценность которых доходила до семи-восьми тысяч рублей. За выигравшим остается слава выигрыша (ырым), а приз разбирают родственники и друзья выигравшего, приносящие ему поздравления по поводу выигрыша приза. Воспротивиться этому выигравший приз ни в коем случае не может. Не отдает сам – так расхватают силой: таков уж обычай» [55, б. 18-19]. Ғалым қазақ мәдениетінде «сенікі-менікі» деген болмайды, сенікі – біздікі, біздікі – сендердікі деген ұжымдық сана болады дегенге тоқталады.

Қазақ *ұлтшыл халық,* өзінің ұлтының *намысын қорғайтын,* елінің шын патриоты дегенді айтады. Өзін құрметтейтін кез келген қазақ ру ішіндегі барлық салт-ұстанымдарды біліп қоймай, оның тарихын, өткен-кеткенін білетінін айтады. Тек тексіз қазақ қана өз руынан, ұлтынан бас тартатынын көреді. «Только недостойный уважения среди своих сородичей может пожелать отказаться от принадлежности к своей народности и в этой пословице выражено, что и плохой казах, если он даже живет среди татар и усвоил образ жизни, одежду и обычаи этого народа, то все-таки он останется отатарившимся казахом и при всем желании, никогда несделается татарином точно также, как и татарин, как бы он не приноравливался казахской жизни и обычаям, всегда останется татарином» [55, б. 71-72] деп, жаман қазақ орыс бола алмайды деген мақалды меңзейді.

Сөйтіп, қазақ даласына келген сырт көз – сыншы болатын саяхатшылардың сөзіне қарағанда *қазақ – мінезді халық.*

Тексіздік, ділсіздік, опасыздық, сатқындық мінез мәңгүрттікке апаратынын қазақ халқы қашан да білген, және оның алдын алып отырған. Ә.Табылды басқа елде өсіп, ататектің асыл қасиеттерін көрмей, білмей өскен адамның ұлттық (тектік) болмысы жоқ болатынын, «адамға екі нәрсе тірек-тегі: Бірі – тіл, бірі – ділі жүректегі» деп, Жүсіп Баласағұн айтқан сөзді келтіре отырып, тілі, ділі ұлттық болмаған адам ұлтын сыйламайтынын айтады. Әрбір тұлғаның ұлттық қасиеті өзінің ұлттық тілінде қалыптасатынын, ал басқа ұлттың ішінде өскен, өз ұлтын білмейтін адамның «қаны бір, жаны басқа» болып, басқа ұлтты (өзінің бірге өскеніне қарай) артық көріп, ділі дүдәмал, жаны жалтақ, тілі дөрекі болатынын айтады. «Не ол емес, не бұл емес» мәңгүрттің «мәдениеті» де, рухы да күңгірт болатынын айтады [56, б. 7-11].

Б.Бопайұлы қазақ – жеті атадан жалғасқан қанды, генді, текті, тұтас туыстықты қуып тұтасқан, сүйекке сіңген тума болмысынан қалыптасқан, дара табиғатынан дарыған, үлкен әулеттік меншікті мінезді «тума мінез» деп анықтайды. Тума мінез – бір адамның өзіне тән, басқаларға мүлде ұқсамайтын жеке бітімі, қимыл-қозғалысы, сыр мен сипаты, ісі мен әрекеті, өмірге көзқарасы, қоғамдық ортадағы тіршілік ету жолы, махаббат жарасымы, арман мүддесі, рухани көңіл-күйі, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы, дүниетанымы, наным-сенімі, жалпы жанұяда қалыптастырып, қоғамдық-әлеуметтік ортаға алып шыққан жеке сыр-сипаты, өмір көріністері екенін анықтайды [57, б. 6-25]. Ал жұқпа мінезді адамның бала күнінен бастап көрген-білген, көңіліне түйген, айналадан сезген, кітаптан оқыған, қоғамнан қорытқан, айналадан алған, халықтан қалыптастырған жалпы білімі, әдеті мен әдебі, мәдениеті мен дүниетанымы, көркемдік талғамы, өнер-өресі, білім қабілеті, сөйлеу дағдысы, іскерлік пен шеберлігі, дамыған санасы. аңсаған арманы, тілеген тілегі, алға қойған мақсаты, махаббат жарасымы, төрткүл дүниеден қабылдаған жұғысып-жұқтырған, қызығып-қызғанып қабылдаған, еліктеген, соларға ұқсаған мінезі деп қорытады.

Бір адам екінші бір адамға қызыға да, қызғана да қарайды. Сосын ол адамға еліктеп, оның киген киіміне, сөйлеген сөзіне, іс- әрекетіне, қимыл-қозғалысына, күлген күлкісіне, ішкі жан-сезіміне, тұрмыс-әдетіне, адамдармен болған әдебіне, білім қабілетіне, өнер-ғылымына, кісілігіне, ой-қиялына, іскерлігіне түгел еліктейтінін, ақыры сол еліктеудің нәтижесінде сол адамға барған сайын ұқсап қалатынын айтады.

Тума мінез жұқпа мінездің негізгі тұғыры, таған-тасы, арқауы мен өзегі саналатынын айқындайды. Егер таған-тас әлсіз, жетесіз болса онда жұқпа мінез тума мінезді еркін бағындырады да, тума мінезді өзгертіп, жұқпа мінезбен өмір сүретін болатынын айтады. Тума мінез атаулары – «қаракөктің тұқымы», «жеті атасы қаракөк», «көкжал мінез», «көкжалдың тұқымы», «бөрі мінез», «көкбөрі», «көкжал жігіт», «арыстан азамат», «атпал жігіт», «қан тұқымы», «орда иесі», «тұнық азамат» деген ерекше ойлар біздің зерттеу нысанымыздың және ой қорытындыларымыздың тұғыры болып отыр.

Б.Бопайұлы қазақ халқының «баланы жастан» деп, бөгде-бөтен орта, шарғы, шаңырақтардан жаман мінез жұқтырып алудан сақтап, өздерінің үлгі-өнеге, тәртіп-тәрбиесін сақтайтынын, таған-тас мінезін бүтін ұстайтынын, «жаман болады», «ұят болады», «обал болады», «зиян болады», «ысырап болады» деген сөздерді құлағына құйып, үлкен қамал тұрғызатынын айтады. Ал әлсіз, жетесіз, тексіз орта шарқы шаңырақтарда ондай мызғымас мықты тәртіп, саналы тәрбие, сапалы өмір салты болмағандықтан олар қоғамдық ортаның ықпалына көп әрі тез ұшырайтынын, айналасына жалтақтап, қараға көп ілесіп, дербес ойлау, дербес сөйлеу, дербес істеу, дербес жол табу жақтарында әлсіз болатынын, басқалардың айтқан ақылы, көрсеткен жолы, сызған сызығымен жүретінін, дұрыс, бұрыс екеніне ой жүгіртпейтін, тіпті назар да салмайтын енжар болатынын, мұндай әлсіз адамдарда жасампаздық қуат болмайтынын, әлсіз, дәрменсіз өмір сүретінін, жұқпа мінезді көп жұқтыратынын, күн алдап күн

көретін, көңілі толқымалы болып жүретін, сезімі тұрақсыз, мінезі айнымалы келетінін, бәрінен де тез айып, тез жалығып, тез өзгеретінін айтады. Егер мұндай адамның қолы аяқ астынан бір нәтижеге жете қалса, аспан астында өзінен басқа жан жоқтай, құдайын ұмытып, тез семіретінін, жүріс-тұрысы, сөз сөйлесі, киім киісі, қимыл-қозғалысы әп сәтте өзгеретін адам болып шығатынын айтады.

Мінез – адамның сыртын ғана емес, ішкі жан құпиясын да айпарадай ашып, адамның кім екендігін мінезі дәлелдейтінін анық айтады. Әр пенденің мінезі – өмірінің негізі дегенді келтіреді. Бағы мен соры тіке мінезге қатысты болатынын айтады.

Қазақ халқы мінезді – адам бойындағы байлық деп бағалайтынын, мінезді адам қайда барса да, қайда жүрсе де, қай ортада өмір сүрсе де, оған жол ашық, айнала кең болатынын айтады [58, б. 21-32]. Адам баласы жамандықтан аулақ болуы үшін жақсы мінезді болуы керектігін, жайраң қаққан жамалды мінезді адамның дидары бал-бұл жанып, дидарынан нұр тамып тұратынын, ажарлы көрінетінін, бойы жеңілдеп, сергек жүретінін, сұлу сөйлейтінін, ақылды адам бәрін дұрыс ретке келтіріп, қалыпты өмір сүретінін дәл сипаттайды.

Бұрыннан қалған нақыл сөздер мен рухани тіршілігінен қазақ халқының өзіне тән ата мінездері: *бірсөзділік, байсалдылық, жомарттық, дарқандық, қайырымдылық, жанашырлық, батырлығы, балуандығы, сабырлық, беріктігі, береке бірлігі, имандылығы, ыждаһаттылығы, ойлылығы, тапқыштығы, ақпейілі, адалдығы* үлкен құндылық болып, дәріптеледі.

Маслова өз еңбегінде Н.В.Уфимцева мен Ю.А.Сорокиннің еңбектеріндегі бір ұлттың сипатын басқа ұлт өкілдерінің көзқарасы арқылы анықтауға болатынын айтады. Мысалы, американдықтардың, жапондардың және т.б. елдердің мінез сипатын басқа елдер өз мәдениеті тұрғысынан сипаттайды. Сондай-ақ әр ұлт өзінің мінез ерекшелігін сипаттай алады. Мысалы, орыс ұлты өздеріне қонақжай (5 жауап), жылы шырайлы (5 жауап), мейірімді (4), сезімтал (4), шыдамды (4), жомарт (3), ашық (2), сенімді (2), талантты (2), өнертапқыш (2), жанашыр (1), ақылды (1), тәрбиесіз (1), ойлы (1), жақсы оқитын (1), шынайы (1), екіжүзді (1), ақылды (1), шектелі қалған (1), ашулы (1), ұстамды (1), оптимист (1), үмітсіз (1), көңілді (1), бақытсыз (1), шаршаған (1), ашуланған (1), сұрланған (1), қараңғы (1), ашкөз (1), ашкөз (1), енжар (1), тапқыр (1), ұлы (1), жалқау (1), бүлікшілер (1) және т. б. сипаттама берсе (жиілігі жоғарыдан жиілігі азына қарай орналастырылды):, ал американдықтар орыстарды былай көретінін айтады: материалист (7), дос пейілді (4), ысырапшыл (3), қатты сөйлейді (2), ойын-сауықты жақсы көреді (2), еркін (2), мақтаншақ (2), индивидуалист (2), адал (2), бәсекелестерге бағытталған (2), жұмысқа берілген (1), мақсатшыл (1), ынталы (1), даңғой (1), дөрекі (1), ашкөз (1), сүйкімсіз (1), тәкаппар (1), дөрекі (1), жалқау (1), өнертапқыш (1), мейірімді (1), бақытты (1) және т. б.

В.А.Маслова орыстардың бұл портреттері мен автопортреттері даулы екенін айтады, дегенмен жалпы сипатына қарап, мінез сипатының өзегі мен периферияcын ажыратуға болатынын айтады. Және Ю.А.Сорокин ұсынған әдістеме бойынша эксперимент жүргізгенін, онда белорус ұлтын орыстар мен украиндар тұрғысынан анықтайды. Сонда мынадай нәтиже шыққанын көрсетеді:

еңбекқор (27), мейірімді (16), үнемді (11), қонақжай (11), булба жейді (7), аққөңіл (6), бейбітсүйгіш (6), селқос (6), көпшіл (6), ашық (6), өз ойымен жүреді (6), көңілді (5), ресейшіл (5), қытымыр (4), орыс тілінде сөйлейді (3), ашкөз (3), тұйық (3), әдепті (3), шаруашыл (3), үнемді (3), сөйлеуік (2), жұмсақ (2), аңғал (2), ұлтшылдар (2), қонақжай емес (2), мейірімді (2), жұмыскер (2), сұрқайланған (2), сүйкімді (2), ашық емес (2), сабырлы (2), шыдамды (2), ұқыпты (1), сыпайы (1), тәртіпті (1), үйкүшік (1), жалқау (1), зиянды емес (1), аз сөзді (1), жинақы (1), біртұтас (1), әділ (1), ақылды (1), айлакер (1), нан (1), таза (1) [32, б. 91].

Профессор, ұлттық психологияның негізін салушылардың бірі Д.К.Кішібеков өте баяу өзгеретін құбылыстарға мінез-құлық, тіпті адамның бет әлпеті, дене құрылысы да жататынын. ... Адамның баяу немесе шапшаң қозғалуы, мінезінің ашық немесе тұйық болуы оның тұрған жеріне, өскен ортасына, саяси құрылымға т.б. жағдайларға байланыстылығын айтып, қазақ халқының өзіне тән ұлттық мінез сипатын былай ашады: «Біріншіден, ол ерекше бір жағдай болмаса, етек-жеңін жимай, кеңге салып, асықпай, байсалды өмір сүрген. Екіншіден, қазақ әңгімелескенде асықпай, әр нәрсенін мән-жайына жетіп, түсінісуді қажет еткен. Сөйлескенде, ол қашан да әңгіменің түйінін іздеген. Мәселе көп немесе аз сөйлеуде емес. Сол көп сөздің тобықтай түйінінде. Қазақ елін әр дәуірде аралап, оның мінез-құлқы жөнінде пікір түйген жолаушылар, қазақ халқын көп сөзді («краснобай») деп түйіндеген. Мәселен, дәл осындай пікірді, басқа емес, В.И.Даль айтқан болатын. Әрине, қазақ халқы сөзшең екені белгілі. Бірақ бұл оның мылжыңдығы емес. Қазақ сөйлегенде әр сөзге мән беріп, ойлап сөйлеген. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болу керек» деп түсінген, әйтпесе, сөз мылжыңға айналады. Олай болса, мақсат – көп, не аз сөйлеуде емес, мәнді сөйлеуде. Үшіншіден, қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа тез жауап қайтармаған. Түсінбеген, естімеген адамдай үнсіз қала берген. Сырын білмейтін адам оның бұл мінезін естімеді, тыңдамады деп те ойлаған. Шынында олай емес. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған», дейді Д.К.Кішібеков [59, б. 81-99].

Бұл қазақ ұлтының өзіне тән типтік мінезі сабырлылық, байыптылық деп аталады. Қазақ сабырлы, байыпты, байсалды, бәрін анық-қанығына жетіп алып, бағалауды, асықпауды, қате жіберіп алмауды ерекше назарға алған халық болған. Ғалым анықтаған сапа сипаты қазіргі қазақтардың да бойында әлі бар, дегенмен өзгерістер көп.

Осы басты сабырлылық мінез сипатынан барып, ғалым анықтаған екінші сипат кешірімділік, кеңпейілділік шығатыны белгілі. Яғни адам асықпай, алды-артын ойлап, бар нәрсенің байыбына барып алып, шешім шығаруда ойлағаны өзгегезиянын тигізбеу, өзгенің жайын ойлап отыру, қандай жағдай да кеңпейіл болу өрбиді.

«Ол ешқашан тарығып, таусылып сөйлемеген. Әр нәрсенің ақырын күткен». Ғалым бұл мінезді өзіне емес, өзгеге де ұстанатынын ерекшеліп айтқан: «Қазақ халқының мінезіндегі тағы бір ерекшелік – ол ешбір халықты жатырқамайтыны. Мәселен, кім болса да үйіне келіп түссе, ол бай ма, әлде кедей ме, тани ма, жоқ танымай ма, оны жоғарыда айтқандай «қонақ» деп қарап қабыл

алған. Қазақ негізінде бауырмал халық. Қазақтың кеңпейілдігі арқасында елге кім келсе де сіңіп, сіңісіп кеткен» [59, б. 81-99].

Академик Ә.Қайдардың «Қазақ – ақжарқын халық» (көбінесе басқа ұлт өкілдерінің айтатын пікірі) <табиғатында жат адамды тосырқау, жатсыну әдеті жоқ, бірден онымен тез тіл табысып кететін қасиеті айтылып тұр. Қазақтың "Жақсыда жаттық жоқ" деген логикасы да осы әдетіне саяды>» деп, жақсы мінездердің алғашқысы етіп көрсетеді [1, б. 11].

"Қазақ – өзге емес, өзіне ғана әлі жететін халық" (Ел аузынан) <бұл да қазақ халқының бір қасиеті. Ол қазақтың өзін-өзі күндеп, жаман-дауына, өзін-өзі көре алмай, өсек-әңгіме айтып, күстаналайтын әдетіне байланысты, сыртқы жауға ашық қарсы күресуге келгенде кібіртіктеп, кірбеңдеп қалатын, ал ішкі "жауға" келгенде еркін қимылдауға тырысатын, аянбай-ақ тырбанатын әдетінен туындайды...>. "Қазақ – өзіне-өзі тасбауыр, безбүйрек халық" (Ел аузынан) <шынында да, "жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін" дей отырып, қазағым кейде өзіне келгенде қатыгездік білдіретіні рас. "Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын" деп көлгірситін қазекем енді бір айналып, "Ауру – астан, дау – қарындастан" деп, бәленің бәрі жақын туыс, қатар жүрген адамдардан болатынын да жасырмайды. Солай дей тұра, "Ағайынның азары болса да, безері жоқ", "Ағайының бар болса, көре алмайды, жоқ болса, бере алмайды", немесе "Ағайын өсекке қиса да, өлімге қимайды" деген бірде олай, бірде былай, солқылдақ, қарама-қарсы пәлсапамен бірдей келісіп, өмір сүріп келеді. Алайда, өмір шындығына жүгінсек, қазақтың өз туғанына, өз перзентіне өзі істеген тасбауыр, безбүйрек қылықтарынан аяқ алып жүруге болмайды. Ахмет, Сәкен, Шәкерім, Міржақып... басынан кешірген қасіреттер осының айғағы ...> [1, б. 115-116].

Ғалым қазақ халқының кеңпейілділігін оның киімі арқылы да сипаттаған: «Киген киімі қашанда мол, етек-жеңі кең болып келеді. Бұл оның көшпелі тұрмысына, атқа мініп, түсуіне, жерге малдас құрып отыруына ыңғайлы. Шапанының, тонының етегі отырған орнына төсек, ердің үстіндегі көпшігі жастық, шапанын көрпе етіп, кез келген жерге, төсек таңдамай керек болса жата кететін. Мінезі де ен даласындай кең, жазық, ашық, жайдары. Қазақ ешқашан қысылып, қымтырылмаған. ...Қазақтың түсі суық емес, жайдары, беті ашық, бас киімін көзіне түсіріп кимеген. Қазақтың ішкі кең табиғи ақылдылығы, жайдарылығы оның бетінен байқалған»» дейді. Өзге ғалымдар бұл нормалар «Көшпелі қоғамда сұрыпталып, шындалғандығы сонша, сол қоғамдағы барша өмір салты қапысыз реттеп отыруға қызмет еткен. Бұл ретте туыстық қарым-қатынастар нормасы таза моральдық-этикалық категория шеңберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне көтерілген» деп дәл айтқан [60, б. 40]

Өйткені «бұл нормалар адамдарда жағымды (ізетті, парасатты, иманды, тәртіпті, жомарт, қонақжай, бауырмалшыл, батыр, ержүрек, ақ пейілді, адамгершілігі мол т.б.) қасиеттерді калыптастыруға бағдарлаған. Ал жағымсыз қасиеттерге ие болған адамның мінез-құлқы осындай нормаларға сәйкестенбейді, сондықтан да туыстық қарым-қатынас нормасын бұзған адамды

ұрмай-соқпай-ақ, атып тастамай-ақ, сол ортасы жатсынып, оған «елден шыққан», «ата салтын аттаған», «қара бет», «жетесіз», «мәңгүрт» деген айып ат тағылатын болған. Көшпенділер қоғамының тәрбиесін көрген дені дұрыс адам үшін бұдан ауыр жаза жоқ», – дейді Ж.З.Кадина [61, б. 82-85].

Ғалым кеңпейілділікті тағы бір сипат – кекшіл емес болуымен ұштастырады: «Қазақ кекшіл емес. Іштарлық та басқа халықтарға қарағанда, қазақта бәсеңдеу. Көп ішінде біреу мінеп, мінезінің кемістіктерін, шыққан тегін кемсітіп, бетіне басып, өлеңге қосса, шамасы келсе ол табанда жауап қайтарған. Уәжі күшті болса – жеңген болып есептелген. Жеңіліп қалса кек сақтамаған. Сыртқа шығып, айналаға көз салып, көңілі жадырап кететін болған». Бірақ осы кеңпейілділіктің салдары болып шығатын үдеріс өкпелегіштік те қазақ халқының мінезіне тән екенін айтқан.

Кішібеков *сабырлылықтан – кеңпейілділікті – бауырмалдықты* шығарады. Яғни барлығының бастауында ақыл таразысы тұрғанын көреміз. «...Тоғызыншы, қазақ арасында да жетім-жесірлер болған. Бірақ олар жаппай бір қатер болмаса, ешқашан тентіреп, ел аралап, кайыр сұрамаған» дейді [59, б. 81-99].

Қазақ бар нәрсені – жақсыны да, жаманды да – сөзбен байланыстыратын халық болғанын оның мінезінің сипаты деген: «Қазақ не айтса да қисынын тауып айтуға тырысқан. Сөзге мән берген. Сөзіне қарай құрмет көрсеткен. Уәжге тұрған. Бұл оның ерекше қимыл-қасиеті. Қазақ кімнің кім екенін бір ауыз айтқан сөзінен, былайша айтқанда «сөз саптауынан» байқаған. Кісінің ақылын бірден байқау қиын. Ол тереңде жатады. Бірақ оны байқау үшін көп сөйлеудің керегі жоқ. Оны қазақ бір ауыз сөзден байқаған». Біздің ойымызша, сондықтан: «Қазақ жасы үлкен кісілер кім болса да, оларды сыйлаған, сөзін бөлмеген, жолын кеспеген» [58, б. 21-32].

Кішібеков қазіргі заманнан өткен ғасырдың мінезін сипаттаса, Абай өзінің дәуірінің алдындағы қазақ мінезін былай ерешеленгенін айтқан: «...бұл замандағылардан артық екі мінез бар екен. ...Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. ...Екіншісі, намысқор келеді екен» [62]. Бұл қазақ халқының ақыл-парасатының толықтығы, өзін-өзі басқара алуы, елбасы болатын адамның соған сай болуы мен өзгелердің оны тыңдауы үйлескен ел болуын көрсетеді. Сондықтан ондай ел, сол елдің азаматтары намысқой болатыны түсінікті.

XVIII ғасырда өмір сүрген француз философы К.А.Гельвеций өзінің «Адам, оның ақыл-қабілеті және тәрбиесі жайлы» деген еңбегінде: «Тәжірибеде дәлелденгендей, халықтардың мінез-құлқы мен ақылы, олардың өкіметінің түр-сипатымен бірге өзгереді, әр қилы өкімет түрлері бір ұлттың мінезін кезекпен бірде көтеріңкі, бірде пәс, бірде тұрақты, бірде тұрақсыз, бірде батыр, бірде жасқаншақ етеді. Олай болса, адамдар не ешқандай мінезге бейімделіп тумайды немесе тіпті қарама-қарсы бұрыс та дұрыс мінезбен туады. Сондықтан олар тек тәрбиенің жемісі», – деп жазған екен [63, б. 145]. Қазақ қоғамындағы әртүрлі формациялар, тарихи оқиғалар, ұрпақтар сабақтастығы қазақ ұлттық мінезін өзгерткені және өзгерістер үстінде екені рас. Ол барлық халыққа тән.

Мінез сипатына қатысты ұғымдарды сөз еткенде менталитет деген атау қазіргі қоғамда көбірек ауызға алынады. Мінез типіне қарағанда менталитеттің басым болып кетуі қоғамдық дамудың себебінен. Менталитет ұғымының анықтамасын ғалымдар былай анықтаған және біз де осы анықтамаға қосыламыз: «Географиялық және әлеуметтік-тарихи, экология, орта, климатпен байланысты жағдайлар, халықтың шұғылданатын шаруашылығының түрі, өмір тәсілі, тарих, тіл, салт-дәстүрлер, мәдениет (ұлттық психология) – өктемдік жүргізетін режимнің психологиясы, ұлттық құндылықтар, әлеуметтік күйзелістер менталитет болып табылады. Ұлттық психологияны өзгерту үшін бірнеше ғасырлар керек, ал менталитетті тез құбылып, үнемі өзгеріп отыратын құбылыс болғандықтан қысқа тарихи мерзімде ауыстыруға болады. Ұлттық психология тек қана бір этносқа тән құбылыс, ал менталитеттің жалпы қоғамға, өркениетке қатынасы бар» , – деп тұжырымдайды Ж.З.Кадина [64, б. 56-59].

«Менталитет – белгілі географиялық және әлеуметтік ортада тұратын белгілі тарихи дәуірге жататын адамдардың сана-сезімдерінің, ой-елестерінің, көзқарастарының жиынтығы. Бұл қоғамның ерекше түрде қалыптасқан, тарихи және әлеуметтік үдерістерге әсер ететін психологиялық қалпы», – дейді И.Г.Дубов [65, б. 47]. Сондықтан қазақ қоғамы кешегі кеңестік құрылыстың менталитетін және егемендік алғаннан кейінгі тәуелсіз сана тудырған менталитетті қатар алып келе жатқан тұлғалардан тұрады.

Бірінші тарау бойынша қорытынды

Бұл тарауда «Мінез» ұғымының, «мінез ерекшелігі», «мінез белгілері» семантикалық өрісінің шекарасы анықталып, егжей-тегжейлі қарастырылды. Және ол ерекше мәнге ие екенін атап өткен жөн. Өйткені, осы уақытқа дейін бұл сөздің шекарасын айқындаудың критерийлері нақты тұжырымдалмаған.

Мінез-құлық адамға жүктелген іске және өзгелермен қарым-қатынастан көрінеді. Адамда тірек болатын негізгі басым мінез сипаты болады, қалған мінез сол тірек мінездің айналасына үйлесе толығады. Адамның негізгі мінезі жағымды болса, барлық өзге жағымсыз қасиеттері тірек мінездің ортасында көрінбей қалады.

Мұсылман діні бойынша көркем мінез түрлері қазақ халқы бағалаған біраз мінез түрлеріне сәйкес келеді. Олар тәубашылдық, ғибадатшылдық, сабырлылық, шүкіршілік. Ал қазіргі қазақ мәдениетінде және қазақ тілінде айтылып жүрген көркем мінез атаулары мынадай: *кешірімшіл болу, әділ болу, әдепті болу, менменсімеу, адамшылығы жоғары болу, кекшіл болмау, кішіпейіл, қарапайым болу, ірі болу, жалақор, бәлеқұмар болмау, жарқын ойлы болу, ғайбатшыл болмау.*

Мінез атауларының лингвомәдениттанымдық негіздерін қарастыруда шетелдік және отандық ғалымдардың анықтаған негізгі тұжырымдары мен пікірлеріне тоқтала келе, профессор Маслованың негізгі мақсат адам туралы оның өз тілінен қалай көбірек білуге болатындығын көрсету деген, тіл тек қарым-қатынас, ойды жеткізу және білдіру құралы ғана еместігін, тілде әлемнің тұжырымдамалық бейнесі көрінеді деген тұжырымы басшылыққа алынды.

Мінез атауларының пайда болуындағы лингвомәдениеттанымның бірліктері немесе нысаны болып табылатын тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, атаулар, прецедентті мәтіндер мен атаулар, мифологемалар мен архетиптер зерттеудің негізгі нысаны болуы керек делінгенмен, басты мақсат мінез сипаттарының бағалануы, яғни атауға ие болуы, атаулардың көптігі және жиілігі де атау берудегі мәдени негіз болады деп айта аламыз.

Қазақ мінез атауларының жасалуына түстердің символдық мағынасы кіріктірілген. Қазақ мәдениеті үшін ақ сөзі денотаттық семасынан өзге әділдік, тазалық, ашықтық: *ақ көйлек адам, ақниет, ақжарқын, ақжарқын, ақжелең, ақжүрек, ақжүрек, ақкөкірек, ақкөңіл, ақпейіл;* берекесіздік ала түсімен байланысты атауға ие болады: *алауыз, аузы ала, ала жылан, аш бақа, алабүлік, алагүлік, алағұс, алакөңіл, алақарға, алақол, алаққйын, алақұс, алақызба, аланиет, аласот;* көк түсі: *көк жалқау, көкауыз, көкбет, көкезу, көкжал бөрідей, көкмылжың, көксоққан; қара түс:* қаралықты, бар нәрсенің көлеңкелі жағы: *жүрегі қара, қаны қара, қара желін, қара қамшы, қарабауыр, қарабет, қаражүзді, қаражүрек, қараниет, қарапейіл* сөздерімен байланысты.

Қазақ халқының мінез сипатын бағалауда өзге ұлт пен өз ұлтының арасында аса үлкен айырмашылық болмайды: өзге ұлт өкілі ең бірінші қазақ халқының мінез ерекшелгіне *қонақжайлық пен әділдікті атаса,* қазақ тілінде жағымды мінезді таңбалайтын бірліктер саны жағынан да *ақкөңілділік* концептісінің тілдік репрезанттары саны жағынан жоғары болып отыр. Одан кейін *батырлық, ақылдылық, момындық, байсалдылық, әдептілік, білімқұмарлық, шешендік, қайырымдылық, пысықтық, бауырмалдық, жомарттық, ұқыптылық, алғырлық, намысқойлық, ағайыншылдық, әсершілдік, әзілқойлық, имандылық, шыншылдық, жайлылық, сыйымдылық, шыдамдылық, жақсы, кеңпейілділік, бірсөзділік, қонақжайлылық, еңбекқорлық* жатады. Қазақ мәдениетіндегі бағаланған мінез концептілері адамның руханани дүниесін, әсіресе ақылға, сабырға, жомарттыққа, кеңпейілдікке байланысты болып келеді. Қазақ өзін сипатағанда қонақжайлықты атайтын мінез атаулары соңғы орын алады. Бұған қарағанда адам өзінің бойында бар, табиғатынан біріге туған сапаларға атау беріп, айырмауы мүмкін. Керісінше ерекше көзге түскен сапаларды өзгелерден айыру үшін атау беруі мүмкін.

Қазақ психологтарының анықтауы бойынша, қазақы мінез сабырлылық, кеңпейілділік, бауырмалдық сапаларының айналасына шоғырланады. Бұл орыс ұлтының мінезіне тән құбылмалылыққа (ең басты қасиет) қарама-қарсы болып табылады.

2 ҚАЗАҚЫ МІНЕЗ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Қазақ тіліндегі жағымды мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері

Қазақ лингвистикасында қазақ тіліндегі аталымдар жүйесінің әр тобы айтарлықтай зерттелді. Сөздік қорымыздың лексикографиялануы ХХ-ғасырдың 40 жылдарынан бастап қолға алынып, бүгінде «Қазақ әдеби тілі сөздігінің» 106 мың сөз 150 мың сөз тіркесін қамтыған түсіндірме сөздігі жарыққа шығып, сөз байлығымыз айтарлықтай түгенделді. Адам деген ардақты ат демекші, «адам», «адамзат», «кісі», «кісілік» деген ұғымдардың өзі қазақы мәдениетте жағымды, жақсы жақтармен теңестіріледі. Сондықтан «мінез» ұғымы да жақсы сипатты, жағымды қасиетті атауға көбірек жұмсалған. Мысалы, қазақ тілінде *мінезді кісі, мінезділеу* деген тіркестерде «адамгершілігі бар», «сенуге болады» деген мағына басым. Сондықтан мінез сипаты атауларын сөз еткенде жақсы мінез сипатын алдымен сөз етеміз. Жағымды мінез дегеніміз не? «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» жағымды сөзіне «көңілден шығатын, ұнамды, сүйкімді» деген анықтама берілген. Яғни өзіне емес, өзгеге жағатын қылық туралы айтылады. Мысалы, «Әрине, Орақ бастығына *жағымды,* өйткені бастығы оған артық сөз сөйлемейді (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Өз мінезің қырмызы, Ел-жұртыңа *жағымды,* Шынжыр балақ, шұбар төс, Ата тегің мәлімді (Жамбыл, Шығармалары). Ол жалаң аяқ, жалаң бас дала кезіп, көбелек қуып гүл терген балалық шақтарын, Оспанның сондағы не түрлі *жағымды* қылықтарын бір ауық еске түсірді (С.Омаров, Дала қызы)» [66, б. 518]. Мысалдардың барлығында біреудің біреуге деген қатынасындағы бағасы, көзқарасы, қабылдауынан шығатын сипат көрсетілген. Сондықтан қазақ тіліндегі жағымды мінез атауында көбіне біреудің өзгеге деген қатынасы аса маңызды уәж алады.

Психология ғылымында мінез топтастырылып, оның қасиеттері мынадай төрт түрлі жүйеге бөлініп карастырылады. Ондай қасиеттер адамның әр алуан нәрселерге қатынас ерекшеліктерін көрсетеді. 1. Еңбекке байланысты: *еңбексүйгіштік, адалдық, еңбекке жауапкершілікпен қарау, жалқаулық, немқұрайлылық* т.б. 2. Өзге адамдарға қатысты: *қайырымдылық, сергектік, талап қоюшылық, асқақтық, менсінбеушілік.* Бұл екеуін мінездің тереңдігі деп те атайды. 3. Өзіне қатысты: *өркөкіректік, даңғойлық, тәкаппарлық, мақтаншақтық, өзімшілдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік*. Бұл қасиетті – мінездің күші деп те анықтайды. Осыған орай адам жақсы, мықты, тұрақты және нашар мінезді болып бөлінеді. 4. Заттарға қатысты: *ұқыптылық, салдыр-салақтық, заттарды ұстап-тұтуы мен ұқыпсыздығы* т.б.» [28, б. 111].

Біз зерттеумізде алдымен қазақ ұлтының өзіне тән мінез сипаты атауларының жағымды деп бағаланған бөлігін осы кезге дейінгі еңбектер негізінде толық тезаурусын алу мақсатында жинап көрдік. Екінші, психология, педагогика саласының мамандары, филолог, ойшыл, философтардың пікірлері, көзқарастарын бір арнаға жинақтап, лингвоконцептілер жүйесін шығардық. Содан кейін концептіні ашатын сөздер мен тіркестерді және мүмкіндігінше

мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерін 2006 – 2013 жж. жарық көрген «Қазақ әдеби тілі сөздігінің» 15 томдығынан және өзге де көздерден жинадық. Жиналған сөздік қорды лексика-семантикалық және лингвомәдениеттанымдық тұрғыда талдадық.

Профессор З.Қ.Ахметжанова әр ұлттың менталитеті, әлемді тануы, дүниені қабылдауы «Не?», «Неліктен?», «Не үшін?», «Қалай?» деген сұрақтардың қайсысы маңызды соған байланысты анықталады деген. Мысалға, неміс халқы үшін «Неліктен?» деген сұрақ маңызды, бұл халық үшін әр нәрсенің себебі маңызды, ал французларға себептен гөрі мақсат маңызды, олар «Не үшін?» деген сұрақты доминант көреді дейді. Осыдан барып, прогрестің француздық теориясы (Руссо, Кондорсе), эволюция теориясы (Ламарк, Тейяр де Шарден), әлеуметтік утопиялар теориясы (Сен-Симон, Фурье) пайда болған дейді ғалым. Ал ағылшындар мен американдықтар үшін «Қалай?» сұрағы маңызды, яғни нәрсе қалай жасалған, қалай жұмыс істейді, осы маңызды дейді. Ал бұл тұрғыда қазақтар үшін «Кім?» деген сұрақ, «Кімсің сен?», «Сенің қоғаммен, қоршаған ортаңмен қарым-қатынасың қандай?» деген сауал маңызды екенін дәл айтқан. Осы орайда қазақ тілінің басты бірліктері антропоөзекті болып табылады дейді [46, б. 19].

Сол себепті алдымен қазақы исламдағы жақсы мінез туралы әдебиеттерге тоқталсақ. Исламда жақсы мінез-құлық жетпіс сегіз түрлі деп саналады. Олардың шығатын түп асылын тағы да жеті түрлі мінезге тірейді. «Бұларды ахлақ хамида, яки мақтаулы, игілікті мінез құлықтар деп атайды. Олар: *имандылық, әділдік, адалдық, ақкөңілдік, сыпайылық, момындық, жомарттық, үнемшілдік.* Бірақ мінез адамның өзі өмір сүріп отырған қоғамның ерекшеліктеріне байланысты болады. Қоғамдасып, қауымдасып сүрген өмірден көпшілікке ортақ мінездер болады. Сондықтан адамның мінезі дара сипатты және типтік, ортақ сипатты келеді. «Типтік мінездер – сол кезеңнің тарихи-қоғамдық жағдайларының нәтижесі. Типтік мінезден әр адамның ұлттық кәсіптік және жас ерекшелігіне сәйкес өзгешеліктері де тиісінше орын алып отырады» [28, б. 111]. «Егер адамның мінез-құлқын жағдайлар тудыратын болса, онда сол жағдайларды адамға тиімді етіп құру керек» деп Маркс пен Энгельс жазғандай, жақсы мінезді тудыратын ортаны сауықтыру керек. Яғни қазіргі қазақ қоғамында ислам діні анықтаған *имандылық, әділдік, адалдық, ақкөңілдік, сыпайылық, момындық, жомарттық, үнемшілдік* қасиеттерді бағалау, дұрыс қарау, түсіну болу керек.

Әл-Фараби «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» деген екен. «Our character, basically, is a composite of our habits. “Sow a thought, reap an action; sow an action, reap a habit; sow a habit, reap a character; sow a character, reap a destiny,” the maxim goes» [67, б. 391].

Бұл афоризм тілден-тілге өтіп, халықтан-халыққа ауысып, жалпыадамзаттық нақыл сөзге айналғаны – қазіргі қоғамға жетпей жатқаны да, қажет болып, тапшы болып отырғаны да адамның жақсы сипаты, адамның мінезі дұрыс болу керектігінен басталатыны. Қазақ тілінде де «ісің – әдетке айналады, әдет – мінезге айналады, мінез – тағдырың» деген сөздің жиі қайталанатынына

көп болды. Өйткені қазіргі қазақ қоғамында жақсы мінез астарында жаман мінез қабаттасып берілетін қаттама пайда болып жатыр.

Бұл түсіндірме адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын сипаттау үшін қолданылатын «әдет», «дағды» ұғымдарымен өте жақын келеді. Дегенмен, әдет – әрекеттің «автоматтандырылған», бейсаналық тұрғыда басқарылатын элементі болып табылады. Мәселе мынада, мінез белгілі бір ойлау, түсіну тәсілін қамтиды. Қалыптасқан типтік әрекетті орындауда ерікті механизмдер іске қосылады, адамның шындыққа қатынасы көрінеді. Әдетке бұл компоненттер кірмейді. Сондай-ақ, «қабілет», «әдет», «дағды» ұғымдарына және осылардың айырмашылығына ерекше назар аудару керек. Рубинштейн: «Әрбір қабілет – бұл бір нәрсеге, қандай да бір әрекетке қабілеттілік. Адамда белгілі бір қабілеттің болуы оның сол бір әрекетке жарамдылығын білдіреді» [18, б. 57] – дейді.

Қазақ дүниетанымында *толық адам, кемел адам, толық мінезді адам* ұғымы соның бір көрінісі. Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой-өрісі кең *адамдарды толық мінезді адам* дейді. Академик Ә.Қайдардың сөзімен айтқанда: «...Адам мен ұлы табиғат өзара тығыз байланысты: Адам да сол Табиғаттың өзінен жаралған, сол Табиғаттың өзінде өтіп жатқан саналы өмірдің, ондағы қалыптасқан рухани, заттық мәдениеттің ұйтқысы, барша өркениеттің зиялы иегері. Ол бұл дәреже-деңгейге өзін-өзі де, өзін қоршаған табиғат құбылыстарын да, өзі қауымдасып жасап отырған қоғамдағы қарым-қатынасты да – бәрі-бәрін тегіс біліп, тереңнен түсінуі арқылы ғана жетіп отыр. ...Демек, Адамның ең басты, ең қымбат, ең абзал, ең құнды қасиеті – оның Адамдық қасиеті. Ал бұл қасиет ақыл-парасаттан бастау алып, жер бетіндегі барша саналы өмірдің ұйтқысы болып отыр» [3, 12]. Ендеше қазақ жақсы мінез дегенді адамның өз атымен байланыстырады.

Қазақ халқы адам бойындағы жақсы мінез сипатына ат беріп, айдар тағып келген. Атаулардың бір лексемадан тұратыны бар, екі лексемадан жасалып, біріккен сөзге айналғаны бар, сөз тіркесінен жасалады да, фразеологизм, мақал-мәтел арқылы да мінезге атау болады. «Когда определенный фрагмент действительности является актуальным для конкретной лингвокультуры, он получает соответствующее обозначение, номинацию» [46, б. 74].

Ол атауларды «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» онбестомдығының сөзтізбесінен көруге болады. Және біз де ғылыми зерттеудің мақсатына жету үшін барлық мінез атауларын жинап, жалпы картинасын көруге тырыстық. Алдымен байқалғаны – жақсы мінез атаулары жаман мінез атауларына қарағанда аз болуы.

Абай қарасөздерінде де жақсы мінезден гөрі жаман мінез атаулары көп екені белгілі. Өз сөзімен алғанда: *қаскүнем, бірінің тілеуін бірі тілеспейтін, рас сөзі аз, залым, тілемсек, антұрған, жалқау, қызметке таласқыш, қорқақ, қайратсыз, мақтаншақ, ақылсыз, надан, арсыз, сұрамсақ, тойымсыз, қас, арам, қу, сұм, бұзық, құзметқұмар, даугер, бос жүргіш, тіленші, кеселді, қылжақбас, еріншек, ез, ұры-залым, сұм-сұрқия, алдамшы, салғырт.* Адамның қоры, өзіне де, айналасына да опа таптырмайтын адамдардың сипаты толып тұр. Мұндағы бір мінездің өзі бір адамның басына жетерлік. Басқа қандай жақсы мінезі болса да,

жамандығы жауып кететін сипаттар. Бірақ Абай көрсеткен бұл мінездердің астарында қарама-қарсы, жақсы мінезге үндеу бар. Жаман мінез арқылы жақсыны айту бар [68, б. 53-56].

Біз жиналған материалдар негізінде адамның өзіне жақсылық әкелетін мінездер, қоғамға, өзгеге жақсылық әкелетін мінездер деп бөлдік. Ал адамның өзіне жақсылық әкелетін мінездер одан ары барып, қоғамға, айналасына, жақынына, ұлтына, еліне жақсылық әкелетін мінездерге айналатыны белгілі.

«Қазақ әдеби тілінің сөзідігінің» [2] онбестомдығын және ішінара Г.Н.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігін» [69] пайдалана отырып, қазақ тіліндегі барлық мінез сипаты атауларын жинап, оларды жағымды, жағымсыз түрге бөліп, атау бірлігі көбінен атау бірлігі азына қарай орналастырғанда адам баласына тек жақсылық ойлап, оған адамгершілікпен жақсылық жасауға бейім, ақжарқын ұлттық мінездің алғашқысы **АҚКӨҢІЛДІЛІК** болып шықты. Халық «аккөңілдің аты арымайтынын, тоны тозбайтынын» көрген, Қожанасырдың аккөңілділігі аңызға айналған.

Аккөңіл адамға халық әпенде деген атау беріп, ерекше қастерлеген. Себебі аккөңіл адам ашық-жарқын, адал ниетті болады. Байтұрсынұлы айтқандай, *«Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп, Телміріп бір тойғанын ар қылмаған,* ***Аккөңіл,*** *алаң-бұлаң адамдар көп, Есептеп азын-көпке аңқылдаған» (А.Байтұрсынов, Шығ.)* [70].

Ә.Қайдар қазақтың аккөнілділігі мен аңғалдығы бір-біріне жақын, астарлас қасиет екенін, көңілінде жаман ойы жоқ, айтқан сөздің бәрін шын көретін, тіпті өтірік айтып тұрса да сене беретін адамның мінезінен аңғалдық байқалатынын, бұл жалпы қазақ табиғатынан байқалатын қасиет екенін айтады. Қазақтың аккөңілдігі ертеден айтылып, өмірде сан рет, әр жағдайда дәлелденіп келе жатқанын, оның табиғи, рухани болмысына тән ұлттық менталитеті іспетті асыл қасиеті екенін алға тартады [1].

АҚКӨҢІЛДІЛІКТІ таңбалайтын бірліктер біршама **(97):** *адал ниетті, адал, айласыз, ақ көйлек адам, ақ, ақжарқын мінез, ақжарқын, ақжелең, ақжүрек, ақжүректі, аккөкірек, аккөңіл, аққа құдай жақ, ақниет, ақниетті, ақпейіл, аласыз, алғаусыз, алды кең, аңқылдақ, аппақ, арамдығы жоқ, ары таза, аузын ашса жүрегі көрінетін, аузын ашса, іші [көмейі] көрінетін, ашық жүзді, ашық қайың, ашық мінезді, ашық райлы, ашық, ашық-жарқын, бала көкірек, бала мінезді, барын айта салатын, біреудің ала жібін аттамаған, бүкпесіз, даңғал, дарқылдық, дарылдақ, елгезек, елжірегіш, елпілдек, жайдарлы, жайдары, жайқар, жайлы, жайраң мінез, жайраң, жайсаң, жарқылдақ, жарқын жүз [жүзді], жарқын, желғабаз, желтабан, жүзі [өңі] жылы, жүзі жарқын, кексіз, кекшіл емес, кенен, кең жүрек, кең қолтық, кең мінезді, кеудесінде инедей кірбеңі жоқ, кешіргіш, көйлек жыртпас, көңіл жықпас, көңілі бос, көңілшек, күшігін аузымен тасығандай, қабағы ашық, қулық-сұмдығы жоқ, қулық-сұмдықты білмейтін, құлқы таза, лепілдек, марайма, мінсіз, өрелі жігіт, пейілді, пейілі ашық, пейілі таза, пәк, риясыз, саудыр-садақ, судан тұнық, сүттей ақ [судай таза], сүттен ақ, судан таза, сыр мінез, сыралғы, сырбаз, таза, терісі кең, тетігі аузындағы кісі, тілалғыш, үмітшіл, халис, хәләл, хошуақ.*

Әр қайсысының өзі қолданыс өрісі бар, барлық сөздер белгілі бір мағынаны нақтылау үшін пайда болған.

Мысалы, *Жеңге, құрбыларға әзілқой,* ***ақ көйлек, ашық қайың*** *боп, Абай мәжілісін бұл ауылдың барлық жанына еркін, қызық мәжіліс еткісі келеді (М.Әуезов, Абай).* ***Ақжелең*** *де аусарлау мінездерін, әсіресе өткен кешті еске түсірді (А.Сәрсенбаева, Батырлар.). Бұрынғы өзі білетін, ақкөңіл,* ***даңғал*** *досы көңілден біржолата кетіп, оның орнында қара жүрек жырынды біреу қалды (М.Иманжанов, Көк белес). Шопандар да жөн ойдың төркінін тереңнен танып, тақ тұрып-ақ жатыр. Бір Мешітбай емес, талай шопан-ақ осылайша* ***кенен*** *көңіл танытады (Саржайлау). Қой көңілім, қапаланба,* ***хошуақ*** *боп жүре бер (Хафиз).*|

Қазақ мәдениетіндегі ақкөңілділік момындық пен кеңдік, тазалық пен ашықтық, кешірімділікпен толыққанды болады.

Маслова этномәдени стереотиптерді зерттейтін психологтар экономикасы жоғары елдердің ақыл, іскерлік, кәсіпкерлік сияқты қасиеттерге басымдық беретінін, ал экономикасы артта қалған елдер өздеріндегі мейірімділікті, ақжарқындылықты, қонақжайлылықты ерекше атап көрсететінін айтқан, оған дәлел ретінде С.Г.Тер-Минасованың зерттеу нәтижелерін алады: ағылшын қоғамында кәсіпқойлық, еңбекқорлық, жауапкершілік, ал орыс тілінде қонақжайлылық, көпшілдік, әділдік жоғары бағаланады [71].

Ақкөңілділік мінез сипаты – барлық адамзат баласының жаратылысына тән, адамның гумандық, адами, адамгершілік болмысынан туындайтын, ислами, мұсылмандық сипат. Бұл мінез адамдар арасындағы қарым-қатынасқа бағытталған, қоғам болып өмір сүру мен тіршілік етуге көмектесетін барлық адамзат баласына тән болуы тиіс сипат. Сондықтан ақкөңілділік қазақ халқының бағалаған мінез атауларының ішіндегі сөздік құрам жағынан бай түрі болатын себебі түсінікті. Бұл сөз – *ақ* пен *көңіл* деген екі сөздің тіркесе келіп, үнемі контактілі қатынаста қайталана беруінен пайда болған біріккен сөз. Екі сыңар да ауыспалы мағынада жұмсалған. Ақ – таза, адал, әділ, шынайы деген мағынаны берсе, көңіл – күнделікті көңіл-күйден басқа адамның пейілі, ынтасы, ерік-жігері тіпті мінезі деген мағынаны да береді. Жалпы атау бірліктің өз мағынасы аса бай болғандықтан оның ұғымдық дәрежеге көтерілуінде себеп жоқ емес, Халық санасында әртүрлі контексте трансформациялана келе ақкөңіл ұғымын беретін сөздер көбейген, сөз тіркестері пайда болған, тұрақты тіркестер жасалған, мақал-мәтелдер де осы ұғымның мәнін жағдаятқа сай атай бастаған. Сол себепті ақкөңіл сөзі концепт дәрежесінде қазақ мәдени және тілдік санасында тұрақтады. Ақкөңілділік деген үлкен макроконцепт болса, бұл ядроның бірнеше микро концептілері бар. Мысалы, ақкөңіл алдымен АДАЛДЫҚ деген микроконцептіге айырылады: *адал ниетті, адал, айласыз, ақ көйлек адам, ақ, аққа құдай жақ, аласыз, алғаусыз, аппақ, арамдығы жоқ, ары таза, аузын ашса жүрегі көрінетін, аузын ашса, іші [көмейі] көрінетін, бала көкірек, бала мінезді, барын айта салатын, бүкпесіз, біреудің ала жібін аттамаған, кеудесінде инедей*

кірбеңі жоқ, қулық-сұмдықты білмейтін, судан тұнық, сүттен ақ, сүттей ақ, судай таза, терісі кең.

АҚЖАРҚЫНДЫҚ микроконцептісі көрінеді: *ақжарқын, ақжелең, ақжүрек, ақжүректі, ақкөкірек, ақкөңіл, ақниет, ақниетті, ақпейіл, аңқылдақ, пейілі таза, риясыз, саудыр-садақ, сүттей ақ [судай таза], сүттен ақ, судан таза.*

АШЫҚТЫҚ деген микроконцептіге де жіктеледі: *алды кең, ашық жүзді, ашық қайың, ашық мінезді, ашық райлы, ашық, ашық-жарқын, даңғал, дарқылдық, дарылдақ, қабағы ашық, қулық-сұмдығы жоқ, құлқы таза, лепілдек.*

ЕЛЖІРЕГІШТІК деген мағынаға да топталады: *елгезек, елжірегіш, елпілдек, кешіргіш, көйлек жыртпас, көңіл жықпас, көңілшек, көңілі бос, күшігін аузымен тасығандай.*

ЖАЙДАРЫЛЫҚ-ты беретін бірліктері де мол: *жайдары, жайқар, жайлы, жайраң мінез, жайраң, жайсаң, жарқылдақ, жарқын жүз [жүзді], жарқын, желғабаз, желтабан, жүзі [өңі] жылы, жүзі жарқын, кексіз, кекшіл емес, кенен, кең жүрек, кең қолтық, кең мінезді, марайма, мінсіз, өрелі жігіт, пәк, пейілді, пейілі ашық, сыр мінез, сыралғы, сырбаз, таза, тетігі аузындағы кісі, тілалғыш, үмітшіл, халис, хәләл, хошуақ.*

Қазақ тілі білімінде концепт ұғымы халық санасында пайда болған сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болады деп түсіндіріледі. Концеп негізінде сезімдік тәжірибе жататынын айтады белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәли [54, б. 42]. Ғалымның анықтауынша, сезімдік-заттық образдар концептің ядросы болып табылады. Осы бейнелер белгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды әрі кеңи түседі. Белгілердің қайсы бірінің мәнділігі күшейіп, қайсы бірі көмескіленетінін айтады ғалым.

Жоғарыдағы ақкөңіл концептісінен көріп отырғанымыздай, концепт ретсіз нәрсе емес, оның компоненттері (белгілері) белгілі бір тәртіппен пайда болған, Мысалы, алдымен адалдық, артынан ашықтық, одан кейін өзге қатпарлар пайда бола бастаған. Мұндағы заттық-образдық ядро – көңілдің тазалығы, ақтығы нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі бола бастайды деген Нұргелді Уәлидің сөзі біз жинаған материалдар арқылы дәлеледене түседі. Концептінің әртүрлі қабаттары бір-бірінен туындап жатады. Бұл жайт концепт ұғымының өзгеше сипатын көрсетеді.

Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады деген ғалымның тұжырымын, мысалы, *біреудің ала жібін аттамаған, судан тұнық, сүттен ақ, сүттей ақ, судай таза* дегенге ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті образдар дәлелдейді.

Жаугершілік заманда, ел, жерді жаяулап, атпен, қарумен, қарусыз, сөзбен, мысымен қорғаған заманда қазақ ерлерінің батырлығы мен қайтпас қайсарлығына байланысты көптеген атаулар шыққан. Ол атаулар қазақ ерлерінің ең жақсы мінез сипаты ретінде аталған. Сондықтан ер адамдарға тән мінез атаулары қазақ тілінде біршама. Атап айтқанда, **БАТЫРЛЫҚ (75):** *адуынды,*

айбарлы, айбатты, айбынды, айдынды, аламан, албырт, албыт, алмастай өткір, арыстан жүректі, әндемді, әнжемді, батыл, батымды, батыр, бетті, бірбеткей, дүмді, дітіне берік, ер көңілді, ерек, ержүрек, еркек мінез, еркөкірек, жанкешпе, жанкешті, жанқияр, жаугер, жаужанды, жаужүрек, жаутүсіргіш, жойдасын, жойыт, жүрегінің түгі бар, жүрекжұтқан, жүректі, жылан жұтқан, көз жоқ, көзсіз батыр, көзінің[-де] оты бар, көкжал бөрі[-дей], күшті, қадалған жерден [жерінен] қан алатын, қажымас, қажырлы, қайратты, қайсар, қайтпас қайсар, қайтпас, қайыспас, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай, қас батыр, қасқыр жүрек [-ті], қауға тиген өрттей, қаһарлы, қырау қабақ, мықты, от жүрек, от көзді, өжет, өржүрек, өркеуде, өрмінез, өрмінезді, өршіл, өткір жүрек, өткір, салқам, табаны жаудан таймаған, тастүйін, тәуекелшіл, тепсе темір үзетін, тік мінезді, тік, шер.

Мысалы, ***Адуынды****, өжет адамның тұңғиық болғанын жеңгемнен көрдім (О.Бөкеев, Үркер.). Аспанға да өрлеп шықпаған, жерде де қалып қоймаған, жедеғабыл қиын іске келгенде жанын аямайтын, қорқып кейін шегінбейтін,* ***әндемді*** *жауынгер (С.Омаров, Қызыларай)* [72]. ***Дүмді*** *болсаң, кел бері! (Мақал). Батырды айтсаң, Құлекені айт. Хан болып заманында қала жеген, Құлеке он бесінде* ***салқам*** *еді. Отызында – би, қырқында – дархан еді (Шал ақын, Өлең д.). Молдағали –* ***шер*** *жігіт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).*

Маслова орыс мәдениетінде әйел адам ер кісіге сыншыл болатынын айтады. Әйелдер үшін ер адамға күш, батылдық, батырлық, сенімділік, қорықпаушылық, тектілік қана тән емес, сонымен бірге қатыгездік, соғыс, өтірік айту сипаты да тән екенін айтады. Ал ер адамдардың өздеріне баға беруінде мұндай жағымсыз сипаттағы бірде-бір сөз жоқ екенін, тек күш, абырой, төзімділік, жігер, сенімділік сияқты жағымды реңктер басым екенін айтады. [44, б. 98]. Ал қазақ қоғамында керісінше алтын басты әйелден бақа басты еркекті артық көретін қоғамдағы әйелдердің бағасы тек жағымды мінез сипаттары болады.

Бұл сипаттар қазіргі қазақ қоғамына байланысты нақты адамдардың мінез сипатынан сирек көрінуі мүмкін. Бірақ әр қазақ азаматының мінез түбінде жатқан, ел басына күн туғанда көрінетін мінез болады. Бірақ бұл мінездердің мағынасы да көпшілікке түсініксіз, көне емес, яғни жалпы қазақ санасында бар ұғымдар. Сондықтан бұлардың қазақ мінез сипат атауларына жатқыза отырып, *батырлық* деген концептінің аясына топтауға болады деп ойлаймыз.

Ә.Қайдар қазақтың өз жері мен өз елін ғасырлар бойы сыртқы жауынан қайсарлық көрсетіп қорғап қалуын, қаншама қиын-қыстау, қанды соғыстарда қырылып, жермен-жексен болса да, қайта тіріліп, елдігін сақтап қалуын осы мінездің арқасында екенін айтады [1].

Батырлық ұғымын да концепті ретінде тану себебін профессор Н.Уәлидің мына тұжырымы арқылы дәлелдеуге болады: «концепт болатын лексикалық бірліктердің саны шектеулі, кез келген атау сөз, мысалы, одағай, модаль сөздер, еліктеуіштер концепт бола бермейді. Белгілі бір мәдениет үшін ақиқат дүниедегі ерекше мәні бар құбылыс қана концепт болуы мүмкін. Ондай құбылыс, уақиға, нәрсе, заттың тілде әр алуан атауы болады. Ол атаулар мақал-мәтелдердің,

поэтикалық, прозалық мәтіннің тақырыбы болады. Мұндай атаулар өздерін тудырған мәтін, ситуация, білімнің символы, эмблемасы іспетті болып тұрады. Бұлар халықтың жадындағы мәдени дүниеліктер болып табылады» [54, б. 43].

Ғалым концептіні денотат туралы бастапқы түсінік, осы түсінік жалпыланған инвариант-образ түрінде болып, сөздің тууына түрткі, ұйтқы болатынын айтады. Сонда батырлық – заттық-бейнелік концептісі лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық-мәдени концептіге айналған деп ойлаймыз.

Ғалым тағы да сөздің туу, жасалу процесінде уақиғаны (события) жинақтау, саралау және тарихи-мәдени формацияның шеңберіне сәйкес заттық-бейнелік тәжірибені заттың қарапайым картинасын схема, фрейм түріндегі когнитивтік кодқа салу жүзеге асатынын айтады. Екінші реттегі таңбаның белгіленушісінің ішкі семасиологиялық динамикасы мен қалыптасуын бастапқы номинацияның ономасиологиялық құрылымындағы қайта жасалған өзгерістер арқылы танылатынын көрсетеді. Сөз мағынасындағы этимологиялық, диахрондық элементтерді – сөз мағынасының ішкі формасын, қазіргі мағынаның мән-мазмұнын ашу, сөз мағынасының контекстік семантикасын, яғни ситуативтік, коммуникативтік, прагматикалық семантикасын (мағыналарын) ашу арқылы таңбаның лингвомәдени табиғаты айқындалады дейді [54, б. 46].

Концепті пайда болу үшін оның фреймдер мен сценарий, прецедентті мәтіндер арқылы бірнеше жолдардан өтуі шарт. Біз жинаған материалдардан осы жолдар үнемі байқап отырады. «Фреймдік құрылым – а) стереотиптік ситуацияны сақтаудың, құрылымға салудың құралы; ә) адам санасындағы тілдік және тілдік емес білімдерді біріктірудің, олардың бір-біріне иек арта өмір сүруінің құралы» [54, б. 46]. Мысалы, *жүрегінің түгі бар, жүрек жұтқан, жылан жұтқан, көзсіз батыр, көкжал бөрі, қасқыр жүректі, табаны жаудан таймаған* деген тіркестердің әрқайсысына қасқыр, жау, көкжал, жүректің үстіне жүрек жұту деген стереотиптік ситуациялардың компоненттері негіз болғаны сөзсіз. Фреймнің міндетті түрде пропозициялық құрылымы болады. Сондықтан қазіргі түсінікке сай келмесе де жүрек жұту, жүректің түгі бар болу деген пропозициялар халық өмірінде бар болған көріністер.

Ақылдылық – қазақ ұлтының мінез сипатына жататын ерекшелік болып табылады. Қазақ халқының өз бағалауындағы стереотип-бейнесі – ақылдылық. Академик Ә.Қайдар – қазақ халқы қалыптасқан пікірлер бойынша дана халық, шешен халық, дүниенің, болмыстың, өмірдің қыр-сырын терең түсінген философ, даналықты сүйетін халық екенін, дүниетанымы мен зерделілігі басым екенін, қашан да ақыл-парасатқа жүгініп, аталы сөзге тоқтайтынын, сөз құдіретіне бас иетінін, ханды да, батырды да өзі бағалайтын халық екенін, барақ жүнді батырды екі долы қатынның бірі табады, ел билеген дана биді мыңның бірі ғана табады” деп даналықты мадақтайтынын, ғибратты сөзді рухани мирас етіп тапсыру салты даналықты сүюдің бір айғағы болатынын айқындап айтып кеткен дана ғалым [1].

Маслова стереотипті әр ғылым саласы өздері тұрғысынан әлеуметтік стереотип, қарым-қатынас стереотипі, психикалық стереотип, мәдени стереотип,

этномәдени стереотип деп бөлетінін, мысалы, әлеуметтік стереотип жеке адамның мінез-құлқының стереотипі ретінде көрінетінін айтады [44, б. 166]. Ал немістердің дәлдігі, орыстардың «болса болатыны», қытайлықтардың ғұрыптары, африкалықтардың темпераменті, итальяндықтардың ашуланшақтығы, финдердің қыңырлығы, эстондықтардың баяулығы, поляк галанттылығы әр ұлттың тұлғасына тән екенін айтады. Осы қатарға қазақ халқының ақылдылығын жатқызуға болады деп ойлаймыз.

АҚЫЛДЫЛЫҚты таңбалайтын бірліктер **(68):** *абайлағыш, ақ-қараны танитын, ақылшы, алды-артын аңдайтын, аңғарғыш, аңғарлы, аңғарымпаз, аңдағыш, аңдампаз, ауызбаққыш, бағдаршыл, байқағыш, байқампаз, байыбына барғыш, байымдағыш, байыптағыш, байыпшыл, бақылампаз, барлағыш, барлампаз, басбілгі, болжағыш, білгір, дана, данагөй, есті, жақсы мен жаманды айырған, жансебіл, жетелі, зейінді, зер салғыш, зерделі, зерек туған, кемеңгер, көкірегі ояу, көкірегі сезімді, көкірегінде көзі бар, көпті көрген, көреген, қия жазбас, қырағы, озық пікірлі, ойлампаз, ойлы, оң мен солын танитын, оялы, өсиетшіл, пайымшыл, сақ, саналы, сауысқаннан сақ, сезгір, сезгіш, сезікшіл, сезімді, сезімпаз, сезімтал, сезімшіл, сезінгіш, тануға шебер, танығыш, танымпаз, тебіренгіш, тебіреншек, тексергіш, топшылағыш, үңілгіш, ықыласты.*

Мысалы, *Бақытгүл жүрегінің құпиясын көрсетпеуге тырысып, жүзін көзден жасыра беретін. Бірақ көз де аңдығыш, тез* ***барлағыш*** *(Н.Ғабдуллин, Сарғ. жап.). Есейіп қалған тәріздімін, Оқығым келеді-ақ, мектеп жоқ,* ***басбілгі*** *жанашыр жоқ (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Бұл кемпір ұрғышыдан* ***туған зерек,*** *Кісі екен оқымысты жөні бөлек. Екеуін бір емшектен емізбеске Алланың бір хикметі болса керек (Ш.Құдайбердиев. Шығ.).* ***Оялы*** *жігіт, Орта ойдан, Алыс жүр басың аманда (Қ.Мырзалиев, Домбыра).* Деген сияқты мәтіннің өзінде аталып отырылатын мінез сипаттар.

Ә.Қайдар қазақ аңғалдығы баладай, ақылдылығы – данадай деген ел аузындағы тәмсілді өтірік пен шынның, адалдық пен арамдықтың парқын көпті көрген қарттай пайымдап жатпай, кім не айтса соған оңай сене қалатын жас бала секілді, бірақ ақыл-парасаты сол мінезіне қарай тым қарадүрсін, қарапайым, жұпыны емес, терең де тегеурінді, даналық нышанын танытатын абзал қасиеттері бар дегенді тереңнен толғай білдіреді. Бұнда қазақ халқының бойында екіұдай қасиеттің бар екенін, бірі – аңғалдық, әр істі пайымдап, оның дұрыс-бұрыстығына көзі жетпей жатып, жас баладай оңай сене қалуы, екіншісі – ойлау қабілеті, ақыл-парасаты сол баладай жұпыны да қарапайым емес, терең де тегеурінді даналық нышанын танытатындығын, қазақ халқының даналықпен өмір заңдылықтарын, философиялық ой түйіндерін байыппен дәлелдейтінін түсіндіреді [1, б. 15].

Нұрлан Тайжан қарияны әкесінің досы деп қана сыйламайды, жақсы көреді, дүние қадірін түсінген ***дана*** *шал, көргені көп аңшылық әңгімесін қызықтырып нәшіне келтіріп айтады (З.Шашкин, Сенім)* [73]. Ә.Табылды дана тұлғаның «мен білемін» деп кеуде қақпайтынын, білетінін әдеппен,

ұлағаттылықпен ұғындыратынын, сөзі қисынды, ойы терең, іс-әрекеті үлгілі болатынын, кішіпейіл болатынын айтады [74, б. 13-18].

Ислам негізінде жатқан мән: әрбір істі дұрыстығымен атқару, ол үшін адам баласына Алла тағала ақыл, сана, зерде беріп жаратқан. Халық ішінде "игі жақсылар" деп ақылды, мінезді адамдарды атаған, өз ұрпағын "жақсы болыңдар" деп тәрбиелеген [75, б. 44-55]. Қазақ мәдениетінде ақылдылық сабырлылықпен, байыптылықпен, саралай білетін қабілетпен байланыста түсініледі. Ол көбіне көрумен, байқаумен қатысты. Мысалы, *абайлағыш, ақ-қараны танитын, алды-артын аңдайтын, аңғарғыш, аңғарлы, аңғарымпаз, аңдағыш, аңдампаз, ауызбаққыш, байқағыш, байқампаз, байыбына барғыш, байымдағыш, байыптағыш, байыпшыл, бақылампаз, барлағыш, барлампаз, жақсы мен жаманды айырған, зейінді, зер салғыш, зерделі, қырағы, оң мен солын танитын, сақ, сауысқаннан сақ, сезгір, сезгіш, сезікшіл, сезімді, сезімпаз, сезімтал, сезімшіл, сезінгіш, тануға шебер, танығыш, танымпаз, тексергіш, топшылағыш, үңілгіш* деген атауларда зат, құбылысты көкірек көзбен тани алу басым көрінеді.

Қазіргі білім мен техника заманында қазақ халқының бұл мінезі біліммен байланысты жаңа атауларды жасады. Сөйтіп, қазіргі қолданыста *білімқұмарлыққа* қатысты сөздер көп. Және қазақ мәдениетінде білімқұмарлықты адам мінезінің жағымды, жақсы сипатына балау басым. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 15 томдығынан жинаған мына сөздер синтетикалық жолмен көбірек жасалған: **БІЛІМҚҰМАРЛЫҚ (49):** *ақылды, білгір, білгіш, білермен, білмір, білікті, білімдар, білімді, білімқұмар, білімпаз, біліскер, ғылымпаз, даңғыл, жан-жақты, зейілді, зейінді, зерделі, көзді, көзі ашық, көзі қанық, көкірегінде көзі бар, көп білетін, көп оқыған, қарақты, құймақұлақ, ойлампаз, ойлағыш, ойлы, ойшаң, ойшыл, оқымысты, өзіне де, өзгеге де талапшыл, саналы, сарапшыл, сауатты, сұңғыла, талабы таудай, талап еткіш, талап қойғыш, талапты, талапшыл, тыңдағыш, ұмтылғыш, үйренгіш, үйреткіш, үйретімпаз, іздемпаз, ізденгіш, ізденімпаз.*

Мысалы, Менің кешегі жәрдемшім, оқушым десең де болады, Нұрке Әжімов ақылды, ***білгір*** *адам, сөз жоқ зерттеу әдісін ол дұрыс тапқан болу керек (І.Есенберлин, Айқас). Ал бір ескінің әңгімесіне* ***даңғыл*** *адам еді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). – Осың дұрыс, – деп қоштады Темірхан. – Сонда қай заводқа бармақшысың? – Соны* ***көзі қанық*** *сендерден сұрағалы тұрған жоқпын ба? – деді Қалихайдар («Лен. жас»). Ілияс өте ақылды, жинақы, саяси жағынан барынша* ***сұңғыла,*** *партиялық тілмен совет әдебиетінің барынша халықтық, интернационалдық екенін айтты (С.Мәуленов, Үркер.).*

Білімқұмарлық қазақ үшін білуге құмарлықпен байланысты: *білгір, білгіш, білермен, білмір, білікті, білімдар, білімді, білімқұмар, білімпаз, біліскер, жан-жақты, зейінді, көп білетін, көп оқыған, сауатты, тыңдағыш, ұмтылғыш, үйренгіш, үйреткіш, үйретімпаз, іздемпаз, ізденгіш, ізденімпаз.* Екіншіден оймен байланысты: *зерделі, көзді, көзі ашық, көзі қанық, көкірегінде көзі бар, қарақты, құймақұлақ, ойлампаз, ойлағыш, ойлы, ойшаң, ойшыл, оқымысты, саналы, сарапшыл, сұңғыла.*

Атауларының көптігі жағынан келесі топ *момындық* деген ұғымға жинақталды. Бұл қазақ халқының табиғатына жақын жағымды мінез болып табылады. Академик Ә.Қайдар бұл қазақ менталитетіне байланысты көп айтылатын сипаттама екенін, оның шындыққа жанасатынын, бірақ момындық ынжықтық емес екенін, бұл арадағы «момындықты» мұсылмандық тұрғысынан «имандылық, инабаттылық» деген мағынада қабылдаған жөн екінін дәл анықтайды [1].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» осы ұғымды беретін мынадай тіркестер бар. **МОМЫНДЫҚ (63):** *алаңғасар, аңғал, аңғырт, аңқау, аңқау-аңғал, ашық ауыз, бетегеден биік, бұйдалаған тайлақтай, бұйығы, есектен де жуас, жуас, жуас-қоңыр, жусаннан аласа, иланғыш, иленген терідей, иі жұмсақ, иіс алмас, келісімпаз, көнбіс, көнгіш, көндіккіш, көндімбай, көнтерілі, көніккіш, көнікті, көнімді, көнімшіл, көтерімді, қақ-соқпен ісі [жұмысы] жоқ, қақ-соқсыз, қой аузынан шөп алмайтын, қой мінезді, қойдай жуас [момын], қойдан қоңыр, қоймүрет, қойторы, қоңынан кесіп алса да, құлық-сұмдығы жоқ, құлық-сұмдықсыз, құлықсыз, можан-топай, момақан, момын, мондыбай, мондыбас, моп-момақан, мұрнын тескен тайлақтай, нанғыш, нанымпаз, сенгіш, сенімпаз, сенімшіл, сып-сынық, тойған қозыдай [қозы секілді], тұйық, тығырықталған түйедей, тілалғыш, тірі жанға қиянаты жоқ, ұя бұзбас, ұяң, ызбарлы, ымырагер, ымырашыл.*

Мысалы, *Осындағы бас көтерер азамат Сәмет Томайұлының* ***ашықауыздығына*** *қайранмын (С.Омаров, Қайырлы.). Үлгішілердің мінезі салмақты, именшек,* ***бұйығы*** *келеді. Олар өзі үшін істегенді сүйеді, жариялауды жаратпайды, құпияны, оңашаны ұнатады (Ж.Аймауытов, Шығ.).* ***Иіс алмас*** *есептелетін Есқара бұлардың біреуіне де арланбай, ерінбей, жалықпай жүре беретін, қанша қимыл жұмсаса да қажымайтын қарулы болатын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қарағым, мені қойшы, мен өзім бір* ***қоймүретпін*** *ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Астындағы атын алты ай іздепті деген осы екен ғой, – деп қарт қосыла күлді де,* ***қойторыға*** *қарай бүкшеңдей бастады («Лен. жас»). Бұл мондыбас кісіге не түсіндіріп жарытушы еді? (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).*

Жуас-қоңыр сөзінде *жуас* сөзіне қазақ тіршілігінде жиі қолданылатын, санасында жағымды ассоциация тудыратын түсті, қоңыр түсті, қоңыр адам деген бұйығы, таза, шынайы адамды да атайтын сипат бар. Мысалы, *Құрманғазының әкесі Сағырбай бүкіл өмірін байдың жалшылығында өткізген* ***жуас-қоңыр*** *адам болатын (А.Жұбанов, Құрманғазы).*

Момындықтың микроконцептілері бар. Оның бірі АҢҒАЛДЫҚпен байланысты: *алаңғасар, аңғал, аңғырт,аңқау, аңқау-аңғал, ашық ауыз, иланғыш, нанғыш, нанымпаз, сенгіш, сенімпаз, сенімшіл.* Келесі микроконцепті ЖУАСТЫҚпен байланысты: *бетегеден биік, жусаннан аласа, бұйдалаған тайлақтай, бұйығы, есектен де жуас, жуас, жуас-қоңыр, иленген терідей, иі жұмсақ, иіс алмас, келісімпаз, көнбіс, көнгіш, көндіккіш, көндімбай, көнтерілі, көніккіш, көнікті, көнімді, көнімшіл, көтерімді, қой аузынан шөп алмайтын, қой мінезді, қойдай жуас [момын], қойдан қоңыр, қоймүрет, қойторы, қоңынан кесіп алса да, тойған қозыдай [қозы секілді], тұйық, тығырықталған түйедей,*

тілалғыш. Аккөңілділік концептісінде де қаралған АДАЛДЫҚ микроконцептісі мұнда да осы мағынада көрінеді: *қақ-соқпен ісі [жұмысы] жоқ, қақ-соқсыз, қулық-сұмдығы жоқ, қулық-сұмдықсыз, қулықсыз, тірі жанға қиянаты жоқ,* МОМЫНДЫҚпен байланысты: *можан-топай, момақан, момын, мондыбай, мондыбас, моп-момақан, мұрнын тескен тайлақтай, сып-сынық, ұя бұзбас, ұяң, ымырагер, ымырашыл* деген атаулардан тұрады.

Қазақ мәдениетінде момындықтың стереотип-бейнесі – қой екенін мына тіркестер дәлелдейді: *қой аузынан шөп алмайтын, қой мінезді, қойдай жуас [момын], қойдан қоңыр, қоймүрет, қойторы* [76].

Академик Ә.Қайдар «Бауырмалдық» та осы қасиетке жақын мінез деген. Қатыгез, қатал, қанқұйлы халық бауырмал бола алмайтынын, бауырмалдықты бұл арада «өз бауырына ғана, өзінің туыс жақындарына ғана бауыры бұру” деп түсінбеу керектігін, қазақы бауырмалдық басқа туыс, көрші халықтарға да ашық көңіл, дарқан жүрекпен, өз бауырына тарта қарайтын табиғи қасиетіне байланысты айтылып, солай қабылданатынын айтқан [1]. Яғни момын адамның бойында міндетті түрде бауырмалдық болады.

Маслова стереотиптің тіл мен сөйлеудің тұрақтандырушы факторы екенін, ол бір жағынан белгілі бір мәдениеттің кейбір басым компоненттерін сақтауға және өзгертуге, екінші жағынан өзін өз ішінен тануға және сонымен бірге "өзінікін" анықтауға мүмкіндік беретінін айтқан [44, б. 85]. Жоғарыдағы мысалдан осыны көреміз.

Момындыққа ілесе – *байсалдылық* мінез жеке аталатын болады. Оның бірнешесебебі бар. Қазақ дүниетанымында жақсы мінез сапаларының бірі оның *бірқалыптылығы.* Бірқалыпты деген атау «асығыс шешім қабылдамайтын, ақылға салатын байсалды, басқалардың жетегінде кетпейтін, белгілі көзқарасы, принципі, өзіндік мінез-құлқы бар, қауіп-қатерден бой тасаламайтын, батылдығы да бар, сенуге болатын, орынды жерді білетін, «Бойда қайрат, ойда көз, болмаған соң айтпа сөз» деп Абай айтқандай, сөзі мен ісі бір» деген мағынаға саяды. Қазақ мәдениеті үшін тұрақты мінездің мәні зор. Сондықтан бұл атау *бір* және *қалыпты* деген екі атау сөзден ұзақ сөзсажамдық процесс нәтижесінде кейін пайда болған. Осы ұғымды беретін *байсалды* деген атау бар еді. Бұл – «нәрсенің байыбына баратын, содан кейін әрекет жасайтын, байыпты, асығыс шешім шығармайтын, асықпай сөйлейтін, ақылға салатын, аңғарымпаз, сабырлы әрекетпен, түбін ойлайтын ұлттық мінез сипаты, жеке тұлғаның беделін биіктететін мінез». Байсалды мінезді адам айналасындағыларға үлгі болады. Қиын іс-әрекетті ақылдасып атқаруды әдетке айналдырған тұлға байсалды мінезі арқылы басқалардың бағдарын жөнге салып отырады. Әрбір әрекетін сабырлықпен баптайтын байсалды мінезді адам өз мақсатына жетіп, тындырымды іс-әрекет жасайды. Байсалды мінезді адам әрбір іс–әрекеттің түбін (нәтижесін, жеңісін, жемісін) ойлайды. «Жеті рет ойлап, бір рет піш», «асықпаған арбамен қоян алады», «асыққан–сайтанның ісі» деп халық ұрпағын байсалдылыққа тәрбиелейді.

Байсалдылық – қазақ халқының тектік қасиетін көрсетеді. «Аялдап, артын ойла, түңілмей, түбін ойла» деп қазақ халқы тарихи жеңістерге байсалдылықпен жеткенін айтады ғалымдар.

Сонымен, жеке адамның тұлғасын биіктететін, қоғамның дамуына оң ықпалы бар бірқалыпты мінез **БАЙСАЛДЫЛЫҚ** атаулары мыналар **(57):** *аузына берік, ауыр мінезді, бажайлы, байлы, байсалды, байымды, байыпты, байыпшыл, байырқалы, бапандай, басалқы мінез, басалқы, басалқылы, басбақыл, басбілгі, басыңқы, батпанақтай, берік, бұқыл, бірқалыпты, бірмінез, бірмінезді, бірсөзді, біртоға, дітіне берік, етінен ет кессе де мыңқ [былқ] етпейтін, жаны үлкен, жер қозғалса, қозғалмайтын, қазақы мінезді, қасалықты, мойсапыт, мінезі ауыр, орнықты, өзіне-өзі сенімді, пайымды, парасатты, парасатшыл, парықты, рухы жоғары, сабаз мінезді, сабырлы, салдарлы, салиқалы, салқынқанды, салмақты, салуалы, сардарлы, сенімді, сенімпаз, сөзге сараң, табанды, тағайынды, тұйық, тұрақты, ұстамды, үстінен түйе өтсе де былқ етпейтін, фаһімлі.*

Мысалы: Ретсіз сөздің керегі не? ***Аузыңа берік*** *бол, абайлап сөйле дегенім қайда? Әр сөздің айтылатын өз орны болады (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары.). Мұғалім сөзі баланың сөзінен айырмасы:* ***бажайлы****, байсалды болу, мұғалімнің сөзін баланың ұққандығы, шабыттанып, ынталанып құлақ қойғаннан білінеді (Ж.Аймауытов, Шығ.жин.). Істің басы* ***байлы*** *болса, түбі сайлы болады (Мақал-мәтел). Автор біраз терминдердің қазақша баламаларын ұсына отырып, фольклорлық терминдер мәселесінің* ***байырқалы*** *шешімі әлі табылмай келе жатқанын ескертеді («Қаз. әдеб.»). Сегіз қырлы, жалғыз сырлы, Қайда барсаң* ***бірмінез****, Артын байқап, терең ойлап, Мағыналы сөйлер сөз (Ш.Иманбаева, Шығ.). Байұзақ одан соңғы адамы еді, Бәрі кісі-ақ еді* ***қасалықты****, Лекер, Бітімбай мен Аталықты, Жанқожадан кім көрген қапалықты (Абай, Тол. жин.). Қолыма жазайын деп алдым қалам, Моллаға Әбубәкір бізден сәлем!* ***Фаһімлі*** *бұл заманда бір жігіт деп Сыртыңнан мәдақтайды барша ғалам (Кердері Әбубәкір, Қазағым).*

Байсалды макроконцептісін жасаған бірліктердің ішінде фрейм арқылы пайда болған атаулар әсіресе тұрмыстық сипаттағы атауларда жиі. Мысалы: *ақпан соқса да өлмейтін, тоқпан соқса да өлмейтін, етінен ет кессе де мыңқ [былқ] етпейтін, үстінен түйе өтсе де былқ етпейтін* деген тұрмыста жиі көрінетін сценарийлердің тілдік таңбаға айналған түрі. «Адамдар ақиқат дүниенің санадағы психикалық образдары арқылы өзінің қабылдауын реттеп, жүйелеп отырады. Салыстыру арқылы жаңа мен ескіні, бір затты екінші заттан ажыратады. Сезім мүшелері арқылы қабылданған құбылыстар ой, бейне, схема, сценарий т.б. концептінің типтері арқылы жүйеленіп, реттеледі. Одан әрі қарай әлгіндей жүйеленген, реттелген санадағы ақпарат тілдік таңбалар арқылы вербалданады да, тілдік санаға айналады, ой елегінен өтіп, санада қорытындылай келе білімге айналады. Санадағы білімді адам өзінің іс-әрекетінде басшылыққа алады» [54, б. 245].

Жақсы мінез сипаттарының ішінде осы байсалдылықтың нәтижесі ретінде шығатын бір мінез, ол – *кісілік***.** Бұл – «адамшылықты, адамгершілікті,

имандылықты, әдептілікті, ізгілікті, салауаттылықты, сабырлылықты, биязылықты, қайырымдылықты көрсететін қазақы ұлттық мінез» [74, б. 13-18]. Қазақы тіршілікте *кісі* сөзінің *адам, пенде, қонақ* мағынасынан басым түсетін «адамгершілігі, адамшылығы жоғары тұлға» деген мағынасы бар. *«Әттең, қайтейін... сенің сондағы төрең* ***кісі емес*** *екен, сөзінен танып кетті ғой, – деді Тәуке» (І.Жансүгіров, Шығармалары).* Осыдан келіп, *кісі емес, кісілігі бар, кісілігі төмен* деген сөздер шығады. Өйткені бұл сөздің бойында имандылық, ізгілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, әділдік, жауапкершілік т.с.с. адамшылық қасиеттер жинақталған.

Сондықтан «Қазақ кісілігін жоғалтпаған, жауының да озбырлығын кешіресалатын халық» деген О.Сапиевтің сөзін Ә.Қайдар былай ашады: «бұл қазақ болмысына тән: әрқашан да бойындағы кісілік қасиетін сақтап қалуын, оның етек-жеңінің кеңдігін көрсететін кешірімділікке тез баратын әдетін көрсетеді (Егемен Қазақстан. 25 қыркүйек 1999)>» [1].

Кісіліктен өрбитін, кісіліктің одан ары сапалануы, адам жасының ақыл парасаты толыққан, егде тартқан шағында пайда болатын мінезі *парасаттылық* болып табылады. Парасатты сөзі – толық адам, кемел адамға айналатын адамның қасиетін көрсетеді. Жастарға немесе қыз келіншектерге парасатты деген сөз айтылмайды. Яғни парасатты сөзі жасы үлкейген, көбіне ер адамға және әйел адамға, бәйбішеге айтылады. Ә.Қайдар "Қазақ – бір адамның құнын бір ауыз сөзбен шеше алатын халық" деген тәмсілді <бұл қазақ халқының бойындағы екі түрлі қасиетке байланысты: біреуі – сөздің нарқы мен парқын айыра білетін, аталы сөзді пір тұтатын, оның құдіретті күші алдында тақ тұрып, пәрменді шешімін бұлжытпай орындайтын имандылық болса, екіншісі қисынды сөзден тосылып, бұлтартпас уәжге тоқтайтын мәрттік пен парасаттылық. Қылышын қынабынан суырып, бас алуға, қан төгуге тас түйін болып қаһарланған батырды да аталы сөз ғана тоқтата алған. "Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарағандай" бір-бірімен арбасып отырған қазақ билерінің бітпес дауын да шешетін бір ауыз сөз болған... Бұл да қазақ халқының менталитеттік бір қасиеті болса керек>» [1, б. 40]. Қандай халықтан деп анықтауы осы парасатты халықтың сипаты болып табылады.

Парасаттылық ұғымы *қасалықты, пайымды, парасатты, парасатшыл, фаһімлі, фәрзана* сөздерімен таңбаланады. Мысалы, *Көрген-білгені мол, байсалды, парасатты. Байұзақ одан соңғы адамы еді, Бәрі кісі-ақ еді* ***қасалықты****, Лекер, Бітімбай мен Аталықты, Жанқожадан кім көрген қапалықты (Абай, Тол. жин.). Сағынтай өз жұмысына тиянақты, томағатұйық,* ***пайымды*** *жан көрінеді (Б.Тілегенов, Көктем.). Рухани дүниесі бай, биік* ***парасатты****, жан-жақты жетілген мәртебелі еңбеккер! (Ұ.Бағаев, Жан.). Қолыма жазайын деп алдым қалам, Моллаға Әбубәкір бізден сәлем!* ***Фаһімлі*** *бұл заманда бір жігіт деп Сыртыңнан мәдақтайды барша ғалам (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Ақ дидары көз алдыңнан ұрланып, Ақынның тек қиялында жырланып. Бір* ***фәрзана*** *келе жатқан секілді, От көзінен байтақ дала нұрланып (Х.Ерғалиев).*

Жағымды мінездердің келесі тобы *әдептілік* деген концепт арнасына тоғысады. Бірақ бұл ұғым негізінен әйел адамдарға қатысты бағаланады. Әдеп сақтау, үлкен-кішінің, отбасы мүшелерінің әрқайсысы өз орнын біліп, қарым-қатынас жасай алу өнерімен байланысатынын, әдеппен сөйлеу, әдеппен қимылдау, әдепті бұзбау қазақ әйеліне қойылатын мінез талаптары екенін, «көп сөйлеп, созбайын, әдептен озбайын» деп Абай ақын әдеппен (қысқа-нұсқа) сөйлеудің өзі әдептілік екенін тіктеп айтқанын, әдеппен сөйлеу, артық сөз айтпау, дөрекі сөздерді айтпау, қысқа да нұсқа сөз айту – әдептіліктің белгісі екенін айтады Ә.Табылды. Және қазақ қоғамда тұрақталып қалыптасқан әдеп ережелері мен нормаларын берік ұстанатын, әдеп сақтайтын әйел баласын әдепті деп бағалайтынын айтады [74, б. 13-18].

Қазақ даласында болған Владимир фон-Герн «Әдеп (арабское слово, означает вежливость, скромность, учтивость) в смысле этой пословицы, означает не только учтивость и вежливость, но также – порядочность, вообще порядок в хозяйстве и даже практичность в жизни, хотя последние два понятия и несоставляют перевода слова әдеп» деп, әдептілік адамның бар болмысын қамтитынын, бүкіл мінез сипатын көрсететінін байқайды [55, б. 5-21]. Осыған байланысты бұл концептіні беретін сөздер де қазақ тілінде біршама. **ӘДЕПТІЛІК (58):** *асқақсыз, ахлақты, әдеп көрген, әдепті, бәсең, бипаз, биязы мінезді, биязы, жібек мінезді, зиялы, ибадатты, ибалы, иман жүзді, иманды, инабатты, инабатшыл, көңілі түзу, көргенді, кішік, кішіпейіл, қарапайым, қыз мінезді, қыздай сызылған, қылықты, майпаз, майпаң, мархабатты, мәдениетті, мәйім, мәмілешіл, мінәйі, мінезі текті, ниеті мақұл [ақ], [жақсы], [түзу], [дұрыс], өнегелі, сәлемшіл, сәлемі түзу, сөзі майда, сыпа, сыпайы, сып-сыпайы, тәлімді, тәлім-тәрбиелі, тәрбиелі, тәртібі жақсы, тәртіпқұмар, тәртіпті, тәртіпшіл, текті, тойған қозыдай, ызбайлы, ықыласы түзу,ізгі ниетті, ізгі, ізгілікті, ізет [әдеп] сақтаған, ізетті, ізетшіл, ілтипатты* деген атаулар – әдептілік концептісінің әртүрлі көзқарастар тұрғысынан аталуы.

Маслова орыс мәдениетінде көптеген моральдық ұғымдар әйел, ер екеніне байланысты айтылады деген. Орыс ұлтында ұят ұғымы әйелге қатысты ғана қолданылады дейді. Мысалы, *девичий стыд; потерять стыд* деген тіркестер көбінесе әйел туралы айтады дейді. Әйелдің әдептілігі – күйеуіне мойынсұну, қарапайымдылық, адалдық екенін білдірген. [44, б. 98]. Қазақ мәдениетінде де ұят, әдептілік негізінен әйел адамға ғана айтылады. Мысалы, *Айшаның өзі де әйелдің сүйкімдісі. Мінезі қандай биязы, **бипаз** болса, тілі де соңдай жұмсақ, майда (З.Шашкин, Теміртау). Жұрттың айтуынша, ол **ілтипатты**, ақылды, тіпті барып тұрған сұлу көрінеді (І.Есенберлин, Көлеңке.).* Әйел ұяттан тұрады дейді, ұялшақ жігітті қыз мінезді деп жақтырмайды.

Әдептілікті *имандылық* жасайды. Сондықтан бұл мінездің момындықтан, әдептіліктен кейінгі орынға шығатыны түсінікті. Ә.Табылды имандылықты әдептіліктің жарқын көрінісі деп, иманды адам әдеппен сөйлеп, әдепті қимылдайтынын, адам баласына тек жақсылық жасайтынын, ізеттілік, әдептілікті, мейірімділікті, тазалықты көрсететін бұл ұлттық мінез қазақ

халқының ұлттық психологиясына тән құбылыс екенін, иманды адам – инабатты адам болатынын, ол басқаның адамдық қасиетін қадірлейтін, арын ардақтайтын адам екенін, иманды адамнан басқалар байыппен қарап үлгі-өнеге алатынын, иманы бардың – сыйламы бар деп, халық иманды адамды жоғары бағалайтынын дөп басып сипаттаған [74, б. 13-18].

ИМАНДЫЛЫҚты таңбалайтын сөз бірліктер – **19**: *діндар, діншіл, ибадатты, ибалы, иманды, иманжүзді, иманмен қаптап қойғандай, иманына берік, иманы бетінде үзіліп тұрған, қанағатшыл, құдайшыл, мінажатшыл, намазқой, намазшыл, нысапты, тақуа, тәубешіл, шүкірлік еткіш, шүкіршіл.* Ұлтымыздың сөздік қорындағы осындай тіл бірліктерін көріп, халқымыздың қаншалықты деңгейде иманды әрі адамшылық қағидасының жоғары болғанына көз жеткіземіз.

Ұяты бар, өзін емес, өзгені көбірек ойлайтын, адамшылығы жоғары, діншіл адамды иманды адам дейді. “Қазақ – көзі ұйқыда, көңілі иманда жатқан халық” деген ел аузындағы тәмсіл «қазақтың замана талабына сай талпынбай, көзін ұйқыдан әлі аша алмай жүргенін, көп елден артта қалып келе жатқандығын бір көрсетсе, бірақ көңілі баршаға адал, имандылық қасиетін жоймай келе жатқандығын тағы көрсетіп тұр. Бұл қазақ болмысына тән, көпшілік айтып жүрген қасиеттердің бірі» дейді Ә.Қайдар [1, б. 73]. Ал “Қазақ – шүкіршілікке бейім халық” дегенді <шынында да, “барымен базар”, Алланың бұйырғанына риза, бергеніне ынсап-тауфиқ қылатын, өткен іске салауат деп, болашағына үмітпен қарайтын, “шүкіршілігі” (Аллаға деген ризашылығы) аузынан түспеген иманды халық. Кез келген қазақтан халін сұрасаң (ол ауырып жатса да, қайғы-қасіретке душар болса да, байлығы асып-тасып, мәртебесі өссе де), бәрібір “шүкір!” деп жауап береді. Бұл қазақтың ұлттық менталитетіне тән қасиет болса керек> деп, дәл анықтайды ғалым Ә.Қайдар [1, б. 147]. Қазақтар – имандылықты бетке ұстаған халық” деген нақыл сөз де осы топқа жатады.

Бұл мағыналық өрісті, концептіні зиялылық деген ұғым да толтырады. *Зиялылық* – әдептілікті, біліктілікті, қайырымдылықты, ұлтжандықты, ұлағаттықты, мәдениеттілікті білдіретін ұлттық мінез. Сөзі де, іс-қимылы да, жүріс-тұрысы да, қарым-қатынасы да әдепті. Зиялы адам – ұлттық әдепті бойына сіңірген «әдемі адам». Зиялылық біліктіліктен пайда болады. Ол білгенін басқаларға үйретуден жалықпайды. «Білген адам білдім демес, білдім десе білгені емес» деп, халық зиялы қауымның үнемі білгенін дамытып отыратынын, үлгі-өнегесін уағыздайды. Зиялы тұлға қайырымды, мейірімді болады. Ол басқаларға барынша жақсылық жасауға тырысады. Ұлағатты іс-әрекет жасап, ұрпаққа үлгі өнеге көрсететін зиялы тұлғаны «елдің ері зиялы, ел үшін жанын қияды» деп, халық құрметтейді. Зиялы адам – ұжымшыл. Ол ұжымдағы барлық әрекетке басшы болып, ұйымдастыра біледі. Ұжымының бір мүшесі ретінде әрбір істі жауапкершілікпен орындайды. Зиялы адам – мәдениетті. Ол ұлттық мәдениет пен өнерді жақсы біледі. Мінез мәдениеті, сөз, тұрмыс мәдениеті бойынша, ол басқаларға үлгі көрсетеді. Зиялы деген атау біреуге мінездеме бererде, біреуді таныганда қолданыла бермейді. Бірақ 15 томдық сөздікте зиялы сөзінің мағынасы «ізетті, әдепті, сыпайы» деп ашылған да, *«Қызыңыз сондай*

өңді, сондай ***зиялы*** *бала»* деген М.Мағауиннің «Көк мұнар» шығармасынан мысал келтірілген. Сонда жалпы бұл сөз жеке адамға қатысты сипат ретінде басында қолданыла берген сыңайлы. Ал қазіргі уақытта зиялы – интеллигент сөзінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде заттанып кеткендіктен бұл қызметте белсенді жұмсалмайды.

«Әр пенде үлкен табысқа, бақыт-байлыққа, ұлы істерге, биік мәртебеге, жақсы сый-құрметке, береке-бірлікке, жағымды, дұрыс қарым-қатынасқа, арман-тілекке, мақсат-мұратқа, достық байлауға, махаббат жарасымына, жарасымды жанұяға, сүйкімді ұрпаққа жағымды, жақсы, жарасымды, кең пейіл, сұлу мінезімен ғана жете алады. Мінез – адам баласының бағын ашатын, бақытқа қолын жеткізетін, құрметке бөлейтін, сыйға кенелтетін алтын кілт...» [5, б. 343-353] деген сөз негізінен зиялы адамға қатысты айтылған, зиялылық мінездің сипаты болып табылатынын көрсетеді.

АЛҒЫРЛЫҚ немесе пысықтық ұғымы табиғаты сабырлы, момын халыққа үйлеспейді дегенмен, сан жағынан алдыңғы орында болды **(60):** *алғыр, алымды, аттыға [аяқтыға] жол, ауыздыға сөз бермеген, аузының [қолының] ебі бар, әбжіл, әрекетшіл, бастамашыл, ебдейлі, ебдейсек, ебедейлі, ебсекті, епті, епшіл, есіктен шықса тесіктен, тесіктен шықса есіктен келетін, еті тірі, жалын атқан, жанып тұрған от, жүзіктің көзінен өтетін, жытқыр, зерек, икемшіл, ненің көзінен өткендей, қимылы ширақ, қолды-аяққа тұрмайтын, қуды мініп, құланды құрықтайтын, қунақы, қыранкерей, майлығы мен сулығына бірдей, майлық пен сулыққа бірдей, мақсатқа талпынған, мақсатшыл, мұратшыл, ниетті, өзін-өзі сынай алатын, пайдакүнем, пайдашы, пайдашыл, пысық, сақұлақ, сеп-сергек, сепшіл, сергек, табыскер, талағында [талағының] биті бар, тапқыр, тапқыш, тасбақаның аузынан шөп алған, тасқайнат, тез қабылдағыш, тоқтамға келе алатын, тұтымды, ұғымпаз, ұғымтал, ұғынғыш, ұшқыр, шалғыр, шалымды, ширақ, шөгел, шып-ширақ.*

Бұл топта жағымды да жағымсыз да мінез сипат ретінде аталып кететін бірліктер бар. Мысалы, *Жазушы қанша сегіз қырлы, бір сырлы болғанымен оның бір қыры ерекше өткір, ерекше* ***жытқыр*** *болуға тиіс («Соц. Қаз.»). Бұл кемпір ұрғашыдан* ***туған зерек****, Кісі екен оқымысты жөні бөлек. Екеуін бір емшектен емізбеске Алланың бір хикметі болса керек (Ш.Құдайбердиев. Шығ.). Батырды қырық сегіз мың алды таңдап, Қисапсыз қару, қапшық азық қамдап. Қалмастан шаһизадаға ерді бәрі, Өнерпаз,* ***қыран керей****, өңкей саңлақ (Бабалар сөзі). Оқушы шынайы лирик ақынды ойы терең, сезімі нәзік, интуициясы ш* ***алғыр*** *философ деп таниды. Сондықтан одан жаңа ойлар қабылдағысы келеді («Қаз. әдеб.»). Ол дауға да, жауға да алдырмайтын* ***әбжіл,*** *шешен екен (К.Әзірбаев, Аңыз.).* ***Ебдейсек*** *ересектер, тасығалы, шараны шайқап ұстап асығады (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Мұрты түксиген жұқа қабақ мұғалім түйіліп газет оқып отырғанда, қутыңдаған* ***қунақы*** *зиялы жігіт жайтаңдап кіріп келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жиын-тойда өлең айтып, жарқыратып «жол алып» шығуды* ***талағында биті бар,*** *аузының ебі бар жігіттің бәрі-ақ өнер көретін (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).* ***Тасқайнат*** *келіншек осы. Ал пысық болғанда сұмдық («Қаз.әдеб»). Бірақ газет жұмысына* ***шөгел****, қай жерде жүріп жазып*

тастайтынын білмейсің, күн сайын әзіл-оспағы аралас фельетоны бұрқырап шығып та жатады («Жұлдыз»). Дегенмен, қазақ мәдениеті осы сипатты жағымды реңкпен айта ма, жағымсыз деп бағалай ма, біршама түсініксіз. Дегенмен, қазіргі қайнаған өмір ішінде бұл мінезді дұрыс мінездер қатарында бағалап жатқандықтан осы топқа қостық.

Сондай-ақ мына атауларды бірыңғай жағымды мінез қатарына жатқызуға болмайды. Мысалы, *аттыға [аяқтыға] жол, ауыздыға сөз бермеген, аузының [қолының] ебі бар, есіктен шықса тесіктен, тесіктен шықса есіктен келетін, жүзіктің көзінен өететін, иненің көзінен өткендей, қолды-аяққа тұрмайтын, қуды мініп, құланды құрықтайтын, қунақы, қыранкерей, майлығы мен сулығына бірдей, майлық пен сулыққа бірдей, пайдакүнем, пайдашы, пайдашыл, пысық, саққұлақ, талағында [талағының] биті бар, тасбақаның аузынан шөп алған, тасқайнат* деген атаулар адам мінезіндегі еті тірілік, алғырлықты бергенмен жағымсыз сипаты басымырақ. Сондықтан бұндай атауларды бейтарап мәнге де жатқызуға болады.

Сөзбірліктердің саны жағынан келесі орынға топтаған **15** атауды **ЖАҚСЫ** мінез деген ортақ атаумен біріктіруге болады: *алды бар, арты жоқ, асыл жүректі, ашусыз, аялы, жақсы адам, жақсы мінезді, жаманшылығы жоқ, жаны жайсаң, жібі түзу, зілсіз, кексіз, мінезге бай, мінезді, тез қайтатын, ызасыз.*

«Жақсы мінез – жан көркі», «өзі жақсы кісіге – мың кісілік орын бар», «кең болсаң – кем болмайсың», «жақсы – көпшіл, жаман – кекшіл», «ақылды бәрін алақанында ұстайды», «мінезді адам – мінсіз адам», «адам бәрін мінезден табады», «адам мінезінен танылады», «мінезді адам екен», «сырбаз екен», «кең пейілді, дарқан мінезді», «мінезі төр жайлаудай», «жаны тұнық, жарқын жүзді – перизат», «ішіне кеме жүзеді», «алтын адам», «мінезі жібектей», «майда мінез, сылық сөз», «түсі жылыдан түңілме» деген тәмсіл сөздер зиялы кісінің, бойында бар ізгі қасиеттер жинақталған кісінің сипаты болып табылады. Сонда қазақ халқы кек сақтамайтын, ашуы жоқ, кеңпейіл адамды жоғары бағалаған, жақын тартқан.

Халқымыз жақсылықтың нышандары ретінде адалдық, қайырымдылық, арлылық, әдептілік, сыпайылылық, талаптылық белгілерін ұстанған. "Сүтпен кірген мінез, сүйекпен кетеді" – деп білген. "Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа", немесе «жақсының аузынан гүл төгіледі» – деген халық даналығы. Мәшhүр Жүсіп: Бар енді жақсылармен жақындығым // Жаманмен ежелден-ақ жоқ мақұлдығым, – деп жақсы ортада, дұрыс адамдардың ортасында өскенін жазған [20].

Қазіргі заманауи мінез сипатына осы мінездердің жаңа формасы және жаңа атауы ретінде *отансүйгіштік* дәріптеледі. Профессор Қ.Жарықбаев отансүйгіштікті кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен тәжірибесін халық мүддесіне оның игілігіне, яғни адамның кір жуып кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттік борышы деп танып, адамның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім екенін, отаншылдықтың атамекенге деген сүйіспеншіліктің негізгі мазмұны, имандылық пен кісіліктің басты белгісі, басты өлшемі болатынын айтады» [5,

б.343-353]. *Отансүйгіш, елжанды, елшіл, жершіл, отанжанды, отаншыл* деген мінездер қазір белсенді қолданыста.

Осы мағыналық өрісте ***мақсаткерлік*** *(мақсатқа талпынушылық), яғни* – «адамның өз мінез-құлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, мұны өзінің ұстаған бағыт-бағдар позициясына, танымы мен сеніміне, асыл арманына бағындыра алушылығы» [5, б. 343-353]. Қазіргі адамды бағалайтын бір өлшем болып табылады. Қ.Жарықбаев адамның мақсатынан ауытқуы, бос белбеулікке салынуы – ар-намыс пен ожданға сыйыспайтын қасиет екенін, мақсаткерлік – тек бір іспен өне бойы шұғылдану, онымен ылғи да әуре болып жүру емес ғана, соны қайткенде де орындап шығуға мықтап берілу, бір істі нәтижелі етіп тындыру екенін анықтайды. Мұндай кісінің өзіне жүктелген тапсырманы да мүлтіксіз, сапалы етіп орындап шығуды жан-жақты ойластыратынын, осы жолда творчестволық белсенділік көрсететінін, әрбір ісін түпкі көздеген мақсатымен байланыстырып отыратынын өте орынды көрсеткен. «Мақсатсыз өмір сүрген адам неткен бейшара” деген И.С.Тургеневтің, “Адамдарды алдына қойған мақсатына қарай бағалау керек” деген Миклухо-Маклайдың сөздерін келтіре отырып, адамның мақсаткерлік қуаты, үміт – арманы, алға қарай ілгерілеу талабы неғұрлым биік болса, оның қабілет, таланты да өміршең болып келетінін айтқан. Мақсаткер адам бықсу дегенді білмейтінін, қашан да мақсаты үшін күресетінін айтқан [5, б. 343-353]. Ендеше мақсаткерлік қазіргі айтқан бетінен қайтпайтын, қайсарлық, батылдық, батырлықтың жаңа сапасы болуы мүмкін. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *мақсатшыл* деген сөз «Мақсат қойғыш, талапты» деген анықтамамен берілген. Яғни жігерлі, талапшыл адамның сипаты көрінеді.

Дәстүрлі қазақ қоғамының мүшелерін шешен деп бағалау қалыптасқан стереотип болғандықтан **ШЕШЕНДІК** ұғымын беретін сөздер мен тіркестердің біршама болуы заңды. Жалпы саны – **34**, қатары мынадай: *айтқыр, айтқыш, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін, әңгімеқұмар, әңгімешіл, ділмар, ділуар, жез таңдай, кеңесімпаз, көп сөйлегіш, орақауызды, оттілді, сайрауық, сөзге жүйрік, сөзге шебер, сөзгер, сөзден мүдірмейтін, сөзуар, сөзшең, сөзі өтімді, сөйлегіш, сөйлемпаз, сөйлескіш, сөйлеуік, сужұқпас шешен, суырып салма, сылдыр көмей, тақылдағыш, тақылдақ, тақылдауық, тіл тапқыш, тілмар, тілінен бал тамған, шешен.*

Мысалы, ***Айтқыр*** *деп сені кім айтар Көп алдында сөзіңді – Күйбеңдеп жатсаң айта алмай (Базар жырау, Шығ.). Ноғайбай орта бойлы, өткір көзді, алғыр сөзді, сауатсыз болса да өте* ***ділмар****, шешен кісі бопты (К.Әзірбаев, Аңыз.). Данышпан, білгір халықтан,* ***ділуар****, сөзгер топтан, үлгілі жолгер қарттан шығады, – депті («Қаз. әдеб.»). Өзге үлкедердің ішінде Абайға, әсіресе, көңіл бөлген* ***сөзуар****, жарқын жүзді Қаратай (М.Әуезов, Абай жолы).*

Мұндағы *айтқыр, айтқыш, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін, ділмар, ділуар, жез таңдай, көп сөйлегіш, орақауызды, оттілді, сайрауық, сөзге жүйрік, сөзге шебер, сөзгер, сөзден мүдірмейтін, сөзуар, сөзі өтімді, сөйлегіш, сөйлемпаз, сөйлескіш, сөйлеуік, сужұқпас шешен, суырып салма, сылдыр көмей, тақылдағыш, тақылдақ, тақылдауық, тіл тапқыш, тілмар, тілінен бал тамған,*

шешен деген атаулардың барлығы айтумен, сөйлеумен байланысты болатыны түсінікті.

Маслова мәдениеттің тұрақтылығы, оның өміршеңдігі оның бірлігін, тұтастығын анықтайтын құрылымдардың қаншалықты дамығандығына байланыстылығын айтады. Стереотиптерді қалыптастыруда өмірдегі құбылыстардың пайда болу жиілігі маңызды рөл атқаратынын, көбінесе бұл объектілер басқалармен салыстырғанда ұзақ уақыт байланыста болатынын, бұл ұқсас объектілердің стереотипіне әкелетінін айтады [32, б. 86]. Және сол сипаттарды атайтын атаулардың да көптігі көрсетеді дер едік.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ (33) концептісін де кішігірім дей алмаймыз. Бұл ұғымды ашатын атаулар: *адамгершіл, адамжанды, адамшыл, ашық райлы, аяғыш, есіркегіш, ет-жүрегі елжіреген, жанашыр, жаны ашитын, жәбірсіз, зәбірсіз, қайырымды, қайырымшыл, қайырымы бар, қайырымы мол, марқабатты, мейірбан, мейірбанды, мейірбаншыл, мейірқанды, мейірлі, мейірі [көңілі] түскіш, мейірімді, мейірімшіл, мүсіркегіш, өңі жылы, рақымды, рақымшыл, сақуатты, фазылатты, шапағатты, шапағатшыл, шарапатты* деген сөздер және сөз тіркестерінен тұрады.

Мысалы, Біз бір шешеден екі қыз едік, әпкем екеуміз тете өстік. Дүниеде ***жанашыр*** *жалғыз жақыным да, қамқор досым да сол әпкем еді (З.Шүкіров, Ізгілік). Мен де сені келешекте ақылы алдында, ашуы соңында жүретін* ***зәбірсіз*** *жан бола ма деуші едім (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Мектеп-интернат тәрбиеші, ең алдымен,* ***мейірлі*** *ана да ата, өтезор үлгілі ұстаз (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сол кезде бір бай болған Балпаң атты. Кісі еді даңқы шыққан салтанатты. Ешкім жоқ кіші жүзде одан озар Әрі ер, әрі жомарт* ***сақуатты*** *(Құл мен қыз, БЖ). Алдырып аш-арыққа берді бөліп, Патша еді* ***фазылатты*** *дәті берік (Т.Ізтілеуов, Тұтқын қыз).*

Ә.Қайдар “Қазақ – өз жетім-жесірлерін тентіретпеген, ел аралатып, қайыр сұратпаған халық деген Досмұхамбет Кішібековтің сөзін келтіре отырып, қазақ арасында да жетім- жесірлер болған, болып та келеді. Бірақ ертеректе қазақтар жетім балалары мен жесір әйелдеріне өз қамқорлығын жасап отырған. Өйткені қайырымдылық қазақ менталитетінің бір қыры деп көрсетеді автор. Шынында да, ертедегі қазақ қауымында қалыптасқан дәстүр бойынша күйеуінен айырылып, жесір қалған әйелді “Ерден кетсе де, елден кету жоқ” деп, басқа жаққа жібермеген, жетім қалған баласына жақын ағайын-туғандары қамқорлық жасап, өсіп, ержетуіне жәрдем беріп отырған; жақын адамының ел кезіп, тентіреп, қайыр сұрап жүруі туыс-жақындарының бетіне салық болып, намысына тиетіндей ұят болған дейді [59, б. 86].

Қазақ мінезіне тән жақсы сапалардың бірі – мейірімділік пен ізгілік. «Осы екі қасиет – басқаларға (әке-шеше, ағайын, туыс, таныс т.б.) көңіл бөлу, олардың сеніміне ие болу, айналасындағылармен өзара дұрыс қарым-қатынас жасау, адамға эмоциялық жағынан тиімді. Кісінің шат-шадыман тіршілігі үшін маңызды. “Мейірімділік, – деп жазды К.Бови, – мылқаулар сөйлей алатын, кереңдер ести алатын тіл”. Өте тауып айтылған сөз. Әрине, бізде ылғи адамға көмектесуге жағдай бола бермейді, уақыт та жетпей жатады. Ал айналаңдағы

адамдар, әсіресе, егде тартқандар, өзіне көңіл аударғанды ерекше бағалайды. «Ең үлкен сән-салтанат, – деп жазды Экзюпери, – адамдардың қарым-қатынасының салтанаты». «Адамда қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретін ой мен іс – *ізгілік* деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу – адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе" (М.Жұмабаев). Үйде де, түзде де кісіге ізгілік, имандылықпен қарап, оның қамын ойлау, оған мейірімділік пен мейірбандық білдіру, жанашырлық пен қамқорлық жасай білу кісіліктің, ұнамды мінездің көрінісі» дейді педагогика саласының ардагері [74, б. 13-18]. Бұл адамшылықтың айырылмас бір сапасы.

Тұрақты тіркестер мен метафорадағы бекітілген мәдени коннотациялар өздері білімге айналып, өздері когнитивті дамудың көзі болады. Сондықтан фразеологиялық бірліктер мен метафоралар мәдениеттің экспоненттеріне айналады. Метафора қоғамның бар саласына, тілге, мәдениетке, ғылымға, өмірге, бүкіл әлемге енді. Метафораны адамның генезисімен және адам мәдениетімен байланыстыруға болады. Прото-тіл, протокоммуникация метафоралық деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін екенін айтады ғалымдар. Көптеген лингвистер бүкіл тіліміз метафоралардың зираты дегенді айтады дейді. Метафора мәселесі екі мың жыл бойы ақыл-ойды толғандырғанымен, ол көбінесестилистикалық құрал немесе көркемдік құрал ретінде қарастырылғанын, тек соңғы онжылдықта лингвистер мен философтардың назары метафораның онтологиясын зерттеуге ауысқанын айтады [44, б. 68].

Қазақ лингвомәдениеттанымдық концептісінің бірі – *бауырмалдық* болып табылатыны белгілі. Бірақ бұл концептіні таңбалайтын аталымдар саны аса көп емес деуге болады. Бұл жеке тұлғаның мейірімділігінен, қайырымдылығынан, қамқорлығынан, сүйіспеншілігінен, ынтымағынан туатын ұлттық мінез екеін белгілі.

Қазақы тәрбиеде отбасындағы әр адам бір-біріне бауырмашыл болуы керек, ағаның ініге, қарындасқа деген, әпкенің ініге деген, сіңліге деген бауырмашылдығы сөзбен де, іспен де көрінуі қажет. Әсіресе, бірінші үлкеннің кішіге деген қайырымдылығы кішінің мейірімін арттырады. Отбасында бауырмал адам үлкенге де, кішіге де, досқа да, жолдасқа да, жалпы адамзатқа қамқоршы болады. Ата-ананың балаға деген қамқорлығы, баланың ата-анаға деген қамқорлығы қазақ халқында ұлттық тәрбие арқылы қасиетті ұғым ретінде қалыптасқан.

Кейде бұл қарым-қатынас өзара «әкетайым», «анашым», «ағатайым», «әпкетайым», «айналайын», «алтыным», «күнім» деген сөздер арқылы да тілмен айтылып, кейде айтылмай-ақ жүрекпен сезіледі. 15 томдық сөздік бойынша бұл концептіні беретін лексемалар мен тіркестер мынадай: **БАУЫРМАЛДЫҚ (28):** *бауырмал, бауырмашыл, ежекті, жақын тартқыш, жақын-туысшыл, жақыншыл, жанасқыш, жанашыр, кірімді, кірімтал, кісіге жақын, қамқор, қамқоршы, қамқоршыл, орамды, панашы, панашыл, тартымды, үйір, үйіргіш, үйірқұмар, үйірсек, үйіршіл, үйірілгіш, үйірілуге құмар, үйірілімпаз, үйірімді, іші-бауырға кіргіш / енгіш.*

Мысалы, *Нағашым бір он шақты үй, кедей ауыл, Әйтсе де бізді өмірде етпейді ауыр.* ***Ежекті****, ер жүректі жігіттері Мен түгіл бөтенді де етер бауыр (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Аңдыса сөйлессе де, Нұрым бірден-бірге қара жігіттің ақылды және адамға аса* ***жанасқыш*** *екеніне көзі жете бастағандай болды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Қонақ* ***кірімді*** *екен. Үй иелерінің қабағына, қалжыңына рахаттанып, бұрын көрісіп жүрген адамдай, әңгімеге араласып кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл). Ол жұрттың бәрімен тез тіл таба кететін* ***үйірсек*** *жан еді (С.Мәуленов, Шыңдағы шұғыла).*

Бауырмалдық концептісін аша түсетін тағы бір макроконцепті – **АҒАЙЫНШЫЛДЫҚ.** Тілдік бірліктері **(22):** *ағайыншыл, бірауызды, елжанды, елшіл, жанашыр, жершіл, жұртшыл, көпшіл, көпшілікшіл, қауымшыл, қоғамшыл, ортақшыл, орташыл, отаншыл, рушыл, туысқаншыл, туысшыл, ұжымды, ұжымшыл, ұйымшыл, халықшыл, ынтымақты.*

Мұндағы *туысшыл, туысқаншыл* сөздері *бауырмал* сөзіне анықтаушы, соның бір белгісін айқындаушы түрінде айтылады. *Ағайыншыл* сөзі де сондай қызметте дүниеге келген. Мысалы, – *Е, өзің емес пе* ***туысшыл****, шақырып жүрген, – деп Қабекең шалып өтті оны (Х.Рахимов, Қызғалдақ). Әлімхан әрі* ***туысқаншыл****, әрі балажанды адам еді (Ж. Жұмақанов, Солдат.)* [77].

Мұндағы *қоғамшыл, ұжымшыл, ұйымшыл* сөздері туыстық мәндегі ағайыншылдыққа жатпайды, бірақ дәстүрлі қазақ қоғамында бұл атаулар да ағайыншылды бере білген. Ал қазіргі уақытта ресми-іскери қатынастағы қоғам мүшелерінің арасындағы қатынасты атап кеткен.

Академик Ә.Қайдар «Қазақ – туысқаншыл, бауырмал халық» деген ел аузындағы нақыл сөзді былай талдайды: «<қазақтың бұл ерекше көзге түсетін ежелгі қасиеті. Бұл қасиеттің төркіні жеті атаға толмай қыз алыспайтын салтында жатыр. Жеті атаға дейінгі ұрпақ ертеде бөлінбей бірге өмір сүрген, туысқандық сезім, өзара сый-құрмет, бауырмалдықтың дәстүрге айналуына себеп болған. Туыстық қатынас пен жақындықтың, сүйек шатыстықтың иерархиясы жүйелі түрде таратылып, олардың әрбір түріне мән беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, дәстүрге айналуы халықтың бұл қасиетін осы күнге дейін шыңдай түсуде. Ер-азаматтың өз елін, туыстарын, нағашыларын, жас келіннің төркінін сыйлауы, т.б. – керемет дәстүр>» дейді ғалым [1, б. 137].

Сондай-ақ «Қазақ – алыс-жақын көршілеріне бауырмалдығымен, кеңдігімен танылған халық» деген С.Әсіпұлының сөзін былай талдайды: «<бұл жерде қазақтардың басқа (көрші, келімсек, сіңбе, ауып келген, т. б.) халықтарға, ұлт өкілдеріне ұнайтын ақжарқын, қарапайым мінез-құлқы, құшағын жая қарсы алатын қонақжай әдеті, қолынан келген жәрдемі мен көмегін аямайтын бауырмалдығы сөз болып тұр. Шынында да, әртүрлі саяси, тарихи себептерге байланысты қазақ жеріне келіп уақытша қоныстанып, көбісі тұрақтап қалған басқа ұлт (неміс, корей, еврей, шешен, ингуш, қарашай-балқар, орыс, т. б.) өкілдерінің жағдайы жұрттың бәріне белгілі және қазақтың бұл “бауырмалдығы мен кеңдігі” туралы көбінесесол халықтардың өздері айтатыны да мәлім>» [1].

З.Ахметжанова жеті жасар Г.Бельгер үшін бөтен қазақ ауылы қалай өз ауылы болғанын сипаттағанын жазады. Г.Бельгердің өзі "Ауыл" эссесінде:

"Ауыл – менің ауылым, менің тірегім, менің қорғаным, менің үйім, мен мұнда жоғалмаймын, олар маған қамқорлық жасайды, қиыншылыққа мені қалдырмайды, мен осы отбасының мүшесімін, осы ауыл, менің алдымдағы ауыл, мен оның алдында жауап беремін, егер мен ұят нәрсе жасасам, мен ата-анамды ғана емес, өз ауылымды да ұятқа қалдырамын, Әбілмәжин, Ахалия, Омар, Коспан, Жайлаубай, Нұрқан, Қали, Сейтхожалардың көзіне қарауға ұяламын деп жазғанын келтіреді. Бауыржан Момышұлымен танысу жағдайын сипаттайтын үзіндіде қазақтардың Бельгерді қабылдауы былай көрсетілген: "Ол аудармашы. Біздің бала, қазақ мектебін бітірген. "Жұлдызда" жұмыс істейді. Немыс" [46, б.100].

Бауырмалдық мағынасынан шығатын *көпшіл, сыйымды* деген ұғымға жинақтала алатын мынадай да мінез сипаты атаулары бар. **СЫЙЫМДЫЛЫҚ *(14):*** *бүйірлі, ел-жұртқа жағымды, жағымды, жағымтал, жарасымды, жұғымды, қадір тұтқыш, қастерлегіш, құрметтегіш, сый-құрмет көрсететін, сыйлағыш, сыйшыл, сыйымды, үлпетті.* Сөздікте келтірілген сөйлемдерді көрсетейік: *Аталы сөзді айтқан жұртқа **жағымтал** Шыман төре еді (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). Сыпайы адам сынық мінезді, көпке **жұғымды** сүйкімді атанады (М.Әлімбаев, Тәрбие). Сыпайы болсаң, елге **сыйымды** боласың (Ғ.Мүсірепов). Жұмысты жүдә жақсы көрген кісі **үлпетті** болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).*

Қазақ мәдениетінде **ЖОМАРТТЫҚ (28)** аса дәріптеледі. Жоғары бағаланады. Жомарттық кеңпейілділікпен, ашықтықпен қатар айтылады. *Алақаны кең, атымтай жомарт, ашық қолды, әйнек көңілді (поэт.), береген, берекелі, дарқан, дүниеге кең, дүниенің бетіне қарамайтын, етек-жеңі кең, жомарт, кең етек, кең, көңілі дарқан, қасым жомарт, қолы ашық [жазық], қолы мол / мол қол, қолы сақи, қос етегі кең, мәрт, мырза, пейілі кең, сақи, сақы, сахаби, сахауатты, сахи, шашпа* атаулары градациялық өршу ретімен орналасқан. Сонда қазақ үшін жомарттықтың базасында алдымен көңілдің, пейілдің кеңдігі тұрады. Мысалы, *Дәулеті мол, дастарханы бай, **алақаны кең** болсын деп қойған ғой бұл атты (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Айнымайтұғын нағыз еркектің елі бар, Ауылым менің жидесі тәтті, жері бал. Әйел де керек, **әйнек көңілді** жақсы әйел, Достарың келсе, төркінім келді деп ұғар (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). **Етегі кең** ел үшін, Ерлердің туған жері үшін (Н.Байғанин, Шығ. жин.). Ол – тірісінде де талайға ыстық та көлеңке болған, суықта жылуын тигізген қайыры мол, **сақи** адам еді (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Бұл патшаның қуаты Күннен-күнге артылған. **Сахауатты** тәңірі-ай, Дұшпанның оты қау жанып, Бұқарамыз шарпылған (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).*

Маслова фразеологизмді мәтін, мәдени ақпараттың қоры деп атаған. Фразеология мәдени-ұлттық дүниетанымның элементтері мен ерекшеліктерін жаңғыртып қана қоймай, оларды санада қалыптастыратынын айтқан. Тұрақты тіркестер тікелей (денотатта) немесе жанама түрде (эталон, рәміз, стереотип байланысы арқылы) әлем, қоғам туралы мәдени ақпаратты алып жүреді. Сондықтан тұрақты тіркестер бұл халықтың менталитетін, мәдениетін ұрпақтан-

ұрпаққа сақтайтын және жаңғыртатын "даналықтың қоймасы" дегенді айтады [44, б. 67].

Қазақ тілінде ЖОМАРТТЫҚ пен САРАҢДЫҚ бинарлы атаулары концепт дәрежесіне көтерілген ұғымдар өзара оппозит түсініктер. Бұл атаулардың баюына прецедентті мәтіндер мен есімдердің болуы да әсер етті. Мысалы, Қасым жомарт, Атымтай жомарт туралы Н.Уәли «Қазақ аңыз, әпсаналарында дүниеде жомарттықтың екі түрі баяндалады *пейіл жомарт* және *дүние жомарт*. Пейіл жомарт деп қолында дүниесі жоқ болса да, туа біткен ниетке жомарт адамды айтады екен. Ы.Алтынсариннің көрсетуі бойынша: *«Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс жасайды екен. Бір күні одан өзінің жақын таныстары сұрапты: «Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйте тұра жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не?» Сонда Жомарт: «Бұған төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді, сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқам. Екіншісі бар бола тұрып жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі күн сайын өз бейнетімен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәм тәтті, әрі сіңімді болады екен. Төртіншісі құдай-тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын»* – деген екен.

Дүние жомарт деп қиналған жандарға дүние-мүлкін аямай, молынан беретін мырза адамды айтады. Ол қолында болса беріп, жоқ болса *«жоққа жүйрік жетпейді»* деп қарап отырған**.** Дүниеге жомарт бұндай адамды Қасым жомарт деп, хикая-дастандарға арқау еткен. Сол жайында бір қиссада былай баяндалады: *«Кедей жігітке патшаның қызы жер астында тығулы қазынаны сыйлайды. Жігіт ол қазынаны сұраған жандардың барлығына үлестіріп, тауысады. Сөйтіп Қасым жомарт атанады».* Жомарттық этикалық категория ретінде қалыптасты. Ол адамды қайырымдылыққа, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді. Діни хадистерде *жомарттық – мұқтаж жандарға алғыс немесе мақтау күтпей жәрдем беруді білдіретін жоғарғы адамдық қасиет* деп суреттеледі. Жомарттық дәстүрлі қазақы ортадағы әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыратын, әрі реттеп отыратын моральдық-этикалық мәнді нормалар мен принциптердің қатарына жатады» [54].

Бұл атаулар бүгінде өмірде болған адамның есімінен гөрі абстракті, жалпы атау түрінда жалпы көпшілік санасында қалыптасып кетті. «Мәтіндегі сөзбе-сөз мағынаның қалтарысында оқырманның есіне түсетіндей немесе ассоциация тудыратындай, сезіміне әсер ететін прецедентті мәтін немесе прецедентті атаулар болады. Мысалы, «айта-айта Алтайды десе» прецедент автордың нені меңзеп тұрғаны оқырманға белгілі, қайта айтыла беріп, мезі болған нәрсе екенін адресат бірден түсінеді. Өйткені «Алтай» әні, ал әнді айтушы жөнінде

адресаттың білімі бар. Автор мен адресатқа ортақ білім қоры болғанда ғана прецедентті мәтіннің әсері айрықша болады. *Бәрін айт та бірін айт, даудың басы* деген көркем әдеби прецеденттер газет, радио,= телехабарлар тілінде оқта-текте кездесіп отырады» деп Н.Уәли айтқандай [54, б. 46], атымтай жомарт, қасым жомарт атаулары бүгінде тұрақты тіркес қызметінен тіпті атау қызметіне ауысты. Оған прецедентті атау болуы негіз болды.

Ә.Қайдар қазақ өзім дегенге өзегін суырып беретін, сыйлы қонағына астындағы мініп жүрген жалғыз атын жайратып сойып тастайтын, не тамырына сыйға тартатын; жылы-жұмсақ тамағын өзі жемей сақтап, қонағының алдына тосатын, “ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” дейтін көңілі дарқан, кеңпейіл халық екенін сипаттайды. Бұл әдеттері де қазақтың өзіне ғана тән қасиеттерін сипаттайды, жаны жомарт, өзі мәрт халық екенін көрсететінін айтады [1, б. 94].

Жомарттықпен қатар аталуы тиіс **КЕҢПЕЙІЛДІЛІК** концептісі де біршама атауға ие **(14):** *алды кең, бейғам, дүниеге кең, ежекті, етек-жеңі кең, кенен, кең қолтық, кеңпейілді, кешірімді, кешірімпаз, кешірімшіл, қайтымды, пейілді, пейілі кең.* Мысалы, *Нағашым бір он шақты үй, кедей ауыл, Әйтсе де бізді өмірде етпейді ауыр**. Ежекті,** ер жүректі жігіттері Мен түгіл бөтенді де етер бауыр (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Баяғы бір кеңдік, еш нәрсені елемеушілік, **кең қолтық** сияқты белгілі қалыптан басқа түк із жоқ (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).*

Ә.Қайдар қазақ – құдайы қонағына астындағы жалғыз атын сойып тастайтын жомарт халық деген тәмсілді қазақтың жомарттығын бұлайша сипаттау – әсірелеу емес, ертедегі қазақтар салтында болған басқа туыстас түркі халықтарда кездеспейтін, жақсы дәстүр, жомарттықтың шыңырау шыңы екенін айтқан. Өзім дегенге өзегін суырып беретін, сыйлы қонағына астындағы мініп жүрген жалғыз атын жайратып сойып тастайтын, не тамырына сыйға тартатын; жылы-жұмсақ тамағын өзі жемей сақтап, қонағының алдына тосатын, “ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” дейтін көңілі дарқан, кеңпейіл халық екенін, бұл әдеттері де қазақтың өзіне ғана тән қасиеттерін сипаттайтынын, жаны жомарт, өзі мәрт халық екенін көрсететінін айтады [1, б.89]. “Қазақ – кеңпейіл, кең қолтық халық” деген сөз де бар.

Тұтынғандарына ұқыпты, ісіне жауапты, тындырымды қасиетті көрсететін атаулар да қазақ тілінде біршама бар болып шықты, біз оларды **ҰҚЫПТЫЛЫҚ** аясына топтадық **(27).** Олар: *абайлағыш, жауапкер, жауапкершілігі жоғары, жауапты, жеделсіз, жинақы, жып-жинақы, құнтақты, құнтты, мұқият, мұқиятты, тағайынды, талғағыш, талғамды, талғампаз, тастұйнақтай, тиянақты, тұрлаулы, тындырымды, тындырымпаз, тынымды, тыңғылықты, тіректі, ұқыпты, үлгілі, үнемшіл, ықтиятты.* Мысалы, *Істеген ісіне **жеделсіз** адам (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Бұл еңбекқор, **құнтақты**, тыныштық сүйгіш халық еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жоқты бар етіп, ұқсата білетін, үй іші тіршілігіне **құнтты,** алтын саусақ әйелдер болады ғой (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Жаттықтырушы өз ісіне әбден берілген, **ықтиятты,** тәжірибелі болуы керек (О.Жарылғапов, Волейбол.).*

Ұқыптылық жинақылықпен байланысты: *абайлағыш, жинақы, жып-жинақы, құнтақты, құнтты, мұқият, мұқиятты, талғағыш, талғамды, талғампаз, тастұйнақтай, тиянақты, ұқыпты, үлгілі, үнемшіл;* тынымдылықпен байланысты: *тұрлаулы, тындырымды, тындырымпаз, тынымды, тыңғылықты, тіректі, ықтиятты.*

Маслова адамдардың өздері туралы не ойлайтынын көрсететін автостереотиптер және басқа халыққа қатысты гетеростереотиптер бар екенін және олардың өте маңызды екенін айтады. Мысалы, бір халықта ұқыптылықты білдерітен мінез, екінші бір халық үшін сараңдық болып табылуы мүмкін дейді [44, б. 84]. Сол сияқты мысалы, үнемшілдік дегенді сараңдық емес, ұқыптылық екенін қазақ халқы енді бағалап жатқанын айтуымызға болады.

Қазіргі қоғам мүшелеріне баға бергендезаманға сай атаудың басқа тілдік бірлігі шыққан. Ол – *жауапкершілігі бар, жауапкершілігі жоғары* деген атаулар**.** «*Жауапкершілік – б*ұл адамның үй іші, әке-шеше, тума-туысқандарына қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет. Мұның негізінде өзін әлпештеп, адам етіп өсіргендердің алдындағы жауапкершілігін бар санасымен терең аңғара алып, түсіну, бұл парызы мен қарызын қалай ақтау жолын ойластыру» [5, б. 343-353]. Сондықтан сөзі шынайы, берген уәдесіне берік, айтқан сөзінен айнымайтын, өзінің борышы мен жауапкершілігін біліп жүретін адамға ел сенеді. Кісілігі бар деп атайды. Ал оны ресми-іскери қатынаста *жауапты, жауапкершілігі бар, жауапкершілігі жоғары немесе жауапсыз, жауапкершілігі жоқ* деп атайды. Бұл, бір жағынан, орыс тіліндегі *ответственный* деген сөздің аудармасы түрінде пайда болған сөз. Дегенмен қазіргі іскерлік ортада жиі қолданылатын мінез сипаты атауы болып, тіліміздің табиғи жолымен жасалған бірлігі ретінде қабылданып кетті. *Жауапты* деген сөздің 15 томдықта мінезге қатысты мағынасы көрсетілмеген, тек «міндетті, борышты; жауап беретін, айыпты, кінәлі; негізгі, басты, маңызды» деген ғана мағыналары бар. Ал *жауапты, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын* деген басты мағынасы бар [78, б. 203].

Жағымды мінез сипаттарының келесі топтарын қатарластыра қойсақ, олар **НАМЫСҚОЙЛЫҚ (24):** *арланғыш, арлы, аршыл, арынды, арыны күшті, жалынды, жүрегінде жалын бар, жігерлі, жігерімен тасты үгіткен, кеудесінде оты бар, көзінде оты бар, көкірегінде [кеудесінде] оты бар, меселді, мұратшыл, мүддешіл, намыскер, намысқой, намысқор, намысты, намысшыл, рухтанғыш, рухтандырғыш, рухты, шабытты.* **ӘСЕРШІЛДІК (20):** *ақынжанды, арқасы бар, әсерленгіш, әсершіл, әуесқой, елтігіш, еліккіш, еліктегіш, еліктемпаз, жүрегі нәзік, құмарпаз, құмартқыш, қызыққыш, махабатшыл, нәзік, өз әлемі бар, өлеңшіл, өнершіл, сыршыл, таңсыққой.* **ӘЗІЛҚОЙЛЫҚ (19):** *әзілдегіш, әзілкеш, әзілқой, әзілқұмар, әзілшең, әзілші, әзілшіл, күлдіргіш, күлегеш, күлешек, күлкішек, күлкіші, күлкішіл, күлімпаз, қалжыңбас, қалжыңқой, қалжыңшыл, қу тілді, қуақы.*

Ал **ШЫНШЫЛДЫҚ,** шынайылық қазақ мінезінің жақсыатты болып көрінуге бейжайлық, қалай бар, солай болып көрінгенді жанына жақын көретін, егер жақсы атты болуға ұмтылушылықты көрсе, қаны қараятын, жаны

қаламайтын болмысынан шығады. Адалдық – сөздің таным мен сенімге ұштасуы, оның іс-әрекетке қайшы келмеуі. Шыншылдық адамның азаматтық борышына, ар-ожданына қалтқысыздығы. Адал да шыншыл, әділетті болу — еңбек пен білім алуға, жалпы іс-әрекетке дұрыс көзбен қарау, инабатты, тіршілікте тиянақты, принципті болу деген сөз. Адалдық пен шыншылдық бар жерге кісі әділетті де, кішіпейілдік пен қайырымдылық, қарапайымдылық етіп жүреді, бұлар кісінің аты мен абыройына дақ түсірмейді. “Сырты бүтін, іші түтін”, яғни босқа көлгірситін көзқарас пен мінездегі түрлі жалған көріністер (екіжүзділік, жарамсақтық, жалтақтық, күншілдік, іштарлық, мақтаншақтық, тәкаппарлық т.б.) нағыз адалдық шыншылдықпен еш сыйыса алмауы екенін айтады педагог ғалымдар [75, б. 44-55].

Бұл концептінің тілдік репрезанттары **(19):** *ақ, ақиқатшыл, алақолсыз, әділ, әділетті, әділетшіл, бәріне бірдей, кіршіксіз, қара қылды қақ жарған, мінсіз, пәк, сенімді, таза, тура, турашыл, тік, үзеңгісін тең басқан, шынайы, шыншыл* деген атаулардан тұрады.

Мысалы, *Қадірі қалың, малы көп, Қылмаған кімге себепті?* ***Алақолсыз*** *мырза еді, Кем-кетікті елепті (Абай, Тол. жин.).* ***Қақ жарған қара қылды*** *биің қайда? Ақ орда би түсетін үйің қайда? Салтанат Сарыарқада құрған қазақ, толықсып жүрген кеше күнің қайда? (М.Дулатов, Шығ.). Ертеңіне қалма ұмытып,* ***шыншылым****, Достарыңа бүгінгі күн серт беріп. Сырты дос боп жүрген болса, іші жау – Ондай итке: «Маңайымнан кет» делік (М.Дулатов, Шығ.). Ел қайғысын кім ашар?* ***Үзеңгісін тең басқан*** *Төресі ғаділ хан ашар. Аққа су мен кең қоныс, Түрленген жасыл көк ашар (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).*

Сондай-ақ **ЖАЙЛЫЛЫҚ** сипат та қазақы мінезге тән қасиет **(17):** *байпаң, бал мінезді, жайдарлы, жайдарман, жайдары, жайқар, жайлы, жайраң, жайсаң, жаны жайсаң, жылы шырайлы, жібек мінезді, майда қол, мінезі жайлы, мінезі жұмсақ, мінезі майдай, үйек.* Жайлылықты толеранттылықпен де ұштастыруға болады. З.Ахметжанова толеранттылықтың дифференциалды белгілері қарым-қатынас объектісі – басқа мәдениеттің, басқа этностың өкілі; қарым-қатынас тақырыбы – әртүрлі белгілер түрінде көрінетін айырмашылықтар: тіл, сыртқы келбет, мінез-құлық, әдет-ғұрып және т. б. болса, онда қарым-қатынастың мәні мына алгоритммен көрінетінін айтқан: білу – түсіну – қабылдау – құрметтеу [4, б. 94].

Бір назар аударатыны **ШЫДАМДЫЛЫҚ (17):** *ақпан соқса да өлмейтін, тоқпан соқса да өлмейтін (шыдамды), дәті берік, жанкешпе, жанкешті, жансебіл, жаны берік, жаны сірі, көнімпаз, табанды, тағатты, тауанды, төзгіш, төзімді, төзімпаз, төзімтал, төзімшіл, шыдамды;* **БІРСӨЗДІЛІК (11):** *антына берік, аузына берік, бұқыл, бірауызды, бірсөзді, дәті берік, сенімге берік, сертте тұрғыш, сертшіл, сырға берік, уәдеге берік;* **ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ (9):** *қонақжай, қонақжайлы, қонаққұмар, қонақуар, қонақшыл, меймандос, мейманқор, мейманқос, мейманшыл;* **ЕҢБЕККҚОРЛЫҚ (8):** *(бейнеткер, бір ернімен жер тіреп, бір ернімен көк тіреп, еңбекқор, еңбексүйгіш, қарекетшіл, тынымсыз, шаруақор, шаруашыл)* деген құнды мінез сипаттарының аталымы аз болғаны. Оның бір себебін санасында ерекшелеп айтуды қажет етпейтін,

табиғаты мен болмысына біте қайнасып кеткен сипаттар арнайы атаумен ерекшеленбеуі мүмкін деген ойға да келеміз.

Сонымен, біз диссертацияда қазақ халқының бойындағы өзгеге және өзіне қатысты жағымды мінез атауларын лингвомәдениеттанымдық концептілер аясында қарастырдық. Олар аталым жүйесінің байынан азына қарай былай талданды: *ақкөңілділік, батырлық, ақылдылық, момындық, алғырлық, әдептілік, байсалдылық, білімқұмарлық, шешендік, қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық, ұқыптылық, намысқойлық, ағайыншылдық, әсершілдік, әзілқойлық, имандылық, шыншылдық, жайлылық, шыдамдылық, жақсы, сыйымдылық, кеңпейілділік, бірсөзділік, қонақжайлылық, еңбекқорлық.* Талдау нәтижесінде қазақ халқы өзіне емес, өзгеге қарым-қатынасына қатысты мінез сипаттарын көбірек бағалайтыны белгілі болды. Екіншіден, қазақ мәдениетінде біреудің «мендік» шекарасынан аспау, өзгені өзі тұрғысынан бағалау алдыңғы орында болатыны анықталды. Үшіншіден, қазақ құндылықтар жүйесінде орын алатын концептілер адам мінезіне қатысты концептілер жүйесімен бірдей болатыны айқындалды. Төртіншіден, қазақ ұлтының жағымды мінез сипаттары исламдағы көркем мінез сипатымен сәйкес келетіні белгілі болды. Бесіншіден, адамның табиғи болмысында бар сапалар – шынайылық, салмақтылық, ақылдылық – қазақ мәдениетінде бағаланатын сапалар болып шықты.



Сурет 1 – Жағымды мінез атауларының салыстырмалы сипаты

Ақкөңілділік (97), батырлық (75), ақылдылық (68), момындық (63), алғырлық (60), әдептілік (58), байсалдылық (57), білімқұмарлық (49), шешендік (34), қайырымдылық (33), бауырмалдық (28), жомарттық (28), ұқыптылық (27), намысқойлық (24), ағайыншылдық (22), әсершілдік (20), әзілқойлық (19),

имандылық (19), шыншылдық (19), жайлылық (17), шыдамдылық (17), жақсы (15), сыйымдылық (14), кеңпейілділік (14), бірсөзділік (11), қонақжайлылық (9), еңбекқорлық (8).

2.2 Қазақ мәдениетіндегі жағымсыз мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері

Бұл тараушада алдыңғы тараушада айтылған қазақ тіліндегі жағымды мінез сипаты атауларына қарама-қарсы енді жағымсыз мінез, теріс мінез атауларын, қазақ ұлты құптамайтын, қазақ мәдениетінде теріске шығарылған, барлық ауыз әдебиеті нұсқаларында, паремиологиялық сөздік қорда әрбір тұлғаны сақтандырып отыратын мінез сипатына берілген атаулар туралы және оның лингвомәдениеттанымдық негіздері туралы сөз ететін боламыз. Ол мақсатта алдымен түркі, қазақ жұртының ойшылдары және қазақ халқының ұлттық мінез сипатын зерделеген психология, педагогика мамандарының зерттеулеріне сүйенеміз. Содан кейінгі кезекте жаман мінез атауларының лингвомәдени концептілерін шығарып, құрамына кіретін атаулар мен сөз тіркесі және паремиологиялық корды түгендейтін боламыз.

Алдымен атап айтатын ерекшелік – қазақ тіліндегі мінез сипаты атауларының ішінде жағамсыз мінездердің номинациясы жетілгені, яғни басқа тілдердегідей жақсы мінез атауына *бей* немесе *емес* көмекші сөздері қосылып жасала салмай, жаңа түбірден жеке дара сөз болып жасалатыны. Мысалы, орыс тілінде не префиксі арқылы жасалады: *скромный – нескромный, высокомерный – невысокомерный, тщеславный – нетщеславный, хвастливый – нехвастливый, самоуверенный – несамоуверенный, самолюбивый – несамолюбивый.* Бұнда байқалатыны алдымен жиі көрінген, бағаланған мінез атауы пайда болып, содан кейін сол мінезге қарама-қарсы мінезді жұрнақ арқылы жасаған.

Алдымен дін исламда теріске шығарылған, құпталмаған мінезге тоқталайық. «Аят пен хадисте білдірілген жаман мінез алпыс түрлі. ...сол алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп асылы жеті түрлі мінезден десіпті» Олар: *дінсіздік, өзбілермендік, менмендік, мақтаншақтық, күншілдік, сараңдық, ысырапшылдық.*

Қожа Ахмет Яссауи көрсеткен теріс мінез атаулары да осы дін жолы өсиет еткен мінездерден шығарылады: *«Алланың ақ жолын мойындамау», «өз көркіңе өзің мәз болу», менмендік, дүниеқұмарлық, парақорлық, еріншектік.*

Ұлы Абай жиырма сегізінші қара сөзінде “...Әуелі иманды түзетпей тұрып, қылған ғибрат не болады? ...жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, ауыртқан құдай емес... Байлықты, кедейлікті жаратқан – Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ” – дейді [45].

ХХ ғасырдың басында Міржақып Дулатов (1885-1935) жас ұрпақты мейірімділік пен имандылыққа тәрбиелеуде мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құранның үлгі-өнегеге толы тағылымына баса назар аудару қажеттігін тұңғыш рет баса айтты. Ал Мағжан Жұмабаев өзінің “Педагогикасында”: “...дін сезімдері күшті адам тәңірінің барлығына, құдіретінесеніп, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып,

жауыздықтан безбек” – дейді. Осындай ой-пікірлер қазақтың ойшыл ғұламалары Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтың, т.б. еңбектерінде де жиі кездеседі [79, б. 11-12]

Адам баласы басына пәлені бірінші – мінезден, екінші – тілден, үшінші – әрекеттен табатыны белгілі. «Жетесіз адамдар ояуында ғана емес, түсінде де басқалармен тіресіп, дауласып-жауласып жүреді. Атам қазақ «Жақсы – ісіне сенеді, жаман – түсіне сенеді» дейді. «Көргенді-көргенсіз» дейді. Сын-сипат, тіршілік деген – жанталасу, жан бағу, күресу, озбырланып озу, басқалардың алдында жүру, жол бермеу, өзін зор, басқаны қор санау. Бұл – өзімшілдік. Өзгені ойламау, басқаға жаны ашымау, қадірлемеу, сыйламау, құрметтемеу. Өзінен басқаға жол бермеу. Мұның арысы – тексіздік, ақылсыздық, дәрменсіздік, көргенсіздік» [57, б. 6-25].

Сонымен, қазақ мәдениетінде жағымсыз мінездің қандай түрлерінде номинациялау басым болған не себептен және қандай мәдени негіздері болған деген сұраққа жауап беру үшін «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» онбестомдығындағы барлық мінез атаулары мен тұрақты тіркес және мақал-мәтелдерді жинап, лексика-семантикалық топтарға бөлгенде ең бірінші ТӘРТІПСІЗДІК болмаса **БҰЗЫҚТЫҚ** концептісін шығардық. Мұндағы атау саны өзге топтарға қарағанда жоғары болды.

Олар мыналар **(165 бірлік)**: *а десе, мә дейтін, адуын, адуынды, адыр-бұдыр, ақикөз, ала бүлік, ала жылан, аланиет, аласот, алауыз, апырақ, арам ниетті, арам пейіл, арам пиғылды, арам, атқын, аш бақа, әпербақан, басбұзар, баскесер, бейбас, бет бақтырмайтын, бетпақ, беттен алғыш, бөрібасар, бұзақы, бұзық, бұқа мінез, бүлдіргіш, бүлікшіл, долы, дүлей, есірік, жаналар, жанжалқой, жанжалқұмар, жанжалшыл, жаны қара, жат пейіл, жауыз адам, жауыз, жәбіршіл, жынды, жындыбас, жындысүрей, зиянкес, зорлықшыл, келсең келдің өзі, килігуші, киліккіш, килікпе, көк соққан, көкбет, көкірегі қарау, көр кеуде, қазанбұзар үй тентек, қазанбұзар, қақатұяқ, қан құйлы, қанға жерік, қанқор, қанқұйлы, қансүрек, қаны бұзық, қаны қара, қаныпезер, қанішер, қара албасты, қара жылан, қара пейіл, қарау, қарысқақ, қаскүнем, қастанды, қиық құлақ, қиянаткер, қиянатқор, қиянатшыл, қияңқы, қоскөй, құлқы бұзық, құлқыны жаман, құнезер, қырғи мінез, лаңшыл, лас кеуде, мазақшыл, мерез, мінезқор, ниеті бұзық, озбыр, оқыс мінезді, оңбаған, пасық, пейілі [ниеті] бұзық, сайдақы, сайқал, салдақы, соғысқұмар, содыр, содырлы, содыр-сойқан, содыр-сотқар, сойқанды, соқтыққыш, соқтықпа, соқтықпалы, сотанақ, сотқар, таласқыш, тарпаң тайдай қылтылдап, тарпаң, тарпаңдау, тебіз, теліз, теліт-ентек, тентек, тентек-тебіз, теріс қылықты, тетір мінезді, тетір, тетір-тентек, тозақы, төбелескіш, төбелесқор, ұрда-жық, ұртқал, ұрынғыш, шадыр, шадыр-шәлкес, шайқы-бұрқы, шайлау, шайпау, шақар, шалгез мінезді, шалгез, шалдуар, шалман, шалпы, шалыс, шаптықпа, шапылдақ, шарқая, шарықшы, шата, шатақ, шатаққой, шатаққұмар, шатақшыл, шатыраш, шаш ал десе, бас алатын, шая, шәдде, шәйпі, шәлкес, шәлкестеу, шәлкі, шәлтіріш, шәргез, шырт кететін, шырт сынар, шыртбас, шыртетпе, шыртима, ызбай.*

Қазақ мәдениетінде адамның жақсы-жаманы қанына байланысты, табиғаты, болмысына байланысты түсініледі. Сондықтан бұл топтағы сөздердің біразы қан сөзіне қатысты: *қанға жерік, қанқор, қанқұйлы, қансүрек, қаны бұзық, қаны қара, қаныпезер, қанішер. Мысалы, «Әй, жолың кесілгір, менің жолымды кесіп қайда апарасың. Қанымды ішпекпісің,* ***қанқор!*** *– деді Тоқатай (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). «Сен,* ***қанқұйлы****, тамам елді жылатып болдың ғой, осы итаршылықты қоямысың?.. (М.Әуезов, Абай). Екеуі де жүрген бір қазан бұзар* ***қансүрек*** *(Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш)* [76].

Қанның таза болуы, генетикалық жағынан бұзылмауы ұлт үшін басты белгі саналады. *Қан* қазақ лингвомәдениетанымында қазақтықтың символы ретінде саналады. Қазақ мідениетінде әйел адамның бұзықтығы қанының бұзылып, жеңіл жүріске салынып кетуімен байланыстырылады. Мысалы: *пейілі бұзық, сайдақы, сайқал, салдақы* сөздері осыны дәлелдейді: *Образдар көбінесе хайуандардың өздеріне тән пиғылдарын айқындай түсу арқылы жасалады. Мысалы: қасқыр — зорлық-зомбылық күш, түлкі –* ***сайдақы****, қу; аю – аңқау, алаңғасар ретінде сипатталады (Қ.Сиранов, Кино туралы.). Жастай қосылған қосағым орта жастан асқанда бір* ***сайқалды*** *құшақтап жатқанын көріп, жарылып кете жаздадым әуелгі кезде (З.Ақышев, Ақбел.)* [80].

Мінез атауларының ішінде қара сөзінің де символдық мәні осы бұзықтық концептісіне кіретін сөздерді жасайды. Мысалы: *қара албасты, қара жылан, қара пейіл, қарау*. Жалпы әлемдік мәдениетте де қара түс жеккөрушілікті, қайғы, тіпті өлім символы.

Атауларының жиілігіне байланысты екінші қатарға шыққан жағымсыз мінез атауларын **ЫНЖЫҚТЫҚ** деген топқа, концептіге біріге алады. Ынжықтық дегеніміз біреуге ойын ашып айта алмау, өзіне тиесіліні қайрат көрсетіп, иеленбеу, үнемі айналасынан жасқанып, жасып жүру, өзінесенімсіз болғандықтан өзгеден қорқатын, қолапайсызданып, қорғансыздың күйін кешушілік. Негізінен бала кезде қағажу көріп өскен адам жасқаншақ болады. Өзінесенімсіз болып жүру үнемі тұлғаның сағын сындырады, кейде өмірден соққы көрген адам да, сол соққының зардабын тартып, ынжық болады. Және ынжықтық білімсіздіктен де пайда болады. Іс-әрекетті, әр сипатты толық білмейтін адам, ыңғайсызданып, қорынып жүреді. Бұл топқа жасқаншақтық, жасықтық сипатының атаулары да кіреді. Осы мінез сипатына қатысты қазақ тілінде **100** бірлік жасалған: *айбынсыз, алақарға, арқасыз, аузын буған өгіздей, аузынан сөзі түскен, аумақай, ауызбаққыш, ашықауыз, батылсыз, батылы [дәті] бармайтын, бейқам, бетқақты, божырақ, бозөкпе, болбыр, болпаш, бопай, бопсасыз, боркемік, бос, босбелбеу, бошалақ, былбыр, былжыр, егілшіл, ез, езгек, енжар, есектен де жуас, еті тірі емес, жалтақ, жалтаң, жалтаңкөз, жалыншақ, жалынымпаз, жасқаншақ, жасық, жетесіз, жуас, жүрегі [көңілі] шайлыққан, жүрегі дауалай бермейтін, жібі бос, жігерсіз, жігері жоқ, именшек, итіншек, кеудесінде оты жоқ, көк есек, көнбіс, көнімшіл, көңілі борпылдақ, көткеншек, күйзелгіш, күйрек, күйреуік, қажырсыз, қайратсыз,*

қамшысын алып беруге жарамайтын, қожбантопай, қойнынан бөзі түскен, қойпалақ, қорғалақ, қорғалаң, қорғалауық, қорғаншақ, қорқақ, қорыншақ, қуыс кеуде, қуыс құрай, құнжыт, мәми ауыз, мойығыш, мойылғыш, мұңайғыш, мұңайымшыл, мұңшыл, мұрнын тескен өгіздей, мырың, намыссыз, өлдебар, өлез, рухсыз, сарыуайымшыл, сипақшыл, сиырдың жас боғындай, су мұрын, сүйегі бос, сүйегі жасық, сылбыр, тайсақ, тартыншақ, түйе үстінен ит қапқан, тірі өлік,ұялшақ, үрту, шабал, шегіншек, шірік, ынжық туған, ынжық.

«Өмірден секем алып сескенген, қорлығынан қорыққан адам өз мақсатын орындай алмай опық жейді. Қорқақ адам ынжық болып, қоғамдағы орнын опыландырады. «Тәуекел түбі желқайық, жүзесің де, өтесің» дейді халық. Қолы іске бара алмай, ойы ақылға жете алмай, қолапайсыз болған адам, тіршіліктегі «тіршілігін» көре алмай, ыңғайсыздықтан ырықсыздық жасайды. Үйренер үлгісі, сенімді сүйінші жоқ, қорғансыз адам өз ойын орайына келтіріп, ісін ретіне келтіре алмай, қиналады да ынжық болады» [81, б.197-200].

Жалпы көнбістікті, момындықты қазақ халқының табиғатына тән қасиеттер деген сөз жиі айтылады. Қазақ ұлтының менталитеті туралы сөз қозғалған жерде үнемі ынжықтық аталады. «Бірақ қайсар рухты батырлардың ұрпағы саналған қазақ халқында бұл мінез қалай пайда болды? Қазақ жеріндегі Ресей империясының отаршылдық саясаты халықты рухани жағынан күйзеліске ұшыратты, оның діні мен діліне, әдебіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне нұқсан келтірді. Халықтың тәуелсіздіктен айырылып, бодан болуынан ұлттық мінезде ұнамсыз қылықтар көбейе түсті. Солардың бірі – жасқаншақтық, ынжықтық «құлдық психология». Бірақ ынжықтық пен момындықты шатастыруға болмайды. Момындық қасиет – ақылды, парасатты адамда да бола береді. Ал ынжық адамда ақыл-парасат болмайды. Ынжық – айтқанға көніп жүре беретін, өз ойын айта алмайтын, өзін де өзгені де қорғай алмайтын, жасық, психологиялық тұрғыдан әлсіз адамды атайтын болған. Ертедегі «ынчақ» (кейде «ынчық») тұлғасы – қайғылы, қапалы мағынасында айтылған. Кейін моңғол тіліне ауысқанда «унжих» тұлғасына өзгеріп, «салбырау» мағынасында қолданылатын болған. Махмұд Қашқаридың «Түркі сөздігіне» сүйенсек, Иұншығ (Junшығ) – ынжық, хәлі нашар, осал деген мағынаны беретінін байқаймыз» [82, б. 111]. Алайда қазақ өз көзі бір нәрсеге анық жетіп тұрмай, анықтап алмай, кейде жауап беруге тартынуды, үндемей қалуды ынжықтық деуге болмайды. Ол керісінше, білермендікке, мен білемдікке салынбау, артын бағу деген сабырлы мінездің бір көрінісі болуы мүмкін. Дегенмен қазіргі уақытта ынжықтық – адамның бойындағы жағымсыз қасиетті танытатын, көнбіс, жігерсіз адамның бейнесін беруде қолданылатын тілдік бірлік болып кетті. Бұл мінез көбінесөзшеңдікке, ділмарлыққа, айтқыштыққа қарама қарсы қойылып айтылады. Мысалы: *аузын буған өгіздей, аузынан сөзі түскен, қойнынан бөзі түскен, ауызбаққыш, ашықауыз, есектен де жуас.*

«Именуден, жасқанудан, батылсыздықтан, сескенуден, секем алудан пайда болатын бұл мінез ер азаматтың езгісін шығарып, ерлік бейнесін жасытады. Үлкеннен, күштіден, бастықтан именіп жасқаншақ адам жарқын іс-әрекет жасай алмайды. «Жасқаншақ жігіт оңбайды, жақсылық оған қонбайды», «жасқаншақ

болма, жалынды бол, жалпы жұртқа мәлім бол», «жасқаншақтық – жанға қайғы», «жасқаншақ адам жау жеңбес» деп, халық жастарды жасқаншақ болмауға тәрбиелейді» [83, б. 7-9].

Қазақ дәстүрлі мәдениетінде бұл мінез сипатын жағымсыз деп таныған, соған байланысты атаулардың да жағымсыз реңкі бар. Ынжық болмай, пысық болуды, елдің алды болуды насихаттау мақсатында осындай жағымсыз мінез атаулары пайда болған.

Қазіргі қазақ мәдениетінде момындық, ынжықтық, көнбістік, жасықтық мінез адамды көп нәрседен құр қалдырады деп, тіптен қашық болуды үгіттейді.

Атау беруде тіл тұтынушының прагматикалық діттемі болатыны белгілі. Ал адамдар арасындағы қатынаста прагматика, этика ұғымдарынсыз тіпті мүмкін емес. Қазақ тіліндегі мінез атауларының тезаурусын құрастыру мақсатында жинаған барлық бірліктерді қарастыра келгенде адамдар өзге адамның жағымсыз мінез сипатын атауда прагматикалық діттем тұрғысынан жиі атау беретіні байқалды. Мысалы, *аузын буған өгіздей, аузынан сөзі түскен, қойнынан бөзі түскен, ауызбаққыш, ашықауыз, есектен де жуас, қамшысын алып беруге жарамайтын, сиырдың жас боғындай, су мұрын, сүйегі жасық, түйе үстінен ит қапқан, тірі өлік* деген атаулар прагматикалық, бағалауыштық, субъективті ақпарат береді. Н.Уәли бұл ақпараттың қызметі (функциясы) реципиентке әсер ету, ықпал жасау және коммуникатор сөз арқауы болып отырған зат, құбылыс, уақиғаға өзінің қатысын (көзқарасын) білдіру екенін айтады. «Әсер, ықпал етушілік сөздің бір бөліктерінде (сегменттерінде) болуы да, сегментке бөлінбей, сөздің ұзына бойында болуы да, яғни мәтіндегі тілдік құрылымның тінін қуалап кетуі де мүмкін» дейді ғалым [84, б. 87].

Мінез атаулары прагматикалық тұрғыда пайда болып, жиі қайталана келе номинациялық тұрғыда қалыптасқан. Мысалы, *қожбантопай, қойпалақ, қорғалақ, қорғалаң, қорғалауық, қорғаншақ, қорқақ, қорыншақ, қуыс кеуде, қуыс құрай, құнжыт, мәми ауыз, мойығыш, мойылғыш, мұңайғыш, мұңайымшыл, мұңшыл, мұрнын тескен өгіздей, мырың, намыссыз, өлдебар, өлез, рухсыз* деген атаулардың барлығы өзгенің бойында байқалған мінез ерекшеліктерін бірде этикалық сипатта, бірде эвфемизмдік сипатта, бірде қарабайыр, тұрмыстық сипатта атау арқылы пайда болған.

Жағымсыз мінез атауларының көптігі жағынан төртінші топқа кіретін **ҚЫҢЫРЛЫҚ**қа қатысты сөздер. «Қыңыр – іс-әрекетінің жөнді-жөнсіз екеніне қарамай өз дегенінен қайтпайтын, бірмойын, қиқар адам» деп анықталады [3, б.125]. Қыңыр сөзінің шығу төркіні жайлы қарасақ, В.Радловтың сөздігінде «кіңір» жабайы есек мағынасында көрінеді [85, б. 857].

«Қазақта өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғыс мәнді сөз бар. Бұл «адам болма», «дамыма», «жетілме», «қараңғы күйде қал» деген ауыр қарғыс, сол себептен болу керек қыңырлық қазақ мәдениетінде жақсы қасиет саналмайды. Онбестомдықтан қыңырлыққа қатысты **74** табылды, олар: *әлепет, безер, бірбет, бірбеткей, бірезу, бірмойын, бітеубас, егесшіл, жар көкірек, кеж, кежір, кер езу, кер есек, кер табан, керазу, керғайзаң, кержік желке, кертақыс, кертартпа, керіскек, керітартпа, кесір, кесір-кежір, кесір-кердең, кесірлі,*

көнімсіз, көтіне бақпас, қалша, қарыспа, қасарғыш, қасарма, қасарыспа, қиғыр, қида кездік, қиес, қиқар, қиқар-қырыс, қира кезікті, қиракезік, қиракөз, қисық, қитар, қитың, қиямпұрыс, қияңкес, қияңқы мінез, қияңқы, қияпар, қияпатты, қыңыр көкірек, қыңыр қабақ, қыңыр мойын, қыңыр, қырсық, қырсық-қыңыр, қырсықты, қырсықшыл, қыртима, оғаш мінез, оданы кісі, сыңар езу,сыңар жақ, теріазу, теріс азу, томырық, тоң мінез, тоңмойын, тоң-торыс, тырысқақ, үдір, шәргез, шойқы, шырғал, іштен қара [қыңыр] туған.

Қыңырлық мағынасы қазақ лингвомәдениеттанымында бір сөзімен жәнесоматикалық атаулармен көп байланыста екеін белгілі болды. Мысалы, *Бұл төсектен қайта тұра алмасына көзі әбден жеткен тәрізді. Жайшылықта* ***бірбет****, ожар Исабек тағдырына мүлде өшігіп апты (Д.Әбілев, Арман.). Дұрыс деме құр ойлап, Ақылға сынат, сабыр қыл. Жығылмайтын дәлел тап,* ***Бірезу*** *болма, өзімшіл (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Оған тағы ақша береміз дағы… Ал Әбділ ше? Бір беткей,* ***бірмойын*** *адам Әбділ ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.)* деген сөйлемдерде көрсетілгендей, бір жағына ғана ойысқан, басқа бағыттар не көзқарастар болуы мүмкін деген ой болмаушылықтан туатын мінездер байқалады. Сондай-ақ *Қап, қап қапы болды-ау осы жол! Кезігіп қалды-ау* ***керазу*** *Есен (М.Әуезов, Шығ.). Қырсық, қисық, кертартпа. Боқмұрын: Елеместің әкесі, Отыз ұлдың кенжесі, Ерегіскен ерлердің Қайда қалмас кәлдесі, Кейін тартқан кедейдің* ***Кержік*** *болар желкесі, Желікпе, Төстік, жер жұтқан Ала қаптай кеудесі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Нар жалқау* ***кер табан*** *Құсы күйшіл, ат шабан, Жырғалаң жоқ жобалаң (Д.Бабатайұлы). Сен де бір отырған* ***көтіне бақпас*** *екенсің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.). Өз ішіндегі* ***қиракөз,*** *қыңыр мінезді Жайырбек... (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш). Өйткені кейбір* ***қыңыр көкіректер*** *бар. Олар қаскөйлікпен, зорлықпен, арамдықтың есебінен басқаны ойлап көрген емес, барлап барған емес... (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Талай жылдан бері шаруашылықты мінсіз басқарып келе жатқан, қиын жағдайда еңсесі түспей, тұйықтан шығар жолды іздейтін, тәжірибелі директор қазірде* ***қыңыр қабақ*** *көрсетпей, жарқылдай сөйлеп сергек отыр («Лен. жас»). «Желдей ескен машина тұрғанда ескіден қалған аттың керегі не?" – дейтін* ***қыңыр мойынның*** *дәл өзі (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Мынау бір* ***терісазу*** *болмаса еді, – деді Олжабек ішінен (Ғ.Мұстафин, Шығ.)* деген мысалдарда анық көрінгендей адамның қыңырлығы оның дене мүшесімен байланысты түсіндіріледі.

Қыңыр, кесірлі адам негізінде әдепсіз болады. Әдепсіздіктен қыңырлық көрсетеді. Мұндай мінезді адамды қазақ жаман мінезді кісі дейді. Адамның бар ісі пиғылына, пейіліне, мінезіне, көңіліне байланысты болатындықтан, ондай адам кесірленіп жүріп, өзі талай кесапат, кесірге ұшырайды. Мінезі қырсық адамның жұмысы да қырсығатынын, оңына айналмайтынын, ілгері басқалы тұрған ісі кері айналып жүретінін, ақылы шолақ, ісі олақ болатынын, жоқтан өзгеге өкпелейтінін, не болса, соған ұрыс шығаратынын, қарадай бұлданып, жүріп, ілгерілегелі тұрған ісін бүлдіретінін, өзі ғана ренжіп қалмай, қарсысындағы адамды, жан-жағындағы жақын жанашырларын да ренжітетінін, сонымен бәрі сәтсіз болып шығатынын, бұның надандық екенін, аурудың көбі –

жаман мінезден жабысатынын, тіршіліктің бағасын қыңыр мінез кетіретінін айтады Ә.Табылды [83, б. 7-9].

Қазақ мәдениетінде құп көрмейтін теріс қылықтардың бірі – **ӘДЕПСІЗДІК.** Әдепті атауына антоним ретінде болымсыздық жұрнағы арқылы жасалған жаңа сөз болғанмен, бұл ұғымның бұрыннан келе жатқан *дөрекі* деген атауы бар. Дөрекі (дурәг) – парсы тілінен енген сөз. «Тұрпайы, анайы, топас» дегенді білдіреді. Дөрекілікті, ерсі қылықты қазақ тәрбиесі жат мінезге санайтыны соншалық бұл мағынаны таңбалайтын **64** бірлік жиналды: *адыр мінезді, адыраң, адыраңбай, адыраңдаған, адыр-бұдыр, адырлау, арсыз, аусар мінезді, әдепсіз, әумесер, бейбастақ, бетсіз, беті қалың, дойыр, дөкір, дөң, дөрекі, дуайпат, дұңк етпе, есерсоқ, ессіз, ессіз-ойсыз, есірік, жабайы, жынды, ибасыз, имансыз, инабатсыз, кеудесімен жер соққандай, көргенсіз, қара қамшы, қарабет, қаражүзді, құлқы бұзық, құрысқақ, қызыл көз, мәдениетсіз, мойыс, мінезсіз, нойыс, оғаш мінезді, одыр, ожар, оңбаған, оспадар, оспадарсыз, өкірең, өкіреш, өнегесіз, өрескел мінез, сиыр мінезді, сиыртектес, тасырақ, тасыраң, тәрбиесіз, тәртіпсіз, томырық, тоң мінез, тұрпайы, тұрпайылау, ұрда-жық.ұятсыз, шімірікпейтін, ынсапсыз.*

Бұл ұғым көбінесе қимыл-әрекеттің ерсілігін, сүйкімсіздігін ерекшелеп айтып, сүйкімсіздіктен тыя атайды: *адыр мінезді, адыраң, адыраңбай, адыраңдаған, адыр-бұдыр, адырлау, бейбастақ, дуайпат, дұңк етпе, кеудесімен жер соққандай, одыр, ожар, оспадар, оспадарсыз, өкірең, өкіреш, сиыр мінезді, сиыртектес, тасырақ, тасыраң, ұрда-жық, шімірікпейтін.*

Қазақ тіліндегі жағымсыз мінез атауларының ішінде **МЕНМЕНДІК, ТӘКАППАРЛЫҚ**қа қатысты атаулар **79:** *адамсыған, алкеуде, асқақ, астамшыл, бақайына келтірмейтін, басы жерде, билеп төстегіш, білгіш, дандайсыған, екі иығынан [иінінен] дем алған, есірік, жел кеуде, желкөкірек, жеңімен [жең ұшымен] сәлем беретін, зор кеуде, зор көкірек, кеппе кеуде, кер асқақ, кер қабақ, кер, кердең басқан, кердең, керенау, кеуде көтерген, кеудесі жоғары, кеудесі кепкен, кеудесін қаққан, көзі көкте, көзінің еті өскен, көкке қараған, көкірек біткен, көкірек керген, көкірек көрсеткен, көкірек қаққан, көкірек, көкіректеу, көкірекшіл, көңілі биік, көңілі көкте, көппе, көшеге сыймай жүретін, кірпияз, кісілігі жоқ, кісілігі ұстаған, қау көкірек, қопи, құдайын ұмытқан, құлақ аспайтын, маңғаз, мардат, менмен, менмендеу, менменшіл, меншіл, мұрнын [көкке] көтерген [шүйірген], мұрнына есек құрты түскен, мүйізі шыққан, ордаң, өктемшіл, өкірек, өкірекбай, өкірең, өкіреш, өпірем, өпірім, өр көкіректеу, өр көңілді, өркеуде, өркөкірек, паң кісі, паң, салмойын, танауымен көк тіреген, тәкаппар, түкірігі жерге түспейтін, үзеңгі бауы алты қабат, хан көкірек, ханға сәлем бермейтін, шалқақ.*

Мұсылмандық, имани тұрғысынан құпталмайтын, қазақ дәстүрлі түсінік танымында датталатын бұл мінез қазіргі қазақ мәдениетінде де жағымсыз мінез қатарында болып табылады.

«Өзімшілдік, өркөкіректік, өзім білермендік, өктемшілдік, өрескелдік, өрсіздік арқылы пайда болатын менмендік мінез басқаның сағын сындырады.

Өзімшілдікпен «мен білемін, менікі дұрыс, мен артықпын, мен озықпын, мен жақсымын яғни мен, мен, мен» деп, өзін-өзі артық санап, өрікпіген адам менмендік мінезбен өзінің «осалдығын» білдіріп опық жейді. Өркөкірек адам өзгенің жақсылығын жақтырмай, жетістігін жете білмей, өзін мақтап, өзгені табалап, көкірегін көтереді. Өзім білермендік жасап, менменшіл адам, басқаның байыбына бармайды, өз ойын, өз шешімін ұсынып, ұрыс-керіс шығарып, теріс ойын тіксініп, тепсініп, айтқанынан қайтпайды» деп анықтайды психологтар [83, б. 7-9].

«Екі көзің еліріп, құр қарайсың аспанға» деп, Абай айтқандай, мастанған, байлыққа, мансапқа, бақытқа, атаққа мастанған қазақ қай заманда да болған. Мансапқа ие болса, маңғазданып, марғау тартқан, туғанына да қарамай, «құдайды құлағынан ұстағандай» тәкәппарланып, тантитын адамзат қай ұлтта да бар. Бұл жалпыадамзаттық пенделік сипат. Сондықтан қазақ мәдениеті бұл мінезді имансыздық, әдепсіздік деп санаған. «Ұлық болсаң, кішік бол», «кішілікте – кісілік» дейтін қазақ халқы қашан да мұндай мінезді жақтырмаған. Өйткені тәкәппарлықтан қайырымсыздық пайда болады. «Тәкәппарлық, негізінен, ақымақтықтан пайда болады. «Кішілікте – кісілік» деп халық ақылды адамың кісілігін жоғары бағалайды» [86, б. 173-175].

Тәкаппарлық қазақ халқы үшін кеудемен ассоциация құрайды. Кеудесін керу, көкірегін жазып ұстау денотаты өзін биік сезіну, өзгелерден жоғары болумен мөлшерленеді. Сондықтан мысалы мына сияқты тіркестермен сипатталған: *жел кеуде, желкөкірек, зор кеуде, зор көкірек, иінінен дем алған, көкірек біткен, көкірек керген, көкірек көрсеткен, көкірек қаққан, қау көкірек, өркеуде, өркөкірек.*

Сондай-ақ тәкаппарлық ұғымы көзбен, қарау қимылымен және мұрынмен байланыстыра аталған. Мысалы, *кер қабақ, көзінің еті өскен, көкке қараған, көңілі көкте, басы жерде, мұрнын [көкке] көтерген [шүйірген], танауымен көк тіреген.*

Ал *үзеңгі бауы алты қабат* деген тұрақты тіркес байлықтың, менсінбеушіліктің, қарадан өзін жоғары санаушылықтың асырмалы атауы болып тұр. Мысалы: *Сақина десе сақина, қашан болсын керіліп, созылып,* ***үзеңгі бауы алты қабат*** *боп отырғаны (Ш.Құмарова, Қос шынар)* [87].

Кісілік ұғымы адамгершілік, адамшылық ұғымымен парапар болса, *кісілігі жоқ, кісілігі ұстап* деген тіркестерде керісінше адамның қоры түсінігі пайда болады. Сонда тәкаппарлық мінез сипаты қазақ мәдениеті үшін өте жағымсыз мінез болып саналатынын көруге болады.

Педагог зерттеуші Ә.Табылды қазіргі заманда көзқамандық мінез бар екенін айтады. Елбезер, туажат, опасыз, отансыз адамның көзқаман болып кететінін былай түсіндіреді: «Көзқаман (көзуман) адам – тегін білмейтін, басқа елде тәрбиеленіп, сол елдің болмысын қабылдап, ататекті менсінбейтін тұлға. Ол ататегін ардақтауды білмейді, қайта қорлайды, өзін өркениетті елде өскенмін деп ойлайды» [88, б. 7-9].

Бүгінгі заманда ататегін білмейтін, ата жұртын көргісі де келмейтін, халқының қадірін, қасиетін білмейтін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін «ескілік»,

«қараңғылықтың қалдығы» деп ойлайтын, өзге елдің сойылын соғып жүрген қандастарымыз да ара-тұра көрініп қалады. Мұндайда қазақ «ер туған жеріне, ит – тойған жеріне» деп, атамекенін танымайтын адамды итке теңегенін көреміз.
Қазақ тілінің онбестомдық сөздігіндегі келесі тілдік репрезеданттары көп ұғым, ол – адамның сөзді артық пайдалануы, ділмарлық болып табылды. Оны ***СӨЗШЕҢДІК*** деп алдық. Сөздіктен алынған бірлік саны **67:** *аузы-аузына жұқпайды, ауыз жаппас, ашықауыз, әңгімелі, балпылдақ, бейапар, бейауыз, бейбастақ, беймаза, беталды сөйлей беретін, ділдар, езбалдақ, езбе, езгіш, езмалта, жел ауыз, жел сөзді, жеңіл ауыз, жыбырлауық, зуылдақ, зыпылдақ, көбік ауыз, көбік езу, көкауыз, көкезу, көкмылжың, көкігіш, көкіме, көлпал, көпірме ауыз, көпірме, қазба, қазбалағыш, қу ауыз, қу таңдай, қу тілді, қужақ, қызылауыз, қызылкеңірдек, қызылөңеш, қылауыз, қылжақбас, қырт, лақауыз, лақпа, лақуа, мазасыз, мәжілісқор, мыжыма, мыжың, мылжың, не болса соны айтатын, өсекқұмар, өсекші, өсекшіл, сайрампаз, сөзге үйір, сөзсоқты, сөзуар, сөзуарлау, сөзшең, сөзі көп, сөйлеуік, сыпылдақ, тантық, тіл мен жағына сүйенген, тілбезер.*

Қазақ халқы негізінен ділмар халық, сөзді өнер деп танитын халық екені белгілі. Бірақ сөзді ысыраптап, артық пайдалануды, сөзшеңдікті ар санаған, құптамаған халық. Сондықтан сөзшеңдікті жеңілтектікпен, ғайбатшылдықпен, күнәмен байланыстырған. Бұл қатардағы атаудың көбі ауызбен байланысты. Мысалы: *аузы-аузына жұқпайды, ауыз жаппас, ашықауыз, балпылдақ, беталды сөйлей беретін, жел ауыз, жеңіл ауыз, жыбырлауық, көбік ауыз, көбік езу, көкауыз, көкезу, көкмылжың, көпірме ауыз, көпірме, қу ауыз, қу таңдай, қу тілді, қужақ, қызылауыз, қызылкеңірдек, қызылөңеш, қылауыз, лақауыз, сайрампаз, сөзге үйір, сөзсоқты, сөйлеуік, тіл мен жағына сүйенген, тілбезер.*

Ағылшын тілінде де *big mouth, bad mouth* деген сөздер *«өсекші», «жалажапқыш»* деген мағына береді. Бұл жерде назар аударатын мәселе, bad mouth деген сөзді тура аударсақ «жаман ауыз» деген мағына береді, қазақша тура осымен мағыналас «аузы жаман» деген сөз бар. Бұдан лексикалық бірліктердің мағынасының екі тілде де ұқсас екенін көруге болады. Осы тұрғыдан, 2023 жылы Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі XLinguae ғылыми журналында жарияланған “Lexical aspect in language and culture communication” ғылыми еңбегімізде толықтыра түскен жәйіміз бар [89, б. 216-223]. Сонымен қатар испан тілінде тілі уытты әйелді «vibora» дейді, бұл жыланның бір түрінің атауы екен, қазақ тілінде де «тіліннің уын шашпа» деген тіркес бар, бұдан да мағыналық ұқсастық анық байқалады.

Жағымсыз мінез атауларының келесі тобы *мейірімсіздікті* құрайды. Қай қай ұлтта да адамға шапағаты аз, қатігез, қараниет, балаға мейірлену, ата-анасына жаны ашу, туысын туғандай қадірлей білу дегенді ойламайтын адамдар болады. «Мейірімсіздік, көбінесе, қара ниеттіліктен пайда болады. Жақсылық істеудің орнына, жамандық жасап, көре алмай «көрсоқыр» болып, қара ниет адамгершілікті жойып алады. «Байда мейір, кедейде пейіл де жоқ, Адастырған екеуін құдайым-ай» деп, Абай дана тас жүрек адамдардың қоғамдағы қорлықтарын ашына сипаттайды. Тасжүректік – адамзатқа қас. Мейірімсіз адам

әділетсіз болады, жақсыны жақсы деп айта алмай, «іші күйеді», әдеп сақтамай, әбігерге түсіп, айналасына арсыздықтың уын шашады» дейді педагог мамандар [90, б. 34-35].

Бірақ қазақ халқы қашан да бұл қасиетті парасаттылықпен «Үлкенде мейір болмаса – кішіде пейіл болмайды» деп, жақсылық алдымен үлкеннен шығуы керек дейді.

МЕЙІРІМСІЗДІК концептісін жасайтын бірліктер саны – **62:** *айуан, ашадды, аяу білмес, аяусыз, бауыры көктемір, бауыры қатты, безбүйрек, бейбастақ, бейбауырмал, бет бақтырмас, діті қатты, жаннан безген, жаны ашымайтын, жатбауыр, жүрегі қара, жүрегі қатты, зиянкес, иі қатты, кекшіл, кесіп алсаң қан шықпайтын, кешірімсіз, көкірегі қара майдан, көнкөңіл[-ді], қайырсыз, қайырымсыз, қайырымы жоқ, қаныпезер, қара желін, Қарабайдай қаныпезер, қарабауыр, қаражүрек, қараниет, қарапейіл, қаскөй, қаскүнем, қасқыр бет [-тік], қастанды, қастекі, қатал, қатты кісі, қатты, қатыбас, қатігез, қиын мінезді, құдайдан безген, қытымыр, мейірсіз, мейірімсіз, наятсыз, пес, рақымсыз, сегіз кессе, сіркедей қан шықпайтын, сезімсіз, сесті, сұм, сұмқай, сұсты, тас көңіл, тасбауыр, тасжүрек, тастан [тастай] қатты, тезі қатты.*

Бұл қатардың біразы адамда бар жақсы мінездің жоқтығын беретін *-сыз* болымсыз жұрнағы арқылы жасалады: *аяу білмес, аяусыз, кешірімсіз, қайырсыз, қайырымсыз, мейірсіз, мейірімсіз, наятсыз, рақымсыз, сезімсіз.*

Сондай-ақ *бауыр* ұғымына қатысты да жасалады: *бауыры көктемір, бауыры қатты, безбүйрек, бейбауырмал, жатбауыр, қарабауыр, тасбауыр.* Себебі қазақ санасында адамның соматикалық атауы *бауыр (1)* мен қандас туыс атауы – *бауырдың (2)* арасында этимологиялық байланыс бар. Дене мүшесі атауынан барып, бауырдың біреу болуы, отаға жарамайтындығы, бауырдың бүкіл денені тазартылған қанмен қамтамасыз етіп тұруы туыс атауы ретінде бауыр сөзіне екіншілік атау болып берілген. Сондықта қазақ санасында бауырдың стереотиптік қызметі бар.

Мейірімді болу адамның жүрегі мен көңіліне байланысты екені осы қатардағы атаулардан да көрінеді: *жаны ашымайтын, жүрегі қара, жүрегі қатты, қаражүрек, тас көңіл, тасжүрек.*

Басқаның жақсылығын көре алмайтын, жақсыны жоққа шығарып, жақтырмай отыратын, ешкім жақпайтын, жақсы адамның жанын жаралап, оны кіріптар қылуға тырысатын, өзгені жамандап, дүниені тарылтып жүретін адамдар қазіргі қоғамымызда көбейді. Біреуді мұқатса, сүріндірсе көңілі жай табатындар, өзін мықты санап отыратындар әсіресе ғаламтор жазбаларынан көп байқалады. Өзі де жадырамайды, өзгені де жадыратпайды. Пейілінен тапты деген халық аузындағы сөз кейде осындайларға қарата айтылады.

Ондайлар кейде адамға қиянат жасағанын мойындамайды, өзін дұрыс жолдамын деп бағалайды, адамның жақсылыққа ұмтылғанына кедергі жасайды, қоғамның дамуына кері әсер етеді.

Бұл қатардағы *қатігез* сөзі татар, башқұрт, түрік тілі диалектісі, якут, тува, ұйғыр тілдерінде қатігездену, мейірімсіздену (черстветь, быть черствым)

мағынасында жұмсалса, қырғыз, құмық, қарақалпақ, алтай тілдерінде дөрекілену, қатаю (грубеть, заскорузнуть) мағынасында жұмсалады [91, б. 334].

Қазақ мәдениеті жеңіл ойлауды, ойсыздықты, **ЖЕҢІЛТЕКТІКті** ұлға да, қызға да қатысты құптамаған, содан болу керек, осы мағынадағы сөздер біршама көп болып шықты, **52** бірлік жиналды: *алыпқашпа, алыпұшпа, бүгіншіл, дәлдір, думангер, думаншыл, дүркіншіл, дырдушыл, дырқы, ебелек, елпілдек, елтігіш, еліккіш, жарқыл-жұрқыл, жезөкше, жел көкірек, жел мінезді, желбас, желбуаз, желбүйрек, желгек, желөкпе, желөкпелеу, желөкпелі, желпілдек, жеңіл жүрісті, жеңіл мінезді, жеңіл, жеңілтап, жеңілтек, жүргіш, жындыбас, зинақор, көлпал, күлегеш, қалбалақ, қылжима, ойынпаз, сайқал, салдақ, салдақы, салдаман, сауыққой, сауықшыл, сырғақ, табансыз, табанының бүрі [табанында бұдыр] жоқ, тайғанақ, тыртақай, ұшқалақ, ұшып қонған, ұшып-қонба.* Негізінен жағымсыз реңкі бірліктің өзінен көрініп тұратын атаулар болды.

Қазақ лингвомәдени санасында бұл мағына алдымен, желмен ассоциацияланады (*алыпұшпа, ебелек, елпілдек, елтігіш, еліккіш, жел көкірек, жел мінезді, желбас, желбуаз, желбүйрек, желгек, желөкпе, желөкпелеу, желөкпелі, желпілдек, ұшқалақ, ұшып қонған, ұшып-қонба*), екіншіден, жеңіл деген сөздің өзінен жасалады (*жеңіл жүрісті, жеңіл мінезді, жеңіл, жеңілтап, жеңілтек*), үшіншіден сауық-сайранмен қатысты болады (*дәлдір, думангер, думаншыл, дүркіншіл, дырдушыл, дырқы, жарқыл-жұрқыл, күлегеш, ойынпаз, сауыққой, сауықшыл*), төртіншіден жеңіл жүрісті әйелдің сипатына қатысты көп айтылады (*дырқы, жезөкше, жүргіш, жындыбас, зинақор, сайқал, салдақ, салдақы, салдаман, тыртақай*)

Қазақ халқының момындық мінезінен шығатын **КІНӘМШІЛДІК** мінезі де бар. Бұл топқа жинақтаған сөз бірліктер кінәмшілдікті әр қырынан сипаттайтыны белгілі болды, жалпы саны **48** *шақты.* Мысалы, *айыпшыл, бұлданғыш, бұлданшақ, датқой, дықты, дықшыл, зілді, кейігіш, кексақтағыш, кекті, кекшіл, көңілге алғыш, кіді, кідікшіл, кідірлеу, кілт етпе, кілтиме, кінәлағыш, кінәлаушы, кінәмпаз, кінәмшіл, кінәтаққыш, кінәшіл, кірбіңшіл, кірпияз, қылт етпе, қыртима, міндетшіл, мінегіш, міншіл, назданғыш, өкпелегіш, өкпеші, өкпешіл, өшті, ренжігіш, сынағыш, сынампаз, сынға алғыш, сыншыл, табалағыш, табашыл, шамданшақ, шамкес, шамшыл, шамырқанғыш, шамырыққыш, шенегіш.*

Дандайсу, асқындау, дарақылану, *мақтаншақтыққа* салыну – кез келген ұлт өкілінде болатын мінез. Қазақ халқы бұл мінезді даттайтын алғашқы 10 мінездің біреуі етіп танитыны белгілі болды.

«Екі көзің еліріп, құр қарайсың аспанға» деп, Абай айтқандай, мақтаншақтықтан еліріп ессізденушілік ел арасында біршама. «Егер басшы мақтаншақ болса, қасындағылар оны құрғақ сөзбен қуантып, алдап-арбайды, жағымпаздары жанын жалдап, «жалған» жақсылайды. Сөйтіп, мақтаншақ адам бірте-бірте даңқұмарға айналады» [90, б. 34-35].

Қазақ тілінде **МАҚТАНШАҚТЫҚ**қа, **ДАҢҒОЙЛЫҚ**қа қатысты мынадай сөздер мен тіркестер бар **(51):** *адамсыған, айқайқұмар, айқайшыл, бөспе, бөстекі, дабырашыл, далбақай, даңғаза, даңғазашыл, даңғой, даңғойлау,*

даңққұмар, дарақы, дауқой, даурыққыш, даурықпа, дәлекі, дәндүріс, дәңгіл, дәркілдек, дүм кеуде, дүр, есер, есірме, кеппе кеуде, кеудесі кепкен, көппе, көпірме, күмпілдек, күпсіме, қау көрік, қопи, қуыс кеуде, құр кеуде, лепірме, мағұр, мақтанқұмар, мақтаншақ, мақтау сүйгіш, тыраш, үркеппе, ауызбен айды алған, ауызбен орақ орған, жел өкпе, кеппе кеуде, көбік өкпе, көнектей болған, күбідей ісінген, қызыл сөзден бал жаққан, мақтанның құлы, ісіп-кепкен.

Профессор Г.Смағұлованың зерттеуі бойынша мағыналас фразеологизмдер ортақ ұғымға біріктіріледі. Олар бір семантикалық өрісте болады. Онда ұғым әр қырынан беріледі. Мысалы, ұялу → бетінен оты шығу → өлмегенге қара жер → өлген жері осы → кір келтіру → беті күю + жер шұқу → жүзі шыдамау → құлағының ұшына дейін қызару деген тіркестер әр тұрпаттан, әр тілдік санадан, әр этикалық түсініктен туып, таңбаланған [69, б. 4]. Бір ұғымның атауға бай болуы дегеніміз сол ұғым-түсініктің халық санасы мен мәдениетінде терең танылып, әр қыры түстеліп, атау берілгені деген сөз

Мұнда да тәкаппарлықпен қатысты болған соң, кеуде сөзімен байланыста болады. Мысалы, *кеппе кеуде* сөзі: *Иесі батыраш бір* ***кеппе кеуде****, Ұр-көппе, томырық мінез, намыс берме, Осы аста сағы сынып, бағы тайса, Ол өзін дап-дайын тұр "өлдім" деуге (І.Жансүгіров).*

Академик Ә.Қайдар қазақты дарақы халық деп алып, дарақы болу парқы болмаудан, өзін көрсету, ел алдында атақ-даңқын қайткен күнде де бір шығару, көбіне-көп ата-тегін, бабаларының қасиетін парықсыз айта беру – қазақ халқына тән деген.

Қанағатсыздық, дүниеге құмар, көз тоймау, алған үстіне ала берсем деген қасиет пенденің бойына берген Алла тағаланың сынауы. «Кедей байға жетем, бай құдайға жетем деп» қанша жинаса да дүние аз болып көрінеті адамдар баршылық. Қазақта осы ұғымды білдіретін сөз **САРАҢДЫҚ** деген концептіге айналып барады.

Онбестомдық сөздіктен жинаған сөздер **48-ден** асты. Олар мыналар: *аузын құ шөппен сүрткен, бақыл, дүниежанды, дүниеқоңыз, дүниеқор, дүниеқұмар, есепдар, есепқой, есепқор, есеппаз, есепшіл, жер жастанып, су сүйеніп отырған, жеті атасын мал өлтірген, жұмыртқадан жүн қырыққан, қарабайдай сараң, қарау, қатты, қолы қатты, қолы сараң, қолы тар, қоян төр, құ ауыз, құ бастан құырдақ алған, құ бастан құырдақ ет алатын, құнанын құдайындай, тайын тәңіріндей көрген, қытымыр, малжандылау, малқор, малқұмар, нәмәрт, пайдакер, пайдакеш, пайдакүнем, пайдақор, пайдақұмар, пейілі тар, пес, санасып қалған, сараң, сүйек бермес, сығырдаң, сырдаң, тараң, тарынғыш, тас болған, тырқы, ұсақ, шық бермес шығайбай.*

Маслова мәдени құндылықтар әмбебап та болатынын, немесе жеке ұлтқа тән доминантты және қосалқы болатынын айтқан. Олар тілден рефлексия табады дейді ғалым, сөз, синтаксистік бірлік, фразеологизм, паремиологиялар және прецеденттік мәтіндер түрінде дейді [44, б. 91]. Жоғарыдағы тізімнен осы аталған тілдік таңбалардың барлығын кездестіруге болады. Мысалы, *қарабайдай сараң* деген прецедентті мәтін түрінде барлық тілтұтынушы санасында сақталып қалды. *Құ бастан құырдақ ет алатын* сараңдық бейнесі – қазақ тіліне ғана тән

қолданыс. Сараңдық, сондай-ақ қазақ мәдениетінде дүниемен байланысты айтылады: *дүниежанды, дүниеқоңыз, дүниеқор, дүниеқұмар,* әрине, және малмен байланыста айтылады: *малжандылау, малқор, малқұмар, сүйек бермес.* Қазақ ұлтының санасындағы бір ерекшелік ретінде сараңдықты есепшілдікпен байланыста айтуды атар едік: *есепдар, есепқой, есепқор, есеппаз, есепшіл, қу бастан қуырдақ ет алатын, пайдакер, пайдакеш, пайдакүнем, пайдақор, пайдақұмар, санасып қалған, ұсақ.* Әр нәрсенің есебін біліп жүруді ұсақтық, пайдакүнемдік санаған. Ал басқа ұлтта, мысалы, неміс халқында бұл ұқыптылық мінезге жатады.

Қазақ қолында бар дүниенің бағасын білмей, тек жинауды, оны пайдалану жолдарын ойламауды жеккөрініштi етіп көрсетіп отырған. Соңында сараңның «сан соғып қалатынын» ескертіп, сезіп отырған. Сараң адамның сараңдығы қараниеттіліктен шығатынын, оның ешкімге де, тіпті, анасына да жақсылық жасамайтынын, қолынан келсе, қаныпезерлікпен халықты тонап, байыса өз елінесыймай отансыз болып, отандарынан кететін көз тоймастар болатынын өмір көрсетіп келеді.

Қазақ халқы адамның ең төмен мінез-құлқына ие болғанын тексіз, тегі жаман деп даттаған. Осы мағынаны беретін қазақ тілінде біршама атау бар. Оларды **ТЕКСІЗДІК** концептіге жинақтап, жалпы санын шығардық **(46).** Атап айтқанда, *адамсыған, айдап салғыш, айтақшыл, арандағыш, арандатқыш, асын ішіп, аяғын босататын, дастарханнан аттаған, дәм татқан құдыққа түкірген, дәм-тұзын аттаған, дәмін арамдаған, жағымсыз, жалмақай, жаман адам, жаман, жәутік, жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүретін, жетесі жаман, жұғымы жоқ, жұлымыр, жылмақ, жылпос, жымпос, жыпылдақ, жырбақай, жырқылдақ, жыртақай, жыртақы, заңқой, заңқор, заңшыл, ит көтінен ине суырған, кәрі сайқалдарша сылаңдаған, күле кіріп, күңірене шығатын, құдай сүйер қылығы жоқ, қылықсыз, намыссыз, сумақай, сұмпайы, сұранбақ, сұраншақ, сүйкімсіз, сүмелек, сыйымсыз, тамағын ішіп, табағына тышқан, тілемсек, шелтиген.*

Бұлардың дені жақсы атты болып көрінгенмен, жақсы мінез иесі болғанмен бар жақсылығын осы мінездері жоққа шығаратын қасиеттерден тұрады. Мысалы, *адамсыған, жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүретін, ит көтінен ине суырған* мінез қылығын кейде ол адам көрсетпеуі мүмкін. Ал *айдап салғыш, айтақшыл, арандағыш, арандатқыш, жалмақай* адамға да, осы мінезін дөп басып, бетіне бастыра алмайды.

Адамның өз ойынан үнемі айнып отыратын, әр кезде әртүрлі ойда отыратын, тіпті уәде беріп алып, орындамайтын мінез сипаттарын атайтын атауларды **ТҰРЛАУСЫЗДЫҚ (54)** деген топқа жіктедік: *айнығыш, айнымалы, айнымпаз, ала мінез, алақұйын, антбұзғыш, антқор, аумалы, аумалы-толқымалы, ауытқығыш, ауытқымалы, аяғын сұйылдырғыш, әлпейім, әр нәрсенің басын бір шалатын, байлауы жоқ, басы бапан, аяғы сапан, басы таудай, аяғы қылдай, берекесіз, бұлтарғыш, бұлтарма, дәйексіздеу, екісөзді, жалтарғыш, көтайналғыш, күдікшіл, қалай болса, солай, қашпаған қашардың [сиырдың] уызы, құбылғыш, құбылмалы, құбылымпаз, құл мінез, құрғақ уәдеден*

қуырдақ қуыратын, қылт етпе, қылт-сылты көп, опасыз, өзгергіш, өзгермелі, сатқын, сатымсақ, сенімсіз, сиыр құймышақтандырып жіберетін, сөзбұйдаға салғыш, сөзі екіұшты, сөзінің аяғы құрдым болатын, сылдыр бақай, табаны тайғақ, табанының бүрі [бұдыры] жоқ, тайқалақ, тиянақсыз, тұрақсыз, тұрлаусыз, уәде мырза, уәдеге күпті болған, уәдешіл.

Парықсыздықтан, ақылсыздықтан болатын, көбіне қыз бала, әйел адамның бойынан табылатын, кейде жағымды болып та бағаланып жүретін бір мінез сипатын **ШОЛЖАҢДЫҚ** деген концепт аясына топтастырдық. Олар **(35):** *байымсыз, бойы бұлғаң, бұла, бұла-болпаш, бұлаңдаған, бұлғақ қаққан, далдың-дұлдың, ерке бұлан, ерке, ерке-тәйтік, ерке-тәлпіш, ерке-тотай, ерке-шолжаң, жөн-жосықсыз, кербез, керім, көлең, құтырық, қырымпаз, пайымсыз, парықсыз, сәйкі, сәнқой, сәнқұмар, сәншіл, сипаң, сылаңгер, сылқым, тәйтік, тәлпіш, ұшқалақ, шолжақ, шолжақай, шолжаңбай, шолжың* деген қатардан тұрады.

Қыз бала қылығымен дейтін қазақ халқы қыз баланың орынсыз қылық көрсетуін, еркелікке салынуын, орнын білмеуін дұрыс мінезге санамаған. Ондайды тыйып тастап отырған. Мінез атауына да ерке сөзімен қосарлап жағымсыз реңктегі сөзді қатар беріп отырған: *ерке бұлан, ерке, ерке-тәйтік, ерке-тәлпіш, ерке-тотай, ерке-шолжаң, жөн-жосықсыз, тәйтік, тәлпіш, шолжақ, шолжақай, шолжаңбай, шолжың.*

Кербездік мінез аса жағымсыз болмаса да, осы топқа жатқызған себебіміз өзін елден өзгеше көрсету, жасанды кірпияздыққа салыну, өз-өзінен кісімсіну, сәнқойланып, жасанды кейіпке енгенді еш қай халық қабылдамаған. Ондай адамдар ақылы жоқтықтан тіпті өзін «елде жоқ етіп көрсетіп», жүріс-тұрысын, сөйлеуін, қарым-қатынасын өзіне ұқсамайтындай әсемдеймін деп жасандылыққа ұрынады. Көпшіліктің мазағына айналады. Ондай мінез атаулары: *бойы бұлғаң, бұла, бұлаңдаған, бұлғақ қаққан, кербез, керім, сәнқой, сәнқұмар, сәншіл, сипаң, сылаңгер, сылқым.*

Жағымсыз мінез атауларының келесі тобы **МАЗАСЫЗДЫҚ**-қа топтасады (**35** тілдік бірлік). Шыдамсыздану, сабыр сақтай алмау, қазымырлыққа салыну жеке тұлғаның қадірін кетіретін мінез.

Ә.Табылды күйгелек адамның өмірдегі жақсы, жаман құбылыстардың тек «жаманын» көретінін, тепе-тең тірлікті теріс ойлайтынын, ешнәрсені ұнатпай жүретінін, үнемі абыржып, ашуланып жүретінін, тіпті отбасының «ойраны» болатынын айтады [56, б. 7-11].

Қазақтың табиғаты момын, кейде жайбасар болғандықтан мұндай мінезді жақтыра бермеген. *Аптыққыш, асыққыш, әбігершіл, байбайшыл, байбаламшыл, бая, баяпыр, бейапар, беймаза, бөспе, быжың, дегбірсіз, дыз етпе, дызалақ, дызылдақ, дызылдауық, дігірлек, дікілдек, жайсыз, күйгелек, күйгелектеу, қазба, қазбалағыш, қазымыр, мазасыз, сабырсыз, тағатсыз, тықылдақ, тынымсыз, тынышсыз, шыдамсыз, шыжбалақ, шыж-быж болғыш, шыжылдақ, шықылдауық* деп жағымсыз реңкпен атаған.

Сонымен бірге болмысы момын, сабырлы, байсалды халық нәрсенің байыбына бармай, парықсызданып, ұрыс шығаруға дайын, ұрда-жық мінезді жақтырмаған. Осы мазмұндағы мінез атаулары **ҰРЫСҚАҚТЫҚ (35)** деген

топқа жинақталды. Олар: *айқайлағыш, арсылдақ, ашуқор, ашуланғыш, ашуланшақ, ашулы, ашушаң, ашуы қатты, ашуы мұрнының ұшында тұратын, бажылдақ, байланысқыш, бақырауық, барылдақ, бейауыз, бетпақ, бірбеткей, даукес, дауқұмар, даулағыш, дауылды, долау, долуыр, долы, дөрекі, дуайпат, екі аяғын бір етікке тығатын, жанжалшыл, керіскек, көк долы, көкбет, тыз етпе, ұрысқақ, шырт етпе, ызақор, ілінісе кеткіш.*

Бұл ұғым көбіне адамның дауыс көтеруімен байланыста сипаттала аталады: *айқайлағыш, арсылдақ, ашуы мұрнының ұшында тұратын, бажылдақ, бақырауық, барылдақ, бейауыз.* Және ашу сөзіне қатысты атаулары да біршама: *ашуқор, ашуланғыш, ашуланшақ, ашулы, ашушаң, ашуы қатты, ызақор.* Және әйел адамға тін мінез ретінде лексикалық бірліктері бар: *арсылдақ, бажылдақ, бетпақ, бірбеткей, долуыр, долы, керіскек, көк долы, көкбет, тыз етпе, ұрысқақ, шырт етпе.*

Қазақ мәдениетінде аңқаулыққа қарама-қарсы, қулығы көп, адамнан айласын асырып жүргендерді де жағымсыз мінез санаған. Осы қатар **ҚУЛЫҚ (34)** концептісіне топтастырылды. Олар: *айлакер, айлакес, айлақор, айлалы, айлашы, айлашыл, алаяқ, алдамшы, алпыс алты айлалы, алпыс екі айлалы, амалқой, амалшыл, арбағыш, аттының аяғын, жаяудың таяғын алған, әдісқой, әдісті, әдісшіл, басбақыл, қу, қулау, қулығын асыру, қулықшы, қулықшыл, қушыкеш, суаяқ, сужұқпас, сужұқтырмас, сықаяқ, сырдан сыңар аяқ өткен, сырқынды, тақыс, тәсілқой, үміттәйім, іші лас, сырты таза*.

Ұлт санасында қулық айла, әдіс табумен ассоциацияланады: *айлакер, айлакес, айлақор, айлалы, айлашы, айлашыл, алпыс алты айлалы, алпыс екі айлалы, әдісқой, әдісті, әдісшіл, амалқой, амалшыл алаяқ, аттының аяғын, жаяудың таяғын алған, тәсілқой.* Бұл атаулар не бір жақты жағымды не бір жақты жағымсыз атау бола алмайды. Бұлар қазіргі қоғамның сұранысына орай бейтарап мәнге ие бола бастады.

Екіншіден кісіні жер соқтырып кету, арамдық қосылған қулық реңкі бар атаулар бар: *алдамшы, арбағыш, іші лас, сырты таза.*

Академик Ә.Қайдар қазақ халқын табиғатынан намысшыл, шамшыл, өркөкірек, өзімшіл, қызбақанды халық екенін айтады. Қазақ халқы бұл мінездерімен бірден көзге түсетінін, намысты қолдан жібермейтінін, болар-болмас нәрсеге өкпелеп қалатынын, өзгенің айтқанына көне қоймайтын өркөкіректігі мен қызбалығы ерекшелеп тұратынын айтады.

Бұл мағынадағы атау қорының орташа сипатына қарап, табиғатынан момын, енжар халықтың қызбалыққа салынуы сирек болады деген ой келеді. Сонымен бірге қызбалықты қазақ халқы елеп, ескеріп ат қоюы аса жиі емес сияқты. Дегенмен онбестомдық сөздіктен **31** бірлік табылды. **ҚЫЗБАЛЫҚ**: *алақызба, албырт, арқасының қозбасы бар, асыққыш, аужар, байыбына бармайтын, байыпсыз, берекесіз, дойыр, желпеңбай, күйгелек, қызба бас, қызба қанды, қызба мінезді, қызба, қызбалы, қызбалықты, қызуқанды, ожар, сабырсыз, тауаны тар, тік мінезді, ұрма мінезді, ұстамсыз, ұшқалақ, үстірт ойлы, шадыр, шамданғыш, шәдде, шыртбас.*

Мұндағы арқасының қозбасы бар деген тұрақты сөз тіркесі назар аударады. *Ән біткен сайын дуылдасып**, арқасының қозбасы бар** желөкпе немелер өңеші жыртылғанша айқайлап, қошамет жаудырып, азан-қазан болады да, жаңа бір ән басталғанда жаңағы у-шудың бәрі жым-жылас тиылып, жұрт тағы да сілтідей тынып қалады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Арқасы бар, арқалы, арқасы құрысу* деген тұрақты тіркестермен қатар қозбалығы бар деп атау мінез сипатын көрсетеді.

Академик Ә.Қайдар қазақ тілінде желігу деген сөздің адамның бір нәрсеге қатты әуестенуі, қызығуы, құмарлықтың соңына түсуі, соны орындағанша тоқтамай, өзін-өзі тежей алмауы деген мағынаға саятынын айтады. Бұны қазақтардың жылқы малының құлағында ойнап, жылқы етін жеп, қымызын ішуінен деп жобалағанын айтады, өйткені ат мінгенде, әсіресе жорға мен жүйрік ат мінгенде адамның көңілі көтеріліп, бойы сергіп, қайдағы бір желік пайда болатынын, ал жылқының қазы-қартасына тойып, қымызына қызара бөртіп алған кезде адамның көңіл күйі көтеріңкі, сергек тесезімтал жүретініне байланыстырады. Сонда қызбалық *желігі бар, желігі мол* деумен байланыста екенін айтады [1, б. 64].

Педагог ғалым Ә.Табылды байыптау, пайымдау, ой қисыны болмаған жерде «шыдам» тез таусылатынын, ой жүйесі «шолақ» болатынын айтады. Қызуқандылықтың қазақ ұлтына тән еместілін ескертеді. Егер бола қалса, оның тексіздік екенін айтады [83, б. 7-9].

Жағымсыз мінез атауларының енді бір тобы **АҚЫЛСЫЗДЫҚ (39)** ұғымын таңбалайды. Қазақ халқы парасатты, ақыл-пайымы бар, салиқалы тұлғаны қашан да бағалаған. Және қазақ халқының өзіне тән мінезі ретінде атаған. Қазақ ақылды, парасат-пайымы толық халық деген стереотип қазақ халқының өз ішінде көп айтылады. Осыған сай келмейтін мінездерді мінеп, атау берген: *адасқыш, айланкес, аққөз, ақылдан кенде, ақылдан шайнам жоқ, ақылсыз, ақылы алқымынан аспау, ақылы ауған, ақылы к...інен аспайтын, ақылы келте, алағұс, албыт, алданғыш, арда, дәлдір, дуасыз ауыз, дуасыз, есектің миын жеген, есер, есерсоқ, жетесіз, жылтсыз, зердесіз, кеудемсоқ, қуыс бас, надан, ойсыз, оясыз, өресі аласа, өресіз, парасатсыз, парықсыз, пәтуасыз, пікірі жоқ, санасы жоқ, санасыз, соқырлау, тауықтың миындай ми жоқ, түйсіксіз.*

Олардың көбі ақылдың жоқтығы, сананың төмендігімен байланыстырылады: *есер, есерсоқ, жетесіз, жылтсыз, зердесіз, қуыс бас, надан, ойсыз, оясыз, өресі аласа, өресіз, парасатсыз, парықсыз, пәтуасыз, пікірі жоқ, санасы жоқ, санасыз, соқырлау, түйсіксіз.*

Сараңдық пен тойымсыздық ұғымдары бір болғанмен екі түрлі топқа жіктелді. Себебі сараңдық қолында барды елмен бөлісе алмаушылық, жомарттыққа қарама-қарсы ұғым болса, тойымсыздық жемқорлықпен, парақорлықпен ұштасқан, арам жолмен дүние жинауға ұмтылуды, пайдакүнемдікті атайды. Көзі тоймаудан пайда болатын қанағатсыздық мінез. Қанағатсыз адам «ала берсем», «жей берсем» деген ғана оймен күн кешетін, көзі

жұмылғанша тоймайтынын, ала берсем деп, мүмкіндік табылса, парақор болатынын, алудың амалын ғана ойлайтынын айтады Ә.Табылды [88, б.7-9].

ТОЙЫМСЫЗДЫҚты таңбалайтын бірліктер – **32:** *аларман, алпауыз, алымпаз, алымсақ, ашкөз, жалмақай, жалмауыз, жебір, жемқор, кең көмей, қанағатсыз, қарарсыз, қисапсыз, қомағай, құдай құлқынын алған, құлқын мінез, құлқын саусақ, құлқынқұмар, құлқынның құлы, құлқын-тамақ, құлқыншыл, құлқыны ашылған, құлқыны жаман, мешкей, нысапсыз, обаған, обыр, өңешқұмар, парақор, парашыл, тойымсыз, ынсапсыз.*

Қазақ санасында тойымсыздық *алу* қимылымен байланыста атауға ие болған: *аларман, алымпаз, алымсақ,* сондай-ақ ауыз қуысы мүшелерімен, жеумен байланыстағы атаулармен таңбаланған: *алпауыз, жалмақай, жалмауыз, жебір, жемқор, кең көмей, қомағай, құлқын мінез, құлқын саусақ, құлқынқұмар, құлқынның құлы, құлқын-тамақ, құлқыншыл, мешкей, обаған, обыр, өңешқұмар, тойымсыз, ынсапсыз.*

Қазақ халқы жалқаулықты жағымсыз деп даттаған, бұл ұғымды беретін сөз саны **45** болып шықты.

ЖАЛҚАУЛЫҚ: *ай қарап, жұлдыз санаған, айда бол, ас ішкенде пайда бол адам, арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, әзір асқа аяғын ала жүгіретін, әзір асқа тік қасық, бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, жалқау, жалқау-жампоз, жанбақты, жатаған, жатыпішер, жұмысқа қолы бармайтын, кәсіпсіз, кежегесі кейін тартқан, кежір, керенау, көк жалқау, көк желкесінен тартқан, қазан үстінен күн көрген, қолын қусырған, қолынан боқ та келмейтін, құр нан соғар, қылт-сылты көп, масыл, мойны жар бермейтін, нансоғар, нәуетек, омалып отыратын, он салса да, бір баспайтын, сал бөксе, сал сүйек, самарқау, сармойын, сылтаушыл, тұяғы қимылдамайтын, тышқан мұрнын қанатпайтын, тілазар, шаулау, шошқа тағалап жүретін, шөптің [құрайдың] басын сындырмаған.*

Жалқаулық қазақ ұғымында еңбексіз жату, тек тамағын асырамен байланыстырыла аталады: *арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, жанбақты, жатаған, жатыпішер, нансоғар, сал бөксе, сал сүйек.* Сонымен бірге жайбасарлықпен ұштасады: *бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, керенау, мойны жар бермейтін, самарқау, сармойын, сылтаушыл, шаулау.* «Еріншектің ертеңі таусылмайды» деген мәтел ертеңін жоспарламаған адамның да іс-әрекетін айтып тұр.

Қазақ мәдениеті **АРАМДЫҚты (32)**, залымдықты ерекшелеп, атап, жағымсыз мінез қатарына жатқызған. Олар мыналар: *азғырғыш, алаяқ, арам, арамза, аяр, әзәзіл, әккі, жылан жүрісті, жылмысқы, жылпы, жырындықор, залым, зұлым, зымиян, кәззап, кезеп, көлгір, қақатұяқ, қу аяқ, қу қаптал, қу тұяқ, қырқар, мекер, мұттахам, мұнафиқ, мұттайым, мысықтілеу, ниеті жаман, пәле, пәлекет, сұм, сұрқия.*

Ә.Табылды залым адамның айлакерлікпен кісіні кіріптар ететінін, оның барын жоқ деп, ағын қара деп, әбігерге салатынын айтады. «Залымға нана берме, алдына бара берме» деп, халықтың залымнан бездіретінін жазады. Өз пайдасын ғана ойлайтынын, не асыра мақтайтынын, не асыра даттайтынын, қалай да өз

мақсатына жетуге тырысатынын айтады. Залым мінезді адам, біреуге қастық ойлауға бейім болатынын, қатерлі әрекетпен басқаның жақсылығын жасыратынын, ешкімге жақсылық қимайтынын айтады [83, б. 7-9]. Сондықтан қазақ тілінде *алаяқ, арамза, аяр, әзәзіл, әккі, жылпы, жырындықор, залым, зұлым, зымиян, кәззап, пәлекет, сұм, сұрқия, жылан жүрісті* деген мінез атаулары дәл басып атайды.

Арам адам қашан да өз басын ойлап, жақсылыққа жамандық жасап, азғындап жүреді.

Мұндағы *мысықтілеу* атауының фреймі жалпы қазақтілді ортаның санасында бірдей. Өзінің арамдығын мүләйімсіп жүріп жасырып жүретінін мысықтың күнделікті қимыл-қозғалысынан шығарып атаған.

ҚЫДЫРЫМПАЗДЫҚ мінез сипаты да жағымсыз қасиеттің бірі болып саналады. Бірақ алдыңғы мінез атауларына қарағанда сан жағынан аса көп емес **(23):** *ел кезгіш, кезбе, кердеңсал, қыдырғыш, қыдырымпаз, қыдырынды, қызықшыл, ойынпаз, ойын-сауыққа құмар, ойыншыл, оспақшыл, сайраншыл, сауыққой, сауыққұмар, сауық-сайраншыл, сауықшыл, сейілшіл, серуеншіл, сері мінезді, серісымақ, тамашашыл, той-думаншыл, шаңдаяқ.*

Бұл қатардағы кейбір атауларды бірыңғай жағымсыз мінез атауына жатқызуға болмайды. Мысалы, *қызықшыл, ойын-сауыққа құмар, сауықшыл, сейілшіл, серуеншіл, сері мінезді* деген атаулар бейтарап мағынада қолданысқа ие болған.

Ерекше назар аударуға болатыны көп еске алынатын **ІШТАРЛЫҚ** ұғымын беретін қазақ тіліндегі атаулардың салыстырмалы түрде аздығы болды. Олар **(28):** *ала тай, бақкүндес, бақталас, бейілі [пейілі] тар, бұзғыш, жарылып өлердей, көкірегі тар, көре алмайтын, күндегіш, күндес, күнші, күншіл, қызғаншақ, қызғаныштан өзегі өртенген, қызғанышты, өзегіне құрт [шоқ] түскен, өрісі тар, сахауатсыз, тар мінезді, тарыншақ, іштар, іші әлем-жәлем, іші жарыла жаздаған, іші күйген, іші тар, іші у жалағандай болған, ішіне [ішегіне] пышақ айналмайтын, ішіне қыл [шынашақ] айналмайтын.*

Іштарлық, көреалмаушылық, қызғаншақтық адамның жүйке жүйесін бұзатынын дәрігерлер де, психология мамандары да мойындайды. Кейде бұл мінез адамдықты жоғалтуға дейін апаратыны белгілі болып жатыр.

Педагог мамандар қызғаншақтықтың көреалмастықтан пайда болатынын, жақсының жақсысын «жаман» деп, дүниеге симайтынын, «Сенің байлығың – қызғаншақ үшін қайғы-мұң» болатынын айтады. Іштар адам қатардан озған адамға қаскүнемдік әрекетті «білдірмей» жасайтынын, ол үшін неше түрлі айлашарғы қолданатынын айтады. Қазақта «қызғаншақтықтың көңілі қош болмайды, ол ешкіммен дос болмайды!», «күліп отырады, текеметіңді тіліп отырады», «ісің болса жүйелі, қызғаншақтың іші күйеді» деген мақалдар осыны дәлелдейтінін айтады [90, б. 34-35].

Ә.Қайдар «Қазақ – қызғаныштан қызыл итке жем болып, құрбандыққа дайын тұрар халық” деген Ұлықбек Есдәулеттің сөзін ала отырып, қазақ халқының қолындағы бар дәулетті, қазына-байлықты, мансап-билікті бір-бірінен қызғанатынын, сөйтіп жүріп, көрінген көк аттыға жем болып, қор болатынын,

қажет бола қалса, ортақ мүдде, мақсат үшін өзін-өзі құрбандыққа беруге дейін дайын тұратын, әрі мәрт, әрі іші тар халық екенін сипаттайды. Сонымен бірге қазақтардың бірінің-бірі иығынан тартып, етегінен басып, бастан қағып, аяғын аттатпай қоятын әдеті барын, оның жоғалмайтынын, оған қазақ өмірінде мысал көптігін айтады. Күншілдікте тек жоқ екенін, шек болмайтынын, пенде бойындағы ең жаман қасиет екенін, кең дүниені тарылтатын қасірет осы болатынын айтады [1, б. 90].

Халық тілінде «туысың бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бөліп, бере алмайды» деген нақыл сөз бар. Ә.Қайдар бұны қазақтың – қасіреті деген. Көп жағдайда өз үлесінен құр қалып, шығар биігіне жете алмай, аларын ала алмай қалып жүруінің басты себептерінің бірі көреалмаушылықтан, іштарлықтан, күндеушіліктен болатынын айтады.

Ә.Табылды іштар адамның қолы – сараң, мінезі – қытымыр болатынын, алуға – бар, беруге жоқтығын, әркімге жамандық ойлап, біреу – өлсе, «жері кеңіп қалғандай», біреу жамандық көрсе, «сауап болыпты» дейтіндей өзімшіл, көргенсіз болатынын айтады [88, б. 7-9].

«Біреуді біреу аяп, қайғысына ортақтасқандай, қуанышына ортақтаспайды. Біреудің қуанышына ортақтасу орнына адамда күншілік пайда болады. Бұл – жалпы адамзаттың ұнамсыз бір жарамаған мінезі. Бір ғалым айтыпты: Қайғыға ортақтасу үшін, адам болу жетеді. Қуанышқа ортақтасуға періштелік те толық емес. Неге десең, күншілдіктің дөкей ірісі соларда болған» (Шәкәрім Құдайбердіұлы) [92, б. 214].

Қазақ тіршілік қамы жүйесінде аңқау болуды, біреуге тез сенуді аса жағымсыз мінез қатарына жатқызбайды. Сөйте тұра жағымды мінез ретінде де бағаламайды, керісінше аңқаулықты кекетіп, мазаққа айналдырып отырады. Сол себепті бұл ұғым осы топта қаралып отыр. **АҢҚАУЛЫҚ** ұғымын беретін атаулар аса көп емес, олар **(20):** *алаңғасар, аңғал, аңғалақ, аңғалсоқ, аңғырт, аңқау, аңқау-аңғал, ардың-күрдің, ашықауызды, әпенді, әулекі, әумесер, әуміш, болбыр, доланкесер, иланғыш, нанғыш, нандық, нанымпаз, саудайы.* Қулығы жоқ, арам ойламайтын, тіптен ойланбайтын ла тұлғалар жайлы айталытын сөздер.

ЖАЛАҚОРЛЫҚ-ты қазақ тілінде аса көп сөзбен атамаған. Бар-жоғы **19,** *олар: арызкеш, арызқой, арызқор, арызқұмар, арызшыл, бәле баққан, бәле қуғыш, бәле іздеген, бәле, бәлеқор, бәлеқұмар, ғайбатшыл, жалақор, қызыл көз, нау, пәле іздегіш, пәлеқор көзді, пәлеқор, шағымшыл.* Бұл қатардың бір шамасы арыз сөзімен байланысты: *арызкеш, арызқой, арызқор, арызқұмар, арызшыл, шағымшыл, ғайбатшыл.* Бірнешеуі *бәле* сөзімен қатысты болады: *бәле баққан, бәле қуғыш, бәле іздеген, бәле, бәлеқор, бәлеқұмар, жалақор, пәле іздегіш, пәлеқор көзді, пәлеқор,қызыл көз, нау.*

ЕНЖАРЛЫҚ қазақ халқының табиғатына, болмысына жақын мінез болып танылғанмен, аталым жүйесі аса бай емес. Соған қарағанда енжарлықты қазақ мәдениеті өз табиғатына балап, бағаламауы мүмкін. Қолда бар жиналған сөзбірліктер саны – **20:** *енжар, еш нәрседен хабарсыз, жауапсыз, зауықсыз, зейінсіз, кешігімпаз, кешіккіш, құлықсыз, мақсатсыз, марғаулау, немқұрайлы,*

ниетсіз, пейілсіз, салғырт, самарқау, селқос, талапсыз, шабан, ықылассыз, ынтасыз.

Немқұрайлылық, салғырттық мінез әр нәрсеге баға бермеуден шығады. Ә.Табылды әрбір істің, құбылыстың құрылымы, реті бейқамдықтан бұзылатынын, салғырт адамның іс-әрекеті бей-берекет болатынын, өйткені ол кісі істің жүйесін қалыптастыруды ойға алмайтынын, жүйесі қалыптаспаған іс-әрекет толық нәтижелі болмайтынын, жүйесіз еңбек иесіз болатынын айтады. Және салғырттықты санасыздықпен байланыстырады. «Салғыртта сана жоқ, саяқта пана жоқ» деген мәтелді келтіре отырып, салғырттықтан салақтық пайда болатынын айтады [88, б. 7-9].

ҚОРҚАҚТЫҚ деген мінезді қазақ халқы аса көп атаумен атамаған, **(22):** *бұқпантай, елдің қолына қараған, жалтақ, жалтаң көз, жанаяр, жаны тәтті, жаутаң қаққан, жүрексіз, көген көзденген, қатын жүрек, қорқақ, қорыққыш, қорыншақ, қоян жүрек, секемшіл, сескенгіш, сескеншек, су жүрек, табанының бүрі жоқ.үргелек, үрейшіл, үркек* деген ғана бірліктер табылды. Бұл ұғым көбінесе бұғып қалу, жалтақтау қимылымен байланыста айтылады: *бұқпантай, жалтақ, қорыншақ, секемшіл, сескенгіш, сескеншек, үрейшіл, үркек.* Сонымен қатар жүректің әлсіздігімен қатыстырылады: *жүрексіз, қатын жүрек, қоян жүрек, су жүрек.*

Ағылшын және испан тілдерінде қорқақтық (chicken coward – *қорқақ тауық*, chicken heart – *тауықжүрек*) үй құсы тауықпен теңестіріле суреттеледі. Қазақ тілінде қорқақтық қоянмен астастырыла айтылады, мысалы, қоянжүрек.

САЛАҚТЫҚ мінез болмысы негізінен әйел адамға қатысты көп айтылады **(21).** *Абылыңқы-сабылыңқы, алақ-бұлақ, арқауы бос, боғы ботқа, сідігі сорпа, дүмбілез, жалпы етек, кең балақ, керенау, қазанына қаспақ қатқан, қазанының қаспағы бес елі, қалай болса, солай, құнтсыз, лас, майлы қолтық, нас басқанды бит басқан, олақтан салақ жаман, салақ, салғырт, солпы етек, ұқыпсыз, шалағай* деген атаулармен ғана аталады. Мұнда салақтық әр қырынан сипатталады: *ұқыпсыздық, керенаулық, бостық.*

ӨТІРІКШІЛДІК қасиетті қазақ халқы **(17):** *алдағыш, алдампаз, алдамшы, алдаушы, әрмен жүрек, бермен бет, екіжүзді, көзалдаушы, көзбояушы, өтірікке жүйрік, өтірікші, рияшыл, сайдақы, суайт, суайттау, суқит, сылдыр-суайт* деген атаулармен атаған. Яғни адамды алдау мен өтірік айту, аңқаулықпен суқиттану әрекеттерін ғана таңбалаған.

ЖАҒЫМПАЗДЫҚтың **(16):** *бәйектегіш, жабысқақ, жағымпаз, жағынғыш, жағынымпаз, жақсы атты болғыш, жалбақай, жарамсақ, жәркелеш, көлгір, қошеметшіл, құйыршығы болу, мадақшыл, мүләйім, мысықсопы, шолақ белсенді* деген атаулары жиналды. Бірде тік мінезді деген, бірде момын халық деген стереотиппен аталатын халықтың табиғатына жағымпаздану жанаспайтын болған соң, бұл мінез сипаты қазақ халқының болмысынан алыс болуы мүмкін.

МАНСАПҚҰМАРЛЫҚ қазақ халқының стереотипті атауы деп танылғанмен бұл ұғымды беретін атау аса көп емес болып шықты **(13):** *ағаш*

белсенді, атаққұмар, атақшыл, баққұмар, даңққұмар, мансапқор, мансапқұмар, мансапшы, мансапшыл, саясатқұмар, саясатшыл, төрешіл, шенқұмар.

Академик Ә.Қайдар қазақты атаққұмар, шенқұмар, мансапқұмар халық деген ел ішінде қалыптасқан пікір барын, айта отырып, қазақтарға таңылып жүрген бұл пікірдің әртүрлі себебі түсіндіреді. Оның бірін Ресейдің отаршылдық саясатынан, яғни шен-шекпен алып, мансапқа ие болу үшін ұлықтар алдында құрдай жорғалап, құл болып бағыну әдетіне байланыстырады. Оған мысал ретінде патшайым Анна Иоановнаның қазақ қандай халық екен, нені ұнататын халық екенін сұрастырғанда қазақтардың атаққұмарлыққа, шенқұмарлыққа бейім екенін білгеннен кейін бас көтеріп, атқа мініп жүрген еті тірі, пысықтарының кеуделеріне алақандай-алақандай медаль таққанын, арқаларынан өтірік қағып қойып, бір-біріне айдап салып жаман үйреткенін; сөйтіп, “бөлшектеп ал да, билеп, төстей бер” саясатын жүргізе бергенін Қ.Әзбергеновтің мақаласы арқылы айтады. Сол әдет қазақтың бойына сіңген дейді [1, б. 18].

Ә.Табылды да шенқұмарлық, мансапқорлық мінезді – қазақ халықтың қасіреті деп табады. Шенқұмар адамның өзінің шама-шарқына, біліміне, іскерлік ауқымына қарамай, шенге (атаққа, дәрежеге) құмар болып, сол жолға «барын салып», «бағын жандырмақшы» болатынын, «Азат басың болсын құл: Қолдан келмес іске ұмтыл» деп, Абай дана мансапқор адамның қолдан келмес іске ұмтылып, азапқа түсетінін келтіре отырып, бүгінгі күні мансапқор адамның парақорлық үшін мансапқа ұмтылатынын айтады [88, б. 7-9]. «Бірақ секіріп шығам деп, бірақ секіріп түсем деп, мертігеді де жатады, сөйтіп Құдай атады» деп, Абай айтқандай, мансапқор адам түбінде жақсылық таппайтынын халық тарихы көрсетіп келеді.

Атауға аса бай емес, басқа да мінез атауларын төменде топтап береміз. Олар **ЕБЕДЕЙСІЗ (11):** *ебдейсіз, ебедейсіз, епсіз, икемсіз, қырсыз, қыры жоқ, ноқай, олақ, орашолақ, өнерсіз, ығы жоқ;* **КӨРСЕҚЫЗАРЛЫҚ (11):** *әуесқой, әуестенгіш, еліккіш, еліктегіш, еліктемпаз, желкөкірек, желікпе, көрсеқызар, көрсеқызарлау, құмарпаз, қызыққыш;* **ӨЗІМШІЛДІК (11):** *бөлінгіш, жекешап, жікшіл, киіктеу, меншікқұмар, меншікшіл, меншіл, өзімшіл, өзімшілдеу, өпірем, рушыл;* **ЗАРЫЛДАУЫҚТЫҚ (10):** *безілдек, безілдеуік, ділмар, жылауқор, жылауық, зар жақ, зарлауық, қақсауық, тіл мен жаққа сүйенген, шағымшыл;* **БЕРЕКЕСІЗДІК (8):** *арсыл-гүрсіл, аузы ала, басы бір қазанға сыймаған, басы бірікпейтін, бейпарық, берекесіз, қоржынына қоқым тоқтамайтын, сыйыса алмайтын;* **НАДАНДЫҚ (8):** *әліптің атын білмес, әңгүдік, әумесер, біліксіз, білімсіз, дүбара, есерсоқ, надан;* **ӘДІЛЕТСІЗДІК (6):** *алақол, алалық жасайтын, әділетсіз, әділсіз, қаралығы бар, қиянатшыл;* **МЫСҚЫЛШЫЛДЫҚ (6):** *әжуашыл, кекеткіш, келекешіл, мысқылшыл, сықаққой, сықақшыл;* **ТҰЙЫҚТЫҚ (6):** *жабық жан, сөзге сараң, томаға-тұйық, тоңырайыңқы, тұйық, тырысқақ;* **НӘСІПҚҰМАРЛЫҚ (5):** *әйелқұмар, етекқұмар, жүргіш, нәпсіқор, нәпсіқұмар.*

Томаға тұйық сөзінің шығу төркіні жайында Ә.Нұрмағамбетов былай дейді: «М.Қашқари сөздігінде «томлығ» дыбыс құрамындағы тұлғаның бірінші мағынасы – суық, салқын болса, туынды, ауыспалы түсінігі – көңілсіздік,

қаталдық. Қазіргі түркі тілдері ішінде туваларда дәл осындай мағынаны «дүмбей» сөзі береді. Енді бір түркі тілдерінде, атап айтсақ, құмықтарда мағына ауысуы алшақтай түсіп, «томақ» тұлғасы – «топас», татарларда «тома» – жан жағы бітеу іспеттес түсінікке нұсқайтын болған. Осылардың қай-қайсының да тұңғыш түбірі – «том», ал бірінші мағынасы – «суық». Бертін келе ол тұлғасын өзгерте түсіп, кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, алғашқы «суық» мағынасы адам мінезіндегі «жабырқаңқылық, көңілсіздікті» бейнелеп көрсету қызметін атқаруға көшкендігін байқаймыз. Жорамалымыз бойынша, «томаға-тұйық» қос сөзін мағына жағынан «салқын-тұйық» деп айтуға да болады» [76, б. 273]. Сонда томаға-тұйық мінез кісікиіктеніп, айналасынан жырақ жүру, өзгеге де өзіне де салқын болуды айтады. **АБЫРЖЫҒЫШТЫҚ (4):** *абдырауық, абыржығыш, асып-сасқыш, сасқалақ;* **ЖАНАЯРЛЫҚ (4):** *аянкес, аянпаз, аянсақ, аяншақ;* **ҰМЫТШАҚТЫҚ (4):** *жаңғалақ, жаңылғыш, жаңылысқыш, ұмытшақ;* **ЖАЛПАҚШЕШЕЙЛІК (3):** *жалпақшешей, көңілшек, лақылдақ;* **КҮМӘНШІЛДІК (3):** *дүдәмалшыл, күдіктенгіш, күмәншіл.*



Сурет 2 – Жағымсыз мінез атауларының салыстырмалы сипаты

Бұзықтық (165), ынжықтық (100), менмендік, тәкаппарлық (79), қыңырлық (74), сөзшеңдік (67), әдепсіздік (64), мейірімсіздік (62), тұрлаусыздық (54), жеңілтектік (52), мақтаншақтық, даңғойлық (51), кінәмшілдік (48), сараңдық (48), тексіздік (46), жалқаулық (45), ақылсыздық (39), шолжаңдық (35), мазасыздық (35), ұрысқақтық (35), қулық (34), тойымсыздық (32), арамдық (31), қызбалық (30), іштарлық (28), қыдырымпаздық (23), қорқақтық (22), салақтық (21), аңқаулық (20), енжарлық (20), жалақорлық (19), өтірікшілдік (17), жағымпаздық (16), мансапқұмарлық (13), ебедейсіз (11), көрсеқызарлық (11), өзімшілдік (11), зарылдауықтық (10), берекесіздік (8), надандық (8), әділетсіздік (6), мысқылшылдық (6), тұйықтық (6), нәсіпқұмарлық (5), абыржығыштық (4), жанаярлық (4), ұмытшақтық (4), жалпақшешейлік (3), күмәншілдік (3).

Сурет 3 – Қазақ тіліндегі жағымды және жағымсыз мінез атауларының сандық көрсеткіші

2.3 Қазақ тіліндегі әйел және ер адам мінез атауларының мәдени негіздері

Әйелдің қоғамдағы рөлі, оның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы және қоғамның әйелге деген қатынасы барлық уақытта қызығушылық тудыратын маңызды аспектілердің бірі. «Әйел» бейнесі әрқашанда ізгілік пен пәктіктің, адалдық пен арамдықтың, айлакерлік пен алдау-арбаудың, жақсылық пен зұлымдықтың, сонымен қатар, сұлулықтың символы. Әйел – әлем жаратылысындағы тіршіліктің алғашқы бастауы, өмір әкелуші, ұрпақ жалғастырушы, дәстүрлі құндылықтарды өндіреді, соған орай әйел – ана, әйел – әдемілік, әйел – нәзіктік, әйел – сұлулық, әйел – сезімталдық, әйел – сыпайылық, әйел – әдеп, әйел – үйлесім, әйел – жарасым деп, оның табиғи мінез-құлқы мен болмысын, әйел адамға қатысты концептуальдық модельдерді келтіре отырып, Г.С.Сағидолда, Г.А.Әбдіміәулен өз еңбектерінде әйелдің қоғам өміріндегі, ұлттық мәдениеттегі

рөлі мен орнын, оны сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындап берген [93, б. 20-30].

Қазақ мәдениетінде әйел, қыз балаға қатысты ғана мінез сипат атаулары бар. Олар мысалы, *әдепсіз, көргенсіз, тексіз, қылықты, жібек мінезді* деген қатардан тұрады. Бұл атаулар ер адамға, не қарт адамға айтылмайды.

Беліме жіп буындым белбеусізден,
Жігіттер, қатын алма көргенсізден.
Қатынды алар болсаң көргенсізден,
Ғазиз басың қор болар тергеусізден (Өске Торқаұлы) (1788-1857):
«Көрмедім келін иттей көргенсізді,
Салмады дастарқанға жалғыз шекер,
Көп беріп көргендінің қызын алсаң,
Үйіңе мейман келсе, құрмет етер.
Аз беріп көргенсіздің қызын алсаң.
Байымен бір жатқанын міндет етер...»,
«Жібек мінез – қыз-келіншек шырыны,
Біле білсең, әйел көркі қылығы» (Ж.Баласағұн).

«Ақ бетіне қан құйған, Орамалын дәл құйған, Ерніне бал құйған, Қылықты туған қызды да...» (Шал ақын). Мысалдар Ж.Сарыбекова мақаласынан алынды [94, б. 4-7].

Қазақ халқы әйел адамды сұлулықтың символы деп, ер адамның қабырғасынан жаратылған нәзік те, сырлы құбылысқа балаған. Әйел – отбасының берекесі, діңгегі, тыныштығы мен татулығының тұтқасы.

Халқымызда: «Аталы ел – анадан» деген ұлғатты сөз бар. Қазақ әйелі – бүкіл ғұмырын балаларының тәлім-тәрбиесіне арнаған әлемдегі ең ізгі әйел. Тек қана, отбасы ошақ қасы ғана емес, жаугершілік замандарда еріне қамқорлығы мен ақылдылығымен күш те беріп демеп отырған.

Өзге мәдениетте де классикалық мәдениет пен философияда әйел ұрпақ жалғаушысы ретінде жоғары бағаланады, алайда әйел адамды төмен бағалайтын кезеңдер де аз болмаған.

Дәстүрлі дала мәдениетінде қазақ әйелдері қоғам мүшесі ретіндегі әлеуетін өнер-білім саласында, сондай ақ қоғам қайраткері ретінде көрсетіп, өзін-өзі дамытып отырған. Өнер саласында атағы жалпақ жұртқа жайылған белгілі әншілер, ақындар, майталман күйшілер болды. Тарихта болған *Болған ана, Домалақ ана, Дарабоз ана, Қарқабат ана, Қызай ана, Найман ана, Ұлпан аналар* – рулы елдің бүтіндігіне қызмет еткен қайраткер тұлғалар болса, *Қарқабат, Абақ, Қызай* аналар рулы елдің ұранына айналып, сол рудың атына негіз болған [95, б. 313].

Сонымен бірге қазақ даласында әскери басқару, қол жию, майданда қан төгу қазақ қыздарының бойына біткен қасиет болса керек. Отаршылық дәуірде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа Кенесарының қарындасы Сәмеке ханның жары Бопай өзінің 6 ұлын ертіп Кенесары жасағына қосылып, жауға шапқан [95, б. 313]. Бертін келе Әлия мен Мәншүк апаларымыз да Ұлы

отан соғысында отан үшін жанын салып майданда ерлікпен қаза тапқан. Қазақ әйелі – ұлттың ұйытқысы мен ұрпақтың анасы.

Қазақ халқы әйелдің жас ерекшелігіне, некелік туыстығына, отбасындағы және қоғамдағы орнынына қарай әлеуметтік сатылай өсуіне байланысты мынадай ғұрыптық атау берген.

Кесте 3 – Қазақ тіліндегі әйел адамға қатысты атаулар.

Әйел адам	қыз, қарындас, сіңілі, бойжеткен, балдыз, бөле, келін, жеңге, абысын, ажын, қалыңдық, күндес, жиен, қатын, кәріқыз, жар, жұбайы, ана, бәйбіше, ене, тоқал, күндес, әже, нағашы әже, апа, ақ жаулықты ана, бөле, шеше, қайын сіңілі, қайын әпке, келіншек, құдағи, кемпір.

Қыз балаға қатысты мінез атаулары. Ұлттық салт-дәстүрімізге сай қазақ қызы тәрбиелі, білімді, нәзік, намысшыл, ұлтжанды, сыпайы, жан-жақты ойлай алатын, нәзіктік пен сұлулықтың белгісін сипаттайды. Қыз – ел намысы. Байырғы қазақ қоғамында қалыптасқан рушылдық туысқандық терминдер бойынша қыз бір шаңырақтың баласы емес, сол рудың алыс-жақындығына қарамастан бәрінің қызы болып есептеледі. [96, б. 163]. Мысал ретінде ғалым І.Кеңесбаевтың және Г.Смағұлова еңбектерінде кездесетін тіркестерді тізбектер болсақ: «қызға қырық үйден тыю – қызды жөнсіз ешқайда шығармау туралы айтылады; қызда қырық есекке жүк болатын айла бар (қыз қылығы қырық есекке жүк) – қыз айлалы, қу қылығы, назы көп деген мағынада; он екіде бір гүлі ашылмаған – жас, тазалық, пәктілікті білдіретін символдың белгісі ретінде; қыздың жиған жүгіндей – қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, тәртіпті, жинақы; қыз емшектенді – бұл жерде сүйкімді, көрікті деген мағынада айтылып тұр; қыз мінезді – мінезі жайлы, сызылып тұратын жас бала; қыз теке – үнемі қыздармен қосылып ойнайтын ер балаға, ерекше киінетін қыз балаға қойылатын ат, теңеу ат» деп «қыз» сөзін фразеологиялық тіркестермен түсіндірген [97, 98]. Қазақ мәдениетінде әйел баласына қатысты мінез атаулары көптеп саналады.

Қазақ тілінде қыз баланың әдептілігіне қатысты көптеген сөздер мен тіркестер, мақалдар бар. «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», дегендей сырт қарағанда алдымен қыз ажары көзге бірден байқалады. Қазақ қыздарының бойында туа біткен әдептілік қанмен берілген қасиет. «Қызға қырық үйден тыю» бұл сөздің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Демек, біздің қыздарымыздың қолында білдей бір ұлттың болашағы мен тағдыры тұр.

Қазақ халқының мәдениетінде қызға байланысты ӘДЕПТІЛІКке қатысты көптеген атаулар бар және де нағыз қазақ қыздары осындай мінездерге сай болған. Біз «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» онбестомдығы бойынша қазақ қыздарының мінез атауларын барынша жинастырып, топтастырдық. Әйел адамның әлеуметтік өмірдегі әртүрлі ситуацияларына сай сипаттама атаулар да берілген. Олардың ішінде қызға қатысты мінез атауларына мысалдар жазып,

мағынасын ашуға тырыстық. Халқымыз қыз баланың әдептілігіне қарата: *абайлағыш, биязы, бипаз, жібек мінезді, ибалы, инабатты, инабатшыл, жарқылдақ, назқой, пәкізе (*таза, кіршіксіз, бұзылмаған, пәк) деп қыз мінезіне атау берген. Ал білімділігіне қарата: *зерделі, зерек туған, кішіпейіл, қылықты* деп атаған. Мысалы:. Әкесіндей бұл-дағы Білмегенін сұрағыш, Ненің қалай тұрғанын, **Абайлағыш**, сынағыш (С.Мұқанов, Замандас.). *Мұнда қыз баланың ұқыптылығы, тиянақтылығына қарата абайлағыш деген мінез атауы қолданылып тұр.* Айшаның өзі де әйелдің сүйкімдісі. Мінезі қандай биязы, **бипаз** болса, тілі де сондай жұмсақ, майда (З.Шашкин, Теміртау). *Бұл жерде қыз баланың сыпайылығына, биязылығы жайлы бипаз мінезді деп атап отыр.* Он алтыға енді шыққан бала қыздың мінезі баяғы алғашқы әйелін есіне түсірді. Тарпаң-тұрпаңсыз, **биязы.** Биліктің әзәзіл дәміне әлі құныға қоймаған уыз жас (Ә.Кекілбаев, Бір уыс топырақ). Сыңғырлаған күлкі, **биязы** амандықпен бұратыла басып, тобылғыдай майысқан бойжеткендер (С.Жүнісов, Шығ.). *Әдептілік пен сыпайылықтың қыз бала бойында бала кезден қалыптасқан биязы мінезі туралы айтылады.* Сағила әуел баста сонша назды да **жібек мінезді** жан еді. Мен дегенде үзіліп тұратын (З. Шашкин, Доктор.). *Мұнда қыз бала мінезінің жібектей жұмсақ, сыпайылығын – жібек мінезді деп атайды.* Айсұлу әжеге тақап келіп, үстелдің екінші жағына тізесінен жүгініп отырып, **ибалы** жүзбен сәлем бергендей боп: – «Есенсіз бе, әже?» – деді (М.Әуезов, Өскен өркен). Мұны көргенде манадан бері екі босағада иіліп-бүгіліп тағзым етіп тұрған қызметші қыздардың ибалы жүзіне еріксіз күлкі жүгірді (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). *Бұл жерде қыз баланың ізеттілігі мен сыпайылығы, үлкенге деген құрметіне қарап ибалы мінезді қыз деген атауды қолданып отыр.* Қарашы, әне, мына сіңілің сияқты **инабатты**, албырт әрі ұятты, Алаулаған желегі Соңымыздан асау ұрпақ, арынды ұрпақ келеді (М. Шаханов, Ғасыр.). *Қыз бала мінезінің ілтипаты мен ізгілігі жайлы ианабатты деген мінез атауын қолданады*. Айғайшы көсемдердің көшбасы осы Бөкем, былайша айтқанда, Бозжігіт. Үлкенге де, кішіге де **инабатшыл**, ауылдың ат қойғыш әйелдері «сенатор», «қайнаға» деген тіркестерді қосып ап соға береді («Лен. жас»). *Бұл жерде әдеп сақтағыш, сыпайы адам жайлы айтылып, инабатшыл деген мінез атауын қолданылып тұр.* Ойлап отырса, көрші қыз соншама еркін, ашық-жарқын, **жарқылдақ** екен (О. Бөкеев, Қайдасың.). Зина кісіге сенгіш, аққөңіл, **жарқылдақ** жан (К.Тоқаев, Түнде.). *Кісі көңілін қалдырмайтын, жайдары адамның жарқылдақ мінезі жайлы баяндалып тұр.* “Жұлын жеген бала суға кетеді” дегенді білетін **зерделі** әйел қайнысының аяқ астынан неге бұлан-талан болғанын түсіне қойды (Қ.Салғарин, Қасапшылық). *Қыз баланың зейінділік пен саналылығына қарата зерделі мінезді деп те атаған.* Бұл кемпір ұрғышыдан **туған зерек**, Кісі екен оқымысты жөні бөлек. Екеуін бір емшектен емізбеске Алланың бір хикметі болса керек (Ш.Құдайбердиев. Шығ. *Қыз баланы дәстүрлі ортада білімділігі мен оқымыстылығына қарап зерек туған деп те атаған.* Үш жыл ішінде қыз бетіндегі жібек пердені сыпырып, «беті ашылған», тілді де **қылықты** келіншекке айналған (З.Шашкин, Сенім). Биіктегі боз көйлекті бойжеткен Гүлжаһан есімді осы бір **қылықты** қыз көптен бері көрші тұратын

(Б.Әбдіразақов, Серпіліс). *Қазақта қыз қылығымен көрікті деген сөз бар, яғни қыз бала қылығымен тартымды болып көрінеді.* Думаншыл ауылдар, түйрегіш тілдер, базынашыл жігіттер, **назқой** қыздар еске түсті («Лен. жас»). Үлде мен бүлдені таңдап киетін ерке, **назқой**, қылдырықтай жіңішке әйел екен (Б.Аманшин, Көкжар). *Қыз бала бойындағы еркелігіне қарап назшыл, назқой мінезді деп баға берген.* Пәкізе. *Қыз баланың адалдығы, тазалығын білдіру мақсатында оның мінезіне пәкізе деп баға берген.*

Халқымыз жалпы қыз баланы сыйлап, оған құрметпен қараған. Ал кей жағдайда қыз баланың қырсықтығы мен қыңырлығына, еркекшоралығына қарата да *ибасыз, инабатсыз, қылықсыз* деген мінез атауларын да қолдана білген. Мысалы: Кетіп қалуды **ибасыз** көріп, кетпейін десе берекесі қашып, жұқа өңі қызара түсіп, көзі мөлтілдеп Жұмабекке қарайды (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Қыз бала бойындағы әдепсіз қылығына қарата ибасыз деген сөзді қолданып отыр.* Бақ, дәулет, мал кетерде ырыс қашар, Біреуі біреуіне пәле жасар. Бала пайдасыз болар, Жалшы жалқау болар, Қызы **қылықсыз** болар (Үш ғасыр.) *Мұнда қыз баланың ізетсіздігі мен ұятсыздығына қарата айтылған мінез атауы баяндалады.* Тек өзіне белгілі тер төккенде жеткені, не құрымай біржола, не шарықтап кетпеді. Дабырадан қашқанға даңқсыз деп жүрмісің, доп тебетін **жігіттей** дыбысы жоқ деп мені? (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). *Кейбір қыз балалардың еркекшоралығына жігіттей мінезді деген сөзді қолданып отыр.* Менен сен екі есе мықтысың, қайратты, **еркекжандысың**. Әйел қасиетінен гөрі сенде ердің ерлік қасиеті барырақ (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). *Бұл жерде кей әйелдердің ер мінезділігі мен қайсарлығына қарата еркекжанды деп атайды.*

Қыз бала тәрбиесінде халқымыз күш көрсету мен қорқытудан бойын аулақ ұстап, қызды төрге отырғызып, қызға ерекше құрмет көрсеткен. Сондықтан қыз баланың болмысы әдепті, ибалы, қылықты болуы табиғатынан шығады.

Келінге қатысты мінез атаулары. Тұрмысқа шыққан жас әйелдің күйеуінің ата-анасы мен бірге туған ағаларына аталас, рулас, жасы үлкен ағайындары мен олардың әйелдеріне, ұзатылып кеткен апаларына келін болып саналады [99, б. 313]. Келін болып босаға аттау қуаныш пен үлкен мәртебе. Шаңырақтың берекесін молайтып, тыныштығы мен тазалығын келтіретін де келін. Келін болу – жақсы жар, жақсы ана болу, барған әулетінің ұрпағын көбейту. Сондықтан қаза халқы келінді тек өз ұрпағының ғана емес, тұтас бір ұлттың ұрпағының жауапкершілігін мойнына алған жан ретінде бағалаған.

Атам қазақ келіннің қандай болу керек екенін бәрінен де жақсы білген. Және баласына тәрбиелі жерден ғана келін алып беруге тырысқан. Халқымызда «Көргенді жерден қыз алсаң, Атыңды жүрер жүгендеп, Алысқа сапар шегерде, Жолыңде берер түгендеп» деген ғибратты сөз бар. Қазақ келін аларда оның руы мен тегіне қарап, түбіне қарап текті жерден қыз алуға ұмытылған. Әжелеріміз «Келініңді қыздай көр, қызың келін болмас па?» деуі өзара сыйластыққа ұмытылуды көздеген терең мағынадағы сөз. Сол себепті, жас келінді бастапқыда келін болып келгеннен бастап, үй шаруасына бейімделуіне, жаңа ортаға үйренісуіне көмектесіп отырған. Бұрынғы ерке қыз келін болып енген сәттен

бастап, оның жүріс-тұрысы, киім киісі, мінез-құлқына шектеулер салынып, еріне бой ұсынған.

Қазақ халқында келіннің мінез атауларына байланысты көптеген атаулар кездеседі. Және осындай мінез атауларына келіндеріміз сай болған. Біз «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» онбестомдығы бойынша келіннің де мінез атауларын жинастырдық. Сонымен қатар келіннің әлеуметтік өміріндегі түрлі жағдаяттарға байланысты да сипаттама атауларын жинастырдық, мысалдар жазып, мағынасын ашуға тырыстық.

Жас келін мінезінің тектілігі мен тәрбиесіне қарата: *сәлемшіл, сыпайы, сыпайылау, сыпайырақ, мінезі текті, тектік, ілтипатты* деген атаулар қолданған. Мысалы: Желігі басылмай жүрген неткен жан! **Сәлемшілін** қара өзінің! (С.Бақбергенов). *Мұнда баршаға сәлем беріп, амандасатын сәлемшілдігі жайлы айтылады*. Қоршаған көпшілікпен ол өте с**ыпайы**, жұмсақ дауыспен амандасты (С.Мұқанов, Менің мектеп.). *Бұл жерде әйел адам бойындағы ең қажетті мінез сыпайылық жайлы айтып отыр.* Сіздей шортан тілемейміз, **Сыпайырақ** болыңыз, – дейді Гортензьо Катаринаға (М.Әуезов, Шығ. жин.). *Бұл жерде сыпайы мінез туралы айтылып тұр.* Тектік – тектілік. *Бұл жерде қазақ халқының келінге беретін мінез атауының ең жоғары бағаланатыны тектілік туралы айтылып тұр.* Ал тазалығы мен ұқыптылығына қарата *тастұйнақтай, құнтты* деп атаған.

Қазақ халқының дәстүрлі отбасында келіннің орны ерекше. Қазақ «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деп бекер айтпаған. Келін – өзінің ашық-жарқын мінезімен, кішіпейілдігімен, пысықтығымен, тектілігі мен тәрбиесімен сүйкімді.

Әйелге қатысты мінез атаулары. Дәстүрлі қазақ халқында қыз бала тұрмысқа шығып келін атанса, дүниеге бала әкелген сәттен бастап ол әйел деген ардақты атқа ие болады. Қазақ халқы әйел адамның жасы үлкейген кездерінде бәйбіше, бабасал бәйбіше, ақ жаулықты ана деген атауларды қолданған. Ал егерде ері екі немесе оданда көп әйелмен отау құратын болса оларды – тоқал деп атаған. Тоқалдардан кейінгі ең соңғы үйленген жарын, ең сүйіктісін – ақ қолтық деп атаған. Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі өз отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғап, көркем мінезімен ел аузына ілініп, ақылдылығымен өзгеге үлгі ретінде айтылып, халық ішінде сыйлы болған.

Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа байланысты қазақ әйелі әдепті, мейірімді, қамқоршы, болуы тиіс, күйеуін әркез сыйлап, оған қарсы сөйлемеу керек. Сондай-ақ ол тек қана күйеуін емес, жалпы қайын жұртына құрмет көрсетіп иіліп тұруы керек. Әйел дегеніміз – сұлулық. Ал сұлу әйел сипаты көркем мінезділік, сыртқы келбеті мен ішкі сезімдердің үйлесімділігі [100, б. 24-39]. Осы орайда біз «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» он бес томдығы бойынша әйелге қатысты мінез атауларын барынша жинастырдық. Мінез атауларына мысал келтіре отырып, мағынасын ашуға тырыстық. Қазақ халқы әйел мінезінің салиқалылығы мен көркемдігіне, білімділігіне қарап: *басалқылы, ұстамды, елжірегіш, көнбіс, салиқалы, мәйім, сәйкі, ілтипатты* т.б. деп баға берген. Мысалы: Осы әпкем де қызық екен, көрдім ғой ол кісіні, ұстамды, **басалқылы** адам көрінеді (Ш.Құмарова, Қос шынар). *Әйел мінезінің көрегенділігі мен*

ұстамдылығын баяндап, басалқылы мінез деген атауды қолданып тұр. Ішінде емес, бар қызығы сыртында, – деді біреу күлкі үйріліп мұртында. Сыртқа қарай жапырыла жөнелдік, Жедел басып **сәйкілер** де, сылқым да (С. Жиенбаев, Алтын қалам.). Бұл жерде әйелдің *кербездігі пен әсемпаздығына сәйкі мінез деп қолданған.*

Өзімде жоқ мінездерді – **ұстамдықты**, сабырлылықты соның бойынан көрген соң ойланбадым (Т.Әбдіков, Ақиқат). *Бұл сөзде әйелдің ұстамдылығын, сабырлылығын қаншалықты тәрбие көргендігін көрсетеді*. Мекіренгіш, **елжірегіш** аналар киноға деп, сауық кешке деп баласына әкесінен жасырып ақшаны асыра беріп жаман үйрететіні сирек кездесер жәйт пе? (М.Әлімбаев, Тәрбие.). *Мұнда әйел затының жүрегі нәзік, елжірегіш болып келетіні баяндалады.* Кешегі күнге дейін көп көнбістің бірі атанып келген Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нүр, жаңа бір күш жалыны бар (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). *Дәстүрлі қазақ отбасында қазақ әйелі көп жағдайларда айтқанға тез көнетін, көнгіш мінезімен даналығын білдіріп отырған.* Он төртіме келгенде **салиқалы** қыз болдым Жібектей шашын талдаған (Бес ғасыр жырлайды). *Мұнда әйел бойындағы ең ізгі қасиеттерінің бірі ұстамдылық пен салиқалылық жайлы айтылған.* Біраз кідіріп үлкен кісі даусын кенеп алды да, құс мамықтың үстіне жапқан үлбіреген шәйідей **мәйім** үнмен бастап кетті (Қ.Найманбаев, Үміт.). *Әйел мінезі жағымды болса, мәйім мінезді деп атаған.* Қазақ әйелдерінің сүйкімділігі, сөзге шеберлігі, **ілтипаттылығы**, қалыпты мінезі олардың табиғатына тән, ерекше қасиет екені бірден көзге түседі (Жорж Буйон). Асылтас өзінің ерекше **ілтипаттылығымен** барлық сауыншыларды еңбекке жұмылдыра білуімен көз тартты («Қазақст. әйелдері»). *Әйел заты өзін түсінген, сыйлаған адамға әрқашан биязы мінезімен ілтипаттылық танытып отырады.*

Халқымыз дөрекі сөздерді әйел адамға айтпаған, бұл қазақ мәдениетінің ерекшелігі болып табылады. Десе де, ел арасындағы кейбір қыңыр-қисық, кексе, қабағы қатулы әйелдердің мінезіне қатысты жағымсыз мінез атауларын да қолданған. Осы жағымсыз мінез атауларын қолдана отырып, өзгеге сабақ болсын деген мағынада да қолданған. Әйелдің дөрекі мінезіне қарата: *ұрысқақ, шайқы-бұйқы, шайлау, бейуаз, бетпақ, а десе мә дейтін, долау, долы дуайпыт* деген мінез атауларын қолданған.

Маслова батыс мәдениеті гетеросексуалды және дене бітімге қарайтын мәдениет екенін айтады, және бұл бірінші кезекте тілге әсер еткенін, бірқатар елдерде "адам" ұғымы тек ер адаммен, мысалы, неміс das Man-мен байланысты, ағылшын a man-мен байланысты болғанындай ер адаммен ғана байлынасты болғанын айтады. Орыс тіліндегі женщина сөзінің жұрнағын теріс коннотациямен *деревенщина, казенщина, групповщина, чертовщина* деп айтатынын келтіреді [44, б. 97].

Ал күншілдігі мен бейбастығына қарата: *күншіл, бейапар, датқой, дарбаза* деген жағымсыз мінез атауларын да қолданған. Мысалы: Мұғалімің жақсы болса, математиканы да жақсы оқуға болар еді. Бізге бір кәрі әйел береді. **Ұрысқақтығында** шек жоқ енді (С.Мұратбеков, Дос.). *Мұнда шектен тыс ашуланып, жанжал шығарып отыратын ұрысқақ әйел туралы айтылып тұр.*

Шайқы-бұйқы – тентек, долы, шәлкес. *Бұл жерде долы әйелдің мінезін сипаттайды.* Тілі ащы болса керек. **Шайлау** әйел жылқы шетінде жүрген Жанқара байға шаптығып: Мұнша малды неңе жетпей жиып жүрсің деп ашуланыпты (Албан-Жарты ата). *Қазақ халқы күйгелек, ашуланшақ әйелдерді шадыр мінез деп атаған.* «Япырай, Перизатай, сен осындай **бетпақ** па едің. **Бетпақ** болмасаң, айтқанға неге ғана көнбейсің (Ә.Әбішев, Жас түлек.). *Бұл жерде қиқар, айтқанға көнбейтін бетпақ әйел мінезі жайлы айтылып тұр.* Күншіл. *Қызғаншақ мінезді әйелдерді күншіл деп атаған.* А десе мә дейтін. *Ұрысқақ, бетпақ әйелдердің мінезіне қарата қолданылған сөз.* Әйелің **бейапар** болса, жұрттың тыныштығынан не пайда (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). *Бұл жерде күйгелек, мазасыз әйелдің мінезін бейпар деп баяндап тұр.* Бәйбішесі Айшадан Мамырап, Айқожа деген екі ұлы бар, тоқалы Пәниден бес ұл бар, олар әлі жас. Пәни – **дарбаза**, бәдік, долы әйел (Ә.Бектасов, Мәди). *Ұяттан безген әйелді дарбаза мінез деп атаған.* Оны-мұныны есіне тұтасың да жүресің, сен бір **датқой** қатын екенсің (Қаз. тілі аймақ. сөздігі). *Өзгені бір нәрсеге өмірі кінәләп жүретінді датқой әйел деп атаған.* Ол жігітің бір **долау** қатынға кез болыпты ғой (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер, Әйелің **долы** болса күнде өлтірер. Жақсыдан жаман туған бала болса, Атаға үйде жатқан сөз келтірер (Шал ақын, Өлеңд.). Бұрын да айлы түндегі арық қояндай қорқақтап, **дуайпат** өгей шешенің қолына қараған жетім баладай жаутаңдауық болған Алсай-Сараның ендігі күні мүлде мүшкіл (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). *Қазақ халқы әйелдің ашушаңдығы мен ызақорлығына қарата долы, долау, дуайпат мінез деген сөздерді қолданған.*

Адам баласы тағы болып, еркегі хайуан дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Сондықтан да ұлы бабаларымыз адамық негізі – әйелде деген ұлағатты сөзді жиі қолданған.

Ер адамға қатысты мінез атаулары. Қазақ мәдениетінде ер адамды түздің адамы ретінде санап, оны ешқандай үй тіршілігіне араластырмай отбасын асыраушы ретінде қараған. Көшпелі қоғамның тағдырында ер адамдарымыз отанын ойлайтын ұл, өнегелі әке, жерін қорғайтын батыр, халқына ақылшы ақсақал болған. Сондықтан да, халқымыз ер адамды әйелден бір саты жоғары санап, ер адамдарға ерекше құрметпен қараған.

Кесте 4 – Қазақ тіліндегі ер адамға қатысты атаулар.

Ер адам	ер бала, жеткіншек, жігіт, әке, ата, аға, іні, жезде, бажа, ақсақал, батыр, күйеу бала, қайын аға, қайын іні, қайын ата, бауыр, шал, ер адам, еркек жынысты адам, отағасы, шаруабасы, шаңырақ иесі, ел қорғаны, ер азамат, еркек кіндік.

Ер адамның дәстүрлі ортадан алатын орнын көрсететін мақал-мәтелдеріміз де баршылық. Халқымыздың: «Ер барда – ел қор болмас» деген мақал жолдарынан, ер адамның отан алдындағы, отбасы алдындағы жауапкершілігінің үлкендігін аңғарамыз.

Ұлттық дәстүрімізге сай қазақ халқында ер адам мінезі: сабырлы, ұстамды, уәдесіне берік, намысшыл, ер жүрек және т.б. болып келеді. Қазақ халқында ер бала мінезіне қарата көптеген мінез атауларын қолдана білген. Осы орайда біз «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» он бес томдығы бойынша ер адамға қатысты мінез атауларын барынша жинастырдық, мысал келтіре отырып мағынасын ашуға тырыстық. Ер жігіттің батылдығы мен ержүректігіне қарата: *айбарлы, ақиық, аламан, арлан, жалын атқан, әндемді, балтажұтар, көзсіз батыр, жанқияр, жансебіл, жаугер, көз жоқ, майданшыл, от жүрек, өжет, сайыпқыран* және т.б. атауларды қолданған.

Мысалы: Өсті батыр тұлғалы, Жолбарыстай қарулы, Қырандайын қырағы, Арыстандай **айбарлы** (Жамбыл, Шығ. жин.). *Мұнда ер адамның батырлығы мен ер жүректігіне айбарлы деген мінез атауын қолданып отыр.* Қармыстың батырлығында шек жоқ. Қармыс – асқан батыр. Бірақ Қармыс – **аламан** батыр. Екі жүз елу жәумет – жаман ниетті аламан, Қармыс – жақсы ниетті аламан. Екі жағының құлқында айырма аз (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Рысқұлқанша **аламан** болса да, он солдаты ойсырату оңай шаруа емес қой (Ш.Мұртаза, Жұлдыз.). *Бұл жерде ер ада батырлығына аламан деген сөзді қолданып отыр.* Таласа екі **арлан,** бірі кәдік, Тістелуі бірінің бармақтары. Жалғыз қайда барарсың? Жауыңды қалай табарсың? Ауызданбаған **арланым**, Абайсызда шабарсың Айлалы жаудың алдында Тұзаққа түсіп қаларсың! (М.Мақатаев, Шығ.). *Ер адамның батылдығын арланға теңеп отыр.*

Маралды мал ішінен атпен қуып, Әкеп жүр ауылына айдап Албан. Тазқара, **балтажұтар**, ақбас құмай, Бұлақта отырғанын көрем ұдай (І.Жансүгіров, Шығ.). *Ер адамның ер жүректігіне қарата балтажұтар деген сөзді қолданып отыр*. Оспанның ерлігіне қайран қап: – Туу, сарамас. Мынау неткен **көз жоқ** бетпақ деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Еркектің асқан батырлығына қарата көз батыр деген сөзді қолданып тұр.*

Ал ер адамның бірбеткейлігі мен жағымсыз мінезіне қарата: *ағаш мінез, адыраңбай, адыр-бұдыр, әпербақандау, бұқа мінез, даңққой, дүм кеуде, нойыс* және т.б. атауларды қолданған.

Мысалы: Тапсырған сөзді алмай-қоспай жеткізіп отыратын, берген әмірді иілмей орындайтын **ағаш мінез** адам шығарсың (Х.Есенжанов, Таркезең). *Мұнда ер адамның бірбеткейлігіне қарата ағаш мінез деген атауды қолданып отыр.* Қиқу Әнеш оныншы көшкесін басталды. Түк көрмеген Қасен **адыраңбай** қыт-қытпен шыбын-шіркей қуатын болды (М.Қабанбаев, Жиһанкез.). *Бұл жерде ер адамның әкіреңдеп қалған бимазсыздығын адыраңбай мінез деп қолданып отыр.* Шынындада ол – ешкімге қатал сөзі жоқ, ала көзі жоқ, **адыр-бұдыр** мінезден аман адам (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). *Адыр-бұдыр мінезді дегеніміз қырсық адамның мінезіне қарата қолданылатын сөз.* Шофері әпербақандау

жігіт екен, қардан алып шыққаны құрысын. «Көздерің жоқ па, өздерін ішіп алғаннан саусындар ма? Осындай жолда есі бар адамның машинасы қарға кіре ме екен?» – деп әбден жерлеп болды (А.Лекеров, Түз гүлі). *Сотқар адамның мінезіне әпербақандау деген сөзді қолданып отыр.* **Бұқа мінез** әлгі пәлекеттің сыры белгілі: жолындағыны жалмайды, қаусатады (Д.Досжанов, Жібек.). *Дүлей, ұр да жық мінез-құлық атауын бұқа мінез деп атайды.* Даңқсыздар, болыңдар **даңққұмар**, Тұлпарларын тебініп даңқтылар, Тұғырларды сендер де тежемеңдер, Алып шығар немесе қалып тынар (М.Мақатаев, Шығ.). *Адам бойындағы өзімшілдік, атаққұмар мінез жайлы баяндалады.*

Бұл жұрт өзін би қойғыш, сондай «жекешап» **дүмкеуделерді** «жақсы» атандыруға неге албыртады! (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса). *Мақтаншақ, ар жағында түгі жоқ адамға дүм кеуде мінез деп атайды.* Бастығымыз Ерден деген қатыгез, **нойыс**, тоңмойын, қатал жан еді (З.Шашкин, Ақбота). *Мұнда дойыр мінезді, дөкір адамды нойыс мінезді деп атаған.*

Қазақ халқы ықылым заманнан бастап өзінің салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, өнерлі де сән-салтанатты өмір-тіршілігін, жауынгерлік ерлігін паш ететін тектілігімен тарих сахнасынан өз орнын алған халық. Ұлттық болмыстағы тектілік қасиеттен, салт-дәстүрден бейхабар азаматын «әдепсіз, көргенсіз, тексіз» санаған.

Ұлттық мінез әйелге қойылатын халқымыздың талап-талғамында, сынында екені белгілі. Ал олар әйел сұлулығымен қатар, оның қылықтылығымен, төзімділігімен, байсалдылығымен ерекшеленген. Қазақ аруларына тән дархандық, кеңдік, меймандостық, қонақжайлық – бәрі де кең байтақ даламыздан тамыр алып қалыптасқан ұлттық тектілік қасиеттер.

Қазақ қыз бала тәрбиесінің өткені мен бүгінгісін сипаттайтын салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдарды, қыздарға байланысты туыстық қарым-қатынастарды тереңірек қарастыруға тырыстық.

Ер адамның қоғамдағы болмысы отбасын асырау, жерінің тыныштығы мен елінің амандығын қамтамасыз ету. Қазақ халқында нағыз жігіт уәдесіне берік, ержүрек, екі сөйлемейтін, батыл және т.б. мінез атауларына сай болуы керек. Және де жоғарыда көрсетілген ер адамға қатысты мінез атауларына сәйкес қоғамда ер жігіттеріміз болған.

Ер адам мен әйел адамның мінез атауларын зерттеу барысында, ұлттық дәстүріміздегі әйел бейнесі, келін қандай болу керек, қыз бала тәрбиесі жайлы зерттелген тақырыптарды, жазылған мақалаларды көптеп кездестірдік. Алайда ер адамның ұлттық болмысы, тәрбиесі жайлы жазылған еңбектер жоқтың қасы. Бұдан түйіндейтініміз қазақ қоғамында, отбасында әйелге артылар жүк пен жауапкершіліктің үлкендігін аңғарамыз.

2.4 Қазіргі қазақ дискурсындағы мінез атауларының жиілігі

Диссертациялық зерттеуді қолға алғандағы бір мақсат қазіргі қазақ дискурсындағы мінез атауларының қолданысын белсенді ету жолдарын қарастыру болатын. Күнделікті сөйлеу тілі мен жазба тілде кездесетін мінез атауларының жұтаңдығы, ол ұғымдарды беретін сөздерді көбінесе орыс тіліндегі атаулар алмастырып кететіні белгілі. Қазақ тілінде адам мінезін сипаттайтын

атаулар, сөздер, тіркестер, мақалдар, мәтелдер, прецеденті мәтіндер бар екенін және біршама екенін біле отырып, орыс және басқа тілдегі мінез атауларын қолдана салатын жағдай күнделікті сөйлеу тәжірибемізден жиі байқалады.

Дегенмен жазба тілде ауызша тілге қарағанда мінез атаулары біршама қолданылады. Бірақ қандай сөздер қолданылады, және қандай сөздердің қолданылуы жиі? деген сауалдар айналасында нақты жауап беру үшін деректі ақпараттарға сүйену үшін 2016 жылы жарық көрген «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінің» материалдарына қарап көрдік. Өйткені сөздіктің жауапты редакторы Анар Фазылжан бұл еңбектің осы типтегі сөздік жасаудың озық тәжірибесінесүйеніп, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының жасағанын, жалпы саны 1000-ға жуық грамматикалық омонимдер мен кейбір омографтар ажыратылған, мәтіндік базасы мектеп оқушысының күнделікті қоғамдық және тұрмыстық өмірінде коммуникацияға түсуі мүмкін түрлі дискурстағы мәтіндердің 7 миллионнан астам сөз қолданыстан тұратын ауқымды көлемін қамтыған алғашқы тілтанымдық лексикографиялық еңбек екенін айтады [101].

Сөздіктегі қазақ тілінің бес стилінен (ғылыми стиль, көркем стиль, публицистикалық, ресми-іскери, сөйлеу) және әртүрлі стильден теңгеріммен жинақталған ортақ мәтіндер базасынан алынған 36265 бірліктен тұратын негізсөз сөзтізбесінің жиілікті-әліпбилі түрінен мінез атауларының жиіден сирек қолданысына қарай орналастырыла сөздерді теріп алдық және жақша ішінде сөздің кездесу жиілігін бердік. Ең жиі қолданылған *жақсы (8118)* деген сөз болды. Одан кейінгі сөздер бұл сөзден екі есе кем қолданылады, дегенмен қолданысы бар: *қатты (2995), көркем (2135), білімді (2081), ашық (1889), қиын (1702), тұрақты (1599), адал (1566), тура (1566), жаман (1459), қарапайым (1433), еркін (1250), жан-жақты (857), белсенді (824), шынайы (809), күшті (798), зиялы (702), жауапты (660), әділ (620), сенімді (598), жомарт (523), ақылды (509), әдепті (488), іскер (480), батыл (477), өткір (443), жайлы (407), дана (389), батыр (388), мұқият (366), саналы (364), қалыпты (355), талантты (354), қатал (353), жұмсақ (352), ізденімпаз (344), сауатты (321), түзу (319), ұлтшыл (319), жағымсыз (296), жағымды (293), көңілді (293), ойшыл (269), жетік (262), қуатты (234), әлеуетті (232), қорқақ (230), тәртіпті (229), мейірімді (226), беделді (219), қырсық (214), ерке (202), қайсар (196), білгір (179), пәле (172), тентек (172), жынды (170), алғыр (166), сыпайы (165), сүйкімді (164), әділетсіз (160), момын (156), салмақты (150), жалқау (144), тапқыр (143), білікті (133), қатыгез (133), жауыз (129), сыйлы (128), талапты (126), жүректі (122), оңбаған (122), қырағы (121), қайырымды (118), ержүрек (114), өжет (113), қаһарлы (112), мінезді (112), кемеңгер (111), ұнамды (111), тұйық (105), текті (103), кәсіпқой (101), табанды (100), зерек (98), жағымпаз (97), білімсіз (96), еңбекқор (96), бұзық (91), сараң (90), сорақы (90), сұм (90), ұлтжанды (90), қырсықты (89), пысық (85), сабырлы (85), шыншыл (81), тиянақты (79), сезімтал (77), ұяң (76), еңбексүйгіш (75), қайратты (75), мақтаншақ (75), айлакер (74), жайдары (74), салиқалы (72), байсалды (70), жаңашыл (70), жинақы (70), озбыр (70), айбынды (69), қонақжай (67), арсыз (66), жексұрын*

(66), ынталы (66), дарқан (65), дүлей (65), зерделі (63), зұлым (62), бейқам (60), жалынды (60), білгіш (59), еріншек (59), икемді (59), ақкөңіл (57), арлы (55), ширақ (54), долы (52), аңғал (50), жайсаң (50), отансүйгіш (50), сотқар (50), содыр (46), әдепсіз (45), ақылсыз (43), сайқал (43), опасыз (42), күншіл (41), сыншыл (41), иманды (40), кішіпейіл (40), маңғаз (39), мейірбан (39), намысты (38), салғырт (37), мылжың (36), өрелі (34), байыпты (33), момақан (33), әлжуаз (31), алдамшы (30), көргенді (28), қызғаншақ (28), қыңыр (26), сұрқия (26), тәлімді (26), ынжық (24), инабатты (23), паң (23), шайпау (23), ділмар (22), зорлықшыл (22), қиялшыл (20), талғампаз (20), елгезек (17), жасқаншақ (17), құлықты (17), тақуа (17), ымырашыл (17).



Сурет 4 – Қазіргі қазақ мәтіндерінде жиі қолданылған мінез атауларының салыстырмалы кестесі

Мұндағы мінезге ғана қатысты болмайтын, екі не үш мағынасы бар *жақсы, қатты, көркем, ашық, қиын, тұрақты, тура, жаман, қарапайым, еркін* сияқты жиілігі жағынан алдыңғы орындарда тұрған сөздерді ескере отырып, қарағанда қазіргі қазақ шаршысөз, көркемсөз, ғылыми сөз, ресми сөз стильдерінде осындай бейтарап мағыналы сөздер жиі қолданылатыны белгілі болды. Кездесу жиілігі 8 мыңнан басталған *жақсы* атауынан бастап кездесу жиілігі 17 ғана болатын *ымырашыл* атауына дейінгі аралықтағы сөздердің ішінде жағымды деп бағаланатын мінез атаулары **117** сөз болды. Олар мыналар: *жақсы (8118), көркем (2135), білімді (2081), ашық (1889), тұрақты (1599), адал (1566), тура (1566), қарапайым (1433), еркін (1250), жан-жақты (857), белсенді (824), шынайы*

(809), күшті (798), зиялы (702), жауапты (660), әділ (620), сенімді (598), жомарт (523), ақылды (509), әдепті (488), іскер (480), батыл (477), өткір (443), жайлы (407), дана (389), батыр (388), мұқият (366), саналы (364), қалыпты (355), талантты (354), жұмсақ (352), ізденімпаз (344), сауатты (321), ұлтшыл (319), түзу (319), жағымды (293), көңілді (293), ойшыл (269), жетік (262), қуатты (234), әлеуетті (232), тәртіпті (229), мейірімді (226), беделді (219), ерке (202), қайсар (196), білгір (179), алғыр (166), сыпайы (165), сүйкімді (164), момын (156), салмақты (150), тапқыр (143), білікті (133), сыйлы (128), талапты (126), жүректі (122), қырағы (121), қайырымды (118), ержүрек (114), өжет (113), мінезді (112), кемеңгер (111), ұнамды (111), тұйық (105), текті (103), кәсіпқой (101), табанды (100), зерек (98), еңбекқор (96), ұлтжанды (90), пысық (85), сабырлы (85), шыншыл (81), тиянақты (79), сезімтал (77), ұяң (76), еңбексүйгіш (75), қайратты (75), жайдары (74), салиқалы (72), байсалды (70), жаңашыл (70), жинақы (70), айбынды (69), қонақжай (67), ынталы (66), дарқан (65), зерделі (63), бейқам (60), жалынды (60), білгіш (59), икемді (59), ақкөңіл (57), арлы (55), ширақ (54), аңғал (50), жайсаң (50), отансүйгіш (50), иманды (40), кішіпейіл (40), мейірбан (39), намысты (38), өрелі (34), байыпты (33), момақан (33), әлжуаз (31), көргенді (28), тәлімді (26), инабатты (23), ділмар (22), қиялшыл (20), талғампаз (20), елгезек (17), құлықты (17), тақуа (17), ымырашыл (17).

Ал жағымсыз деп бағаланған мінез атауларының саны – **52**, яғни жағымдыға қарағанда жағымсыз мінез атаулары аз қолданылатыны белгілі болып шықты. Олар: *қатты (2995), қиын (1702), жаман (1459), қатал (353), жағымсыз (296), қорқақ (230), қырсық (214), пәле (172), тентек (172), жынды (170), әділетсіз (160), жалқау (144), қатыгез (133), жауыз (129), оңбаған (122), қаһарлы (112), жағымпаз (97), білімсіз (96), бұзық (91), сараң (90), сорақы (90), сұм (90), қырсықты (89), мақтаншақ (75), айлакер (74), озбыр (70), арсыз (66), жексұрын (66), дүлей (65), зұлым (62), еріншек (59), долы (52), сотқар (50), содыр (46), әдепсіз (45), ақылсыз (43), сайқал (43), опасыз (42), күншіл (41), сыншыл (41), маңғаз (39), салғырт (37), мылжың (36), алдамшы (30), қызғаншақ (28), қыңыр (26), сұрқия (26), ынжық (24), паң (23), шайпау (23), зорлықшыл (22), жасқаншақ (17).*

Жағымды мінез атауынан ең жиісі *білімді* болса, жағымсыз мінез атуынан ең жиісі *қатал* болды. Бірақ екі сөздің кездесу жиілігінде үлкен айырмашылық бар: 2081-353. Яғни *қатал* сөзінің өзі де қазіргі қазақ дискурсында аса белсенді емес.

Сөйтіп, бұл мәліметтерден мынадай түйіндер жасауға болады: біріншіден, қазіргі XXI ғасыр қазақ мәдениетінде жаман мінездерге қарағанда жақсы мінездерді көбірек атап айту, ізгілік мақсатында адамдар арасында коммуникацияны жақсарту үшін, яғни мақтау, мадақтау, көтермелеу, рух беру, қадірін білу мақсатында жиі қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге, осы ғасырдың жаңа дерті жағымпаздық, айлакерлік, саясат мақсатында, адамдар арасында жасанды қарым қатынас жасауда пайдалантын құрал ретінде қолданылуы

мүмкін, яғни шынайы не жалған коммуникацияда жағымды мінез атаулары ұшыраса беруі мүмкін деген ойға келеміз.

Екіншіден, жиі қолданылатын жағымды мінез атаулары негізінен өзгемен қарым-қатынас жасау барысында бағаланатын атаулар болып отыр, яғни қазіргі қазақ мәдениетінде *жақсы (8118), көркем (2135), білімді (2081), ашық (1889), тұрақты (1599), адал (1566), тура (1566), қарапайым (1433), еркін (1250), жан-жақты (857), белсенді (824), шынайы (809), жауапты (660), әділ (620), сенімді (598), жомарт (523), ақылды (509), әдепті (488), іскер (480), батыл (477), өткір (443), жайлы (407)*.

Үшіншіден, қазақтың жаңа мәдениеті білімділікті мінездің жақсы жағы ретінде көп бағалайтыны, сондай-ақ тұрақтылық пен қарапайымдылықты қазақтың ұлттық мінезі ретінде сақтап келе жатқаны белгілі болды. Ал *момақан, әлжуаз, бейқам* деген сөздердің жиілігінің аз болуы да қазақ халқының еті тірілігі, әлемдік өзгерістер мен жаңартуларға бей-жай қарамайтынын көрсететін деректер деп ойлаймыз.

Төртіншіден, жағымсыз мінез атауларының кездесу жиілігі төмен болуы адамның жаман мінез сипатына мән берілмеуі, оны маңызды санамауы деп тануға болады деп ойлаймыз. Сонымен бірге жағымсыз мінез атаулары ғана болып табылатын сөздердің бұл қатардағы аздығы нақты түйіндер жасауға кедергі болды. Дегенмен, салыстырмалы түрде жиі қолданылатын *қорқақ (230), қырсық (214), пәле (172), тентек (172), жынды (170), әділетсіз (160), жалқау (144)* сөздері қазіргі қазақ мәдениетінде *қорқақ, қырсық, жалқаулықты* қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегідей кертартпа қасиеттер санайтынын көрсетеді.

Қазіргі қазақ қоғамында қолынан келсе, келмесе де кез келген жұмысты жасауға тырысатын, бір тақырыптың не хабардың анығын білмесе де, қорытынды жасап тастайтын, яғни өзі еш нәрседен хабары болмаса да, бәрін білетіндей болып көрінетіндер, өз өмірі, жасап отырған ісі, сүріп отырған өмірі сөзіне кереғар болса да, сол бағытта ақыл айтатындар бар. Ондайлар өзіне-өзі сондай сенімді, менбілемдігі жоғары болғаннан, өзгелерді ұйытып, иландырып жібереді. Мұндай рия адамдарды атайтын мінез атауы тек *шынайы емес, риясы бар, жалған* деген сөздермен сипатталады. Бірақ, біздіңше, қазір дәл атауын тапқан жоқ.

Сондай-ақ зеректігі, білімі әлдеқайда терең кісілер кейде өзінесенімі аздықтан, айтуға, пікірін білдіруге, істі қолға алуға қорғанады. Бірақ мұндай адамдар керісінше өте ақылдылықтан, қазақ мәдениетіне тән сабырлылықтан, әр нәрсеге салмақтап, байыппен қарағандықтан, сонымен бірге тәрбиеден өзін өзі ұстайды, өзі өзіне жоғары талап қояды. Кейде өз қабілетін сыртқа шығаруға сенімі жетпейді. Осындай мінезде адамдарды қазіргі уақытта қандай мінезді адам қатарына жатқызуды білмейтін кездер болады. Әсіресе оқушылар қатарында, сонымен қатар қызметкерлер арасында да.

Қазіргі қазақ қоғамында болсын, жалпы адамзаттың дамуында болсын, түрлі жақсы сапалар бірыңғай келетін үлкен мінезді адамдар жиі кездеспейді. Әйтеуір бір жаман мінезі шығуы мүмкін. Бірақ адамдар түрлі жағдайда түрліше қылық көрсетуі де мүмкін. Қазақ дәстүрлі мәдениетінде бұған қарап оның мінезі

нашар деп бағаланбайды. Ол кісінің негізгі басым жағымды мінезі ұсақ нашар мінездерді жауып кетеді.

Әрине, адам *жайсаң, сырбаз, тонның ішкі бауындай* бола отырып, *тарпаң, тасыр, томырық* мінез шығармайды. Немесе *табанды, ұқыпты, жуас* бола отырып, *әртіс, дарақы, қатынжанды, желікпе* болмайды. Яғни адамның негізгі, табан тірейтін базалық мінез сипатынан өзге, әртүрлі жағдаятта пайда болатын мінез сипаттары шығады. *Аңқаулықтан алаңғасарлық, батылдықтан асқақтық, табандылық* шығады.

Мінез адамның өз мақсаты мен міндетін жүзеге асыруда көбінесе табандылығының деңгейін анықтайтын негіз іспеттес.

Зерттеуші Ә.Нілібаев айтқандай: «Жалпы алғанда мінез – субстанция. Адамзат ең алғашқы тағылық мінез-құлықты басынан кешіріп, үнемі даму процесін үздіксіз өмірімен өріп, өткізіп келе жатыр. Мына бір жайды атап айтсақ болар. Мінез тек адамдарда ғана емес, жан-жануарларда да, өсімдіктер дүниесінде де, тіпті табиғаттың өзінде де жетерлік. Мысалы, жылдың төрт мезгілінің әрқайсысының өз мінезі бар. Қыс – қақаған аязды, дауыл, желі үскірік, ызғарлы, қалың қарлы болып кетсе, көктем – тіршілік басы, жаз жадыраған жылы, күз барша өсімдік пісіп, жетіліп, жеміс берер берекелі шағы болып келеді. Сондай-ақ көк аспанның, ғажайып ғарыштың өз мінездері баршылық. Мысалы, Күн – холерик, ай – сангвиник. Бүкіл ғаламның патшасы – Күн де, уәзірі – Ай. Ал жұлдыздар ғарыш қоғамының қарапайым мүшелері. Аспан астындағы физикалық құбылыстардың ішінде бұлттың алатын орны ерекше. Сондықтан бұлттардың мінездері де өзгеше екенін айтсақ керек. Бұлттың арғы тегі – су. Су буы аспанға ұшып шығып, бұлтқа айналады. Жер шарының басым бөлігін алып жатқан судың мінезінің өзі бір төбе.

Мысалы, мұхиттың, теңіздің, көлдің, өзеннің, бұлақтың әрқайсысының өздеріне тән мінездері бар. Ары қарай тағы да үңіле түссек, таулардың, геологияның, су түбінің мінездері әр бөлек екенін еске тұтқанымыз жөн.

Жануарлардың да әрқайсысының өзіне ғана тән мінездері болады. Мысалы, жылқының мінезі, түйенің мінезі, қойдың мінезі, ешкінің мінезі, жыртқыш аңдардың әрқайсысының өзіндік мінезі, құстардың мінезі, балықтың мінезі, т.с.с.» [24, б. 169-181].

2.5 Қазіргі қазақ тіліндегі мінез атауларына қатысты варваризмдер

Қазіргі қазақ ауызша дискурсында варварлық жолмен орыс тілінен енген сөздер өте көп қолданылады. Олардың қолданылуының бірнеше себептері бар. Бірақ ішіндегі басты және өзге себептерге негіз болатын себеп қарапайым ғана, ол – қазақ тілінің қолданысына мән бермеушілік, енжарлық болып отыр. Сондай-ақ ортаның ықпалы да әсер етеді.

Күнделікті тілімізде кемінде 5 рет қолданып отыратын *уже, короче, общем, пока, ну, тогда, зачем, так, ладно, даже, потом, и, например, или, еще, просто, наоборот, вообще, может, как всегда, иногда, потому что, конечно, типа, например, сразу, точно, примерно, потому что, оказывается, главное, кажется* сияқты 10-15 шақты сөз қазір қазақтың төл сөзі ретінде қабылданатын

болды [102]. Бұл қатар қыстырма сөздер, шылаулар болғанмен, ендігі қауіп лексикалық бірліктердің де қазақ сөздерінің орнын басып бара жатқаны. Осы қатарға мінез сипаттары да кіреді.

Қазіргі уақытта, әсіресе ауызша дискурста кісінің қандай екенін айтарда бірінші сөзін қазақша бастайды да, ары қарай орыс тіліндегі мінез атауларымен сипаттап береді. Мысалы, біреуді «жақсы кісі, өте қарапайым» деп алып, ары қарай *аккуратный, добрый, умный, честный* деп орысша жалғастырып кету жаппай тән құбылыс болды. Болмаса, «өте нашар адам» деп алып, *гордый, жадный, зануда, мелочный, наглый, токсичный* деп жалғастырып кетеміз. Шындығында бұл мағынаны беретін, дәл беретін, таратып беретін, сипаттап беретін қазақ тілінде қаншама сөздер бар екені белгілі.

Зерттеу барысында күнделікті сөздері жазу, диктофонға жазу, назар аудару арқылы әсіресе қазіргі қазақ жастарының ауызша сөйлеу тілінде мынадай мінез атаулары орыс тілінде қолданылып кететінін байқадық. Олардың ішінде мына сияқты жағымды мінез атаулары да бар: *активный, аккуратный, амбициозный, внимательный, добрый, коммуникабельный, креативный, настойчивый, общительный, оптимист, ответственный, отзывчивый, открытый, отходчивый, позитивный, простой, прямолинейный, пунктуальный, реалист, сдержанный, сильный, скромный, спокойный, справедливый, терпеливый, умный, хороший, честный, чистоплотный, щедрый, эмоциональный.*

Сондай-ақ *безответственный, вспыльчивый, гиперактивный, гордый, жадный, зануда, замкнутый, легкомысленный, ленивый, медлительный, мелочный, наглый, непослушный, непунктуальный, неусидчивый, самолюбивый, скрытный, скупой, тихий, токсичный, упрямый, эгоист* сияқты жағымсыз мінез атаулары да бар.

Төменде «Орысша-қазақша сөздікте» берілген аудармаларына түзетулер енгізе отырып, бұл сөздердің қазақ тілінде мынадай атаулары бар екенін көрсетеміз. Жағымды мінез атаулары:

активный – белсенді
аккуратный – ұқыпты, жинақы
амбициозный – аудармасы жоқ
внимательный – ұқыпты, зейінді
добрый – мейірімді, қайырымды, кеңпейіл
коммуникабельный – ашық, жайдары, тез тіл табысатын
креативный – аудармасы жоқ
настойчивый – табанды, қайсар, өз дегенінен қайтпайтын
общительный – аудармасы жоқ
оптимист – аудармасы сәйкес емес
ответственный – жауапты
отзывчивый – қайырымды
открытый – ашық, ақжарқын
отходчивый – көнбіс, жұмсақ
позитивный – аудармасы жоқ
простой – кішіпейіл, қарапайым

прямолинейный – тік, тура
пунктуальный – жауапты
реалист – аудармасы сәйкес емес
сдержанный – ұстамды, шыдамды, сабырлы, байсалды
сильный – күшті, қайсар, мықты
скромный – қарапайым, кішіпейіл
спокойный – сабырлы, байыпты, салмақты; тыныш
справедливый – әділ, тура
терпеливый – шыдамды, төзімді, сабырлы
умный – ақылды, есті
хороший – жақсы
честный – адал, таза
чистоплотный – таза, үсті-басына кір жуытпайтын, ұқыпты
щедрый – жомарт, мырза, қолы ашық
эмоциональный – қызба, қызуқанды [95].

Сондай-ақ жағымсыз мінез атаулары:
безответственный – жауапсыз
вспыльчивый – шамданғыш, шамшыл
гиперактивный – аудармасы жоқ
гордый – паң, тәкәппар, менмен, өркөкірек
жадный – қомағай, тойымсыз, сараң
зануда – аудармасы жоқ
замкнутый – тұйық
легкомысленный –ұшқалақ, жеңілтек
ленивый – жалқау
медлительный – жайбасар
мелочный – уақ-түйекшіл, ұсақшыл
наглый – бетпақ, көкбет, озбыр адам
непослушный – тілазар, кежір, қияңқы, тіл алмайтын, бетімен кеткен
непунктуальный – аудармасы жоқ
неусидчивый –жеңілтек, ұшқалақ
самолюбивый – өзімшіл, намысқой
скрытный – тұйық
скупой – сараң
токсичный – зәрлі
упрямый – қиқар
эгоист – өзімшіл [103].

Көріп отырғанымыздай, варварлық түрде қолданылып кете беретін орыс тіліндегі мінез атауларының қазақ тілінде бір емес, кейде бірнеше атаулары бар. Және бұлар дәл сол ұғымда нақты бере алады. Ендеше қазіргі қазақ мәдениетінде, әсіресе жастар мәдениетінде сөздің, сындық атаудың орыс тіліндегі лексикалық бірлігі алдыңғы қатарлы, заманауи болып көрінетін түсінік алға шығып кеткендіктен және тілге деген салақтықтан қате қолданылып жүр.

Алайда аталған сөздікте жоғарыдағы біраз сөздердің аудармасы сәйкес келмегенін айтуымыз керек. Және сөздікте қате аударылған тұстарына түзетулер енгізе отырып, дәл деген аудармалары берілді. Дегенмен, бұлардың ішінде *амбициозный, креативный, оптимист, позитивный, реалист* және *гиперактивный, зануда, непунктуальный* сөздерінің аудармасы жоқ немесе болса да сәйкес емес болып шықты. *Амбициозный – ұрда-жық, сен тұр, мен атайын, креативный – ерекше ойлы, жасампаздығы бар, оптимист – ақпейіл, позитивный – жайдары мінезді, реалист – шыншыл* және *гиперактивный – жыбырлап қалған, зануда – ит мінезді, непунктуальный – жайбасар* деген сипаттама баламаларымен айтуға болады. Бұл соңғы атаулар адам мінезін атау қызметінде кейінгі кезде ғана жиі қолданыла бастағандықтан да және қазақ мәдениетінде бұндай сипатты атаулар енді айтыла бастағандықтан аудармалары дәл шықпауы мүмкін немесе тіптен сәйкес атауы болмауы да мүмкін.

2.6 Қазіргі қоғам мүшелерінен алынған әлеуметтік сауалнама талданымы

Жоғарыда айтылған мінез сипаты атауларын жинақтай, концептілей отырып, біз “Мінез” сауалнамасын әзірледік. Бұл сауалнама 4 ақпараттық сұрақтан және диссертациямызға байланысты 4 негізгі сұрақтан тұрды.

Сауалнама 2022-2023 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 1, 3 курс қазақ тобының студенттері және орта білім беру жүйесіндегі мектеп мұғалімдерінен (сынып жетекшілер, пән мұғалімдері және психологтар) алынды. Сауалнама алудағы мақсатымыз – қазіргі қазақтілді жас буынның өзінің және өзгенің бойынан таныған, бағалаған, жағымсыз деп тапқан мінез түрлерін анықтау және қазақ тіліндегі мінез атауларының қорын пайдалану мүмкіндігін айқындау.



Сурет 5 – Сауалнама “Мінез”

Сауалнама сілтемесі: https://forms.gle/5joWj8Kj7YCjSrn69



Сурет – 6 Сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны – 500 адам.



Сурет – 7 Сауалнама қатысушылардың жынысы

Әйел саны – 408 (81,6%), Ер адам саны – 92 (18,4%).



Сурет – 8 Респонденттердің жас мөлшерлері

Респонденттердің жас мөлшерлері: 18-25 жас – 70%, 26-45 жас – 23%, 46-65 жас – 7%.



Сурет – 9 Респонденттердің әлеуметтік орны

Білімі орта студенттер саны – 315 (63%), жоғары білімді пән мұғалімдері – 80 (16%) мен сынып жетекшіері – 80 (16%), педагог-психолог – 25 (5%).

Сауалнама зерттеу әдістерін, күтілетін нәтижелерді, мониторинг және бағалау нәтижелерін зерделеу үшін жасалды. Негізгі диссертациямызға байланысты сұрақтар:

1. Өз бойыңыздағы ең басым мінез. “Мен қандаймын?” сұрағына 3 сын есіммен жауап берсеңіз.
2. Өзгенің бойынан қандай мінезді көргіңіз келеді?
3. Қазақ халқының ең жақсы мінезі қайсы деп ойлайсыз?
4. Қазақ халқының ең жаман мінезі қайсы деп ойлайсыз?

Әрі қарай біз сауалнама нәтижелерін ұсынамыз.

1. “Өз бойыңыздағы ең басым мінез. “Мен қандаймын?” сұрағына 3 сын есіммен жауап берсеңіз” сұрағы бойынша жауап талдамасы:

170 мінез сипаты атаулары келіп түсті, соның ішінен ең көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шықты:

Жағымды, өзіне оң баға берген жауап саны: *жауапты (125), мейірімді (122), ақкөңіл (104), сабырлы (100), ақылды (98), шыншыл (83), қарапайым (82), ақжарқын (70), адал (69), көңілді (61), сыпайы (54), әдемі (51), еңбекқор (51), шыдамды (49), байсалды (48), тұйық (48), ұқыпты (48), жақсы (44), білімді (43), салмақты (43), талапты (43), шынайы (41), әділ (40), батыл (40), пысық (40), жанашыр (39), әділетті (35), мақсатшыл (34), кеңпейілді (24), алғыр (23), жан-жақты (23), жайдары (22), тез араласқыш (21), бірқалыпты (20), инабатты (20), көңілшек (18), тиянақты (18), байқампаз (17), жомарт (17), қайырымды (16), қанағатшыл (16), мәдениетті (15), қалжыңбас (10), салқынқанды (15), шүкіршіл (15), бауырмашыл (15) т.б.*



Сурет 10 – Сауалнама “Өз бойыңыздағы ең басым мінез (жағымды)”

Жағымсыз, өзіне теріс баға берген жауап саны: *ашуланшақ (76), еріншек (74), қырсық (69), шыдамсыз (67), мазасыз (64), жалқау (52), қызғаншақ (52), кекшіл (50), өкпешіл (50), өкпелегіш (50), қорқақ (44), немқұрайлы (38), ұрысқақ (36), тез ренжігіш (35), жабық (28), кесірлі (25), көкірек (18), тез шешім қабылдай алмайтын (15), ез (15) т.б.*

Сурет 11 – Сауалнама “Өз бойыңыздағы ең басым мінез (жағымсыз)”

Орысша айтылып кеткен мінез атаулары: *аккуратный, активный, добрый, душа компании, жизнерадостный, красавчик, креативный, медлительный, настойчивый, не пунктуальный, общительный, ответственный, отзывчивый, позитивный, пофигист, пунктуальный, раздражительный, реалист, сильный, справедливый, терпеливый, токсичный, тяжела на подъем, умею слушать, умный, честный, чистоплотный, эмоциональный*.

2. "Өзгенің бойынан қандай мінезді көргіңіз келеді?" сұрағы бойынша жауап талдамасы:

160 мінез сипаты атаулары келіп түсті, соның ішінен ең көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шықты: *адалдық (131), жауапкершілік (130), мейірімділік (128), сабырлық (126), адамгершілік (126), қарапайымдылық (122), шынайылық (120), шыншылдық (120), ашық мінезділік (119), сыйластық (119), сыпайылық (118), әділеттілік (116), имандылық (116), кішіпейілділік (110), сенімділік (110), ұқыптылық (108), жақсы адам болса (107), ақкөңілділік (107), жанашырлық (107), түсіністік (107), көркем мінезділік (107), әдептілік (116), ақылдылық (116), қамқорлық (116), салмақтылық (115), кең пейілділік (114), байсалдылық (114), мәдениеттілік (103), еңбекқорлық (103), батылдық (103), көңілділік (94), тәрбиелік (94), мейірбандылық (93), пысықтық (92), шындықты айта білетін (80), табандылық (80), бірсөзділік (79), жомарттық (107), позитивтілік (103), өтірік айтпайтын (103), кешікпеушілік (пунктуалдылық) (98), ізденімпаздық (97), тапқырлық (82), қайсарлық (72), орынды сөйлейтінділік (72), тік мінезділік (63), батырлық (52), өзінесенімділік (43), зеректік (37), биязылық (22), ержүректік (22), ақжарқындық (19), шыдамдылық (15), жан-жақтылық (15).*

Сурет 12 – Сауалнама "Өзгенің бойынан қандай мінезді көргіңіз келеді?"

Орысша атап кеткендер: *верность, доброта, искренность, коммуникабельность, мужество, настойчивость, отзывчивость, простота, смелость, спокойствие, трудолюбие, уверенность в себе, ум, храбрость, честность.*

3. “Қазақ халқының ең жақсы мінезі қайсы деп ойлайсыз?” сұрағы бойынша жауап талдамасы:

105 мінез сипаты атаулары келіп түсті, соның ішінен ең көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шықты.

Қонақжайлылық (196), қарапайымдылық (182), мейірімділік (186), сабырлық (185), аққөңілділік (176), адамгершілік (154), бауырмалдық (154), кеңпейілділік (113), жомарттық (112), жуастық (112), байсалдылық (111), кішіпейілділік (109), момындық (89), адалдық (88), көркем мінездік (77), қайсарлық (77), намысшылдық (77), сыйластық (76), имандылық (76), сыпайылық (63), тәрбиелілік (56), ашық мінезділік (55), батылдық (54), шыдамдылық (53), ақылдылық (44), білімділік (44), еңбекқорлық (43), жанашырлық (42), көпшілдік (41), төзімділік (40), ұялшақтық (34), әділдік (23), даналық (23), жайдарлылық (23), қайырымдылық (22), қамқорлық (19), тектілік (18), ұйымшылдық (17), шынайылық (16).

Сурет 13 – Сауалнама “Қазақ халқының ең жақсы мінезі”

4. “Қазақ халқының ең жаман мінезі қайсы деп ойлайсыз?” сұрағы бойынша жауап талдамасы:

135 мінез сипаты атаулары келіп түсті, соның ішінен ең көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шықты.

Көре алмаушылық (168), жалқаулық (159), мақтаншақтық (126), еріншектік (119), сенгіштік (117), өсекшілдік (116), тәкәппарлық (115),

ашушаңдық (113), өзімшілдік (111), момындық (98), аңқау (87), менмендік (81), басқаның ойын бірінші орынға қоюшылық (жұрт не дейді) (80), өтірікшілдік (77), сабырсыздық (71), қызғаншақтық (69), аккөңілділік (55), қызуқандылық (55), қырсықтықт (55), дөрекілік (45), еліктеушілік (43), сараңдық (35), екіжүзділік (24), бөлінушілік (23), жағымпаздық (23), жауапсыздық (23), жуастық (23), сатқындық (22), надандық (22), сыншылдық (22), іштарлық (21), арттан сөз айту (21), ашкөздік (20), дарақылық (20), жайбасарлық (20), кекшілдік (19), қызбалық (19), қыңырлық (18), мәдениетсіздік (18), тәуелділік (18), тойшыл (15), ұяңдық (15), шыдамсыздық (15), ысырапшылдық (15).

Сурет 14 – Сауалнама “Қазақ халқының ең жаман мінезі”

Орысша атап кеткен жағымсыз мінез атаулары: *агрессия, гордыня, жадность, зависть, ленивость, не пунктуальность, нервность, подлость, понты, спешат, торопятся (у себя наблюдаю такие качества), сплетни, халатность, хвастовство, чувство превосходства.*

Әр сұрақтың жалпыланған жауаптары жоғарыда кестеде келтірілді.

Жоғарыда алынған нәтижелерді жинақтай отырып, салыстырмалы талдау негізінде мынадай қорытындылар жасалды:

- Сауалнаманың негізгі мақсаты мен алынған нәтиже сәйкес;
- көптеген сауалнамаға жауап берушілердің пікірі диссертацияның теориялық бөліміндегі қазақ тіліндегі мінез атауларын жағымды және жағымсыз сипатты білдіретін атауларға топтастырып, жақсы, жаман мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарының көбінен азына қарай топтастыруда екі жақ сәйкес келеді;
- алынған деректерге сәйкес, қазіргі дискурста мінез атауларының варваризмі әсіресе жастар мәдениетінде сөздің, сындық атаудың орыс

тіліндегі лексикалық бірлігі алдыңғы қатарлы, заманауи болып көрінетін түсінік алға шығып кеткендігі дәлелденді.

Екінші тарау бойынша қорытынды

Зерттеудің дерек көздері ретінде «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» онбестомдығынан (2007 – 2013 жж.), мүмкіндігінше, ұқыптылықпен жиналған барлық мінез атауларының саны – 1800 болды. Оның ішінде жағымды мінез атауларының саны – 756, жағымсыз мінез атауларының саны – 1044. Олардың ішінде негізінен бір құрамнан тұратын сөздер және сөз тіркестері, тұрақты тіркестер және ішінара мақалдар бар. Жиналған жағымды мінез сипатының атауларының алдыңғы қатарында адамның өзге адамға қатынасына бағытталған мінез сипаты көбірек болып шықты. Қазақ мәдениетінде сангвиник темпераментінен шығатын мінез атаулары бағаланатыны белгілі болды. Алдымен саны жағынан көп болған өзгеге жағымды қатынас жасау, жақсылық ойлау, таза көңілмен өмір сүру деген сапа жоғары бағаланады. *Ақкөңілділік* концептісі мен қатар *батырлық, ақылдылық, момындық, байсалдылық, әдептілік, білімқұмарлық, шешендік* концептілерін таңбалаған бірліктер қазақ халқының осы кезге дейін өзіне тән сипаты ретінде айтылып жүрген сапаларды көрсетті.

Қайырымдылық, пысықтық, бауырмалдық, жомарттық, ұқыптылық, алғырлық, намысқойлық, ағайыншылдық, әсершілдік, әзілқойлық, имандылық, шыншылдық, жайлылық, сыйымдылық, шыдамдылық, жақсы, кеңпейілділік, бірсөзділік, қонақжайлылық, еңбекқорлық деген лексикалық топтар да шынайы нәтижені айқындайды.

Қазақ тілінде жағымсыз мінез атауы жағымды мінез атауларынан көп. Бұның себебін тілтұтынушылардың, жалпы көпшіліктің теріс қылықты айқындап, атау бере отырып, ұлтты жақсылыққа үндейтін тәрбиесіне байланысты. Жағымсыз мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарын көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шығады: *бұзықтық, ынжықтық, менмендік, тәкаппарлық, қыңырлық, сөзшеңдік, әдепсіздік, мейірімсіздік, тұрлаусыздық, жеңілтектік, мақтаншақтық, даңғойлық, кінәмшілдік, сараңдық, тексіздік, жалқаулық, ақылсыздық, шолжаңдық, мазасыздық, ұрысқақтық, қулық, тойымсыздық, арамдық, қызбалық, іштарлық, қыдырымпаздық, қорқақтық, салақтық, аңқаулық, енжарлық, жалақорлық, өтірікшілдік, жағымпаздық, мансапқұмарлық, ебедейсіздік, көрсеқызарлық, өзімшілдік, зарылдауықтық, берекесіздік, надандық, әділетсіздік, мысқылшылдық, тұйықтық, нәсіпқұмарлық, абыржығыштық, жанаярлық, ұмытшақтық, жалпақшешейлік, күмәншілдік.*

Қазіргі XXI ғасыр қазақ мәдениетінде жаман мінездерге қарағанда жақсы мінездердің жиі қолданылуы коммуникацияны жақсарту, мақтау, мадақтау, көтермелеу, рух беру, қадірін білу мақсатында, сонымен бірге жағымпаздық, айлакерлік, саясат мақсатында, адамдар арасында жасанды қарым қатынас жасауда пайдаланатын құрал ретінде қолданылады.

Қазіргі дискурста мінез атауларының варваризмі әсіресе жастар мәдениетінде сөздің, сындық атаудың орыс тіліндегі лексикалық бірлігі алдыңғы қатарлы, заманауи болып көрінетін түсінік алға шығып кеткендіктен және тілге деген салақтықтан ғана қате қолданылады, орыс тіліндегі мінез атауларының қазақ тілінде бір емес, бірнеше төл атаулары бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ұлтының мәдениеті, таным-түсінігі, салт-дәстүрлері, материалды, рухани мұрасы адамға, адамзаттық құндылықтарға, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған. Шығыстық мәдениеттің бір түрі болып келетін қазақ мәдениеті адамның күні адаммен деген көзқараспен өмір сүреді. Сондықтан қазақ халқы көпшіл, ағайыншыл, бауырмал, өзінен гөрі өзгенің жайын жасап, өзгенің көңілінен шығуды көбірек ойлап тұрады. Бұл өз кезегінде өзінің қамын жасау, өзгені ойлай отырып, өзінің қажеттіліктерін, өзінің жайлы өмір сүруін қамтамасыз етуге лайықталған өмір сүру дағдысы.

Осыған орай қазақ мәдениеті КІМ, ҚАНДАЙ АДАМ деген сауалдар арасында үнемі жауап іздеп жүретін болған. Сол себепті қазақ айналасындағы адамдарды қандай сипатына қарай бағалаған, қандай сипатын анықтаған, себебі қандай деген сауалды анықтау үшін қазақ тіліндегі мінез атауларын түгендеу, тезаурусын жасау мақсатында осы зерттеу мақсаты айқындалып еді. Бұл зерттеу қазақ тіл білімінде бұрын қарастырылмағандықтан бірден атауларды қазақ мәдениеті тұрғысынан бағалай алмағандықтан, алдымен мінез атауларының сөзтізбесін жасап, екінші кезекте оларды жағымды-жағымсыз мінез атауларына бөліп, үшінші кезекте бұл атаулар арқылы қазақ өз бойындағы қандай мінездерді көбірек атауға ие болғанына қарай бағалау позициясын айқындадық.

Бұл бағытты лингвомәдениеттаным теориясының негізін салушы Маслованың мәдениет категориялары – кеңістік, уақыт, тағдыр, құқық, байлық, еңбек, ар-ождан, өлім болып келеді деген тұжырымынан және негізгі мақсат адам туралы оның өз тілінен қалай көбірек білуге болатындығын көрсету, өйткені тіл тек қарым-қатынас, ойды жеткізу және білдіру құралы ғана еместігін, тілде әлемнің тұжырымдамалық бейнесі жасалатынын, адамды белгілі бір ұлттың тасымалдаушысы ретінде түсіну қажеттігін, тіл барлық әрекеттерге қатысатыны туралы айтқанын негіздеме ретінде алдық.

Ғалым көрсеткен лингвомәдениеттанымның бірліктері немесе нысаны болып табылатын тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, атаулар, прецедентті мәтіндер тілдің жаңа деңгейде дамуын, жетілуін көрсеткенімен, тілдің дамуына мифологемалар мен архетиптер әсер етеді дегенмен, одан бұрын сол тілдегі белгілі бір ұғымның тілдік таңбаларының аз-көптігін анықтау да атау беру арқылы сол ұлт мәденитінің бағалауын анықтауға болады деген ойға әкелді.

Адамның қылығын, мінез ерекшелігін беретін тілдік таңбалардың көп болуы – сол ұғымның, сол сипаттың жан-жақты айқын, қоғам мүшелері санасында орныққан, бірауызды келіскен ұйғарымы болып табылады.

Қазақ тілінде жағымды мінезді таңбалайтын бірліктердің концепт құрайтын себебі жағымды мінездің поэтикалық мәтіндерде, көркем дискурстарда мадақталып кетуінен шығады.

Ал жағымсыз мінезді сипаттайтын бірліктер тек лексика-семантикалық топтарға ғана бірігетін себебі бұл қатардың тек атау түрінде ғана таңбаланып, көркем мәтіндерде ойналмайтыны.

Жағымды мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарын көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шығады: *ақкөңілділік, батырлық, ақылдылық, момындық, алғырлық, әдептілік, байсалдылық, білімқұмарлық, шешендік, қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық, ұқыптылық, намысқойлық, ағайыншылдық, әсершілдік, әзілқойлық, имандылық, шыншылдық, жайлылық, шыдамдылық, жақсы, сыйымдылық, кеңпейілділік, бірсөзділік, қонақжайлылық, еңбекқорлық* жатады. Қазақ мәдениетіндегі бағаланған мінез концептілері адамның руханани дүниесін, әсіресе ақылға, сабырға, жомарттыққа, кеңпейілдікке байланысты болып келеді.

Қазақ тілінде жағымсыз мінез атауы жағымды мінез атауларынан көп болу себебі қазақ халқының жамандықты, нормасыздықты, қазақ мәдениетіне жатпайтын теріс қылыққа атау бере отырып, жақсылыққа үндейтін тәрбиесіне байланысты. Жағымсыз мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезентанттарын көбінен азына қарай орналастырғанда былай болып шығады: *бұзықтық, ынжықтық, менмендік, тәкаппарлық, қыңырлық, сөзшеңдік, әдепсіздік, мейірімсіздік, тұрлаусыздық, жеңілтектік, мақтаншақтық, даңғойлық, кінәмшілдік, сараңдық, тексіздік, жалқаулық, ақылсыздық, шолжаңдық, мазасыздық, ұрысқақтық, қулық, тойымсыздық, арамдық, қызбалық, іштарлық, қыдырымпаздық, қорқақтық, салақтық, аңқаулық, енжарлық, жалақорлық, өтірікшілдік, жағымпаздық, мансапқұмарлық, ебедейсіздік, көрсеқызарлық, өзімшілдік, зарылдауықтық, берекесіздік, надандық, әділетсіздік, мысқылшылдық, тұйықтық, нәсіпқұмарлық, абыржығыштық, жанаярлық, ұмытшақтық, жалпақшешейлік, күмәншілдік.*

Қазақ халқы өзіне емес, өзгеге қарым-қатынасына қатысты мінез сипаттарын көбірек бағалайды. Қазақ мәдениетінде біреудің «мендік» шекарасынан аспау, өзгені өзі тұрғысынан бағалау алдыңғы орында болады. Қазақ құндылықтар жүйесінде орын алатын концептілер адам мінезіне қатысты концептілер жүйесімен бірдей. Қазақ ұлтының жағымды мінез сипаттары исламдағы көркем мінез сипатымен сәйкес келеді. Адамның табиғи болмысында бар сапалар – шынайылық, салмақтылық, ақылдылық – қазақ мәдениетінде бағаланатын сапалар.

Бұл нәтижелер қазақ тілтанымы мен лингвомәдениеттаным бағытындағы тұжырымдар мен құрытындылар жасауда өзіндік үлесі болады. Қазақ халқының аксиологиялық құндылықтарын анықтауда айтарлықтай көмек болатыны сөзсіз. Сондай-ақ қазақ тілі лексикологиясы, семасиологиясы, сөзжасам, фразеология, паремиологиясына зерттеулерге өзіндік үлес қосады. Қазақ тілінің төл сөздерден тұратын сөздік қоры мен байлығының сапасын анықтауға көмектеседі. Қазақ халқының аксиологиялық құндылықтарының деңгейін, адамтану, адамсүйгіштік, елсүйгіштік қасиетін бағалауда маңызы жоғары болады деп ойлаймыз.

Қазақ тіліндегі мінез сипаты атауларының тезаурусы құрастырылып, қазақ халқы бағалаған ұлттық мінез атаулары, қазақы мінез атаулары айқындалды. Қазіргі қазақ сөйлеу тілінде күнделікті қолданылатын мінез атаулары анықталды. Зерттеуге қосымша ретінде берілген жағымды, жағымсыз мінез

атауларының түсіндірме сөздігі, қазіргі қазақ дискурсындағы жағымды, жағымсыз мінез атауларының жиілігі, жағымды және жағымсыз мінез атауларының тізімі қазақ тіліндегі сөздік қорды түгендеуге, сөздіктер жасауға көмек болады деген ойдамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – Алматы, 2011.Т. 1-15.
3 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Адам. – Алматы, 2009. – Т.1. – 784 б.
4 Небылицын В.Д. Основные свойства нервной системы человека: дис. ... канд. пед. наук (по психологии). – Москва, 1962, С. 238.
5 Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері: Оқулық. – Алматы, 2005. – Б. 343-353.
6 Кант И. Сочинения: В 6-ти т. Т. 4. – Москва: Мысль, 1965. 478 с.
7 Кречмер Э. Гениальные люди. Пер с нем. Г.Б.Ноткина – Санкт-Петербург: Академический проект, 1999. – 303 с.
8 Шелдон Р. Психотерапия. Исскуство постигать природу. – Когито-Центр. – 1987. – 380 с.
9 Павлов И.П. Физиологическое учение о типах нервной системы, темпераментах тож. – Киев: Госмедиздат УССР, 1953. 20 с.
10 Ковалев А.Г., Мясищев В.Н. Психические особенности человека: Характер. Т.1. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1957. – 262 с.
11 Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. – Москва: АСТ, 2014. – 352 с.
12 Мерлин В.С. Психология индивидуальности: избр. психол. тр. – Москва: МОДЭК, 2005. – 542 с.
13 Павлов И.П. Полн. собр. трудов. – Л., 1949. – Т.1. – С. 103.
14 Толысбаева Ә. Характер мен жағдай байланысының "бағыттаушы", "айқындаушы", "өзгертуші" типтері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – № 7/8. – Б. 108-112.
15 Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы, 1964. Б. 37.
16 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1995. Б. 112.
17 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: В 2-х т. Т.1. – Москва: Педагогика, 1980. – 230 с.
18 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: В 2-х т. Т.1. – Москва: Педагогика, 1989. – 485 с.
19 Араб-Иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – А., 1989. – Б. 215.
20 Көпеев М.Ж. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – Т.11. – 143 б.
21 Сандыбаев Ж.С. Әбу Хамид әл-Ғазалидің кемел адам (инсан әл-кәмил) құндылықтары жүйесіндегі кейбір этикалық категориялар. // Әл-Фараби философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. – Алматы, 2009. – №3 (27). – Б. 13-20.
22 Бейсембаева Ж. Жақсы мінез-құлық – адамның көркі // Ұлағат. – 2013. – № 5. – Б. 105-110.
23 Орлов Ю.М. Самопознание и самовоспитание характера. – Москва: Просвещение, 1987. – 224 с.
24 Нілібаев Ә. Темперамент: эссе. // Таң-Шолпан. – 2013. – № 3. – Б. 169-181.

25 Бейсенбаев Б.Қ. Ортағасыр араб-мұсылман ғалымы Әбу Хамид әл-Ғазалидің шығармаларындағы «көркем мінез» мәселесі. // Ғылым және білім ғасыры. – 2011. – №7/9. – Б. 11-16.
26 Выготский Л.С. Психология развития. Избранные труды. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 281 с.
27 Немов Р.С. Психология. Книга 2. Психология образования. – «Владос», 2007. – 105 с.
28 Алдамұратов Ә., Рақымбеков Қ., Бапаева М., Нығыметова Г., Түрікпенов Ж. Жалпы психология: оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2020. – 236 б.
29 Павлов И.П. Избранные произведения. – М., 1951. – С. 118-125.
30 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – Б. 19-
31 Мұхтаров Т. Темперамент – адамның қабілет көзі // Үш қоңыр. – 2015. – 14 тамыз –№ 33. – Б. 7.
32 Хопач М. Адам тәрбиесі: Адамның жақсы, жаман қасиеттері туралы // Адам әлемі = Мир человека. – 2001. – №3. – Б. 27-31.
33 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Б. Момынова, Б.Сүйерқұлова, А.Фазылжанова, Қ.Күдеринова және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 7 – Ж – К. – 752 б.
34 Жакпарова Г.А. Мінез психологиясының ерекшеліктері // Семей мем. пед. ин-ты хабаршысы. – 2006. – № 3. – Б. 139-143.
35 Жақсылықбаева Р. Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларында мораль, мінез-құлық, әдептілік нормаларының дәйектелуі // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2011. – № 2. – Б. 126-128.
36 Яссауи Қ.А. 3-кітап. – Павлодар, 2003. – 204 б.
37 Алтынсарин Ы. Мұсылмандықтың тұтқасы. Шариат-ул ислам. – Алматы: Қазақстан, 1991. Б. 51-52.
38 Нүсіпбай А. Көркем мінездің артықшылығы және нашар мінездің жиіркеніштілігі // Мұсылман. – 2010. – № 8. – Б. 11-12.
39 Қабекенов Ғ.У. Нұғыман Манаев мұрасындағы көркем мінез жайында. // Жантану мәселелері. – 2008. – №1. – Б. 27-30.
40 Фромм Э. Психоанализ и религия. – Москва: АСТ, 2010. – 188 б.
41 Апресян Ю.Д. Интегральное описание языка и системная лексикография // Избранные труды. – 1995. – Т. 2. – С. 18.
42 Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М.: УРСС, 2002. – С. 293.
43 Карасик В.И. Языковая матрица культуры. – М.: Гнозис, 2013. – С. 87
44 Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб, заведений. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
45 Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики ее роли в изучений языка и этноса // Ареальные исследование языкознаний и этнографии. Язык и этнос. – Л.: Наука, 1983. С. 18.
46 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Елтаным, 2012. – 148 с.
47 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

48 Телия В.Н. О специфике отображения мира психики и знания в языке // Сущность, развитие и функция языка. – М., – 1987. – С. 18.
49 Әмірбекова А.Б. Санада ақиқат дүние бейнесін қалыптастырудың тетіктері // Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалықуниверситетінің Хабаршысы. – Алматы, 2019. – №2 (78). Б. 42-47.
50 Ли А.Д. Синонимо-антонимические группы имен прилагательных обозначающих черты характера человека и его эмоционально-психические состояния (в русском говоре с. Межог Усть-Вымского района Коми АССР): дис. ... канд. филол. наук: 10.02.01. – Ленинград, 1984. – С. 230.
51 Лукашевич Н.Ю. Когнитивно-семантический анализ предикатов, обозначающих черты характера человека: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.21. – Москва, 2004. – С. 210. Инв. № 61:04-10/1036.
52 Харитонова Е.Ю. Лексикографическое описание лексико-фразеологического поля «черты характера человека» (на материале современного немецкого языка): дис. ... канд. филол. наук: 10.02.04. – Москва, 2005. – С. 210.
53 Добринина А.А. Прилагательные современного Алтайского языка, обозначающие черты характера человека: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Новосибирск, 2006. – С. 130. Инв. № 61:07-10/339.
54 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дисс. / А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты. – Астана, 2007. – 330 б. Инв. №Д2007/1499.
55 Герн фон В.К. Характер и нравы казахов (Библиотека казахской этнографии, 18 том). – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. – 140 с.
56 Табылды Ә. Қазақ тұлғалық қасиетіндегі теріс мінездер туралы // Мектептегі психология. – 2013. – № 7. – Б. 7-11.
57 Бопайұлы Б. Қазақ мінезі: Салт-дәстүр мінез негізі – Алматы. Үш қиян, 2015. – 392 б.
58 Байсыдық И.Б., Алдабек Н.Ә. Ұлттық және шығыстық мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық аспектілері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы. – Алматы, 2022. – №4 (188). Б. 21-32.
59 Кішібеков Д.К. Қазақ халқының мінез-құлқы, ойын-сауықтары, рухани тіршілігі // Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. – Б. 81-99.
60 Тарақты А. Ауызша тарихнама. – Алматы, 1994, – Б. 40.
61 Кадина Ж.З. «Мінез-құлық» концептісінің әлемнің тілдік суретіндегі көрінісі // ҚР ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 2007. – №3 (163). – Б. 82-85.
62 Құнанбайұлы А. // Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – 2004. – 335 б.

63 Гельвеций К.А. О человеке, его умственных способностях и его воспитании. М., 1938. – С. 145.
64 Кадина Ж.З. Менталитет концептісінің онтологиялық табиғаты және ұлттық мінез ұғымымен арақатынасы // ҚР Ұлттық ғылым академиясы Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 2007. № 5 (165). – Б. 56-59.
65 Дубов И.Г. Феномен менталитета: психологический анализ // Вопросы психологии. – 1993. – №5. – С. 47.
66 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. – Т.5. – Д-Ж. – 752 б.
67 Covey Stephen R. The 7 Habits of Highly Effective People: Powerful Lessons in Personal Change. New York, NY: Simon & Schuster, 2013. – 391 p.
68 Байсыдық И.Б. Абай қара сөздеріндегі мінез сипаты атаулары туралы // Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткен «Абай мұрасы – рухани жаңғырудың қайнар көзі» атты ONLINE негізіндегі Халықаралық ғылыми-практикалық конф. матер. – Алматы: Қыздар университеті, 2020. – Б. 53-56.
69 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2001. – 192-бет.
70 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 1. – А-А. – 752 б.
71 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, 2000. – 146 с.
72 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 2. – А-Б. – 744 б.
73 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 4. – Б-Д. – 752 б.
74 Табылды Ә. Аққөңілділік мінез әдебі: 6 сынып. // Ұлттық тәрбие = Национальное воспитание. – 2015. – №2. – Б. 13-18.
75 Байсыдық И.Б., Кудеринова К.Б. Қазақ тіліндегі жағымды мінез концептілерінің тілдік репрезентанттары // А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – Алматы, 2023. №1 (89). – Б. 44-55.
76 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: Ә.Ыбырайым, А.Жанабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 9. – Қ-Қ. – 744 б.
77 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: М.Малбақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – Т.14. –Т-Ү. – 800 б.
78 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 6. – Ж-Ж – 752 б.
79 Оразбекұлы Қ. Жастарға Яссауи, Абай, Ыбырай неден қашық болуды өсиет етті? // Әділ сот. – 2010. – № 1. – Б. 11-12.

80 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 12. – О-С. – 752 б.
81 Мұратова С.А. Адамның жағымсыз қасиетін білдіретін тілдік бірліктердің этнолингвистикалық сипаты // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2014. – № 1/2. – Б. 197-200.
82 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 306 б.
83 Табылды Ә. Қазақ тұлғалық қасиетіндегі теріс мінездер туралы // Мектептегі психология. – 2013. – № 8. – Б. 7-9.
84 Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Рик, 1998. – 126 б.
85 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург, 1899. Т. 1. – 1815 с.
86 Tazhenova A., Baissydyk I., Aitkulova K. National character of the Kazakh people // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан: тарих және қазіргі заман» республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. матер. – Семей: Шәкәрім атындағы университеті, 2021. – Б. 173-175.
87 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст.: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақ, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 15. – Ү-Я. – 828 б.
88 Табылды Ә. Қазақ тұлғалық қасиетіндегі теріс мінездер туралы // Мектептегі психология. – 2013. – №11 (65). – Б. 7-9.
89 Baissydyk I., Kuderinova K., Shakhanova R., Rizakhojayeva G., Zhyltyrova Zh. Lexical aspect in language and culture communication. // XLinguae, ISSN: 1337-8384, Vol. 16, No. 1. January, 2023, P. 216 – 223.
90 Табылды Ә. Қазақ тұлғалық қасиетіндегі теріс мінездер туралы // Мектептегі психология. – 2013. – № 10. – Б. 34-35.
91 Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «Қ» и «Қ». – М., 1974. – 368 б.
92 Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен: шығармалары. / құр. Жидебай М. – Алматы: Абай, 2006. – Б. 214.
93 Сағидолда Г.С., Әбдіміәулен Г.А. «Әйел» концептісінің ұлттық-мәдени сипаты // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – №2. – Б.– 20-30.
94 Сарыбекова Ж. Қазақ қызына тән ұлттық мінез-құлықты тәрбиелеу ерекшеліктері // Ұлт тағылымы. – 2011. – №3. – Б. 4-7.
95 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – Т. 1. – 565 б.
96 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «Слон», 2013. – Т. 4. – 385 б.
97 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 800 б.
98 Смағұлова Г. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 398 б.

99 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: РПК «Слон», 2012. – Т. 3. – 440 б.
100 Байсыдық И.Б., Омарбаева Г.С. Әйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – Алматы, 2023. – №1 (68). – Б. 24-39.
101 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы редак. басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
102 Дуйсебекова Ж. М. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: Қазақ тілі мен әдебиеті филос. докт. (PhD) ... дисс.: 6D011700. – Қаскелең, 2019. – 165 б.
103 Русско-казахский словарь. – Алматы: Арыс, 2007. – Т.1: А-О. – 640 с. Т.2: О-Я. – 640 с.

ҚОСЫМША А

Қазақ ұлтының танымындағы жағымды мінез атаулары

АҚКӨҢІЛДІЛІК (97): *адал ниетті, адал, айласыз, ақ көйлек адам, ақ, ақжарқын мінез, ақжарқын, ақжелең, ақжүрек, ақжүректі, аккөкірек, ақкөңіл, аққа құдай жақ, ақниет, ақниетті, ақпейіл, аласыз, алғаусыз, алды кең, аңқылдақ, аппақ, арамдығы жоқ, ары таза, аузын ашса жүрегі көрінетін, аузын ашса, іші [көмейі] көрінетін, ашық жүзді, ашық қайың, ашық мінезді, ашық райлы, ашық, ашық-жарқын, бала көкірек, бала мінезді, барын айта салатын, біреудің ала жібін аттамаған, бүкпесіз, даңғал, дарқылдық, дарылдақ, елгезек, елжірегіш, елпілдек, жайдарлы, жайдары, жайқар, жайлы, жайраң мінез, жайраң, жайсаң, жарқылдақ, жарқын жүз [жүзді], жарқын, желғабаз, желтабан, жүзі [өңі] жылы, жүзі жарқын, кексіз, кекшіл емес, кенен, кең жүрек, кең қолтық, кең мінезді, кеудесінде инедей кірбеңі жоқ, кешіргіш, көйлек жыртпас, көңіл жықпас, көңілі бос, көңілшек, күшігін аузымен тасығандай, қабағы ашық, құлық-сұмдығы жоқ, құлық-сұмдықты білмейтін, құлқы таза, лепілдек, марайма, мінсіз, өрелі жігіт, пейілді, пейілі ашық, пейілі таза, пәк, риясыз, саудыр-садақ, судан тұнық, сүттей ақ [судай таза], сүттен ақ, судан таза, сыр мінез, сыралғы, сырбаз, таза, терісі кең, тетігі аузындағы кісі, тілалғыш, үміткіл, халис, хәләл, хошуақ.*

БАТЫРЛЫҚ (75): *адуынды, айбарлы, айбатты, айбынды, айдынды, аламан, албырт, албыт, алмастай өткір, арыстан жүректі, әндемді, әнжемді, батыл, батымды, батыр, бетті, бірбеткей, дүмді, дітіне берік, ер көңілді, ерек, ержүрек, еркек мінез, еркөкірек, жанкешпе, жанкешті, жанқияр, жаугер, жаужанды, жаужүрек, жаутүсіргіш, жойдасын, жойыт, жүрегінің түгі бар, жүрекжұтқан, жүректі, жылан жұтқан, көз жоқ, көзсіз батыр, көзінің[-де] оты бар, көкжал бөрі[-дей], күшті, қадалған жерден [жерінен] қан алатын, қажымас, қажырлы, қайратты, қайсар, қайтпас қайсар, қайтпас, қайыспас, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай, қас батыр, қасқыр жүрек [-ті], қауға тиген өрттей, қаһарлы, қырау қабақ, мықты, от жүрек, от көзді, өжет, өржүрек, өркеуде, өрмінез, өрмінезді, өршіл, өткір жүрек, өткір, салқам, табаны жаудан таймаған, тастүйін, тәуекелшіл, тепсе темір үзетін, тік мінезді, тік, шер.*

АҚЫЛДЫЛЫҚ (68): *абайлағыш, ақ-қараны танитын, ақылшы, алды-артын аңдайтын, аңғарғыш, аңғарлы, аңғарымпаз, аңдағыш, аңдампаз, ауызбаққыш, бағдаршыл, байқағыш, байқампаз, байыбына барғыш, байымдағыш, байыптағыш, байыпшыл, бақылампаз, барлағыш, барлампаз, басбілгі, болжағыш, білгір, дана, данағөй, есті, жақсы мен жаманды айырған, жансебіл, жетелі, зейінді, зер салғыш, зерделі, зерек туған, кемеңгер, көкірегі ояу, көкірегі сезімді, көкірегінде көзі бар, көпті көрген, көреген, қия жазбас, қырағы, озық пікірлі, ойлампаз, ойлы, оң мен солын танитын, оялы, өсиетшіл, пайымшыл, сақ, саналы, сауысқаннан сақ, сезгір, сезгіш, сезікшіл, сезімді, сезімпаз, сезімтал, сезімшіл, сезінгіш, тануға шебер, танығыш, танымпаз, тебіренгіш, тебіреншек, тексергіш, топшылағыш, үңілгіш, ықыласты.*

МОМЫНДЫҚ (63): *алаңғасар, аңғал, аңғырт, аңқау, аңқау-аңғал, ашық ауыз, бетегеден биік, бұйдалаған тайлақтай, бұйығы, есектен де жуас, жуас, жуас-қоңыр, жусаннан аласа, иланғыш, иленген терідей, иі жұмсақ, иіс алмас, келісімпаз, көнбіс, көнгіш, көндіккіш, көндімбай, көнтерілі, көніккіш, көнікті, көнімді, көнімшіл, көтерімді, қақ-соқпен ісі [жұмысы] жоқ, қақ-соқсыз, қой аузынан шөп алмайтын, қой мінезді, қойдай жуас [момын], қойдан қоңыр, қоймүрет, қойторы, қоңынан кесіп алса да, құлық-сұмдығы жоқ, құлық-сұмдықсыз, құлықсыз, можан-топай, момақан, момын, мондыбай, мондыбас, моп-момақан, мұрнын тескен тайлақтай, нанғыш, нанымпаз, сенгіш, сенімпаз, сенімшіл, сып-сынық, тойған қозыдай [қозы секілді], тұйық, тығырықталған түйедей, тілалғыш, тірі жанға қиянаты жоқ, ұя бұзбас, ұяң, ызбарлы, ымырагер, ымырашыл.*

АЛҒЫРЛЫҚ (60): *алғыр, алымды, аттыға [аяқтыға] жол, ауыздыға сөз бермеген, аузының [қолының] ебі бар, әбжіл, әрекетшіл, бастамашыл, ебдейлі, ебдейсек, ебедейлі,*

ебсекті, епті, епшіл, есіктен шықса тесіктен, тесіктен шықса есіктен келетін, еті тірі, жалын атқан, жанып тұрған от, жүзіктің көзінен өтетін, жытқыр, зерек, икемшіл, иненің көзінен өткендей, қимылы ширақ, қолды-аяққа тұрмайтын, қуды мініп, құланды құрықтайтын, қунақы, қыранкерей, майлығы мен сулығына бірдей, майлық пен сулыққа бірдей, мақсатқа талпынған, мақсатшыл, мұратшыл, ниетті, өзін-өзі сынай алатын, пайдакүнем, пайдашы, пайдашыл, пысық, саққұлақ, сеп-сергек, сепшіл, сергек, табыскер, талағында [талағының] биті бар, тапқыр, тапқыш, тасбақаның аузынан шөп алған, тасқайнат, тез қабылдағыш, тоқтамға келе алатын, тұтымды, ұғымпаз, ұғымтал, ұғынғыш, ұшқыр, шалғыр, шалымды, ширақ, шөгел, шып-ширақ.

ӘДЕПТІЛІК (58): *асқақсыз, ахлақты, әдеп көрген, әдепті, бәсең, бипаз, биязы мінезді, биязы, жібек мінезді, зиялы, ибадатты, ибалы, иман жүзді, иманды, инабатты, инабатшыл, көңілі түзу, көргенді, кішік, кішіпейіл, қарапайым, қыз мінезді, қыздай сызылған, қылықты, майпаз, майпаң, мархабатты, мәдениетті, мәйім, мәмілешіл, мінәйі, мінезі текті, ниеті мақұл [ақ], [жақсы], [түзу], [дұрыс], өнегелі, сәлемшіл, сәлемі түзу, сөзі майда, сыпа, сыпайы, сып-сыпайы, тәлімді, тәлім-тәрбиелі, тәрбиелі, тәртібі жақсы, тәртіпқұмар, тәртіпті, тәртіпшіл, текті, тойған қозыдай, ызбайлы, ықыласы түзу,ізгі ниетті, ізгі, ізгілікті, ізет [әдеп] сақтаған, ізетті, ізетшіл, ілтипатты.*

БАЙСАЛДЫЛЫҚ (57): *аузына берік, ауыр мінезді, бажайлы, байлы, байсалды, байымды, байыпты, байыпшыл, байырқалы, бапандай, басалқы мінез, басалқы, басалқылы, басбақыл, басбілгі, басыңқы, батпанақтай, берік, бұқыл, бірқалыпты, бірмінез, бірмінезді, бірсөзді, біртоға, дітіне берік, етінен ет кессе де мыңқ [былқ] етпейтін, жаны үлкен, жер қозғалса, қозғалмайтын, қазақы мінезді, қасалықты, мойсапыт, мінезі ауыр, орнықты, өзіне-өзі сенімді, пайымды, парасатты, парасатшыл, парықты, рухы жоғары, сабаз мінезді, сабырлы, салдарлы, салиқалы, салқынқанды, салмақты, салуалы, сардарлы, сенімді, сенімпаз, сөзге сараң, табанды, тағайынды, тұйық, тұрақты, ұстамды, үстінен түйе өтсе де былқ етпейтін, фаһімлі.*

БІЛІМҚҰМАРЛЫҚ (49): *ақылды, білгір, білгіш, білермен, білмір, білікті, білімдар, білімді, білімқұмар, білімпаз, біліскер, ғылымпаз, даңғыл, жан-жақты, зейілді, зейінді, зерделі, көзді, көзі ашық, көзі қанық, көкірегінде көзі бар, көп білетін, көп оқыған, қарақты, құймақұлақ, ойлампаз, ойланғыш, ойлы, ойшаң, ойшыл, оқымысты, өзіне де, өзгеге де талапшыл, саналы, сарапшыл, сауатты, сұңғыла, талабы таудай, талап еткіш, талап қойғыш, талапты, талапшыл, тыңдағыш, ұмтылғыш, үйренгіш, үйреткіш, үйретімпаз, іздемпаз, ізденгіш, ізденімпаз.*

ШЕШЕНДІК (34): *айтқыр, айтқыш, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін, әңгімеқұмар, әңгімешіл, ділмар, ділуар, жез таңдай, кеңесімпаз, көп сөйлегіш, орақауызды, оттілді, сайрауық, сөзге жүйрік, сөзге шебер, сөзгер, сөзден мүдірмейтін, сөзуар, сөзшең, сөзі өтімді, сөйлегіш, сөйлемпаз, сөйлескіш, сөйлеуік, сужұқпас шешен, суырып салма, сылдыр көмей, тақылдағыш, тақылдақ, тақылдауық, тіл тапқыш, тілмар, тілінен бал тамған, шешен.*

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ (33): *адамгершіл, адамжанды, адамшыл, ашық райлы, аяғыш, есіркегіш, ет-жүрегі елжіреген, жанашыр, жаны ашитын, жәбірсіз, зәбірсіз, қайырымды, қайырымшыл, қайырымы бар, қайырымы мол, марқабатты, мейірбан, мейірбанды, мейірбаншыл, мейірқанды, мейірлі, мейірі [көңілі] түскіш, мейірімді, мейірімшіл, мүсіркегіш, өңі жылы, рақымды, рақымшыл, сақуатты, фазылатты, шапағатты, шапағатшыл, шарапатты.*

БАУЫРМАЛДЫҚ (28): *бауырмал, бауырмашыл, ежекті, жақын тартқыш, жақын-туысшыл, жақыншыл, жанасқыш, жанашыр, кірімді, кірімтал, кісіге жақын, қамқор, қамқоршы, қамқоршыл, орамды, панашы, панашыл, тартымды, үйір, үйіргіш, үйірқұмар, үйірсек, үйіршіл, үйірілгіш, үйірілуге құмар, үйірілімпаз, үйірімді, іші-бауырға кіргіш / енгіш.*

ЖОМАРТТЫҚ (28): *алақаны кең, атымтай жомарт, ашық қолды, әйнек көңілді (поэт.), береген, берекелі, дарқан, дүниеге кең, дүниенің бетіне қарамайтын, етек-жеңі кең, жомарт, кең етек, кең, көңілі дарқан, қасым жомарт, қолы ашық [жазық], қолы мол / мол*

қол, қолы сақи, қос етегі кең, мәрт, мырза, пейілі кең, сақи, сақы, сахаби, сахауатты, сахи, шашпа.

ҰҚЫПТЫЛЫҚ (27): *абайлағыш, жауапкер, жауапкершілігі жоғары, жауапты, жеделсіз, жинақы, жып-жинақы, құнтақты, құнтты, мұқият, мұқиятты, тағайынды, талғағыш, талғамды, талғампаз, тастұйнақтай, тиянақты, тұрлаулы, тындырымды, тындырымпаз, тынымды, тыңғылықты, тіректі, ұқыпты, үлгілі, үнемшіл, ықтиятты.*

НАМЫСҚОЙЛЫҚ (24): *арлангыш, арлы, аршыл, арынды, арыны күшті, жалынды, жүрегінде жалын бар, жігерлі, жігерімен тасты үгіткен, кеудесінде оты бар, көзінде оты бар, көкірегінде [кеудесінде] оты бар, меселді, мұратшыл, мүддешіл, намыскер, намысқой, намысқор, намысты, намысшыл, рухтанғыш, рухтандырғыш, рухты, шабытты.*

АҒАЙЫНШЫЛДЫҚ (22): *ағайыншыл, бірауызды, елжанды, елшіл, жанашыр, жершіл, жұртшыл, көпшіл, көпшілікшіл, қауымшыл, қоғамшыл, ортақшыл, орташыл, отаншыл, рушыл, туысқаншыл, туысшыл, ұжымды, ұжымшыл, ұйымшыл, халықшыл, ынтымақты.*

ӘСЕРШІЛДІК (20): *ақынжанды, арқасы бар, әсерленгіш, әсершіл, әуесқой, елтігіш, еліккіш, еліктегіш, еліктемпаз, жүрегі нәзік, құмарпаз, құмартқыш, қызыққыш, махабатшыл, нәзік, өз әлемі бар, өлеңшіл, өнершіл, сыршыл, таңсыққой.*

ӘЗІЛҚОЙЛЫҚ (19): *әзілдегіш, әзілкеш, әзілқой, әзілқұмар, әзілшең, әзілші, әзілшіл, күлдіргіш, күлегеш, күлешек, күлкішек, күлкіші, күлкішіл, күлімпаз, қалжыңбас, қалжыңқой, қалжыңшыл, қу тілді, қуақы.*

ИМАНДЫЛЫҚ (19): *діндар, діншіл, ибадатты, ибалы, иманды, иманжүзді, иманмен қаптап қойғандай, иманы бетінде үзіліп тұрған, иманына берік, қанағатшыл, құдайшыл, мінажатшыл, намазқой, намазшыл, нысапты, тақуа, тәубешіл, шүкірлік еткіш, шүкіршіл.*

ШЫНШЫЛДЫҚ (19): *ақ, ақиқатшыл, алақолсыз, әділ, әділетті, әділетшіл, бәріне бірдей, кіршіксіз, қара қылды қақ жарған, мінсіз, пәк, сенімді, таза, тура, турашыл, тік, үзеңгісін тең басқан, шынайы, шыншыл.*

ЖАЙЛЫЛЫҚ (17): *байпаң, бал мінезді, жайдарлы, жайдарман, жайдары, жайқар, жайлы, жайраң, жайсаң, жаны жайсаң, жылы шырайлы, жібек мінезді, майда қол, мінезі жайлы, мінезі жұмсақ, мінезі майдай, үйек.*

ШЫДАМДЫЛЫҚ (17): *ақпан соқса да өлмейтін, тоқпан соқса да өлмейтін (шыдамды), дәті берік, жанкешпе, жанкешті, жансебіл, жаны берік, жаны сірі, көнімпаз, табанды, тағатты, тауанды, төзгіш, төзімді, төзімпаз, төзімтал, төзімшіл, шыдамды.*

ЖАҚСЫ (15): *алды бар, арты жоқ, асыл жүректі, ашусыз, аялы, жақсы адам, жақсы мінезді, жаманшылығы жоқ, жаны жайсаң, жібі түзу, зілсіз, кексіз, мінезге бай, мінезді, тез қайтатын, ызасыз.*

СЫЙЫМДЫЛЫҚ (14): *бүйірлі, ел-жұртқа жағымды, жағымды, жағымтал, жарасымды, жұғымды, қадір тұтқыш, қастерлегіш, құрметтегіш, сый-құрмет көрсететін, сыйлағыш, сыйшыл, сыйымды, үлпетті.*

КЕҢПЕЙІЛДІЛІК (14): *алды кең, бейғам, дүниеге кең, ежекті, етек-жеңі кең, кенен, кең қолтық, кеңпейілді, кешірімді, кешірімпаз, кешірімшіл, қайтымды, пейілді, пейілі кең.*

БІРСӨЗДІЛІК (11): *антына берік, аузына берік, бұқыл, бірауызды, бірсөзді, дәті берік, сенімге берік, сертте тұрғыш, сертшіл, сырға берік, уәдеге берік.*

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ (9): *қонақжай, қонақжайлы, қонаққұмар, қонақуар, қонақшыл, меймандос, мейманқор, мейманқос, мейманшыл*

ЕҢБЕККҚОРЛЫҚ (8): *бейнеткер, бір ернімен жер тіреп, бір ернімен көк тіреп, еңбекқор, еңбексүйгіш, қарекетшіл, тынымсыз, шаруақор, шаруашыл.*

ҚОСЫМША Ә

Қазақ ұлтының танымындағы жағымсыз мінез атаулары

БҰЗЫҚТЫҚ (165): *а десе, мә дейтін, адуын, адуынды, адыр-бұдыр, ақикөз, ала бүлік, ала жылан, аланиет, аласот, алауыз, апырақ, арам ниетті, арам пейіл, арам пиғылды, арам, атқын, аш бақа, әпербақан, басбұзар, баскесер, бейбас, бет бақтырмайтын, бетпақ, беттен алғыш, бөрібасар, бұзақы, бұзық, бұқа мінез, бүлдіргіш, бүлікшіл, долы, дүлей, есірік, жаналар, жанжалқой, жанжалқұмар, жанжалшыл, жаны қара, жат пейіл, жауыз адам, жауыз, жәбіршіл, жынды, жындыбас, жындысүрей, зиянкес, зорлықшыл, келсең келдің өзі, килігуші, киліккіш, килікпе, көк соққан, көкбет, көкірегі қарау, көр кеуде, қазанбұзар үй тентек, қазанбұзар, қақатұяқ, қан құйлы, қанға жерік, қанқор, қанқұйлы, қансүрек, қаны бұзық, қаны қара, қанынезер, қанішер, қара албасты, қара жылан, қара пейіл, қарау, қарысқақ, қаскүнем, қастанды, қиық құлақ, қиянаткер, қиянатқор, қиянатшыл, қияңқы, қоскөй, құлқы бұзық, құлқыны жаман, құнезер, қырғи мінез, лаңшыл, лас кеуде, мазақшыл, мерез, мінезқор, ниеті бұзық, озбыр, оқыс мінезді, оңбаған, пасық, пейілі [ниеті] бұзық, сайдақы, сайқал, салдақы, соғысқұмар, содыр, содырлы, содыр-сойқан, содыр-сотқар, сойқанды, соқтыққыш, соқтықпа, соқтықпалы, сотанақ, сотқар, таласқыш, тарпаң тайдай қылтылдап, тарпаң, тарпаңдау, тебіз, теліз, телі-тентек, тентек, тентек-тебіз, теріс қылықты, тетір мінезді, тетір, тетір-тентек, тозақы, төбелескіш, төбелесқор, ұрда-жық, ұртқал, ұрынғыш, шадыр, шадыр-шәлкес, шайқы-бұрқы, шайлау, шайпау, шақар, шалгез мінезді, шалгез, шалдуар, шалман, шалпы, шалыс, шаптықпа, шапылдақ, шарқая, шарықшы, шата, шатақ, шатаққой, шатаққұмар, шатақшыл, шатыраш, шаш ал десе, бас алатын, шая, шәдде, шәйпі, шәлкес, шәлкестеу, шәлкі, шәлтіріш, шәргез, шырт кететін, шырт сынар, шыртбас, шыртетпе, шыртима, ызбай.*

ЫНЖЫҚТЫҚ (100): *айбынсыз, алақарға, арқасыз, аузын буған өгіздей, аузынан сөзі түскен, аумақай, ауызбаққыш, ашықауыз, батылсыз, батылы [дәті] бармайтын, бейқам, бетқақты, божырақ, бозөкпе, болбыр, болпаш, бопай, бопсасыз, боркемік, бос, босбелбеу, бошалақ, былбыр, былжыр, егілшіл, ез, езгек, енжар, есектен де жуас, еті тірі емес, жалтақ, жалтаң, жалтаңкөз, жалыншақ, жалынымпаз, жасқаншақ, жасық, жетесіз, жуас, жүрегі [көңілі] шайлыққан, жүрегі дауалай бермейтін, жібі бос, жігерсіз, жігері жоқ, именшек, итіншек, кеудесінде оты жоқ, көк есек, көнбіс, көнімшіл, көңілі борпылдақ, көткеншек, күйзелгіш, күйрек, күйреуік, қажырсыз, қайратсыз, қамшысын алып беруге жарамайтын, қожбантопай, қойнынан бөзі түскен, қойпалақ, қорғалақ, қорғалаң, қорғалауық, қорғаншақ, қорқақ, қорыншақ, қуыс кеуде, қуыс қурай, құнжыт, мәми ауыз, мойығыш, мойылғыш, мұңайғыш, мұңайымшыл, мұңшыл, мұрнын тескен өгіздей, мырың, намыссыз, өлдебар, өлез, рухсыз, сарыуайымшыл, сипақшыл, сиырдың жас боғындай, су мұрын, сүйегі бос, сүйегі жасық, сылбыр, тайсақ, тартыншақ, түйе үстінен ит қапқан, тірі өлік,ұялшақ, үрту, шабал, шегіншек, шірік, ынжық туған, ынжық.*

МЕНМЕНДІК, ТӘКАППАРЛЫҚ (79): *адамсыған, алкеуде, асқақ, астамшыл, бақайына келтірмейтін, басы жерде, билеп төстегіш, білгіш, дандайсыған, екі иығынан [иінінен] дем алған, есірік, жел кеуде, желкөкірек, жеңімен [жең ұшымен] сәлем беретін, зор кеуде, зор көкірек, кеппе кеуде, кер асқақ, кер қабақ, кер, кердең басқан, кердең, керенау, кеуде көтерген, кеудесі жоғары, кеудесі кепкен, кеудесін қаққан, көзі көкте, көзінің еті өскен, көкке қараған, көкірек біткен, көкірек керген, көкірек көрсеткен, көкірек қаққан, көкірек, көкіректеу, көкірекшіл, көңілі биік, көңілі көкте, көппе, көшеге сыймай жүретін, кірпияз, кісілігі жоқ, кісілігі ұстаған, қау көкірек, қопи, құдайын ұмытқан, құлақ аспайтын, маңғаз, мардат, менмен, менмендеу, менменшіл, меншіл, мұрнын [көкке] көтерген [шүйірген], мұрнына есек құрты түскен, мүйізі шыққан, ордаң, өктемшіл, өкірек, өкірекбай, өкірең, өкіреш, өпірем, өпірім, өр көкіректеу, өр көңілді, өркеуде, өркөкірек, паң кісі, паң, салмойын,*

танауымен көк тіреген, тәкаппар, түкірігі жерге түспейтін, үзеңгі бауы алты қабат, хан көкірек, ханға сәлем бермейтін, шалқақ.

ҚЫҢЫРЛЫҚ (74): *әлепет, безер, бірбет, бірбеткей, бірезу, бірмойын, бітеубас, егесшіл, жар көкірек, кеж, кежір, кер езу, кер есек, кер табан, керазу, керғайзаң, кержік желке, кертақыс, кертартпа, керіскек, керітартпа, кесір, кесір-кежір, кесір-кердең, кесірлі, көнімсіз, көтіне бақпас, қалша, қарыспа, қасарғыш, қасарма, қасарыспа, қиғыр, қида кездік, қиес, қиқар, қиқар-қырыс, қира кезікті, қиракезік, қиракөз, қисық, қитар, қитың, қиямпұрыс, қияңкес, қияңқы мінез, қияңқы, қияпар, қияпатты, қыңыр көкірек, қыңыр қабақ, қыңыр мойын, қыңыр, қырсық, қырсық-қыңыр, қырсықты, қырсықшыл, қыртима, оғаш мінез, оданы кісі, сыңар езу,сыңар жақ, теріазу, теріс азу, томырық, тоң мінез, тоңмойын, тоң-торыс, тырысқақ, үдір, шәргез, шойқы, шырғал, іштен қара [қыңыр] туған.*

СӨЗШЕҢДІК (67): *аузы-аузына жұқпайды, ауыз жаппас, ашықауыз, әңгімелі, балпылдақ, бейапар, бейауыз, бейбастақ, беймаза, беталды сөйлей беретін, ділдар, езбалдақ, езбе, езгіш, езмалта, жел ауыз, жел сөзді, жеңіл ауыз, жыбырлауық, зуылдақ, зыпылдақ, көбік ауыз, көбік езу, көкауыз, көкезу, көкмылжың, көкігіш, көкіме, көлпал, көпірме ауыз, көпірме, қазба, қазбалағыш, қу ауыз, қу таңдай, қу тілді, қужақ, қызылауыз, қызылкеңірдек, қызылөңеш, қылауыз, қылжақбас, қырт, лақауыз, лақпа, лақуа, мазасыз, мәжілісқор, мыжыма, мыжың, мылжың, не болса соны айтатын, өсекқұмар, өсекші, өсекшіл, сайрампаз, сөзге үйір, сөзсоқты, сөзуар, сөзуарлау, сөзшең, сөзі көп, сөйлеуік, сыпылдақ, тантық, тіл мен жағына сүйенген, тілбезер.*

ӘДЕПСІЗДІК (64): *адыр мінезді, адыраң, адыраңбай, адыраңдаған, адыр-бұдыр, адырлау, арсыз, аусар мінезді, әдепсіз, әумесер, бейбастақ, бетсіз, беті қалың, дойыр, дөкір, дөң, дөрекі, дуайпат, дүңк етпе, есерсоқ, ессіз, ессіз-ойсыз, есірік, жабайы, жынды, ибасыз, имансыз, инабатсыз, кеудесімен жер соққандай, көргенсіз, қара қамшы, қарабет, қаражүзді, құлқы бұзық, құрысқақ, қызыл көз, мәдениетсіз, мойыс, мінезсіз, нойыс, оғаш мінезді, одыр, ожар, оңбаған, оспадар, оспадарсыз, өкірең, өкіреш, өнегесіз, өрескел мінез, сиыр мінезді, сиыртектес, тасырақ, тасыраң, тәрбиесіз, тәртіпсіз, томырық, тоң мінез, тұрпайы, тұрпайылау, ұрда-жық.ұятсыз, шімірікпейтін, ынсапсыз.*

МЕЙІРІМСІЗДІК (62): *айуан, ашадды, аяу білмес, аяусыз, бауыры көктемір, бауыры қатты, безбүйрек, бейбастақ, бейбауырмал, бет бақтырмас, діті қатты, жаннан безген, жаны ашымайтын, жатбауыр, жүрегі қара, жүрегі қатты, зиянкес, ші қатты, кекшіл, кесіп алсаң қан шықпайтын, кешірімсіз, көкірегі қара майдан, көнкөңіл[-ді], қайырсыз, қайырымсыз, қайырымы жоқ, қаныпезер, қара желін, Қарабайдай қаныпезер, қарабауыр, қаражүрек, қараниет, қарапейіл, қаскөй, қаскүнем, қасқыр бет [-тік], қастанды, қастекі, қатал, қатты кісі, қатты, қатыбас, қатігез, қиын мінезді, құдайдан безген, қытымыр, мейірсіз, мейірімсіз, наятсыз, пес, рақымсыз, сегіз кессе, сіркедей қан шықпайтын, сезімсіз, сесті, сұм, сұмқай, сұсты, тас көңіл, тасбауыр, тасжүрек, тастан [тастай] қатты, тезі қатты.*

ТҰРЛАУСЫЗДЫҚ (54): *айнығыш, айнымалы, айнымпаз, ала мінез, алақұйын, антбұзғыш, антқор, аумалы, аумалы-толқымалы, ауытқығыш, ауытқымалы, аяғын сұйылдырғыш, әлпейім, әр нәрсенің басын бір шалатын, байлауы жоқ, басы бапан, аяғы сапан, басы таудай, аяғы қылдай, берекесіз, бұлтарғыш, бұлтарма, дәйексіздеу, екісөзді, жалтарғыш, көтайналғыш, күдікшіл, қалай болса, солай, қашпаған қашардың [сиырдың] уызы, құбылғыш, құбылмалы, құбылымпаз, құл мінез, құрғақ уәдеден қуырдақ қуыратын, қылт етпе, қылт-сылты көп, опасыз, өзгергіш, өзгермелі, сатқын, сатымсақ, сенімсіз, сиыр құймышақтандырып жіберетін, сөзбұйдаға салғыш, сөзі екіұшты, сөзінің аяғы құрдым болатын, сылдыр бақай, табаны тайғақ, табанының бүрі [бұдыры] жоқ, тайқалақ, тиянақсыз, тұрақсыз, тұрлаусыз, уәде мырза, уәдеге күпті болған, уәдешіл.*

ЖЕҢІЛТЕКТІК (52): *алыпқашпа, алыпұшпа, бүгіншіл, дәлдір, думангер, думаншыл, дүркіншіл, дырдушыл, дырқы, ебелек, елпілдек, елтігіш, еліккіш, жарқыл-жұрқыл, жезөкше, жел көкірек, жел мінезді, желбас, желбуаз, желбүйрек, желгек, желөкпе, желөкпелеу, желөкпелі, желпілдек, жеңіл жүрісті, жеңіл мінезді, жеңіл, жеңілтап, жеңілтек, жүргіш,*

жындыбас, зинақор, көлпал, күлегеш, қалбалақ, қылжима, ойынпаз, сайқал, салдақ, салдақы, салдаман, сауыққой, сауықшыл, сырғақ, табансыз, табанының бүрі [табанында бұдыр] жоқ, тайғанақ, тыртақай, ұшқалақ, ұшып қонған, ұшып-қонба.

МАҚТАНШАҚТЫҚ, ДАҢҒОЙЛЫҚ (51): *адамсыған, айқайқұмар, айқайшыл, бөспе, бөстекі, дабырашыл, далбақай, даңғаза, даңғазашыл, даңғой, даңғойлау, даңққұмар, дарақы, дауқой, даурыққыш, даурықпа, дәлекі, дәндүріс, дәңгіл, дәркілдек, дүм кеуде, дүр, есер, есірме, кеппе кеуде, кеудесі кепкен, көппе, көпірме, күмпілдек, күпсіме, қау көрік, қопи, қуыс кеуде, құр кеуде, лепірме, мағұр, мақтанқұмар, мақтаншақ, мақтау сүйгіш, тыраш, үркеппе, ауызбен айды алған, ауызбен орақ орған, жел өкпе, кеппе кеуде, көбік өкпе, көнектей болған, күбідей ісінген, қызыл сөзден бал жаққан, мақтанның құлы, ісіп-кепкен.*

КІНӘМШІЛДІК (48): *айыпшыл, бұлданғыш, бұлданшақ, датқой, дықты, дықшыл, зілді, кейігіш, кексақтағыш, кекті, кекшіл, көңілге алғыш, кіді, кідікшіл, кідірлеу, кілт етпе, кілтиме, кінәлағыш, кінәлаушы, кінәмпаз, кінәмшіл, кінәтаққыш, кінәшіл, кірбіңшіл, кірпияз, қылт етпе, қыртима, міндетшіл, мінегіш, міншіл, назданғыш, өкпелегіш, өкпеші, өкпешіл, өшті, ренжігіш, сынағыш, сынампаз, сынға алғыш, сыншыл, табалағыш, табашыл, шамданшақ, шамкес, шамшыл, шамырқанғыш, шамырыққыш, шенегіш.*

САРАҢДЫҚ (48): *аузын қу шөппен сүрткен, бақыл, дүниежанды, дүниеқоңыз, дүниеқор, дүниеқұмар, есепдар, есепқой, есепқор, есеппаз, есепшіл, жер жастанып, су сүйеніп отырған, жеті атасын мал өлтірген, жұмыртқадан жүн қырыққан, қарабайдай сараң, қарау, қатты, қолы қатты, қолы сараң, қолы тар, қоян төр, қу ауыз, қу бастан қуырдақ алған, қу бастан қуырдақ ет алатын, құнанын құдайындай, тайын тәңіріндей көрген, қытымыр, малжандылау, малқор, малқұмар, нәмәрт, пайдакер, пайдакеш, пайдакүнем, пайдақор, пайдақұмар, пейілі тар, пес, санасып қалған, сараң, сүйек бермес, сығырдаң, сырдаң, тараң, тарынғыш, тас болған, тырқы, ұсақ, шық бермес шығайбай.*

ТЕКСІЗДІК (46): *адамсыған, айдап салғыш, айтақшыл, арандағыш, арандатқыш, асын ішіп, аяғын босататын, дастарханнан аттаған, дәм татқан құдыққа түкірген, дәм-тұзын аттаған, дәмін арамдаған, жағымсыз, жалмақай, жаман адам, жаман, жәутік, жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүретін, жетесі жаман, жұғымы жоқ, жұлымыр, жылмақ, жылпос, жымпос, жыпылдақ, жырбақай, жырқылдақ, жыртақай, жыртақы, заңқой, заңқор, заңшыл, ит көтінен ине суырған, кәрі сайқалдарша сыланданған, күле кіріп, күңірене шығатын, құдай сүйер қылығы жоқ, қылықсыз, намыссыз, сумақай, сұмпайы, сұранбақ, сұраншақ, сүйкімсіз, сүмелек, сыйымсыз, тамағын ішіп, табағына тышқан, тілемсек, шелтиген.*

ЖАЛҚАУЛЫҚ (45): *ай қарап, жұлдыз санаған, айда бол, ас ішкенде пайда бол адам, арамтамақ, ас ішіп, аяқ босатар, әзір асқа аяғын ала жүгіретін, әзір асқа тік қасық, бейқам, бойкүйез, енжар, еріншек, жайбасар, жалқау, жалқау-жампоз, жанбақты, жатаған, жатыпішер, жұмысқа қолы бармайтын, кәсіпсіз, кежегесі кейін тартқан, кежір, керенау, көк жалқау, көк желкесінен тартқан, қазан үстінен күн көрген, қолын қусырған, қолынан боқ та келмейтін, құр нан соғар, қылт-сылты көп, масыл, мойны жар бермейтін, нансоғар, нәуетек, омалып отыратын, он салса да, бір баспайтын, сал бөксе, сал сүйек, самарқау, сармойын, сылтаушыл, тұяғы қимылдамайтын, тышқан мұрнын қанатпайтын, тілазар, шаулау, шошқа тағалап жүретін, шөптің [құрайдың] басын сындырмаған.*

АҚЫЛСЫЗДЫҚ (39): *адасқыш, айланкес, аққөз, ақылдан кенде, ақылдан шайнам жоқ, ақылсыз, ақылы алқымынан аспау, ақылы ауған, ақылы к...інен аспайтын, ақылы келте, алағұс, албыт, алданғыш, арда, дәлдір, дуасыз ауыз, дуасыз, есектің миын жеген, есер, есерсоқ, жетесіз, жылтсыз, зердесіз, кеудемсоқ, қуыс бас, надан, ойсыз, оясыз, өресі аласа, өресіз, парасатсыз, парықсыз, пәтуасыз, пікірі жоқ, санасы жоқ, санасыз, соқырлау, тауықтың миындай ми жоқ, түйсіксіз.*

ШОЛЖАҢДЫҚ (35): *байымсыз, бойы бұлғаң, бұла, бұла-болпаш, бұланданған, бұлғақ қаққан, далдың-дұлдың, ерке бұлан, ерке, ерке-тәйтік, ерке-тәлпіш, ерке-тотай, ерке-шолжаң, жөн-жосықсыз, кербез, керім, көлең, құтырық, қырымпаз, пайымсыз, парықсыз,*

сәйкі, сәнқой, сәнқұмар, сәншіл, сипаң, сылаңгер, сылқым, тәйтік, тәлпіш, ұшқалақ, шолжақ, шолжақай, шолжаңбай, шолжың.

МАЗАСЫЗДЫҚ (35): *аптыққыш, асыққыш, әбігершіл, байбайшыл, байбаламшыл, бая, баяпыр, бейапар, беймаза, бөспе, быжың, дегбірсіз, дыз етпе, дызалақ, дызылдақ, дызылдауық, дігірлек, дікілдек, жайсыз, күйгелек, күйгелектеу, қазба, қазбалағыш, қазымыр, мазасыз, сабырсыз, тағатсыз, тықылдақ, тынымсыз, тынышсыз, шыдамсыз, шыжбалақ, шыж-быж болғыш, шыжылдақ, шықылдауық.*

ҰРЫСҚАҚТЫҚ (35): *айқайлағыш, арсылдақ, ашуқор, ашуланғыш, ашуланшақ, ашулы, ашушаң, ашуы қатты, ашуы мұрнының ұшында тұратын, бажылдақ, байланысқыш, бақырауық, барылдақ, бейауыз, бетпақ, бірбеткей, даукес, дауқұмар, даулағыш, дауылды, долау, долуыр, долы, дөрекі, дуайпат, екі аяғын бір етікке тығатын, жанжалшыл, керіскек, көк долы, көкбет, тыз етпе, ұрысқақ, шырт етпе, ызақор, ілінісе кеткіш.*

ҚУЛЫҚ (34): *айлакер, айлакес, айлақор, айлалы, айлашы, айлашыл, алаяқ, алдамшы, алпыс алты айлалы, алпыс екі айлалы, амалқой, амалшыл, арбағыш, аттының аяғын, жаяудың таяғын алған, әдісқой, әдісті, әдісшіл, басбақыл, қу, қулау, қулығын асыру, қулықшы, қулықшыл, қушыкеш, суаяқ, сужұқпас, сужұқтырмас, сықаяқ, сырдан сыңар аяқ өткен, сырқынды, тақыс, тәсілқой, үміттәйім, іші лас, сырты таза.*

ТОЙЫМСЫЗДЫҚ (32): *аларман, алпауыз, алымпаз, алымсақ, ашкөз, жалмақай, жалмауыз, жебір, жемқор, кең көмей, қанағатсыз, қарарсыз, қисапсыз, қомағай, құдай құлқынын алған, құлқын мінез, құлқын саусақ, құлқынқұмар, құлқынның құлы, құлқын-тамақ, құлқыншыл, құлқыны ашылған, құлқыны жаман, мешкей, нысапсыз, обаған, обыр, өңешқұмар, парақор, парашыл, тойымсыз, ынсапсыз.*

АРАМДЫҚ (32): *азғырғыш, алаяқ, арам, арамза, аяр, әзәзіл, әккі, жылан жүрісті, жылмысқы, жылпы, жырындықор, залым, зұлым, зымиян, кәззап, кезеп, көлгір, қақатұяқ, қу аяқ, қу қаптал, қу тұяқ, қырқар, мекер, мұттахам, мұнафиқ, мұттайым, мысықтілеу, ниеті жаман, пәле, пәлекет, сұм, сұрқия.*

ҚЫЗБАЛЫҚ (30): *алақызба, албырт, арқасының қозбасы бар, асыққыш, аужар, байыбына бармайтын, байыпсыз, берекесіз, дойыр, желпеңбай, күйгелек, қызба бас, қызба қанды, қызба мінезді, қызба, қызбалы, қызбалықты, қызуқанды, ожар, сабырсыз, тауаны тар, тік мінезді, ұрма мінезді, ұстамсыз, ұшқалақ, үстірт ойлы, шадыр, шамданғыш, шәдде, шыртбас.*

ІШТАРЛЫҚ (28): *ала тай, баккүндес, бақталас, бейілі [пейілі] тар, бұзғыш, жарылып өлердей, көкірегі тар, көре алмайтын, күндегіш, күндес, күнші, күншіл, қызғаншақ, қызғаныштан өзегі өртенген, қызғанышты, өзегіне құрт [шоқ] түскен, өрісі тар, сахауатсыз, тар мінезді, тарыншақ, іштар, іші әлем-жәлем, іші жарыла жаздаған, іші күйген, іші тар, іші у жалағандай болған, ішіне [ішегіне] пышақ айналмайтын, ішіне қыл [шынашақ] айналмайтын.*

ҚЫДЫРЫМПАЗДЫҚ (23): *ел кезгіш, кезбе, кердеңсал, қыдырғыш, қыдырымпаз, қыдырынды, қызықшыл, ойынпаз, ойын-сауыққа құмар, ойыншыл, оспақшыл, сайраншыл, сауыққой, сауыққұмар, сауық-сайраншыл, сауықшыл, сейілшіл, серуеншіл, сері мінезді, серісымақ, тамашашыл, той-думаншыл, шаңдаяқ.*

ҚОРҚАҚТЫҚ (22): *бұқпантай, елдің қолына қараған, жалтақ, жалтаң көз, жанаяр, жаны тәтті, жаутаң қаққан, жүрексіз, көген көзденген, қатын жүрек, қорқақ, қорыққыш, қорыншақ, қоян жүрек, секемшіл, сескенгіш, сескеншек, су жүрек, табанының бүрі жоқ.үргелек, үрейшіл, үркек.*

САЛАҚТЫҚ (21): *абылыңқы-сабылыңқы, алақ-бұлақ, арқауы бос, боғы ботқа, сідігі сорпа, дүмбілез, жалпы етек, кең балақ, керенау, қазанына қаспақ қатқан, қазанының қаспағы бес елі, қалай болса, солай, құнтсыз, лас, майлы қолтық, нас басқанды бит басқан, олақтан салақ жаман, салақ, салғырт, солпы етек, ұқыпсыз, шалағай.*

АҢҚАУЛЫҚ (20): *алаңғасар, аңғал, аңғалақ, аңғалсоқ, аңғырт, аңқау, аңқау-аңғал, ардың-күрдің, ашықауызды, әпенді, әулекі, әумесер, әуміш, болбыр, доланкесер, иланғыш, нанғыш, нандық, нанымпаз, саудайы.*

ЕНЖАРЛЫҚ (20): *енжар, еш нәрседен хабарсыз, жауапсыз, зауықсыз, зейінсіз, кешігімпаз, кешіккіш, құлықсыз, мақсатсыз, марғаулау, немқұрайлы, ниетсіз, пейілсіз, салғырт, самарқау, селқос, талапсыз, шабан, ықылассыз, ынтасыз.*

ЖАЛАҚОРЛЫҚ (19): *арызкеш, арызқой, арызқор, арызқұмар, арызшыл, бәле баққан, бәле қуғыш, бәле іздеген, бәле, бәлеқор, бәлеқұмар, ғайбатшыл, жалақор, қызыл көз, нау, пәле іздегіш, пәлеқор көзді, пәлеқор, шағымшыл.*

ӨТІРІКШІЛДІК (17): *алдағыш, алдампаз, алдамшы, алдаушы, әрмен жүрек, бермен бет, екіжүзді, көзалдаушы, көзбояушы, өтірікке жүйрік, өтірікші, рияшыл, сайдақы, суайт, суайттау, суқит, сылдыр-суайт.*

ЖАҒЫМПАЗДЫҚ (16): *бәйектегіш, жабысқақ, жағымпаз, жағынғыш, жағынымпаз, жақсы атты болғыш, жалбақай, жарамсақ, жәркелеш, көлгір, қошеметшіл, құйыршығы болу, мадақшыл, мүләйім, мысықсопы, шолақ белсенді.*

МАНСАПҚҰМАРЛЫҚ (13): *ағаш белсенді, атаққұмар, атақшыл, баққұмар, даңққұмар, мансапқор, мансапқұмар, мансапшы, мансапшыл, саясатқұмар, саясатшыл, төрешіл, шенқұмар.*

ЕБЕДЕЙСІЗ (11): *ебдейсіз, ебедейсіз, епсіз, икемсіз, қырсыз, қыры жоқ, ноқай, олақ, орашолақ, өнерсіз, ығы жоқ.*

КӨРСЕҚЫЗАРЛЫҚ (11): *әуесқой, әуестенгіш, еліккіш, еліктегіш, еліктемпаз, желкөкірек, желікпе, көрсеқызар, көрсеқызарлау, құмарпаз, қызыққыш.*

ӨЗІМШІЛДІК (11): *бөлінгіш, жекешап, жікшіл, киіктеу, меншікқұмар, меншікшіл, меншіл, өзімшіл, өзімшілдеу, өпірем, рушыл.*

ЗАРЫЛДАУЫҚТЫҚ (10): *безілдек, безілдеуік, ділмар, жылауқор, жылауық, зар жақ, зарлауық, қақсауық, тіл мен жаққа сүйенген, шағымшыл.*

БЕРЕКЕСІЗДІК (8): *арсыл-гүрсіл, аузы ала, басы бір қазанға сыймаған, басы бірікпейтін, бейпарық, берекесіз, қоржынына қоқым тоқтамайтын, сыйыса алмайтын.*

НАДАНДЫҚ (8): *әліптің атын білмес, әңгүдік, әумесер, біліксіз, білімсіз, дүбара, есерсоқ, надан.*

ӘДІЛЕТСІЗДІК (6): *алақол, алалық жасайтын, әділетсіз, әділсіз, қаралығы бар, қиянатшыл.*

МЫСҚЫЛШЫЛДЫҚ (6): *әжуашыл, кекеткіш, келекешіл, мысқылшыл, сықаққой, сықақшыл.*

ТҰЙЫҚТЫҚ (6): *жабық жан, сөзге сараң, томаға-тұйық, тоңырайыңқы, тұйық, тырысқақ.*

НӘСІПҚҰМАРЛЫҚ (5): *әйелқұмар, етекқұмар, жүргіш, нәпсіқор, нәпсіқұмар.*

АБЫРЖЫҒЫШТЫҚ (4): *абдырауық, абыржығыш, асып-сасқыш, сасқалақ.*

ЖАНАЯРЛЫҚ (4): *аянкес, аянпаз, аянсақ, аяншақ.*

ҰМЫТШАҚТЫҚ (4): *жаңғалақ, жаңылғыш, жаңылысқыш, ұмытшақ.*

ЖАЛПАҚШЕШЕЙЛІК (3): *жалпақшешей, көңілшек, лақылдақ.*

КҮМӘНШІЛДІК (3): *дүдәмалшыл, күдіктенгіш, күмәншіл.*

ҚОСЫМША Б

Жағымды мінез атауларының түсіндірме сөздігі

(«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2006 – 2013 жж.) онбестомдығынан жиналған)

1. **АБАЙЛАҒЫШ** сын. *Байқағыш, сезгіш, сезімтал.* Әкесіндей бұл-дағы Білмегенін сұрағыш, Ненің қалай тұрғанын, Абайлағыш, сынағыш (С.Мұқанов, Замандас.). Асып-тасымайтын, сабырлы, алды-артты абайлағыш, баршаға сәлемі қашанда ашық, мейірімі бірдей азамат қалпында («Егем. Қаз»).
2. **АҒАЙЫНШЫЛ** сын. *Туысқаншыл, бауырмал, жақын-туысқаншыл*. Ол негізі байшыл емес, ағайыншыл, жақыншыл ғана жігіт (С.Мұқанов, Өсу жол.). Ат арқасына ер батса, аяңшыл болады, Ерге жаттың тізесі батса, ағайыншыл болады (Мақал-мәтел).
3. **АДАЛ** [ар. عادل] сын. 1. *Ар-ұяты күшті, ақ ниетті, таза (адам).* Адал мінез адамдар: арттағыларға жол салып, із тастап өтеді. Арам мінез адамдар: арттағыларға тікен төгіп, біз тастап өтеді (Мақал-мәтел). Адал адамның аты арып, тоны тозбас (Мақал-мәтел). Дәл соңғы жылы ғана Абайды анық адал аға деп, шынайы дос тұтып тапқан еді (М.Әуезов, Абай). 2. *Шын берілген, сенімді, күмән тудырмайтын*. Ел, Отаны үшін өз бастарын, ой, күштерін ортаға салған орыс халқының адал ұлдары бұл кезде көп еді (М.Әуезов, Әр жыл.). Қараса, жан тояр ма ажарыма, Дұшпан ит, қарамайсың адалыма (ХХ ғ. қаз. ақын.). 3. *Кіршіксіз, мінсіз, пәк, қалтқысыз.* Көкірекке ақыл, көзге ғибрат, Жалынды талап, жаңа үміт. Адал жүрек, ақ ниет, Жамандықтан қашқанға (І.Жансүгіров, Шығ.). Адал достық алтыннан да қымбат (М.Әлімбаев, 666 мақал.). 4. *Тура, анық, шын, ақиқат.* Қарағым, көңілің таза бала екенсің, Адалыңды айтқаныңа рақмет (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).
4. **АДАЛ ЖАНДЫ** *Арамдығы жоқ, таза ниетті.* Жолдасым Саша Комиссаров та аман. Саған сәлем айтады. Өзі – адал жанды орыс жігіті (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ақ көңіл, адал жанды, жарқын жүзі, Бақыттың шырағындай отты көзі (М.Хакімжанова, Жыр асуы).
5. **АДАМГЕРШІЛ** сын. стиль. *Кісі қамын ойлағыш, жақсылық жасауға бейім тұратын, қамқоршыл, кісілігі мол.* Орысша орта білімі бар, Қызылжардағы педагогика техникумында жаратылыстан көп жыл сабақ берген, мінезі момын, адамгершілжақсы адам (С.Мұқанов, Есею жыл.). Біздің есімізге адамгершілсүйкімді бейне түссе, онда осы уақытта оған қарама-қарсы тек өзінің қамын ойлайтын адамдардың бейнесі түсуі де мүмкін (М.Мұқанов, Бақылау.).
6. **АДАМЖАНДЫ** сын. *Адамгершілігі зор, адам сүйгіш.* Көп адам адамжанды болмайды. Бұл – жұрттың бәріне ортақ қасиет (Х.Есенжанов, Көп жыл.).
7. **АДАМШЫЛ** сын. *Адамға жаны ашығыш, қамқоршы.* Бұған бас себеп: адамшыл мақсатты үгіт пен насихаттың нысанаға дәл тигендігі болса керек (Х.Есенжанов, Тар кезең).
8. **АЗАМАТ** ауыс. *Адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам.* Азамат ерден қол үзбе, Күндердің күні болғанда, Басыңа қиын іс түссе, Қайырылмай саған кетпейді (Базар жырау, Шығ.). Адам тәрбиелеуді оңай деме. Алуан түрлі бала бар. Солардың бәрінен азамат өсіріп шығару– ең қиын өнер (М.Иманжанов, Алғашқы ай.). Қасым жомарт жанды, үлкен жүректі, сегіз қырлы, бір сырлы ақын, азамат еді (С.Мәуленов, Үркер.).
9. **АЙЛАСЫЗ** сын. 1. *Қулығы, арамдығы, айласы жоқ, келер қатерді байқай бермейтін, білмейтін.* Айласыздың батыры айға шабады (М.Әуезов, Шығ.). 2. *Амалсыз, айла-шарғысыз, әрекетсіз.* Әлібек мына сөзді құп көреді, Айманның бұл ақылын еп көреді. «Айласыз бір іс болмас» деген сөз бар. Әлібек, жеті жүз қол тоқталады (Айман-Шолпан). Қуанышым, сабырлы бол, саям бол, Бүгін менде сабыр жоқ. Тақатсызбын, айласызбын, айласызбын баладай, Әлсіз денем, аян бол (М.Әуезов, Шығ.). Көзсіздік іске татыр ма? Айласыз батыр батыр ма?! Отырып қалар тақырға. Күндіз ұйықтап, түнде жорт (М.Мақатаев, Шығ.).

10. **АЙТҚЫР** сын. көне. *Шешен, сөзшең.* Айтқыр деп сені кім айтар Көп алдында сөзіңді – Күйбеңдеп жатсаң айта алмай (Базар жырау, Шығ.). Атақты халық артисі Қанабек Байсейітов ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді өте көп білетін және айтқыр адам еді. Біраздан бері «Қанекең айтқан хикая» деген атпен топтама өлеңжазып жүрмін (С.Жиенбаев, Алтын қалам).
11. **АЙТҚЫШ** сын. *Келістіріп айта білетін, сөзге шебер, айтқыр.* Бәрі де домбырашы, өлең айтқыш . Кететін әнге басса, судай жылжып (Айтыс). Жамбыл – түре айтыстың ақпа ақыны, көреген, сезімтал, от ауызды айтқыш ақын (М. Әуезов, Әр жыл.). Ақиқатты тура айтқыш мінезімен бірде жоғары, бірде төмен денгейлердің бәрінен де өтті (Жұбан поэзиясының көркемдік ерекшеліктері).
12. **АҚ** ауыс. *Адал.* Билердің жүзі көрнеу тұрған қиянатты арсыздыққа жеңгізіп, арамды ақтың үстіне не айламен болса да шығарамыз деп жұмыла қарайып алған (М.Әуезов, Қараш.). Бисмилла, әуелі аққа сана айтпақ, Оның үшін салауат Рәсуліміз аққа дос болған. Жүмләдан бұрын жаратып Халыққа нұры пәш болған (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қараға жауап бергеннен, Аққа берген серт артық (Базар жырау, Шығ.).
13. **АҚ КӨЙЛЕК АДАМ** *Арамдық ойламайтын, жұртқа сенгіш, адал, ақжүрек кісі.* Оллаhи, тиген көзі соның маған, Ешбір жау босағамды торымаған. Ақ көйлек адам едім, жұртқа сенгіш Еш сөзді жаманатқа жорымаған (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).
14. **АҚ КӨКІРЕК** *Ақ пейіл, ақкөңіл, ашық, мейірімді, адал ниетті.* Мұнысын өзгеден гөрі өзі біліңкіреп, өзге емес өзі бағалап, өзін оп-оңай ақ көкіректер, әулиелер, керек десеңіз, Қожанәсірдер санатына қосып жүреді (З.Қабдолов, Жалын.).
15. **АҚЖАРҚЫН** сын. 1. *Ақкөңіл, пейілі кең, ашық мінезді (адам).* Сейіт балуан, жомарт мінезінің үстіне аса сауықшыл, көңілді, ақжарқын жігіт. Сол мінезі үшін бұны Әбенмен қоса Абайдың іні досы ақын Дәрмен аса қадірлейтін (М.Әуезов, Абай жолы). Төрегелдинмен сөйлесіп көрсем, «аузын ашса, қарны көрінеді» дегендей, аңқылдақ ақжарқын біреу (С.Мұқанов, Шығ.). Ақжарқын, еске түсіп кең жүрегі, Сағыныш салған әуре жеңді мені. Балқұндақ бала күнде салған әні, Жансая көкірек кернеп, келді лебі (К.Салықов, Жезкиік). Бірақ қапелімде аузына түсе қоймайтын бауырмал сөздер тауып, амандасқанына қарағанда, бұрынғы ақжарқын мінезі қалпында сияқты (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). 2. *Көңілді, ашық, бүкпесіз.* Самбыр сөз бар, сыбыр жоқ, Жұрт ақжарқын кеңесте. Ауылдан аулақ оңаша, Жиын түрі жаңаша (М.Жұмабаев, Шығ.). Шынында да Шоңбай да бара-бара Балтәттінің баяғы өзін ентіктірген ақжарқын кейпін жиі-жиі ұнатпай қалатын. Әсіресе көпшілік арасында шаттанып, жұртқа жағатын қылық көрсете бастаса, ішінен қасірет шегіп тұратын (К.Баялиев, Нөсер). Бұнда орнатылған елка жоқ, мерекесалтанаты сезілу былай тұрсын, көңіл күйінде бір ақжарқын пейіл аңдалып жатса ғой (А.Байтанаев, Қансонар).
16. **АҚЖЕЛЕҢ** сын. жерг. *Ақкөңіл, ашық-жарқын.* Ақжелең де аусарлау мінездерін, әсіресе өткен кешті еске түсірді (А.Сәрсенбаева, Батырлар.).
17. **АҚЖҮРЕК** сын. 1. *Ақкөңіл, адалниет, рухани таза.* Бұл туралы Потанин жазды: «Мен корпустан шыққан соң бес жылдай Алматы жағында шетте қызмет етіп қайттым, Шоқан Омскіде әлгідей білімді ақжүрек адамдармен жолдас болып ысылған (М.Дулатов, Шығ). Ұйымшыл, ұраншыл, мейірімшіл, қоғамшыл, Кіршіксіз, ақжүрек, Біздер шын тазасы (І.Жансүгіров, Шығ.). Тікеннің ішінен гүл көріп, қара түнек қапастан да жылтыраған сәуле іздеу жаны таза, ақжүрек жазушыға ғана тән емес пе («Жас Алаш»). Ұйқы басып, есінеп, керіліп-созылудан тез арылу қажеттігін көрсететін белгі, тіпті Байжан бейнесінен, әсіресе, осы ақжүрек , аңқылдақ, қонақжай, бір шағым қулығы да жоқ емес, шақпа сөзге үйір, тұла бойы қазақы жаннан да молынан табылады («Қаз. әдеб».). 2. *Аңқылдақ, ақ-жарқын.* Ақжүрек , аппақ пейіл, асқақ үнді, Ақынға әрбір үйден дос табылды. Халықтың жүрегінде орын барда ол қайтсін бақ деп ұғып басқа орынды (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Рухани таза, адал, ақкөңіл адам. Мұраттың заманындағы қазақ нағыз орыс халқын, орыстан шыққан жақсыларды, ақжүректерді көрген жоқ (Х.Досмұхамедұлы, Аламан). Ақкөңілдік, адалдық, рухани

тазалық. Адал еңбек, ақжүрек берер шешіп, Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сұлу мінез ақжүрекпен артық ең, Қазақ атын шылбырдан сан тартып ең. Біз ұмытсақ, өлмес айғақ тарих бар, Атамыздай болған сабаз қартым ең (М.Дулатов, Шығ.).

18. **АҚИҚАТШЫЛ** сын. *Тек шындығын айтатын, турашыл, шыншыл*. Жар болмаса жасаған, қиын болды, Әлемнің езуінен наным кетіп Сұрасаң, ақиқатшыл атым Әсет, Айтып-айтып болдырдым арым кетіп (Ә.Найманбаев, Шығ.). Мен ол жайлы ұқтым талай мағлұмат, Жақсылығын жұғысты ету бар мұрат. Ақиқатшыл сүйдім ашық мінезін, Діншілдікпен жүрмесем де қалжырап (К.Салықов, Жезкиік). Өмір тәжірибесінде қаталлогика ұстанған, толассыз дәйектемелерді бәрінен де артық бағалайтын сергек мінезді Сәтбаев ақиқатшыл адам ғылым мен техниканың өзекті мәселелеріне келгенде, сол мәселелердің халық игілігіне тиімді екенін сезгенде шын жүректен тебірене білетін және шабыткер ақынша толғана білетін (Е.Бөкетов).
19. **АҚКӨКІРЕКТІ** зат. жерг. *Ақкөңілді.* Ол өз халқы – қазақтың тебіздігін асқан көргендігі, сонымен бірге тым ақкөкіректігін, тым жас сенгіштігін біліп, оның өз халқының басына бәле болып жабысатынын ашып айтады (Б.Қыдырбекұлы, Түгел сөз.).
20. **АҚКӨҢІЛ** сын. *Ашық-жарқын, адал ниет, ілтипатты.* Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп, Телміріп бір тойғанын ар қылмаған, Ақкөңіл, алаң-бұлаң адамдар көп, Есептеп азын-көпке аңқылдаған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жазықсызбын дей алман, жат көріндім, Жазықтымын дей алман, ақкөңілмін. ...Өмір деген біреу бар билік құрған, Билігінен мен соның қақ бөліндім (М.Мақатаев, Шығ.). Алшыннан туған Құдуар Асыл ерге медеу бар. Қожанасыр кісі екен Олпы-солпы тілі бар. Есіткенін, көргенін Жасырмайтын сыры бар. Иманмасы ақкөңіл Жүрегінің басында Ерімейтін нұры бар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Ілімді кегі оқыған осы қаріп, Ақкөңіл, елбіреген мұлайымша. Талаппен тапты ынаят тәуекелмен. Сыпаның сейселелі сыбайынша (О.Шораяқов, Шайыр). // Ашық мінезді, арамдығы жоқ, адал адам. Ақкөңіл ол – кәдімгі Қожанасыр, Өз жолымен ол солай бара жатыр, «Ақкөңілдің аты арып, тоны тозбас». Сенбесеңдер, ағайын, қара да тұр (С.Сейтхазин, Тереңде.).
21. **АҚ-ҚАРАНЫ [АҚТЫ-ҚАРАНЫ] ТАНИТЫН** *Жақсы-жаманды айыратын, оң мен солын танитын, көзі ашық.* Ақ-қараны танып қалғаным ағатайымның арқасында емес пе еді. Қайран ағатайым... (бетін басып жылайды) (М.Дулатов, Шығ.). Көпшіл болған көкешім деп, Көп өсиет айтқан анам. Тәрбиелеп титтейімнен, Ақ-қараны танытқан анам (Ү.Кәрібаев, Таңд.) Мен солар арқылы ақты-қараны танып, қосымша құн дегеннің не екенін, сондай-ақ капиталистерге көп ақшаның қайдан келетінін түсіне бастадым (М.Қаратаев, Далада.).
22. **АҚНИЕТ** сын. *Ақжүрек, арамдығы жоқ.* Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең, Жолай көрме жылмайы сопы көрсең. Тапқыр, адал, ақниет адамдардың Алданбайсың артынан ере берсең (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ақниет, адал ойлар түкке тұрмай, Барады ешкім оған мойнын бұрмай. Әділдік орнамасқа көзім жетті, Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай (С.Торайғыров, Алаш ұраны). // Жақсы тілек, әрекет. Ақниетімді қисыққа жорып, өкпелетпе мені, Рауаш! – деді Айжан (З.Шашкин, Сенім). Арнаймын ақниетпен еңбегімді, Жараса көпшіліктің керегіне. Із қалса еңбегімнен айтар едім, Өмірге ризамын деп өлерімде (Ақын жырлары). Шайылған көз жасымен жердің бетін, Өткізіп тым өлшеусіз өкіметін, Жауыздық жалғандықпен қаптағанға, Адалжол, ақниетті арам жеңіп, Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп, Бұзықтық түзуіңді таптағанға (А.Байтұрсынов, Шығ.).
23. **АҚПЕЙІЛ** сын. *Тілегі оң, ниеті адал*. Отырған мені тосып ханымымен. Ақпейіл ықыласына тәжім еттім (Батырлар жыры). Бәрінен де сол артық сертте тұрса, Ақпейіл, сөзге берік тұлымдылар. Болады кімге теріс ойласаңыз, Халыққа қайырымды жұғымдылар (Қабан жырау, Алтын қазық). Шығып ап оқбойы жер, қарап кейін Ойлады: «Бірдеме оған деп кетейін» Әй, Нәбік! Кім екенім білдің бе енді? Атыңмен

қоштас, аңқау, сорлы ақпейіл! Тұра тұр, – Нәбік айтты, – тоқтап солай! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

24. **АҚТАРЫЛҒЫШ** *Аңқылдақ, аңғал, барын айта салатын*. Көптен бері тілеген арманы осы болғандықтан, бар қолқасын бір-ақалған кісідей мәз Бақтығұл мырза кедейдің ақтарылғыш мінезіне ауысты (М.Әуезов, Қараш.)
25. **АЛАҚАНЫ АШЫҚ** *Кеңпейіл, жомарт, береген.* Ала көйлек, аккөңіл, Алақаны ашық, кеңпейіл. Ағайын мен абысынға, Көрсетпеген бір зейіл. Насихаға теңеу жоқ, Бұл сөзімде желеу жоқ (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).
26. **АЛАҚАНЫ КЕҢ** *Береген, жомарт, қолы ашық.* Дәулеті мол, дастарханы бай, алақаны кең болсын деп қойған ғой бұл атты (Б. Соқпақбаев, Менің атым.).
27. **АЛАҚОЛСЫЗ** сын. *Көпке бірдей, ешкімді алаламайтын, әділ.* Қадірі қалың, малы көп, Қылмаған кімге себепті? Алақолсыз мырза еді, Кем-кетікті елепті (Абай, Тол. жин.).
28. **АЛАМАН** *Жаужүрек, алған бетінен қайтпайтын, қайсар адам.* Қармыстың батырлығында шек жоқ. Қармыс – асқан батыр. Бірақ Қармыс – аламан батыр. Екі жүз елу жәумет – жаман ниетті аламан, Қармыс – жақсы ниетті аламан. Екі жағының құлқында айырма аз (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Рысқұлқанша аламан болса да, он солдаты ойсырату оңай шаруа емес қой (Ш.Мұртаза, Жұлдыз.).
29. **АЛАҢҒАСАР** сын. *Құлығы жоқ, алды-артын байыптамайтын аңғал, аңғырт адам.* Ойнақтайсың, от басасың, тұрмайсың, Бірбасымның текке аласың мазасын. Білмеймісің, табалайды дұшпаның, Алаңғасар алып жүрдеп жазасын (М.Дулатов, Шығ.). Ал енді жалқы ойын, яғни жалғыз ойнау баланың алаңғасар, еліктегіш болмай, өз ісіне ынталы, тиянақты болуына пайдалы (М.Жұмабаев, Шығ.). Алаңғасар итіңді Құдай атып, Терең зындан түбіне кетті батып: – Ойбай, түлкі, келе гөр, мен қалдым, – деп, Айғай салып ұлыды орда жатып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кейбір алаңғасарлар, қапелімде не болып, не қойғанын түсініп алмай, «әйтеуір, мылтықтан қорықпайтын не бар дейсің?» деген бос далбасамен тарс-тұрс атып жатыр, атып жатыр (Ә.Кекілбаев, Шығ.).
30. **АЛАСЫЗ** сын. *Бөтен ойсыз, бүкпесіз, қалтқысыз.* Бұл байлау абақтыдағылардың аласыз бір ниетпен, зор ашумен нық байлаған байлауы еді (М.Әуезов, Қилы заман). Той әзірлігі қауыртта қызу. Көрші-қолаңның үлкен-кішісі аласыз көңілмен аяғынан тік тұрған (І.Қожабаев, Қансонар). Маған ыстық ниетпен ұзақ, тесіле қарайды да, бұрынғыдай аласыз бала көңілмен жанаса алмайды (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз.).
31. **АЛҒАУСЫЗ** сын. *Қалтқысыз, құлықсыз, бүкпесіз, ашық*. Сол көзден өзіне деген алғаусыз жан сүйіспеншілігін, ыстық сезім сәулесін айқын таныған сияқты еді Райс (З.Шүкіров, Жас жесір). Бірақ біз де тірлікте жалғыз рет жаза басқанымыз болмаса, Алланың адал құлы, адамның алғаусыз ұлы едік (К.Сегізбаев, Беласқан).
32. **АЛҒЫР** сын. *Өжет, пысық, тез қабылдағыш, зерек.* Мектебімізді алдыңғы қатарға шығару үшін, ақылды бас, алғыр басшы керек (С.Омаров, Өмір.). Ыбырай, Абай, Шоқан, Жамбылдарды, Алмастай өткір ойлы алғырларды, Ана ғой әлпештеген, ер жеткізген Осындай керемет зор даңғылдарды (К.Райбаев, Жаңа толғау). Олжабай үшінші класта. Пысық, сабаққа алғыр (Ә.Әлішев, Ат тұяғы.). Қанша алғыр десек те, Асылбек тесол директорлардың бірі (І.Есенберлин, Шығ.).
33. **АЛДЫ БАР, АРТЫ ЖОҚ** *Жаманшылығы жоқ, зілсіз, кексіз, ашуы тез қайтатын (мінез).* Ал Қожақ аусар мінезді, өзінен басқаның барлығы саңырау адамдай даңғырлап сөйлейтін, ашуының алды бар, арты жоқ (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Бригадир боп істейтін ақ бас шал сол күні жетіп келді. Қайнаға дейтінмін, мақтаншақтау. Алды бар, арты жоқ, жасы келседе пысық, жеңілтек кісі (З.Шашкин, Өмір.).
34. **АЛДЫ КЕҢ** *Қайырымды, кеңпейілді, кешірімді; қанша дегенмен, алдына келгенге қайырымы мол деген мағынада.* Қанша зәрлі, сұсты болса да, кішіге алды кең кісі жайылып сала береді (Ауызекі). // *Жайдары, жарқын, мейірімді.* Ол ағаңның алды кең, жасқанбай сөйлеп, бәрін айт (Ауызекі).

35. **АЛДЫ-АРТЫН АҢДАЙТЫН** *Жан-жағын байқайтын, бажайлайтын, абайлайтын*. Алды-артын аңдамайтын лақпа мінезден құр емес (Б.Майлин, Шығ.).
36. **АЛЫМДЫ** 1. сын. *Қайратты, қарымды, күшті, әлді, қуатты.* Үсен болысқа үзбей шабарман болған, қазір де жаңа болыс Байсақалға сол қызметін көрсетіп келе жатқан, алымды, жылпос, шаршау дегенді білмейтін бір оқшау жан (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Елдің тағдырын өз қолында аларлық алымды да батыр, шетелдерге ықпалы бар адам іздестірілу қажет болды (Е.Домбаев, Жаман Жәутік). Алымды жігіттер әлгі жәшіктерді тұзбен аралас ақ күміс килькаларға толтырып, қатарластыра қалап жүр (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). 2. ауыс. *Ұшқыр ойлы*. Үлкен адамның кең алымды ой орамынан кем соғып, келте қалмау үшін біз де орағыта сөйлеуге тырысамыз (Ж.Ысмағұлов, Адам.). Сайысып сынасуға бірі-бірін, Тереңнен сөз асылын теретұғын. Шешендер ойы алымды, сөзі шырын, Домбыра қызықты етіп айтыс күнін (Айтыс).
37. **АНТЫНА БЕРІК** *Уәдесін жерге тастамайтын, айтқанында тұра алатын, уәдесіне мықты.* Сөзіңе, антыңа берік болуыңа жастайыңнан үйрен. Сөзге беріктік – өз мерей-абыройың (М.Әлімбаев, Тәрбие.).
38. **АҢҒАЛ КӨЗ** *Аңқау, арамдығы жоқ адам*. Топты ұйытып: «Тоқиық, деп, қардан бөз», Киімсізге жаны ашымас жаннан без. Күн көзіндей жыланды да жылытқан Тап осындай мөлдір бейіл, аңғал көз (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).
39. **АҢҒАРҒЫШ** сын. *Сезімтал, байқағыш, аңғарымпаз*. Ыбырайдың аузын аштырмаған Етекеңмен кім белдесер, – деседі ел, – деп Шыңғыс өзінің аз сөзде асыл мағына жатқанын аңғарғыш ойын көрсетті (С.Бегалин, Бала Шоқан). Архивтен Жаяу Мұсаның өте білімді де аңғарғыш адам болғанын дәлелдейтін бағалы материалдар табылды (Қаныш аға//Естеліктер). Сөзге доғалдау болса да, қисық сөзді, көкейге қонбайтын былжыр ақылды тез аңғарғыш Әйбек күндей күркіреп «Ой ішіңді ұрайын, ақылыңды да…» деп үлкен кішіге қарамай зекіп тастауына шәк жоқ (С.Жүнісов, Ақан сері).
40. **АҢҒАРЛЫ** сын. *Бір істің алды-артын болжағыш, аңғарымпаз, байқағыш.* Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі өрнектері (М.Әуезов, Шығ.). – Әй, аңғарлы, ақылды әжем, қамқоршы әжем. Сен қандай қасиетті адам едің? (А.Лекеров, Қырда.).
41. **АҢҒАРЫМДЫ** сын. *Сезімталдығы, аңғарғыштығы бар.* Кузнецов сөзінен, көз-қарасынан Отан қорғау заводының не жасап, не қойып жатқанын басқа адамдарға қарағанда, әлдеқайда аңғарымды екенін байқатады (Ө.Қанахин, Дәмелі).
42. **АҢҒАРЫМПАЗ** сын. *Сезімтал, аңғарғыш*. Әйтпесе халық мынадай болып жатқанда өкпе айтуға бола ма?! Іздеп келгенін айтсаңшы, дұрыс-ақ. Бала күнінен аңғарымпаз еді (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаз.). Повесть жазушының сергек, аңғарымпаз қаламынан туған. Күнде көріп жүрген қоғамдық құбылыстардан адамгершілік мәселе көтере білген («Қаз. әдеб.»). Әйел заты сыншыл да аңғарымпаз ғой. Айша үй ішін көзімен бір шарпып өткенде-ақ ұсақ-түйекке дейін көріп қалған еді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).
43. **АҢДАҒЫШ** сын. *Сезгіш, байқағыш, аңғарымпаз*. Бақтыгүл жүрек құпиясын көрсетпеуге тырысып, жүзін көзден жасыра беретін. Бірақ көз де аңдағыш, тез барлағыш (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Шырағың тартса күңгірт ішіндегі, Аяйды аңдағыш т ы ң түсінгені. Жүргені, жүгіргені жас жігіттің Көрінер қызығындай түсіндегі (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Әсия мұндай көп көріністерді елегіш, аңдағыш мәдениетті әйел қалпымен қазіргі кездесу жағдайы, адамды барынша орынды, жауапты ұшырасу екенін аңғартып отыртты (М.Әуезов, Өскен өркен). Ол ат жалын тартып мінгеннен бері мал бақпаған, адам баққан аңдағыш әккі емес пе? (Б.Аманшин, Көкжар).
44. **АҢДАМПАЗ** сын. *Аңғарымпаз, байқағыш.* Өзі аңдампаз адамдай-ақ ақылды, әрбір тізгін қағысынды, тақымыңның қимылын бағып, сергек келе жатады жарықтық (Б.Аманшин, Көкжар). Вагондағы жолаушы тірлігі – терезеге қадалған аңдампаз

көңілдің айналаңдағы болмысқа деген ықыласты ынтығуы. Оның байқамайтыны, елемейтіні жоқ («Қаз. әдеб.»).

45. **АҢҚЫЛДАҚ** сын. *Арамдығы жоқ, ақкөңіл.* Ұйқы басып, есінеп, керіліп-созылудан тез арылу қажеттігін көрсететін белгі, тіпті Байжан бейнесінен, әсіресе осы ақжүрек, аңқылдақ, қонақжай, бір шағым қулығы да жоқ емес, шақпа сөзге үйір, тұла бойы қазақы жаннан да молынан табылады («Қаз. әдеб.»). Ашық мінезді, аңқылдақ Оспан бір ауық үнсіз ойланып қалды да: – Е…е!.. Бала әкесін сағынған екен. Бір малын жасармыз, – деді даудырап (З.Асабаев, Ар соты). Төрегелдинмен сөйлесіп көрсем, «аузын ашса, қарны көрінеді» дегендей, аңқылдақ, ақжарқын біреу (С.Мұқанов, Есею жыл.).
46. **АППАҚ** ауыс. *Адал, таза.* Ақ жүрек, аппақ пейіл, асқақ үнді, Ақынға әрбір үйден дос табылды. Халықтың жүрегінде орын барда Ол қайтсін бақ деп ұғып басқа орынды (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Баласың бір міні жоқ, аппақ кісі, Барлықты заманаға жабасың да. Мінеки Құдай сүйген пейіліміздің. Аз берген жақсы Құдай жазысына (С. Торайғыров, Таңд.). Ізденгіш жансың көргемін, Көңлің аппақ, күшің мол. Табасың ойдың кем жерін Қорытса ұзақ ішінде ол (Ғ.Қайырбеков, Таулар).
47. **АРЛАНҒЫШ** сын. *Намысқор, арын биік ұстайтын.* Ар сақтағанның жөні осы деп, беталды арланғыш болып неге керек («Лен. жас»).
48. **АРЛЫ** сын. *Ұятты, намысқой*. Бұрынғы бар кісілер болды жарлы, Бардан жарлы болғандар болады арлы. Күннен – қатын, құлдардан – иесі бар, Тақа жаман демейді малы барды (Шал ақын, Өлеңд.). Дәмін татып байдың да, Жарлының да, Дауын естіп арсыздың, Арлының да Ердік біздер жақсыға, Жаманға да, Көрдік біздер бәрін де, Барлығын да! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі (Абай, Тол.жин.). Шыдап тұру зорлыққа Арлы жанға ұнамас! (М.Жұмабаев, Шығ.).
49. **АРЫ ТАЗА** *Күнәсіз, бейкүнә, адал.* Сейітжан кіреукесіз адалдығын, ары таза азаматтығын молырақ әңгімелемек болдық («Қаз. әдеб.»). Жаны, ары таза Құнанбаланы бармақ басты, көз қысты әрекетке итермеледі (С.Омаров, Қызыл.). Есек дәме аңшыдай қақпан артқан, Аралыштап, жақсы емес сақпан атқан. …Сыншының ары таза болса керек Алдында жатқан ана-оу ақ парақтан!!! (М.Мақатаев, Шығ.).
50. **АРЫНШЫЛ** сын. сөйл. *Арынды, арындаған, арыны күшті, арындап сөйлейтін.* Деп Қараш көтерілді қолын нұсқап, Арыншыл арқа-басы тұр құрыстап. Әлі де айтар еді – бөлді сөзін, Есіктен қағаз ұстап кірген Ысқақ (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Қатты налып, тағдырдың тас кемеріне арыншыл арман толқындары ұрады (Д.Әбілев, Арман.). Еркектің қыз басыңмен сөзін айтып, арыншыл көргенім жоқ сендей жанды (Бозінген).
51. **АРЫСТАН ЖҮРЕКТІ** *Ержүрек, батыл, тайсалмайтын*. Кәркиден пілдей қуатты, Тағы арыстан жүректі (Абай, Шығ.жин.).
52. **АСҚАҚСЫЗ** сын. *Менмендігі жоқ, өр көкірек емес.* Айсұлудың бір алуан таза момын, асқақсыз, ұшқарысыз, сөлекеті жоқ жақсы жүрек, ұнамды, үйлесімді мінезі болатын (М.Әуезов, Өскен өркен).
53. **АСЫЛ ЖҮРЕК** поэт. *Пәк, таза, жаны жайсаң (адам).* Жүрегі асыл, жаны жайсаң, Аңыз болған мекеніне. Екті ме әлде қария шал, Дүниеден өтерінде (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). Дүниеге адам болып жаралған соң, Білімсіз құр жүрісің бейне есек. Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік, Асыл жүрек бермейді, шайтанға ерік (Ә.Найманбаев, Шығ.). Балжанның осы уақытқа дейін ешкімге мәлім емес сырлары аян болды жігітке. Ол – қыздың айнымас асыл жүрегі (Н.Әбуталиев, Жаңарған.).
54. **АУЗЫН АШСА, ІШІ [КӨМЕЙІ] КӨРІНЕТІН** *Айласыз, еш қулығы жоқ аңқылдақ, ақкөңіл*. Құрманбек күні бүгінге дейін аузын ашса, іші көрінеді дерлік, айласыз, ақкөңіл, аңқылдақ, театрдан басқа білері жоқ, бар өмірін соған бағыштаған адам (С.Мұқанов, Есею жыл.). Мұрат еш нәрсе жасырып қалмайтын, бар ойын жайып салып отыратын, аузын ашса, көмейі көрінетін ақкөңіл жігіт екен (Біздің оттар.).
55. **АУЗЫНА БЕРІК** *Сыр шашпайтын, артық сөйлемейтін адам.* Сембі керек десе, көршілермен де әңгіме қылмайды. Аузына берік: – Бала үкіметтікі, іс халықтікі, – дейді

де отырады (З.Шашкин, Сенім). Ретсіз сөздің керегі не? Аузыңа берік бол, абайлап сөйле дегенім қайда? Әр сөздің айтылатын өз орны болады (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары.).

56. **АУЫЗБАҚҚЫШ** сын. *Сөз аңдағыш, сөз төркінін еріннің емеурінінен танығыш*. Көкбай әдеттегі ауызбаққыш, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген кісі болды (М.Әуезов, Абай жолы). Осында отырғандардың кілең ауызбаққыш парасатты жандар екені көрініп тұр, – деп бастады сөзін облыстан келген мейман («Мәдениет және тұрмыс»).
57. **АУЫЗДЫҒА СӨЗ, АЯҚТЫҒА ЖОЛ БЕРМЕЙТІН** 1. жағымды. *Ділмәр, шешен, сөзге жүйрік, пысық адам туралы.* Бір кезде ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген қария –қазір тек тірі аруақ (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Марқұм Жанұзақ әкем ауыздыға сөз аяқтыға жол бермейтін ділмар, әзіл-қалжыңға жетіктігінен ешкімді беттете қоймайтын («Жетісу»). Ауыздыға с өз, аттыға жол бермеді деп, міне осындай сөзге жүйрік ділмар адамды айтамыз (Қаз. әңгім.). 2. жағымсыз. *Ешкімнің айтқанына көнбейтін, көкбет, долы адам туралы.* Құдайым әдеп-ибадан жұрдай, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін көкдолы ұрысқақтан сақтасын («Жұлдыз»). Ол бейбақ, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей, айтқанға көнер емес («Қазақст. әйелдері»).
58. **АУЫР МІНЕЗДІ** *Салмақты, байсалды, сабырлы, көнтерілі.* Жеңіл мінезді ауыр ой ауырлатады. Ауыр мінезді жеңіл ой жеңілдетеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ол кісі тау қозғалса да қозғалмайтын ауыр мінезінен мен күтпеген қылық көрсетіп, нар денесін селкілдете қарқылдап күлді (К.Баялиев, Дегелек.). Әзмұқан ауыр мінезді, маңғаз, ер кісінің сұлуы дерлік жігіт еді (Б.Момышұлы, Офицер.).
59. **АХЛАҚТЫ** сын. *Мінезді, ақылды, әдепті.* Ахлақты адам көбейсе, Отанның күзетшісі, қорғаны болмақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әлгінде осында келген адам ақлақты көрінеді ғой, өзің де байқаған шығарсың («Жұлдыз»). Тегі, жолымыз болар, сен байқадың ба, ахлақты көрінеді ғой, – деді Берік бол (М.Дулатов, Шығ.).
60. **АШЫҚ ЖҮЗДІ** *Ақша бет, аққұба, жылы шырайлы.* Аласы аз, қара көзі айнадайын, Жүрекке ыстық тиіп салған сайын, Үлбірген ақ етті, ашық жүзді, Тісі әдемі, көріп пе ең қыздың жайын (Абай, Тол. жин.). – Иә, білемін, –деді орта жастағы, ашық жүзді, қырма сақал, орта бойлы сары кісі (С.Бегалин, Мектеп.). Қайратты шомбал дене темір-шойын, Ұстайды жасырыңқы ұзын бойын. Түзу бас, ашық жүзді, айқын шырай, Кең жауырын, сұңғақ, күшті, берік мойын (С.Сейфуллин, Өлеңд.).
61. **АШЫҚ ҚАЙЫҢ** жерг. *Аққөңіл, жайдары.* Жеңге, құрбыларға әзілқой, ақ көйлек, ашық қайың боп, Абай мәжілісін бұл ауылдың барлық жанына еркін, қызық мәжіліс еткісі келеді (М.Әуезов, Абай).
62. **АШЫҚ ҚОЛДЫ** *Қолындағысын бересалатын, қолы ашық.* Күләб саудагердің зиратына аялдап, құлыптас көлеңкесіне тізе бүкті. Бұл өзі аңқылдақ, ашық қолды жан еді (Д.Сапаров, Өткен күн.).
63. **АШЫҚ МІНЕЗДІ** *Ақжарқын, аңқылдақ (адам)*. Түріне қарап татар демесең, тіліне қарап айыра алмайсың: «қайным» деп күлімсіреп тұратын елдегі ашық мінезді «мырза» жеңгейлер сияқты (Б.Майлин, Азамат.). Жарқын Махметті ашық мінезді, ақ көңіл, адал дос деп бағалаушы еді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Бүкпесіз, ашық мінезді Шәкір даңғырлап сөйлеп келеді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).
64. **АШЫҚ РАЙЛЫ** *Ақжарқын мінезді, жайдары*. Осындай ашық райлы жандармен кездесуге олар ғана емес, ұстаздар қауымы да құштар-ақ («Лен. жас»).
65. **АШЫҚ-ЖАРҚЫН** сын. *Жайдары, көңілді; ақжарқын.* Осы бір минуттарда үйге келген Қамбар күндегідей ашық-жарқын емес еді (К.Оразалин, Ақ жазық). Біз бір ауылға бөлінген екеу едік. Қасымда өзіммен түйдей құрдас Досымбек дейтін ашық-жарқын студент бар (С.Омаров, Тастағы жазу). Бұған мінезіндегі қарапайымдылық, ашық-жарқын еркелік қосылғанда, Гүлжиһан бейнесін кімге де болса сүйкімді көрсетері хақ еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

66. **АЯЛЫ** сын. *Мейірімді, қамқор, қайырымды.* Көздері зәрсіз екен. Адал жандардың жанары осындай аялы болатын шығар. Рас, тістері ұсақтау, сирек екен (Ш.Мұртазаев, Қара маржан.). Ажалдан аман ап қалар Аялы жандар қорғалап, Ақынның аты аппақ ар, Түсіре көрме арға дақ (И.Сапарбеков, Бозқараған). Мен сот болып, шартты, жеңіл жазамен тұтқын үйінен босанғанымша осы бір аялы, асыл жанды адамның қол астында шәкірт боп жұмыс істедім (Ө.Тұрманжанов, Адам.).
67. **ӘБЖІЛ** [ар. عاجل] сын. *Іске епті, қимылы ширақ, икемді.* Ол көбіне-көп қасындағы сайраншыл әбжіл жігіттермен билеп, көңіл көтерді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ол дауға да, жауға да алдырмайтын әбжіл, шешен екен (К.Әзірбаев, Аңыз.). // *Тез, шапшаң, жылдам.* Ақ шәйнектің жанында екі пияла тұр екен, бірінші хатшы әбжіл қимылдап, өз қолымен шәй құйып берді («Жас Алаш»).
68. **ӘДЕП КӨРГЕН** *Тәлім-тәрбие алған, көргенді*. Ол молданың өзі әдеп көрген, ғұламалардан, ишандардан, бұрынғы өткен жақсылардан баһза алған һәм ұстазынан рұқсат алған («ДУГ»). Жасынан оқу оқып, көпті білген, Несиелі сөз жоқ, әдеп көрген. Сенен асып, басқаны таңдамас ем, Жүрегің мендік болып, қолға тисең! (С.Торайғыров, Таңд.). Мектепте балаларым оқып жүрген Тағлым ап, үйреніп, әдеп көрген (И.Жылқайдаров, Жастар.).
69. **ӘДЕПТІ** сын. 1. *Қоғамда тұрақталып қалыптасқан әдеп ережелері мен нормаларын берік ұстанатын, әдеп сақтайтын.* Ол – үшін әділ, әдепті, үлкен-кішіні құрметтегіш болуың керек (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Ол ерекше мінезі жоқ, жол-жобаны білетін, әдепті, жолдасын сыйлай алатын әйел (С.Бақбергенов, Кентау). Бекжан мына мәңгүртке ашуынан айыға алмай тесіле қарап тұрды да, өзін-өзі барынша әдепті ұстауға тырысты (Қ.Мұханбетқалиев, Тоғай.). Бірақ сырты әдепті кісінің жүрегі салқын болады деп ойлау лайық емес. Менің жүрегімде де ыстық қан бар. Мен махаббатты қатты білемін (Ж.Аймауытов, Шығ.). 2. *Қимылы жинақы, қозғалысы жарасымды, сыпайы тұрпатты.* Жігіттердің көз қарасына лайық болайыншы дегендей кішіпейіл әдепті, сонымен қатар аздап ойнақылау да боп көрінетін (С.Бақбергенов, Қарға там.). Сұңғақ денелі, сұлу, сүйкімді, ұяң емес, ашық, ордаң емес, әдепті болатын (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Мақышақ сақал келіп, қонақтарды аттандырып, бұрынғыдай әдепті жылы пішінмен қоштасып қала берді (М.Әуезов, Қараш.). 3. *Тәрбиелі, тәлімді, көргенді.* Қанша ақылды, білімді, әдепті, есті болғанмен, әйелге жарастықты сипат –сезім ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Өркенің өссін, қарағым. Қандай әдепті бала едің (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Толқын мен Наурыз мәдениетті, әдепті жандар. Наурыз бейнесі мәдениеттілігімен, білімдарлығымен Сұлтанмахмұт тұстарын еске түсіреді («Қаз. әдеб.»). 4. *Ізетті, ибалы, инабатты.* Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап, Соғым десе тұрмайды қойса байлап, Жауға батым, жақынға және әдепті, Кішіні – іні, үлкенді – ағатайлап (Шәкәрім, Өлеңд.). Билігің берекелі болса көркем, Басыңа тұра алмайды бақыт қонбай. Сұлудың әдептісі, жасығы бар, Өсекші байжануға машығы бар (Ә.Найманбаев, Шығ.). 5. *Биязы, сыпайы, орынды, келісті (сөз).* Таңғажайып бұл қалай хат, Мағынасы – алыс, сөзі жас? Сөзі орамды, әр түрі хат, Және әдепті, және рас (Абай). Бұл жігіт орта бойлы, қияпатты, бетінде азырақ қорасан дағы бар, жаңа мұрт шығып келе жатқан, сөйлеген сөзі сыпайы, әдепті, киімі ноғайшалау Ғали есімді бір затеді (М.Дулатов, Бақытсыз Жамал). Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы, Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар, Үлбіреген тамағын күн шалмайды (Абай, Тол. жин.).
70. **ӘДІЛ** [ар. العدل] сын. 1. *Шындық сүйгіш, алалық жасамай, ақиқатқа сәйкес әрекеттететін.* Арамтамақ, ақбілек, Қол астын жемей қолдай ма? Басшы әділ болмаса, Жұртқа әділдік орнай ма? (Жамбыл, Тол. жин.). Астыртын жамандасуға айлакес, сырқынды болғанмен, мынандай әділ қазының алдында ашық шындыққа бара алмайтын (М.Әуезов, Абай жолы.). Мейірімді ұстаз, әділ ақылшы болу – әрбір мұғалімнің абыройлы борышы («Халық мұғ.»). 2. *Турашыл, әділетті, шыншыл.* Кей адам ешбір тоймас, құйсаң толмас, Қақпанға ондай адам түспей қоймас. Әділ жұрт

ғасыр бойы сынап келген, Жақсының ел сыйлаған атын жоймас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ойлап қарасаң, өмірдің өзінен асатын әділ, одан турашыл ештеңе жоқ (С.Омаров. Жүйрік.). – Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық – Талапқа алты түрлі ноқта тақтық. Алтауының ішінде ынсап әділ, Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). 3. *Адал, таза, жалғандықты білмейтін.* Әділдің озар адымы, Адал жан шығар төбеге. Тентек адам шыға алмас Төбе түгіл сөреге (Қабан жырау, Алтын қазық). Бала – әділ үкімші, ол жалтақтықты, жалғандықты білмейді (З.Серікқалиев, Ақыл.). Егер зәуі ғалам әділ ниетіне қайшы ағаттық істесе өзін-өзі қатты кінәлап, сол ағаттығынан әбден арылғанша жаны жай таппайды (З.Жәкенов, Таң самалы). 4. *Ақиқатқа, шындыққа сәйкес, тура, жөн, дұрыс.* Әзіл айтсаң да, әділ айт (Мақал-мәтел). Тауыса алман дүние кебін айтып, санап Хәлім аз іс ететін әділ қарап (А.Байтұрсынов, Шығ.). Соған қарсы келмей-ақ қойсаң қайтеді. Ол өзімдікі әділ дейтін кісі ғой (Т.Ахтанов, Дала сыры). Егер, айтатын болсаң, әділін неге айтпаймыз (Ә.Әбішев, Жас түлек.). |

71. **ӘДІЛЕТТІ** сын. *Әділетті жақтайтын, турашыл, қайырлы.* Ой сонда неше толғау шимай салмақ, Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ. Дәл солай қылайын деп ұнағанда, Әділетті жүрегің бір қозғалмақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Осы дәулер тұсында Көкетай деген хан екен. Өз шағында халыққа Кәдірі баржан екен. Әділетті, қайырлы Әлінше көпкен-ақ екен. Өзіне тете інісі Төкетай деген салекен. Екеуінен жалғыздан Екі ұл бала бар екен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әділетті төре жоқ, Түсетін шөре-шөреге. Ақынның елі сондай деп, Үлгісі жақсы қандай деп, Болыңдар елге өнеге (Қабан жырау, Алтын қазық).
72. **ӘДІЛЕТШІЛ** сын. *Турашыл, ақиқатшыл.* Адал, шыншыл, әділетшіл болу жөнінде біреудің ала жібін аттамау, біреуді сыртынан даттамау, сыпайы да инабатты болу жөнінде көп жақсы сөздер айтқанымызбен, өзіміз тура керісінше жасайтын кездеріміз көп (С.Байжанов, Сыр.). Жас жандарды мейірімді, әділетшіл, ұстамды болуға шақырады («Қаз. әдеб.»). Әлде жаудың, әлде жауыздың, әлде кекшілдің, әлде әділетшіл ердің қолымен жылы қанға малынған да шығар (С.Бақбергенов, Менсізді.).
73. **ӘЗІЛКЕШ** сын. сөйл. *Қу тілді, қалжың әңгіме айтқыш.* Жайшылықта қуақыланып жүретін әзілкеш досының қыз алдында абдырап Құдай ұрғанын қарашы (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Ғайни қалжыңшыл, әзілкеш, сонысына қарап жеңілтек деген атты оған таға алмайсың (Ғ.Сланов, Жанартау). Жолдастар жабылып, Оқыдық сол хатты. Қалыппыз сағынып, Әзілкеш солдатты (С.Мәуленов, Жолдас).
74. **ӘЗІЛҚОЙ** сын. *Әзіл-қалжыңға жаны құмар, қуақы, күлдіргіш.* Байпаңдап қаздай қарт ана, Абысын-ажын әзілқой. Алпысты тастап арқаға, Ашты ма бүгін думан-той? (Қ.Аманжолов, Таңд.). Лезде жеңіл көтерген, Қойсаңшы, шіркін, жастықты. Әзілқой құрбы Бекен де, Әзілдеп жатыр бастықты (М.Мақатаев, Шығ.). Көлік күші жеткілікті, адам күшін таба алмай, Жәрдем сұрап шапқылайтын бригадир Қоғамбай, Осынау бір тынымсыз жан қамшылаған торы атын Әзілқойтын, әріменің жақын жездем болатын (М.Шаханов, Ғасырлар.).
75. **ӘЗІЛҚҰМАР** сын. *Әзілдескіш, әзілкеш, әзілқой.* Төрге отыр деп төре қылған әзілқұмар жеңгем бар (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).
76. **ӘЗІЛШІ** зат. сөйл. *Әзілшіл, әзілқой, қалжыңбас адам*. Артистер әнші де, домбырашы да, әзілші де, қалжыңшыл да (С.Мұқанов, Саяхат.).
77. **ӘЗІЛШІЛ** сын. *Қалжыңқой, күлдіргі.* Сергей ағайдың әзілшіл жайдары мінезі, қазақуар әңгімелері сондай көңілін көтеріп тастайды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ұйғыр әйелдері әдетте қалжыңшыл, әзілшіл, ретті жерде мысқылшыл, сықаққой келеді (С.Мұқанов, Алып. адым.). Жан емес Ақан, сірә, жабырқағыш, Жүрегін езген әлгі, зәбір-запыс. Сауықшыл жас еді ғой, жаны сері, Әзілшіл, билегіш те, ән шырқатып (Қ.Бекхожин, Үш кезең).
78. **ӘЙНЕК КӨҢІЛДІ** бейн. *Ақниетті, пиғылы таза (адам).* Айнымайтұғын нағыз еркектің елі бар, Ауылым менің жидесі тәтті, жері бал. Әйел де керек, әйнек көңілді

жақсы әйел, Достарың келсе, төркінім келді деп ұғар (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

79. **ӘККІС** сын. жерг. *Сезімтал, сезгіш.* – Осыншама жақын жерден қалайша мүлт жіберемін. Талай қуғын-сүргінді көрген әккіс неме бір жерде жасырынып жатқан шығар (С.Балғабаев, Шөл). Қатындар да, әккіс-ау, әуелі сипап көріп, сый таныма секенін біле қойып, қайтып оған маңайлатудан қалған еді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).
80. **ӘЛЖУАЗ** сын. *Әлсіз, осал, қауқарсыз.*
81. **ӘНДЕМДІ** сын. *Күшті, қуатты, қайратты, қарулы.* Аспанға да өрлеп шықпаған, жерде де қалып қоймаған, жедеғабыл қиын іске келгенде жанын аямайтын, қорқып кейін шегінбейтін, әндемді жауынгер (С.Омаров, Қызыларай). – Мен сіздің атыңыздан оязға, тіпті оның үйінде жатқан губернатордың өзіне қағаз жазайын, сіз әндемді атпен анау Қаусат сияқты жігіттердің бірін шапқызып, сол хатты қалаға жеткізіңіз, – деді Мәди Текешке (Ә.Әбішев, Найзағай). Ат тартар, айғайға шабар әндемді жігіттер де осында («Қаз. әдеб.»).
82. **ӘНЖЕМДІ** сын. *Бапты, мықты, әлді, қарулы*. Мінген аттарымыз әлді, соңымызға ерткен екі итіміз де әнжемді еді (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Рас, әлдеқалай әнжемді біреуді серік ете қалса, кімге де болса тиісіп, төбелесе кетуге ықыласты-ақ (Б.Шаханов, Қаратау.).
83. **ӘҢГІМЕҚҰМАР** сын. *Әңгімені жақсы айтатын, жақсы тыңдайтын, сөзшең, сөзуар.* Жақай әңгімеқұмар, сөзуар болатын (М.Ақынжанов, Ыбырай.). Баршын тартқан батыр тұлғалы Жүкең әңгімеқұмар, айтқыш, аңқылдаған ақжарқын жүрегімен бізді осы «Тентекке» дейін шығарып салды (С.Бегалин, Замана белес.).
84. **ӘҢГІМЕШІЛ** сын. *Әңгіме айтқанды ұнататын, ділмар, әңгіме айтқыш.* Бұл жолы Шоқанды Тақырбас Атығай ұлы алып жүрді. Бейсеннен жасы көп кіші, өте бір сергек, әңгімешіл жігіт еді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Бар жанымен, балаша, Күле тұғын әдемі. Әйтеуір бір тамаша Әңгімешіл шал еді (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Әлгі бір әңгімешіл шалдар да сөзді неден бастарын білмей «імм, імм, шай алыңыз, кәне» деп қысқа-қысқа үн қатып отыр (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).
85. **ӘРЕКЕТШІЛ** сын. 1. *Іс-қимылды алдын ала ойластырып, амал-айла, әрекет жасағыш, айлакер*. Сезімтал Әмина Өмірзақова «Тақиялы періште» фильмінде сөйлегіш, өзіне де, басқағада маза бермейтін пысық, тыным таппайтын әрекетшіл адам ретінде көрінеді (Қ.Сиранов, Кино тур.). 2. *Іс-әрекетке бейім.* Сары уыздың бір жағында кішкене ақ түсті дақ көрінеді, бұл – цитоплазманың ең әрекетшіл бөлігі, осы жерде ядро орналасқан (Жалпы биология). Сөйтіп, интерфаза – клетканың әрекетшіл кезеңі (Жалпы биология).
86. **ӘСЕРЛЕНГІШ** сын. *Әсер алғыш, сергек, сезімтал.* Соның салдарынан бала жас кезінен-ақ әсемділікке әсерленгіш, әр нәрсені есінде сақтағыш келеді (М.Мұқанов, Пед. очерк.). Талантты адам әсерленгіш, құлазығыш келеді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Бұрын ол Нәскен жанының осынша әсерленгіш екенін білмейтін еді (З.Шүкіров, Жас жесір).
87. **ӘСЕРШІЛ** сын. *Әсерленгіш, әсер алғыш, сезімтал.* Әсет – әсершіл жан (Ә.Тарази, Асу.). Жаңабек аса әсершіл, желөкпе емес (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Соны көрді де, өзге балаларындай жабы түйсік емес, әсершіл ұлы барына риза болды. Баласын өзінің кәсібіне баулуға ынт-жынтымен кірісті (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).
88. **ӘУЕСҚОЙ** сын. жағымды. *Кәсіби маман болмағанмен, белгілі бір іспен ыждағатпен айналысушы.* Қаладағы әдебиет әуесқойларының талап-тілегі бойынша биылғы оқу жылында сол факультетінің ауқымы кеңейіп, қазақ әдебиеті университеті болып қайта құрылды («Қаз.әдеб.»). Радио-кино әуесқойлар үйірмесінің мүшелері мектепті толық радиоландырды («Қазақст. мұғ.»). Әуесқой әншілер мен аспапшыларды біріктірген музыка ұжымдары республикалық, бүкіл одақтық байқауларға қатысып, өзара өнер сайыстары өтіп тұрды (ҚҰЭ).

89. **БАҒДАРШЫЛ** сын. *Байқағыш, аңғарғыш.* Былайша бағдаршыл Наурыз ай жарығында адаса қоймаспын деп сенеді (Ө.Қанахин, Жасдәурен). Сұлтанмахмұт көзін Кенжетайдан Шакизатқа аударып, оның бағдаршыл, естілігін аңдап отырған сияқты (Д.Әбілев, Арман.).
90. **БАЖАЙЛЫ** сын. *Байыпты, байсалды*. Мұғалім сөзі баланың сөзінен айырмасы: бажайлы, байсалды болу, мұғалімнің сөзін баланың ұққандығы, шабыттанып, ынталанып құлақ қойғаннан білінеді (Ж.Аймауытов, Шығ.жин.). Баланың жауабы анық, ашық, бажайлы, мазмұнды болу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.жин.).
91. **БАЙҚАҒЫШ** сын. 1. *Абайлағыш, бірден танығыш.* Байқағыш көз ауылда бұдан басқа да өзгерістер бар екенін және байқар еді (Б.Соқпақбаев, Бастан.). Бірақ, алыстан да байқағыш Хакім оның кім екенін де танып қалып еді (Х.Есенжанов, Тар кезең). 2. *Аңғарғыш, көреген, сезгіш.* Мал мінезін бұлжытпай танығыш, байқағыш Есіргеп екі серігіне ақ қойлар туралы көп-көп сөздер сөйлейтін (М.Әуезов, Шығ.). Мен өткен күннің мына бір хикаясын айтайын, байқағыш болсаңыз оның да астарын байқаңыз (Ә. Әбішев, Ғаламат.). Баланың өзі байқағыш па, әйтеуір Хакімжан өнерге іждағатты болды (С. Байжанов, Жастық.).
92. **БАЙҚАМПАЗ** сын. *Аңғарғыш, сезгіш.* Мұндай байқампаз, жіті көз қарттардың жинағаны мол болады (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жас адам байқампаз болмақ, аңғырттығын салқын сабырына жеңгізсе, алғырлығы сол да (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.)
93. **БАЙПАҢ** сын. *Мінезі жұмсақ, жайлы*. Үйіне келген мейманды, Қайырымен тойдырса, Бай жолдасы байпаң-ды, Бәйбішеге жарасар (Үш ғасыр.).
94. **БАЙСАЛДЫ** сын. 1. *Сабырлы, ұстамды, байыпты.* Байсалды бала көп жерде ұш-қалақ баланың мінезіне мінезі қарсы (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзі бүгін тәуір киімдерін киіп, байсалды бәйбішелерге ұқсап, керіле қалыпты (Б.Майлин, Шығ.). Сәбира күйеуі ауданға қанша жыл басшы болса да баяғы байсалды мінезінен аумайды (Т.Ахтанов, Боран). 2. *Ақылды, зерек.* Баланың байсалды естияр адамдай суырыла сөйлеген сөзіне қайран қалдық (С.Омаро. 3. *Беделді*. Маң-маң басып жүріңіз, Байсалды үйге түсіңіз (Бұқар жырау.). Ол сондай-ақ Отанның байсалды, әрбір ісі мен сөзіне жауап беретін партия екендігін атап өтті («Егемен Қазақстан»). 4. ауыс. *Жуас.* Байсалды айғыр үйірін ат жақтайды (Мақал мәтел). Байсалды айғыр байталды болсын! (Тілек). Тағы бір тілек тілейін, Шын бергенін білейін, Өңкей ала, шұбардан, жал-құйрығы шұбалған Айғырды бер байсалды («Анатілі»).
95. **БАЙЫМДАҒЫШ** сын. *Аңғарғыш, байқағыш.* Ол оқыған болса да, байымдағыш, жүйрік көкірегімен өзінің досын мақұл көргенді (М.Әуезов, Шығ.). Ғалымның өскен ортасы жастайынан әр нәрсені байымдағыш, көріп-білуге құмар болып өсуіне әсер етті («Халық мұғ.»).
96. **БАЙЫМДЫ** сын. *Салиқалы, байсалды, байыпты.* Жоғарғы айтылған сындардың ішіндегі ең байымды, байсалды, ең тәуірірек сын Тоқтыбайұлынікі (С.Сейфуллин, Шығ.). Табиғат құбылысын танитын Ерекең мұның бәріне байсалды қарап, байымды бағасын айтып отырған тәрізді (Қ.Ұябаев, Қырда.). Ол институттағы өткен ғылыми конференцияда өте мазмұнды, байымды еңбегімен көзге түсіп жүр («Лен. жас»).
97. **БАЙЫПТАҒЫШ** сын. *Байыбына барғыш, аңғарғыш*. Тез байыптағыш, алғыр, сезімтал Сұлтанмахмұт шошына секем алды (Д.Әбілев, Ақын.). Русаков мұндай сырды байыптағыш, Бұрыннан қараштардың жүзі таныс, Жігітім, қайдан таптың әдетті бұл, Біреуге жала жапқыш, айыптағыш (Қ.Бекхожин, Үшкезең).
98. **БАЙЫПТЫ** сын. *Сабырлы, салмақты, орнықты (адамға қатысты)*. Әрбір сөзін байыпты да, әдемі етіп айтатын Етекбай әңгімесі Шоқанға сондай ұнады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Айжан байыпты мінезіне көшіп, сабырлы үнде ақыл салды (3.Шашкин, Сенім).

99. **БАЙЫПШЫЛ** сын. *Байсалды, байыбына барғыш.* Бір көргенде: «Шіркін, келбеті келген, мәмлесі мол, мәселесі байыпшыл бастық екен-ау» – деп те қаласың («Қаз. әдеб.»).
100. **БАЙЫРҚАЛЫ** сын. *Салиқалы, салмақты, маңызды*. Автор біраз терминдердің қазақша баламаларын ұсына отырып, фольклорлық терминдер мәселесінің байырқалы шешімі әлі табылмай келе жатқанын ескертеді («Қаз. әдеб.»).
101. **БАҚЫЛАМПАЗ** сын. *Абайлағыш, аңдағыш.* ≈ Бақылампаз адам.
102. **БАЛ МІНЕЗ [-ДІ]** Жұмсақ мінезді, жайдары. Бал мінез болар сондай бір кісіде, Біз оның сағынармыз күлкісін де. Сағынған сайын біздер сезінерміз Жүргендей бұрынғыдай жұрт ішінде (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Балалықтың бірге өтті жақсы күні, жақсы айы. Жаздым саған бұл бетті бал мінезді, Батсайы (С.Мәуленов, Жолдас).
103. **БАЛА КӨКІРЕК** *Албырт, нанғыш, жас адамның бала көңілі.* – Біздің Еркежан ұнай ма саған? – Ұнамастай несі бар? – деп күлді Серік. – Әлі бала көкірек біздің осы («Жұлдыз»).
104. **БАЛА МІНЕЗ [-ДІ]** *Аңқау, адал, ақкөңіл.* Өткен жылы Тайман суретті осы араға іліп жатқанда бала мінезді, ақ көңіл әкесі кәдімгідей ыңғайсызданып, қысылып қалған (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Бала мінез ойыншы бұрынғылар, Аңқау екен, мазақтап соны сынар. Артқа қарап, ақ пейіл шалға күліп, Абыройсыз, атақсыз көрге құлар (Абай, Тол. жин.).
105. **БАПАНДАЙ** сын. 1. *Осал емес, сайлы, шебер.* – Иә, бауырсаққа бапандай көрінесіз, жететін шығарсыз оған да, – деп Майра тағы да күлді (Ә.Нұршайықов, Махабб.). 2. *Сөзін өткізетін, әмірі жүретін.* Ол бұлардан басқа Құдайларға бапандай, жыны келсе оларды шетінен бір шыбықпен айдауға бар (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Пастромканың басы шығып кетсе, тамақбау босап қалса, емірін осымен өткізген қарт оларға бапандай (З.Ақышев, Жесірлер).
106. **БАРЛАҒЫШ** сын. *Тез бағдарлай қоятпын, байқағыш, аңғарымпаз*. Бақытгүл жүрегінің құпиясын көрсетпеуге тырысып, жүзін көзден жасыра беретін. Бірақ көз де аңдығыш, тез барлағыш (Н.Ғабдуллин, Сарғ. жап.).
107. **БАРЛАМПАЗ** сын. *Айналасына, алды-артына жиі көз тастап, ой жүгіртіп отыратын сақ, ойлы, барлағыш.* Адам жасы ұлғайған сайын барлампаз бола береді екен (Ауызекі).
108. **БАСАЛҚЫ МІНЕЗ** *Сабырлы, ақыл тоқтатқан байсалды мінез.* Сырбаз Балғабай қырықтың қырқасына ілінген, басалқы мінез, кейбір ретте сөзге де сараң жігіт (Қ.Ұябаев, Қырда.).
109. **БАСАЛҚЫЛЫ** сын. *Көрген-білгені мол, басалқалы, салиқалы.* Осы әпкем де қызық екен, көрдім ғой ол кісіні, ұстамды, басалқылы адам көрінеді (Ш.Құмарова, Қос шынар).
110. **БАСБАҚЫЛ** сын. *Ақылды, қу, аңғарымпаз.* Жексен басбақыл қу жігіт екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).
111. **БАСБІЛГІ** зат. 1. *Байсалды, ақылды басшы, жанашыр адам.* Ол он алты-он жетіде. Ересек. Бізге басбелгі, аға орнында бола білді (“Қаз. әдеб.”). 2. *Білікті, білгір, дана.* Сөз терген талапкер ақынның басбелгі домбырашының әлі де екі-үш күн аялдағанын тілегендей бейілі бар (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Есейіп қалған тәріздімін, Оқығым келеді-ақ, мектеп жоқ, басбелгі жанашыр жоқ (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.).
112. **БАСЫҢҚЫ** сын. *Салмақты, байыпты.* Хафиз басыңқы, мінәйі мінезді адам (Б.Кенжебаев, Асау жүрек).
113. **БАТЫЛ** сын. 1. *Ержүрек, қайсар, өжет (адам).* Адам әп-сәтте өзгереді екен. Бұрынғы именшек Жәмила бүгін батыл, батыл Айдар – қорқақ (Ғ.Мұстафин, Миллионер). 2. *Өткір, тура, шыншыл.* Ол заманға батыл баға беру жаңа мемлекетіміздің идеология саласындағы негізгі міндеттерінің бірі («Түркістан»). Оның сөзі батыл, мінезі еркін. Сонысының өзі жарасымды, тартымды еді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). 3. *Жасқаншақтамай, бұла, еркін, бет қақпай.* Жасық өспей, батыл өскен,

Жабырқауды білмейді олар (А.Тоқмағанбетов, Сайра. бұлбұл). [Сырдақ Сәулеге] Сіздің облыстың алдында тұрған шаруашылық проблемаларынан хабарыңыз жоқ. Сөйте тұрып батыл-батыл ұсынысар жасайсыз (Т.Ахтанов, Дала сыры). 4. *Ержүрек, өжет, қайсар адам.* Дауды ақыл жеңеді, жауды батыл жеңеді (І.Есенберлин, Қаһар.).

114. **БАТЫЛДАУ** сын. *Өжеттеу, еркіндеу.* Бір кезде батылдау біреуі түйенің екі өркешінің ортасына міниіп алды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Айым колхоз бастық Әмірәлінің ерке, шолжаң өскен қызы, басқа қыздарға қарағанда еркін, батылдау (Н.Сералиев, Қаңтар). Далада туарылып қалады екен деп қорықпай-ақ қой, – деді Исахмет манағыдан гөрі батылдау оның сөзін бөліп (М.Сүндетов, Ескексіз.).

115. **БАТЫМДЫ** сын. *Батыл, жасқаншақтанбайтын, өжет.* Шерғазы қырға шығып көрінуге, сахарада не тілегенін істеп ақылды һәм батымды, жолы үлкен болған соң, Қаратай жүрген соң қорқушы еді («Айқап»).

116. **БАТЫР** 1. сын. *Ержүрек, қайтпас қайсар, өжет.* Біздің қазақтың «жүректі кісі дегені», «батыр кісі дегені» онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды (Абай, Тол. жин.). Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам, Арсыға дұға асырар мен қарт бабаң, Еңіреген ерге серік жолдас болар, Балауса жас жолбарыс – інің Науан (М.Жұмабаев, Шығ.). Ішінде темір тордың шынжырлаулы Жатқанын көрмеймісің қайран халқың? Көп қуып, қорқақ едік, батыр қылды, Біздерге енді не бар аянатын? Біз онша сатып алған құл емеспіз әркімді төбемізге шығаратын (М.Дулатов, Шығ.). 2. ауыс. *Батыл, өткір, тайсалмайтын.* Жүрегінен төгілген Елімнің батыр жыры бар. Ана деген елім бар, Таусылмас алтын кенім бар (Айманкүл, Ана сыры). 3. жағымсыз. *Қаскөй, есер*. Тоқты сойып дәндеген тоқтай алмас, Жылқы ұрлағыш батыр боп о да елермей (Ш.Құбайбердиев, Шығ.).

117. **БАУЫРМАЛ** сын. 1. *Туысқаншыл, ағайыншыл.* Бала жағы сопайып, көзі шүңірейіп, бауырмал әкеге ақтық арызын айтып жатқандай болды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Дүниелікке көңілі тоқ, Ағайынға бауырмал, Тәкаппар, жалған онда жоқ, Айнымас жүрек, күлкің – бал (Абай, Тол. жин.).– Баяғы жасырақ кезінде басқа балалардан көрі сен қарашыл, бауырмал едің. Соған қарап, өсе келе кісіге қайырымың мол бола ма деуші едім, – деді ол (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Халық үшін қызмет жасап жүрмін деген әр адам әуелі досқа, туысқа, жерлеске, таланттыға бауырмал, кешірімді болуға міндетті (“Егемен Қазақстан”). 2. *Жақын тартқыш, мейірімді, жанашыр.* Баяғы жасырақ кезінде басқа балалардан көрі сен қарашыл, бауырмал едің. Соған қарап, өсе келе кісіге қайырымың мол бола ма деуші едім, – деді ол (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Халық үшін қызмет жасап жүрмін деген әр адам әуелі досқа, туысқа, жерлеске, таланттыға бауырмал, кешірімді болуға міндетті («Егемен Қазақстан»). 3. *Кісіні сыртқа теппейтін, ынтымақшыл.* Күн өткен сайын Смайылова бауырмал коллективке де үйренді, ісі де ілгерілей берді («Лен. жас»). 4 ауыс. *Жайдары, жылы, жағымды, ашық, жарқын.* Бірақ қапелімде аузына түсе қоймайтын бауырмал сөздер тауып, амандасқанына қарағанда, бұрынғы ақ жарқын мінезі қалпында сияқты (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). [Әлімнің] Кішілеу аузының лебізі және үлкен дөңгелек көкшілдеу көзінің достық жылы нұры Әжібай шалға қазіргі сәтте бір түрлі сенімді шыншыл, бауырмал үн болып аңғарылды (М. Әуезов, Өскен өркен). Көктемнің бауырмал, жарқын күні жерге нұрын үшкіріп, ызғарын аластап, жүзіне шырай бергенде, жігіттердің де бойы жадырады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

118. **БАУЫРМАЛШЫЛ** сын. *Өте бауырмал, туысшыл, бауырлас, достас.* Бір мақсат, бір тілекте болғандықтан да адамдар бауырмалшыл ғой. Штурман, Совет Одағының Батыры Ирина Серова т. б. достарыммен үзбей хат жазысып тұрамын дейді Хиуаз («Лен. жас»).

119. **БӘСЕҢ** сын. ауыс. *Кішіпейіл, инабатты.* Жігіттің несі жігіт босқа жүрген, Қызметпен файда беріп халыққа жақпай? Бәсең бол, әсем болсаң деген жөнмен, Һүнерін мұхтаждарға жүрсесатпай (М.Дулатов, Шығ.). Бәсең бол, әсем болсаң, деген сөз бар Жігітке абырой жоқ мақтанменен (Пернедегі терме.).

120. **БЕЙНЕТКЕР** сын. *Өз нанын қара жұмыспен табатын адам; еңбеккер, еңбекшіл.* Бар жағдай белгілі ғой тарихтағы, Еңбеккер, бейнеткердің арық шағы, Қазіргі Қазақстан өркені өсіп, Ер, әйел, ұл-қыздары шарықтады (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

121. **БЕЙНЕТҚОР** сын. *Еңбек сүйгіш, еңбекшіл*. Бейнетқорлардың мойны босайтын күн туды (С. Сейфуллин, Тар жол.). Бейнетқордың бәрі өтетін ащы тәжірибе, өмір сабағы болып, өміріне жол азық болды (М. Әуезов, Шығ.). Клуб та керек ауылға, Жарық та керек әр үйге. Бейнетқор мына қауымға, Сауық та керек, әрине (М. Мақатаев, Шығ.).

122. **БЕЙНЕТШІЛ** сын. *Мехнатшыл, бейнеткер*. Мұның бәрін еңбекшіл жан, бейнетшіл жан жақсы біледі (Ә.Жәмішев, Армысың.). Қайта, қайтадан үйірін тауып, бейнетшіл қауымына қосылғалы бері кәдімгі орнықты адам санатына кіретіндей үмітте еді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

123. **БЕЙІЛІ КЕҢ** сөйл. *Пейілі кең, жомарт, мырза.* Жүрісі тыныш жорғадай, Алдына келсең кең болар, Олар неге тарылсын, Бейілі кең болған соң (Д. Бабатайұлы.).

124. **БЕРЕГЕН** сын. *Қолы ашық, жомарт мырза.* Оның үстіне асы дәмді, қолы әрі береке, әрі береген қасиеті тағы бар (М.Иманжанов, Менің махабб.). Өрік өсекші қатындарды бауырына тартып, береген кісі болды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

125. **БЕРІК** сын. ауыс. 1. *Шыдамды, ұстамды, сабырлы.* Қанды жас ағып түспей дөңгеленіп, Кекті-ыза от боп жанған көзге келіп. Тапжылмай тас мүсіндей қатып қалды, Шіркін-ай, ана жаны неткен берік (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Сұлтанмахмұт берік отыр, Жалпылдап иілуді білер емес. Жақыпбектің алғашқы сөз саптауынан көңліне ренішті сырлар түйген іш әлемі әлі қатыгез еді (Д.Әбілев, Ақын.). Қандай берік жан! Адам болсаң осындай бол, ең болмаса қабақ шытып ренжігенін байқатпайды ғой (І.Есенберлин, Ғашықтар.). 2. *Тұрақты, сенімді, табанды.* Сұлуға берген екен күйеуі ерік, Жомарттық ерлігіне болып серік: «Сертіңді бар да орында» депті жары, Адамдық: қылған сертке болмақ берік (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Бименді уәдесіне берік кісі ғой. Інісін бұл жайында сендірді (Ж.Молдағалиев, Сарарқа.). Осы сәтте Абай ойында қайтпас берік байлау туды (М.Әуезов, Абай.).

126. **БЕТ МОНШАҒЫ ҮЗІЛМЕГЕН** *Ұяң, беті ашылмаған.* Қаншама ер жетті дегенмен, бет моншағы үзілмеген жассың ғой, сондықтан ойыңа алған ісіңе батылдығың жете бермейді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

127. **БЕТЕГЕДЕН БИІК, ЖУСАННАН АЛАСА** 1. *Аса сыпайы, кішіпейіл, ілтипатты.* Тірісінде бетегеден биік, жусаннан аласа жан ед, өлгенде дабыралатып қайтеміз (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.). 2. *Момын, жуас, момақан.* Атам... осы... осы... “Сіз” деп, “біз” деп, бетегеден биік, жусаннан аласа боп майысып қалады (М.Әуезов, Таңд.). Сырттай қарағанда, бәріміз бірдейміз, бетегеден биік, жусаннан аласамыз (О.Бөкей, Таңд.). Кезім жоқ босқа бусанған, Төбеме тұрсын тиіп көк: Аласа болдым жусаннан, Бетегеден биік боп (С. Мәуленов, Алыс кетіп.). Енді біреулер бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүріп-ақ түйені түгімен, көшті жүгімен жұтып жібереді (Б.Қыдырбекұлы. Ұры.).

128. **БЕТТІ** сын. ауыс. *Өжет, өткір, қайсар*. Жанында қанжары бар қайран төре, Сұлтан жоқ заманында ондай бетті Сұрағы, топырағы жеңіл болсын, Фәниден бақи жайға жүріп кетті (Ә.Найманбаев, Шығ.). Батылы жетпегені ме? Жұрт: «Алғыр да бетті жігіт!» дейді ғой, Айжан түсінбейді (З.Шашкин, Сенім). Жайратпай тынбас жау көрсе, Наурызбайдай жалынды. Қамалды өтер қақ жарып, Бекеттей бетті, шалымды (Біздің Мәлік).

129. **БЕТІ ШІРКЕУЛІ** *Ұялған, ыңғайсызданған*. Осы жасына дейін бала сүй меген адамның беті шіркеулі, көп алдында да кінәлі сияқты (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

130. **БИПАЗ** сын. *Биязы, сыпайы.* Айшаның өзі де әйелдің сүйкімдісі. Мінезі қандай биязы, бипаз болса, тілі де соңдай жұмсақ, майда (З. Шашкин, Теміртау). – Оның бәрі рас қой, қажы, – деді Жәмпейіс – сонда өзің сипаттап отырғандай тәрбиелі, бипаз қызды

қайдан табамыз бұл Сәбитке? (С. Мұқанов, Есею жыл.). Білгенің жақсы, – деді қарт әже бипаз үнмен, – бұның бәрін менің Зинатайым да біледі (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

131. **БИЯЗЫ** ауыс. 1. *Сыпайы, әдепті.* Найза сілтесіп, қылыш сермесер жауынгершілік емес, сөз біліп таңдай тақылдатар даугершілік те емес, отырыс-тұрысынан олпылық сезілмейтін, сөзінде ағаттық айтылмайтын, кісіліктен гөрі кішілігі басым биязы «Шіркін, мына қазақтар осындай жұрт екен ғой» дегіздермей үлгілі серіктер таңдарсың (К.Сегізбаев, Беласқан). Он алтыға енді шыққан бала қыздың мінезі баяғы алғашқы әйелін есіне түсірді. Тарпаң-тұрпаңсыз, биязы. Биліктің әзәзіл дәміне әлі құныға қоймаған уыз жас (Ә.Кекілбаев, Бір уыс топырақ). Сыңғырлаған күлкі, биязы амандықпен бұратыла басып, тобылғыдай майысқан бойжеткендер (С.Жүнісов, Шығ.). 2. *Сабырлы, ұстамды.* Жаңағы жұтқан уыз қымыздың дауасы ма, әлде айтайын деген жырының қақ-соқсыздығынан ба... үні биязы шықты (І. Есенберлин, Алмас.). Бұл өзі – сыпайы, биязы жігіт деп жүрсек... жақында бір шофермен төбелесіп, оның аузы-мұрнын қан жалатқан (З.Шашкин, Сенім).

132. **БИЯЗЫ МІНЕЗДІ** *Жайдары, жұмсақ мінезі бар (адамға қатысты).* Бір-ақ биязы мінезді апасы әрдайым сіңлісінің ығына жығыла жүретін еді. Қазір Күнзия есіне оған еткен талай кесірліктері, кейбір ерсі қылықтары түседі (З.Шүкіров, Ізгілік.).

133. **БИЯЗЫЛАУ** ауыс. *Сыпайылау, әдептілеу*. Бұлардың үшіншісі – аққұба, биязылау кісі – оқу комиссары екен (Д.Әбілев, Арман.).

134. **БҰЙДАЛАҒАН ТАЙЛАҚТАЙ** *Біреудің айтқанына бас шұлғып, көніп, еріп жүре беретін тізе бүккіш, тіл алғыш, мойынсұнғыш*. Ол көнсе, ол бастаса бұл елде ешкім шылбырынан кетпейді. Бұйдалаған тайлақтай ереді (Д.Әбілев, Ақын.). Жәнібек қасына барып, арқасынан қағып, қолынан жетелеп еді, Ержан бұйдалаған тайлақтай ырқына көніп жүріп кетті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жап-жас және ақылды деп санайтын қызы бұйдалы тайлақтай елпілдеп, Сақаға неге ере қалды? (С.Мұқанов, Шығ.). Туған ел, туған жерімнің, Бұйдалы тайлақ секілді, Дәм мен тұзы тартады. Батаңды бер, жан ата, Шөберең сырын сарқады (Дулат Бабатайұлы, Змана.).

135. **БҰЙЫҒЫ МІНЕЗ** 1. *Көп сөйлемейтін, тұйық, өтесалмақты мінез*. Баяғы студент күнгі білімге құмарлығым, күш-жігерім қайта оралды. Елдегі бұйығы мінез қалды (З.Шашкин, Доктор.). 2. *Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, өтесалмақты адам.* Бұрын-соңды мұндай жиындардың алдына көп шықпаған бұйығы мінез, қанша шығайын десе де, қалыпты арнаға қайта айналып соға беретін сияқты («Лен. жас»). Смағұл аз сөйлейтін, бұйығы мінезді адам еді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Шырынкүл бұйығы мінезді, тұйық қыз емес (Сауыншы шамшырақ.).

136. **БҰЙЫҒЫ** сын. *Тұйық, сөзге сараң, ұяң (адам).* Өмірде аттан басқа қызығы да, қуанышы да жоқтай көрінетін бұйығы шалдың осы бір дыбыссыз жай күлкісі есімде қалды (С.Бақбергенов, Мен сізді сүйемін). Баяғы бұйығы Сережа қазір соқтандай жігіт, әйгілі бір заводта цех бастығы, инженер (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Үлгішілердің мінезі салмақты, именшек, бұйығы келеді. Олар өзі үшін істегенді сүйеді, жариялауды жаратпайды, құпияны, оңашаны ұнатады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

137. **БҰҚЫЛ** сын. жерг. *Сырын айтпайтын, сырға берік (адам).* Менің секретарым – бұқыл адам (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

138. **БІЛГІР** сын. *Көп білетін, өте жетік, білімдар.* Бұл адамдардың бәрін ол жұрттан асқан шешен, ер жүректі қаһарман, теңдесі жоқ білгір жандар деп түсінетін (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Менің кешегі жәрдемшім, оқушым десең де болады, Нұрке Әжімов ақылды, білгір адам, сөз жоқ зерттеу әдісін ол дұрыс тапқан болу керек (І.Есенберлин, Айқас). Шешем байғұс жан еді сөзге білгір, Сөйлесерлік кім оған кез келіп жүр? Мұңын басып, ғаріптің көңілін ашып, Әңгіме айтып берсеңдер өздерің біл (М.Мақатаев, өмір-өзен).

139. **БІЛГІШ** сын. 1. *Әр нәрседен хабары бар, білімді, білгір.* Атақты Атымтай жомарт алғашқы кезде, бір жұмада өңкей білгіш шешендерді қонақ қылып, келер жұмада жастарды қонақ қылып, ендігі жұмада қаріп-қасерлерді қонақ қылады екен

(Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұлар келіп, халықты қара ағартсын, Білмегендер білгіш болып тағы артсын. Әр алуан ғылымнан алып үлесті, Шын көңілден халқына сүйген тартсын, Бұл хабар қуандырар елді байтақ, Керегін матбуғаттың келген байқап (М.Дулатов, Шығ.). – Халайық, сіздің ең жақын қамқорыңыз және білгіш, ақын досыңыз Абай деп біліңіз (М.Әуезов, Абай жолы). 2. экспр. жағымсыз. к ес к і н. *Бәрін білгенсіп, дандайсыған, менмен*. Көбелек жауыз екен! – деп, Айтса оны, бекер деп, Бет бақтырмас көп «білгіш» өткенге тек өкініш (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Іздестіріп жер-көктен қарайын да, Керемет бір теңеуді табайын да, Білгішіме берейін не дер екен, Ақ қағазға ақ бояу жағайын да (М.Мақатаев, Жырлайды жүрек). Кісімсіп белгілі, білгіш, Біреуге сондай-ақ күлгіш. Бұлықсып, бұлданып босқа, өзімшіл, оңбаған шерміш (Абай, Тол. жин.).

140. **БІЛЕРМЕН** сын. сөйл. *Білгіш, білгір, көп білетін.* Отауы осы қыста түскен. Әубәкірлердің айтуынша тартымды, білермен жігіт болатын (І.Жансүгіров, Шығ.).

141. **БІЛМІР** сын. *Білмейтіні жоқ, бәрінен хабардар болып жүретін.* Білмір күйеуі Төлеуді ұрып өлтіріпті дейтін еді. Адамға мейірімі келе ме ондай иттің. Баланы бақпаған ғой (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

142. **БІЛІКТІ** сын. 1. *Әр нәрседен жан-жақты түсінігі бар, білімді.* Сырт естуімшесәтімбай осы колхозды өз қолымен құрысқан, ағайын арасында абыройлы, шаруа жайына майталман білікті адам (С.Шаймерденов, Мезгіл). Жауғашар мұны айтқанда өзін көпті көрген қария, білікті данышпан қылып көрсеткісі келіп айтады (Б.Майлин, Шығ.). Білімді, жан-жақты түсінігі бар адам. Біліктіден сөз алған, Ақыл сұрап жол алған, Шешен де келді ол тойға (Батырлар жыры). 2. *Кәсібі білімі бар*. Әсіресе, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартып, онда білікті мұғалімдердің баруына, білім сапасын жақсартуына күш салу қажет («Егемен Қазақстан»). 3. *Ақылды, тәрбиелі, өнегелі, парасатты.* Енді балалық өмір қалып, білікті адам болатын кез жетті (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Байыр осылардың бәріне бүгін назар сала қарап, ақылға ақыл қосар білікті, әрі сенімді адам іздеп отыр (М.Дүзенов, Ант). Болғалы тұрған білікті сөз бен салиқалы бәтуаны тыңдасын деген (Д.Досжанов, Жібек жолы). Тіпті бала тапқан әйелдің бәрін ана деп аспандатпай, шешесі деп қана атайтын болған. “Ана” деген қасиетті атауды ауылдың, елдің анасы болған білікті әйелдерге ғана лайықтаған (Қ.Жұмаділов, Атамекен).

143. **БІЛІМДАР** сын. *Ой-өрісі кең, көп білетін, білгір.* Рецензияға қол қойылмапты, бірақ кім де болса білімдар кісінің жазғаны – сайрап тұр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Отызға жетпеген жас жігіт қарапайым халық арасында қаншама білімдар көрінгенмен, бұны баласынып, сөзін жүре тыңдаушылар да аз болмас (А.Байтанаев, Қайнар.). Жаугершілігі мол, мық-тысы мытып, әлсізі күштіге кебіс қойған зар-заманда бұл білімдар баланың өзіне керек болатынын анық сезген (Д.Досжанов, Тұлпар.).

144. **БІЛІМДІ** сын. 1. *Көп оқыған, берген білімді санаға түйген.* Мен де сенің еңбегіңді Ақтаймын деп серт етемін. Жақсы оқып барлық пәнді, Білімді боп ер жетемін (М.Хакімжанова, Жыр асуы). – Барлығын бірдей білімді деп айта алмаймын. Бізде білімі төмендердің мерейі үстем көрінеді. Кейбір студенттер «оқудың қай түрінде білім алудасың?» деген сұраққа «договорныйда» деп мақтанышпен жауап беруі, олардың қаншалықты деңгейде екенін көрсетсе керек («Түркістан»). Білімдар, бір істен немесе ғылым саласынан жан-жақты хабардар, маманданған адамдар. Білімділер сөз айтса, Бәйге атындай аңқылдап, Өзгелер басын изейді, Әрине деп мақұлдап (Абай, Тол. жин.). Білімділердің пікірін алғанда, сезімге берілу, құмарлыққа салыну, жалғанның жабдығына шұғылдану-мақтаулы емес, сөкет болып саналады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қазақтың талай шежіре қартын көре жүре мен Жабайдай білімдісін өтесірек кездестірдім (С.Мұқанов, Менің мект.). Адам баласының тарихында тұңғыш рет әлем, оның ішінде адамның жаралуы туралы, ертедегі гректің аса бір білімдісі Анаксимандр сөз етеді (Н.Баяндин, Ғасырлар қойнауына саяхат). 2. *Арнайы білім алған, дипломы бар*. Мемлекеттік органдарға деген сенімнің артуы үшін мемлекеттік қызметке білімді,

мәдениетті, парасатты, іскер және ұлттық рухы мен адами қасиеті жоғары азаматтардың тартылғаны жөн («Егемен Қазақстан»). Елімізде экономика мен әлеуметтік сананы реформалаудың сындары жылдарында әрі жас, әрі білімді де білікті, жаңаша ойлайтын кадрларды іріктеп, жауапты қызметтердің тізгінін ұстатқанын қалың оқырман жетік біледі («Егемен Қазақстан»). Қапас ақсақал бастауыш көлемінде ғана білімі болса да сол техниканы білімді мамандардан кем білмейді (М.Тамыров, Балқаш). 3. *Ақылды, көрегенді, қылықты, әдепті.* Әйелдің білімдісін ер сыйлайды, Еріңді аяқ асты етпе, жаным (Айтыс). Ағайының көп болса, Ұлы шерек қолмен тең, Білімді туған жақсылар Аз да болса көппен тең (Ақтамберді // Алдаспан). Бұл туралы Потанин жазды: «Мен корпустан шыққан соң бес жылдай Алматы жағында шетте қызмет етіп қайттым, Шоқан Омскіде әлгідей білімді ақжүрек адамдармен жолдас болып ысылған (М.Дулатов, Шығ.). 4. *Сауатты, көзі ашық.* Ұрқия да асып кеткен білімді емес, жетіншіні ғана бітіріпті (Е.Қалиев, Рудный.). Бір әннен бір уақытта жағымды әсерлену, екінші уақытта жағымсыз әсерлену алуға мүмкін, яки білімді, оқыған адам бір нәрседен жағымсыз әсерлену алғанда, ол нәрседен оқымаған надан адамның алған әсерленуі жағымды болуға мүмкін (М.Жұмабаев, Шығ.). Білімді болуға – оқу, бай болуға кәсіп, күшті болуға – бірлік керек! («Егемен Қазақстан»). 6. Мәселенің мән-жайынан хабардар, жете түсінетін, жан-жақты. Бір-бірін қорықса сыйлайды бүгінгі адам, Түсінер бұ сөзіме білімді адам (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Ел болсаң, елге керек білімді әкім, Табады білім жетсе жолыңды әкім (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Беделді, білімді, абыройлы саясаткерлерді қолтығының астына жинаудың орнына, оларды өзіне басты қарсылас санап, кеуделерінен кері итерді («Жас Алаш»). // контекст. жағымсыз. Үстірт білімдер иесі, көзге түсу үшін бір істен хабардарлық танытатындар. Кей адам кейбіреулерді көтермелер деп айтар, білімділер, шалымдылар. Ол мақтауы ойласаң оған зиян, Сорлының құр мақтауға салындырар (Қабан жырау // Алтын қазық). 5. контекст. *Иманы кәміл, дін жөнінде танымы терең, арнайы діни білім алған.* Білімдіге білімсіз бағынбай ма? Іздесе, пендеге жол табылмай ма? Ақты қойып, арамды әдет етсек, Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Білімді имамның ғана ісі оң, аузынан шыққан әрбір сөзі мәнді де пәтуалы (“Түркістан”). Дүнияуи білім жүйесін меңгерген діни білімнен бейхабар адам деген мағынада. “Інжіл” “Құран” – бәрін айтып тұрса-дағы, Адасып ардан күсіп қара басар. Сөйтіп бұзып бүлдіріп, есіл дінді, Дін десе білімділер тұра қашар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

145. **БІЛІМҚҰМАР** сын. *Білімге құштар.* Қазіргі ауыл азаматы көпшілігінде іздемпаз, білімқұмар, өмірдің жан-жақты терең сырларына талпынған адам («Мәдениет және тұрмыс»).

146. **БІЛІМПАЗ** зат. 1. *Көп оқыған, ойшыл, оқымысты ғалым.* Қаламы өткір білімпаз Шашты алысқа дабысын. «Алаш!» деп ұран шақырды, Жұртының жоқтап намысын (М.Дулатов, Шығ.). Алдымызда шілденің онында болатын білімпаздар тобының қарсаңында мүддемізді айтып қалайық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жауһарлық Ғаббас пен Исмаил, сығанақтық Хисамеддин, испиджабтық Ахмед, қорасандық Нысан Абыз, шабғарлық Әнет баба, бәрі осы ошақтан сабақ алған білімпаздар еді (Д.Досжанов, Жібек жолы). 2. *Ғылымның бір саласындағы ғалым, зерттеушілердің жиынтық атауы.* Осы тұрғыдан алып қарағанда, халық шаруашылығының жеке салаларында әдеби тілді байыта түсетін кәсіби сөздерді жиып-терумен қатар оны ғылыми негізде талдау тіл білімпаздар ы ның төл ісінің бірі болмақ (Қ.Айтазин, Кәсіби лексика). Сүйек шіриді. Мұрын бұзады, ауру адам жүре алмайтын, сөйлей алмайтын болып, көбі ақылдан да айырылады. Мерез денедегі жарадан, ауру адамның сілекейінен, қаннан жұғатындығын, білімпаздар, доктырлар анықтаған (М.Дулатов, Шығ.). XIX ғасырдың басында қазақ-қырғыз жайын зерттеген Г.Ю.Клапрот, К.Риттер секілді білімпаздар д ы ң да мағлұматтары өте ұшқары, орасан қате болғандығы көрінеді (М.Дулатов, Шығ.). 3. көне. *Бал ашушы, түс жорушы, көріпкел.* Бал ашатын білімпаздарды бойыңа үйір қыласың да, менің жақындарымнан безесің (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Қуаныш

түстен оянып, Азамат басын құратты. Халқына түсін сынатты, Білімпаздың баршасын, Басын қосып сұрапты (Батырлар жыры).

147. **БІЛІСКЕР** сын. *Тапбасар, алыстан шалар, қиядағыны көрер.* Тағдыр ерен жаратқан біліскер ғып, Көрсетіпті табиғат тым іскерлік («Қаз. әдеб.»).

148. **БІР АУЫЗДЫ** 1. *Ынтымақты, алауыз емес.* Мұндайда оқытушылар бір ауызды болмаса, істеймін дегенінің көбін істей алмауы мүмкін екенін ол жақсы біледі (М.Дүйсенов, Меймандар). 2. *Айтқанынан қайтпайтын бірбеткей.* Ол істеген, көргенін ақтарыла сөйлейтін бір ауызды адам екен (С.Бегалин, Замана.).

149. **БІРБЕТ** сын. жағымды. *Бірсөзді, айтқанынан қайтпайтын.* Асыл адам айнымас, Бірбетінен қайрылмас. Көрмесем де, көрсем де, Көңілім сенен айырылмас (Абай, Тол. жин.). – Білмеймісің, баяғыдан бірбет адам ғой, қопара берсін, ол арнайы біржақты етпей, тынбайды (А.Байтанаев, Қайнар.).

150. **БІРБЕТКЕЙ** сын. *Бұлтақтаусыз, қайсар, батыл, тік мінезді.* Ол мені пайдалы қызметкер еткісі келді және өзінің мінезі де бірбеткей болатын («Қаз. әдеб.»). Бірбеткей, ұсақ-түйек қазақшылықты білмейтін Иісбай Мәукілге қадала қарады (С.Бегалин, Уақыт.). Генералдың бұл сөзінен кейін жаңа бізге қосылған тоқсан жауынгер туралы бірбеткей тіке сөйлегеніме өзім қатты қысылдым (Б.Момышұлы, Москва.). Жақыпбек әдетте бірбеткей, мінезі тікшіл, ойлағанын беті-жүзің демей, тіке айтып тастайтын қызу қанды жігіт еді және едәуір қызбалығы да болатын (М.Иманжанов, Көк белес).

151. **БІРМІНЕЗ** сын. *Әрқашан бір қалыптан аспайтын, біртоға.* Сегіз қырлы, жалғыз сырлы, Қайда барсаң бірмінез, Артын байқап, терең ойлап, Мағыналы сөйлер сөз (Ш.Иманбаева, Шығ.). Ант ұрғанмын өзім де, Бірмінезбен өтпеймін (Абай, Тол. жин.).

152. **БІРСӨЗДІ** сын. *Екі сөйлемейтін, айтқанында тұратын.* Жайнақұлы Баймағамбет – елдің кісісі, кедей. «Он шақты ауыз орысша білетін» оқымаған, қажырлы, бірсөзді, пысық адам (С.Сейфуллин, Тар жол.). Өзін бұрын жақсылап танымасақ та, ол жайында елдің айтқанына қарап бірсөзді жігіт деп білетінбіз («Лен. жас»).

153. **БІРТОҒА** сын. *Бірқалыпты, сабырлы, көп сөйлемейтін, бірмінезді*. Бір адамға қиянат етіп, не бір сабақ жібін сұрамай іліп кетпеген біртоға момын, еңбекпен күнін өткізген аяулы жан артында не қалдырды? (З.Шашкин, Сенім). Жарылқасынның мінезі өзінше біртоға жан. Ол болымсыз іске ашулануды, сен ұрсып тұрғанда дәлел іздеп шапылдауды білмейді («Лен. жас»). Өмірде көп сөйлемейтін біртоға Жәми бүгін жар астынан шыққан желді күнгі жалын тәрізді (Д.Әбілев, Арман.).

154. **ДАНА** [ир.] сын. 1. *Көпті көрген, тәжірибесі мол, оқыған-тоқығаны көп, ақыл-парасатын халық, жұрт мойындаған.* Нұрлан Тайжан қарияны әкесінің досы деп қана сыйламайды, жақсы көреді, дүние қадірін түсінген дана шал, көргені көп аңшылық әңгімесін қызықтырып нәшіне келтіріп айтады (З.Шашкин, Сенім). Мейірімді анасы мен дана әжесі Абайдың жас жанына адамгершілік қасиеттерін дарытты (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Халқы қалаған хәкімдерге, ел ардақтаған дана азаматтарға қол көтерген күнаһарлардың күнәсі кешірілмейді (Х.Есенжанов, Тар кезең). 2. *Дұрыс, терең, ақиқат.* Екінің бірінде бола бермейтін бір ерекше қасиет бар Асқарда. Ол жаңа кітаптан оқыған дана ойларды сол қалпында, пісіп тұрған күйінде семіре салмайды (С.Омаров, Дала қызы.). 3. *Әділ, тура, турашыл.* Ел ұмытпас көтерсек Абылайды, Ол ханы ғой қазақтың басыбайлы. Бағы жанып, төрлетсе жаңа қазақ, Дана қазақ ұмытпан Ағыбайды (К.Салықов, Жезкиік.). Адамды жөн білетін дана деп біл, Істерін жалқау жанның шала деп біл. Құр жасы елулерге келсе-дағы Білімсіз сондай жанды бала деп біл (Шал ақын, Өлеңд.). Кемеңгер, ақылды, білімге тәжірибесі мол, рухани әлемі бай, ел-жұрт мойындаған тұлға. Бала боп кетіп даладан, дана боп елге оралды. Құдайын тауып қаладан, алғандай ақыл, жоралғы (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес.). Ойлай білсең дана боларсың, ойнай берсең бала боларсың (Мақал). Өз теңіннің ішінде Ақылың асқан

данасың. Жұбатасың жыласа, Ноғайлының баласын (Қамбар батыр). Өмірдің өткінші қызығына елікпей, адамзаттың қарапайым әрі мәңгілік мұраттарын аңсар тұтқан даналар қазақ тарихында да баршылық. Мысалы Қорқыт ата, Қожа Ахмет Иасауи, Әбу Насыр әл-Фараби, Асан қайғы, Абай және т.б. (Қазақ тілі термин. Педагогика.).

155. **ДАНАГӨЙ** сын. 1. *Ақылды, ауқымына білім мен тәжірибе бірге түйген, мазмұны терең.* Бірақ Нұрғазы осынау пікірді ұстанған да, табиғи ортаның мән-маңызын мүлде жоққа шығармайды, әйтсе де «қалауын тапса қар жанады» дейтін данагөй мәтелдің шындығын бірінші орынға қояр еді (К.Ахметбеков, Ақдала). 2. *Ақыл-парасаты толысқан, білім-тәжірибесі мол.* Бұл, бәлкім, Шәкеннің өмірбаяны мен қазақ киносының шежіресінде бетбұрыс болып қалған бейнені, данагөй асыл азамат, асқақ ақын Жамбыл бейнесін жасауға көмектескен шығар (К.Кенжетаев, Дархан.). Ақылшы, көпті көрген тәжірибелі адам. Ауылдың данагөйі әжем еді (Ауызекі). Ғұлама, ғалым адам. Аңыздардың бәрінде де бұл өңірде әлем жайындағы, жаратылыс заңдары жайындағы, өткен дәуірлер мен болашақ замандас жайындағы білімдері шексіз ерлер мен әйелдер – ұлы данагөйлер өмір сүретіні айтылады («Қаз. әдеб.»). Азия мен Жерорта теңізі аумағының данагөйлері ұдайы өзара байланыста тұратын («Қаз. әдеб.»). Кір жуушының баласына төтеп бере алмасақ данагөй, батагөй болғанымыз да құрысын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам).

156. **ДАҢҒАЛ** сын. сөйл. *Аңқылдақ, ақкөңіл*. Бұрынғы өзі білетін, ақкөңіл, данғал досы көңілден біржолата кетіп, оның орнында қара жүрек жырынды біреу қалды (М.Иманжанов, Көк белес).

157. **ДАҢҒЫЛ** сын. жерг. *Жақсы, жетік білгіш, білгір (адам).* Ал бір ескінің әңгімесіне данғыл адам еді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Көп білетін, білгіш адам. Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр, Дүниеден аулақтанған дабыр-дабыр. Қара шал қойыңды отыр көлеңкелеп, Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр. Неткен жан, әлде данғыл, әлде мұңғыл, Бұл өзі ән күңірентіп айтады жыр. Осылай ертегі қып кетуінде Елдің де ескі аузында жоқ па екен сыр? (І.Жансүгіров, Құлагер).

158. **ДАРҚАН** ауыс. *Пейілі кең, қайырымды, жомарт, мәрт*. Өзіңдей халық қайда дарқан жаны, Ісіңнен бақыт табам әр таңдағы. Қайыспай көтересің бір өзіңе, Түссе де дүниенің бар салмағы! (М.Неталиев, Қайдасың.). Не деген молшылық ед, Арқам менің? Не деген берекелі ед, Дарқан елім (Ө.Тұрманжанов, Таңд. шығ.). Бір жамандықтың бір жақсылығы бар. Қыс артынан жаз келеді қашанда. Соны күт. Өзіңді дарқан ұста. Жүрегіңнен мейірім нұры төгіліп тұрсын (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). // ауыс. Кеңпейіл, жаны жақсы қасиетке бай адам. Соған ілесіп Қоянды думандарына барып, сан алуан өнер дарқандарына кездесіп, ақындық, әншілік өнерімді өрістете бердім (С.Бегалин, Сахара.).

159. **ДАРҚЫЛДАҚ** сын. сөйл. *Қалтарысы, бүкпесі жоқ ақкөңіл.*– Сен аңқаусың. Дарқылдақсың. Сен оны қойыңды сойып, құшағыңды ашып күтіп алып едің (Т. Ахтанов, Дала сыры.).

160. **ДАРЫЛДАҚ** ауыс. *Ақкөңіл.* Бері әкел! – деп шылбырынан жетектеп, атты алып кетті дарылдақ шал (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

161. **ДӘЛЕЛҚОР** сын. *Себеп тапқыш, дәлелшіл.* Сөйлегенде дәлелқор, Біреуді жүрер құдалай. Кеудесін қағып мен-мен деп, Жағасын да жұлмалай (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

162. **ДӘТІ БЕРІК** *Шыдамды, ұстамды.* Серекең сәл ілгерілеп барды да, тракторын тоқтатып жерге түсті. Әлі мына тұрғандардың біреуіне тіл қатқан жоқ, қандай дәті берік адам еді («Лен. жас»).

163. **ДҮМДІ** 1. сын. *Күшті, қайратты, қажырлы, әлді.* Сымбатты ақ сары әйел сампылдап сөйлеп жүр. Оның қозғалысы ширақ, даусы дүмді (Ә.Көшімов, Лашын.). Ескі заман болса, бұл хабар жетісімен-ақ, қайын жұртың сойылын сүйретіп, қалың қолмен келіп қалар еді де, дүмді неме шаңырағыңа қобыз ойнатып зыңыңды шығарар еді (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). Дүмді болсаң, кел бері (Мақал). 2. ауыс. *Қолында*

билік бар белді, жуан, атақты. Болыстың, старшынның, билердің бәрі – жуан, дүмді мырзалар. Жиналып отырып сөйлескендеріне қарап отырсаң, бәрі де көкке тойып, топтанып, топырақ шашып, күжілдеген бұқалар тәрізді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Өзіндей дүмді, беделі бар біреумен «аруақ-құдай» атасқан, құда екен (Ж.Ахмади, Шырғалаң). // *Билік басындағылар, қолында билігі бар кісі.* Бұл жақтағы дүмділерден зорлық-зомбылықты көп көргендіктен, алыстағы ағайынға өте-мөте бауырмал деседі (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер). Дау-дамайда әлділер, дүмділер жағы жеңіп кете беретін, қара халық көбіне теңдік ала алмай, жәбір-жапа шегетін («Лен. жас»).

164. **ДҮНИЕГЕ КЕҢ** *Жомарт, пейілі кең*. Отыз жасқа келгенде, Дүниеге кең едің, Отыз беске келгенде, Қара судың бетінде шайқалып аққан сен едің (Б. Қалқаманұлы.).

165. **ДІЛМАР** сын. 1. жағымды. *Тілге шешен, сөзге бай, тілмар.* Назым Хикметтің шығармасындағы ерекшеліктерін талдағанда Мұхаң ойының тереңдігіне, тілінің ділмар шешендігіне таң-тамаша қалдық (Қ.Бадыров, Өткендер). Ақметжан Нұртазин – Солтүстік Қазақстан облысында туылып өскен, жасынан өлең шығарған, жиын-тойларда айтысқа түскен ділмар ақын («Қаз. әдеб.»). Ноғайбай орта бойлы, өткір көзді, алғыр сөзді, сауатсыз болса да өте ділмар, шешен кісі бопты (К.Әзірбаев, Аңыз.). Жолдастар, ол сөзге ағып тұрған шебер, ділмар, топты бастар көсем, дау шешкен шешен болатын (Ә.Әбішев, Замана.). 2. жағымсыз. *Сөзуар, мылжың, керауыз*. Ділмар Ырысбек енді бір желпініп, үшкір тілін әзіл жаққа жүгіртіп тағы бір көтерді (Ғ.Сыланов, Жанартау).

166. **ДІТІНЕ БЕРІК** *Діттеген бағытынан айнымады*. Ол жұрттың көбі сабылып сарсаңға түсіп ой іздеп кеткенде де өзінің талант табиғатына зорлық жасамады, дітіне берік боп қалды («Қаз. әдеб.»).

167. **ЕБДЕЙСЕК** сын. *Ебдейлі.* Махаң етікші өзі ауыс-түйіс күнкөріске ебдейсек кісі. Аз жылда-ақ орташарқы шаруа жинап алады (Б.Аманшин, Көкжар). Ебдейсек ересектер, тасығалы, шараны шайқап ұстап асығады (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

168. **ЕБЕДЕЙЛІ** сын. 1. *Пысық, ширақ.* – Атан-шаның баласы, сен жасың кіші және ебедейлі жігіт көрінесің, маған сыртқа шығып жәрдемдесіп жіберші (Х.Есенжанов, Көп жыл.). 2. *Ыңғайлы, оңтайлы, икемді.* Ебедейлі қолдағы шанышқы етікшінің бізіндей жылпылдайды (С.Омаров, Өмір.).

169. **ЕБСЕКТІ** сын. *Қолынан әрқилы нәрсе келетін, епті, іскер.* Ебсекті ана қыздарын да үй шаруашылығын тындырып істеуге баулыған екен («Қазақст. әйелдері»).

170. **ЕЖЕКТІ** сын. *Қайырымды, мейірімді, рақымды; бауырмал.* Нағашым бір он шақты үй, кедей ауыл, Әйтсе де бізді өмірде етпейді ауыр. Ежекті, ер жүректі жігіттері Мен түгіл бөтенді де етер бауыр (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

171. **ЕЛГЕЗЕК** сын. 1. *Тілалғыш, екі айтқызбайтын, жұмыс десе жанып тұрған.* Жалпы, дала перзенті, ауыл баласы елгезек, аңғарымпаз, бауырмал болып өсетіні белгілі («Ана тілі»). Ол тіл алғыш, елгезек, жұмсағаныңа шауып тұратын еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). – Жарайды, тәте, – деп, елгезек бала ізінше жүгіріп кетті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Қандай елгезек, таң сәріден жетіп келгенін қарашы (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). 2. *Пысық, ширақ, тындырымды*. Ол атасы сияқты құнтың қаққан, пысық, елгезек, ширақ (М.Қаратаев, Далада.). Елгезек жас жігіттің даусында толқу, тіксіну жоқ, үні сондай анық (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ел болуға не керек, Ойлы, ақылды ер керек. Халық қамын ойлаған Жігіт керек елгезек (М.Әшірбесов, Белестер). 3. *Шапшаң қимылдайтын, ылдым-жылдым, лыпып тұрған; жүрдек.* Сәнмен ерттелген елгезек аттарды таңдап мінгендей екі жас қойшы қай отарда қанша саулық барын есепке алып жүр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Малтабардың тарантасқа жеккен қара бурыл аты мейлінше денелі де, елгезек те, жүрдек те жылқы екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мәртебелі меймандар кішкентай қолбаланың елгезек қимылына, ойнақы қылығына, шалдыр-бұлдыр орысша сөйлегеніне мәз (К.Сейдеханов, Түркістан.). 4. ауыс. *Жеңіл, жеңілтек*. Жас кезінде кербездеу еді. Енді

елгезек боп барады (Т.Ахтанов, Боран). Өз жайын ақылдың елегінен өткізген сайын елгезек бойы ауырлап, секемшіл көңлі жабырқау тартып барады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Сергіді кәрі дене бүгін қалай, Елгезек болып кетті бозбаладай (И.Байзақов, Құралай.). 5. ауыс. *Сергек, сезімтал.* – Бұл не пәле, әй? – деді ауылға келген жаңалық біткенді жұрттан бұрынырақ сезетін елгезек Сартай (М.Дүзенов, Әке.). Өзін елгезек сезінетін ол ұйықтап қалғанына ұялғандай орнынан қипақтай тұра келді (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Командир қиын-қыстау сәттерде шешім тапқыш, әрі алды-артын дұрыс барлап, қапысыз болжай білетін, сергек те, елгезек адам болуы керек (Р. Хайруллин, Офицер.).

172. **ЕЛЖАНДЫ** сын. *Елін, жерін сүйетін адам.* Биылдан бастап бұл іс-шара жалғасын тауып, дәстүрге айналады, оны өткізуге түрлі деңгейдегі әкімдер, елжанды азаматтар, барша мұсылмандар қатысады (Түркістан).

173. **ЕЛЖІРЕГІШ** сын. 1. *Елжіреп тұратын; мейірленгіш, еміренгіш.* Елжірегіш жүрегі, егілме жаны қара тасқа айналып, дүниенің бәріне қарс жабылған қатулы қабақпен қарайтын болды (С.Досанов, Қыран.). Мекіренгіш, елжірегіш аналар киноға деп, сауық кешке деп баласына әкесінен жасырып ақшаны асыра беріп жаман үйретететіні сирек кездесер жәйт пе? (М.Әлімбаев, Тәрбие.). 2. *Егілгіш, езілгіш; күйрек*. Осы сен-ақ елжірегіш екенсің!? Қашан көрсең де езіліп егіліп, күйректікке салынып отырғаның («Лен. жас»).

174. **ЕЛЖІРЕК** сын. сөйл. *Елжіреуік, елжірегіш, елжіреп тұратын (адам).* Осы жаман неме кімге ұқсап елжірек болды, – деп Кәлен де баланы бауырына қыса түседі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Анасының бұрын-соңды мұншалық елжірек кезін көрмеген Айғанша үрейленіп кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең)

175. **ЕЛПІЛДЕК** сын. 1. *Елпілдеп тұратын, тілалғыш; елгезек.* Ал Нақыш болса, жалпылда-ған аққөңіл, кім көрінгенге сенгіш, біреудің сөзін екі етпейтін елпілдек қыз (М.Дүзенов, Ақәже). Ұзақ – тым аққөңіл, елпілдек жан. Сондықтан да бөгде тілегін орындауға әрдайым әзір тұрады (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Сұрасаң аты Еркінбек, Сөйлесер сізге еркін кеп. Еңбекте озат өзгеден Ақжарқын жігіт елпілдек (Н.Сүлейменов, Жолда). 2. *Жеңілтек, жаңғалақ, ұшқалақ, мінезі жеңіл.* Жақпады білем бастан-ақ, Жарыңның саған бір ісі. Ертерек түскен шаштағы ақ, Елпілдек жүріс-тұрысы (С.Иманасов, Ақдариға). Гүлжан кейде паң, кейде бейқам, кейде елпілдек («Лен. жас»).

176. **ЕЛШІЛ** сын. *Ел қамын ойлаушы, елін жанындай сүюші; көпшіл*. – Басым, көкірегім білімге толып біткендей, арманымнан шыққандай несіне елшіл бола қалам? (Д.Әбілев, Ақын.). Осыдан кейін еріксіз ойлайсың, жалпы оқулық атаулыны біз неге аса білімдар, елшіл, халыққа етене жақын, ұлтымыздың болмыс-бітімін айрықша терең білетін ірі тұлғаларға жазғызбаймыз («Жас Алаш»). Едігедей елшіл бол, Егескен жерде кек алған. Үлгі ал батыр Мәліктен, Өзіңмен бірге аттанған (А.Лекеров, Өмір.). Қазақ шенеуніктерінің, биліктің әртүрлі сала-сатыларында еңбек етіп жүрген қазақ шенеуніктерінің ішінде аса алғыр, аңғарымпаз, елшіл, шалымды, шебер ұйымдастырғыш (бір-екі күннің ішінде республикалық жиынды, бас-аяғы бір аптаның ішінде халықаралық конференцияны ұйымдастырып – өткізе алатын шенеуніктер де бар!), жедел қимылдайтын, ел ішін жиі аралайтын (мәселен, тәулігіне бар болғаны бес-ақ сағат ұйықтайтын аудан әкімін өз көзіммен көрдім де!), шешен, кішіпейіл, денсаулығы темірдей, кімнің де болсын тілін таба алатын көпшіл, елгезек азаматтар аз емес. «Аз емес» деймін-ау, мұндайлар, тіпті, мол («Жас Алаш»).

177. **ЕЛІКТЕГІШ** сын. 1. *Біреуге ұқсап баққыш, елтігіш, еліккіш, әр нәрсеге қызыққыш; әуесқой.* Бала – еліктегіш, маңайындағы адамдардың, әсіресе ата-анасының мінезінесалып алады. Бала жүргенде, сөйлегенде ата-анасындай болуға тырысады (М.Жұмабаев, Шығ.). Кішкене Жомарт – ойынпаз, әр нәрсеге еліктегіш, қиялшыл, саяхатты жаны сүйетін бала (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Ал жастар еліктегіш жандар. Олардың ой-санасына, мінез-құлқына күшті ықпал жасайтын, ең алдымен, әке мен ана (С.Бақбергенов, Біздің колхоз.). Райша жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, соның

барлық мауыққыш, еліктегіш тұлғасын көріп шыққандай болды (М.Әуезов, Қараш.). 2. жағымсыз. *Өзіндік пікірі жоқ, өзгеге ергіш.* Халықтың рәсімдерін басшылыққа алуы да оның әр нәрсеге еліктегіш, тез оңғыш еместігін, өмірлік адамгершілік тұрғысының беріктігін дәлелдейді (Р.Бердібаев, Достық.). Бұл айтылған өлеңшілердің ішінде өзінің ақындық беті күшті, түр тапқыш, аса еліктегіш емесі – Міржақып (Ж.Аймауытов, Шығ).

178. **ЕЛІКТЕМПАЗ** сын. *Әр нәрсеге қызыққыш, әуесқой.* Бала еліктемпаз болғандықтан, баланың ылғи сұлу іәм құлықты әсерлер алуына ыждаіат қылу керек (М.Жұмабаев, Шығ.).

179. **ЕҢБЕККОР** сын. *Еңбексүйгіш, еңбекқой*. Ол қарапайым, бір сөзді, еңбекқор, кез келгенге қол ұшын беріп көмектесуден шаршаған емес «Ана тілі”. Әр нәрсенің жолын біледі, еңбекқор, өнерге бейім. Өмір бойы ұлы махаббат иесін күтуге бар (“Жас Алаш”). Еңбекқор, адал, жаның жай, Мінезің маған тартқанын, Ақылыңды айтып келіп тұр, Балаларды біліп тұр. Қалай жүріп жатқанын… (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сәбиттің әкесі Дөнентай кедей, еңбекқор, санасы ояу, шаруашылығына ұқыпты кісі болған (Б.Кенжебаев, Ө.Есназаров).

180. **ЕҢБЕКСҮЙГІШ** сын. *Жұмыс істеуге берілген, еңбек етуден қашпайтын, жалқау емес, еңбекшіл, еңбекқор.* Не нәрсеге болса да берік. Мейірімді, еңбексүйгіш, ұйымдастыру қабілеті жоғары (“Жас Алаш”). Мамыт қарт – еңбексүйгіш момын адам (Ж.Өмірбеков, Батыр.). Әйтсе де, Дәку Әбдиевтің жастық қайраты, үй салу өнері, еңбексүйгіштігі сыналар күн алда еді (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы). Қыс қатты, қары қалың болған жылы, Жалынып шөп сұрайтын талай байлар. Диханшыл, еңбексүйгіш жігіт екен, Қордайға бидай, тары, егін айдар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

181. **ЕПТІ** 1. сын. *Ыңғайлы, икемді, бейім, оңтайлы*. Жасыңда араластың малтымаға, қызығып есер елдің салтына да! Би, болыс, епті жігіт атанам деп, Көп түстің ерегіскен талқыға да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). «Екенсің ән салуға сен-дағы епті, Сен біраз әтеш әнін үйрен», – депті. Бұл сықылды сыншының сөзін естіп, Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті (Абай, Тол. жин.). Сыйласарлық тектінің Кім танымас нұсқасын? Күнде өзімшіл епті н і ң Несін адам ұстасын (Абай, Тол. жин.). Аулына Тұрсынбектің Сара кепті, Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті. Ол кезде он жетіде ақын Сара, Жел сөзге адам болмас онан епті (Айтыс). 2. ауыс. *Қу, айлакер, пысық, тәсілқой.* Біздің «атқамінерлер, ептілер» мұнан сірә, хабары бар ма екен? Жоқ, әлі омырауды ашып қойып, білекті сыбанып іске кідиіп соғып отыр ма екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ептілер ебін тауып жақындапты, Болуға ең сүйгені жақын қапты. Не қылсын өз қолы жеткеннен соң, Меңіреуді мен сықылды шақырмапты (М.Жұмабаев, Шығ.). Айтуынша, бала кезінде ол өте епті, қу болыпты (Ә.Әлімжанов, Махаббат.). Екі ел егер болса, Епті жігіт атын алар (Мақал).

182. **ЕР КӨКІРЕК** *Намысшыл, өр мінезді, айбатты.* Масыңұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп, Көрсе, бастан ағып тұр қан дірдектеп. Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші, Жігіт қой еркөкірек, жау жүрек деп (Абай, Тол. жин.). Ол – тауы шағылмаған, беті қайтып көрмеген бет алған жаққа сермеген еркөкірек жан (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

183. **ЕРКӨҢІЛДІ** *Батыр мінезді, көңілшек*. Осы жұрт Ескендірді біле ме екен? Македония шаhары оған мекен. Филипп патша баласы, еркөңілді, Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен (Абай, Тол. жин.). Бұдан кейін екеуі көп отырып, еркөңілді, батыр тұлғалы жігіттің мінезін, өткен күнін, бір кезде Мәдинаға өлерде ғашық болып, ақырында көп күткен үміттің ақталмай қалғанын айтты (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Қалибекті шешесі Күнфия еркөңілді, ашық мінезді, ағайын ішінде өтесүйкімді адал болыпты («Қаз. әдеб»).

184. **ЕРЕН ЕР** *Асқан ер жүрек, батыр.* Үш жыл болды келгелі, Ақбөрте бесті жығады. Ерен ер мен тұлпарды Кім жасырып тығады (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ерен ерлердің, ақылды бабалардың арқасында елімізді, жерімізді сақтап қалдық («Қаз әдеб.»).

185. **ЕРКЕ** сын. 1. *Бұла болып өскен, шолжаң, ерке-тотай.* Қара жерден қар кетіп, Жерді басқан – бір мұрат. Ер Төстік батыр сенбісің, Елеместің еркесі, Отыз ұлдың кенжесі Өзіңдей болып туады «Тәңірдің» сүйген пендесі (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ерке бала ер болмас (Мақал). 2. *Беткеұстар, қадірлі, сыйлы, құрметті.* Мекен қып құздың қиясын, Бұлтқа салған ұясын. Айнадай көрген аймағын, Түйінін шешкен айланың, Жерге қонбай ұша алмас Көк еркесі қыран да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол Аманкелдіні қозғамай-ақ қойыңдар, – деді Ералы. – «Қойдың еркесі – серке, ел еркесі – Ер», – деген елде мақал бар (М.Жұмағұлов, Қыран.). 3. ауыс. *Асау, буырқанған, тасыған.* Тұранның таулары бар аспанға асқан, Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан. Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ, Жаралып таудан аққан салқын жастан (М.Жұмабаев, Шығ.). Қандай күнде жатыр екен көрейін, Ер қазақтың еркін өскен баласын. Баяғыдай еркіншілік бар ма екен? Өз көзімен ерке көңілің қарасын (М.Дулатов, Шығ.).

186. **ЕРКЕ-БҰЛАН** сын. 1. *Ерке, бұла, шолжың*. Дұрысы – күміс келген күндіз бенен Түнерген қара бұлттай қара түнді. Алайда, ерке-бұлан Ноян ұлан Ашулы ағасына қарап күлді (М.Жұмабаев, Шығ.). Сәкен былайғы жұртқа – ел ағасы, ер азамат болып көрінгенмен, өз анасы үшін әлі де сүйкімді жас ұлан, ерке-бұлан (Ә.Көшімов, Лашын.). Шалқыманың ерке-бұлан шолжыңдығы жоқ, соған қарай ынжық, ұялшақ та емес (А.Хангелдин, Өткен күн.). 2. *Әлпештеген, қағу-соғу көрмеген.* ≈ Ерке-бұлан бала. // *Біреудің әлпештеген аяулылары, еркешолжаң баласы.* Әліпбектің үйін қала халқы да босатпайды, Бұлар – ірі байлардың, ақсүйек-тердің ерке-бұландары (З.Ақышев, Ақбел.). Шетінен ерке-бұлан, әкелері мен шешелерінің жалғызы (Р.Тоқтаров, Ертіс.). // *қағу-соғу көрсетпей, бетінен қақпай.* Шал мен кемпір ортасындағы бір қызды бетінен қақпай ерке-бұландау өсірді (Б.Шаханов, Қаратау.).

187. **ЕРКЕКЖАНДЫ** сын. *Ер мінезді, қайратты.* Менен сен екі есе мықтысың, қайратты, еркекжандысың. Әйел қасиетінен гөрі сенде ердің ерлік қасиеті барырақ (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

188. **ЕРКЕЛЕГІШ** сын. *Еркелеуді жақсы көретін, ұнататын.* Рас, аздап нұр жүзінде әжім бар, әжіміннің өзінде де жазық бар. Көктемің бар, күзің менен қысың бар, Еркелегіш нәзік гүлдей назың бар (Е. Ибраһим, Көкше.). Өзіміз еркелеугезар болып өскендіктен, балаларды еркелегіш қылып өсірдік («Лен. жас»).

189. **ЕРКЕ-ТӘЙТІК** сын. жерг. *Ерке-шолжаң, шолжақ.* Біреудің ерке-тәйтік қып өсірген баласын алмағай ең. Алған соң тілін табу керек, жарасу керек (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Торжан сырлас достардың арасына жараса беретін ерке-тәйтік бір сөз айтты (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Ерке-тәйтік бала кім аузына қандай сөз салса соны айта беруші еді (Т.Әлімқұлов, Ел мен Жер).

190. **ЕРКЕ-ТӘЛПІШ** сын. сөйл. *Ерке-шолжаң.* Жаналының отымен кіріп, күлімен шығып жүріп те көңілінің балдыр күйіне, баяғы ерке-тәлпіш мінезіне басады кейде, тізгінінен айырылып қалады (Б.Аманшин, Көкжар.).

191. **ЕРКЕ-ТОТАЙ** сын. *Қағу-соғу көрмеген, еркін өскен, бұла.* Бір үйдің ұлы да, қызы да өзі боп, тым-тым ерке-тотай шалықтап өскен Ардақтың тілі де шолжың еді (О.Бөкеев, Үркер). Сабыржанның мына бір балалық, ерке-тотай мінезіне кешіріммен қараған жасы үлкен, тәжірибелі ұстаздың бір иірім күлкісі де үйіріліп тұр (О.Сәрсенбаев, Даңқ). Кішкентай ерке-тотай Мәкенді жүрегінің түкпірінен бөлек шығару оңай болмады (М.Жұмағұлов, Қыран).

192. **ЕСЕППАЗ** сын. *Есептеп отыратын, әр қадамы есептеулі*. Нарықтық заманда есеппаз, әрекетшіл болмасаң, тіршілік ету де қиын ғой («Түркістан»).

193. **ЕТЕК-ЖЕҢІ КЕҢ** *Берекелі, пейілі кең, дарқан, қолы ашық.* Қошқар болар қозының Маңдай жағы дөң болар. Адам болар баланың Етек-жеңі кең болар (Мақал). Кең біткен етек-жеңі ағайын ең, Беретін саған дәулет, соған қарай. Балаңа бесіктегі белгілі ғой, Сондықтан ілінбеген Қожан қалай (Жамбыл, Тол. жин.). Әйтпесе, етек-жеңі

кең, жеті-сегіз баланың анасы, бәйбіше боп отыратын дария жан емеспін-бе? (М.Сүндетов).

194. **ЕТІ ТІРІ** *Қолынан әр нәрсе келетін, ширақ, епті, пысық.* Сыздық кедей болғанымен еті тірі адам болғандықтан, бұл да белгілі адам еді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ауа райы жайдарылау ашық күндері еті тірі жандар таңертеңгі шайдан кейін бір-бірімен жолығысу, дидарласу үшін ауылдың орта тұсындағы ұста дүкеніне таман келеді (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ). Ол биыл алтыншы класта оқиды. Еті тірі, ақылды-ақ (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Хатына қарағанда, көп нәрседен хабары бар, еті тірі жігіт сияқты («Лен. жас.»).

195. **ЖАҒЫМДЫ** сын. *Көңілден шығатын ұнамды, сүйкімді*. Әрине, Орақ бастығына жағымды, өйткені бастығы оған артық сөз сөйлемейді (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Өз мінезің қырмызы, Ел-жұртыңа жағымды, Шынжыр балақ, шұбар төс, Ата тегің мәлімді (Жамбыл, Шығ.). Ол жалаң аяқ, жалаң бас дала кезіп, көбелек қуып гүл терген балалық шақтарын, Оспанның сондағы не түрлі жағымды қылықтарын бір ауық еске түсірді (С.Омаров, Дала қызы).

196. **ЖАҒЫМТАЛ** сын. жерг. *Кісіге жаққыш, ұнағыш*. Аталы сөзді айтқан жұртқа жағымтал Шыман төре еді (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). Орысқа жағымтал боламын деп, орыс жетегінен жем жеймін деп бишара біздің ішімізде болған бір-екі қазақ сөз үйретіп жатыр (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

197. **ЖАЙБАРАҚАТ** сын. 1. *Сабырлы, салмақты, байыпты*. Мәртебең жерде тұрмақ жыр өзі ілген, Жөн ғой, жөн өзіне көз тіге жүрген. Мен мұнда ұстаз да емес, шәкірт те емес, Кеп түстім жайбарақат мінезіммен (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

198. **ЖАЙДАРЛЫ** сын. *Жылышырайлы, жарқын мінезді.* Жігіттің... сөзуарлығын көрсетер дүрдиген ерні болмаса, қабағы тым жайдарлы (К. Тоқаев, Көмескі із). Жаз мінезі жайдарлы: Бұлбұл бақта сайрады, Былдырады бұлақтар, Сыбдырады құрақтар... (Ә. Табылдиев, Гүл.). Хал-жағдайларын, жұмысты қалай істеп жатқандарын сұрап сыпайы, жайдарлы әңгімелесіп отыр (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

199. **ЖАЙДАРМАН** сын. 1. *Жайраңдаған, ақжарқын.* Әзімхан қара борандатып, қорқыта сөйледі. Алғашқыдағы жайдарман жүзі суып... түйіліп қапты (Д.Әбілев, Арман.). 2. *Мәз-мейрам, көңілді.* Ұзақ мәз-мейрам боп, арқасы кеңіп қалды. Лезде үй ішінде бір жайдарман көңілділік орнады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). 3. ауыс. Жаймашуақ. Ауыл-аймағымен жазғытұрғы жайдарман шақта көшіп бара жатып, көңіліне көктем нұры ұялаған жігіттер... осылай жамыраса, шалқалай күлер еді (Ә.Шәріпов, Алыс.).

200. **ЖАЙДАРЫ** сын. 1. *Ашық мінезді, ақжарқын*. Ойы анық, әрдайым жайдары, әрбір істің ақырына жеткенше асығатын капитан Ахмет Сүлейменовті талай рет көргені барды Родионовтың (К.Тоқаев, Тасқын). Қабираның жібектей жұмсақ үні, баладай ерке қылығы, жайдары ашық мінезі, жүріс-тұрысы, киім киісі – бәрі-бәрі бөтен еді (М.Сқақбаев, ұят туралы аңыз). Сол бала оқуға өте болды зерек, Торғайда ондай бала туған сирек. Ыбырайдың бәйбішесі Айғанысты Жайдары мінезімен кетті билеп (О.Шипин, Дастан). Жайдары ең, жасқанбаушы ең, жайнаушы едің, Жамылып ақ сәулеңді ойнаушы едім. Шығыстан шарадай боп көтерілсең, Шынымен құдірет деп ойлаушы едім (М.Мақатаев, Шығ.). Тым жайдары, мейірімді мына тана көз қандай, Ол қараса көл де тұнып қалатындай қозғалмай! (М.Шаханов, Ғасыр). 2. *Жылы шырайлы*. Сақал-шашы аппақ, қара торы қарт бізбен жайдары ғана сәлемдесіп, үйге шақырды (А.Сатаев, Ақын.).

201. **ЖАЙҚАР** зат. жерг. *Жайдары, ақкөңіл, жақсы*. Жайқар мінезді болсаң, сені кім болса да жақсы көреді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

202. **ЖАЙЛЫ** сын. 1. *Қажетке сай, ыңғайлы, қолайлы.* Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс, Орман-тоғай кетті ғой ағашың да. Ойласам мұның бәрін хияли боп, Хафадан ішім оттай жанасың да (М.Дулатов, Шығ.). Жұрт жаңа қоныстың малға жайлы болғандығын әңгіме қылысады (М.Әуезов, Шығ.). Жаздың жуан ортасы... Бұл кезде

көшпелі ел үшін құм арасынан жайлы қоныс табу қиын (Ө. Қанахин, Жер бас.). Әрине қыс жайлы болса амалдап шығып кететін жағдай бар еді (Т. Ахтанов, Боран). 2. *Жанға жағымды, рақат.* Дегенмен дастарқаны жаюлы бейілді үйде Дәрмен өзін жайлы сезінді (Т.Әлімқұлов, Сейтек). Қазан астындағы қызыл таптың денең жайылып сала беретін жайлы қызуы бар (Ә.Кекілбаев, Дала.). ...Күн желсіз ашық болса да, тоғай арасынан бір жайлы самал сезіледі (Қ.Исабаев, Соңғы.).

203. **ЖАЙРАҢ МІНЕЗ** *Жайдары мінез, ашық мінез.* Бұрынғы жайраң мінез, бұрынғы ерке қылық жоқ (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

204. **ЖАЙРАҢ** сын. *Көңілі шат, жайдары*. Амангелдінің әйелі арық, өңсіз Рәш ас дайындап жүр. Жұқа ернінде жайраң, момақан күлкісі бар (М.Жұмағұлов, Қыран.). – Қойшы, Әбе, қайдағыны айтпай. О заман да, бұ заман әйел көкпар тартып не қиратушы еді... – деп жанары жайраң бір ұшқын шашып, жарына жалт қарады ол (С.Ақтаев, Дала.). ...Байболатов өз кабинетінде қарсы алды Еңсегей бойлы, ер тұлғалы жайраң жігіт екен (Ақ бидай).

205. **ЖАЙРАТҚЫШ** сын. *Сұлатып, серейтіп салғыш, қиратқыш.* Жайратқыш – бомба, Қиратқыш – бомба, Қарақшы – сәуле, Қасапшы сәуле. Бәрін де сендей (Ш.Смаханұлы, Ұры тіс).

206. **ЖАЙСАҢ** сын. *Жадырап жайраңдаған, жарқын.* Қас-қабағы қиылған, дөң маңдай. Аман болса нағыз жайсаң жігіт болайын деп тұр (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). – Осында соға кетсе жақсы болар еді, көріп қалатын. Жайсаң жігіт қой өзі (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Өзі де етінен ет кесіп беретін жайсаң жігіт еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Аған да бүгін тойса, ертеңін уайымдамайтын еді. Көңілі ақ, жаны жайсаң еді бейбақтың (Қ.Тоқмырзин, Оқшау отау).

207. **ЖАҚСЫ АДАМ** *Қоғамда қалыптасқан әдеп, ахлақ, ізгілік нормаларына сәйкес мінез-құлық, әрекет иесінің жалпы атауы.* Жақсы адам қайда жүрсе қор болмайды Шексе де жол бейнетін ашып-арып, Қуантып ағайын мен ата-анасын (Қамбар батыр).

208. **ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАНДЫ АЙЫРҒАН** *Оң мен солын танитын, ақылы кірген.* Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың (Абай, Тол. жин.). Жақсы менен жаманды айырған әуел Аллаңыз (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

209. **ЖАҚСЫ** сын. 1. *Көңілге ұнайтын оңды, тәуір.* Жұрт жинап жақсы кеңес құрған Түлкі, Зарланып жетімді аяп тұрған Түлкі. Аузына үшеуін де қағып салды – Өзі екен нағыз құдай ұрған Түлкі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жасаған-ай, жақсы хабар әкеле жатқан біреу болғай-ақты (Ж.Аймауытов Шығ.). Жақсы иттің белгісі Жұлмақ түгіл жаламас; Азған елдің бектері Қан шықса елін жұлмалар Қасқырменен аралас (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы). Жақсы менен жаманды Айырған әуел Аллаңыз (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Бастай бер жақсы күнге өмір-арман, Көргенім көз бояғыш, көбі жалған. Молайсын ортайғанын деп тілеймін, Күндерде қолда барды төгіп алған (К.Салықов, Жезкиік.). 2. *Адамгерлік қасиеті мол, тәрбиелі, ұғі, ізгі [адам]*. Жақсының сөзі жылдайды, Тілі тәтті бал судан, Жаманның сөзі ащы-дүр, Адам ішпес зәр удан (Базар жырау, Шығ.). Ақынның елі сондай деп, Үлгісі жақсы қандай деп, Болыңдар елге өнеге. Елі-жұртым сізге айтам, Бірлікті бол, шырақтар (Қабан жырау. Алтын қазық). Жақсыға сырым жасырман, Жаманға, сірә, бас ұрман. Мен бір шапқан жүйрік ат, Бір желіксем басылман (Шал ақын, Өлеңд.). 3. *Ауылдың белді, беделді адамы.* Елдің жақсылары тегіс жиылды, бітімге билер кірісті, қажылар бас қосты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

210. **ЖАЛЫН АТҚАН** поэт. *Жігерлі, қайратты, күш-қуаты мол.* Долы шал садаға кет махаббаттан, Сен бе екен жасты құшар жалын атқан (Қ.Аманжолов, Шығ.). Келдім іздеп кең даламның аспанын, Келдім іздеп жалын атқан жастарын (Ә.Тәжібаев, Аралдар). Сахараның сайран салып желіндей, Жанартаудың жалын атып лебіндей (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).

211. **ЖАЛЫНДЫ** *Жігерлі, қайратты.* Қартқожа алапты, жігерлі, жалынды жігіт болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ту басында тар ауданда саяси азаттық қана сұрап шыққан пролетариат бұл ауданды кеңейткеннің үстіне адамзат тұрмысында теңдік, ортақтық негізін құру деген жаңа жалынды тілек қосылды (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазақ халқының даңқты ақыны Жамбыл Жабаев 100 жасына келгенше өзінің жалынды жырларын шығарудан жалыққан жоқ (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). Мәншүк бұл кезде жалынды үгітші ғана емес, мерген пулеметші де боп алған (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

212. **ЖАНАСҚЫШ** сын. *Жұғымды, үйірсек.* Аңдыса сөйлессе де, Нұрым бірдін-бірге қара жігіттің ақылды және адамға аса жанасқыш екеніне көзі жете бастағандай болды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әжептәуір емес пе, Қараңдаршы түсіне? Ыпыңғайлы-ақ кеңеске, Жанасқыш-ақ кісіге (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Сымбатты тұлғасына, сырт сұлулығына ақылы мен мінезі сай Сүгірәлі қай жағдайда болмасын ержүрек, қашанда жарқын, адамдармен жанасқыш, қол астындағылармен тіл тапқыш сондай бір сүйкімді командир болатын (Ө.Қанахин, Бақыт бәйшешегі).

213. **ЖАНАШЫР** зат. *Жан күйер, қолдаушы, жақтаушы*. Ақыл таппай дағдарып, Жанашыр таппай сандалып, Барарын қайда біле алмай, Жүрген бір күнде сан ғарып (М.Дулатов, Шығ.). Жанашыр деген жігіттер де көзі көргенде есіркегені, қынжылғаны болмаса, дүрмекке кірген соң, әркім өз қамына кетеді (Ж.Аймауытов, «Қартқожа»). – Бұл кім? – деді әжем. – Бұл баяғы өзің берген кітапты жазған «барлық аналардың жанашыры болған адам», – дедім (С.Ерубаев, Шығ.).

214. **ЖАНКЕШПЕ** сын. 1. *Жанкешті, өлермен, батыл.* Сойылға жығылмайтын жанкешпе боларлықтай маңдай сүйегі қалың емес, – деді ол (К.Оразалин). 2. *Өлгентірілгенді білмейтін батыл, ер жүрек*. Қол бастайтын батыр болады деуге, бет ажары олай деп тұрған жоқ. Сойылға жығылмайтын жанкешпе боларлықтай маңдай сүйегі қалың емес, – деді ол (К.Оразалин, Абайдан соң).

215. **ЖАНКЕШТІ** сын. *Өлген-тірілгеніне қарамайтын батыл, өлермен, жанкешпе.* Қазіргі мұрагердің бойында кезіндегі үйсін, қаңлы, ғұн халықтарына тән жанкешті рух, отансүйгіштік, түркілік патриотизм бар ма, жоқ па, соны білгісі келеді. сол халықтарға тән жер күзетшілік, ел қорығыштық қырағы қасиет бұлардың бойында қалып па, жоқ, әлде ондай қасиеттен айрылып қалып па, соны білгісі келеді («Жас алаш»). // *Жанкешпе, батыл адам.* Алаштың бас көсемі Әлихан Бөкейханұлы ... «Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық», десе, бұл барша қазақ оқығандарының идея-пікірі, әрі алда күтулі жаза – террор (ақ не қызыл) көмейіне жұтылар жанкештілердің тұяқсерпер жан айқайы болатын (Тіл тағылымы). // *Қан майдан, қырғын, жойқын.* Жанкештіге баратын өңкей ер жігіттерді сайлап ал (Ғ.Сланов).

216. **ЖАНҚИЯР** сын. 1. *Ержүрек, өжет, батыл*. Баулыған партия күніміз, ОтанныңЖанқияр ұлымыз. Аттан сап қойсақ, лап уралап, Көккеөрлердауылпазүніміз (Қаз. әндері). – Атыпкетіңіз, Шыдай алатын емеспін, – деп зарлап келеді. Жанқияр жауынгер жолдасыңды көзің қиып, қалай ғана атарсың (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). 2. *Етжақын, шын берілген, адал.* Сан қиын істе мені сынағанең, Жанқияр серігің боп ұнаған ем (С.Сейфуллин, Шығ.). Билет бәрін сабырға, Кірме ажалсыз қабырға. Сырласатын күн туар, Жанқияр жақын тамырға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

217. **ЖАНСЕБІЛ ЖАН** *Жанкешті, қайтпас қайсар адам.* Абайдың көңіліне әлдебір жолбарыстай, қабыландай қайратты, жансебіл жандар елестеді (М.Әуезов, Абай жолы).

218. **ЖАНСЕБІЛ** сын. 1. *Жанкешті, батыл*. Орыс князьдарының бастары қосыла бастаған күндерден кейін кешегі қабыландай қайратты, жансебіл жандар, кенет құдайдың қарғысы ұрғандай, бастарына сор нөсерлей жауып, сан мәртебе оңай жеңілді (І.Есенберлин, Алмасқылыш). 2. *Өлермен, жанкешпе.* Арманның тәтті азабын тартқан, әлсіз үміт жетегінде жансебіл болған, сонда да тауы шағылмаған, тағдыры қасарысқан адамның қалпы (Б.Аманшин, Көкжар). Сасық күзеннен қайсар, онан жансебіл аң бар ма екен дүниеде (З.Ақышев, Ақбеласуы). Адам деген қандай жансебіл, өлермен келеді

(С.Бақбергенов, Кентау). «Өтірік қанша жансебіл болса да, өсіп-өркендейтін тек шындық қана» деп, сол шындық күресінің ұранын көтерді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). 3. *Жойқын, қырғын.* Жансебіл қырғын елдің есіндегі, Ізі айқын Ұлытауда, Есілдегі. Қызылжар қаласында колаланды Қос батыр бір тұғырда есімдері (К.Салықов, Жезкиік.). 4. жерг. *Бейнетқор, еңбексүйгіш.* Қасым нағыз жансебіл, ұзақ күнге шаршамайды (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Әуезовтің жаны не деген сірі, жансебіл, төзімі темір, беріктен жаратылған – деп таңқалар еді («Жұлдыз»).

219. **ЖАНЫ БЕРІК** *Қуатты, мықты.* Бірақ сен өлмейсің ғой жаның берік, Құтқарсаң бар әлемді шыны өліп. Өлмесең де өлтірем өсе келе, Жүрмеспін жолдас болып саған еріп (С.Торайғыров, Шығ.).

220. **ЖАНЫ СІРІ [ТЕМІР]** *Шыдамды, мықты, төзімді.* Қыздың жаны сірі екен, көпке дейін құлаған жоқ (Б.Тоғысбаев, Асыл адам айнымас). Жаны сірі-ақ өзінің. Әкесінің соңынан Сібірге ере барып қайтты, өлетін түрі жоқ, – деді әлдекімдер мысқылдай сөйлеп (Ә.Әлімжанов, Махамбет). Қой жоғалса, өлсе төлеулі. Байдың бұл қойлары суға салса батпайтын, отқа жанбайтын бір жаны темір қойлар болды (І.Жансүгіров, Шығ.).

221. **ЖАНЫ ҮЛКЕН** *Үлкен жүректі, ақыл-парасаты мол.* Сен болмасаң жолда қалып, Жастанар ем бір төбені. Кіп-кішкентай болсаң да өзің, Жаның қандай үлкен еді (С.Мәуленов, Алыс кет.).

222. **ЖАРҚЫЛДАҚ** ауыс. 1. *Ақжарқын, көңілді, жайдары*. Ойлап отырса, көрші қыз соншама еркін, ашық-жарқын, жарқылдақ екен (О.Бөкеев, Қайдасың.). Зина кісіге сенгіш, ақкөңіл, жарқылдақ жан (К.Тоқаев, Түнде.). Жаңағы бір жарқылдақ мінезі су сепкендей басылған (М.Сүндетов, Ескексіз.). 2. *Әсіре; мәнсіз; даңғаза.* Осы мазмұндағы өлеңдердің де жарқылдақ ұраншылдығы, сөзуарлығы азайды («Уақыт және қаламгер»).

223. **ЖАРҚЫН ЖҮЗ [ЖҮЗДІ]** *Ақкөңіл, жайдары.* Інілер, қош-аман бол, келіндерім, Жарқын жүз, жарық маңдай көрімдерім, Астанам Алматыға алты жылда Аққудай көл аңсаған келіп едім (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Нашарға көшсе – көлік, қонса – тамақ, Бәріне де жарқын жүз, түзу қабақ. Не берсе, нашарлығы үшін берер, «Қызмет қыл» деп отырмас тиын санап. (С.Торайғыров, Алаш). Туысқандары Абайды жарқын жүзбен қуанып қарсы алды (М.Әуезов). Жарқын жүзді, жайдары мінезді, балажан Әмина балалар үшін өз шешелерін ұмыттырғандай шеше еді (Ғ. Мүсірепов, Кезд. кет.).

224. **ЖАУАПКЕР** зат. *Міндетіне алған, бір істің нәтижесіне жауап беретін адам.* Жаңа заман мәселесін кең түрде келелі кеңес қылсаң, шығарманың идеясы биік, көркемдігі тамаша болып, сапалы шығуына жауапкер екенімізді ұғамыз (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Жігітек қазір жауапкер ел, сондықтан өзгенің аңысын аңдау, ең үлкен тәсіл болмаққа керек (М.Әуезов, Шығ.). Ұрындым деп тіршілік кесіріне, Кір келтірме біреудің есіміне. Салмағы ауыр өмірдің сауалы көп, Жауапкері өзіңсің шешіміне (К.Салықов, Жезкиік.). Бұл жағдайға Көкшетау жағынан былтыр күзде ауысып, сол мектепке келген жолдасы жалғыз Асайын ғана жауапкер емес сияқты (С.Омаров, Өмір.).

225. **ЖАУАПТЫ** сын. *Міндетті, борышты; жауап беретін (адам).* Шаруашылықтың бар саласына ол тікелей жауапты (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Сәлмен осыған өзі жауапты адамдай қиналып, бір түрлі уайымдап, көңілі көншімей, күйреп отыр (Б.Тілегенов, Аққайнар.). Көркем шығармалар сапасының төмендеуіне, әлбетте, алдымен әдебиет сыны жауапты (Е.Ысмайылов, Сын.). Айына 300 доллар төлейік, ұқыпты, жауапты адамбыз, бізге жалға беріңіз («Жас Алаш»).

226. **ЖАУГЕР** сын. 1. *Батыл, ержүрек, қайтпайтын*. Жалғыз-ақ қатты тауда дыбысталады, Шақырған жаугер қазақ бірін-бірі (І.Жансүгіров, Шығ.). Мен туғанда жерден алған көтеріп, Жаугер әкем ту көтерген қолымен (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Қыпшақтардың жаугер, өлермен екенін біліп қалған (О.Сәрсенбаев, Сағым). 2. *Айбатты, қажырлы; жауынгер.* Жастайымнан жаугердің киімін кигізген

(Д.Досжанов, Тұлпар.). Қыпшақтардың еркек-әйелі түгелдей жақсы жаугер еді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Атқа бай елдің шатаққа жоғын көргенде, жаугер елдің баласы қапа болмай, қалай тұрмақ? («Қаз. әдеб.»).

227. **ЖАУЖАНДЫ** сын. *Жанжалқұмар, жауласқыш, соғысқұмар.* Осының бәрі болыста әлі де болсын жаужанды адамдардың барын айта ма, қалай? (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Қатын алма төреден, Қатын алсаң төреден, Еркегі болар жаужанды. Ұрғашысы ер жанды (XVIII-XIX ғ. қаз. ақын.).

228. **ЖАУЖҮРЕК** сын. *Өжет, батыл, жүректі.* Масғұтқа келді әлгі шал көзін тігіп, Көрсе бастан ағып тұр қан дірдектеп. Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші, Жігіт қой ер көкірек, жаужүрек деп (Абай). Жаужүрек, қыран көзді арыстаным, Жан қиып халық үшін қарысқаның. Қатардан қазақ сорлы қалдырмасқа Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның (М.Дулатов, Шығ.). Сөйтіп, ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тамаша батыр, ғажап жаужүрек, ұсынғаны қате кетпейтін жалғыз Кейкінің өзі қайда қазір? (М.Жұмағұлов, Қыран.). Ағыбайдың сондай жаужүрек батырлығын ол мақтаныш ететін (І.Есенберлин, Қаһар).

229. **ЖАУТҮСІРГІШ** сын. *Батыл, ержүрек, мықты*. Сол ұлдардың екі-үшеуі Ақтайдың жылқысын бағады, басқалары да жалшылықта. Бірақ олар шетінен көкжал, жаутүсіргіш жігіттер (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

230. **ЖӘБІРСІЗ** сын. *Ешбір зәбірі жоқ, зәбірсіз, зілсіз.* Тұп-тура Байбол болыс өз ісінде, Асқан әділ, жәбірсіз еш кісіге (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Бекет алақтап тұрған Нәркеске қарап, жәбірсіз күлкімен мырс етті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Манат үндеген жоқ, қысық көздеріне жәбірсіз күлкі жинаған қалпы кіре бере дауыстады (С.Шаймерденов, Болашақ.).

231. **ЖЕДЕЛСІЗ** сын. *Ұқыпты, тыңғылықты.* Істеген ісіне жеделсіз адам (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Ғашық көңіл асығыс, Досым іздеп кел дейді. Жеделсіз шіркін болмасаң, Қолыңның ұшын бер дейді (Батырлар жыры)

232. **ЖЕЛҒАБАЗ** сын. *Аққөңіл, ашық.* Төртбақ, алаң-көз, аузы тыным таппайтын, желғабаз жігіт екен (Б.Аманшин, Көкжар). Өзі – бір көрмеге желғабаз, елпілдеп-желпілдеп қалған адам (М.Сүндетов, Ескексіз.)

233. **ЖЕТЕЛІ** сын. 1. *Жетесінде бір нәрсе бар, ақылды, саналы (адам).* «Жетесіз» Мақан «жетелі» Сүлейдің қалыңдығын тартып, әкеткен соң, Сүлей одан жаман күлкі болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жетесіздер керісіп жатқанда, жетелілер бөлісіп жатады (Мақал). Жетелі жігіт болсаң ұмтыл алға, Өзің ұқ, бәрін айтып тізбейін деп (М.Әшірбаев, Кербез.). Бұл өңірдің жетелі қазағы алдын кеспейтін мына Созақ үстіндегі Мәлік батырға кісі шаптыру керектігін, қайбір күні, Өтеп те айтып отырған (А.Сүлейменов, Бесін). Осы қағиданы жете түсінген жетелі ақындарымыз заманды жаңғыртып, жасартып жатқан жаңа адамдардың ой санасына үңіле бастаған (С.Мәуленов, Үркер.). 2. ауыс. *Ойлы, мағыналы, салиқалы (сөз, әңгіме).* – Сақау немесе қырсыққан, Сөзің жоқ па жетелі! – деп енді жұрт тұмсықтан, Шертіп-шертіп кетеді (Қ.Баянбаев, Ақ шағала). Творчество қайраткерлері жыл құсындай бас қосып қалатын осындай кеңестер тұсында мәдениетімізге басшылық етіп отырған адамдардан жетелі сөз күтеміз («Қаз. әдеб.»).

234. **ЖОЙДАСЫН** сын. *Мықты, күшті.* Бұрқан атының тізгінін тежеді де: – Шеттеріннен кілең жойдасын ерлерсіңдер, ал жортқанда жолдарың болғай, – деді (Ә.Көшімов, Лашын.). // Мықты, ірі, күшті кісі. Ал жойдасындардың өзі Тұрсынға жанасарлық ыңғай білдірмеді жол үстінде (Ә.Көшімов, Лашын хикаясы).

235. **ЖУАС** сын. *Момын, момақан.* Қонақ қойдан да жуас, май берсе де жей береді (Мақал). Сәрсенбайдың жуас, қорқақтығы Шолпанға бұрыннан мәлім-һәм бұл сапарда да пікірі тамам көрініп қалған себепті (М.Дулатов. Шығ.). Қасымыздағы бақылаушылар дәл сол кезде жуас болды. Қасымызға келіп-кеткендерге үндемейтін

болды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Бүгінгі жиын пысығы бар, жуас ы бар совхоздың бар адамын желпінтіп, желік беріп тастаған секілді (Сауыншы шамшырақ).

236. **ЖУАС-ҚОҢЫР** сын. *Моп-момақан, момын*. Құрманғазының әкесі Сағырбай бүкіл өмірін байдың жалшылығында өткізген жуас-қоңыр адам болатын (А.Жұбанов, Құрманғазы).

237. **ЖУАСТАУ** сын. 1. *Момындау, жібі бостау.* Жігіттер мені айналдырды. Мен олардың ортасына түспей шеттеп жүретінмін. Өзім сияқты жуастау орыс қызымен жолдас боп, сонымен сөйлесетінмін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бес жігіттің ішіндегі сырт сөзге момыны, былай айтқанда, жуастауы Жорабек Айдарбеков деген арық, ұзын бойлы жігіт («Қаз. әдеб.»). 2. *Аздап бас білетін, жуасырақ.* Жуастау көк бестіге мінген Сағадат қанжығасына бір түйіншек байлады да адырға қарай кетті (М.Әуезов, Өскен өркен). Жығып кетер, жуастау атқа мінгіз! Таңдап жүріп осылай ел тағы да, Қосылмаған талайдан той-тобырға (С.Жиенбаев, Таңд. шығ.). Қызыл айғыр бұдан гөрі жуастау, мұндай аласұрған жоқ, (Қ.Қазыбаев, Ызғар). 3. ауыс. *Сәл басыңқы, солғындау.* Тегінде, алаңқай ашық даладан гөрі таулы жердің бораны жуастау болатынын да байқап келем («Қаз. әдеб.»)

238. **ЖҰҒЫМДЫ** ауыс. *Жағымды, сүйкімді, ұнамды.* Сыпайы адам сынық мінезді, көпке жұғымды сүйкімді атанады (М.Әлімбаев, Тәрбие). Сағила ақ жарқын, жайдары адам. Абысын-ажынға да, дос-жарға да жұғымды (М.Иманжанов, Алғашқы ай). Бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін қолдан түзетіп… солардың арқасында сынайы, жұғымды жігіт атанбақ (Абай, Тол. жин.). Дәл сол күні біздің үйде бір қонақ қоныш отыр екен, аты – Мұса. Өзі домбыра тартып, ән салады. Мінезі жұмсақ, кісіге жұғымды тәуір адам көрінеді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

239. **ЖҰҒЫМЫ БАР** *Икемді, епті, қыры бар*. Басқарманың әйелі кербез сылқым емес, қолынан әжептеуір тірлік келетін, қазан-ошаққа жұғымы бар адам екен (О.Сәрсенбаев, Бақыт).

240. **ЖҮЗІ ЖАРҚЫН** 1. *Ақжарқын, ақкөңіл, жақсылық ойлағыш, ниеті таза.* Құшақтап қыз аяғын жатып алды, Сен үшін аузымызды ашпалық деп. Сонда қыз айнасына қарап алтын, Жалт етіп, айна көзі жүзі жарқын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 2. *Мерейі үстем, ел бетіне қарайтын жағдайда.* Біледі білімділер сөздің парқын, Күйеу-қыз жақсы болса жүзің жарқын. Халыққа адал еңбек еткен адам Көреді кисем болып елдің нарқын (К.Әзір, Таңд. шығ.).

241. **ЖҮРЕГІНІҢ [ЖҮРЕГІНДЕ] ЖАЛЫНЫ [ОТЫ, ШОҒЫ] БАР** *Жігерлі, еті тірі, өткір*. Бір-екі мұнан бұрын, Семей қаласында, білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне кираятхана ашады деп естіп куанып едік, сол хабардың жандануына тілектеспіз (М.Дулатов, Шығ.). Серіктей ұзақ қадам мол адымға, Шұбалып жатыр шиыр жол алдында. Оты бар жүрегінің жақсы жігіт, Білмеймін болмадым ба, бола алдым ба (Ө.Жайлауов, Жарқын.). Жүрегіннің оты бар бала көрінесің, – деп тойбасы арқамнан қағып, мақтап қойды (Б.Соқпақбаев, Жексен). Жүрегінде жылт еткен шоғы бар жігіт, барымтадан шет қалуы мүмкін де емес еді (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.).

242. **ЖҮРЕГІНІҢ ТҮГІ БАР** *Ер, батыр, батыл, еш нәрседен таймайтын, қаймықпайтын (адам)*. Түгі бар жүрегінде кере қарыс Жасынан кеудесінде жанған намыс. Ер болды Амангелді айдыны асқан, Жігіттің бір сырттаны жас жолбарыс (О.Шипин, Амангелді).

243. **ЖҮРЕК ЖҰТҚАН БАТЫР** *Асқан қайсар, еш қорықпайтын, тайсалмайтын ержүрек*. Ал кейбір жүрек жұтқан батырлары күрке, лашықтардың қасында жіңішке найзағай меңзелдес көгілдір құрыш алдаспандарын қамсыз қайрауда (І.Есенберлин, Қаһар).

244. **ЖҮРЕКЖҰТҚАН** сын. *Батыл, ер, қаһарман*. Осымен қатар Құнанбайдың «жүрекжұтқан ерлігі, айла-тәсілі» өзімен-өзі атамай-ақ әйгіленіп жатты (М.Әуезов, Абай). Әдетте теңізшінің қаншалықты жүрекжұтқан қаһарман екенін оның қандай

теңізде сапарға шыңқанынан білуге болады («Қаз. әдеб.»). Батыры ма жүрекжұтқан, Ерте ойлаған ел намысын. Сүйді оны жалпақ жұрт та, Өлмей тірі қалғаны үшін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

245. **ЖҮРЕКТІ** сын. *Тайсалмайтын, батыл, ержүрек.* Сондай жортуылда қаптаған жаудан қайтпайтын Нұрбайдай жүректі адамды көрген емеспін (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жүректі де табанды Көкшағыр нажағай шапшаңдығымен қимылдады (Д.Әбілев, Арман.). Айырылып ата-анадан, Жетімдік шіркін жүдетті. Жабырқау тартып налыды, Жас нояндар жүректі (О.Шипин, Дастан.). Кешегі арыстанды айбары зор, Жүректі жолбарыстай қайраты мол Айырып ар-намыстан, көштен,естен, Кім қылды шала-жансар бір қорқақ құл? (М.Жұмабаев, Шығ.).

246. **ЖЫП-ЖИНАҚЫ** сын. *Етек-жеңі жиылған, әдемі, ықшам.* Екеуінің үй-жайы да, қора-қопсысы да аяққа құйған астай жып-жинақы (С.Омаров, Дала қызы). Бес қанат қоңыр үйдің сырты жұпыны көрінгенімен іші жып-жинақы сәнді екен («Қаз. әдеб.»). Қияқ мұрт, ақ сары ғана, жараған аттай жып-жинақы, өз (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бұған дейін талай шайқас, талай айтыстар да, талай жаудың беті, желдің өті тар жерлерде көріп жүргенде әрдайым сырын шашпай, өте бір ұсынықты шебердің қолынан шыққан мінсіз бұйымдай жып-жинақы, жып-жылмағай жүретін осы бір ұстамды, ақылды кісіге өте бір риза болатын (Ә.Кекілбаев, Үркер.).

247. **ЖЫТҚЫР** сын. *Алғыр, тапқыр, өжет.* Жазушы қанша сегіз қырлы, бір сырлы болғанымен оның бір қыры ерекше өткір, ерекше жытқыр болуға тиіс («Соц. Қаз.»). – Бұл жытқырды мұнда кім ұтушы еді деп, Балқия Тоқанның бүйіріне түртіп қалды (Қ.Қамбаров, Алтай).

248. **ЖІБЕК МІНЕЗДІ** *Сыпайы, әдепті*. Сағила әуел баста сонша назды да жібек мінезді жан еді. Мен дегенде үзіліп тұратын (З. Шашкин, Доктор.).

249. **ЖІБІ ТҮЗУ** ауыс. *Дұрыс жолдағы, жөнімен жүретін (адам).* Қадірлі дос! Қайтесің, ренжіме, Айтпай-ақ қой, Халіңді білем, білем!.. Таппай жүрсің сырласар сыңарыңды, Жібі түзу жан іздеп жылы өңдіден. Айтпасаң да халіңді білем, білем… (М.Мақатаев, Шығ.). Жібі түзу адамға бұл сұрқиялар күн көрсетуші ме еді (Қ.Нажми). Бондаренко мен Добрушкин екі түрлі адам. Бондаренко қылтың-сылтыңды білмейтін, жібі түзу, өмір жолы айқын, ұстамды адам, ал Добрушкин болса, ала аяқтың өзі, онысынан әскерде де арыла алмай келеді (Т.Ахтанов, Таңд. шығ.). Ұрқия түскелі он жылға айналып барады, жасы 27-ге келді. Бар айыбы: пұшпағы қанаған жоқ, әйтпесе жібі түзу әйел (Ж.Аймауытов, Шығ.).

250. **ЖІГЕРЛІ** сын. 1. *Жігер берерліктей, рух оятатындай*. Қазақта жігерлі, талапты, өткір жігіттерді кейде бойында оты бар, жүрегінде жалыны бар, бойында бір шақпақ қуы бар от жігіт, жалынды жігіт деп те атайды. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген біліміннің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен, жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті (М.Жұмабаев, Шығ.). 2. *Қажырлы, қайратты.* “Мін түзелмей түзелмес ел жұмысы”.– Деген жоқ па бұрынғы білімдісі. Ханы тура болмаса халқы оңбайды, Мұны айтқан өткен ердің жігерлісі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Адам бол, жігерлі бол қырық бұраудай, Мінезің жұмсақ болсын май сылаудай. Желдетпей, дауылдатпай, жаңбырлатпай, Қал майда мінезіннен бір күн аумай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 3. *Өз бетімен дербес шешім қабылдаудан тайсақтамайтын, бұғып қалмайтын, ойын ашық білдіретін, кедергіден қорықпайтын.* Адамның жігерлі болуы оның көзқарасы мен сеніміне, арман-мұратына байланысты (ҚҰЭ). Жігерлі кісі болып қалыптасудың жолдары сан алуан (ҚҰЭ). Оның күнге тотыққан кесек әлпеті, бурыл шашы бейне бір жігерлі алып адамды аңғартады (Б.Қожабекұлы).

251. **ЖІГЕРІМЕН ТАСТЫ ҮГІТКЕН [ДАЛАНЫ ДҮР СІЛКІНТКЕН]** *Ерекше қайратты, еркі күшті, ержүрек, батыл, батыр, өркеуде (жан).* Жігерімен жіберердей тасты үгіп, Өнер, ойы тармақты, Адал, жайсаң жас жігіт Ел ырысын шашып өткен Тосын келген қасіреттен Жанын салып туған жерін қорғапты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Иә, қарттар бар арғымағы арманнан, Жігерімен дүр сілкінткен даланы. Сұлулықты сезінуден қалған жан Бәрінен де қалады (М.Шаханов, Ғасырлар.).

252. **ЗӘБІРСІЗ** сын. *Кісіге жамандығы жоқ, қиянатсыз; жәбірсіз.* Сырт көзге сондай момақан, жан адамға зәбірсіз көрінгенмен, жүрегінезәр жиып, жұмыла түскен қабақтың астынан үй ішін бағып отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мен де сені келешекте ақылы алдында, ашуы соңында жүретін зәбірсіз жан бола ма деуші едім (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

253. **ЗЕЙІНДІ** сын. *Зейін тоқтатқыш, алғыр, зерделі, ықыласты*. Баласы зейінді. Жүз мың түгілі бір айтқанда қағып алып, қайта айтып береді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Зейінді, ықыласты шәкірттің бірі боп, ауылдың барлық үлкенінесүйікті көрінетін, қырлы мұрын Мағаш та бүгін осында (М.Әуезов, Абай). Бұрынғы оқымаған балалардың ішінде ең зейінді с і Жамал болып шықты. Жамал осы майда тоғыз толып, онға қарап еді (М.Дулатов, Шығ.). Апасының бұл сөзін Көкірегіне тоқыды, Ауылдағы мектептің Шәкірті боп зейінді Бірнеше жыл оқыды (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

254. **ЗЕРДЕЛІ ЖАН** *Аңғарымпаз, түйсігі мол, көзі ашық адам.* Еуропаға жазудың иісі де бармаған заманда ақпаратты мәңгі сақтаудың ілкі технологиясы мен идеясы кімнен шыққанын зерделі жанға ажыратудың еш қиындығы жоқ («Жас Алаш»).

255. **ЗЕРДЕЛІ** сын. *Ақылды, есті, саналы; зейінді.* “Жұлын жеген бала суға кетеді” дегенді білетін зерделі әйел қайнысының аяқ астынан неге бұлан-талан болғанын түсіне қойды (Қ.Салғарин, Қасапшылық). Зерделі жанға бұл аз нәсіп емес (“Қаз. әдеб.”). Бұл еңбекте, бір жағынан, сол дәуірде хатқа түсіп немесе кейін көшіріліп қолжазба ретінде сақталған еңбектер талданып, халқымыздың зерделі ойлау ерекшеліктері мен дүниетаным бастаулары жөнінде ғылыми тұжырым жасалды (Қазақ дала. ойшыл.). Қазақтың зерделі ұлдары мен қыздарының көбейе беруіне тілектеспін (С.Мыңжасарова, Замандас.).

256. **ЗЕРЕК ТУҒАН** *Айрықша ақылды, көкірегі ашық, білімді, көп оқыған, сауатты (адам).* Бұл кемпір ұрғышыдан туған зерек, Кісі екен оқымысты жөні бөлек. Екеуін бір емшектен емізбеске Алланың бір хикметі болса керек (Ш.Құдайбердиев. Шығ.).

257. **ИБАДАТТЫ** сын. сөйл. *Инабатты.* Жар Науат, жаны жібек ибадатты, Алау бар ақ жүзінде иман атты, Именіп қайнағадан, иығына Шалғайын орамалдың жинап апты (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). Аққөңіл, таза пейіл, уыз жүрек, Сырты қандай болса, іші сондай, Кішіпейіл, білімді, ойы зерек, Ибадатты боп келсін, арсызданбай (Қ.Аманжолов, Шығ.).

258. **ИБАЛЫ** сын. *Әдепті, ізетті, сыпайы*. Айсұлу әжеге тақап келіп, үстелдің екінші жағына тізесінен жүгініп отырып, ибалы жүзбен сәлем бергендей боп: – «Есенсіз бе, әже?» – деді (М.Әуезов, Өскен өркен), Жасамыс әйел жап-жаңа ақ халатты әкеп кигізді де Асқарға «рұқсат етіңіз, бастауға!» дегендей, ибалы қылықпен иілді де, топты бастап, емхананы аралады (З.Шашкин, Теміртау). Мұны көргенде манадан бері екі босағада иіліп-бүгіліп тағзым етіп тұрған қызметші қыздардың ибалы жүзіне еріксіз күлкі жүгірді (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Алдыңыздан батырлар жырындағы ержүрек тұлғалар, ертегілердегі кейіпкерлер, салт-дәстүріміздегі, әдеп-ғұрпымыздағы ибалы иірімдер жолығып, тағдырыңызды мәңгі сол жерге байлағыңыз келеді («Егеменді Қазақстан»).

259. **ИЛАНҒЫШ** сын. *Бір нәрсеге, біреудің айтқанына сенгіш, нанғыш, көнгіш.* Бұл сөзінің жаны бар. Әнуар да, Айсұлу да момын әрнеге иланғыш, әлі ширап піспеген жастар деп таниды Естай (А.Баттанаев, Асан). Бала қиялы ұшқыр. Бала жаны мейлінше нәзік. Бала көңілі таза, тез иланғыш. Бала арманшыл («Қаз. әдеб.»). Шайқас үстінде жаужүрек, қайтпас қайсар Қаһарман болғанымен тыныштық кезінде аңқылдаған аққөңіл, Иланғыш ұяң келуші еді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

260. **ИМАН ЖҮЗДІ** *Ар-ұяты, ұжданы бар, кішіпейіл, жылы жүзді.* – Шырағым, иман жүзді адам көрінесің, Түсі игіден түңілме деп, саған бастан-аяқ айтайын, – деп сөзін бастады (І.Жансүгіров, Шығ.). Осындай иман жүзді адамдар да дүниеде көп екен

ғой! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ер едің иман жүзді жылы деген, Жігітке тәуір ат па ұры деген? Ақсақал батасын ал, бұлай етпе, Берекет таба алмассың мұныменен (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

261. **ИМАНДЫ ЖАН** *Аллаға сенетін, діни парызын орындайтын адам.* Адал жүректі, иманды жан қажылық парызын да өтеп, жақында ғана өмірден озды... («Егемен Қазақстан»).

262. **ИМАНДЫ** сын. 1. діни. *Дінге сенімі мықты, иманы бар, діншіл.* Мумин болсаң, әуелі иманды бол, Бендеге иман өзі ашады жол (Абай, Таңд. жин.). Сіздің батиныңыз таза болмағы ол иман болып, бұл заһир ғибатыңыз иманды болған соң ғана (Абай, Тол. жин.) 2. діни. *Алла күнәсін кешірген, рақымын берген (марқұм туралы)*. Менің әке-шешем өлген еді, мен оның жалғыз баласы едім. Менің сол әке-шешем иманды ма, жоқ имансыз ба, соны сен біліп келесің, – деді патша жігітке (Қаз. ертег.). 3. ауыс. *Ар-ұяты күшті, әділ, дұрыс*. Әйткенмен «дұшпанды, досыңдай сына» деген сөз өте тура, өте иманды сөз (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Сондықтан осы жылы Парламент «Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот кеңесі туралы» және «Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы туралы» заңдарды қабылдады, олар сот жүйесі үшін кадрларды іріктеу тәртібін реттеп, судьялардың жоғарғы кәсіби, иманды және әдептілігі мінсіз адамдар болуына қол жеткізуге мүмкіндік берді («Егемен Қазақстан»). // *Аллаға сенім келтіріп, оның жалғыз жаратушы екенін мойындаған, Құдайдан қорқатын адам, мұсылман кісі.* Өзі беріп, өзі алған арманы жоқ, Мағшардан имандыма кез келерсің (Қозы Көрпеш.). Ауызбірлік жоқ жерде Қиянатты қият бар. Ұяттың иман қабы дер, Имандыда ұят бар (Қабан жырау // Алтын қазық). Кетпей месоларды айтсам көңіл кірі, Арзан ғой имандыға ұжмақ төрі. Набуат мүһрі сонда көзге түсіп, Мешіттің ішін жарық қылған нұры (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.). Имандылар Мұхаммед уағыздарына сөзсіз нанып, оны бұлжытпай орындап отыратын болады (Х.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Жаққан от, жылдар бойы жиған білім, Қосар-ау қатарына имандының. Сенімнін тұлпарына міндім ерте, Арқанда сенің ғана, туған тілім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

263. **ИМАНМЕН ҚАПТАП ҚОЙҒАНДАЙ** бейн. *Бір көргенге мұнтаздай, күнәдан пәк кісідей.* Қайдан білейін, адам аласы ішінде ғой, түріне қарасам, иманмен қаптап қойғандай, – дейді (Ә.Нұрпейісов.).

264. **ИМАНЫ БЕТІНДЕ ҮЗІЛІП ТҰР** *Ұяң, ибалы, тәрбиелі деген мағынада.* Біз де қыз асырап едік. Бірақ, біздің қызымыз ер кісіге қарамай, иманы бетінде үзіліп тұрып еді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

265. **ИМАНЫНА БЕРІК** Уәдесіне, сертіне берік, сөзінен таймайтын. Бекайдар иманына берік: Бұл жолы да хат салған жоқ, қайтарында телеграмма да берген жоқ («Қаз. әдеб.»).

266. **ИНАБАТТЫ** сын. 1. *Ибалы, әдепті, ізетті, ілтипатты.* Молдалардың ойынша: бұл мәжілісте өңшең инабатты кісілер жиналады (І.Жансүгіров, Шығ.). Румда бір есті бар Салон атты, Данышпан, тура сөзді, инабатты. Сол келді деп хан шақыртып, Біраз ғана сөйлесіп жауап қатты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.) Қарашы, әне, мына сіңлің сияқты Инабатты, албырт әрі ұятты, Алаулаған желегі Соңымыздан асау ұрпақ, арынды ұрпақ келеді (М.Шаханов, Ғасыр.). 2. *Ар-ұятты, ұжданды, иманды*. Инабатты, ибалы жастардың әйелге көрсететін лайықты құрметіндей түсінді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Самырат сабырлы жан инабатты, Болады инабатпен дін қуатты. Биқулық харамдықты қолданған жан Тапқан жоқ дүнияда еш мұратты (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Шырағым! Мен бір инабатты ақсақал адам едім, Бұрын кісіден қорлық-зорлық көре қойған жоқ едім, шырағым, түсің жылы бала көрінесің, «түсі игіден - түңілме» деп еді. (Ж.Аймауытов, Шығ.). 3. көне. *Өктем, сенімді, тұрақты.* Патша ашуланған жаман қатты: «Қалайша қарсылық қып мылтық атты?» Он солдат түнде барып байлап алды, Бұйрығы патшаның инабатты (Ә.Найманбаев, Шығ.).

267. **ИНАБАТШЫЛ** сын. *Ибашыл, әдеп сақтағыш, сыпайы, ізетшіл.* Кішіге қамқоршы, үлкеннің алдында инабатшыл, ақыл сөзін тыңдағыш болу, дұрыс жолдан таймау, достық, туыстық сияқты адамгершілік сыпаттардың бәрі де кіреді (Б.Тоқтаров Қыран.). Айғайшы көсемдердің көшбасы осы Бөкем, былайша айтқанда, Бозжігіт. Үлкенге де, кішіге де инабатшыл, ауылдың ат қойғыш әйелдері «сенатор», «қайнаға» деген тіркестерді қосып ап соға береді («Лен. жас»). Менің инабатшыл мінезімді жақсы білетін Ғалым бір сөздің ретінде: Дихан өлеңге бой ұрып жүр, Биаға, – деді (Д.Әбілев).

268. **ИНЕНІҢ КӨЗІНЕН ӨТКЕНДЕЙ** *Еті тірі, пысық.* Тәңірберген жас болғанмен қысылған жерде айла мен ақылды қатар жұмсап, иненің көзінен өткендей ебі болатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

269. **ИІ ЖҰМСАҚ [ЖҰМСАҒЫРАҚ]** 1. *Айтқанға көнгіш, көңілшек, жуас, момын.* Әкесі Мұстафаны осы баламның иі жұмсақ, өте ақ жарқын, әрі райлы деп отыратын (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). 2. *Ақкөңіл, босаң.* Түнеукүнгі өткен басқарма мәжілісінде ана қисық Әбді тұрып: «Иің жұмсақ, бүйтіп ел басқара алмайсың!» деп сынапты оны (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас.). Бұлар да атаман Анненковтың солдаттары екен. Көбі отрядқа өзі тіленіп кірген оқудағы балалар екен. Бұлардың иі бұрынғылардан жұмсағырақ көрінеді (С.Сейфуллин, Шығ.).

270. **КЕКСІЗ** сын. – Батыр кексіз келеді деген, оны ұмытқан шығарсың,– деп шетен қалпақ енді кішірейесөйледі (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Оқта-текте ғана үй ішінде «әрі отыр – бері отыр» дегендей кексіз ренжісу болмаса, көңіл қаларлық сөзге барған жоқ-ты (Т.Нұртазин, Ауыл.). Жүгір-жүгір, көп изде, Жүгірмейді дегізбе, Үлкен ұрса күле бер, Кексіз жандай жүре бер (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

271. **КЕЛІСІМПАЗ** сын. *Ымырашыл, келіскіш.*

272. **КЕНЕН** сын. 1. *Кеңпейіл, дарқан.* Шопандар да жөн ойдың төркінін тереңнен танып, тақ тұрып-ақ жатыр. Бір Мешітбай емес, талай шопан-ақ осылайша кенен көңіл танытады (Саржайлау). 2. *Өте кең, мол.* Тоса тұр, көктем әлі-ақ басталады. Аралап ауыл-аймақ, астананы, Кезеді кенен жайлау, кербез жонды Қазақтың жыршы бұлақ, саф самалы (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). 3. *Терең, бай (ойлы).* Газеттің небәрі бір жарым бетін ғана алып жатқан бұл шағын еңбек – ойға кенен, талдауы терең дүние (С.Әбдірахманұлы, Ойшылдық).

273. **КЕҢ ЕТЕК** *Еш нәрсеге мән бермейтін, дарқан.* Нұрлан бойында данышпан табиғат әрі талғап, әрі таңдап беретін талант оты жана бастаған еді. Ауылдың кең етек өмірі оны бірден ұға қоймады («Қаз. әдеб.»). Етегі кең ел үшін, Ерлердің туған жері үшін (Н.Байғанин, Шығ. жин.).

274. **КЕҢ ҚОЛТЫҚ** *Ақкөңіл, аңқылдақ, бейғам.* Баяғы бір кеңдік, еш нәрсені елемеушілік, кең қолтық сияқты белгілі қалыптан басқа түк із жоқ (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Сендер қырдағы қоймен бірге жайылып, қоянмен бірге жусап жүрген кең қолтық, аңқау, сорлы қазақтың осы замандағы жұлдызысыңдар (І.Жансүгіров, Шығ.). Жуан қоныш, кең қолтық қазақтар деп, Құлағынан тұмақтың тартып күлер. Өтірік деп айтуға тағы орын жоқ, Намыстанып, көргенде көңілім жүдер (М.Дулатов. Шығ.). Қолына қамшы ұстаса, еркекпен терезем тең түсті дегені емес, құрық алса, әкеге деген қолқабысы да емес, аяқты санап баспайтын, санап табақ тартпайтын малшының кең қолтық тірлігі, қысқа жіп, қыспа күрмеуге қарысқан қысастығы еді (Қ.Ысқақов, Қараорман).

275. **КЕҢ МІНЕЗДІ** *Мінезі жайдары, сабырлы, салмақты.* Ұлжан сабырлы, кең мінезді кісі болған. Абай балалық шағын сөз қылғанда өз шешесіне қатты риза болып, Айғызға іші ренжіңкірейді екен (М.Әуезов, Әр жыл.). Ұмтылды, тоқталды тез, жалт бұрылды, Кең мінезді келбеті жоқ бұрынғы, Жағалап кетті шапшаң бас арықты (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев).

276. **КЕҢЕСІМПАЗ** сын. *Кеңесшіл, кеңес сүйгіш, әңгімешіл, әңгімеқұмар.* Жолдыбай кеңесімпаз жайдары адам екен. Кешкі шайды ішіп ұйықтағанша ел жайын сұрап отырды (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау).

277. **КЕШІРГІШ** сын. *Кешірімпаз, кешіре беретін, мінезі жұмсақ.* Соның қадірін білмеген, Дер кезінде киімдерін ілмеген, Есіңде ме, сен едің? Адам едім темірден де төзімді, Кешіргіш едім (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

278. **КЕШІРІМДІ** сын. 1. *Кешіргіш, кек сақтамайтын, мейірімді, кешіре білетін.* Көршім, маған келгенде, кешірімді-ақ (К.Асанов, Сағыныш.). Ақылың бар еді ғой, құлыным, әкеңе кешірімді бол! (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті.). – Қызықсың өзің де, кесені сындырмай айтуыңа болмады ма? – Сен қашан менің ауыз екі айтқаныма құлақ салып ең? Құлақ салсаң есітер ме едің. Қай ән еді, әлгі бір ән бар еді ғой? «Кей мінезді алмадың сен кешіре, қоштас күліп, қамығасың несіне», деуші ме еді? Сол айтқандай бір-бірімізге кешірімді бола алмаған шығармыз (С.Мұратбеков, Жабайы алма).

279. **КЕШІРІМПАЗ** сын. *Кешіргіш, кешіре беретін, кекшіл емес, мейірімді.* Бір есептен, әйелге біткен жұмсақ, кешірімпаз мінез де бар, бұл да әсер етеді (А.Байтанаев, Дала сыры). Әйтеуір сол тұста Әбсаттар елден ерек кешірімпаз, жұмсақ еді (О.Сәрсенбаев, Жиде гүлдегенде). Адам баласы кешірімпаз келеді ғой, бәрін де кешірер, бәрін де ұмытуға тырысар (І.Есенберлин, Қатерлі.).

280. **КЕШІРІМШІЛ** сын. *Кешірімпаз, кешіргіш*. Әлгі бір кешірім сұрап, көзіне жас алғанына қарағанда маған емес, менен көрі ақкөңіл, елгезек, кешірімшіл, жаны жақсылау шешесіне ұқсаған ба деп қалдым (С.Бақбергенов, Кентау.). Кекшіл болу оңай, кешірімшіл болу қиын. Әкең жарықтық досым еді. Әкеңнің аруағын шақырып сұраймын, иттің шақша басын қи маған (Р.Сейсенбаев, Аңсау). Әдетте жай өмірде екі түрлі кісі болады: оның бірі өзіне қатал болғанмен өзгеге кешірімшіл, кең, ал екіншісі өзгелерге ғана қатал (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

281. **КИЛІККІШ** сын. *Тап болғыш, кездескіш*. Байқаусызда басын темірге соғып алып, біразға дейін шекесі сырқырап жүрді. Қырсыққанда, кісіге әр нәрсе киліккіш қой (С.Алдабергенов, Қанат.).

282. **КИЛІКПЕс**ын. *Соқтыққыш, киліккіш*. Өмірде бар осындай килікпелер, Арыңа арсыздықпен шүйліккендер. Секіріп көк төсінен түссе-дағы, Достарым, әсте оларға илікпеңдер! (Қ.Көпішев, Кезеңдер).

283. **КӨЗ [ЖҮЗ] ТАНЫС** *Сыр мінез, сыралғы (адам)*. Жиналғандардың көпшілігі халықаралық ғылыми кеңестерде бірге болған Әлекеңнің көз таныс достары (Тоғызыншы шежіре). Көз алдына жиналыста отырған жүз таныс адамдар – малшылар, күрішшілер, мақ ташылар, канал қазушылар келеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

284. **КӨЗ ЖОҚ** *Жүрекжұтқан, қайтпас қайсар*. Оспанның ерлігіне қайран қап: – Туу, сарамас. Мынау неткен көз жоқ бетпақ деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

285. **КӨЗСІЗ [ҚАС] БАТЫР** *Еш нәрседен қорықпайтын, қойып кететін ер мінезді нағыз, шын ер.* Семен Краев, оның ротасы – көзсіз батырлар. Тосқауылға соларды тастап кеттім, жолдас полк командирі (Б.Момышұлы, Майдан). Мынау кәдімгі аждаһамен алысқан қас батыр бейнелес (“Лен. жас”). Мына қас батырға лайық тұлғамен ауыр-ауыр тастарды көтеруге жүрексінбегенде, жүрек сөзін айтуға дәті бармай ма екен (Ә.Әлішев, Бәйтерек.).

286. **КӨЗІ ҚАНЫҚ** *Жете білетін, білгір*. – Осың дұрыс, – деп қоштады Темірхан. – Сонда қай заводқа бармақшысың? – Соны көзі қанық сендерден сұрағалы тұрған жоқпын ба? – деді Қалихайдар («Лен. жас»).

287. **КӨЗІНДЕ ОТЫ БАР** *Жалынды, қайратты*. Ақылды қоңырқай көзінде үнемі жинақы оты бар (М.Әуезов, Абай жолы).

288. **КӨЗІНІҢ [КЕУДЕСІНІҢ, ЖҮРЕГІНІҢ] ОТЫ БАР** *Жігерлі, қайратты.* – Сені біз өлтірмейміз, адам болсын деп ұйғардық, көзіңнің оты бар бала екенсің, – деді мұртты (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). Мен өз басым Жарылқасынның кеудесінің оты бар, адам деген атты айтайын жақсы жігіт («Лен. жас»).

289. **КӨКЖАЛ БӨРІДЕЙ** *Көкжал бөрі секілді озбыр, қайсар.* Никон Ушаков – қазақ даласын көптен бері көкжал бөрідей кезіп жүрген адам (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

290. **КӨКІРЕГІ СЕЗІМДІ** 1. *Көкірегі ояу, көзі ашық, санасы сергек.* Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай, Тол. жин.). 2. *Аңғарғыш, байқағыш, сезімтал.* Көкірегі сезімділер Дәрменнің көңіл күйін таныды (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

291. **КӨКІРЕГІНДЕ [КЕУДЕСІНДЕ] ОТЫ БАР** *Саналы, көкірегі ояу, талапты, пысық.* Көкірегінің оты бар ойлы адамға Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын (Абай, Тол. жин.). Мен өз басым Жарылқасынды кеудесінде оты бар, адам деген атты ақтайтын жақсы жігіт болады деп сенемін («Лен. жас»). // *Жігерлі, іскер, өнерлі*. Мен ез басым Жарылғасынды кеудесінде оты бар адам деген атты ақтайтын, жақсы жігіт болады деп сенемін («Лен. жас»).

292. **КӨКІРЕГІНДЕ КӨЗІ БАР** *Саналы, зерделі, сезімтал.* Ақылдың көкірегінде көзі барлар, Қайткенмен таба берер іс ыңғасын (Т.Ізтілеуов, Асықпа. абайла.).

293. **КӨМБІС** сын. сөйл. *Көнбіс.* Соның өзі көмбіс әйелді қайдан таба қойған (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). Саған өмірлік серік болу үшін менен гөрі асқақ, менен гөрі көмбіс керек-ау, жаным («Лен. жас»).

294. **КӨМПІС** сын. сөйл. *Көнбіс.* Бағаңның бойынан көмпіс жаны әлі шыққан жоқ еді (О.Бөкеев, Үркер.). Оның бер жағында, табиғаттың ыстық-суығына көмпіс боп, қатып алған баршын емес пе (А.Сейдімбеков, Ақиық).

295. **КӨН ТУЛАҚ [БОЛДЫ]** 1. *Көнбіс, төзімді [болды]*. Қандыбалақ хан, алаш, ақ Қанды банда Анненков. Ел бір жатқан көн тулақ, Эйдей түсті сабауға (І.Жансүгіров, Шығ.). 2. *Қор болды.* Кім көрінгеннің аяқ астында тапталып көн тулақ боп келгеніміз жетер енді (Ө.Қанахин, Жас дәурен.).

296. **КӨНБІС** сын. 1 .*Айтқанға көнетін, көнгіш.* Кешегі күнге дейін көп көнбістің бірі атанып келген Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр, жаңа бір күш жалыны бар (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). Көппен бірге дауыс қосқан ағымға, Жалтак көнбіс телпектердің өнер ашқан шағында, Сол қулардан зиян келіп жатқан кезде қоғамға, Ойға тартып талайды олар Өз көзімен қарайды олар ғаламға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

297. **КӨНБІСТІ** сын. сөйл. 1. *Көнбіс (айтқанға көнгіш)*. Оның үстінесен Әділжандай көнбісті емессің, жұқасың (Х.Есенжанов, Көп жыл.). 2. *Шыдамды, төзімді.* Қоспан келіп айылын қыса тартқанда көнбісті жануар міз бақпады, тек құйрығымен шабын бір сипады (Т.Ахтанов, Боран). Жазда да жердің бетінде Болмайды содан гүл нәзік. Күн менен желдің өтінде Көнбісті болған бұл жазық (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

298. **КӨНГІШ** сын. 1. *Айтқанды орындағыш, тіл алғыш.* Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш (Абай, Тол. жин.). Шошына қарасаң, қайсар, көзіне қарасаң, көнгіш бір адам пайда болуы мүмкін ғой (І.Есенберлин, Ғашықтар). 2. *Көнбіс, төзгіш*. Барга да, жоққа да көнгіш асыл мінезді, артық кісі (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Келгенде өзді-өзіне мықты-аксыңдар, Қайтейін, өзге десе көнгіш і ң д і. Сықылды сынық бұтақ төмендесең, Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

299. **КӨНДІККІШ** сын. 1. *Төзгіш, көнбіс*. «Адамнан көндіккіш, адамнан төзгіш мақлұқ жоқ болар бұл ғаламда» - деп, өзіне-өзі қуат беріп қалды (Д.Әбілев, Ақын.). 2. *Бейімделгіш, икемделгіш.* Кекіре – аквариумда өсіруге тез көндігетін, дене тұрқы 9 см, Орталық Европа, Каспий, Қара теңіз, Амур өзені алқаптарында тіршілік ететін өте көндіккіш балық (Қ.Қайымов, Суасты.). Ауа райы жағдайына көндіккіш, қатты суықтарға төзіп, қыста жайылымда бола алады (Қ.Серікбаев, Қастек.).

300. **КӨНДІМБАЙ** сын. қарап. *Көне беретін, көнгіш, көнбес*. ...Маңдайға бітпеген бақ. Дәулетке саламат дейтін көндімбай кейіп көрсете, ыстық алақанымен Оспаннын жазық маңдайын аялап сипай берді (С.Омаров, Қызыл.).

301. **КӨНПІС** сын. сөйл. *Көнбіс.* Соның орайына өкпесі тесілгенше еңбекке қадалған көнпіс (М.Әуезов, Индия очерк.). Қанипа айтқанмен көпті көрген, көнпіс кісі ғой, күйіп-пісіп шыжалақтай қойған жоқ (С.Омаров, Күншуақ.). Соншама қайсар бола тұрып, кейде аңғал, көнпіс мінезі де бар (А.Байтанаев, Асан.).

302. **КӨНПІСТІ** сын. сөйл. *Көнбіс.* Даңқты Неплюевтің, Гурьевтің, Перовскийдің ыстық-суыққа бірдей көнпісті жауынгерлері! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.).

303. **КӨНТЕРІЛІ** сын. *Шыдамды, төзімді, салмақты.* Осының бәрі қаншалық көмпіс, көнтерілі болғанмен, шаруа баққан малшы қауымның көңіліне қонбайтын-ақ нәрселер еді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай. Кек атты, көнтерілі, көніп қалған, Сықса да шыдай беру – жұрт жарылмай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сенека данышпанның сориты: «Есті адам қанағатты, қанағатты адам тиянақты, тиянақты адам көнтерілі, көнтерілі адам қайғысыз, қайғысыз адам бақытты, ендеше кім есті адам – сол бақытты» (М.Жұмабаев, Шығ.).

304. **КӨНІККІШ** сын. *Бейімделгіші, икемделгіш, дағдыланғыш*. Өріктің бүрлері көніккіш және көз сабақтары мықтап өседі (Ш.Хабибуллин, Алхоры.).

305. **КӨНІКТІ** сын. *Бейімделгіш, икемді*. Даланың ептеп айдау көрген, суық сорған көнікті, желен, асау тұлпары бұғалықталып, тізгінделіп ұсталды, ер салынды («Қаз. әдеб.»). Кішімен кішіше, үлкенмен үлкенше тіл тауып сөйлесетін көнтерлі көнікті мінезден табылыңыз (Д. Досжанов, Шығ.).

306. **КӨНІМДІ** сын. *Төзімді, шыдамды, көнгіш.* Сен Бұхара кезінде, Бәтуа бар сөзінде, Келелі биің сенімді. Қара бір халқы көнімді, Тыныш еді еліміз, (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жылқы жарықтық пышакка қандай көнімді, жарақаттары құрттамайды да («Лен. жас»).

307. **КӨНІМПАЗ** сын. *Көнгіш, келісімшіл, келіскіш*. Тыңдаушы көнімпаз, ұғымпаз болса, сөйлеуші шешен болар (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Қараңғы ел зорлыққа, құлшылыққа көнімпаз болады (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

308. **КӨНІМШІЛ** сын. *Көнгіш, төзгіші.* Жалқау – дәмешіл келеді, жасқаншақ – көнімшіл келеді (Қ.Әбдіқадыров, Әңгім.).

309. **КӨҢІЛШЕК** сын. *Кісі көңілін жықпайтын, көңіл қимас, көңілі бос.* Бой түзеген, боркемік. Күлкі ғой, күйшіл, көңілшек Қарт басқанның белгісі – Жексұрын саған көрінсек. Аларманың алтау-ақ Алпысқа болдың берімсек (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Көңілшек әке Шоқанның ұйқыда жатқан кезінде оятпай, жүріп кетуді ойлап еді (С.Омаров, Дала.). Ұрыншақ ат арық болар, Көңілшек жігіт жарлы болар (Мақал-мәтел). // *Кісі көңілін жықпайтын адам.* Көңілшектің жүрегі – жаз, іші – мұң, Тоздырмайды жақсылықтың ішігін. Есікте де елеусіз боп қалғам жоқ. Нәсіпте де Құдай берген кісімін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

310. **КӨҢІЛШЕКТЕУ** сын. *Көңіл жықпайтын, көңілі бостау.* Судырлаған тергеуші жігіт те көңілшектеу жан екен, келгендегі тепсінген ызғарлы райынан лезде қайта қойды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.). Ақыл сорлы ежелден көңілшектеу, Өтініштi қиын ғой қабыл етпеу (Б.Майлин, Таңд. шығ.)

311. **КӨҢІЛІ БОС** *Көңілшек, елжірегіш*. Көзім жасты, көңілім бос бола тұра, белді берік байлап солдат болдым (Ж.Жұмақанов, Әлия). Көңілі бос кәрінің, Көкейлерің ұғынар. Көтермей жан жалынын Көзден жасы құйылар (Жамбыл, Шығ.). Ол сөзінің аяғында көңілі босағандай қолын сілтеп, теріс айналады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Тілегені ата-ана осы емес пе? Бұл заманда барша жұрт дос емес пе? Көз үйренген балалар көшкен шақта, Кемпір, шалдың көңілі бос емес пе? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

312. **КӨПШІЛ** сын. 1. *Халықшыл, қауымшыл үйірсек.* Баурап алғыш адамды, көпшіл еді, Өзін де өрге жеткізді көп тілегі. Махаббаттың ұлғайтты-ау у мен балын Отелло боп булығып, өксігені. Еске салса әжімдер, өлкем, сені, Көңіл-толқын толғағын көркемдеді. Қандай еді…(К.Салықов, Жезкиік.). Есті кісі ерегіспейді, Көпшіл адам бөлек ішпейді. Қатты адамда ұят жоқ, Қайда барса мият жоқ (К.Әзірбаев, Таңд. Шығ.). [Жәмеш] қонақшыл, көпшіл, көңілді ауылды, жылы ұяны қимағандай да болатын (М.Әуезов, Қараш.). Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл, Жан аямай кәсіп қыл (Абай, Тол. жин.). Кекшіл болма, көпшіл бол (Мақал). 2. ауыс. *Жеңіл жүріске әуес, ойнасшыл.* Шу дегенде

көрінер сұлу артық, Көбі көпшіл келеді ондай қаншық. Бетім барда бетіме кім шыдар деп, Кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай, Тол. жин.).

313. **КӨПШІЛІКШІЛ** сын. *Көпқұмар, бұқарашыл.* Д.Бедный өлеңдерінде көпшілікшіл қасиеттерінің алғашқы сәтті адымдары бар еді (Ф.Оразаев, Басты.).

314. **КӨТЕРІМДІ** сын. сөйл. *Көтере беретін*. Шайбай әзіл-қалжыңға шебер, әрі көтерімді жігіт екен (Д.Әбілев, Арман.).

315. **КҮЛЕГЕН** сын. сөйл. *Күлегеш.* Болмайды иттің жаман үрегені, Әйелдің мәз болмайды күлегені. Сөзінде он тиындық құн болмаса, Кесірдің неге керек үдегені (Айтыс.).

316. **КҮЛЕГЕШ** сын. *Көп күлетін, күлкішіл*. Бұл кезде толықша тартып, семіре бастаған жігіт ағасы Тәкежан қалжыңқой, күлегеш болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қойшы бала Жапал тапқыр, ақылды, әзілқой, елгезек. Алайда, ол осы спектакльде ессіздеу, алаңғасар, күлегеш болып көрінеді («Қаз. әдеб.»).

317. **КҮЛЕГЕШТЕУ** сын. *Көп күлетін, күлкішілдеу.* – Жақыпбек нағашымның қасында сақал-мұртын қырған, алтын жақтаулы көзілдірік киген, жыпылдап сөйлейтін, күлегештеу біреуі болды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Фамилиясы Ненайшвили, орта денелі, жалтыр басты, күлегештеу адам, сонысына қарағанда, «жігерсіздеу болмаса не қылсын» деп қалдым (С.Мұқанов, Есею жыл.).

318. **КҮЛЕКЕШ** сын. сөйл. *Күлегеш.* Жас балалық албырт мінез билеген Мақсұт пен Нұрлан, шот маңдай Сәт пен Болат күлекештерге қосыла бірін-бірі итермелей, қағыса, жұлқыса алысып кетті (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Гүлсім оқуға ықылассыздау, күнделікті сабақты әрең үлгіретін, ұшып-қонған күлекеш қыз еді (С.Алдабергенов, Асу.).

319. **КҮЛЕШЕК** сын. *Күлегеш, күлкішіл*. Ақынға біткен жүрекке Айтады достым бір өкпе: Со жүрек от өртенген Сәнді жетпей ертеңге... О! жо-жоқ досым, Бұл - өсек. Болмашы, білмей күлешек (Т.Нұрмұхамедов, Күн.).

320. **КҮЛКІШЕК** сын. *Әзілқой, қылжақбас.* Маған несый бересің?.. Оң көзіңдей көресің. Осыны айтып түлкішек, Жайдары жан, күлкішек (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

321. **КҮЛКІШІ** сын. *Күлдіргіш, ойын-сауықшыл.* Қызықты, қызуды, қыздырманы ғана айтатын күлкіші, сауықшыл Дулат емес. Кешкі кездерде, ол бір үлкен өсиетші, кейде шерлі де қарт сияқтанады (М.Әуезов, Абай.)

322. **КҮЛКІШІЛ** сын. *Күлкіге әуес, күлкіқұмар.* Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ Күлкішіл кердең наданның, Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды – Әдеті надан адамның (Абай, Тол. жин.). Еңбексіз ыржаң, Күлкішіл қылжаң, Еріншек, масыл, шағым, дау. Жұмыссыз адам, Санасыз надан; Саналы – саған болды жау (Ж.Сыздықов, Асу.).

323. **КҮЛІМПАЗ** сын. *Күлегеш, күлкішіл.* Екі келіншек өз сөздеріне өзі сылқ-сылқ күлді, бірақ жолаушы ыққан жоқ. Күлімпаз жас келіншектерге қызыға, ынталы қарады (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

324. **КҮТКІШ** сын. 1. *Үміт артқыш, тосқыш*. Жұмақ күткіш наданның орны дозақ әрқайда (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Білесің ауданыңның басшыларын Қаладан көмек күткіш «жақсыларың» (Айтыс). 2. *Жақсы күтетін, баптағыш, қамқор.* Тәрбие бақшасында балаларын, Олардың көрсең күткіш аналарын, Алмадай екі беттен нұры тамып, Өлеңмен қарсы алады ағаларын (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Орындап қарт әмірін жас түрікпен, Босатып тұтқын қолын темір кілттен. Шетінен жібек кілем ұсынды орын, Сыпайы, қонақ күткіш кішілікпен (Ә.Тәжібаев, Тарту.).

325. **КІЖІҢДЕУІК** сын. *Қожаңдағыш, қоқаңдағыш.* Ол – қара күшке сүйенген, орынсыз кіжіңдеуік, оспадар емес, салмақты, күшті қайраткер (І.Омаров, Шабыт.).

326. **КІРІМДІ** сын. *Іші-бауырға кіріп кететін, көпшіл, жұғымды, тіл тапқыш.* Қонақ кірімді екен. Үй иелерінің қабағына, қалжыңына рахаттанып, бұрын көрісіп жүрген адамдай, әңгімеге араласып кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл). Кірімді, жағымды мінезі несойқанды қылығы жоқ. Елеусіз жүр. Сонда да паң (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

327. **КІРІМТАЛ** сын. *Кірімді, үйірсек,елсек.*

328. **КІШІПЕЙІЛ** сын. 1. *Инабатты, сыпайы*. Кішіпейіл адамдай, Басын изеп жалбырап, Сай мен сала қосылып, Тойға жүрді жосылып, Күжілдесіп күлесің. Шапшаң тойға жүр дейсің (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Тойға келді ер Төлеген, Нұркен де, Батырларым, ағаларым күн кеуде. Дастарқанның төр жағына отырды Кішіпейіл кішілер де, үлкен де (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Кішіпейіл де ақжарқын, бауырмал Темір аз күннің ішінде біздің бәрімізді баурап алды (Ж.Молдағалиев, Майдан). 2. *Өзін өзгеден жоғары ұстамайтын, кішік, қарапайым.* Атадан жаман болып туған бала Саны бар, сапасы жоқ құлменен тең. Жолдасың кішіпейіл жайлы болса, Ішіңнен жарып шыққан ұлменен тең (Ә.Найманбаев, Шығ.). Осы мысалдардан-ақ Горькийдің қандай кішіпейіл жазушы, қандай кішіпейіл адам болғанын аңдасақ керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

329. **ҚАБАҒЫ АШЫҚ** *Ақжарқын, жайдары*. Қабағы ашық, жүзі жарқын, дүниесіне разы еді, нағып өзгеріп қалған (І.Жансүгіров, Әңгім.). Көңілдің кілті жатыр ықыласта, Ашық қабақ, сусын мен адал аста. Әркім қалай ойлайды, өзі білсін, Соны біреу ойлатты-ау бізден басқа (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Қара шаш, ақ-құбаша, ашық қабақ, Жүзіне келешектің көзін кадап. Қиялдың құшағында отырғандай, Суреттен қазақ қызы тұрды қарап (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

330. **ҚАДАЛҒАН ЖЕРДЕН [ҚАДАЛҒАННАН] ҚАН АЛАТЫН** *Істетем дегенін, айтқан нәрсесін, орындатам дегенін кенеше жабысып, істетпей қоймады, қалай да орындатты.* – Бұл бақайшағына дейін шағып, «ағатай!» десең де қоймайды. Жабысып, қадалған жерінен қан алады, – дейді Ораз (З.Шашкин. Теміртау). Көрші алмастыру ойынында қадалған жерден қан алатын, кенедей жабысқақ жігіттер қыздарды салып Көжекті қанша сұратса да, ән салып, өнерін көрсететін Балқия оны бермей қоятын (Т.Ахтанов, Шығ.). Әзімбай мысқылдай түсіп: – Ақылын да айтар, жіп те байлар, қадалғаннан қан алмай неғып қалсын, Есекең! – деп, маңындағы жуан содырдың бәрін де ду күлдірді (М.Әуезов, Шығ.).

331. **ҚАЖЫМАС** сын. *Қайтпас, қайсар; талмас.* – Мен мына Әлекеңдердің, жалпы мұғалімдердің қажымас қайратына, өршіл талабына сеніп айтқан шығармын (С.Омаров, Өмір.). Бұл үлкен еңбектің, қажымас қайраттың жемісі (Б.Тоқтаров, Қыран.). Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай! Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Әр тасты бір сүздірдің, Мұз дарияға жүздірдің, Нұрдан үміт үздірдің, Қажымасқа-ақ бекіп ем (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

332. **ҚАЖЫРЛЫ** сын. 1. *Күш-қуаты мол, қайратты, мықты.* Үкіметтің ұранын іске асыру үшін өзіндей қажырлы азамат керек (А.Хангелдин, Ғани.). Шіркін-ай, Сұлтанбек қандай қажырлы еді: астындағы аты сүріне-қабына, тұмсығымен жер тірегеніне қарамастан, оның тақымы ерден, қолдары көкпардан жазылар емес (Ә.Көшімов, Жас аңшы). – Сен болсаң әлі күш-қуатың қайтпаған қажырлы әйелсің (А.Жағанова, Еркежан). 2. *Қажымас, қайтпас; табанды, жігерлі.* – Бірақ ол сенің, анау қырмандағы қалың жұрттың күндіз-түні ұйқы көрмей еткен қажырлы еңбегінің нәтижесі екенін біліп қой (Ә.Нұршайықов, Жер тур.)

333. **ҚАЙСАР** сын. 1. *Алған бетінен қайтпайтын өжет, батыл.* Осындай қантөгіс шешімге бел буған қайсар Әкпәр жолдағы ауылдарға соқпай, түні бойы ат шалдырмастан жүріп отырып Ақшатыр қаласына келіп жетті (І.Есенберлин, Қатерлі.). Сайларда сарқыраған селі ме екен? Күңіреніп көшкен қырғыз елі ме екен? Алаштың қайсар ұлы, қайратты елдің Манасы – ел қорғаған ері ме екен (М.Жұмабаев, Шығ.). Сол уақытта қайсар қарт орнынан түрегеліп, үндемей әйелге басын бұрды (М.Жұмабаев, Шығ.). 2. *Тайсалмайтын бірбет, табанды.* Бостандыққа шақырып ем, Сенің заңғар ақылың ем, Едім әрі өлшемің. Жан ашырың, жақының ем, Және қайсар ақының ем мен сенің (М.Шаханов, Ғасыр.). Дала жатыр қызыл қанға боялып. Егер бүкпей баяндасам шындықты Рухы – өр, Тәні – бекем Бұл бір қайсар халық екен, Тірліктен де артық қойған бірлікті (М.Шаханов, Ғасыр.).

334. **ҚАЙТПАС** сын. 1. *Алған беттен қайтпайтын, қайсар.* Мысалы, Көпен бидің ұлы Байжігіт Абылайдың жоңғарларға қарсы жорықтарына жастайынан қатысып, онда батырлығымен, қайтпас қайратымен көзге түсті (Д.Дулатова, Шоқан.). Мұнда алғашқы күйдей кемерінен асқан, күшін қайда қоярға білмеген, нысаналы межеге қалайда тез жетуге аптыққан қызу қуат жоқ, таусылмас қажыр, қайтпас серпін бар, сабыр мен салтанат бірдей (М.Мағауин, Көк мұнар). 2. *Өткір.* Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат, Баянсыз қанатымды қалай жаям?! (М.Жұмабаев, Шығ.).

335. **ҚАЙТУСЫЗ** сын. *Қайтуы жоқ, бірбеткей.* Еңкейген ел қайғысын ұқты жаста-ақ, Қайтусыз қалап алды батыл жолды. Халқы үшін қатын, ұлын шықты тастап, Ол қайбір еріккеннен ақын болды (С.Асанов, Алматым.).

336. **ҚАЙТЫМДЫ** сын. *Тез қайтатын; басылуы оңай.* Балалар тез қайтымды келеді және олардың арасындағы достық оңай қалпына келіп отырады (Семья тәрбиесі).

337. **ҚАЙЫРЫМДЫ** сын. *Қайырымы мол, мейірімді; қамқоршыл.* Қайырымды қалың елі бар, Сарыарқа сары белі бар, өрісті шалқар көлі бар, Сағындым мен қырымды (С.Сейфуллин, Шығ.). Дәл сол баяғысындай үйірсек, дәл сол баяғысындай қайырымды Ержановты енді, міне, Сәрсенов бүгін, неге екені белгісіз бір түрлі аяп келеді (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). Біз әжемнің зілсіз айғайын, мейірбан тілегін, қатал мінезін, қайырымды жүрегін, адалдығы мен ақ батасын әбден аңсадық (Б.Момышұлы, Шығ.).

338. **ҚАЙЫРЫМШЫЛ** сын. *Жанашыр, қамқоршыл.* Ерекең – көңілшек, қайырымшыл адам (Б.Майлин, Шығ.). Сестра қайырымшыл қарлығаштай тағы да қайрылып кеп «ұйықтаңыз, дядя Махмут! Шам сөндірем!» – дейді (Д.Әбілев, Баянауыл баурайында).

339. **ҚАЙЫСПАС** сын. *Қайтпас, қайсар.* Арқада Әлім барды деп Қайыспас қара нарды деп оған да барып жеткен ер (М.Өтемісов, өлең д.). өмір бойы қуғын-сүргін көрген күйшінің қайыспас қайсарлығы жайында әркімнен тиіп-қашып естіген аңыздарын қиялмен қиыстырып, қызықты әңгіме етіп шертіп еді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Тек бұл руларды ойраттың қисық қылышынан қазақтың қара сойылы мен қайыспас ерлігі... ғана құтқарып жүрді (І. Есенберлин, Алмас.).

340. **ҚАҚ-СОҚПЕН ІСІ [ЖҰМЫСЫ] ЖОҚ** *Қулық-сұмдықты, алдауды білмейтін.* Қақ-соқпен ісі жоқ, әдеп-өркенді, салмақты боп өсіп еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол баланың қақ-соқпен ісі жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып аузын ашып, мұрны қоңқиып отырғаны (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Бәзіл Боштайдың бір әке, бір шешеден туған ағасы, қақ-соқпен жұмысы жоқ, ел билейтін атқамінерлер мен ақсақалдардың сөзіне араласпайтын, мал баққан ешкімді нахақтан жылатқысы келмейтін момын адам (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

341. **ҚАҚ-СОҚСЫЗ** сын. *Қақ-соғы жоқ, қулық-сұмдықты білмейтін.* Одан зор рақат таппаған, Қақ-соқсыз, аса бай жан міні – Намыста қазына сақтаған Халықтық рухтың сандығы (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).

342. **ҚАЛЖЫҢБАС** сын. *Әзілқой, күлдіргіш.* Бала шағынан Шепеге атқосшы болған ол мейілінше пысық, қу, қалжыңбас, сықаққой, үлкен демей, кіші демей, мазақтағысы келген кісінің қыр соңынан қалмайтын жігіт (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тәкежан Абайдан екі жас үлкен, қалжыңбас, әзілқой болатын (М.Әуезов, Абай). Күлмеңдеп келер көздері, Қалжыңбас келер өздері. Кесектеп секек етем деп, Шошқа туар сөздері (Абай, Тол. жин.). // *Әзілқой, күлдіргіш адам.* Көрмеді әкем баяғы қалжыңбастың Немересі жырымды жатқа айтқанын (М.Шаханов, Ғасыр.).

343. **ҚАЛЖЫҢҚОЙ** сын. *Қалжыңбас, әзілқой.* Ораз адамға жақындасқыш, сөйлескіш, ойыншы, қалжыңқой жігіт екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұл кезде толықша тартып, семіре бастаған жігіт ағасы боп қалған Тәкежан қалжыңқой, күлегеш болатын (М.Әуезов, Абай жолы).

344. **ҚАЛЖЫҢШЫЛ** сын. *Қалжыңбас, әзілқой.* Дәулеткелді құр ғана қалжыңшыл, күлдіргі емес. Ол Абайдың өзінің де өлеңін жатқа біліп, ел ортасында ағыл-тегіл айтып

жүреді екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ашық болам деп әдепсіз, қалжыңшыл болам деп дарақы болған түрі бар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қиянда өскен киіктей, Қалжыңшыл келсе құдаша, Алқынып шыққан биікте Айналмай басың, Шыдаса, Бұл, достым, бақыт емес пе?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.).

345. **ҚАМҚОРШЫЛ** сын. *Біреудің мұң-мұқтажын ойлағыш, қамын жегіш, қамқорлық ететін, мейірімді.* Жастарға қамқоршыл мінезімен ол мені өте жылы қарсы алды (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Жансейіт жолдасына дегенде ішкен асын жерге қоятын, көпшіл де қамқоршыл жан екен (М.Хасенов, Алғашқы ән). Бүгінгі ғана емес, болашақ жыр туралы қамқоршыл да беймаза ой осындай-осындай ащы пікірге жетелеп еді («Қаз. әдеб»).

346. **ҚАНАҒАТШЫЛ** сын. *Қанағат еткіш, місе тұтқыш, барға риза болғыш*. Мен қанағатшыл жанмын. Маған осы тіршілігімнің өзі қанағат (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.) Әкең Үмітбай да сен сияқты барына қанағатшыл, аш-тоқ отырса да, басқаға емінбейтін еді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қанағатшыл кісі мейлінше кішіпейіл, қарапайым келеді (ҚҰЭ).

347. **ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН** *Асқан әділ, турашыл*. Қақ жарған қара қылды биің қайда? Ақ орда би түсетін үйің қайда? Салтанат Сарыарқада құрған қазақ, толықсып жүрген кеше күнің қайда? (М.Дулатов, Шығ.). Сыйлаймын сенің аға атыңды, Жан-жақты талантыңды. Қақ жарған қара қылды Сөздерін әрі өткір, әрі ақылды (С.Мәуленов, Алыс кет.). Сұрайды бастан-аяқ қазы талдап, Тұрады үшеуінің сөзін аңдап. Қақ жарған қара қылды данышпанға, Айыру ақиқатын емес салмақ (Ә.Найманбаев, Шығ.).

348. **ҚАРА СІҢІР** *Қайратты, күшті.* Мөңке Еламанға сүйсіне көз тастады, әкесі секілді бұ да қара сіңір, қайратты болатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

349. **ҚАРАҒАЙҒА ҚАРСЫ БІТКЕН БҰТАҚ** бейн. *Қайсар, қайратты, өрмінез, өжет адам.* Қарағайға қарсы біткен бұтақпын, Балталасаң да айрылман. Сыртым құрыш, жүзім болат, тасқа да салсаң майрылман (Ақтамберді жырау).

350. **ҚАРАҒАЙДЫҢ ҚАРСЫ БІТКЕН БҰТАҒЫНДАЙ** *Қайсар да қайратты, өжет мінезді.* Оның Мұқан Ағзамовтың Атымтай жомарттығы жайлы ел арасында әңгіме көп. Қиыншылық көрсе, қайрат танытатын, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай мәрт мінезі тағы бар («Егемен Қазақстан»).

351. **ҚАРАҚТЫ** сын. *Түйгені мол, көзі ашық, білімдар.* Қарабай кең пейілді, қарақты адам боп өзгере қалды (Д. Әбілев, Арман.). Жәмидің байқауынша қазіргі Жарқынбай бұрынғы қасқыр мінез, дәулетке мас Жарқынбай емес. Кең қарақты жан сияқты. Бақырмай, шақырмай, күжілдемей, адамша сөйлейді

352. **ҚАРАПАЙЫМ** сын. 1. *Тәкаппар, менмен емес.* Қонақ қанша қарапайым болғанымен, үй иесі оның председатель екенін еске ала берді (К. Баялиев, Жер тынысы). 2. *Тұрмысы, табысы орта, қатардағы*. Қарапайым адамдармен жақынмын, Қарапайым адамдармен ақынмын. Қарапайым адамдармен сырласпын. Қарапайым адамдармен мұңдаспын (Т. Қызықбаев, Темір тізгін). Қарапайым әрі мүлдем, Жүрегі де жас болатын. Тәкаппарлар тәңірінен Жасқанғандай жасқанатын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). – Қор салымшыларының қатарында қарапайым кәсіпкерлер мен қызметкерлерден бастап белгілі кәсіпорындардың, банктердің жетекшілері, депутаттар, мәдениет, ғылым саласының қызметкелері де бар (Түркістан).

353. **ҚАРЕКЕТШІЛ** сын. *Тыныш отырмайтын, шаруақор, тынымсыз.* Әсіресе, Көкен, тоғай бойындағы еңбекші, қарекетшіл елдерді қатты жиреніп жек көреді (М. Әуезов, Таңд. шығ.).

354. **ҚАСАЛЫҚТЫ** сын. *Көрген-білгені мол, байсалды, парасатты.* Байұзақ одан соңғы адамы еді, Бәрі кісі-ақ еді қасалықты, Лекер, Бітімбай мен Аталықты, Жанқожадан кім көрген қапалықты (Абай, Тол. жин.).

355. **ҚАСҚЫР ЖҮРЕК** *Батыл қаймықпайтын жаужүрек.* Баланың түсі сары, қара көзі, Рас болса бұрынғының айтқан сөзі: Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек болады Баһадүрдің нағыз өзі! (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

356. **ҚАТАЛ** сын. 1. *Талап қойғыш, талабының орындалуын қатты қадағалағыш, ешбір ағаттық, шалыс басушылыққа жол бермейтін талапшыл*. Енді қайттік? Амал-айла азайып, Құтылуға өткел іздеп тарықтық. Досым менің ұяң еді ғажайып, Әжем өте қатал еді, жарықтық (М.Шаханов, Ғасыр.). Уақыт деген кері ақпайтын бұл өзі Бұрқ-сарқ етіп таудан құйған тас бұлақ. Қызық-ақ тым, қатал-ақ тым мінезі, Асықпасаң бара жатыр басқылап (Т.Айбергенов, Мен. ғашық.). Қайырған соғыс қанатын Ұстаз да қатал болатын. Сөйлесең сабақ үстінде сызғышпен салып қалатын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.). Ата-ана қатал болса, бала да қатал; ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ (М.Жұмабаев, Шығ.). 2. *Өрмінез, бірбеткей, алған бетінен қайтпайтын.* Сол үйде жата берді, жата берді, «Оқы» деп орыс шалы бата берді. Арттағы ағайындар бұза алмады, Оқуға денін қойған қатал ерді (О.Шипин, Дастан.). Ойласа дүйім ауыл, осы жұрттан Алысқа дәл осындай кім бар шыққан? Жүрегі Балжекеңнің қандай қатал Жалынған бәйбішенің көңілін жыққан (О.Шипин, Дастан.). «Момын елге бек болдың» деп Бұқарым Дәлдеп айтты. Ол емес сөз жұтарың. Абылай ханды ауыздықтар жырменен, О, данышпан! Тапты сөздің ұтарын. Болса дағы байтақ елге тым қатал, Абылайда үн жоқ сонда тіл қатар (К.Салықов, Жезкиік.). 3. *Қатыгез, рақымсыз*. Басында тәж, алтын қамқа кигені, Қаны қара қатал еді не деген! – Азияны Ақсақ Темір биледі, Тірісінде ешкім ақсақ демеген (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.). Қиямет еді ол заманның жолдары, Қатал бастық қатал тәртіп қорғады (К.Салықов, Жезкиік.).

357. **ҚАТЕРЖАМ** сын. ескі. кіт. *Ұқыпты, ешнәрсені ұмытпайтын, сенімді, тыңғылықты.* Келдібай, Кішкенебаймен һәм қосназар, Білетін азаматтар атын алаш. Қатержам Кете, Керейіт қабиласы Төбеден күдіксіз боп, күліп тарас! (Шораяқтың Омары).

358. **ҚАТТЫ** ауыс. *Қатыгез, қатыбас*. Көмер болса егерде, Қазсын көрді кеңірек. Қатты жандар өлерде Қиналады кебірек (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.). Өткен бір заманда Мекке, Мәдинеге Құжаж деген адам патша болған. Елге мейірімсіз, қатты жүректігінен Құжаж залым атанған (Ш.Құдайбердиев. Шығ.). Біз балалар, ата-анаға қаттымыз ба дейім, Айжан дәлірек айтқанда эгоистпіз (З.Шашкин, Сенім).

359. **ҚАТЫНЫ МІНЕЗДІ** *Мінезі жақсы жар, жұбай, ақылды әйел.* Қазақтың әйеліне арналатын кейінгі адамгершілік, әділет, моральдық ойларының басын осы өлеңде айта бастайды. ...ері ақылды, қатыны мінезді боп, тату болса райыс үстіндегі үй, – деуменен Абай қазақ әйелінің орнын жаңаша, өзгеше бағалайды (М.Әуезов, Шығ.).

360. **ҚАУ КӨКІРЕК** *Даурықпа, өркөкірек.* Қауқарсыз, қау көкірек біреулердің менменшіл мінезін танытқаннан басқа онда тұрған не бар дейсіз, тәйірі? (С.Сейітов, Жылдар.).

361. **ҚАУ КӨРІК** *Даңғой, даурықпа*. Қау көрік Сиқымбай, сусаған екенсің (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Арыстанбек, Рүстембектердің белдескенде, басым келе беретіні – олардың ағайындары қау көрік, ұйымшыл (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Ол әнеукүнгі оқиғадан кейін ағайын арасының өнімсіз дауына, қау көрік сөзіне де араласпай, арыз айта келгендерді өз зәңгі, елубасыларына жіберіп, үйден шықпай құсаланып жатып алған-ды (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

362. **ҚАУҒА ТИГЕН ӨРТТЕЙ** *Тым екпінді, қайсар, алғыр (адам)*. Қауға тиген өрттей жайнап барады ғой мына пәле (Каз. тілі. фразеол. сөздігі).

363. **ҚАУЫМШЫЛ** сын. *Көпшіл, жұртшыл.* Ол бір байыпты сөйлейтін, ерінбей-жалықпай түсіндіре білетін қауымшыл кісі екен (Ы.Жақаев, Менің бақытым.).

364. **ҚИҒЫР** ауыс. 1. *Тайсалмайтын, сойып түсетін, шатақ.* Ал інісі Жапабай болса қылыштай қиғыр мінезді, табиғат берген білек күшін оңтайлы жерде жұмсап қалудан тайынбайтын табанды еді (Т.Қажыбаев, Айналайын.). 2. *Тілі өткір, уытты.*

Мәкеңнің қиғыр тілінен қулардың талайы сақтанып, ығып жүретін (М.Әлімбаев, Көңіл күнделігінен).

365. **ҚОҒАМШЫЛ** сын. *Қоғам мүддесін көздейтін, қоғамды сүйетін, өз қоғамына жаны шындап ашитын.* Оның сана-сезімінде, қылығында өзгеге жамандық істеу тәрізді жат әдеттер кездеспейтін. Қоғам тәрбиесінде өскен адам қоғамшыл келеді (І.Есенберлин, Маңғыстау.). Ол өзінің қоғамшыл, көпшіл ісімен, әділ, адалдығымен әр оқырманның көңілінде қалды (Ә.Нұршайықов, Автопортрет). Қырық бесте қынаптағы қылыштайсың, «Дұшпаным, – деп тұратын, қайсы жерде-ай!» Есті болсаң, еліннің қорғанысың, Есер болсаң, боларсың жайсыз елге-ай Қырық бес ассаң – елің елендейді. Елуді есі жарым елемейді. «Елуді – ердің жасы» десе дағы, Қайратың бұрынғыдан төмендейді. Елуден елу беске жеткеннен соң, Сыздайды жүйке тамыр, денең дейді. Қариялар алдыңдағы қайтқан қаздай, Қоштасып, кезегім жөнер дейді. Ақсақал, ел ағасы атанады, Қоғамшыл елдің қамын жеген дейді. Қайратың бойындағы кемігенмен, Ақыл-ой кемелденіл, тереңдейді (Мәделі Жүсіпқожаұлы // Екі мыңжылдық дала жыры).

366. **ҚОЙ АУЗЫНАН ШӨП АЛМАС [АЛМАЙТЫН]** *Момын, жуас, үндемейтін.* Қой аузынан шөп алмайтын момын адам деп жүрсек, Тоқсанбай барып тұрған іш мерез екен, – дейді Сәлкен (С.Омаров, Қайырлы.). Бұрышбай, жарғақ тонның ішінде жүргенде қой аузынан шөп алмас жуастың бірі едің... (Ш.Хұсайынов, Танысадам.). Қой аузынан шөп алмайтын Көжектің еркек жүзді, ер мінезді Балқияға шын көңілі кеткенін құрбыларының ешқайсысы сезбеді де (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Биылғы жылдың бас кезінде біздің мекемеге қой аузынан шөп алмайтын бір момын бастық тап болды (С.Адамбеков, Қожанасыр). Күсеміс, мінезі жағынан да әкесіндей қой аузынан шөп алмайтын жуас еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мұса қой аузынан шөп алмайтын ұяң, ешкіммен жұғыса қоймайтын үндемес, бұйығы болатын (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ол өзі қой аузынан шөп алмайтын момын екен, еш уақытта да бір адамға: “Сені ме!” деген қатты сөз айтпапты (Қаз. ертегі.).

367. **ҚОЙ МІНЕЗДІ** *Қойдай жуас, моп-момақан.* Қойшының бірі – қазақ; қошқар тұмсық, қой мінезді (І.Жансүгіров, Шығ.).

368. **ҚОЙДАЙ ЖУАС [МОМЫН]** *Қой аузынан шөп алмайтын, аса момақан.* Бізге қойдай жуас көрінетін болыстарыңыз көрген сәттен бастап, құтырған ұқсап кетті (Ә.Әбішев, Терең тамыр). Қойдай момын бишара! Сылтауы жоқ болса да, ағызыпты сорасын (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

369. **ҚОЙДАН ҚОҢЫР [ЖЫЛҚЫДАН ТОРЫ]**. *Өте момын, жуас.* Жазаң сенің – қойдан қоңыр мінезің, Әлдекімге артық болдың бір өзің (С.Бегалин, Шығ.). Қойдан қоңыр қазағым Қапыда алданып, тартылып, Айрылып қалдың құныннан (Кердері Әбубәкір, Шығ.). Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең, Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең (Абай, Тол. жин.). Айтамын деп, оқталса да, айта алмады. Қойдан қоңыр, жылқыдан торы біреу (Ж.Жұмақанов, Жазылм.).

370. **ҚОЙМҮРЕТ** сын. жерг. *Момын, қой аузынан шөп алмас.* Қарағым, мені қойшы, мен өзім бір қоймүретпін ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

371. **ҚОЙНЫНАН БӨЗІ, АУЗЫНАН СӨЗІ ТҮСКЕН** *Болбыр, бос, жуас.* Момын, Қойнынан бөзі, аузынан сөзі түскен божыр болса керек (С.Бердіқұлов, Нар тәуекел). Денесінің қауқиғаны болмаса Қалаудың арғы жағында түгі жоқ момынның момыны. Қойнынан бөзі, аузынан сөзі т ү с і п тұрған көп қарабайырдың бірі («Лен. жас»).

372. **ҚОЙПАЛАҚ** сын. жерг. *Бос, болбыр*. Ол баланы қой, бір қойпалақ бала (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

373. **ҚОЙТОРЫ** сын. *Жуас, момын, бейуаз.* Астындағы атын алты ай іздепті деген осы екен ғой, – деп қарт қосыла күлді де, қойторыға қарай бүкшеңдей бастады («Лен. жас»).

374. **ҚОЛАМТА МІНЕЗ** *Ашық-жарқындығы жоқ тұйық мінез.* Ыстық-суығы жоқ қоламта мінез жалықтыратын да болар (Т.Ахтанов).

375. **ҚОЛЫ АШЫҚ [ЖАЗЫҚ]** *Мырза, жомарт, береген.* Бойдақ кезінде қолы ашық қалтасы тесік жігіттердің көбі-ақ үйленген бойда сараң тарта береді (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Көкесі жалған сөйлеуді білмеген. Айтса – орындаған. Қолы ашық жомарт болған («Лен. жас»). Көрші-қолаң, асшы, малшылардың... маңына үйірілуіне қарағанда, қолы жазық екені, би тоқал бола бастағаны байқалады (Ғ.Мұстафин).

376. **ҚОЛЫ САҚИ** көне. *Қолы ашық, жомарт, мырза.* Қолы сақи бендеге, Өлгенде тиер қайыры. Менің айтқан сөзімді, Есіткен жандар қайырды (XVIII–XIX ғ.ғ. қаз. ақын.).

377. **ҚОНАҚЖАЙ** сын. *Қонақуар, меймандос.* Қысы салқын қоштасу азабындай, Жазы дархан кездесу базарындай. Күзі мырза қонақжай қазағымдай, Ал көктемі... махаббат назарындай (К. Салықов, Жезкиік.). Қонақжай сыйыменен, Бір шерткен көңіл күйін. Әпкемнің үйіменен Көрші еді-ау сенің үйің (М.Шаханов, Ғасыр.). Шарлап жүрген аспанның кемесіне, Шарам да жоқ мен солай демесіме. Жерден ұшқан ақиық қырандарым, Аман-есен жетсе екен енесіне, Қонса екен қонақжай жер төбесіне (М. Мақатаев, Шығ.).

378. **ҚОНАҚЖАЙЛЫ** сын. *Ашық-жарқын, қонақуар.* Қарсы алғанда «төрге шық деп, – жан балам», Қонақжайлы қарттарына таңданам. Бар сыйлықтан бағасы артық осынау Жарқын жүздер – арайлаған таң маған (Н.Оразалиев, Көңіл.). – Айта көрмеңіз… Ол жолы шынында да, көңілімді аса бір жылылығымен баураған қонақжайлы сапарым болды (С.Ғаббасов, Серпер).

379. **ҚОНАҚҚҰМАР** сын. *Қонақ келгенді жақсы көретін, қонақжай; қонаққа барғыш.* Жақсы ісі таусылмас жыр айтуға әлі, Жарқырап аспанынан ай туғалы. Сауыққой, қонаққұмар қойлы ауылдың, Әсте бір тарқамаған той-думаны (Ө.Жайлауов, Шопан.).

380. **ҚОНАҚУАР** сын. *Қонақжай, меймандос.* Алдарынан дәл кешегідей сыпайы, қонақуар жылпос жігіттер қылаң ұрып қарсы алды (М.Әуезов, Абай жолы). Бекіштің әйелі де қалбалақтаған қонақуар бір жан екен («Лен. жас»). Әзелден қонақуар асыл халқым, Әз тұтам көнермейтін осы салтын. Опалы қазақ – жүрек қашаннан да, Біледі сыр мінезді досы парқын (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.).

381. **ҚОНАҚШЫЛ** сын. 1. *Қонақуар, қонақжай.* Қазақтың қонақшыл әдетімен, үй иесі жылы шыраймен қарсы алды. Әңгімені осы ауылдың қоныстану жайынан бастадық (Ә.Нұрпейісов, Бесқара). Қонақшыл, көпшіл көңілді ауылды – жылы ұяны қимағандай да болатын (М.Әуезов, Қараш.). Сонымен келіп жеттік барар жерге, Қонақшыл күтіп алды сүйген ел де, Қойылды қонақасы алуан түрлі, Ұқсайды сірге жияр аққан селге (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). 2. сөйл. *Қонаққа барғыш.* Солар-ақ қонақшыл екен, ылғи үйлерінде болмайды (Ауызекі).

382. **ҚОҢЫНАН [ЕТІНЕН] ЕТ КЕСІП АЛСА ДА** *Шыдамды, төзімді адам туралы айтылады.* Жұлдызы бейшараның туды оңынан, Күйзелмес, кесіп алса да ет қоңынан (Базар жырау, Шығ.). Дұшпанға табашы болар дейтін жер келсе, ондайда бұл [ұзақ] етінен ет кесіп алса да былқ етпей, сыр бермей, қасқырша дыбысын шығармай өлуге жараушы еді (М.Әуезов, Қилы заман).

383. **ҚУАҚЫ** сын. *Әзілқой, күлдіргі, қалжыңбас.* – Сонда, немене, сендердің идеяларың тек күйеуге шығу ғана ма? – деді қалжыңдай, жаңағы қуақы жігіт (І.Есенберлин, Айқас). Қыз-келіншек тап болып, Құдай ұрып қалмайын?! Қуақы Құмыс шоқпен тең, Сөзінде сенім жоқпен тең (Манас). Жұлдызды айтып құралпы Тастағандай құрығын, Кім біледі қуақы Қыз баланың қылығын (С.Мәуленов, Таңд.).

384. **ҚУДЫ МІНІП, ҚҰЛАНДЫ ҚҰРЫҚТАЙТЫН** *Өте епті, әбжіл адам туралы айтылады.* Біреулер қара сөзді қамшы қылып, Қуды мініп, құланды құрықтап жүр, Қайсысын маған соның еп көрерсіз, Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз (Жамбыл).

385. **ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҒЫ ЖОҚ [ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҚТЫ БІЛМЕЙТІН]** *Ақпейіл, адал; жаны таза.* Бұл ең алдымен арамдығы, қулық-сұмдығы жоқ, жаны таза адам (Р.

Нұрғалиев, Күретамыр). Райымбек – еңбекшіл, адал, қулық-сұмдығы жоқ, ақ көңіл, бірақ аңқаулау («Қаз. әдеб.»). Дүниеде өсек-аяң қулық-сұмдықты білмейтін не болмаса тірі пенденің бетіне «әй, сен сондайсың» деп қарамаған, немесе тірі пендеге тілі тимеген, жарықтық ораза-намазы бұзылмаған таза да тәкаппар әйел еді (О.Бөкеев, Ән салады шағылдар).

386. **ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҚСЫЗ** сын. *Амал-айласыз; қулығы жоқ.* Ол осы қарасымен ең алдымен өзінің мол сезімін, аналық махаббатын, қулық сұмдықсыз таза жүрегін, достық табысына мақтана да, шаттана да алатын кең пейілін аңғартып еді (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

387. **ҚУЛЫҚСЫЗ** сын. *Амал-айласыз; ешқандай қулығы жоқ.* Бұл сөздерді ол ешқандай қулықсыз, жай ғана шынайы үнмен айтты (Т.Жанұзақов, Азамат.). – Донбаста болса керек, әкемнің мамама айтқанынан аңғарып қалдым, – деді Ваня ешбір қулықсыз, балалық аңқаулықпен (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

388. **ҚУНАҚЫ** сын. *Ширақ, тың, пысық; сергек.* Бұраңбел шалғын бұйығып, Алдыңа құлап бас ұрса, Қунақы қарттар жиылып, Мақтауын да айтпай жасырса (М.Мақатаев, Шығ.). Құттыбек шалдың дәуіріне аяқ салса да, қайратты, өңі қайтпаған жас жігіттей-ақ қунақы еді, өзінің маңдайына біткен екі-үш ауыз өлеңін іркілместен қоя берді (Ғ.Сланов, Дөң асқан.). Мұрты түксиген жұқа қабақ мұғалім түйіліп газет оқып отырғанда, қутыңдаған қунақы зиялы жігіт жайтаңдап кіріп келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кеше, іңір қараңғысында үсті-басы малмаңдай су болып оралып еді; қалжырап қайтса да қаны бетіне шауып қунақы қайтты (С.Нарымбетов, Тентек.)

389. **ҚҰДАЙШЫЛ** сын. *Құдайға сенуші, Аллаға сыйынғыш, діншіл*. – Құнанбай Қарқаралыға бір мешіт, Меккеге бір мешіт салдырған. Мен ондай құдайшыл адам емеспін (Д.Әбілев, Баянауыл.). Жаратылыстан керегін әрбір адам, Еңбегімен алуға бармау болмас. Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп, Еңбексіз еңбекшіні жалмау болмас (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Осы бір түрі тап бір құдайшыл кісінің құдірет алдында тілсіз табына қалғанындай екен (Д.Рамаданов, Тастүлек.). Сонымен бірге жаңа құрылған мемлекеттерде демократияны, егемендікті бүркемелеп, ескі тоталитарлық, бюрократиялық жүйені оған бейімдеп, барлық игіліктерді пайдаланып, екінші жағынан, «құдайшыл» болатындар да көбейді (Амангелді Айталы, Ұлттану).

390. **ҚҰЙМАҚҰЛАҚ** сын. *Тез ұққыш, зерек, зерделі.* Аманның бұйығы, ұялшақ мінездері жөнді байқалмайды. Құймақұлақ, зерек жігіт мектептен тыс, өз тұсынан оқып та, ой, білімін бірталай кеңейтіп алған (Ғ.Мүсірепов). Құйма құлаққа айтсаң, құйып алады. Ақпа құлаққа айтсаң ағып кетеді (Мақал-мәтел).

391. **ҚҰЛҚЫ ТАЗА** *Көңілі ақ, ниеті дұрыс.* Қандай жарға соқса да заман селі, Құлқы таза қалсыншы адам тегі. Қарайлама, жалған дос, жолың болсын, Күндер өтті байлатқан маған сені (К.Салықов, Жезкиік).

392. **ҚҰМАРТҚЫШ** сын. *Қызыққыш, әуесқой.* Мінезің қандай қызық еді! Сол әр нәрсеге құмар.

393. **ҚҰНТАҚТЫ** сын. *Ұқыпты, епті, икемді; құнтты.* – Көріп тұрмын. Құнтақты қолдың жасаған қуыршағындай бала екен. Тек саудасына келіссек (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұл еңбекқор, құнтақты, тыныштық сүйгіш халық еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Еңбекшілер үкіметі өткен жылдың аяғында почта конторларын газет тасу жұмысын құнтақты түрде орындап отыруға міндетті қылды (С.Дөнентаев, Шығ.). Бұлардың қайдан келгенін Бекболат қайдан білсін? Төлеген қара басына құнтақты жігіт екен деп ойлайды. Анығында Төлеген құнтақты жігіт еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

394. **ҚҰНТТЫ** сын. *Ұқыпты, жинақы, тиянақты.* Дау-далаба, билікке жоқ болғанмен, шаруаға құнтты, іске ұқыпты (Т.Ахтанов, Қаһарлы.). Жоқты бар етіп, ұқсата білетін, үй іші тіршілігіне құнтты, алтын саусақ әйелдер болады ғой (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Совхоз жастарын жинақтылыққа, құнтты болуға жалықпай үйрететін абзал коммунист (Ұ.Бағаев, Дала.).

395. **ҚЫЗ МІНЕЗДІ** *Мінезі жайдары, қыздай сызылып тұратын биязы, жұмсақ.* Табиғатында ақылды, сабырлы жаралған ол, таныс адамдардың ұғымында қыз мінезді жігіттердің бірінен саналатын (С.Мұқанов, Есею жыл.). Оны қашан көрсең, сол қыз мінезділігінен танбайды («Қаз. әдеб.»).

396. **ҚЫЗБА БАС** *Желөкпе, албырт.* Бір нәрсені ұнатса, Қайта ойланып қарамас. Мақтанып жұртты шулатса, Құмары сол қызба бас (Абай, Шығ. жин.).

397. **ҚЫЗУ** сын. 1. *Қайрат-жігері тасыған, жалынды, албырт*. Дұрыс, өзің басы-қасында болып, өндіріске тікелей араласып отырғаның өте орынды. Біз де баяғыда сондай қызу едік (М.Әбдіхалықов, Қара.). Екеуінің де өңі өрі сөндіргендей, күреңітіп, ісініп кеткен, үйге сөйлесе кірді. Теміржан тіпті шапшаң, қызу жігіт көрінеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). 2. *Тез көтерілетін, қызба.* Ол өзі сәл нәрсеге едіреңдеп шыға келетін қызу адам еді (Ауызекі).

398. **ҚЫЗУҚАНДЫ** сын. *Тез көтерілетін, қызба, лап етпе, намысқор.* Жақыпбек ойлағанын беті-жүзің бар демей тіке айтып тастайтын қызуқанды жігіт еді (М.Иманжанов, Көк белес). Юзик қызуқанды, өте албырт жігіт еді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). – Ә, сен екенсің ғой, қызуқанды батырым! Асықпа, жүгіресің. Бірақ, артқа емес, өзің айтып тұрғандай алға, жауға қарсы жүгіресің (Т.Тобағабылов, Жазира).

399. **ҚЫЗЫҚҚЫШ** сын. *Әуестенгіш, құмартқыш.* Бибігүлдің мектепте оқып жүргендегі қызыққыш, елгезек әдеті әлі қалмаған (А.Байтанаев, Жаңғыр.). Бөгденің қасірет-наласына қабырғасы қайыса қоймайтын осы жеңілтек, қызыққыш мінезі намысыңа тиеді екен (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Мүмкін сол тәрбиенің әсері болар, Маржанкүл осы күні жылтыраған заттарға қызыққыш (Н.Ғабдуллин, Сарғ. жапырақ).

400. **ҚЫЗЫМПАЗ** сын. *Тез еліге кететін, қызба.* Күрес пен бәйгеге қызымпаз қазақтар бұндай жиынды жанжалмен аяқтайтынын білетін Гутковский даяшылық қызметті әскерге тапсырып, басқаруға Шоқанды тағайындады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

401. **ҚЫЛЫҚТЫ** сын. *Мінез-құлқы сүйкімді, қимыл-қозғалысы тартымды.* Үш жыл ішінде қыз бетіндегі жібек пердені сыпырып, «беті ашылған», тілді де қылықты келіншекке айналған (З.Шашкин, Сенім). Биіктегі боз көйлекті бойжеткен Гүлжаһан есімді осы бір қылықты қыз көптен бері көрші тұратын (Б.Әбдіразақов, Серпіліс).

402. **ҚЫРАҒЫ ҚИЯ ЖАЗБАС** *Өтесақ, бәрін байқағыш, көзі өткір*. Қырағы қия жазбас сұңқарым-ай! Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай! үйілген өлексені өрге сүйреп, Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

403. **ҚЫРАҒЫ** сын. 1. *Тез байқайтын, көреген, байқағыш*. Советтік өмірдің сан алуан күрделі уақиғалары жазушының қырағы назарынан қақас қалған емес (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Қырағы жырау өміріміздің күнгейімен қатар көлеңке жағына да көз жіберіп, кемшілік жайларға кейістік білдіріп отырады (Х.Ерғалиев, Шындық.). 2. *Алғыр, көреген*. Теректен кессең бұтақ көсеу болар, Өз ойын дамытпаған мешеу болар. Қырағы алғыр болсаң табанда тап, Жұмасы он екі айдың нешеу болар (Қара өлең). – Тез баруларың керек, бай-құлақтар жалтарып қолдарыңа түспей кетпесін, – деп, Жаңқабек бұл жерде қырағы басшы адамның сөзін сөйледі (С.Бегалин, Уақыт.). 3. *Байқағыш, аңдап басқыш, абайлағыш.* Күдіктің адам баласы үшін пайда-зияны бірдей, ол қырағы да қылады, сенімнен де айырады (М.Дүзенов, Әке.). – Қырағы болу керек, арамызда әлі де жансыздар бар, – дегенді ол екі-үш рет қайталады (Е.Өтетілеуов, Бос шелек).

404. **ҚЫРАНКЕРЕЙ** сын. көне. *Алғыр, ержүрек.* Батырды қырық сегіз мың алды таңдап, Қисапсыз қару, қапшық азық қамдап. Қалмастан шаһизадаға ерді бәрі, Өнерпаз, қыранкерей, өңкей саңлақ (Бабалар сөзі).

405. **ҚЫРАУ ҚАБАҚ** бейн. *Қатулы қабақ, қаһарлы, адуынды, айбынды.* Қауқайып ат үстінде сүлделері, Қазақтың қырау қабақ шын ерлері, Қабанбай, Бөгенбай мен Жәнібектер – Сабаздар сөгілмеген іргелері (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

406. **ЛЕПІЛДЕК** сын. 1. *Елпілдеген алып-ұшпа.* Бұл бір ешкімге қиянаты жоқ, ешкімге кесір-кесапаты тимейтін, бірақ сонымен бірге мандытып іс тындырмайтын, мәнді сөз айтпайтын көк мылжың, лепілдек, күпілдек бейне («Қаз. әдеб.»). Күн асқан сайын Қартқожа жасақтың қалыпты бір азаматы болды. Кім жұмсаса да, тілін қайырмайды. Лепілдек, елгезек-ақ (Ж.Аймауытов, Шығ.).

407. **МАЙДА ҚОЛ** *Жақсы мінез, жағымды қылық.* Сынық көңілім көп кешер, Майда қолмен ұстасаң. Көңілге түрлі ой түсер, Әр тереңге нұсқасаң (Абай, Тол. жин.).

408. **МАЛСАҚ** сын. *Малжанды, малдың жайын көп ойлайтын.* Адайбек деген жылқысының жағдайын ұйықтап жатып та көріп жататын малсақ кісі (С.Санбаев, Аруана). Малсақ шопандар қойын шөбі шүйгін, суаты мол алыс өріске әкетсе керек (З.Жәкенов, Таң самалы).

409. **МАРҚАБАТТЫ** сын. *Ізгі ниетті, қайырымды*. Шетсіз, шексіз күшім бар Мақтанарлық ісім бар. Марқабатты елім бар. Шалқыған байтақ жерім бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әділ, көпшіл, көсем, жайдары, ашық Адамға алыс-жақын марқабатты. Қырмызы қызыл жібек, кең мінезді, Жылы жүз, жұмсақ мінез болған тәтті (Е.Ысмайылов, Ақындар). Иванның бәйбішесі марқабатты, Жан еді жүзі жылы, тілі тәтті (Д.Әбілев, Шығ.)

410. **МАРХАБАТТЫ** сын. *Қайырымды, шапағатты.* Ұлы мәребелі, ұлы мархабатты, ғақылына сай күн сәулетті ұлы ағзам император ханымға хақ тағаладан ұзақ бақытты патшалық ғұмыр тілеймін, әумин! – деді Әбілқайыр хан (Т.Ахтанов, Шығ.). Қош, сау тұр, артта қалған кемпір мен шал, Балаңа дұға ойлаңыз қадари хал. Жоқ еткен өзін-өзі бейшараны Қарғамай, мархабатты есіңізге ал (М.Сералин, Шығ.). Жер мен көкке жағалай, Шұғыласын құйып тең. Мархабатты анадай, Күн қарайды биіктен (С. Мәуленов, Алыс кет.).

411. **МАХАББАТШЫЛ** сын. 1. *Махаббат құмар, сүюге дайын, ынтызар.* Тұлпардай топ алдында ойқастаған. Ән «Хорлан» тамашада той бастаған. «Жігіттің арманы несүйгенді алған!» Көңілге махаббатшыл ой тастаған (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Миым менің қажығанда, іздей-іздей жүр елін, Бар міндетті алады өзі махаббатшыл жүрегім. Сүйіну мен күйінуден жалыққанда жүрегім, Жүйке болып қалады бар сүйенерім, тірегім (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

412. **МӘДЕНИЕТТІ** сын. *Мәдени дәрежесі дамыған, жоғары, озық.* Әңгіме үстінде Сұлтанмахмұт Мәликені кең зерделі, өмірге талғамы бар, мәдениетті қыз екеніне әбден көзі жеткендей сүйсінді (Д.Әбілев, Арман.). Астахов: «Алдақашан марқұм болған Абайдай адамның өз халқы арасында тірі жандай әр өсиетінің өмір сүріп отырғандығын, оның кейінгі іні-балалары мен жақын-туыстарының да сахара қазақтарының ішінде ең мәдениетті жандар екендігін, – айтты (К.Оразалин, Абай.).

413. **МӘЙІМ** сын. жерг. *Әдепті, сыпайы, жағымды.* Біраз кідіріп үлкен кісі даусын кенеп алды да, құс мамықтың үстіне жапқан үлбіреген шәйідей мәйім үнмен бастап кетті (Қ.Найманбаев, Үміт.). Біздің байқағанымыз Краковтың өн-бойынан сыпайы мінез лебі еседі. Мәйім мінез («Білім және еңбек»).

414. **МӘМІЛЕШІЛ** сын. *Бітімшіл, келісімпаз.* – Сіз үлкендік дегенмен, Басқаша ұқтық мұны біз. Мәмілешіл бар елмен, Кішілік қой мұныңыз? (Ә.Ахметов, Тырау-тырау.).

415. **МӘРТ** [ир.] сын. *Дүниенің бетіне қарамайтын қолы ашық, жомарт, мырза.* Жігіт те тым мәрт екен, сөзге келместен тағы бір сом бересалады (О.Дастанов, Мұрагер.). Арада жүрген жеңгемін, киемін қымбат тоныңды. Мәрт кісінің белгісі, Бітірсің тездеп сонымды (Батырлар жыры). Жасадым жиырма үш, жиырма төрт, Болса да тілім ұзын, көңілім мәрт. Уағдадан бөтен жолға тайғаным жоқ, Ойласып адамдармен байласам серт (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

416. **МЕЙМАНДОС** сын. *Қонақты жылы жүзбен, кең пейілмен қарсы алатын, қонақжай.* Ондай үйдің іші үлкенін сыйлағыш, кішілерін балаша мәпелегіш, мейірімді, меймандос келеді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Тәкежан түнде өзінің меймандос сабырлы

мінезімен Бүркітке бірден ұнаған болатын (І.Есенберлин, Қатерлі). Пейілі кең, меймандос, Қазақстан елім бар. Айтып болмас ауызбен, Әр алуан кенім бар, (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

417. **МЕЙМАНҚОР** сын. *Қонақжай, меймандос.* Қазақтардың тәні де, жаны да таза, сыпайы, сүйкімді мейманқор халық екен («Қаз. әдеб.»).

418. **МЕЙМАНҚОС** сын. *Қонақжай, меймандос*. Жаппастың сап-сары алтын жиған мүлкі, мейманқос келеді оның барша жұрты (Айтыс).

419. **МЕЙМАНШЫЛ** сын. *Қонақжай, мейман сыйлағыш, меймандос.* Асылында бұл ауылдың адамдары ерекше мейірманды, мейманшыл, ақжарқын көрінеді (А.Сатаев, Ақын ізі). // *Қонақжайлық, меймандостық мінез.* Маңқыстауда мұнара да мұнара. Бұл араның мейманшылын сұрама (С.Сейітов, Алуан.). Ұрлық істеп беті күйген адамдай мейманшыл үйдегі үш жанға қарауға көз шыдамайды (Ә.Нәбиев, Тың тынысы).

420. **МЕЙРАМШЫЛ** сын. *Той-думаншыл, мерекешіл.* Мейрамшыл қауым мәдениетті үлкен жерлерге келіп, мейрам-сауық кештерін өткізіп тұрады («Қаз. әдеб.»).

421. **МЕЙІРБАН** сын. *Рақымы мол, қайырымы мен шапағаты зор*. Мейірбан түсі жылы кісі екен ғой, Бір ойдан әлдеқандай адам десем. Еншәлла, бағытымда зая болмас, Кешірімді болғандай адам екен (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ғалымның қанша айтқанмен қасиеті, Патшаға айтқызбады бөтен бұлтаң – Мейірбан перзентімнің мейірі үшін. Келтіргіл бір қап гауһар, болса імкән (О.Шораяқов, Шайыр.). Елді ойламай ақынның таңы атқан ба, Сырымды оқы мейірбан қабақтан да. Жүрегімнің бір шетін үзіп берем Қазағыма жақсылық таратқанға (К.Салықов, Жезкиік.). // *Рақымды, қайырымды адам.* Рас, рас, қанша тағдыр қол артсын, Сен солардың көңіліне қарапсың. Өміріңде жатсынбадың ешкімді, Мейірбансың, өйткені сен жомартсың (М.Шаханов, Ғасырлар.).

422. **МЕЙІРБАНДЫ** сын. *Рақымды, қайырымды, шапағатты.* Оның сезімтал және мейірбанды, рақымды адам екенін осы үнінен аңғардым (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ.). Баукең үйінде аса мейірбанды, ер көңіл, кішіпейіл адам екен (Н.Әбуталиев, Сахара.). «Жауыңа қандай қатал болсаң, досыңа сондай мейірбанды бол» деп, бабаларымыз өсиет айтқан (І.Есенберлин, Алтын Орда).

423. **МЕЙІРБАНШЫЛ** сын. *Рақымшыл, қайырымшыл, қамқоршыл.* Үлкен кісілердің бәрі мейірбаншыл-ау (Т.Тобағабылов, Жазира).

424. **МЕЙІРҚАНДЫ** сын. сөйл. *Мейірімді.* Таубасар мейірқанды адам көрінеді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

425. **МЕЙІРЛІ** сын. *Қайырымды, рақымды, шапағатты, мейірімді.* Мектеп-интернат тәрбиеші, ең алдымен, мейірлі ана да ата, өтезор үлгілі ұстаз (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Күзгі түн. Тұман сейілді. Өлген жоқ Арман, қан ақты. Осы бір жандай мейірлі Арайлап жаңа таң атты (М.Мақатаев, Шығ.). Шіркін дала, мейірлі ана, Ақ сүті мен нанын беріп. Асырайды бар халықты Төсін толқын сағым керіп (С.Мәуленов, Алыс кет.).

426. **МЕЙІРІМДІ** сын. *Рақымы, қайырымды, мейірлі, мейірбан*. Үлгілі мейірімді жұрт мұны істейді ме? Енді бұл айтылған адам саудасын тоқтатуға не қам қылу керек? (М.Дулатов, Шығ.). Көк ала пішен жиғаны, Шыбынсыз заңғар тауында. Мейірімді қыздай ибалы Мен туған құйттай ауыл бар (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Саттар қайда, шынымен-ақ, қыз көңілін ұқпай ма? Қайда сол бір мейірімді жан, күліп алдан шықпай ма? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қартайғанда асырасын десең, о да бір бос сөз. Әуелі өзің қарауың қайтарлық қартаюуға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? (Абай, Тол. жин.).

427. **МЕЙІРІМШІЛ** сын. *Мейірбан, қайырымшыл, шапағатты, рақымды.* Ендігі жерде мейірімшіл болғайсың. Саған да Сағадат деп ат қоялық (Т.Тобағабылов, Жазира). Ұйымшыл, ұраншыл, мейірімшіл, қоғамшыл. Кіршіксіз, ақ жүрек. Біздер шын тазасы (І.Жансүгіров, Шығ.).

428. **МЕРЕЙЛІ** сын. *Мәртебелі, абыройлы.* Ендігі бір айтарым, қайда жүрсеңдер де қайырымды, әрдайым мерейлі, бақытты болыңдар (К.Асанов, Сағыныш). Бұрын да мерейлі еңбегімен көпті қуантып жүрген озат тракторшы бұл тұста жол тартып еді (Т.Қаупынбаев, Жазира). Осыдан ширек ғасыр бұрын іргесі қалана бастаған осындай игі құрылыстарға өзінің де үлес қосқанын Хакім қазір де мерейлі сезіммен еске түсірді (М.Хасенов, Тың тарландары).

429. **МЕРЕЙІ ҮСТЕМ** *Беделі, бағы артық.* Сөйлесе кетсе бір жерде, Ағыны қатты аңқылдап, Оязға кірсе, өзгеден Мерейі үстем жарқылдап, Елің бұзық болған соң, Ояз жатыр шартылдап (Абай, Тол. жин.).

430. **МЕСЕЛДІ** сын. *Іскер, жігерлі, меселі мығым.* Адам өзімен сөйлесіп отрыған екінші бір кісіге неғұрлым жігерлі, меселді болып көрінсе, оның гипнозшылық әсері де өтімдірек болады (Ш.Қожахметов, Ғалам ғажаптары).

431. **МОЖАН ТОПАЙ** *Еш нәрсеге мән бермейтін жуас, момын.* — Қайтесің сол байғұсты шырылдата беріп, ол бір жүрген можан топай емес пе? (Ауызекі тіл). Соғыс, соғыс... Соғыс жауы жер-көктің, Соны біліп, соғысқа жол бермек кім?! Егер сонау қанды майдан болмаса, Жүрер еді топай көгі еңбектің (М.Мақатаев, 1 том). Болғанда топай, құлға асық қалды, Аяққапта қырғыш пен қасық қалды (Шернияз Жарылғасұлы).

432. **МОМАҚАН МІНЕЗ** *Жуас, үндемейтін мінез сипаты.* Жырларымда момақан бар мінезің, Лағындай еліктің арман кезін. Әнші болып туғанда мына әндердің Бәрін өзім айтар ем, бәрін өзім (Т. Молдағалиев, Шақырады.).

433. **МОМАҚАН** сын. *Момын, жуас.* Түк көрмеген, түк білмеген болады: қой аузынан шөп алмайтын момақан (Б.Тілегенов, Аққайнар.). Сол баланың қақ-соқпен ісі жоқ, момақан аңқау көзі бажырайып, аузын ашып, мұрны қоқиып отырғаны (Ж.Аймауытов, Шығ.). Атаман бастаған көп жасауыл тиыш жатқан момақан елдің малын, дүние-мүлкін талап, үйін өртеген (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). // *Момынсып, жуасып.* Мейірімді, түк көрмегендей монтаны, момақан жатыр (К.Сегізбаев, Ашылм.).

434. **МОМАҚАНДАУ** сын. *Момындау, жуастау.* Бір тоға, момақандау бой жеткен еді ол (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Момақандау, ерегесіп көрмеген (С.Сейітов, Алуан.). Сырт пішіні момақандау көрінген жұмыр қара кісінің айтқан тілі де майда, таққан кінәсі де орынды сияқты көрінді көп адамға (Ж.Түменбаев, Семсер).

435. **МОМЫН АДАМ** *Есерлігі жоқ, ешкімге соқтықпайтын, салмақты, жуас кісі.* Жұман момын адам, әрі Қартқожаның әкесі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

436. **МОМЫН** сын. 1. *Момақан, жуас.* Айтпадым намаз оқып, құлдық тағат, Ораза тұтқаным жоқ жалғыз сағат. Жазықсыз қойдан момын жануар жоқ, Соларды қойшысымен жедім қабат (А.Байтұрсынов, Шығ.).

437. **МОМЫНДАУ** сын. *Момақандау, жуастау.* Күйеуі момындау жігіт көрінеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Жүріс-тұрысы, сөз әлпетіне қарағанда, бұйығылау, момындау біреу сияқты (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Момындау адам, баласына қатты сөйлей алмайды («Халық мұғ».).

438. **МОМЫНЫРАҚ** сын. *Момындау, жуасырақ, момақанырақ.* Қазақ аулы орыс деревнясынан басқа, қазақ байы орыс кулагынан гөрі момынырақ (Х.Есенжанов, Көп жыл).

439. **МОНДЫБАЙ** сын. экспр. *Жуас, момын.* Иіс алмас, мондыбайлар ғой, жұмған аузын ашпайды (Т.Әлімқұлов, Шежіре.). Бұл түстік өңірдің май топырақ жолынан шаң сұйылтқан мондыбай момын – алма піс, аузыма түстің адамы секілді (Д.Досжанов, Табалдырық).

440. **МОНДЫБАС** сын. қарап. *Қой аузынан шөп алмайтын, момын.* Бұл мондыбас кісіге не түсіндіріп жарытушы еді? (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Мондыбас біреу масаттанып: – Жиендікі жөн, жөн!– деді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Анау күйеу жігіт те бір мондыбас болса керек (З.Қыстаубаев, Ақ түн).

441. **МОНДЫБАСТАУ** сын. *Момындау, жуастау.* Жомарт үндемеді. МТС-тың мондыбастау директорын билеңкіреп баратқаны рас еді (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Жәй көзге мондыбастау көрінгенмен, Жаңылханның өзіне жетер долылығы барды (Х.Ахметбеков, Ақ дала). Мондыбастау үш құда Шекердің қақ төрінде молдасын құрып, қораздана қалыпты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

442. **МОП-МОМАҚАН** сын. *Өте момын, жұп-жуас.* Батырың аяқ астынан моп-момақан күйге түсті (Ақ бидай). Жаңа туған қозыдай боп, моп-момақан монтиып отырғандағысы-ай! (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Намыр оның ойлана түскен моп-момақан жүзінесүйсіне қарады (С.Ғаббасов, Ана жүрегі). Тулап-тулап, ақыры тербетіле, Өзі риза өзінің келбетіне. Моп-момақан, мөлдіреп жатар ол да, Мүләйімсіп иегін жерге тіреп (М. Мақатаев, Шығ.).

443. **МОП-МОМЫН** сын. *Өте момақан, тым жуас.* Сағадат үндемейді, тек басын изеді, моп-момын, түрі әкесіне тартыңқыраған (Ж. Өмірбеков, Қызыл су). Көрер көзге моп-момын, мүп-мүләйім (М.Әуезов, Шығ.). Моп-момын қой аузынан шөп алмас, жуас бола қалыпсың ғой, – деді Гвоздев (Б.Тілегенов, Уақыт).

444. **МҰҚИЯТ** сын. *Мәселенің егжей-тегжейіне барынша тыңғылықты қарайтын, ұқыпты, тиянақты.* Мұқаң аударманы теруге жіберер алдында міндетті түрде мұқият қарап шығатын (С.Мәуленов, Үркер.). Ол кетер алдында Әбдірахманға Шәкім мен Шәріпке мұқият қарай жүруді тапсырды (З.Асабаев, Ар.).

445. **МҰРАТШЫЛ** сын. *Мақсатшыл, арманшыл.* Мызғымас мұратшыл ма едің, жоқ, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен бос белбеу ынжықпысың (М.Қабанбаев, Кермек дәм).

446. **МҰРНЫН ТЕСКЕН ТАЙЛАҚТАЙ** кекесін. *Көнгіш, ырыққа ерігіш, жуас.* – Кетсеңші енді, Махмұт, кетіп қал! Мынау тұрғансын, сені оңдырмайды. – Жоқ саспаңыздар мұрнын тескен тайлақтай жуасытып берем сендерге бұл аюды (Б.Әбілов).

447. **МҮДДЕШІЛ** сын. *Өз мүддесін қорғайтын.* Серғазы мүддешіл адам, өз есесін жібере қоймас («Қаз.әдеб.»).

448. **МҮСІРКЕГІШ** сын. *Есіркегіш, аяғыш.* Мүмкін бұрынғыдай мүсіркегіш көздерімен қарамайтын шығар (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Аямпаз – мүсіркегіш дегенге мәндес, ал гуманизм аяу емес, рақымшылық, адамгершілік («Ана тілі»).

449. **МІНАЖАТШЫЛ** сын. *Құдайға сыйынғыш, құлшылық етуге құмар.* Бір кездегі аюдай ақырған айбары жоқ, әбден мінажатшыл боп алған (Н.Серәлиев, Қаңтар). Эстетикалық терең талғам иесі Абайдың мұндай әрі мінажатшыл, әрі «құрау», «жамау» өлеңдерді сынап, мінеуі заңды еді («Қазақст. мұғ».).

450. **МІНӘЙІ** сын. жерг. *Сыпайы.* Хафиз басыңқы, мінәйі мінезді адам (Б.Кенжебаев, Асау жүрек).

451. **МІНЕЗДІ** сын. 1. *Мінезге бай, кең.* Ол өте мінезді, тілінен де, қолынан да келетін пысық әйел боп шықты (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жәнібек маған бұл дүниедегі мінезді, өнерлі жан сол жігіт боп елестеді де тұрды (А.Жақсыбаев, Егес). Мінезді болса алғаның, Одан артық жар бар ма. Екі жаман қосылса, Күнде жанжал, күнде шу (Алдаспан). 2. *Күтпеген жерден оқыс мінез, қылық көрсететін әдеті бар деген мағынада.*

452. **МІНЕЗДІЛЕУ** сын. *Мінезі барлау.* Бұл бір қызық мінезділеу қазақ еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Досан туралау, тік мінезділеу секілді (М. Әбдіхалықов, Қара тасқын). Тұйық мінезділеу тігінші әйелінің сөзіне қолды бір-ақ сілтеді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

453. **МІНЕЗІ АУЫР [АУЫР МІНЕЗДІ]** *Аса ұстамды, сабырлы, адамға бірден ашыла қоймайтын.* Өмірінде өріммен ғана шұғылданған, мінезі ауыр, ол ауылдағы ойын-сауық, айт-той сияқты думандарға да желігіп көрмеген адам (С.Мұқанов, Есею жыл.). Құлындай ашы дауыстым, Құлжадай айбар мүйіздім. Қырмызыдай ажарлым, Хиуадай базарлым, Теңіздей терең ақылдым. Тебіренбес ауыр мінездім! (Махамбет, Өлең д.).

454. **МІНЕЗІ МАЙДАЙ** *Мінезі жайлы.* Гауһардай көзі, бұлбұлдай сөзі, Жаннан асқан бір пері. Жүзі бар айдай, мінезі майдай, өзгеден артық сол жері (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

455. **МІНЕЗІ ТЕКТІ** *Әдепті, ізетті, көргенді, биязы деген мағынада.* Мінезі шалдың-дағы текті дейді, Сөзіне әбден көзі жетті дейді (Қозы Көрпеш).

456. **НАМАЗҚОЙ** сын. жерг. *Намазшыл.* Жаман неменің намазқойын қара (Қаз. тілі аймақ. сөзд.).

457. **НАМАЗШЫЛ** сын. *Намазын қаза етпейтін діндар.* Кейбіреулердің бірәдір атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды (Абай, Тол. жин.). Атеистік пікірге келген шағында: – «бала кезімде оразашыл, намазшыл болдым», – дейтін Баймағамбет (Б.Ізтелин, Шығ.).

458. **НАМЫСКЕР** сын. *Намысқой, намысшыл, ар-ожданын бәрін артық санаушы.* Тарзансыз қасқыр қуып, көңіл жарыта алмайтынын ойлағанда, намыскер аңшы шарасыздан булығып қатты аласұрды (С.Елубаев, Ойсыл қара). Жас жігіт кереметтей намыскер болып өсті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жер бетінде туып жатыр ұлы істер, мысал да бар ұшар қанат дұрыс дер. Алға шықса озық елдер әлемде, Бүкіл халқы намыскер Һәм жұмыскер (К.Салықов, Жезкиік).

459. **НАМЫСҚОЙ** сын. *Намысшыл, ар-абыройын жоғары ұстайтын.* Шамасы Шидүрге шыдамсыз, намысқой, күйгелек адам тәрізді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Құрақпай туғаннан-ақ жарлы еді, О-дағы қолы қысқа зарлы еді. Өзі әнші, өзі батыр, өзі сері, намысқой, ер көңілді, арлы еді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жердің аман тұрғандығы Сол намысқой еркектердің арқасы. Әр кез нұрлы үміт сеуіп алдымызда таң жатсын, Қайғы келсе жеңілмейтін, Бақыт келсесемірмейтін, Ер мінезін қадірлейтін, Еркектердің даңқы артсын! (М.Шаханов, Ғасыр).

460. **НАМЫСҚОР** сын. *Намысқой, намыскер.* Құнияз ер мінезді, намысқор, балуан жігіт еді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Мария тұр переводтап жігіт сөзін, Намысқор, ержүрек деп ұнатты өзін. Бұрынғыдай жалдама жалшы демей, Көрген сайын қызықты әр мінезін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қыз кет деп беттен алып тұрған соң, намысқор ер жігіт қайтіп шыдасын (М.Мағауин, Бір ата.).

461. **НАМЫСТЫ** сын. *Намысқор, намысшыл.* О, Елім! Неткен намысты ең! Өртенсін жауың, өртенсін. ...Келіп ең, жауым, маршпен Өлімнің сазын шертерсің (М.Мақатаев, Шығ.). Намыстыны өлімім ойландырсын, Босқа төккен қалың жұрт қайран күшін. Мені жерлеу арқылы өз ұлтының Бір үмітін көмерін қайдан білсін (М.Шаханов, Ғасыр). Намыстылар қайда? – деп, Атой сап қол бұлғады. Алты жүз батыр жігітті Жалғыз күнде жинады (О.Шипин, Дастан). Сұлтандар қасында намысты, арлы жетпіс я сексен кісі қалды (Әбілғазы, Шежіре).

462. **НАМЫСШЫЛ** сын. *Намысқой, аршыл.* Үстімде сұр шинелім, Қолда автомат, беренім, Жеңілем, өлем демедім, Намысшыл, кекшіл өр едім (Д.Әбілев, Уақыт.). Тым аса қуысшыл ма, шамшыл ма, секемшіл ме, не әлде намысшыл ма, қалай болғанда да, ондай кісілер жұрт білетін мінін шалғайымен жапқандай қымтап болады («Лен. жас»). Ол – ел-жұртын, туған халқын, киелі топырағын жан-жүрегімен берілесүйген намысшыл ер, көзсіз патриот! Орақ тілді («жас Алаш»).

463. **НАН ТЕПТІ** *Арамтамақ, жатыпішер.* Халық ықыласын қайтарсам, «Болам ба, – деймін, – нан тепті?» Сөз тауарын білетін, Ерлер басы келіпті, Тербеліп жорғаң тер төкті! (О.Шораяқов, Шайыр.).

464. **НИЕТІ ҚАЗАТ** *Ниеті түзу, адал.* ≈ Ниет і қ а зат адам.

465. **НЫСАПТЫ** сын. *Көзі тойғыш, қанағатшыл.* Ақбота нысапты, сыпайы жануарды. Өз үлесін алғаннан кейін, қайтып қолыңдағыға ұмтылмайтын (З.Шашкин, Өмір.). Бұл қартың оның бірін де кәсіп қылып көрген жан емес. Нысапты көңіл әу баста мұны мал соңына салған («Лен. жас»).

466. **ОЗЫҚ ПІКІРЛІ** *Алдыңғы қатарлы көзқарастағы адам.* Ыбырай Алтынсарин озық пікірлі педагог болды, ол өзі ашқан мектептерде діни сабақтарды енгізбеді,

балаларға орыс тілін оқытты, ел арасына орыс мәдениетін таратты, шәкірттерді еңбекке үйретті (Қ.Көпішов.).

467. **ОЙЛАҒЫШ** сын. *Көп ойлайтын, ой үстінде жүретін, ойлампаз.* Әрбір уақыт - қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырық болса керек (Абай, Тол. жин.). – Густав Христианович, сіздің жаңалық ойлағыш, ізденгіштігіңіз – басқа шен иесі ұлықтардан өзгешелігіңіз (С.Бегалин, Шоқан асу.). Көрініп кейде көпке тым сыпайы, Ойлағыш халық қамын жан санаған (Д.Еркінбаев, Шығ.).

468. **ОЙЛАМПАЗ** сын. *Көп ойлайтын, ойланғыш.* Жазушылықпен әуестенуші жас қаламдар қандай ойлампаз (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Бұл Мұса баяғыдан ойлампаз жан, Сондықтан солғын тартып, өңі де азған (Д.Еркінбеков, Шығ.).

469. **ОЙЛАНҒЫШ** сын. *Ойлампаз, көп ойлайтын*. Қос қыртысын кетірмес ойларының, Лап бергіш, к… айналғыш, қайта ойланғыш (Абай, Тол. жин.).

470. **ОЙЛЫ** сын. 1. *Сана-сезімі мол, есті, саналы.* Көкірегінде оты бар Құлағын ойлы ер салсын (Абай, Тол. жин.). Әлдеқайда, Қырда, Сырда алаш бар... Мұнарлы тау, балдай бұлақ, ағаш бар... Есіл елді, есіл жерді жат алды... Ойлы ұлына бұл кең дүние болды тар (М.Жұмабаев, Шығ.). Шындықты сүйетін ойлы бала көрінесің, осы бетіңнен тайма!– дегенді сабырлы кейіппен, салмақтай сөйлеп (З.Шашкин, Сенім). 2. *Сыры бар, мәні терең, ой алғандай.* Ақылдының сөзіндей ойлы күйді Тыңдағанда көңілдің өсері бар (Абай, Тол. жин.).

471. **ОЙНАМПАЗ** сын. *Ойыншыл, әзілқой.* – Бұл шопыр ма, бұл шопыр, Тілеуі болғыр, жақсы адам. Бұл сөйлесе күл де отыр, Ойнампаз-ақ жарқын жан (Ғ.Қайырбеков, Құрдас).

472. **ОЙНАРҒЫ** сын. көне. *Ойнақы, ойыншыл*. Мен сізді бүгінгідей білемін. О, онда сіз Ойнарғы бала едіңіз – өткен марқұм Герцог айтар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

473. **ОЙШАҢ** сын. *Ойлы, зерделі*. Ондай кітаптар Шоқан, Григорий сияқты ойшаң балаларды қызықтырмайды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ақжан ойшаң көзімен Жиенбайға біраз қарап тұрды да, артынан тұнжырап міңгірлей берді (М.Дәулетбаев, Қызылжар). Бүгінгі біздің балалар – бойшаң ғана емес, ойшаң да балалар (Уақыт және қаламгер).

474. **ОЙШЫЛ** сын. *Көп ойлайтын, данышпан, дана, кемеңгер.* Өзіңесенбе, жас ойшыл, Тіл өнері дертпен тең (Абай, Шығ.). Философ, ойшыл, данышпан, Терең ойлап алыстан, «Құдай бар ма, жан бар ма?» – деп ақылмен жарысқан (Ш.Құдайбердиев Шығ). Ол – сол кезінде де жазушы, сол кезінде де ақын, сол кезінде де ойшыл (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Кіріспесөзде көрнекі құралдар арқылы ұлы ойшыл жерлесіміз әл-Фарабидің өмірі туралы оқушыларға мағлұмат берілді («Қазақст. мект».).

475. **ОРАҚ АУЫЗ [АУЫЗДЫ, ТІСТІ], ОТ АУЫЗ [АУЫЗДЫ, ТІСТІ, ТІЛДІ]** 1. *Өткір, өктем тілді, шешен, ділмар кісі.* Қарапайым ауыл әйелдері ішіндегі талай-талай от тілді, орақ ауызды, әзіл қалжыңды шебер айтатын әйелдерді көп көргенбіз (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Жасында орақ ауыз, от тілді басшыларды да көрді (Ә.Қалмырзаев, Ар). Қыпшақтың от ауызды, орақ тісті, қарға бойлы Қазтуған жырауы мен Арғынның ақсаңылақ жүйрігі Қотан жырау айтыспақшы (І.Есенберлин, Алмас.). 2. *Адуын мінезді, турашыл, өткір тілді кісі.* Орақ ауыз, от тілді адам, ешкімнің бет-жүзіне қарамайды (Ә.Нұрғалиев, Күретамыр). Әйкен от ауыз, орақ тілді, қадалған жерінен қан алатын қатал екен, – деді (С.Бақбергенов). Ауылда еркек орнына жүретін кейбір от ауыз, орақ тісті әйелдер болады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бес ұлдың буына піскен адуын, орақ ауыз әйел шалына соқтыға кірді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

476. **ОРТАҚШЫЛ** сын. *Барын ортаға салғыш, көпшіл.* Біз ортақшылдармыз: бізде бауыр жоқ, бізде тура жол бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Студент шағында көпшіл, ортақшыл сияқты еді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

477. **ОРТАШЫЛ** сын. *Көпшілік қауымға бейім, көпшіл.* Жақынырақ жүретұғын пайдаға, Менің ол бір танысым-тын жәй ғана Әңгімешіл болатын-ды, Орташыл ол жүрген жер думан еді қайда да (И.Исаев, Таң алдында).

478. **ОТ ЖҮРЕК** *Еш нәрседен қорықпайтын, батыл.* Әттең, от жүрек, алғыр ойлы, көреген әке, ел басын толық, қоса алмай кетті (І.Есенберлин, Алмас.). Төндіріп тас төбеден түнегіңді, Көп болса бозартарсың гүл өңімді, Ал бірақ Алматымды сүйетұғын Суыта алмайсың от жүрегімді (Т.Айбергенов, Мен саған ғашық едім.).

479. **ОТ КӨЗДІ** *Жанары өткір, айбатты*. Екі иығына екі кісі мінгендей, денелі, үлкен от көзді, гүрілдеген зор дауысты, мейлінше айбатты жігіт (Г.Мұстафин, Көз көрген).

480. **ОТАНЖАНДЫ** сын. *Отанын сүйгіш, елжанды.*

481. **ОТАНСҮЙГІШ** сын. *Отанын сүйгіш, елжанды, отаншыл.* Он жыл ішінде Қазақстан азаматын тәрбиелеу, отансүйгіш, ел мүддесіне жүгінген қайраткер жанды тәрбиелеу, ұлттың тарихи санасын қалыптастыру, оның жаңа нарықты экономикаға негізделген ділін шыңдау күн тәртібіне қойылды («Егемен Қазақстан»). Тәуелсіз елдің ендігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі зор («Егемен Қазақстан»).

482. **ОТАНШЫЛ** сын. *Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын, шын берілген (адам).* Осындай мойымас қайсар бас имес тәкаппар, шыншыл, отаншыл ұлы ақынын патша үкіметі екінші рет көріне өлімге айдады (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Құмарта «Гәкку» әнін ел естіді, Отанның Қиыр Шығыс жау беті де. Тасытып талабымды тартылған күй, Отаншыл жігерімді өрлетеді (А.Лекеров, Өмір оты). Өркениетті елдердегі мемлекет байлығын бөлісудегі әлеуметтік әділеттілік принциптерінің біршама сақталуы ел азаматтарын отаншыл ете түседі («Қаз. әдеб.»). М.Әуезов Ұлы Отан соғысы жылдары өзінің отаншыл жүрек сезімін халыққа жеткізіп, тыл қаһармандарымен бірге республиканы Отан соғысының бір берік қамалына айналдырды (М.Қозыбаев).

483. **ОЯЛЫ** сын. жерг. *Ақыл-есі бар; ойлы.* Оялы жігіт, Орта ойдан, Алыс жүр басың аманда (Қ.Мырзалиев, Домбыра). Келмесе нұр шекіскің, Бол тәртіпті, оялы, Қарсы шықсаң, Екі-үш күн, Кезекші етіп қояды (Ж.Әбдірашев, Саяхат).

484. **ОЯНЫМПАЗ** сын. *Әсер алғыш, оянғыш*. Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады (М.Жұмабаев, Шығ.).

485. **ӨБЕКТЕГІШ** сын. *Өбектей беретін, жаны қалмайтын.* Қыздар жігіттің неғұрлым көңіл аулағыш, өбектегіш, бәйектегіш келгенін ұнатанынын білмейтіні ме? (Б.Аманшин, Жар мұңы).

486. **ӨЖЕТ** сын. 1. *Ойын іркілмей, қысылмай, бетке айтатын, ешнәрседен қорықпайтын*. Баласын өжет, жақсы етіп өсірген екен Иіс (М.Әуезов, Абай). Үшеуі, нағашының дәл өзіндей өжет, адуын қатынымен төртеу, тағы бір қошаметші, қосшыларымен жеті-сегіз – қуаныштары қойнына сыймаған қырмасақал қауым Бесобаның – ауыл емес, таудың басына шығып, бес күн қатарынан тойлапты («Жұлдыз»). Дәріпбек өте өжет, батыл жігіт болатын (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.). 2. *Батыл, қайсар, қайтпайтын.* Қазақ халқы жаратылысынан өжет те жауынгер халық (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Келіншектау: «Ықылым заманнан бері тап сендердей қайсар, өжет ұрпақты көргенім осы. Сендім сөзіңе: қымсынбай қияма, қиындыққа мойынсынбай жолға түс ендеше» (Д.Досжанов, Жусан мен гүлдер). Осылай қызғалдаққа-қырмызыға, Күн сүйіп өжет өскен бір қызына. Сый тартсам табиғаттан қол жетер ме, Даланың толықсыған жұлдызына (Қ.Ұябаев, От жылдары). 3. *Өткір, батыл*. Халық ішінде қаулап өсіп келе жатқан жаңа күш, өжет ойлар бар (Т.Ахтанов, Дала.). Шешімге келдің өжет бір, «Шешінген судан тайынбас». Айтылды соңғы сөз өткір, Бар пәктікке айырбас (С.Иманасов, Ақдариға).

487. **ӨЖЕТ-ӨТКІР** сын. *Батыл, жаужүрек, ер.* Жауынгерлер жауды тілмен сыбайды, Бұл қырғынға қандай адам шыдайды. Атып тұрып өжет-өткір біреулер, Алға! – деген сөзін айтып құлайды (Қ.Нығыманов, Қаз. әдеб.).

488. **ӨЗІНЕ-ӨЗІ СЕНІМДІ** *Өз күшінесенді.* Айдасаң алыс жерімді, Алсаң ащы терімді, Өзіне-өзі сенімді. Тоят төс салпы ерінді Топтан торай бермейтін, Тұлпар аттай қунақпын (Д.Бабатайұлы). Өзіңе-өзің сенімді бол. Диқанның сенімінен айырылғаны – өнімнен айырылғаны (Ы.Жақаев).

489. **ӨКТЕМ МІНЕЗДІ** *Тегеурінді, өр мінезді (адам).* Бірақ басшылықты өктем мінезді Мәмбет өз қолына алғаннан кейін Батырбек бұл қайратты ерге ден қоюмен келді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

490. **ӨЛЕҢШІЛ** сын. *Өлеңді сүйетін, өлеңқұмар, өлең айтқыш.* Жырыммен сәлем берем достарымның – Өлеңшіл ұлдары мен көп жерлесіне (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Өлеңшіл қазақ жараны Жаңа бір жырды күт менен (С.Мәуленов, Найзағай.). Оралмасам, өлеңшіл ел алдында, Күннен күнге борышқа барам батып (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

491. **ӨНЕРШІЛ** сын. 1. *Қолынан әртүрлі іс келетін, шебер (кісі).* Комсомол қызметкері жастар ортасында болатын сергек, жігерлі, өнершіл, іс көзін табатын абыройлы азамат болуға тиіс («Лен. жас»). Өнершіл халық өзінің барлық шеберлігін сәулетті сарайлар, көркем ескерткіштер салуға, оны тамаша өрнекті оюлар, жазулар, түрлі суреттермен безендіруге арнаған (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). 2. *Ән айтқыш, күй тартқыш, өнерпаз.* Балалардың өнершіл болуы көзделіп, оларға гармон, гитара, скрипка, домбыра, патефон, биллиард, т.б. әперілген («Халық мұғ.»). Өнершіл жігіт Тасболат Бәйімбетов өзі шығарған «Қаратау вальсі», «Жұлдызым» деген екі әнін айтты (Е.Әлімқұлов, Даңқ.). Әкемнің өзі өнершіл, саятшыл адам болса керек («Қаз. әдеб.»).

492. **ӨҢІ ЖЫЛЫ** *Жылы шырайлы.* Ішінде бір Шал адам өңі жылы: – Қой, – деді өліп қалса болар құны. Байлаулы қолым шешіп жөн сұрады, Баланың енді шығар барлық шыны (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

493. **ӨР КЕУДЕ** *Батыл, өжет.* Батырлар жолды тосуда, Арада өтті бір жеті. Ақтар жөңкіп қашуда, Бұлардан өтіп көп кетті. Көрінгенін жібермей, Көкқұтандай көлбетті. Өшпендігі өршіген Өр кеуде өңшең батырлар, Арыстандай келбетті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Құрыштай денесіне қол батпады, Ойынсыз отырмады үйде жөнді. Өр кеуде арыстандай арпалысып, Жас батыр лезде екі жасқа келді (О.Шипин, Дастан.).

494. **ӨР МІНЕЗ** *Қайсар, өжет, батыл.* Салса да ақындық ой, Сезім күшін, Жүрсе де кереметтің кезіп ішін. Табиғат бұлтыменен, жаңбырымен Өр мінез қайталайды өз үлгісін (С.Мәуленов, Алыс кет.).

495. **ӨРЖҮРЕК** сын. *Батыл, өжет.* Көз айырмай тұрыпты көпке шейін, Біраздан соң дене үйір болды бейім. Ержүрекке өржүрек тура келді Шегінбейді екеуінің бірі кейін (И.Байзақов, Құралай сұлу).

496. **ӨРМІНЕЗ** сын. *Өжет, өткір, қайсар.* Басынан әр жүректі күш-жігерге билеткен, Қыран бол деп түлекті өрмінезге үйреткен (А.Бақтыгереева, Өрімтал). Жүрегі толы ыстық қан қайғысы да өрмінезін жеңбеген (Ә.Тәжібаев, Жартас). Бәкпен табиғатында өрмінез, қайсар жігіт (С.Байжанов, Замандас туралы толғау). Сабаздың кең кеудесін көрдім өзім, Сүйемін серілігін, өрмінезін. Күшімді таудай менің әні тербеп, Қасына жас күнімнен ердім өзім (Қ.Бекхожин).

497. **ӨРМІНЕЗДІ** сын. сөйл. *Өрмінез.* Шешенсіп сөйлеу әдетінде жоқ, шындықты төтесінен тура айтып салатын өрмінезді бала (С.Талжанов).

498. **ӨРТ МІНЕЗДІ** *Өткір, өжет.*– Қандай өртмінезді, жалын атқан ер жігіт болған менің әкем, – дейді Өмірбай (Ш.Құмарова, Қос шынар).

499. **ӨРШІЛ** сын. *Қайсар, қайтпас.* Өршіл жігіт өткенін жамандай ма, Өтпегенін көктемі хабарлай ма. Аяулыңды құшақтап таң атқанша, Ай астында жүретін заман қайда (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Съезд шешімдерімен қаруланған өнер қызметкерлері халқымыздың өршіл де, өскелең талабына сай еңбек етіп, мәдениет

майданының барлық саласында зор табыстарға жетті (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Өшуге айналған шамшырақтарымыз қайта лаулап, өршіл көңіліміз қайта самғады (Р.Райымқұлов, Суретші).

500. **ӨСИЕТШІЛ** сын. *Өсиет айтқыш, ғибратшыл*. Ежелден етек алған өсиетшіл рубаяттар мен пернелі одалар, желдірме толғаулар мен ғаламатшыл хиссалар уақыт сырын көбіне дәлме-дәл ақтара да бермейтін («Қаз. әдеб».).

501. **ӨТКІР** *Алмастай [қанжардай, қылыштай] өткір*. Еш нәрседен тайсалмайтын, батыл. Ескі тақ мінсе – есірік, басы айналар Қонтайшыға қылыштай өткір қайда бар? Төрде емес, көрде хор қызынын, төсегі, Жанбасы жергетиген соң көңілі жайланар (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.). Ешкімге шын көрмеген сырын ашып, Көрмеген ер жынысын бір сырласып. Білмейтін Татьянаның өнері жоқ, Қанжардай жауабы өткір, сөзі машық, Оқыған терең сырлы романдардан, Қайғыға түседі екен жүрек тасып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

502. **ӨТКІР ЖҮРЕК** *Алғыр, батыл, өжет.* Жарлы болдың, бай болдың, Барыңды бойға жиынып. Өткір жүрек, қызыл жүз, Қаламдай қасың қиылып (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

503. **ПАЙДАШЫ** зат. *Біреудің жұмысын істеп пайда табушы, табыскер.* Дәулетханның әкесі де ең басты сол «пайдашы» қауым арасындағы жас жұмыскер еді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Іштерінде оқу іздеп бара жатқан шәкірт те, сүйек шатыс қуған еркек те, төркін іздеген қатын да, жұмыс, кәсіп іздеген пайдашы да, арзан пұл алып қайтып, елге сатып, мал таппақ болған саудагер де бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жаңа Секейдің базар алақына қырдың қалашысы, жұмысшы, пайдашы тұрғын жұрты сыймай кетті (С.Бегалин, Замана.). Барнаул қаласынан Алтайға қарай салынған шойын жолдың жұмысына ел жігіттері қостап барғандағы пайдашылардың ішіндегі жасы кішілер осы екеуі еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

504. **ПАЙДАШЫЛ** сын. *Пайдақор, пайдакүнем, пайда тапқыш.* Орын сатқан пайдашыл, жұлып қалар майдашыл (Қ.Әміров, Қызыл.).

505. **ПАЙЫМШЫЛ** сын. *Бір нәрсеге мән беріп пайымдағыш, тез аңғарғыш*. Жан сезімі терең Жаппар пайымшыл да ғой, қазақ өлеңінен еді қыздың ойын айтып жатыр, іздеп келген жігіт емес, қыз ғой (Е.Әкімқұлов, Қош бол.).

506. **ПАНАШЫ** зат. *Біреудің жағдайын ойлайтын, қамын жейтін қамқоршы.* Содан бергі көпкөп жылдардың бәрі ізтүзсіз сияқтанып, жалғандағы жалғыз, панашысы ежелден осы екенін енді ұққандай (Т.Тілеуханов, Өзгенің.).

507. **ПАНАШЫЛ** сын. *Біреуге жақсылық жасауға бейім тұратын, қамқоршыл.* Бір ауық тіпті панашыл, Бола да қалам жаңашыл. Ал кейде жүзін кір басқан, Айнымай қалам құр тастан (Н.Жанаев, Жаным.). Біздің жердің адамдары жуас, мейірбан, панашыл келеді (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

508. **ПАРАСАТТЫ** сын. *Ақылды, ойлы, білімді, зерделі*. Жақсыға бақыт, мал бітсе, Парасатты пан, болар, Жаманға дәулет, бақ қонса, Көрінгенге ұрынып, Өз білгені оң, болар (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Орыста жазушы өткен Пушкин атты, Өнерге, ғылым-білім кәмалатты, Жөн сырын әр нәрсенің оймен білген, Ақылға Аплатондай парасатты (Ә.Найманбаев, Шығ.). Рухани дүниесі бай, биік парасатты, жан-жақты жетілген мәртебелі еңбеккер! (Ұ.Бағаев, Жан.). Екеуінің, өзара дауы қызып, Болады деп ойлаймын әлі қызық. Бірі– нағыз байсалды, Парасатты; Бірі сондай қызыл көз, Қаны бұзық (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.).

509. **ПАРАСАТШЫЛ** сын. *Ойшыл, білімді, білгір*. Ыржақтаушылардың арасынан жарып өтіп, ақындай парасатшыл, елжіреген ілтифатты кісі келді (Е.Букетов). Байсалды да табанды, парасатшыл да сыршыл жан деп таниды оны (Д.Әбілев, Ақын.).

510. **ПӘК** [ир.] сын. 1. *Таза, адал, бұзылмаған; кіршіксіз*. Сол сұлулар үшеуі де пәк, мөлдір, кіршіксіз жүрегімен Оқжетпесті өлердей сүйіпті-міс (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Албырап жүзі, ақсиған тісі пәк күліп, Бойжеткен қыздар біреуін көрсе аптығып, Сабағы жұмсақ сарғалдақ сайдан терді ме, Арқаға бұрым лақтырып?

(Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Биік менің жеткенімнен жетпегім, Сол пәк қалпы бала күнгі өлеңім. Бәрі бекер. Сүйенішім көп менің, Құдайлардай құдіретті көбі оның (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). 2. *Адал, бүлінбеген.* Өзі пәк болған соң Үриядай «апаның» айла қоқан-лоқысына барынша сенеді Айбала (А.Тоқпанов, Бүгінгі.). Көрдің де сен аштын таза құшағың, Құшағыңды жас балаға ұсадым. Сол кезімде бар күнәдән пәк болып, Дегенім рас: «Сенсің жарым, қосағым». (М.Жұмабаев, Шығ.). Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай, теріс істі пәк ұжданым ұнатпай (М.Дулатов, Шығ.).

511. **ПӘМДІ** сын. жерг. *Қадірлі, құрметті.* Мына бала өзге балалардың ішіндегі пәмдісі екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі.). Мамығын төгіп қаз бен қу Көлге мекен ете алмас, Ақсұңқар құстың зарпынан, Азамат ердің баласы, Пәмді басын ете алмас, Шетке кетсе халқынан (Ақтан Керейұлы // Ақберен).

512. **ПЕЙІЛДІ** сын. *Ықылас, көңілі кең, адал ниетті.* Ақырында кең пейілді кемпір-шал баланы молда шақыртып сүндетке отырғызып, атын қазақша Қасым қойып; біржолата бауырларына басты (І.Есенберлин, Шығ.). Сүйеу қарт соңғы қозысын сойып, қазан көтертті. Қайын енесі де пейілді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бұндай достыққа үлкендер мейірлі, кішілер пейілді болса, әрине, жемісі мол ғой (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

513. **ПЕЙІЛІ АШЫҚ** *Көңілі, пиғылы таза.* Пейілін маған деген ашық та анық, Тұрасың жұпарыңды шашып қалып. Басыңа күн түскенде, паналадым Бауырыңа, жаным анам, қашып барып (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

514. **ПЕЙІЛІ КЕҢ** *Қолы ашық, мырза, жомарт, ақкөңіл.* Пейілі кең, дастарқаны мол Бердекеңе елі разы болып тарасқан-ды (М.Неталиев, Үлкен жол.). Қой үстіне бозторғай Жұмыртқалап ол күнде, Жарлы жан жоқ Алашта, Бай пейілі кең еді (М.Жұмабаев, Шығ.). Ала көйлек, аккөңіл, Алақан – ашық, кең – пейіл. Ағайын мен абысынға, Көрсетпеген бір зейіл. Насиқаға теңеу жоқ, Бұл сөзімде желеу жоқ (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

515. **РАҚЫМШЫЛ** сын. *Мейірбанды, қайырымшыл, рақымды.* Түсіне қарағанда шырайлы, рақымшыл екендігін күлімсіреген көзі, жылы ұшыраған жүзі білдіріп-ақ тұр (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). Жалпы адам қамы үшін күреске аттанған рақымшыл, адал жандар (С.Мыңжасарова, Замандас.). Бұл жігіттей рақымшыл жігіт кездесе берер ме маған? (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Қазіргі студенттерге мұндай сезім таныс, не бейтаныс па, ізетті, рақымшыл адамдар арасында ондай-ондайды айту артық, не кем ол жағын білмеймін…(Қазақтар хақында).

516. **РИЯСЫЗ** сын. 1. *Шын ықылас, адал жүректен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз*. Сыр алыспаған жас жігіт бәрін де риясыз көңілмен, жеркенбай, іркілмей істейді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Басқа адамдардың жақсы өмір сүруі үшін жасаған риясыз еңбегіне өзін бақытты санайтын (Семья тәрбиесі). Академик Қ.И.Сәтбаев қалдырған ғылыми мұра мен даңқты дәстүрді қастерлеп сақтай білу – оның нұрлы бейнесіне деген құрмет-ізет, ол Қаныш Имантайұлының өзі сияқты қажымайтын-талмайтын риясыз еңбекқор болуға үндейді (Қаныш аға). 2. *Ысырапсыз, шығынсыз*. Бұл жолда риясыз жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің кәмәлатына жетпек (Абай, Тол. жин.).

517. **РУХТАНҒЫШ** сын. *Жігерленгіш, қайраттанғыш, шабыттанғыш.*

518. **РУХТАНДЫРҒЫШ** сын. *Күш-жігер беретін, шабыттандырғыш, қайраттандырғыш.*

519. **РУХТЫ** сын. *Рухы көтеріңкі, шабытты, жігерлі, намысты.* Бүгінгі біз тірлік етіп жатқан кеңістікте бұрын өмір сүрген елдің де исламға дейін рухты, ата-баба аруағын, табиғат құбылыстарын қадірлейтін, бір құдайға табынатын діні болған (“Егемен Қазақстан”). Эстониядағы жергілікті тұрғындарының саны біздің Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының жартысынан сәл-ақ асады! Жартысынан! Алақандай ғана болса да, не деген қайсар, не деген шымыр, не деген рухты ел десеңші?! (“Жас Алаш”).

520. **РУХЫ ЖОҒАРЫ** *Ерік-жігері күшті, мойымайтын*. Рухы жоғары адам тірліктің қиыншылығымен тұйықталып қана қалмай, өзгенің адамгершілігін

құрметтеп, оған ілтипатпен қарап, көмектесуге бейім тұрады. Ол жағымды істен қанағат табады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

521. **РУШЫЛ** сын. *Рулық жікке, атаға бөлінгіш*. Мұрат қазақтың ру таласы, ру бәсекесі күшті мезгілде өсті. Мұрат – өте рушыл ақын. Алшын болып таласса, байұлыны мақтайды, байұлының ішінде бәсеке болса, өзінің руын мақтайды. Мұраттың айтыстарынан алаштың түбіне жеткен ру таласының, ру бәсекелерінің суреттері айқын көрінеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Бірде тату, Бірде араз Рушылың, Жершілің. Мысығымыз дүрдараз Мысығымен көршінің (Қ. Мырзалиев, Мәңгі.).

522. **САБЫРЛЫ** сын. *Ұстамды, байыпты, салмақты.* Таңертең Ақбілек пен келіні далаға барып келе жатқанда, ақсақалдың көзі түсіп: «Келін бір бәйбіше болғандай денелі, жүрісі сабырлы адам екен» деп ойлады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Досмағұл кіші пейіл, мейірімді, сабырлы кісі еді (С.Көбеев). Ондайда адам сабырлы, салқын келер, Айтқан сөзі салмақты, алтын келер (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Сабырлы жетер мұратқа, Сабырсыз қалар ұятқа (Мақал).

523. **САҚИ ЖАН** *Жомарт, дарқан, кеңпейіл адам.* Терминнің номинативті мағынасы «төрдегі адам», көшпелілердің таным-түсінігіндегі тор – кісілікті, парасатты, сақи жандарға арналған сакралдық менге ие орын, сонда бұл елдер өздерін ұлықтап, «таңдаулымыз» деп атаған («Жас Алаш»).

524. **САҚҚҰЛАҚ** сын. *Естігіш, бәрін біліп, сезіп отыратын.* Мына жолаушының қарасы көріне бергенде шеткі үйдің бірінен саққұлақ, ақ қаншық шәуетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Саққұлақты орман да тұр ойда қап, Ақ бұлақты арман жатыр аймалап (Т.Айбергенов, Мен саған.). Дәл осы минуттарда саққұлаққа желдің жылжуын естуге болады, олардың қимылын естуге болады (Ол күнд. өшпес.).

525. **САҚУАТТЫ** сын. *Қайырымды*. Сол кезде бір бай болған Балпаң атты. Кісі еді даңқы шыққан салтанатты. Ешкім жоқ кіші жүзде одан озар Әрі ер, әрі жомарт сақуатты (Құл мен қыз, БЖ).

526. **САЛДАРЛЫ** сын. *Байыпты, салмақты, салауатты.* Жақаш ақ сақалды, сары тісті, салдарлы адам қалпында мұрнын бір шүйіріп, тоқтай қалды (Ғ.Сыланов, Асау арна).

527. **САЛИҚА** сын. сөйл. *Салиқалы.* Кешегі бір-бір үй тентегі, Шетінен сері де, жомарт та; Тартылса сапардың желкені, Санама салиқа қонаққа (Ж. Аманов, Ынтызар.).

528. **САЛИҚАЛЫ** сын. 1. *Байсалды, ұстамды.* Он төртіме келгенде салиқалы қыз болдым Жібектей шашын талдаған (Бес ғасыр жырлайды). Ашық дауысты, салиқалы сырбаз жігіттердің бірі сөз алды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Бұл күндері Қабиба шешей-жетпіске жетіл қалған, салиқалы да сабырлы қария (А.Сатаев, Ақын.). Он төртіме келгенде салиқалы қыз болдым Жібектей шашын талдаған (Бес ғасыр.). 2. *Мәнді, мазмұнды*. «Күндер қайда салиқалы, сымбатты, Соққы болды-ау, соққы болды-ау бұл қатты», Осы сәтте жеңген елдің ақ сақалды әкімі, Ханға қарап тіл қатты: – Дара шауып едің сен мүлде, Қалай, шалым, ақылыңа келдің бе? (М. Шаханов, Ғасыр.). Сабыр бер, салиқалы тіршілік бер, Жырдағы өзім еккен бір шыбықты ел Көзімен аялайды, сезімен де Жайнайтын сияқтанды құн шығып бел (Т. Молдағалиев, Шақырады.).

529. **САЛҚАМ** 1. сын. көне. *Ержүрек, батыр.* Жауды көріп қызды арқам, Қашар ма жаудан мен салқам?! Бүгінгі күні не көріп, Иманмен өтсем жоқ-ты арман (Батырлар жыры). Батырды айтсаң, Құлекені айт. Хан болып заманында қала жеген, Құлеке он бесінде салқам еді. Отызында – би, қырқында – дархан еді (Шал ақын, Өлеңд.). 2 сын. *Аңғал, аңғырт, қулығы жоқ; ақжарқын.* Қартқожа аңғал, аңқау, салқам болушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). 3. ауыс. *Анайы, әдепсіз, арсыздау*. Жайдары, күлдіргіш қалқам, Ұятсыз, әдепсіз, салқам, Күлгенім бір сенің арқаң, Ыржақта, қылжақта, әйда (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

530. **САЛҚЫНҚАНДЫ** сын. *Салмақты, сабырлы.* Флегматик адам – ауыр мінезді адам, түрлі әсерге көрсе қызар болмайды. Мәселені тез шешуге асықпайды, іс істегенде саспайды. Шапшаң ашу, қызу мінез болмайды, салқынқанды болады. Басын жарып,

көзін шығарып, жан алып, жан беріп істі тез бастап кете алмайды. Бірақ бір бастаса, салпақтап артынан қалмайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Талай темірдей мықты, салқынқанды деген жайсандардың өзі де шорт кетіп, күйреп түскен жоқ па (Б.Тілегенов, Аққайнар).

531. **САЛУАЛЫ** сын. жерг. *Ақыл иесі, байсалды, үлгілі.* Ол салуалы адам, ондай ақымақшылық істемейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі)

532. **САРАПШЫЛ** сын. *Жақсылап саралайтын, сыншыл.* Төрт жырауды елдің сарапшыл шалдары лепірісіп тыңдады (А.Тоқмағамбетов, Жыр.).

533. **САРДАРЛЫ** сын. жерг. 1. *Байсалды, салмақты*. Мұқаң келісті тұлғасы бар, салмақты да сардарлы жайсаң адам көрінеді (Ғ.Сыланов, Замана.). Оның әр қимылы сардарлы, сараң, бірақ сондай сенімді, мығым келеді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

534. **САУДЫР-САДАҚ** сын. *Ақкөңіл, аңқылдаған, салдырлақ.* Саудыр-садақ ақ пейіл Тоқығандай ер екен Айтқан сөзді миына. Шамаласам көрінді Қонаққа ақылы тереңдей. Қатын-бала баршасы Алтын-күміс зереңдей (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

535. **САУЫСҚАННАН САҚ**. *Өтесергек, абайлағыш.* Атқа міндік аздан соң, Алыста жатыр арманым. «Сауысқаннан сақ бол» деп, Ақыл айтты алғаным (О.Шипин, Дастан.). Жаман жолдан жырақ бол, Сауысқаннан сақ келін! Шын пейіліңмен қызмет қып, Ат-енеңе жақ, келін! (Ә. Найманбаев, Шығ.).

536. **САХАБИ** ар сын. ескі кіт. *Жомарт, қайырымды*. Сіз болып Исламның хадимінен сахаби болып тұрсыз, зор мұхаббат (М.Дулатұлы, Шығ.).

537. **САХАУАТТЫ** ар сын. ескі. кіт. *Жомарт, қайырымды.* Бұ күнде ишан бар ма, қожа бар ма, Нәпсісі сахауатты таза бар ма? (Дастандар). Бұл патшаның қуаты Күннен-күнге артылған. Сахауатты тәңірі-ай, Дұшпанның оты қау жанып, Бұқарамыз шарпылған (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

538. **САХИ** сын. *Жомарт, мырза*. Болат қолында болса, сахи ғой (Экспед. мат.)

539. **САЯСАТҚА ЖҮЙРІК**. *Айлалы, өз дегеніне оңай жететін.* Әр нәрсенің қыбын ақылмен тауып, аптықпай пішетін, саясатқа жүйрік бай осы тұста сең соққандай қатты алдырып қалды (С.Жүнісов, Ақан сері).

540. **СӘЛЕМШІЛ** сын. *Сәлем бергіш.* Желігі басылмай жүрген неткен жан! Сәлемшілін қара өзінің! (С.Бақбергенов). Оғалай қомму ссалам, доңызым-ай, сәлемшіл сау-саламат болыңыз-ай, дәретке тұрмағалы үш күн болды, ажалдың азабы көп, жолы ұзын-ай, – деді молда шошқаға (І.Жансүгіров, Шығ.).

541. **СӘЛЕМІ ТҮЗУ** *Көңілі, ықыласы адал, діті дұрыс.* Атамқұл сол жолы ерлі-зайыпты малшыларды тырып кеткен. Содан бері Әлімқожаның сәлемі түзу («Қаз. әдеб.»).

542. **СЕГІЗ КЕССЕ, СІРКЕДЕЙ ҚАН ШЫҚПАЙТЫН** *Безеріп қалған, қатыгез*. Сегіз кессе, сіркедей қан шықпайтын топас әкенің сорақы қылығына ішім күйеді (С.Омаров, Қайырлы.).

543. **СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ [СЕГІЗ ҚЫРЛЫ]** 1. *Жан-жақты, қолынан келмейтіні жоқ; өнерлі, шебер.* Ол сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді (Ж. Самұратов, Мәңгі есте). Сонымен бірге соғыс әрбір совет адамының сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығына, қайрат-жігеріне де үлкен сын болды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). 2 *Бесаспап, көрген-білген, түйгені мол.* Құрақпай, жасың үлкен, жаның құрбы, Ер едің көпті көрген сегіз қырлы, Қызбенен жөнін тауып сөйлестіргін, Естідің ішімдегі барлық сырды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

544. **СЕЗГІШ** сын. *Бір нәрсенің рет-жөнін, байқағыш, аңғарғыш*. Ақын жүрегі сезгіш келеді (І.Есенберлин, Қатерлі.). Әйел жанын әйел тез байқағыш, сезгіш қасиетімен сол кештің ертеңіне анасы Айнаш бірдеңені аңдағандай еріксіз қадала түсті (А.Байтанаев, Қансонар). Бұл өзі кісі жанын сезгіш, психологияны аңғарғыш адам (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

545. **СЕЗІКШІЛ** сын. 1. *Әр нәрседен секем алғыш, күмәнданғыш,* күдіктенгіш. Сабалақов сыртқа сыр шығармайтын сезікшіл адам екен (М.Рашев, Бетің қисық.).

Ханшаның бір сәт терезеге көз қиығын бұрғанын аңдап қалған сезікшіл, сақ мінез төре (Б.Аманшин, Жар мұңы). 2. *Сезімтал, байқағыш, ағңарғыш*. Сезікшіл қыз ғой, сезімшіл, Ойменен шолған маңайды. Десек те: өжет, өзімшіл – Жабырқап демде мұңайды (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Мұндайда сезікшіл келетін жігіттер болады. Олар әрі қызғаншақ, әрі жорымтал, аңдығыш (М.Әуезов, Абай жолы).

546. **СЕЗІМДІ** сын. *Сезу қабілеті күшті, аңғарғыш, сезімтал.* Ат деген жарықтық, оның ішінде мына біздің Торалаяқ, шіркін, адамнан да сезімді ғой (С.Бақбергенов, Мен.). Сезімді, сергек туған көз ашықтың, Талантты талабы зор оттысы да. Ажал ма, арманда ма – қалай өлем, Білетін дәрігердің жоқ жақсысы да! (Ә.Найманбаев, Шығ.)

547. **СЕЗІМПАЗ** сын. Біле қоятын, сезімтал. Сүйген жүрек көнгіш те, сезімпаз да болып келеді (С.Талқанов, Ұлдай.). Поездың бауыр жазып көсілер кезі болғанды. Бірақ та сезімпаз, аямпаз машинист «Мынау жұрт армансыз қоштассыншы» деген оймен әдейі тежеуде болмағай (Ә.Сәрсенбаев, Батыр

548. **СЕЗІМТАЛ** сын. *Өте нәзік нәрсені тез аңғара қоятын, тез түсіне білетін байқампаз.* Апам адамға да, малға да жаны ашып, үзіліп тұратын сезімтал, қайырымды кісі еді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қыз жүрегі тым нәзік болғанмен сезімтал келетінін есті адамның бәрі біледі (Б.Дәулетбаев, Парыз). Танып тұрды көрмесе де бір бірін, Сезімтал ғой нәзік жүрек құрғырың. Шал қарайды жөткіріліп бұларға, Мен қараймын атылар деп кім бұрын (Е.Ибраһим, Көкше.).

549. **СЕЗІМШІЛ** сын. *Сезгір, көп нәрсені түйсікпен білгіш.* Көбіншесыршыл, терең сезімді ақын болған Абайдың әндерінде де бір алуан сыршылдық, сезімшіл күйшілдік айқын тұрады (М.Әуезов, Әр жыл.). Ол өзінің қайда құлап, қайда жығыларын алдын ала сезетін үркек, сезімшіл (С.Бақбергенов, Мен.). Еркелеу, тентек, өзімшіл, Үйде бір биік төбе боп, Жүретін бала, сезімшіл, Болыпты солдат – Төребек (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

550. **СЕЗІНГІШ** сын. *Сезімтал, аңғарғыш, байқағыш.* Үмітбай біреудің жазғанын ауызша сынағыш адам, соның үстіне көркем түрде сезінгіш адам (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сезінгіш жүрегім есіктен аттап кірген бетте-ақ үй ішін ала құйын кезіп өткенін бірден байқады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Шын ақын өзіне езі сыншы болады, себебі өз осалдығын өзі сезінгіш келеді (І.Омаров, Серпін.).

551. **СЕЙІЛШІЛ** сын. *Серуеншіл, сауықшыл.* Екі жас әсем жүлі болып, Қақпаға беттеп келеді. Келеді қарсы жұрт толып, Сейілшіл қандай ел еді (Ж.Молдағалиев, Таңд.Шығ.).

552. **СЕКЕМСІЗ** сын. *Секем алмайтын, бейқам, алаңсыз.* Оларға анау-мынауға мән бермейтін, сенгіш, секемсіз кісі керек (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). Тіл қатады секемсіз, Бұзбай жылы шырайды: – Асқа тәуір екенсіз, Сізге флот ыңғайлы (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

553. **СЕКЕМШІЛ** сын. *Әлденеден сезіктенгіш, қауіптенгіш, күдіктенгіш*. Мана қардай бораған оқтан оның жүрегі шайлығып, тым секемшіл, үркек болып кеткен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Аз күнгі адам айтқысыз азаптың өзі-ақ сәби жүрегін секемшіл де сезімтал етіп тастады (А.Бекбосынов, Ауылым.). Гүлпарша бәйбішенің ең жаман қасиеті тым секемшіл адам болатын (Р.Райымқұлов, Болат.).

554. **СЕНГІШ** сын. *Әр нәрсеге бір нанғыш, иланғыш.* Бала өз құрбысына еліктегіш, өз құрбысының тілін алғыш, құлқына, мінезінесенгіш келеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Жақын жан көп, ұғушы жоқ шын жанды, Сенгіш жүрек талай сенді,ұланды. Туғаны жоқ, тұрағы жоқ жолаушы – Жел балудан басқа маған не қалды (М.Жұмабаев, Шығ.). Сенісерге келгенде, Сене берер талғамай, Жұрты құрғыр сенгішке, Тұрама құлық жалғамай (Абай, Тол. жин.). Оллаһи, тиген көзі соның маған, Ешбір жау босағамды торымаған. Ақ көңіл адам едім, жұртқа сенгіш Еш сөзді жаман атқа жорымаған (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

555. **СЕНГІШТЕУ** сын. *Нанғыштау, иланғыштау.* Жасынан ырым-жырымға сенгіштеу болып өскен Бөлебай осы жат дауыстан біртүрлі секем алғандай шарбақ жанында мүдіріп қалып еді (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

556. **СЕНДІРГІШ** сын. *Нандырғыш, иландырғыш.* Жастан машық бояуға түс, үміт, күндеу, сырын бүккіш, Сенім жойғыш, сендіргіш, Жабырқаусып, жан күзелткіш (І.Жансүгіров, Шығ.).

557. **СЕНУЛІ** сын. *Шүбәсіз сенген, нанулы*. Ерте ме, кеш пе ондай әңгіменің екеуі арасында туатындығына Кәмәш әбден сенулі болатын (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). – Енді оған айтқаныммен ештеңе өндіре алмасыма сенулімін, – деді ол дәрігерге (К.Сегізбаев, Қойнауда.).

558. **СЕНІМГЕР** сын. *Сенімді.* Бұлар Асан туралы өздерінің басқаша бір аңызын жасап, оны ханның сенімгер адамы етіп көрсеткен; мұнда халық тудырған образдыбұрмалп бейнелейді (М.Әуезов, Шығ.).

559. **СЕНІМДІ** сын. 1. *Сөзге тұрақты, іске берік, сенім артуға болатын.* Менің айтқан, ай, Аплақ, ал тілімді Сені менен менен бұл көп білімді. Мұның аты Мұхаммед-Амин болсын, Сендер мұны адам деп біл сенімді (Мәжһүр-Жүсіп). Ояздың тілмашы Жарасбайдың қаладағы жең ұшынан жалғасатын нық сенімді тірегі Тоқбаев дейтін болатын (М.Әуезов, Қараш-қараш.). Заман шындығын қандай батылдықпен, қандай сүйіспеншілікпен, қандай әділдікпен көрсеті жолында «Тынық Дон» қандай жазушыға болса да аса сенімді үлгі (Ғ.Мүсірепов, Суреткер парызы.). 2. ауыс. *Беделді, өтімді.* Өз еліме айтамын: «Бергенім жоқ – деп белімді», Мақтанамын кісімсіп, Оязға сөзім сенімді (Абай, Тол. жин.).

560. **СЕНІМПАЗ** сын. *Айтқанға оп-оңай сеніп қалатын, сенгіш.* Қазақ деген жас бала тәрізді бір ақкөңіл, сенімпаз ел (І.Есенберлин, Қатерлі.). Әсіресе баланың ата-ана һәм тәрбиешісі-солардың өздерінің барлық істері сұлу һәм үлгілі болуға тиісті. Баланың еліктейтіні солар. Және бала тіпті сенімпаз болады (М.Жұмабаев, Шығ.). Аңқау көңіл, сенімпаз, Аңғал едік екеуміз, Алданудың себін аз аңғармайды екенбіз (Т.Нұрмұхамедов, Жомарт.).

561. **СЕНІМШІЛ** сын. *Сенімге берік, сенгіш.* Қамысты терең көлдей төңкерілген, сенімшіл екі көз ғажайып бір ыстық сәуле шашады (Ә.Нұршайықов, Жер тур.).

562. **СЕП-СЕРГЕК** сын. *Шып-ширақ, жып-жинақы.* Отырмай сабыр ғып үйінде бір күн жай, Аспаннан көз алмай, бір адам жүр тынбай. Жұлдызға жол шеккен баласын күтеді ол – Сексенде сеп-сергек қарт қазақ Мырқымбай (Ә.Нілібаев, Қоңыр жел).

563. **СЕПШІЛ** сын. *Епшіл, икемшіл.* Ақындық кеншілікпен тел қан, Қос өнер – қос қанатым, ел қонысқан. Әрі жар, Әрі сепшіл, Сен ортақсың Менде бар қуат, жігер, арнамысқа (К.Салықов, Жезкиік). Сепшіл келер Шаруаңада қираған, Алумен емес, Берумен жаны шираған. Мал-жаның аман ба десе Болмыстың бабын сыйлаған (К.Салықов, жезкиік).

564. **СЕРГЕК** сын. 1. *Сақ ұйықтайтын, сезімтал.* Қандай қатты ұйықтап жатып, болмашы дыбыспен тез оянып кететін ұйқысы сергек адамдар болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ұйқыға сергек екі жігіт орындарынан атып-атып түрегелді (З.Ақышев, Ақбел.). Ұйықтап өткен не табар Бұл өмірге бекер кеп? Ұйықта, бөпем, ұйықтап ал, Ер жеткен соң бол сергек! (Қ.Аманжолов, Ақын өмірі тур.). 2. ауыс. *Жеңіл, ширақ.* Елсіз жерлердегі қарауылдар биіктерге, қиын-қиын шатқалдарға барып жер шалған Төлепберді, Бурахан, Қамысбай, Жұмағұл сияқты пысық, сергек жігіттер де із-тоз білген жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Бойына екпінді сергек бір жалын біткендей болды (М.Әуезов, Шығ.). 3. ауыс. *Ұққыш, ұғымтал, зерек.* Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілімнің көзі ашық, сергек үшін (Абай, Толық жинақ.). Ел сүйіп қойған аты Назым еді, Ойқы емес, өжет өткір, нәзік еді. Сыпайы, үлдір-ұлпа, сырлы, сынды Сезімтал, сергек ойлы жазық еді (А.Тоқмағамбетов, Дария сыры.). 4. ауыс. *Ұқыпты, пысық, байыпты.* Құнанбай пішініне Абай көзі түсіп еді. Ол жинақы боп, әр нәрсеге сергек қарап отыр

екен (М.Әуезов, Абай жолы.). Ойнақшыл отырған құстың айналаға қапысыз, сергек қарасынан шабытты бабын түйді (М.Әуезов, Абай жолы.). Ұзақ түнді ұйқысыз өткізсем де, төсектен сергек көтерілдім (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Ол әр уақытта сергек, көңілді жүреді (А.Байтанаев, Қансонар). Тағы да бір жетідей уақыт етті, өзімді сергек сезінемін (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Со бір асау ірі толқын мен болам, Жаңбыр болам керек етсе кең далам. Тағдыр маған таңның өзін сыйлаған, Бір сеніммен, сергек қара сен маған (Т.Молдағалиев, Шақырады).

565. **СЕРГЕКТЕУ** сын. *Сергегірек, ширағырақ.* Сол ауылдың Әшімбек деген сергектеу адамы бар (С.Бегалин, Замана.). Оның ұйқысы ашыла бастағандай, өзін сергектеу сезінді (А.Сатаев, Дала.). Бүгін қызуы сәл төмендеп сергектеу отыр (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

566. **СЕРТШІЛ** сын. *Сертте тұрғыш, уәдеге берік.* Еркін – сертшіл жігіт еді (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Оны қашан көрсең де бел буып, білек сыбанған сертшіл кейпінен жазбайды (Самғау). Көктемде көрген жоқсың ба, біздің жігіттердің сертшіл екенін (Ердің даңқы.).

567. **СЕРУЕНДЕГІШ** сын. *Көп серуендейтін, қыдыруға құмар.* Мысалы, Қазақстан партия ұйымының үшінші конференциясынан кейін Әбдірахман Байділдин Сәкеннің пәтеріне келгіштеп, бірге серуендегіш боп кетті (С.Мұқанов, Таңд.шығ.).

568. **СЕРУЕНШІЛ** сын. *Серуенге шыққыш, серуенге жаны құмар.* Жасы ұлғайған адам ұйқысы қашып, бір түрлі серуеншіл боп кететіні бар («Лен. жас.»).

569. **Сері мінезді**. *Өзін серілеу ұстайтын, кербез (адам)*. Акбар ұлы моғол әулетінің ішінде ойын-сауықты тәуір көрген, сері мінездісі (Қ.Сатыбалдин, Қараторрай). Ол жұмысшылардыщ ішіндегі сері мінезді серкесі, жұмсақ үнді еркесі атанды (Ө.Тұрманжанов, Адам дос).

570. **СЕРІЛЕУ** сын. *Аздаған серілігі бар.* Өзі серілеу адам болған соң, әншіөлеңшімен көп кездескен (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Ол дүниені ойлай қоймайтын, серілеу жас еді (Д.Әбілев, Арман.). Серілеу жігіттер алтыннан балдақ соқтырып алатын көрінеді (Ө.Қанахин, Жербас.).

571. **СЕРІСЫМАҚ** сын. *Ептеген сері шалыстығы бар, сері мінезділеу.* Нұрмақ мақтаншақтау, аң көңіл, серісымақ пенде (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Қомшабай шонжардың қызын алған, серісымақ біреу (Ә.Көшімов, Лашын.).

572. **СИҚЫРЛАҒЫШ** сын. *Сиқырлық өнері бар; алдап-арбағыш*. Бұл шерулі қалың қол, Адам емес, өзі екен. Сиқырлағыш пері екен, Адам жүрмес жер екен (Манас). Осы кезде, ал енді Сиқырлағыш өнері Шаныш, Күнам дегені Кеселікке келеді (Бұл да.).

573. **СӨЗГЕР** сын. *Сөзге шебер, сөзшең.* Аяз би – Данышпан, білгір халықтан, ділуар, сөзгер топтан, үлгілі, жолгер қарттан шығады, – депті («Қаз. әдеб.»). Ілкі заманнан жауырыншыны баулап, сұңғыла сөзгер, үңіле көрер тәрбие беретін (Д. Досжанов, Жібек.).

574. **СӨЗУАР** сын. *Тілмар, шешен, сөзшең.* Сөзуар білгіш, Законшік – кергіш Атанбак – мақсүт, мақтанбақ. Жасқанып, қорқып, Жорғалап, жортып Именсе елің, баптанбақ (Абай, Тол. жин.). Өзге үлкедердің ішінде Абайға, әсіресе, көңіл бөлген сөзуар, жарқын жүзді Қаратай (М.Әуезов, Абай жолы). Екеуі де сөзуар, от ала келіп отыз әңгіме шертетіндердің дәл өзі (С.Шаймерденов, Қарғаш).

575. **СӨЗШЕҢ** сын. *Көп сөйлегіш, сөйлемпаз сөзуар.* Ол жағы мен тілінесүйенген, сөзшең қу болатын (А.Сатаев, Ақын.). Мұса сөзшең, домбыра тартып, ән салатын сауыққой кісі еді («Қаз. әдеб».). Мағжан сөзшең зайыбының шұбыртпа сөзін бөлуге мәжбүр болды (М. Хасенов, Нартәуекел).

576. **СӨЗІ ӨТІМДІ** *Айтқанын, дегенін орындата алатын, сөзі нанымды; сыйлы, беделді, қадірлі.* Оның сөзі қырдың қазақы түгіл, дуанның ұлығына да өтімді (І.Жансүгіров, Шығ.). Басқалардай емес, сен беделдісің де, сөзің де өтімді (С.Мұратбеков, Көкорай). Ішінара сөзі өтімділерін осында жинап әңгімелеселік (А.Лекеров, Түз гүлі).

577. **СӨЙЛЕГІШ** сын. *Көп сөйлейтін, сөйлемпаз*. Шынғалиевты өте білгіш, өтесөйл е г іш деп риза болатын (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Сөйлегіш ауыз жыбырлағыш келеді (Ж. Еділбаев, Түркістан).

578. **СӨЙЛЕМПАЗ** сын. *Көп сөйлегіш, сөзуар. П*ішініне қарағанда бір түрлі сөйлемпаз адам секілді (Б.Майлин, Шығ.). Әңгімесіз отыра алмайтын, сөйлемпаз атанған Омар қарт, тағы бір әңгіме бастады (С.Бақбергенов, Менің досым). Ысылған сөйлемпаз қыз көрінесің (Айтыс).

579. **СӨЙЛЕСКІШ** сын. *Біреумен сөйлесе кететін, тіл тапқыш*. Байділдин Сәкеннің пәтеріне келгіштеп, оңаша сөйлескіш, бірге серуендегіш боп кетті (С.Мұқанов, Есею жыл.).

580. **СӨЙЛЕУІК** сын. *Көп сөйлейтін сөзуар.* Сөйлеуік бала Баттал Айсұлудан оның оқуы жайын сұрай жөнелді (М.Әуезов, Өскен өркен). – Сөйлеуік әйел ғой, – деді жігіт сәлден кейін (Б.Нұржекеев, Бір ғана.). Арғы шеткі үйдегі сөйлеуік келіншек (З.Қабдолов, Жалын).

581. **СУЖҰҚПАС ШЕШЕН** *Сөзден мүдірмейтін, ділмар*. Япырай, өзім-өз болғалы дәл осындай сужұқпас шешен адамды көрген жоқ едім (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

582. **СУМАҚАЙ** сын. *Жылпос, сұғанақ, сұмаңдағыш*. Суық қолды сумақай л а рмен жебір, жемқорларды «Ағайын ақылы» жер-жебіріне жеткізесынайды («Қаз. әдеб.»). Сапардың жымысқы күлкісі мен сумақай қолы оның көз алдына елестейді (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті)

583. **СҰҢҒЫЛА** сын. 1. *Көп білетін, білгір.* Жалғыз-ақ, бір сұңғыла адам байқап еді, бірақ екінші бір нәрседен қорқамын деп мынау ер жүректі аяғымен басып кетті. (М.Жұмабаев, Шығ.). Ілияс өте ақылды, жинақы, саяси жағынан барынша сұңғыла, партиялық тілмен совет әдебиетінің барынша халықтық, интернационалдық екенін айтты (С.Мәуленов, Үркер.). Сыпайы отыр салмақпен бойы зілді, Саудыраған жан емес, ашың тілді. Шаруа қуған жай адам еместігін, Сұңғыла ойлы Ілияс айтпай білді (Н.Баймұратов, Қанды жорық). Ақан серінің түс-келбетін, мінез-құлқын қолмен қойғандай айтып беретін сұңғыла қарттарды көргенде қатты риза боласыз («Қаз. әдеб.»). 2. жерг. *Қу, сұм, залым*. Ол шатырына ойындағысын айтпай танып отыратын сұңғылаларды жуытпайды, не істесе де таң-тамаша қалып отыратын жұмыр түйсік, маубастау адамдарға көбірек үйір (Ә.Кекілбаев, Дала.). Үйге кіре бергенде. Аякеңе: – Қыз бала сұңғыла келеді-ау,– деп, мүлде басқа нәрсені айтты (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Сумаң түлкі сұмырай, Сұңғыласын, сұмын-ай! Ойы бірге армандас, Мекені ортақ, ормандас (М.Әлімбаев, Жүрек.).

584. **СҰҢҒЫЛАЛАУ** сын. 1. *Зейінділеу, зерделілеу*. Осы мен қартайдым ба, қайттім білем? Бұлдырар көз әйнексіз көзім кілең. Даусымның жоғалтыппын сыңғырлағын, Сұрғылттау, сұңғылалау тартып кең (Ә.Тәжібаев, Кеше.). 2. жерг. *Қулау, байқағыштау.* Ырым Нұриладай емес, ауыл өмірін, ел арасының қулық-сұмдығын көбірек білетін сұңғылалау еді (С. Бегалин, Ана).

585. **СҮТТЕЙ[Н] АҚ [СУДАЙ ТАЗА]**. *Ниеті адал, ойы таза; күнәдан пәк.* Сонда соның бәрі де сүттей ақ адамдар болса екен-ау, өсектен сау біреуі жоқ (Б.Майлин, Шығ.). Көңілі сүттей ақ кісі, Қазына-кенге болар тап. Құрбыңа қонса бақ құсы, Той емес пе екен ол артық?! (Қ. Мырзалиев, Домбыра). Сүттей аппақ ниетпен Бір өзіңе ант берем: Енді өмірімде ет жемен! Ұшыраса аш тышқан, Тәжірибесіз жас тышқан Етімнен кесіп ет берем (М.Жұмабаев, Шығ.). Ол қателіктерін мойындамаған. Сүттен ақ, судан таза боп шыға келген («Лен. жас»). Өзін сүттен ақ, судан таза көреді. Әйтпегенде ше! Келгеннен бері көлденең тұрған жанды көрген емес (М.Рашев, Бетің қисық.).

586. **СЫЙЛАҒЫШ** сын. *Жасы үлкен адам ды құрметтегіш, қадір тұтқыш, қастерлегіш*. Ондай үйдің іші үлкенін сыйлағыш, кішілерін балаша мәпелегіш, мейірімді, мей мандос келеді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ыбырай сынды ұлы адамды ұмыт пау – үлкенді сыйлағыш ағайын үшін жақсы жоралғы (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). –

Сыйлағыш болса, ең әуелі күйеуін сыйлап алсын өзі, – деді Балзия жұлып алғандай (Е.Домбаев, Ол. адам).

587. **СЫЙЛАСТЫ** сын. *Сый-құрмет көрсететін, қадірменді.* Қасындағы шалға қапсағай кісі ұрысып, жекіп барады. «Сыйласты кісіні өстіп ренжітетініміз бар. Қараңғылық-ай!» (Д. Досжанов, Тұлпар.).

588. **СЫЙЛЫ** сын. 1. *Құртет көрсетуге лайықты, қадірлі.* Сырт жерде жігіт жолдасымен сыйлы (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). – Қасенге айт, қонақ келді де. Сыйлы кісілер, – деді (М.Әбдіхалықов, Қара тасқын). Дүниеде ғиззат-хұрмет алмақ үшін, сыйлы болмақ үшін, қажы болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. 2. *Қастер тұтатын, қымбат санайтын.* Майсөк деген бұл өңірде ең қадірлі қонаққа еттен кейінгі сыйлы ас (А.Байтанаев, Қайнар.). Генерал сіз туралы тым сыйлы, сыпайы сөздер айтты (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Әбзелмен жарқыраған әсем басқан, Аз қалды сыйлы, сынды күндер тұрған. Жақында жаны ашымас жау кеп шабар, Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар, Соқтырған шын күмістен тағаларды Суырып аяғымнан, олжаланар (А.Байтұрсынов, Шығ.).

589. **СЫЙШЫЛ** сын. *Қолы ашық, біреуге сыйлық бергісі келіп тұратын.*

590. **СЫЙЫМДЫ** сын. 1. *Ішіне көп нәрсесыятын, бүйірлі.* Ал 14-кадрда қола қазан бейнеленген. Оның екі құлағы бар, алып жүруге, түйеге артуға қолайлы, әрі сыйымды («Қазақст. әйелдері»). 2. *Белгілі бір ортадаяқызмет орнында жағымды, сыйлы, беделді.* – Ол екеуі түрі-түсі келген, тепсе темір үзетіндей мықты, айналасына сыйымды, сыйлы болыпты (М.Дүйсенов, Ант). Сыпайы болсаң, елге сыйымды боласың (Ғ.Мүсірепов). Баласының аман-сау, коллективінесыйымды, абыройлы болуын ойлап жүретін әке мен шеше (С.Аққошқаров, Бақыт.). Жаңа түскен келін шектің ауыл-үйге сыйымды болуы абысын-ажынға байланысты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). 3. *Жарасымды, орынды, лайықты*. Қаншама сыйымды ғып айтам дегенмен, Ерғалидың осы сөзі – есіткен құлаққа бір түрлі жат, дөрекі секілденіп тұрды (Б.Майлин, Шығ.). Ойын-күлкі деген құрдастарға жарасымды да сыйымды дүние ғой (Е.Домбаев, Ол адам.). Шынында, қалай қуанып, қалай шаттанса да сыйымды әрі орынды еді («Қазақст. коммунисі»).

591. **СЫЛАҢ** сын. 1. *Кербез, керім, сәнқой.* Ерінің бір айтқанын қайталатпауға дағ дыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Бүгінгі қалыңдық қандай сылаң, сұлу еді. Бәрі ғажап (О.Сәрсенбаев, Сағым). Жасы қырықтан асса да үсті-басына шаң жуытпай, өзін таза ұстайтын сылаң әйел (С.Омаров, Өмір.). 2. *Әдемі, сұлу.* – Мен өз басым жаратылыс қойнында толқыннан сылаң, сұлу көрініс ті көрген емеспін (Қанахин, Жас дәурен). Оның үстіне анау-мынау емес, мына бойжеткен сылаң торының өзі («Қаз. әдеб»). ...Тағы сол баяғы сары жапырақ суырған сылаң күз («Қазақст. мұғ.»).

592. **СЫЛАҢГЕР** сын. *Сәнқой, кербез.* Ерсі боп па, не «Қос етек бұраң бел», Қуалай соғар қоңыр самал, қылаң жел». Қазақ қызы қалағанын киеді, Сұлулық та – шамшыл, сәнқой, сылаңгер (Ж. Молдағалиев, Таңд. шығ.).

593. **СЫЛБЫРЛАУ** сын. 1. *Бостау, босаң дау, енжарлау*. Ол асығуды, сасуды білмейтін, іске сылбырлау жігіт көрінген еді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Отыздар ішіндегі аяқ алысы сылбырлау, жас жігіт, қазақша тілдесіп көріп едім, өзбекшілеп қоя берді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Бұрындық төмен қарады. Енді оның даусы сәл сылбырлау шықты (І. Есенберлин, Алмас.). 2. *Баяулау, ақырындау.* Түн. Қазақ үйдің сыртынан қара жаңбыр сылбырлау құйып тұр (І. Жансүгіров, Шығ.). Сылбырлау себелеген манағы ақша қарды алдына салып, әлдеқайда алысқа қуып әкетті (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

594. **СЫЛДЫР КӨМЕЙ, ЖЕЗ ТАҢДАЙ** *Сөзге жүйрік, шешен*. Енді бір сәтте, дайын отырған сылдыр көмей, жез таңдай жас жырау үкілі домбырасын бар екпінімен қағып-қағып жіберді (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

595. **СЫЛҚЫМ** сын. *Кербез, кердең, сал, сері.* Жас шағында қалада орысша оқыған, бұл кезде ел мырзасы болып, ән түзейтін, өлең жазатын сылқым серілеу жігіттің өзі осы (М.Әуезов, Ақын аға). Сүмбіл шашы, Сылқым жасы, Отағасы Кәріге. Сөкпе, жаным, Тәтті қаным, Бітті иман Бәріңе (М.Жұмабаев, Шығ.). Қыдырып жігіт сылқым, Ерігіп күнде дарқан. Жеңгесі жылы жүзді, Ат қойып кенже қалқам (М.Дулатов, Шығ.).

596. **СЫЛҚЫМДАУ** сын. *Кербездеу, серілеу, паңдау,* Қатын-қалаш, бала-шаға, домбыра ұстаған сылқымдау, үй қыдырғыш бозбалалар да, бәрі жапырлады (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Жеңілтек қыздай көктемнің Мінезі-ай осы құбылма. Сылқым дау оны еткен кім? – Сыймайды ешбір ұғымға (Т.Шопашев, Көңіл.).

597. **СЫМПЫЛДАҚ** сын. 1. *Сусылдақ, суылдақ.* Сымпылдақ, ұшқыш екені көрініп тұр («Лен. жас»). Сымпылдақ шүрегей үйректер қанат суылына мойның бұрғаныңша, ұзап кеткенін көресің (Бұл да). 2. ауыс. *Сампылдаған, сумаңдаған, зуылдаған.* Осыларға баскөз боп жүрген сымпылдақ қара қатын жүгіре басып дікеңдеп жетіп келеді (З.Ақышев, Ақ бел.).

598. **СЫПА** сын. сөйл. *Сыпайы.* Өзі сыпа жігіт екен – сызылып тұрғанын көрдің бе? – деп әйелдер жағы Бөлекбайды бірсыпыра сөз қылып өтті (Б. Майлин, Шығ.). Неге Оспандай болмайсың қасыңдағы қайда сыпа мінезің жасыңдағы. Омырауың сия боп отырасың Шапкаң мыж-мыж тұрады басыңдағы (А. Тоқмағамбетов, Дария.).

599. **СЫПАЙЫ** сын. *Әдепті, инабатты, биязы, кішіпейіл, мәдениетті.* Қоршаған көпшілікпен ол өтесыпайы, жұмсақ дауыспен амандасты (С.Мұқанов, Менің мектеп.). “Досмайыл хажы” деп сыпайы тілмен жазған бір хат алдым деп. Оқып қарасақ, бұл алғашқы хаттан да сорақы. Бұл хатты да жауып қойдық (М.Дулатов, Шығ.). Сыпайы көз, сынық тіл мүләйілісіп, әдеппенен қатты айтпай сіз дейміз ғой (М.Дулатов, Шығ.). Сыпайы амандықтан кейін Сүлей көздің қырын жібере бастады: кәдімгі әйел бала (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қош сау бол, Қа... жуылмаған, Айдай бер қалса адамың қуылмаған. Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ, Жасырын дыбыс шықты шуылдаған (А.Байтұрсынов, Шығ.).

600. **СЫПАЙЫЛАУ** сын. *Әдептілеу, инабаттылау, ізеттілеу, кішіпейілділеу.* Буряттарға одырая қарап, аяқтарын кердеңдей басқан Кафтыров Шоқанға сыпайылау келді (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Мың асқанға бір тосқан» дейді халық. Сыпайылау, сүйкімділеу болсаң қайтеді, балам? (М. Гумеров, Хазірет.).

601. **СЫПАЙЫРАҚ** сын. *Сыпайылау, әдептілеу, биязылау.* Сіздей шортан тілемейміз, Сыпайырақ болыңыз, – дейді Гортензьо Катаринаға (М.Әуезов, Шығ. жин.). Таласты жерде жүлде алып, талайдың аузына құм құйған Жактөре әдепті де сыпайырақ келді (С.Омаров, Қиыр жол). Жоқ, онымен басқарақ, сыпайырақ сөйлесемін (Ә.Тәжібаев, Гүлден.).

602. **СЫП-СЫНЫҚ** сын. *Мінезі үп-үяң, биязы.* Жоқ, біздің Кенжехан соңғыларынан емес, күннен күнге ширай түсіп сып-сынық жігіт болып келеді (Қ.Әжікеев, Жылан.). Бұрынғы мінезі байқалмайды, осы даланың жаңа түскен келініндей сып-сынық («Қаз. әдеб.»).

603. **СЫП-СЫПАЙЫ** 1. *Бып-биязы, мап-майда, инабатты.* Тәртіпке бағынбаймын, қазақшылық қыламын деп сып-сыпайы жігіт ұялып қалды (Б.Майлин, Шығ.). Сөзінің сөлкеу тұрған ештемесі жоқ, с ы п-сыпайы (Н.Ғабдуллин, Сарғайған). Несенерімді, несенбесімді білмеймін. Сып-сыпайы Қоңырдың жылы жүзі (Н.Сералиев, Қаңтар). 2. *Әп-әдемі, тап-таза, жұпыны.* Сып-сыпайы киінген, жылпостау жігіт кабинетке кірді де, босағара мүләйісіп тұра қалды Б.Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа).

604. **СЫРБАЗ** сын. 1. *Адамгершілігі мол, байсалды, байыпты, ашық мінезді, сыралғы.* Бекназардың келіні төре әулетін шебер бағындырған сырбаз әйел (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Осы сырбаз ақсақалға бір көргендер де, бұрыннан білетіндер де қызыға қарайды («Білім және еңбек»). 2. *Кербез, сұлу, сылқым, сәнді, салтанатты, көркем.* Оу, кер маралдай керілген сырбаз жеңешем! Өзің келіп қапсың ғой (Ш. Құмарова, Қос шынар). Ботакөзінің қарақаты әлі мөп-мөлдір әйелі сырбаз сұлу,

маңғаз бәйбіше көрінеді (Д.Әбілев, Баянауыл.). Бір күйден сырбаз бір күйім, Бір әннен сырлы бір әнім. Бір үйден биік бір үйім, Бір дәннен толық бір дәнім (Н.Жақаев, Қазқоңыр).

605. **СЫРҒА БЕРІК** *Сырын сыртқа шашпайтын, өз сырына мықты.* Қайраты зор, білмейтін ерінуді, Не асып, не мақтанып желігуді? Еңбегімен күнелткен, сырға берік, Ұнатпайтын орынсыз елігуді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сырға берік сабазым, Ашуын таппас қиынсың. Бірақ жалған, қайтейін, Мезгілсіз келіп дүниеге (І.Кеңесбаев, Фраз. сөздік). Ана суайттың сырбаздап берген тағамына сатылмай, оның жайсыз сұрағына інім үн қатпапты, сырға берік мінезінен айнымапты (АТ).

606. **СЫРДЕСТЕс**ын. *Сыр мінез, сыралғы, сырға берік.* Сырдесте болмаса да көз таныс адам, алты ай қыста бір рет иек көтеріп, амандық ишаратын жасамаппыз (М.Мағауин, Бір ата.). Бірінің ойын бірі қабағынан сезетін сырдесте құрдас достар рахаттана күлісіп алып, Жәкеңді қайтадан қолпаштай, қаумалай жөнелді (Х.Әдібаев, Таңбалы.). Сырласып, құса таратуға кіретін сырдесте бәйбішесі емес, уыздай жап-жас бейтаныс бойжеткен (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

607. **СЫРТЫ АЩЫ, ІШІ ТӘТТІ** *Сырттай қатал, тік болғанмен, түбін ойлағанда пайдасы мол кісі (мінез, сөз т.б.) туралы айтылады.*

608. **СЫРТЫ БҮТІН, ІШІ ТҮТІН** *Мұңлы, шерлі.* Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда, Көбінің сырты бүтін, іші түтін.Күйеуі Күләйімнің теңі емес, Теңі түгіл түзу қарар адам да емес, Сұлудың сырты бүтін, іші түтін. Мұқаңнан басқа сырды адам білмес (С.Т.).

609. **СЫРШЫЛ** сын. 1. *Сырға толы, нәзік (қасиет).* Әннің сыршыл сұлу сарыны құлаққа жағып барады (М.Хасенов, Алғашқы ән). Өксігендей үн шығарған Өзі болар желдің, мүмкін. Күрсінді әлде сыршыл орман, Дүрсіл шықты дүркін-дүркін (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). 2. *Лирикалық өлең жазатын.* Осы фантазияны қазақтың ең терең сыршыл ақыны Шәңгерей Бөкеев мынадай деп суреттейді (М.Жұмабаев, Шығ.). Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретінесөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын Мағжанның өлеңдері (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кейінгі ақындардың тағы бір міні – сыршыл еместігі, һәркімнің жүрегінде бір жасыратыны бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

610. **СІЛЕТСІЗ** сын. *Міндет көрмейтін, жақсылығын сатпайтын.* Міндетсіз, сілетсіз, мақтансыз, қаяусыз, айнымас дос, болады дегенге сенбеңіздер. Өйткені өзін ұмытып кететін адам табылмайды: әркімге алдымен тіршілік, керек, тамақ керек. Әр өз басының, әр досының пайдасы бірдей табылған соң адам шын дос боп жүреді (әлде «шын ұлтшыл», «шын әлеуметшілер» де сондай ма екен?) Бекболат пен Ақберген сондай достар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

611. **ТАБАНЫ АЛТЫ ҚАРЫС** *Табанды, байсалды, жұмысқа төзімді кісі туралы айтылады.*

612. **ТАБЫНҒЫШ** сын. *Бас иғіш, құлдықшыл*. Асылы түсінбейтін нәрсесіне кісі табынғыш келетін сықылды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Мен сені қызғанам Қадалған саған көзден де, Есіркеп айтқан сөзден де, Табынғыш топтың ішінде Толқығаныңды сезгенде (Т.Молдағалиев, Мен де.).

613. **ТАБЫСКЕР** сын. *Табыс тапқыш, пайда түсіргіш, кіріс кіргізгіш.* Көкем марқұм: «Балам, табыскер болу үшін еш нәрседен арланба» – деген сөзді аузынан тастамаушы еді (З.Жәкенов, Қайта айналып.). Ол осы бір жатақтың ұстасы, ісмері, табыскер, талмас шебері боп алды (М.Әуезов, Абай жолы).

614. **ТАҒАЙЫНДЫ** сын. диал. *Тұрақты, тыңғылықты.* Амантай соңынан ерген адамдарды мыңға, жүзге, онға бөліп, әр-қайсысына тағайынды, сенімді адамдарын бастық қойды (С.Мұқанов, Ботагөз).

615. **ТАҒАТТЫ** сын. *Шыдамды, төзімді*. Екі-үш күн жол жүріп келсе мазасызданып кететін күйеуінің мына тағатты қалпына таң қалды (Ә.Тарази, Қиян.). Менің құрбым –

ұрпақ қой ел жыр етер, Шаттығы да, мұңы да елжіретер. Еркектері – әйелдей тағаттылар, Әйелдері – еркектей ержүректер (Ж.Молдағалиев, Қызыл қайың).

616. **ТАҚУА** ар. сын. *Діндар, діншіл.* Махмұт тақуа болды. Тұла бойы толған тұмар, мойнында – тәспі, дұғалық, аузында – зікір, күн шықпай оқығаны – намаз, заулатқаны – «жасын», ол дәретсіз жер баспайды; «қари» болам деп, Құранның 13 парасына дейін жаттап алады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол қалаға жақын маңайда бір асқан ақылды тақуа адам бар еді, тастың үңгірін үй қылып, уақытымен ғибадатын етіп, ағаш егіп жатушы еді (Ш.Құдайбердиев. Шығ.). Түлкі айтты төмен қарап, пақырсынып, Тақуа сопыларша көңілі сынық: «Бірді алдап, бірді ұрлап шеккен ғұмыр Жақсы-ақ деп жүргенім жоқ көңілім тынып (А.Байтұрсынов, Шығ.). Күңіренген мектебінде шәкірт оқып, Көңіліне ғылым алған тоқып. Мешітке сыймай кеткен тақуалар Гау бағып күнәсінен қақтан қорқып (М.Дулатов. Шығ.). Ақыл сұрай келген үш сөзін айтып еді, тақуа ханның ол сөзіне жауап қайырмай, алақанына бір түкіріп күрекпен топырағын лақтыра берді (Ш.Құдайбердиев. Шығ.).

617. **ТАҚУАЛАУ** сын. *Тақуаға бейімірек.* Тақуалау кәрілердің жаңағы бата қылғыш, бет сипағыш машықтарын көп істейтін болған-ды (М.Әуезов, Абай).

618. **ТАҚЫЛДАҚ** сын. *Тақылдауық, сөзуар, сайрауық.* Тақылдақ Меруерт тағы бірдеңе айтып, тиісе берер деп қысылды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

619. **ТАҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Тақылдақ, тақылдағыш.* Өзін оқуға зерек деп еститінмін. Бірақ мұндай тақылдауық екенін білмеуші едім (Т.Иманбеков, Үш ай.).

620. **ТАҚЫМКЕШ** сын. *Көкпарда, жекпе-жек тартыста жеңгіш (адам).* Мұса – жерде балуан, ат үстінде, көкпарда тақымкеш жігіт (С.Сейфуллин, Шығ.). Арнала дайындалған тақымкеш жігіттерге тартыс серкесі берілді (С.Бегалин, Замана.). – Жүріңдер, одан да бес арыстың тартысқа салатын тақымкештерін көрейік (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

621. **ТАЛАБЫ ТАУДАЙ** *Өте талапты, қабілетті.* Жамалжан талап таудай болсадағы, тон келте, сүйгеніңнен қолы қысқа (М.Дулатов, Шығ.).

622. **ТАЛАҒЫНЫҢ [ТАЛАҒЫНДА] БИТІ БАР** 1. *Еті тірі, пысық, епті.* Жиын-тойда өлең айтып, жарқыратып «жол алып» шығуды талағында биті бар, аузының ебі бар жігіттің бәрі-ақ өнер көретін (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Алаштың талағының биті, көкірегінің көзі бар азаматтарының қатарынан озбаққа ұмтылғаны жақсы (Ә.Кекілбаев, Үркер). Мәті бидің Әбілхайыр ханға айтқаны деп «Үркерде» мына сөздерді келтіреді. «Алаштың талағының биті, көкірегінің көзі бар азаматтарының қатарынан озбаққа ұмтылғаны жақсы» («Егемен Қазақстан»). 2. *Келешекте іс тындыра алатын ізденгіш, зерделі.* Ал өзге жас сөйтіп неге арқаланбаған? Талағында биті бар жігіт қай заманда болса да қарап қалған емес (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

623. **ТАЛАЙЛЫ** сын. *Бақытты, абыройлы*. Жұрт назары сүріне алға қарайды, Жан едік біз бұрыннан-ақ талайлы. Жанарымыз жамыраған жұлдыз боп, Жүзіміз де өзгеше бір арайлы (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Таз екенін қайтесің, Талайлысын айтсаңшы (Мақалнама).

624. **ТАЛАНДЫ** сын. сөйл. *Талайлы*. – Иттен де таланды неме екенсің, – деді ол, Молдағұлға құрбылығын сатып (С.Мұқанов, Теміртас). Таланды ерге тап болар, Ақылға дана ару жар, Тал шыбықтай бұралған (Үш ғасыр.).

625. **ТАЛАНЛЫ** сын. *Талантты.* Таланлымен таласпа.

626. **ТАЛАНТТЫ** сын. *Дарынды, ерекше қабілетті, өнерлі.* Махамбет талантты, ақын да болған кісі (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Әйелдерден ерлермен бірдей өнерлі де, талантты да, ғалым да, жазушы да шыққанын бүгінгі тамаша өміріміз бүкіл өлемге көрсетіп отыр («Қазақст. әйелдері»).

627. **ТАЛАПКЕР** сын. *Келешегінен үміт күттіретін ізденгіш, талапшыл, үміткер.* 13 февральда Семейдегі саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлердің иждиһадымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларышың пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды

жазбақшымын (М.Дулатов, Шығ.). Талапкер азаматтар, көзі ашық байлар һәм мырзалар «Азамат» серіктігіне молырақ кірісіп газет һәм баспахана ісін тағы да көркейтер деген үміттеміз (М.Дулатов, Шығ.). Бұл күнге шейін өзімізден халық әдебиетін, бұрынғы данышпан шешендердің, ақындардың, әділ билердің асыл сөздерін жинаушы жоқ еді, бұл туралы Диваев, Потанин қарт тарға мәңгі борыштымыз. Бұлар жанып тұрған шырақ, жолын қуған талапкер жастар адаспас (М.Дулатов, Шығ.). Я, алла! Талапкердің бақытын аш, Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш. Ұлтына қараңғыда қамаулы өскен Жарқырап жарық сәуле болғандай бас (М.Дулатов, Шығ.). Я, алла! Талапкердің бақытын аш, Ақ жүрек пайдалы іспен атағын шаш. Ұлтына қараңғыда қамаулы өскен Жарқырап жарық сәуле болғандай бас (М.Дулатов, Шығ.).

628. **ТАЛАПТЫ** сын. *Көздеген мақсатына, жетуге ұмтылғыш, ізденгіш, талабы мол.* Талапты ерге нұр жауар (Мақал). Қазақ баласы һәр істе осындай талапты болса, һеш кімнен кем қалмас еді («Қазақ» газ.). Түнгі сағат 11-де мәжіліс бітті. Мұнан кейін мәжілісте болған ардақты ақсақалдар, талапты жастар «Қазақ» газетіне жазыла бастады. 66 кісі жылдық газетке ақша берді (М.Дулатов, Шығ.). Еті кетіп, қауқиған сүйегім бар, Жай таппай жанып жүрген жүрегім бар. Жайнаған таза жүрек, талапты жас, Ұғар деген сөзімді тілегім бар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Домбыра қолыма ұстап, бастым перне, «Нұр жауар – деген сөз бар – талапты ерге» Жасымнан бай баласы бұлғақтаған, Жаман қыз олай-пұлай маған тең бе (М.Дулатов, Шығ.). Жиырмасыншы ғасырға қарсы тұрған Шықпаса шаһбазлар бірлі-жарым, Талапты һүнер іздеп жастар шығып, Көңілдің шығармаса хәстәләрін'3. (М.Дулатов, Шығ.).

629. **ТАЛАПШЫЛ** сын. *Талап қойғыш, талап еткіш, ұмтылғыш.* Адам жас кезінде әр нәрсеге ұрыншақ, талапшыл келеді екен (Ә.Қалмырзаев, Ар). Талапшыл саған дәуірің, Жалқауға алшақ төрі оның, Самарқау болма, бауырым! (С.Хангелдин, Шапақты.).

630. **ТАЛҒАҒЫШ** сын. *Талғампаз, талғамды.* Жүгері ауа райын аса талғағыш дақыл (Д.Қасенов, Ауыл.). Алғашқы бір-екі айда екіқабат әйелдер тамақ талғағыш келеді (К.Өтегенова, Аборт. зияны).

631. **ТАЛҒАМДЫ** сын. *Талғампаз,* талғағыш, Бұршақ топыраққа талғамды дақыл (К. Боранғазиев, Жемшөп.). Тұрмағанбет жасынан талапты да талғамды болған (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Балаларға арналған көптеген таңдаулы да талғамды шығармалар сол журнал арқылы жарық дүниеге келген («Қазақст. мект.»).

632. **ТАЛҒАМПАЗ** сын. *Талғағыш, талғамды.* Ботагөз жасында өте тәкаппар, талғампаз қыз болғанымен, кейін аяулы әйел, жақсы дәрігер болып еді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Ғали Орманов – әр сөзіне жауапкершілікпен қарайтын талғампаз ақын («Қаз. әдеб.»). Жалпы тұрмысында эстетикалық талғампаз Сәкен жазу жұмысында да солай болуға тырысатын (С.Мұқанов, Есею жыл.).

633. **ТАЛҒАМШЫЛ** сын. *Талғампаз, тал ғамды.* Ауылдың қыздары әрі асау, әрі талғамшыл ғой, біз сияқты қарапай ым, қатардағы солдатты қайтсін («Лен. жас»). Ертіс пен Жайық өңірін аралаған да, тірнектеп жинаған халықтың ән қазынасын аса талғамшыл тыңдаушы сына жеткізе біду жеңіл ме? («Қазақст. әйелдері»).

634. **ТАМАШАШЫЛ** сын. *Сауықшыл, қызықшыл,* Ауылдың жаңалыққа сусаған тамашашыл жас-желеңі сол үйге кіріп шығып, әлде неге мәз больш, көңіл күлкісін көбейтіп жатыр (Е.Тұрысов, Қыран.).

635. **ТАНЫҒЫШ** сын. *Танып-білуге шебер.* – Кәне, Желменде мырза, танығыш болсаң, анау өрістегі бір қора қозыдан туған егіз қозыны танып алып келші, – депті (К.Әзірбаев, Аңыз.). Жаңадан көргенін, жаңа нәрсені тез танығыш мысықтың зеректігі Шоқанға сондай ұнады (С.Бегалин, Шоқан асу.).

636. **ТАНЫМПАЗ** сын. *Тануға шебер, танығыш.*

637. **ТАНЫС-БІЛІС** сын. *Сыралғы, сыр мі-нез, танымал.* Бұл құпияны сізге таныс-біліс адам болған соң айтып отырмын (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Сайфи Құдаш, С.Мұқанов, М.Әуезов сияқты жазушылармен тікелей таныс-біліс болады («Қаз әдеб.»).

638. **ТАҢДАҒЫШ** сын. *Таңдампаз, таңдай білетін.* Шай күтімді тілейтін, топырақ дақыл («Білім және еңбек»)

639. **ТАҢДАЙЫНАН БАЛ ТАМҒАН** *Дарынды, шебер әнші.* Әлгі осы топ ішінде таңдайынан бал тамған әнші, өнерлі жастар да бар (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

640. **ТАҢСЫҚҚОЙ** сын. *Әуесқой, құмарпаз.* Анна ханым. Қатер!.. Мені азапқа салдыңыз. Таңсыққоймын өлгенше, о не? Қалай мені қорлайсыз? Білмеуші ем ғой мен сізді. Дұспаным жоқ болған жоқ, Тек ерімнің қан ішері болмаса (Ж.Аймауытов, Шығ.). Естіген аңызға таңсыққойлар біртіндеп те, топталып та Ақпай үйінің биіктігі кісі бойындай ақ самаурынынан шай ішкен (С.Бақбергенов, Кентау).

641. **ТАҢСЫҚТАУ** сын. *Әуесқойлау, құмарлау*. Интеллектік сезімнің түрлеріне таңсықтау, білуге құмарлық, күдіктену т.б. сезімдер жатады (Қ.Жарықбаев, Психология).

642. **ТАҢЫРҚАҒЫШ** сын. *Таңданғыш, қызық көргіш*. Сыр сақтағыш, ел сынағыш, Берік жансып жүруші ем. Жұртты сөгіп: «Таңырқағыш Неткен жан!» – деп күлуші ем. Бұл не ғажап өзгелерден Артық болды жұлдызың! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бала аяқ басқан сайын: көбелек қандай әдемі, гүл қандай, оттай лаулап тұр! – деген сияқты көрінгенге таңданып, таңырқағыш келеді (Семья тәрбиесі). Козғалақтап қақырынып, түкірінген дыбыстар естілді. Таңырқағыш, қызық көрген, есіркеген жанарлар өңменінен өтті (Т.Тілеуханов, Шарапат).

643. **ТАПҚЫР** сын. *Тез ойлап, ұтымды сөз айта алатын, алғыр, зерек.* Ол бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр, айтқышы (М.Әуезов, Абай жолы.). Аталары Мөңке би заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған (А.Жұбанов, Замана.). Құлжатай майда мінезді, қыз сияқты ұялшақтау, өзінен көзі бұрын күлімдеп отыратын тапқыр жігіт болатын (А.Лекеров, Түз гүлі). – Мерген сондай тапқыр, тез ойлай білетін адам болу керек. Міне Молдағұлова сондай мерген болатындығын көрсетті, – деді ол көңілі біткендігін білдіріп (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары.).

644. **ТАПҚЫШ** сын. 1. *Тез таба білетін, бір нәрсенің қиюын, ретін келтіретін.* Өткел тапқыш төтеден, Даурығатын өте кең, Ру жиған жиынбыз. Шымбайында ері тар, Арқалы боп көрінер, Оза алмайтын миыңбыз (Қабан жырау. Алтын қазық). 2. *Біреудің ойлаған ойын, т. б. білгіш.* Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы, Түбі – жүрек, болады мида басы. Орынсызға ұмтылтпай тоқтатуға Талаптың алты түрлі бар ноқтасы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Айтпаймын, тапқыш Бақсыға айтты: – «Қаншама алсаң алтын берем, Тапқыш деп ел мақтайды ел сені ерен, Басыңа не түссе де жасырмай айт. Осы түннің ішінде мен не көрем» (Ш.Әбенов, Кейпін батыр.).

645. **ТАСБАҚАНЫҢ АУЗЫНАН ШӨП АЛҒАН** жерг. *Өте айлалы, тапқыр, епті (адам).* Тасбақаның аузынан шөп алған Жағыпар бұл жолы да құтылып кетті (Ауызекі).

646. **ТАСҚАЙНАТ** сын. *Өте пысық, өте жылдам, өте тез.* Астындағы тайқасқаның шала құлаш мойны сумаңдап қайта-қайта озып шығады да екі жағындағы аттар оның тасқайнат жүрісіне ілесе алмай желіп-желіп алады (Ә.Төреханов, Таудан түскен із). Тасқайнат келіншек осы. Ал пысық болғанда сұмдық («Қаз.әдеб»). Өзі бір тасқайнат екен. Топтан озып саңлақ сауыншы атанды («Мәдениет және тұрмыс»).

647. **ТАСТҰЙНАҚТАЙ** сын. *Ұқыпты, жып-жинақы.* Күн еңкейіп, көлеңке де ұзарған мезгіл. Қой тастұйнақтай, бір уыс боп бала маңына үйрілген, үркіп, елегізген (З.Шашкин, Өмір тынысы). Назымның екі бөлмелі шағын үйінің бөлмелері тастұйнақтай тап-таза, жып-жинақы.

648. **ТАСТҮЙІН** сын. 1. *Өте берік, қайратты, мықты.* Мына көп құлаққа айтсам деп толғанып жүрген сыры да сол перзентінен айрылып, күйік тартып отырған кәрінің қаумалаған халқынан қасіретін жасырып, қаһарлы, тастүйін, қайратты көрінгісі келген түрін көзі шалған соң барып ойына оралды (Ә.Кекілбаев, Дала балладалары). Жанат қиял жалдаған, Мұздап өліп қалмаған Талайы тастүйінбіз. Қасиет қып жандыққа, Қаныктыра алдық па Дін-мұсылман иін біз? (Қабан жырау. Алтын қазық.). Бұғыбай

тастүйін боп жөнделіп отырды (С.Омаров, Өмір.). 2. *Соқадай сай, дайын.* Үй иелерінің дайындығы тастүйін көрінді («Қазақст. әйелдері»). Бәрі де тастүйін, тізгіндерін тежей ұстап, ұшатын қырандай қомданысып, сақ отыр (К.Сегізбаев, Ашылмаған).

649. **ТАСЫРАҢДАУ** сын. *Ұшқалақтау, жеңіл мінезділеу.* Қайыпыберді тумысынан ұстамды, оңайлықпен, көтеріле қоймайтын көнтерлі болып өссе, оның інісі бертінге шейін тайталасқыш, тасыраңдау көрінетін (О.Сәрсенбаев, Жақсының көзі).

650. **ТАУАНДЫ** сын. *Табанды, төзімді, баянды.* Бар тірлігі айнымас қажырлы еңбек, өнерлі тауанды еңбек ырғағына мағыналы күйде бағынған бұл дөңгелек қаланың бар халқының арасында ынтымақты татулық, тәртіпті, ұстамды тәрбиелік бар (М.Әуезов, Алғы шептегілер). Семья тату, достық тауанды болу үшін асықпау керек (М.Гумеров, Сүйе ме).

651. **ТӘЛІМШІЛ** сын. *Талғампаз, кірпияз.* Қайнаркөлдің суын тәлімшіл жылқы малының өзі емін-еркін іше береді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Тәлімшіл желек салған келіншектер, Сақалды бас көргенде шегіншектер. Жаяулап жұрттан шыға атқа асылып, Етегін қымтай алмай изелектер (Ж.Аймауытов, Шығ.).

652. **ТӘРТІПТІ** сын. 1. *Тәртібі жақсы, үлгілі, өнегелі.* Қамбар мектепке кейін келіп түссе де, сабақты жақсы оқиды, тәртіпті бала (С.Шаймерденов, Мезгіл). Ол өз ісіне ұқыпты, тәртіпті, тіл алғыш солдат атанды (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). Кетпейді құр бетімен, Төртеуі де тәртіпті. Барлығы да шетінен Анасына тартыпты (Қ.Мырзалиев, Алуан.). Қомағайлық жараспас тәртіпті елде. Қоғам мүлкін үйіне қарпып келме! Артық бөлмесұрайсың, Ағайын-ау, Артық ақыл қоса ма артық бөлме! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.).

653. **ТӘРТІПШІЛ** сын. *Тәртіп сақтауды жақсы көретін, тәртіпқұмар.* Бұл өзі бір тәртіпшіл, істеген ісіне тиянақты жігіт (С.Мұқанов, Теміртас). Ол ең алдымен азаматтың үлгі-өнегесі айқын, адал, әділ мінезімен, еңбекке, өмірге құштарлығымен, тәртіпшіл тәлімімен көзге түскен азамат («Мәдениет және тұрмыс»)

654. **ТӘУБЕШІЛ** сын. *Шүкірлік еткіш, қанағатшыл.* Сол бір күнгі табиғат көркіне қанағатсыз көз түгіл, тәубешіл көңіл де тоймайды білем, әлденеге құмартып, әлденені аңсап, алаңдай берді (З.Шашкин, Сенім). Кәріліктің таянғанын ойлаған сайын тәубешіл, алыс-жақынды таныгыш, бауырмал (А.Жақсыбаев, Қайырлы.). – Қожа, неге сонша тәубешіл болып кеттің? – деп сұрайды (Қожанасыр хикаялары).

655. **ТӘУЕКЕЛІШІЛ** сын. *Тәуекел еткіш, батыл, өжет.* Ғашықтықуағдамен тәуекелшіл, Қажымай осы үшеуін мекем ұста. Кімде-кім жетер сонда мұратына, Пайда жоқ жүрексінген қорқынышта (М.Дулатов, Шығ.). Өз қайратына сенген әкем жоқшылыққа көп мойымайтын, тәуекелшіл, шыдамды адам еді (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.), Сарқыттың өзі де тәуекелшіл, талапты жас болғанмен, тәжірибесі аз аңғырт (Бал дәурен). Аламын деп Лағылды Алтын бастар қағылды. Тәуекелшіл жастың да, Тауы қатты шағылды (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

656. **ТЕБІРЕНШЕК** сын. *Тебіренгіш, сезімтал.* Тереңдеу біткен тебіреншек көзінің жас шағындағы жалыны анау жанып жатқан қарағай отының лапылынан кем болмаған шығар, – деп ойлады (Д.Әбілев, Ақын арманы).

657. **ТЕКСЕРГІШ** сын. 1. *Аңдағыш, аңғарымпаз, мән бергіш.* Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). 2. *Бір нәрсенің бар-жоғын, жақсы-жаманын қадағалайтын (кісі).* Дәл жанынан көккұтанға ұқсас ұзын мойын билет тексергіш жігіт шыға келді (Д.Досжанов, Зауал). Далабай кешесөйлескенде, облыстан КРУ-дың тексергіштерін шақыртамын деген (Д.Досжанов, Дария).

658. **ТЕПСЕ ТЕМІР ҮЗЕТІН** *Қайратты, күшті, мықты, қуатты.* Мыңжасар – тепсе темір үзетін адам, жатып ішер жалқау да емес, – деді Абай, Әбішке әңгімесін созып (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Жаным, сен мұңайма, бақытың жоқ болса да өз басың жас қой. Тепсең темір үзетін қайратың бар (І.Жансүгіров, Шығ.). Бәрі де тәжірибелі жұмысшылар, тепсе темір үзетін азаматар (О.Бөкеев, Өз отыңды өшірме). Тепкенде темір үзер қара күші, Аспанның жалғыз мені – ана құсы (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).

Жалынын көп шығарар өшпек өмір, Қадірі қалу үшін есте не бір, Ер еді үзілетін тепсе темір, Кең еді Арқа-кеуде, Көкше-көңіл! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

659. **ТЕТІГІ АУЗЫНДАҒЫ КІСІ** жерг. *Аңқылдаған аққөңіл.* Қадірдің тетігі аузындағы кісі (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

660. **ТОЙҒАН ҚОЗЫДАЙ [ҚОЗЫ СЕКІЛДІ]** *Артық қылығы жоқ, моп-момақан, жұп-жуас.* Тойған қозыдай, шөгерген түйедей болып жатқан әр қилы тастар арынды көкбурыл өзенге еш бөгет емес (Б.Соқбақбаев, Қайдасың.). Ақшаң барда тойған қозыдай томпайып, үнсіз жататын моп-момақан қарның қалтаң қағылса, ішіне қаралы қасқыр кіріп кеткендей боп, ұлып шыға келетіні бар емес пе? (Ә.Нұршайықов, Шығ.). Бір жүруші ең бір жылғы туған төлдей, Тым болмаса қалдым-ау, жүзін көрмей! Тойған қозы секілді қайран бауырым, Жүрген жерің береке шалқар көлдей (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бота көздері жәудіреп, тойған қозыдай моп-момақан ғана отырған осы бір қызға тұңғыш рет ұзақ көз тоқтатып, елжірей қарадым (Н.Келімбетов, Үміт үзгім келмейді).

661. **ТОПШЫЛАҒЫШ** сын. *Болжағыш, аңғарымпаз.* Сенің топшылағыш, аңғарғыштығыңа сүйсініп айтып отыр, – деп Әбдіжан әдеттегі күйінесалып танауын ежірейте жымиды (С.Бегалин, Уақыт тынысы).

662. **ТӨЗГІШ** сын. *Неге болса да көнгіш, төзімді, шыдамды.* Ол сүйсінуге де, аяуға да тұрарлық, неге де болса, баладай сенгіш, батырдай төзгіш (Б.Аманшин, Көкжар). Бірақ адам баласы басқа салса төзгіш келеді, бұған да шыдайды екен (Б.Тілегенов, Уақыт).

663. **ТӨЗІМДІ** сын. *Шыдамды, көнімпаз.* Жарасов күні бойы өзі көріп өткен он отардың көп есті, сабырлы, төзімді Бәйтендей шопандарын есіне алды (М.Әуезов, Өскен өркен). Ұлбосын көп үндемейтін бала, сабырлы, төзімді бала (Б.Майлин, Шығ.). Нар көтермегенді ер көтереді дейді, әйел ерден де төзімді бірақ әйелдің осал жері-жүрегі жүрегін ғана жеңе алмайды (Ә.Тарази, Тас жарған). Өкпем де жоқ емес-ау саған менің, Жосықсыз кінәшілсің – жаман Жерің. Төзгісіз қылығыңды қырқып тастап, Төзімді мінезіңмен қалар ма едің (М.Мақатаев, Шығ.).

664. **ТӨЗІМТАЛ** сын. 1. *Шыдамды, төзімді, төзімпаз.* Адам баласы мұншама төзімтал бола береді екен (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

665. **ТӨЗІМШІЛ** сын. *Шыдамды, көнбіс.* Алтай қызының көрген күні қараң еді, үй салтының езгісі оны бәріне де төзімшіл, көнбіс, қорғансыз, үнсіз күңге айналдырды («Қаз. әдеб.»).

666. **ТҰЗАҚ ҮЗГЕН [АЛА АЯҚ]** *Ала бөтен бұзық, зұлым адам туралы айтылады.*

667. **ТҰТЫМДЫ** 1. сын. *Ұғынғыш, тез қабылдағыш, зерек*. Сабаққа берді әкесі бала жастан, Тұтымды зирек болды жұрттан асқан. «Білімді, қайратымен елге тұтқа, Болады» – деп жорыды бір бал ашқан (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). 2. ауыс. *Тұрақты, берік.* Сезімді тек ақыл ғана билейді, сезім дүниесінің дегеніне көнбес үшін тұтымды мінез, берік жүрек керек (І.Есенберлин, Ғашықтар). Жігіт айтқан сөзіне тұтымды, қайғыға қайсар, жүрген жері думан (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

668. **ТҮЙЕ ҮСТІНЕН ИТ ҚАПҚАН** *Икемсіз, епсіз, болбыр кісі туралы айтылады.* Күн жаумай су болып, түйенің үстінен ит қапқан келеңсіз жігіт мұңын айтады (Т.Ахтанов, Шығ.).

669. **ТЫНДЫРЫМПАЗ** сын. *Өз ісіне, тиянақты, тыңғылықты.* Өзінің тындырымпаз екенін білсе жаман емес, бұл – өз басының жеке қасиеті (М.Гумеров, Хазірет).

670. **ТЫҢДАҒЫШ** сын. *Тыңдауға құмар, тыңдағанды жақсы көретін.* Өзінің дос баласының сөзін бала үлкен адамның сөзінен артық тыңдағыш келеді. Сондықтан тәрбиеші баланың достарының дұрыс балалар болуына қам қылуға міндетті (М.Жұмабаев, Шығ.). // Тыңдайтын, тыңдаушы адам. Жүректе айна жоқ болса, Сөз болмайды өңгесі. Тыңдағыш қанша көп болса, Сөз ұғарлық кем кісі (Абай, тол. жин.).

671. **ТІЛАЛҒЫШ** сын. Айтқанды қалтқысыз орындайтын, жұмсаған жерге екі айтқызбай баратын елгезек. Шаруаға икемді, тілалғыш жасты үлкендердің жақсы

көретін әдеті (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Ол түзге шықса айтқанын орындайтын тілалғыш (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз.). Балаң тілалғыш болса ғажап, Тілазар болса азап (Мақал-мәтел).

672. **ТІЛІНЕН БАЛ ТАМҒАН** *Шешен, тілмар.* Менің әкем Пірман тілінен бал тамған шешен, он саусағынан өнері төгілген шебер кісі ед (С.Омаров, Жүйрік.). Тілдерінен бал тамған, Жорга жүйрік майталман, Шешен де өтті дүниеден (Жамбыл, Шығ.).

673. **ҰҒЫМПАЗ** сын. *Ұғымтал, алғыр, зерек.* Тыңдаушы ұғымпаз болса, сөйлеуші шешен болар (С.Бақбергенов, Қайран шешем). – Сіздің балаңыз оқуға өте ынталы және ұғымпаз (С.Мұқанов, Теміртас).

674. **ҰҒЫМТАЛ** сын. *Ұғымпаз, ұққыш, зерек, алғыр.* Сабаққа зеректігі болмаған мен, өлең-әнге ұғымтал-ақ (С.Жүнісов, Жапанда.). Бүкіл бастан кешкенін қазақ халқы сөз арқылы ғана сақтап келген ғой, сол ұғымталдар – осы ақындар (Қ.Байсейітов, Құштар көңіл).

675. **ҰЖЫМШЫЛ** сын. *Ынтымақты, ұйымшыл.* Өңшең нашар жарлы-жақыбай, басыңа қиыншылық түскенде ұжымшыл бол, біріге біл (Б.Аманшин, Көк жар).

676. **ҰҚЫПТЫ** сын. *Тап-тұйнақтай, жинақы (салақ емес); тыңғылықты.* Кең, жарық бөлмелер, ұқыпты жиналған аппақ төсектер (Б.Оразақов, Дәрігер.). Ол қайда жұмсаса да, тапсырған істі шапшаң және ұқыпты орындайтын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жас азаматтарымыз тілге мейілінше ұқыпты, жанашырлықпен, қамқор көзбен қарауы керек қой дейміз (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті (ҚР Конституциясы).

677. **ҰЯ БҰЗБАС** бейн. *Тірі жанға қиянаты жоқ, жуас.* Қой баласы – қоңырым, Ұя бұзбас момыным. Шопан ата түлігі Қошақаным қайдасың? Пұшайт, пұшайт! (Пернедегі терме).

678. **ҮЗЕҢГІСІН ТЕҢ БАСҚАН** *Әділетті, әділ.* Ел қайғысын кім ашар? Үзеңгісін тең басқан Төресі ғаділ хан ашар. Аққа су мен кең қоныс, Түрленген жасыл көк ашар (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

679. **ҮЙЕК** ауыс. *Жаны жайсаң, жайдары.* Адамдар мен адамдар арасында, Көрінбейтін жай көзбен қарағанда Бір аңғар бар жаны үйек, бауыры қар, Кейде ызғарлы зәнталақ дауылы бар, Кейде көктем есетін сауырынан (М.Шаханов, Ғасыр.

680. **ҮЙКҮШІК** зат. *Үйден ұзап шықпайтын, үнемі үйде жүретін кісі.* Бәкен, шынында да үйкүшік болып өскен кісі, еркек болып жұртпен бірге жүріп-тұрып, ел аралап, сөз бағып көрген кісі емес (Б.Майлин, Шығ.). Үйкүшік болма дедіндер, Қарыздар екем мен де елге. Жақсы-ақ бір ақыл бердіндер, сол үшін алғыс сендерге (Т.Молдағалиев, Алатау қызы). Шаруа болар балаңды Шөп шапқаннан танисың. Үйкүшік болар балаңды От жаққаннан танисың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жауға шабар ерің жоқ Сақадай болып сайланып. Төсек жанды мырзалар Ала баспақ байланып, Үйкүшік т е й үреді Отының басын айналып (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

681. **ҮЙЛЕСІМДІ** сын. *Жарасымды, ұнамды, қонымды.* Мықты тұлғалы қойдың дене бітісі үйлесімді келеді (А.Елеманов, Қой шаруаш.). Жеңгем киімнің өз түсіне үйлесімді жамау табады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Адай жылқысының дене бітімі шағын, үйлесімді, ашаң, әрі мығым болып келеді (А.Иманғалиев, Адай жылқысы). Ақын табиғат құбылыстарын адам өмірімен, қоғамдық құбылыстармен үйлесімді, өзара тығыз байланыстыра отырып, араларында параллель жүргізеді (“Қаз. әдеб.”). Мына жұмыр тауды Мұраттың адамның басы сияқты деуі қалай дәл, қандай үйлесімді, – деп інімнің тапқыр теңеуіне іштей сүйініп мен де тауға ықылас салып, қызығып қараймын (Н.Ғабдуллин, Сарғайған жапырақ).

682. **ҮЙРЕНГІШ** сын. *Білмегенін үйреніп алғыш, тез жаттыққыш*. Ерлі-зайыпты Сағидолла мен Шолпан – үлкенге де, кішіге де сыпайы, жақсыдан үйренгіш абзал адамдар (Шопан серігі). Бүркіт деп қазақ аңшылары жыртқыш құстардың ішіндегі аса

тектісін, адам қолына тез үйренгіш естісін атаған (А.Сейдімбеков, Ақиық). Ол жұрттың мұң-мұқтажымен есептескіш, жақсыдан үйренгіш, жаманнан жиренгіш абзал, адал адамдар деседі (М.Сатыпалдиев, Жартастағы жазулар).

683. **ҮЙРЕТКІШ** сын. *Білмегенді түсіндіргіш, ұғындырғыш; үйретуге шебер.* Қызына ақыл үйреткіш қатындардың оңай мысалына айналатын жерден қашығырақ кеткені дұрыс (М.Сқақбаев, Қырық.). Көзге ерекше түскені – асау, қашаған бұрыларды қалай ұстап, қалай үйретулері, бұл жағынан олар жылқы үйреткіш буряттар тәрізді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Үйреткіш болса ортаға өзі шығып, қарсы жақтағыны сұлатып түсірмей ме?! (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

684. **ҮЙРЕТІМПАЗ** сын. *Үйреткіш, үйрету қабілеті күшті адам.* – Апырай, мынадай да ат үйретімпаз жан болады екен! (С.Мұқанов. Балуан Шолақ.).

685. **ҮЙТЕНТЕК** сын. *Мінезі шәлкес, еркетотай.* Қазан бұзар, үйтентек толып жатыр, Қайратымды бар дұшпан, алыс білсін (Қозы Көрпеш.).

686. **ҮЙІРГІШ** сын. *Үйіріп әкеткіш, өзіне тартқыш*. Кезсем де әлемнің қай қиырын мен, Күндіз-түн кетпейсің бір бүйірімнен, Тартасың түу қияннан мені өзіңе, Үйіргіш лебің күшті пірімнен (С.Сейітов, Жаңғырық). Бір қалтасында көкала қағаз, екінші қалтасында шокалад, кәмпит секілді тіл үйіргіш тәттілер толып жүретін (О.Сәрсенбаев. Сағым.).

687. **ҮЙІРСЕК** ауыс. *Кісіге, іске жақын, үйір, бауырмал (адам).* Жиырмаға биыл ғана іліккен Гауһардың өзімсінген, сенген адамдарына үйірсектігі, оларға түгелдей ашықтығы маған мәлім (Ә.Тәжібаев, Жданов әңгімелері). Ол жұрттың бәрімен тез тіл таба кететін үйірсек жан еді (С.Мәуленов, Шыңдағы шұғыла). Қыз атаулы шешеге үйірсек келеді ғой (О.Сәрсенбаев, Сағым.).

688. **ҮЙІРШІЛ** сын. *Үйірін, тобын іздегіш, үйірқұмар.* Мен де жел көңіл, үйіршіл жанмын, мінезім ұқсас жылқыға, Аузыңда мойным, аузыңда жалым, Теп мейлі мені, жұлқыла! (Е.Ибрагим, Жас ғұмыр). Қойлар көнбісті, үйіршіл дағдысынан жаңылып дегеніне көнбейді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Мен қазақпын – Үйіршіл үнімде қараша қаздай қиқу бар. Ежелден елмін дос пейіл, Дастарханымда сиқыр бар (Е.Ибрагим, Жас ғұмыр.)

689. **ҮЙІРІЛГІШ** сын. *Үйірілуге құмар, үйірілімпаз.* Үрейдің бұлты да тез үйірілгіш келеді (Ә.Әбішев, Сәуле.). Жастар да оның төңірегіне үйірілгіш болатын («Білім және еңбек»). Кептерлер менен гөрі Арыстанды іш тартатын тәрізді. Төбет көсіліп шуақ өтіне жата кетсе-ақ соның маңына үйірілгіш, топырлағыш (М.Қабанбаев, Кермек дәм).

690. **ҮЙІРІМДІ** сын. 1. *Үйіріп әкететін, орамды, жанасқыш.* Сақина көзінен өтердей үйірімді, қу аяқ жеңгетайдың орайы келмей жүрген-ді (М.Сүндетов, Құмда.). Ол үлкен-кішіге бірдей жанасқыш, үйірімді кісі (З.Қабдолов, Жалын.). 2. *Орамды, жағымды*. Жұрттың артын ала, Мұқаң сөйледі, оның байсалды, үйірімді қоңыр үні құлағымда (С.Мәуленов, Үркер.).

691. **ҮЛГІЛІ** сын. 1. *Өнегелі, тәлім-тәрбиелі.* Мал баққан шаңды аяқ нәсілсізден Қоясың есіктегі құлыңды әкім. Үлгілі қасиеті болмаған соң, Табылсын қай жерінен білім, ақыл (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Сондықтан біз әрбір үлгілі өмірден талант іздейміз, әсіресе жиырма-ақ жаста дүниеден қайтқан Бернияздың өмірінен үлгі іздеу, әрине, қисынсыз (М.Жұмабаев, Шығ.). Һәр елді өз көзіммен көрейін деп, Себеп боп мұталиғам ашылатын. Үлгілі жақсылардан өрнек алып, Мақсұдпен арттыруға мәғрифатым (М.Дулатов, Шығ.). Бұл өмірдің қызығы махаббатпен Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен, Арттағыға сөзің мен ісің қалса, Өлсе де өлмегенмен боласың тең (Абай, Тол. жин.).

692. **ҮЛКЕН АДАМ [КІСІ]** *Еліне елеулі, халқына қалаулы адам*. Ойқастаған жақсы атпен Орта жолда қалмайсың. Кішігірім мақсатпен Үлкен адам болмайсың! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.). Бірден сен бола алмайсың үлкен кісі, Жігіттің елге жағар икемдісі. Секілді қотыр ешкі кейбір бұзық Кеп тұрад көрінгенге сүйкенгісі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

693. **ҮЛПЕТТІ** сын. жерг. *Құрметті, сыйлы.* Жұмысты жүдә жақсы көрген кісі үлпетті болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

694. **ҮМІТТЕС** сын. *Үміті, тілегі бір.* Домбырасын күйші ата шертпес тегін, Қуаныштас, үміттес, дерттес көбі, Әрбір үйге бес құда, он құдағи, Әрбір үйде ең кемі төрт-бес келін (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

695. **ҮМІТТІ** сын. *Белгілі бір нәрседен дәмелі.* Оқуыңды жақсы бітіріпсің, үмітті жастың бірі екенсің (О.Сәрсенбаев, Сағым). Осы күнде-ақ теңеле бастаған жоқ па? Әуелде өзің қандай едің? … – Балташ үмітті сөздер айтады (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Үмітті тілегім Орынсыз қалып тұр, Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп, Адасқан асығың мұңлы әнге салып тұр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жастық, байлық, қол қусырып бос жүру Жас өспірім үмітті ерді бұзады. Тер ағызып, өліп-талып табылған Ата дәулет быт-шыт болып тозады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

696. **ҮМІТШІЛ** сын. *Үміт еткіш, дәмеленгіш.* Бүкіл мектеп маңындағы адамдардың бәрі де үмітшіл адамдар екен (Ә.Шәріпов, Алыс.). Әруақ үмітшіл көңіл жаманшылыққа баспайды (М.Қаназов, Арна.). Олардың өмірге көзқарасы үмітшіл деуге болады: бір денені өлгенше дәріптеуге де, жетесынауға да, сенбеуге де ыңғайы кем, басымырақ сезімдері: бауырмалдық, достық (Ж.Аймауытов, Шығ.).

697. **ҮНДЕМЕГЕН ҮЙДЕЙ ПӘЛЕДЕН ҚҰТЫЛАДЫ** *Ешкімге тиіспей тыныш жүрген тиімді деген мағынада.* Үндемеген үйдей пәледен құтылады деген, бөтен ауылдың сыртында ұрысысып тұру ұят болар деп ойлады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

698. **ҮНДЕУШІ** зат. *Халықты белгілі бір іске жұмылдырушы.* Махамбеттің мінезі Исатайдікі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес, Махамбет жақсы үндеуші (әгитетір), жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Әдебиет әрқашан жаңаның, жақсылықтың жаршысы, үндеуші с і ғой (“Қаз. әдеб.”).

699. **ҮНЕМҚОР** сын. *Үнемдегіш, үнемшіл.* Бір ғажап жері ондайлар тақуа емес, – үнемқор, тиын жинауға қомағай, тырысқақ (К.Тоқаев, Тасқын).

700. **ҮНЕМШІЛ** сын. *Ысырапқа жол бермейтін, ұқыпты.* Ол пысық, айтқанды екі етпейтін, бір тиынды текке шығын жасамайтын ұқыпты, үнемшіл қызметкер (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Жас жұмысшылар шетінен үнемшіл, есепшіл, ұқыпты (Ғ.Мұстафин, Ой әуендері.) Қытай салтында арақты бұлай ішу жоқтұғын. Табиғатынан үнемшіл халық он грамдық оймақтай ыдыспен таңдай жібітіп қана отырады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш.).

701. **ҮҢІЛГІШ** сын. *Жан-жағына зер салғыш, байқағыш.* Сафуан айтар әңгімелердің де тақырыбы алуан-алуан, қаһармандары немкетті сүлесоқ емес, елгезек те үңілгіш («Лен. жас»).

702. **ФАЗЫЛАТТЫ** сын. *Қайырымды, рақымды, жағымды*. Алдырып аш-арыққа берді бөліп, Патша еді фазылатты дәті берік (Т.Ізтілеуов, Тұтқын қыз).

703. **ФАҺІМЛІ** сын. ескі кіт. *Пайымды, парасатты. Қ*олыма жазайын деп алдым қалам, Моллаға Әбубәкір бізден сәлем! Фаһімлі бұл заманда бір жігіт деп Сыртыңнан мәдақтайды барша ғалам (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

704. **ФӘРЗАНА** сын. 1. *Данышпан, ғалым.* 2. *Ақылды, есті парасатты.* Ақ дидары көз алдыңнан ұрланып, Ақынның тек қиялында жырланып. Бір фәрзана келе жатқан секілді, От көзінен байтақ дала нұрланып (Х.Ерғалиев).

705. **ФИРУЗ** сын. 1. *Жеңімпаз, жеңгіш.* 2. *Табысты, бақытты.* Екінші – Құдыс пенен Шам болады, Үшінші – Бағдат, фируз һәм болады (Құлымбет).

706. **ФЛЕГМАТИК** зат. псих. *Эмоциялық сезімі тез қоза қоймайтын самарқау, салғырт адам.* Флегматик өзіне әсер еткен заттар мен құбылыстарды баяу қабылдайды. Көңіл күйі байсалды, орнықты, бастапқы қалпын ұзақ сақтайды. Қимыл-қозғалысы да өте баяу (ҚҰЭ). Флегматик бала оқуда, ойында, еңбекте тиянақты, басқалармен көп араласпайды (ҚҰЭ). Н.В.Гогольдің «Өлі жандарындағы» Собакеевич – флегматик темпераментінің айқын өкілі болып табылады (К.Жарықбаев, Психология).

707. **ХАКІМ** [ар.] зат. 1. көне. *Даулы мәселені шешетін тәуелсіз төреші.* Іс қозғалғанға дейін діни қазының (кади) алдына бармай тұрып, хакімге барып жүгіну керек (Ислам энц.). Хакім атқарушы өкіметтің хұқына ие емес, оның мәртебесі (статусы) айқындалмаған, хакімді ешкім тағайындамайды, оған өзінің өмірден түйгені көп, беделді адамдар ұсынылады (Ислам энц.). 2. *Басқарушы, әкім*. Бекетай – «Молда момын» хакім болып Көп тұрды Қазалының қаласында. Жібектей «Молда момын» болды майда, Асылған қайратынан көрді пайда (Базар жырау, Шығ.). Хакімдер жаңа өспірім жастан болды, Басына ұрылардың бостан болды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Енді бұл іске жоғарғы хакім кіріспек (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Тауыса алман дүние кебін айтып санап, хакім аз іс ететін ғаділ қарап (А.Байтұрсынов, Шығ.). 3. *Оқымысты, данышпан, философ.* Осындай сөз танымайтын елге сөз айтқанша өзіңді танитұғын шошқаны жақсы деп бір хакім айтқан екен (Абай, Шығ.).

708. **ХАЛИС** [ар.] сын. *Шын, нағыз, таза, адал.* Бұлар өз ижтиһадің бірлән, ниет халис бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ (Абай, Тол. жин.). Бұл істер ғылым симиа екен х а л и с (Абу-л-Харис).

709. **ХАЛЫҚТЫҢ АДАМЫ БОЛДЫ** *Көпшіліктің қалаулы кісісі, ел қамын жеген ер болып өсті.*

710. **ХАЛЫҚШЫЛ** сын. *Халықшылдық ағымының жолын ұстанған, соны қолдаушы*. Халықшыл ақындардың ішіндегі алдыңғы қатардағы Сәбит. Сәбиттің өлеңі қысқа, дәмді. Аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, сөзді ойына құл қылған, тілі тәтті дәл келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол Түркия, Үндістанның халықшыл газеттерінесөз жаза бастайды (М.Дулатұлы, Шығ.).

711. **ХАРИЗМА** [грек. charism] зат. саяси. 1. *Аса дарындылық; қандай да бір тұлғаның қисынмен түсіндіруге келмейтін, айналадағыларға қатты ықпал ету, әсер ету мүмкіндігі*. Харизма ұғымы харизмалық үстемдік, харизмалық көшбасшылық сияқты саяси түсініктердің негізі болып табылады (Саяси түсінд. сөзд.). 2. пед. *Жеке тұлғада оған бас игізетіндей және оның мүмкіндіктерінесөзсіз сенетіндей қасиеттер бар деп білу.* [Бұл феномен топтасу процесінде өз мұраттарын жеке бір адамға түгелдей дарыған деуге бейім шағын және әсіресе үлкен топтарға тән]. Харизма көбіне экстремальды тарихи жағдайларда пайда болады. (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Діни психологияда харизма құдайдың рақымы деп бағамдалады. Харизмаға өтпелі сипат берушілік, оны мұрагерлеріне тарату, иерархиялық тұрғыдан орнықтыру әрекеттері болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

712. **ХАЯС** [ар.] зат. *Ұят, ар*. Ғадаләт рафғат болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы жоқ (Абай, Шығ.).

713. **ХӘЛӘЛ** [ар.] к і т а б. *Адал.* Хайырлы хәлал зайып болып шығып, Шүбәсіз көз алартпай жүрсең сеніп (М.Дулатов, Шығ.). Хәлал қатын болады осы қалай, келеді көңіліннің хошы қалай? (М.Дулатов, Шығ.).

714. **ХИКАЯШЫЛ** сын. *Ғажайып оқиғаларды айтқыш, әңгімешіл.*

715. **ХОЛЕРИК** зат. псих. пед. *Эмоциялық қозуы өте шапшаң, өзінің сезім күйін бірден байқататын, қызу мінезді адам; темпераменттің бір түрі.* Бұлар – холерик темпераментінің өкілдері, Павлов оларды жылдам, тез әсерленгіш, жалындап атып тұратын жауынгер тип деп атады (К.Жарықбаев, Психология). Ол класс намысы үшін күресуге даяр, класта достары көп, темпераменті – холерик («Қазақст. мект.»). Холериктер көңіл ауаны күрт өзгергіш, шамшыл, шыдамсыз болып келеді, эмоциялық тұрақтылығы босаң, кейде ұрыншақ та болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика.). И.Павлов холерикті күшті, байыпсыз тип деп санаған (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

716. **ХОШУАҚ** сын. *Көңілді, жарқын.* Қой көңілім, қапаланба, хошуақ боп жүре бер (Хафиз).

717. **ХҰРСАНТ** сын. көне. *Шат көңілді, шадман.* Құр сөзіне хұрсант боп, Желденген екем бекерге (Хафиз).

718. **ШАБЫТТЫ** сын. *Шабыты жоғары, жігерлі, серпінді, қарқынды.* Бүгін бір шабытты көңілмен отырған Абай талай қызық сөздер айтты (М.Әуезов, Шығ.). Бүркітім батыр, шабытты бүркіт еді (А.Хангелдин, Өткен күн.).

719. **ШАҒЫМПАЗ** сын. *Шағым айтқыш, арызшыл*. Арамызда әлі де кездесетін арызқой, пәлеқор, шағымпаздарды ақын уытты күлкімен буады («Қаз. әдеб.»). Бұл сөз оны шағымпаз еткен (С.Шаймерденов, Болат. жол).

720. **ШАҒЫМШЫ** зат. *Шағым айтушы, арызшы.* Ескі үкімет мүрдем кетті, шағымшы бауырларымыздың да көзі жоғалды (М.Дулатов, Шығ.). Ол комбатқа бір, жанындағы шағымшыға бір көзін алартып, жүріп кетті (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Оның келгенін естіген шағымшылар әр жерден аңдыздап жүргендері мынау (С.Жүнісов, Ақан сері).

721. **ШАҒЫМШЫЛ** сын. *Шағым айтқыш, шағымпаз.* Сол шошқа мінезді адамдардың бірі шағымшылдар десек, онша теріс бола қоймас («Қазақ» газеті). – Тойт, бар әрман! Шағымшылын жаман неменің! (Ж.Өмірбеков, Замандасым.). Шағымшыл шаян жорғалар, Іздегені жанжал-дау. Түк сайын өсек сорғалар, оған жұрттың бәрі жау, Жалғыз ғана өзі сау (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір).

722. **ШАҒЫРЛАУ**. ауыс. *Мінезі шайпаулау, шәлкестеу*. Рас, шешесінің мінезі шағырлау екен (С.Сарғасқаев, Көңілді.).

723. **ШАДЫМАН ЖҰРТ** *Көңілді қуанышты ел.* Шат көңіл, шадыман жұрт, ақынысың, Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың (І.Жансүгііров, Шығ.).

724. **ШАДЫМАН** сын. *Шат, шаттық; көңілді.* Баяғыдай сыңғырлай шалқитын шадыман күлкілердің ізі де қалмаған (Ә.Әлішев, Батыр.). Бұл шадыманға жер-жерден, шет-шеттен шақырылғандар да жетіп, жайғасып үлгеріпті (А.Сатаев, Дала.). Бұл гүлденген түбектегі бүгінгі шадыман өмірдің бір мысқылы ғана (Достық нұры).

725. **ШАДЫМАНДЫ** сын. *Қуанышты, көңілді.* Қыздар мен жігіттер жүзі бал-бұл жайнап, шадыманды әрі мұңды күйге көшкен (Бәйшешек). Жүз жасаған домбыра: Шадыман д ы күй ашты, Ұрпағына соңғыға (Ж.Сыздықов, Асулар). Өн бойын шадыманды сезім билеген Әбуәлиев Жалбыр ақсақалмен сөйлесті (Самғау).

726. **ШАЙҚЫ** зат. 1. *Жұртты күлкіге қарық қылып жүретін қалжыңбас, қуақы, диуана.* Арада осындай күлкіге батырып жүретін шайқы болмаса ажарлы топтың ойын-күлкісі де өрбімес еді (Ө.Күмісбаев, Ауыл.). 2. Сөйл. *Шайхы*. Басшыларының бірі халпе мен шайқы ақылдасып келіп, тастап кетуді дұрыс деп тапты (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Алдымда тұрған бір шайқының ашасы маңдайыма сарт ете қалды (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

727. **ШАЙЛЫ** сын. *Әлді, ауқатты, дәулетті.* Қалайда айтарымды айтып өлем, Айта алмасам жасайды қайтып өлең? Тәңірім мені қоңсы қондырмағай, Тіл білмес диуанамен, шайлыменен (М.Мақатев, Шығ.).

728. **ШАЛА-ДҮМБІЛ** сын. *Шала-шарпы, шалағай.* Шала-дүмбіл нәрсемен қанағат етіп, айғай-шумен өнімді іс бітірмей жүргендер де жоқ емес («Қаз. әдеб.»). Сол қабылданған нәрселердің көбісі-ақ шала-дүмбіл дүниелер ((«Қаз. әдеб.»).

729. **ШАЛҒЫР** сын. *Байқағыш, алғыр, тілі орамды.* Оқушы шынайы лирик ақынды ойы терең, сезімі нәзік, интуициясы шалғыр философ деп таниды. Сондықтан одан жаңа ойлар қабылдағысы келеді («Қаз. әдеб.»). Қызғанша айғай шығып, едім салғыр, Сөйлесең әр немені тілің шалғыр (Айтыс).

730. **ШАЛҒЫРТ** зат. *Шалғыр, алғыр.* Жолың болсын кел бері! Аю мінез аңғыртым! Алып мінез салғыртым! Әңгүдігім, шалғыртым! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

731. **ШАЛУШЫ** зат. *Байқағыш, болжағыш адам.* Алушының баласы шалушы келеді деген ғой, сізге жararлық нәрсе табылса, қалаңыз (Ж.Аймауытов, Шығ.).

732. **ШАЛЫМДЫ** сын. 1. *Орап тартқыш; іліп қалғыш, ұстағыш*. Айдынды ол мұхиттың арнасындай, Айбынды ол жұмысшы балғасындай, Шалымды ол шаруаның орағындай (С.Мәуленов, Рауан). Қашқындар қол ұстасып ойыстай бергенде, шалымды Мүсірәлі шап етіп екеуін ұстап алады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Аты да, өзі де ш алымды

жігіттер онысын олай бұнысын бұлай қуып, қолы тиген жерінен еңсеріп, доптай түсіріп жатыр... (Ж.Аймауытов, Шығ.). 2. ауыс. *Алыстан байқағыш, көргіш.* Әйел көзі шалымды да сыншыл (Н.Сералиев, Қаңтар). Сырт көзден ш алымды не бар (С.Бердіқұлов, Аспан.). 3. ауыс. *Әр нәрсені сезгіш, аңғарғыш.* Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бағынатын бастығының алдында шалымды болғанын кім жек көрсін (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Кей адам кейбіреуді көтермелер Деп айтар, білімділер, шалымдылар. Ол мақтауы ойласаң оған зиян, Сорлыны құр мақтауға салындырар (Қабан жырау // Алтын қазық). 4. ауыс. *Жүйрік, ұшқыр*. Айтбайдың ырғай дөнені тегінде шалымды мал екен (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Қыр жігіті шалымды атпен әне-міне дегенше-ақ көл жерді еңсеріп ала береді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

733. **ШАНЫМДЫ** сын. жерг. *Сенімді, нанымды.* Махамбет Исатайдың шанымды серігі болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Тоқ басына шанымды адам қойдым, олар жақсылап қарауылдайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

734. **ШАҢДАЯҚ** сын. сөйл. *Қыдырымпаз, ел кезгіш.* Бұл кісіні бір ел кезген шаңдаяқ екен деп ұғып қалма, жұмыспен жүрген адам (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

735. **ШАПАҒАТТЫ** сын. *Мейірімді, рақымды, қайырымды.* Һәр екісі де Мархаматты, шапағатты болмақтықты айтып бұйырды, бұл рахым болса керек (Абай, Тол. жин.). Жанарынан шапағатты жалқын сәуле шашырап, Олар ұзақ кеңес құрды Ақжәмиді қасына ап (М.Шаханов, Ғасырлар.). Терің сіңген Төрде ілулі шапаның, Бірі болдың ұрпағыңа Шапағатты атаның (С.Мәуленов, Алыс кет.).

736. **ШАПАҒАТШЫЛ** сын. *Рақым, мейірім жасағыш, жақсылық етуші.* Ақ сәулесін бірдей себетін шапағатшыл дала таңы білінді (Д.Досжанов, Зауал). Жылытпас енді күннің шырын нұры, Байқайсың бөрінен де бұрын мұны, Тек қана шапағатшыл от жүректер Жылытып жүрер күзде бірін-бірі (Қ.Жұмағалиев, Перзент.).

737. **ШАРАПАТТЫ** сын. 1. *Қайырымды, мейірімді.* Екінші және тапсырдым Шарапатты өткен бабама. Бұлайша деп ұлына Батасын берді Базарбай (Батырлар жыры). Шарапатты адамдар атты деді, Енді Кенен тұрмайды, жатты деді. Әндерінің барлығы осы күні Жарамай еш нәрсеге қапты деді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 2. *Пайдалы, тиімді*. Мына Ертіс шарапатты тұрақ саған, Жағады шырқау жұлдыз шырақ соған. Сол Ертіс ернеуінен күмбірлесең, Құймайтын дария бар ма жырақ саған (Т.Айбергенов, Мен. ғашық.).

738. **ШАРУАШЫЛ** сын. *Шаруаға бейім, шаруақор, еңбекқор*. Мен өзіндей шаруашыл, Жұмсақ илеу үйлі ме? Көгалды қуып ән салып, Өлеңнен қолым тиді ме? (Абай, Тол. жин.). Бағына қарай, Қараотың әйелі де шаруашыл адам болып шығады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ол – шаруашыл, еңбек сүйгіш, жұмысты тындырып істейді («Халық мұғ.»).

739. **ШАТТЫ** сын. *Көңілді, қуанышты,* Дәмеш кештің осылай шатты басталғанына риза (З.Шашкин, Теміртау.). Бақытты, шатты заманда Домбыраны қолға алдым, Бойым бекіп жасарып, Бұрынғыдан оңдалдым (Пернедегі терме.). Қуанышты шатты күн, Ел ұмытпас тәтті күн Донбасты алып қайтадан Жауды қуған сәтті күн (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

740. **ШАТ-ШАДЫМАН** сын. *Көңілі көтеріңкі, масайраған, мәз-мейрам.* Жігітек масайрап шат-шадыман боп жатыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Туған жерім – тұғырым, Шөбі дәрі, суы бал, Арқасында халықтың Шат-шадыман көңілім бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Өте берді, өте берді желмаядай желіп күн, Шат-шадыман гүлдеді өмір бұтағындай өріктің Қайсарбай да белін буып, бекініп, Шаңырағынан жылу тапты Көріктің (М.Шаханов, Ғасырлар.).

741. **ШАШПА** зат. жерг. *Мырза, қолы ашық, береген*. Өзі шашпа жігіт болушы еді, қолындағы барын елден аямайтын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

742. **ШЕР** сын. жерг. *Ержүрек, қайратты, жүректі, батыл.* Молдағали – шер жігіт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

743. **ШӨГЕЛ** сын. *Пысық, тындырымды.* Бірақ газет жұмысына шөгел, қай жерде жүріп жазып тастайтынын білмейсің, күн сайын әзіл-оспағы аралас фельетоны бұрқырап шығып та жатады («Жұлдыз»).

744. **ШЫДАМДЫ** сын. 1. *Неге болса да шыдайтын, төзімді, көнбіс, сабырлы.* Ол маңғұл өздері татардай ассыздық, сусыздыққа, ыстық-суыққа шыдамды болмаса керек (Абай, Тол. жин.). Ойлап тұрсам, адамның ең артығы – Ерінбейтін, еңбекшіл шыдамдысы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Түзден ұстаған құсты үйрететін адам құстың сырына қанық, ерекше шыдамды, ерінбейтін ерік күштің иесі болу керек (А.Сейдімбеков, Тауға біткен жалбыз.). 2. *Мықты, берік (зат).* Өйткені шөл аудандарда көбінесе күннің ыстығына шыдамды жәнесуды аз керек ететін өсімдіктер өседі (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.). Бір гектар жерден 350-480 центнерге дейін өнім береді, сақтауға шыдамды(А.Алманиязов, Қазақстанның қауын, қарбызы.). Ат иесі қайтыс болған соң аяқ лауға шыдамды мал болар деп торыны бұл өз қолына алған болатын (К.Сегізбаев, Ашылмаған сыр.). Ал шынында бұлар өте шыдамды, ірі балапандарды ұзақ жерге көшіру онша қиынға түспейді (Ж.Төреходжаев, Қанатты достар.).

745. **ШЫРЫН-БАЛДАЙ** сын. *Көркем, ұнамды, жағымды.* Көркемдік сипатыннан табылғаңдай, Даусың да болса керек шырын-балдай. Көптен-ақ дабысыңды естісем де, Болған соң келе алмадым жерім шалғай (А.Байтұрсынов, Шығ.).

746. **ШІРКЕУЛІ** сын. *Ұятты, қысылған, ыңғайсызданған.* Ол енді шешесінің шіркеулі жүзін танығандай мазалай бастады (Ж.Сатаев, Құйын).

747. **ЫЗАСЫЗ** сын. *Ашусыз, кексіз, зілсіз.* Ол ашусыз, ызасыз зекитін еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

748. **ЫЗБАЙЛЫ** сын. жерг. *Сыпайы, ибалы, әдепті.* Аталық бір ызбайлы жігіт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ызбайлы жас доктор кемпірге әдептілігімен ғана ұнаған жоқ, мырзалығымен де ұнады (Х.Есенжанов, Ақ жайық).

749. **ЫЗБАРЛЫ** сын. жерг. *Тұйық.* Ызбарлы адам деп шешіліп әңгіме айтпайтын, кісімен араласы аз адамды айтады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

750. **ЫҚТИЯТТЫ** сын. *Іске ұқыпты, жинақы.* Ол мектепте оқып жүргенде-ақ ықтиятты, ұқыпты еді (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Үй сырты тап-тұйнақтай, ықтиятты көрінеді (С.Жүнісов, Жапан да.). Жаттықтырушы өз ісіне әбден берілген, ықтиятты, тәжірибелі болуы керек (О.Жарылғапов, Волейбол.). Қайта, студент кезімде ықтиятты, өзімді-өзім күтінгіш едім (Б.Соқпақбаев).

751. **ЫМЫРАГЕР** сын. *Келісімпаз, ымырашыл.*

752. **ЫҢҒАЙТӨК** сын. *Аңғарымпаз, көреген.* Жұлдыз екеш жұлдыз да неғұрлым саны аз, неғұрлым жарығы солғын болған сайын кеш тұрмаса көзге түсе алмайтындарын білген ғой! Өздері неткен ыңғайтөк еді! Жаздың жаңбырлы, құрғақ, қыстың жайлы, жайсыз боларын жұрт осы Үркерге қарап біле қояды (Ә.Кекілбаев, Үркер).

753. **ЫСТЫҚ ЖҮРЕК** поэт. *Сезімтал, мейірімді көңіл; албырт жас, жалынды жүрек.* Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, Ойға тойма қызықты қиялдан күс, Қарашы өз бойыңды түгел ме екен, Ыстық жүрек, өң шырай қуат пен күш (Абай, Тол. жин.).

754. **ІЗГІЛІКТІ** сын. 1. *Жақсылығы мол, игілікті.* Осы бір ізгілікті іс совхоз директоры Шамаханның да құлағына шалынбай қалған жоқ (Қ.Салғарин, Ақмаржан). Сізді бір жақсы сезімге бөлеп, ізгілікті іске, жолға бастап бара жатқандай болады (Д.Сапаров, Бақытты.). 2. *Тәрбиелі, ұлағатты.* Ол үлкендердің алдынан көлденең кесіп өтпейтін ізгілікті, көреген жан болу керек (О.Бөкеев, Мұзтау.).

755. **ІЗДЕМПАЗ** сын. *Ізденімпаз, ізденуден жалықпайтын, ізденгіш.* Ол жер бетінде бір-ақ адамға – қазақ ғалымы, ұлы іздемпаз Қаныш Сәтбаевқа ғана борышты болатын (М.Сәрсекеев, Туған жер.). Озат тәжірибе көктен түспейді, оны өз білімін үздіксіз жетілдіріп, жаңаға құлақ түріп жүретін іздемпаз ұстаздар жасайды («Қазақст. мұғ.»). Екеуі де жігерлі, іздемпаз жас мұғалімдер болатын («Қазақст. мұғ.»).

756. **ІЛТИПАТТЫ** сын. 1. *Әдепті, кішіпейіл, биязы.* Жұрттың айтуынша, ол ілтипатты, ақылды, тіпті барып тұрған сұлу көрінеді (І.Есенберлин, Көлеңке.). Әп-әдемі келіншектер, ақ тамақ қарлығаштар, көбінің сүп-сүйкімді, ілтипатты күйеулері бар (М.Байғұтов, Шілде.). Ұлдайдың ұяң ілтипатты бейнесі көз алдына жарық еткенде, Асыл іштей оны аяп кетті («Соц. Қаз.»). 2. пед. *Әр құбылысқа ықылас қоятын, үлкеннің сөзін тыңдай біліп, сыйласымдық көрсететін, жақсылыққа назар аудару, жақсылық жасаған адамға ризашылық, әдептілік көрсететін.* Ұлттық тәрбиеде халық ұрпағын ілтипатты болуға баулиды. Бұл, көбінесе, отбасындағы тәрбиеден көрініс табады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ҚОСЫМША В

Жағымсыз мінез атауларының түсіндірме сөздігі

(«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2006 – 2013 жж.) онбестомдығынан жиналған)

1. **А ДЕСЕ, МӘ ДЕЙТІН** 1. қарап. *Қарсыласып айтыса кететін, дес бермейтін, бет бақтырмайтын.* А десе, мә дейтін адуын мінезді оқушыларды тәрбиелеу де жеңіл емес («Қазақст.мұғ.»). 2. *Тапқыр, тез ойлағыш.* «А» десе «мә» дейтін шапшаң айтқыш, суырып салма ақын болған, жаратылысын зерттеп, бойлап ұғыну керек (М.Әуезов, Әр жыл.).
2. **АБДЫРАУЫҚ** сын. *асып-сасқыш, абыржығыш, сасқалақ.* Әсеннің соншама сасқалақ, абдырауық қылығын көргенде, ол еріксіз езу тартты (Шопан).
3. **АБЫЛАҢҚЫ** сын. 1. *Сөзі көп, сөзуар (адам).* Ол абылаңқы адам (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). 2. *Салдыр-салақ, керенау*. Шөп шабысқа шыққандарына екі күн болды. Жұматай мен Мәкіш шалғыны қатар тартады. Мәкіштің абылыңқы-сабылыңқы іс-әрекетіне Жұматайдың зығырданы қайнайды (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл).
4. **АҒАШ МІНЕЗ** сын. *Тоңмойын, морт, бірбеткей*. Тапсырған сөзді алмай-қоспай жеткізіп отыратын, берген әмірді иілмей орындайтын ағаш мінез адам шығарсың (Х.Есенжанов, Таркезең).
5. **АҒАШБЕЛСЕНДІ** сын. *Жұмыстың жөнін жете, толық білмейтін, дүмбілез, белгілі әкімдік мансабы жоқ, қолынан еш нәрсе келмейтін, сырттай пысық кісі.* Мынаның келмей жатып пысықсуы жаман екен, ағаш белсенділеу біреу болмаса не қылсын деп ойлады жаратпағандар (М.Иманжанов, Көк белес). Ол-ол ма, қазір аузынан нақ жалын шашып тұрған ағаш белсенді (А.Нұрм., Құл. ажалы).
6. **АДАМКИІК** ауыс. *Жабайы, тәрбие көрмеген, жат, көпке ұқсамайтын кісі.* Ал ол сені өз ішінен адам киік орнында көрді (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).
7. **АДАМСЫҒАН** сын. *нашар адам*. Мылжың, мақтаншақ, адамсыған, шелтиген кісімен, ақымақпен, қожа, молдамен Әбежанның қаны өш (Ж.Аймауытов, Шығ.).
8. **АДАСҚЫШ** сын. *Жиі қателескіш, шатасқыш, жаңылыса бергіш.* Кейде ақылшысы адасқыш келеді («Қаз. әдеб.»). Жастар оңды-солды болып жатқан ағымға жақсы, жете түсініп, білмесе, адасқыш, аумалы болады ғой (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.).
9. **АДУЫНДЫ** сын. *Азулы, өжет, өткір, қызба.* Сүйіншік адуынды хан әкесінің көзі тірі екенін ұмытып кетті (І.Есенберлин, Алмас.). Адуынды, өжет адамның тұңғиық болғанын жеңгемнен көрдім (О.Бөкеев, Үркер.). Адуынды арыстан, Ашу қысып намыстан, Тентекті мерт етті (М.Әлімбаев, Жүрек.). Адуынды жан екен алған жары: – Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі! (М.Мақатаев, Шығ.).
10. **АДЫР МІНЕЗДІ** *Тік, ожар мінезді, одыраңдаған (адам)*. Өркөкірек, адыр мінезді Байғұл (Б.Майлин, Шығ.). Бұл нұсқаны ойласаң қылып парық, Милының көкейінде көзі жарық. Ақымақтың белгісі адыр мінез, Білімдінің даңқы зор, өзі ғаріп (Ә.Найманбаев, Шығ.).
11. **АДЫРАҢ** ауыс. *Тұрпайы мінезді, едіреңдеген*. Ол әлдекім сияқты алкеуде, іші тар адыраң да, аузынан сөзі түсіп болбыраған ынжық та емес (З.Жәкенов, Таң самалы). Журналистер адыраң жігіттің биязылығына, кішіктігіне күлісіп қалды (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер).
12. **АДЫРАҢБАЙ** сын. сөйл. қарап. экспр. *Адыраңдап, әкіреңдеп қалған мазасыз, тынышсыз, әпербақан*. Қиқу Әнеш оныншы көшкесін басталды. Түк көрмеген Қасен адыраңбай қыт-қытпен шыбын-шіркей қуатын болды (М.Қабанбаев, Жиһанкез.).
13. **АДЫР-БҰДЫР** ауыс. *Шалдыр-шәлкес, қыңыр-қисық, қырсық.* Шынындада ол – ешкімге қатал сөзі жоқ, ала көзі жоқ, адыр-бұдыр мінезден аман адам (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.).
14. **АДЫРЛАУ** ауыс. *Дөрекілеу, қатаңдау, өрескелдеу.* Бетің дұрыс, ұлым. Адырлау едің, тек сақ болғайсың, – дедім (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Сырбаз Шәмілдің шалымды ойыны мен адырлау сөйлейтін Уақастың күрт мінезі бәрі жарасып келе жатқан (Ж.Арыстанов, Естен кетпе.).
15. **АЗҒЫРҒЫШ** сын. 1. *Айнытқыш, бұзғыш, әзәзіл*. Егер [бала] сендей азғырғыштың тіліне ерсе, түк те жоқ (М.Әуезов, Қараш.). Жерге кірсе де жесірі мен азғырғыш жауын табады

(М.Әуезов, Абай жолы). 2. *Аздырғыш (аздырушы, айнытушы, бүлдіруші).* Қалада жүріп қыз алаң, Ауылда жүріп сен алаң. Осындай кезде тап болмақ, Аздырғыш не бір оңбаған (Ғ.Қайырбеков, Таулар).

16. **АЙБЫНСЫЗ** сын. *Қаһарсыз, сұссыз, қайратсыз.* Адамның анасы тәтті, атасы қатты болмаса, одан тараған ұрпақ жігерсіз, айбынсыз болады (М.Рүстемов, Нартай).
17. **АЙҚАЙШЫЛ** сын. *Айқай құмар, даурықпа, даңғаза.* Айқайшыл әңгі жігіт көрінесің, Қырындап жақтырмаймын қарауыңды. Қасыма келсең мейлің, келмесең де, Менен сен ала алмайсың қалауыңды (Айтыс). Батыраш бала жастан атқа құмар, Айқайшыл ат әперген баққа құмар. Арам ой, ата намыс ұр шоқпары, Кір көңіл, сарайының батпағы бар (І.Жансүгіров, Поэм.).
18. **АЙЛАКЕС** сын. сөйл. *Айлакер*. Көптікөрген айлакес батыр едің, Тағы да тиер ме екен бізге пайдаң? Ол айтты: «Тәуба қылдым сопы болып, Ұрлық қылған күнә ғой елді торып» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Астыртын жамандасуға айлакес, сырқынды болғанмен, мынандай әділ қазының алдында ашық шындыққа бара алмайтын (М.Әуезов, Абай жолы.).
19. **АЙЛАҚОР** сын. *Айлашыл, айлакер, қу.* Өш алуға келгенде айлақор үндемей бассалатын сабырлы аға сұлтан табанда шу шығармай, «тұра-тұр, бәлем!» деп іштен тынған да қойған (І.Есенберлин, Қаһар).
20. **АЙЛАЛЫ** сын. *Айласы мол, айлакер, айлашыл, қулығы мол.* Айлалы қалмақ шеп құрып, айналасына қорған жасап, қазақтың батырларын арғы жағында жасырынып жатып атқылап, алдыртпайды (М.Дулатов, Шығ.). Ашуы жоқ айлалы, Майда тілді Сәрсекем. Сөз табатын қайдағы Сегіз қырлы Сәрсекем (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).
21. **АЙЛАНКЕС** сын. *Кеңкелес, есерсоқ, есуас, есі ауысқан*. Адам түгіл Құдайды да ұмытқан айланкес батыр әткеншектердің арқанын қиып, қолдарына жабысқан қатын-қалаш жағын қамшының астына алды (Ә.Кекілбаев, Дала.).
22. **АЙЛАШЫ** зат. *Амалшыл, айлакер адам.* Атам – айлашы ғой. Жауабын таба қойды (Ауызекі). Алдамшы, қу. Айлашы екен кәрілік, Бірге түнеп, бір жүріп, Сыр білдірмей сұмырай, Мүшеңді алған біріндеп (Жамбыл, Шығ. жин.).
23. **АЙЛАШЫЛ** сын. *Амалшыл, айлакер, тәсілқой.* Құйылып келген қыраннан қаймықпастан жалтыр қияға кере тұра қалған айлашыл алқызыл тағы шұбатылып жөнеле берді (С.Бегалин, Төл.). Кейде қартаң, сырдаң айлашыл бұқпантай адамдар да кезігеді (М.Әуезов, Абай).
24. **АЙНАЛҒЫШ:** *көт айналғыш*. қарап. *Сөзде тұрмайтын, уәдесіз, тиянақсыз.* Лап бергіш, көт айналғыш, қайта ойланғыш, Тиянақ оты сөнген бойларының (Абай, Тол. жин.).
25. **АЙНЫҒЫШ** сын. *Тез өзгеретін, ой-ниетінен жылдам айнып кететін, тұрақсыз, тиянақсыз*. Тез берілгіш, айнығыш, әсерленгіш Бектай кетерінде көп нәрсені ұққандай болып үйден айқын міндет алып шықты (М.Иманжанов, Алғашқы.). Айнығыш жан-дүние құлы, Біз бе-ек, сәулем, тайғанақ. Біз емес пе дүние шыңы, Қайда ойының, қайда бақ? (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).
26. **АЙНЫМАЛЫ** сын. *Опасыз, тұрлаусыз.* Менде жоқ айнымалы ала мінез, Өмірлік бір күн үшін сертті бұзар (Ө.Тұрманжанов, Таңд.). Содан болар, мен туралы бағасы айнымалы, құмнан аққан өзендей. Жоқ, бұл топқа өкпе артудан аулақпын, Жалынымды, бәлкім, әлсіз лаулаттым (М.Шаханов, Ғасырлар.).
27. **АЙНЫМПАЗ** сын. *Айнығыш, өзгермелі, айнымалы.* Бірақ кейде… Көргенде айнымпазды, Шоқ басқандай шошынып күйер денем (К.Салықов, Нұрлы күн.).
28. **АЙТАҚШЫЛ** ауыс. *Біреуді біреуге айдап салу, арандатуға құмар.* Ол сумақайлығы, ауыл-үйді бір-біріне айдап салар айтақшыл, өсек-аяңы жоқ әйел («Қаз.әдеб.»).
29. **АЙЫПШЫЛ** сын. *Біреуге айып, кінә таққыш, айыптағыш, кінәмшыл.* Оның жолдасытым айыпшыл екен. Әркімді бір мінеп, кінәлап-ақ жүргені («Лен. жас»).
30. **АҚИКӨЗ** сын. *Бұзық, тентек, басбұзар.* Ақикөз ағайындары адамнан айбынбасы да тым құрыса Құдайдан қорқып жүрсін (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Жазушының көркем сөзі «жоқ» деп жерге қараған, «бар» деп аспандаған ақикөз мінездер көшірмесі емес, өмірдің өзіндей қарапайым жабы көңіл де, асқақ қиял да, жасыл бояуы да, жарқылдақ шарпысуы да қатар

алмасқан, сегіз таспа қамшының өріміндей арпалыстар тоғысы. Тағдыр талайының жанартау секілді ауық-ауық дүр сілкінісі.(«Сыр бойы»).

31. **АҚКӨЗ** сын. *Дәлдір, надан, есер.* Аккөзсің, ақылы жоқ, бұзық дінді, Құдай деп табынасың от пен күнді. Ортаға өзі қаңғып келгеннен соң, Нендей іс етуші еді, сендей жынды! (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Соғыстан кейінгі жылдары отырыңқырап барып, жұрт аузына іліккен аккөз тентек осы Жұбанға тұрмысқа шықты (Ә.Сараев, Бозқырау).
32. **АЛА ЖЫЛАН, АШ БАҚА** *Ел арасына іріткі, бүлік салушы, пәлеқұмар*. Естілер де ісіне қуанбай жүр, «Ел азды» деп надандар мұңаймай жүр, Ала жылан аш бақа, күпілдектер Кісі екен деп, үлкеннен ұялмай жүр (Абай, Тол. жин.).
33. **АЛА ТАЙ** *Ел арасын бүлдіруші, ылаң, іріткі салушы, араздық тудырушы.* «Неменеге «сабыр», ойбай!» – деп көтеріліп кетті әйел. Екі елді бүлдірген «ала тай» емес пе? (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).
34. **АЛАБҮЛІК** зат. *Бүлдіруші, сойқан салушы, ойрандаушы.* Арасына өрт болдың, Алабүлік дерт болдың, қырғыз, қазақ халқының (Жамбыл, Шығ.) Онсыз да алабүлік ұсақ хандықтардың арасына от түсті (Ә.Кекілбаев, Шығ.).
35. **АЛАҒҰС** сын. сөйл. *Әумесер, делқұлы*. Жақажан өзі әуелден-ақ алағұс еді, қой болмас! – десіп жұрт тарап кетіпті (С.Талжанов, Адам тур.)
36. **АЛАҚАРҒА** ауыс. бейн. *Ашықауыз, босбелбеу, сылбыр, аңқау (адам туралы)*. Қашаннан белгілі аңқау алақарға, несіпке бұйырмаған шара бар ма? – Шығатын шығасыға болып себеп, Ағашты Түлкі залым аралар ма! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ел ішіндегі Құдайға қараған есті-басты едәуір кісілер кенеттен туған бұл дауды өршітті, ағайыншылықпен бітіруге күш салған болса да алақарғадан жем айырғысы келетін, қасқыр ауыз, түлкі құйрық тәйілқай пасық, пысықтар қоламта шақты неғұрлым үрлейтүскен (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).
37. **АЛАҚОЛ** сын. *Біреуге олай, біреуге бұлай қарайтын, әділетсіз.* Бақтығұл «қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, жүрегі күпті болып, алақол, арамза билердің әмірін, кәрін күтті (М.Әуезов, Қараш.). Улап бітті-аусананы ол Әз табиғат шебердің Өзі-дағы алақол десе қайтып сенермін?! (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз.).
38. **АЛАҚҰЙЫН** ауыс. *Айнымалы, құбылмалы мінез.* Ең кәрлісі – төсінде қақпақтай үлкен жезі бар, жанында кең қоржын тәрізді бос былғары сөмкесі салбыраған алақұйын атшабар Далбай (М.Әуезов, Шығ.). Анасының алақұйын мінезіне әбден сыралғы болған ұлы ұлпа қарды омбылап жүгіре жөнелді (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Көклан (Қобыландыға): Тарт, алақұйын аңғал жас, Асылға асыл бермес. Қара қылыш қолында Қаhарыма тең келмес (М.Әуезов, Шығ.).
39. **АЛАҚҰС** сын. жағымсыз. *Парықсыз, ойсыз, жетесіз*. Үй іші не болып жатқанымен ісі жоқ, қашан көрсең де, жайраңдап мас болып, арсаландап жүргені. Жұрт оны «алақұс» дейді, «бәдік» дейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).
40. **АЛАҚЫЗБА** сын. *Тым қызба.* Жастықтың жігерінесемірем бе, Шығушы ем сөз көтермей, Едіреңдеп. Аурудан алып-ұшпа, Алақызба Алды ғой ақырында өмір емдеп (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).
41. **АЛАНИЕТ** сын. *Ниеті бұзық, теріс пиғылды*. Мұндай аланиет өзімшілдік адам баласын аздырып бір-бірімен жауластырғаннан басқа еш нәрсеге де жеткіз бейді (С.Сейфуллин, Шығ.).
42. **АЛАҢ-БҰЛАҢ** ауыс. *Аңғал, аңқылдақ, алаңғасар.* Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп, Телміріп бір тойғанын ар қылмаған. Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар көп, Есептеп азын көпке аң-қылдаған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шымырбай – Шегебайдай емес, алаң-бұлаң, шаруаға орашолақтау болғанымен, өзінікі дегенде үзіп түсетін, жұртқа есесін жібермейтін адам (Б.Тілегенов, Көктем.).
43. **АЛАРМАН** ауыс. *Алғыш, алуды ғана ойлайтын, тойымсыз адам*. Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман. Шошимын кейінгі жас балалардан. Терін сатпай, телміріп, көзін сатып, Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман (Абай, Тол. жин.). Білгенге, денсаулық –

дәмді дәулет, Мал-дүние, бақ-дәреже – жалған сәулет. Өмірге тойдым деген ешбір жан жоқ, Кеңшілік – алярманы берсем әулет (О.Шораяқов, Шайыр).

44. **АЛАСОТ** сын. *Алауыз, дүрдараз*. Көрсе екен жандар рақат жалаң аяқ білінбей табанына жердің сызы. «Бірлікте, біттік дүние» десек-тағы, Аласот халық көңілінде бар жел-құзы (О.Шораяқов, Шайыр).
45. **АЛАУЫЗ** сын. *Ауызбірлігі, ынтымақ-берекесі жоқ, араз.* Қазір Жағатай ұлысы меншектес, Қытай мен Ұйғырстанның ортасындағы таулы жердегі ұлысында тұрады. Және осы жер арқылы Жағатай ұрпағымен алауыз (І.Есенберлин, Шығ.). Ер-азамат арызшыл, ағайын алауыз… Осы бір тұс – қиян-кескіталас пен кек қызуының өршіген кезі боп тұр ғой, Рабиға (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Өзара діңкілдескен алауыз ел ауыздағысынан жырылып, алдындағысынан айрыла беріпті («Қаз. әдеб.»). Алауыз болды. Араздасты, дүрдараз болды. Жерімізді жау алып, елімізді қырды ғой, Қанатымыз қайрылып, топшасынан сынды ғой. Ата қазақ бір-бірін арашалай алмай-ақ, Алауыз боп өзді-өзі құдай бізді ұрды ғой (М.Мақатаев, Шығ.).
46. **АЛАЯҚ** 1. *Ку, сұм, залым, зымиян*. Ескі дақпырт бойынша, атқамінер алаяқтар тарапынан болысты қолпаштау, оған жағымпаздану әлі де сезіледі (А.Хангелдин, Қараторғай). Болады мал аласы сырт жағында, Жүреді күшіген құс жұрт жағында. Қулар мен алаяқтың сыры мәлім, Аласы көрінбейді, ұрт жағында (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 2. *Пысық, айлакер, жылпос*. Жиренше елінен озған алаяқ шешен атанса да, өзі кедей екен, – деді (Ы.Алтынсарин, Таңд.). – Қандай Сырдан сыңар аяқ өткен алаяқтар еді. Қап! Тым құрымаса, қайда тұратынын да біліп алмаған екенсің (С.Жүнісов, Өшп. іздер).
47. **АЛБЫТ** сын. жерг. 1. *Аңғырт, есер, кеудемсоқ.* Ұзақты ұғындырдым бір қатарлы, Саурықтың мал баққан бай Түнғатары. Кенжесі албыт, асау Қожаберген, Жолбарыс, қан шеңгелдің бір қаталы (І.Жансүгіров, Шығ.). 2. *Албырт, пысық.* Жалындаған албыттың Астам сөзін аңдама, Халық иесі Қамбар-ай! (М.Әуезов, Әңгім.).
48. **АЛДАҒЫШ** сын. *Алдампаз, өтірікші, суайт.* Рақат мені тастап қоймадың тыныш, Асықжар, ағайын, дос – бәрі алдағыш (Абай, Тол.жин.). Тұла бойды улатты, Бәрі алдағыш сұм жалған. Басыңа тиді байқадың, Бәрінен басты шайқадың, Тағы бар ма айтарың? (Абай, Тол. жин.). Ақжүніс алдағыш, арсыз, жағымсыз тип (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Патшаның заңын қуаттап, Жол ашып елді суаттап, Балдайалдап уатпақ, Би дегенің би емес, Ел алдағыш мекері (Дулат Бабатайұлы, Замана.).
49. **АЛДАМПАЗ** сын. *Өтірікші, суайт, алдағыш.* Орыс халқының даңқты мысал жазушысы Крылов өз дәуіріндегі парақоршылық, қара жүрек, ел жегіштік, алдампаз қулыққа қарсы тәрбиелеп, содан бездіруге тырысты (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Түс деген түлкі тәрізді алдампаз деп, сенбеуші едім. Мына көрген түсім кәдімгідей шын, өңім екен деймін (С.Бақбергенов, Қарға там.). Алдампаздар ала қашты күлкімді, Жарым түнде бөлді менің ұйқымды. Жұдырықтардан ту сыртымнан түйілген Жотам менің дірілдейді бір түрлі (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).
50. **АЛДАМШЫ** зат. *Алдампаз, алдағыш, суайт*. Арыстан зорлықтың, асқақ күштің иесі; түлкі пәле басы және жауырыны жерге тимес, аяр алдамшы өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос болып көрінеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Мен саған енді өз пайдасы үшін, сенің биік мансабың үшін өзі келіп ұрынған алдамшы, жәдігөй әйел болып көрінермін (Ш.Мұртаза, Жұлдыз.). Алдамшы мені түлкі етпе, Күлкі етпе мені тағдырға (Т.Айбергенов, Мен саған.).
51. **АЛДАНҒЫШ** сын. *Сенгіш, тез сенетін, иланғыш, нанғыш, ашықауыз.* Молданың бір қызығы – дүние жинауға салақ, есебін білмейтін алданғыш адам (С.Мұқанов, Өмірмектебі). Көз алданғыш. Ойраны шыққан ойды көз алдайды (Ш.Мұртаза, Жұлдыз.). Бұл да қартқа жұмбақ. Бірақ бала көңілі сәби, алданғыш, не болса соған ойын бөле қояр әдеті (А.Байтанаев, Қайнар.).
52. **АЛДАУШЫ** зат. *Өтірікші, суайт, айлакер, айламен отырғызып кетуші.* Сол Шығайбай заманында бір Алдар Көсе деген алдаушы адам бар екен (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұлай болған соң халық ауруларын өзінің білген, есіткен даруларымен емдейді, бұ күнде қазақ халқын көбіне емдеуші – бақсылар, һәр түрлі хожа, молламын деген алдаушылар

(Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Әр ашықауыздың өз алдаушысы бар (Мақал-мәтел). Наубайшы берген пұлын ала берді, Аңдамай алдаушының ісін біліп (Базар жырау, Шығ.).

53. **АЛДАУЫШ** зат. сөйл. *Алдаушы.* Бұ дүниәде ондай дәрілердің жоқтығын білмей, табамын деп, олай шауып, бұлай шауып көпшығында қалып, бақсы байғұста кінә жоқ, кінә айтқан дәрісін таба алмаған өзімізде деп, сорлы қазақ көп беріп, әлгі алдауышты ризалап жөнелтеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Алдауыш бақсылардың емдеуі ғылымның ешбір заңына келмейді (С.Мұқанов, Шығ.). Біздің Сәуле бірмінезді, Сайқал емес алдауыш. Серттен қайтпас тура сөзді, Жылан емес арбауыш (С.Сейфуллин, Шығ.). Алдауыш, ел бүлдіргіш құрыса сұмдар, Қараңғы ел арамзадан тыным табар (С.Торайғыров, Мағынасыз.).
54. **АЛДЫ АУЫР** *Зәрлі, сұсты, мінезі ауыр.* Кеңдікке өзі шақырып, шылбырыңды өзі босатпаса Ғабеңнің алды ауыр кісі еді (Қ.Ысқақов, Күреңсе).
55. **АЛКЕУДЕ** сын. жерг. *Өзімшіл, менмен, өркеуде, тәкаппар.* Ол әлдекім сияқты алкеуде, іші тар адыраң да, аузынан сөзі түсіп балбыраған ынжық та емес (З.Жәкенов, Таң самалы). Кетсем кейде қу томарға сүрініп, Күн бермейді алкеуделер кіжініп, Сүрінгенді сүйеместен бұл сұмдар, Көк желкеме көп жұмсады жұдырық (Қ.Сүлейменов).
56. **АЛПАУЫЗ** сын. сөйл. *Жалмақай, ашкөз.* Барған жерінен ең болмаса, бір сабақ жіп жапсырып кетпесе басы ауыратын алпауыз қатын сияқты құр қол қайтпайтын (Ә.Кекілбаев, Үркер).
57. **АЛПЫС АЛТЫ АЙЛАЛЫ** *Өте қу, айла-амал, айла-әрекеті көп.* Кір басқан құлаш айдары Аждаһадан кем емес, Аузын ашқан айбары. Алты жүз кірген соғысқа, Алпыс алты айлалы (Дулат Бабатайұлы, Замана.).
58. **АЛПЫС ЕКІ [АЛТЫ] АЙЛАЛЫ** *Алуан түрлі қулығы бар, сан түрлі әдісі бар, өте айлалы.* Арт жағынан жауырыны бүлкілдейді, Қыран бүктеп астына дәл басқанда. Құсы да, иесі де қоразданар, Алпыс екі айлалы түлкі алғанда (Абай, Тол. жин.). Алты жүз кірген соғысқа, Алпыс алты айлалы Алты қаруасынған Айласының айғағы (Дулат Бабатайұлы, Замана.).
59. **АЛТЫ БАҚАН АЛАУЫЗ** *Ауызбірлігі жоқ, ынтымақсыз, дүрдараз.* Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсе қызар жалмауыз. Сорлы қазақ сол үшін Алты бақан алауыз (Абай, Тол.жин.). Біз барған жылдарда бүкіл Батыс Қытайдың іші сияқты, Қызай руының іші де қырық пышақ, алты бақан алауыз екен (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.). Қап тауының тасын қопарғандай қаһарлы ханға мұнысы несі, «ит құтырса, иесін қабады» дегеннің кері келді-ау деп ойлады алты бақан алауыз билердің қайсы бірі (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын).
60. **АЛЫМПАЗ** сын. *Тойымсыз, нысапсыз, жемқор.* Кәрі құда ең сұрамсақ, әсіресе алымпаз тойымы жоқ, жеміт құда (М.Әуезов, Әр жыл.). Бұл ортаның тойымсыз, ынсапсыздығын, ардан кешкен алымпаз аярлығын, қомағай топтастарын Абай өткір сынмен ашады (М.Әуезов, Әр жыл.).
61. **АЛЫПҚАШПА** ауыс. *Қызба, желіккіш.* Ол маған дөрекілеу, көңілі келсе көлдей, көңілі келмесе шөлдей, алыпқашпа, ұрма адам боп көрінетін (С.Бақбергенов, Қарға там.). Мұқал мұндайда желпінгіш, алыпқашпа, желғабыз жігіт екен (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).
62. **АЛЫПҰШПА** сын. 1. *Қызба, жел мінезді.* Кәріліктен кәдімгідей қорқатұғын шығарсың: Құлын жас боп көрінуге құмарсың, Алыпұшпа қызбалықтан қорқатұғын шығарсың: Сабырлы боп көрінуге құмарсың (Қ.Мырзалиев, Көш). Жастайынан алыпұшпа жеңілтектіктен ауылы алыс Ерекең соңғы күндері ешкіммен тіс жарып сөйлескен жоқ (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.).
63. **АМАЛҚОЙ** сын. *Тәсілқой, әдісқой, амал тапқыш; айлакер.* Ол – әккі, талай шырғалаңнан құтылған амалқой адам (Ауызекі).
64. **АМАЛШЫЛ** сын. *Айлакер, тәсілқой, әдісшіл, амалын, ретін тапқыш*. Күшті болса жау шіркін, Күштінің емін күш табар. Амалшыл болса жау шіркін, Оған да жетер бізде амал (Айманкүл, Ана сыры).

65. **АНТБҰЗҒЫШ** сын. *Сертін, уәдесін орындамайтын, сөзінде тұрмайтын.* Сараңдық жолына түскен Қарабай да, мінез өзімшілдігіне түскен Қодар да рақымсыз, қаражүрек, антбұзғыш (М.Әуезов, Әр жыл.).
66. **АНТҚОР** сын. *Уәдесінде тұра алмайтын, екісөзді.* Мынау азған заманда Қарасы антқор, ханы арам. Батыры көксер басы аман, Бәйбіше тантық, бай арам (Үш ғасыр.). Бұрттың антқор Манасы Асқа келер деп ойлап, Келген екен Қоңырбай, Ас үстінде басам деп (Манас).
67. **АНТСОҚҚАН** сын. *Оңбаған, Құдай атқан, сөзінде тұрмайтын.* Бәрінен ұлы қайғы жанға батқан, Сардарды тас түрмеге жау қаматқан, Алдады арсыз, тексіз сұм азғындар Антсоққан, Құдай қарғап, құран атқан (Ғ.Қайырбеков, Большевик.).
68. **АҢҒАЛ** сын. *Істің алды-артын аңғармайтын, аңғырт, аңқау.* Қамшылап күрең атты жамбасына Түлкіден бұрын шықты Хан басына. Жел шығып, боран болып кеткен екен, Аң қуған аңғал батыр аңдасын ба (Шәкәрім, Шығ.). Мұндай мейірімді, аңғал, ақкөңіл қауқылдап тұрған бала мінез адамның жұрттан сый-құрмет күтуі де қиын (Ш.Айтматов, Қош бол.). Аңғал досым-ай, Не дейін саған, не дейін. Көрінеді ішің, Ашылса болды көмейің, Жақсы да сені демейін, Жаманда сені демейін, Қасымда жүрші, әрқашан сені көрейін (М.Мақатаев, Өмір-өзен).
69. **АҢҒАЛАҚ** сын. 1. *Алды-артын аңғармайтын, ұрыншақ, ұшқалақ.* Қулыққа жоқ. Кейде жас бала сияқты аңғалақсыз! – деді Бану күліп (М.Иманжанов, Менің махабб.). 2. *Алақ-жұлақ еткен, алаңдаған (көз).* Апыр-ай, ә? – деді ол әлденеге аяқ астынан дал боп. Бірдеме айта ма деген ойда бұл бұрылып еді. Қараңғыда беті көрінбеді. Бірақ қасында отырған бурыл бас өкілдің әр кездегідей аңғалақ көзі алаң-құлаң еткенін біліп езу тартты (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).
70. **АҢҒАЛСОҚ** сын. *Аңғалданған, ұрыншақ, алды-артын байыптамайтын.* Еліме бейбіт жатқан салма шатақ, Тұрған жоқ жаудан қорқып малды матап. Аңғалсоқ батыр сынды жан екенсің, Айта кет кім болсаң да атыңды атап (І.Жансүгіров, Таңд.).
71. **АҢҒЫРТ** сын. *Алды-артын байқамайтын аңқау, аңғал.* Жігіттігі несі артық? Ақынсынған бір тантық. Желеңдеген бір бәдік, Қатынын қайтпек ол аңғырт (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аңғырт директор алдында жатқан қағазды аңғарған жоқ. Олай дайындап қояды деген ой қиялына кірмеуі де мүмкін. Сонан кейін, әрине, шатасады (З.Шүкіров, Қиын түйін). Жау десе қорқуды білмейтін осы Бұқарбай батыр баладай аңғырт, ақ көңіл болатын (І.Есенберлин, Қahар).
72. **АҢҚАУ** сын. 1. *Бейқам, қаперсіз, болбыр, өмірге бейімі жоқ, ойсыз.* Бұдан соңғы бір алуан адамдары – қызметкер, мұның бірі – қалжыңқой, тапқыш қу, күлдіргі, екінші – аңқау, ақымақ (М.Әуезов, Шығ.). Тақасу өнер емес, құр қызғаншақ, Абайла, аңқау болма, байқа, шырақ. Қайтып келер есікті қатты жауып, Қалай ғана кіресің бетің шыдап (О.Малқаров, Өтсе де.). Жігіттер, осы сөзге құлағың сал, Басыңда миың болса, мұны ұғып қал. Алды-артын ойламаған аңқау менен Алдампаз арам достан ғибрат ал (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). 2. *Қулық, сұмдықты білмейтін, ақкөңіл.* Оған таяу соның немере інісі Әміржан шал. «Қожанасыр» атанған аңқау, ақ пейіл, ойына келгенін жасырмайды (З.Шашкин, Өмір.). Үлкен бір аңқау тазалықпен жас балалар үнімен айтылған жаңағы олақ өлең жолдары Сармолланың жоқтауы болып шықты. Бұны шығарған, тәрізі оның 14-15 жасар ересек шәкірттері болу керек (М.Әуезов, Шығ.). Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып, Далада кең сахара көшіп-қонып. Алдаған залымдардың тіліне еріп, Жүрмесек жарар еді мазақ болып (А.Байтұрсынов, Шығ.). 3. *Аңғал, сенгіш, ашықауыз.* Ертеңіне әлгі кепканы бас киім сататын дүкеннің жанында тұрып, бір момын, аңқау жігітке саттық (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Аңқау аңдамайды, әңгүдік тыңдамайды (Мақал.). Қомағай, ел жегіш, тегінен пұл жиғыш саудагер бір мезет [ашық ауыз] аңқау етіп, оның өгіздерін Алдарға алғызады (М.Әуезов, Шығ.).
73. **АҢҚАУ-АҢҒАЛ** сын. *Аңғырт, бейқам, еш нәрсе ойламайтын.* Жүрсем де аңқау-аңғал бұл күнгеше, Бір жәйді білдім кеше, білдім кеше (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Қошқар аңқау аңғал мінезді қорқақтау еді (Қаз. ертег.).

74. **АҢҚАУЛАУ** сын. *Аңғалдау, аңғырттау.* Бәтидің күйеуі аңқаулау адам болса керек, әлгі құрдасының айтқанына нанып, бір кезде Бәтиді жазықсыз сабай беретін болады (А.Жұбанов, Замана.). Көкшетау елімен салыстырғанда, Жетісу елі аңқаулау, момындау сияқты (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Енесі байғұс момын, аңқаулау кісі еді, қонақтарының бірдемені жасырып айтпай бара жатқанын аңғарған жоқ (С.Балғабаев, Құм.)
75. **АПТЫҚҚЫШ** сын. *Асыққыш, алып-ұшпа, асығып-аптығатын*. «Қайран сөзім қор болды Тобықтының езіне» – өзі сөйлеп тұр емес пе?! Аптыққыш ала құсты сөз еткенде, «бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ қарғып түсем» деген ойға орала кетеді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).
76. **АПЫРАҚ** сын. *Есерсоқ, сотқар*. Тиме-тиме, апырақ Сарының бүгін екпіндейтін күні. Шабданбек байдың қарындасын інісіне қалың малсыз алып берейін деп отыр (С.Сейфуллин, Таңд.). Ырасы Адақ бәске қатыспаған, Шыңдағы орамалды атыспаған. Апырақ албырт, әңгі батырлардан, Бұл жігіт өзін аулақ, жат ұстаған (С.Сейфуллин, Өлеңд.).
77. **АРАМ** ауыс. *Қара ниетті, сұм, жауыз.* Адал менен арамның арасы, Жақсы менен жаманның арасы Жер мен аспан секілді, Арам биді би десең, Шайтан, малғұн шаһаріне Базарын қосқан секілді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ, Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ. Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп, Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ (Абай, Тол. жин.). Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың, Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың. Жанымен сүйді әділет ардың жолын, Сондықтан ол иесі терең ойдың (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кісі ақысын көп жеген арам емей немене? (Үш ғасыр.).
78. **АРАМ НИЕТТІ** *Теріс пиғылды, жаман пікірлі*. Батадан батаның жорғасы жоқ. Арам ниетті молдадан адал ниетті қарапайым адамның батасы қымбат (Д.Еркінбеков, Шығ.). Бөріден туған бөлтірік өзінің арам ниетіне басып, бүгін ауыр қылмыс жасап отыр (Ә.Әлішев, Батыр.)
79. **АРАМ ПЕЙІЛ** *Қара ниет*. – Арам пейіліңе қарай, бақытыңды тапсаң көремін, – деді де ыза буған күйі жалт бұрылып, шығып кетті (М.Дүйсенов, Ант.). «Орданың» мәнісін түсінбесе де әйтеуір Гришаның арам пейілін қызара бөрткен кескінінен танып, Сәкен жағасынан ала түсті (С.Талжанов, Сейфулланың Сәкені)
80. **АРАМ ПИҒЫЛДЫ** *Теріс ниетті, жаман ойлы*. Панаңды күннен, желден қорғап тұрған, Қырғызып, өзің жалғыз қалдың, – деді, Алланың арам пиғыл сүймес құлы, Отыңа өзің жаққан жандың, – деді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көрер көзден ұялсайшы, Құнықтың ба сәби қанға? Ұқсамаған жерің қайсы, Арам пиғыл жыртқыш аңға (А.Шамкенов, Сағат.). Басқыншы жау біздің қасиетті қаламызды қара топыраққа айналдыруды көкседі. Бірақ фашистердің арам пиғылы іске асқан жоқ («Қаз. әдеб.»).
81. **АРАМЗА** сын. *Залым, қу, алдамшы.* Жаһандаудың «бейбіт» варианты экономикалық, техникалық жағынан артта қалған әлсіз елдерді терең ойластырылған арамза әдіспен рухани құлдыққа түсіруді көздейтіні жасырын емес («Қаз. әдеб.»). Аңқау елге – арамза молда (Мақал-мәтел). Маған сан рет опасыздық істеген арам з а шикіл сары Сейілбек мені келіп паналап, қол астымда есепші болып қызмет істеп жүр (Ө.Тұрманжанов, Адам.). // *Залым, қу адам.* Махмұттың турашылдығынан, әділдігінен арамзалар қаймығады (Ж.Аймауытов, Шығ.)
82. **АРАНДАҒЫШ** сын. *Пәлеге ұрынғыш*. Өзіңді-өзің көгендеп бердің, арандағыш, қараңғы бауырларым! Күнәң кешірімсіз. Соңғы айтарым: көгендескен өзің екенсің, көгеннен өзің ағыт! (Д.Әбілев, Ақын.).
83. **АРАНДАТҚЫШ** сын. *Пәлеге ұрындырғыш*. Сізге қойылған план ғана емес, кейбір арандатқыштар мен сізді қоршаған қорқақтардың тая соққан табансыздығында ма деп ойлаймын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Айғай, қиқу, арандатқыш сөз, жалған ерлік секілді ұсақ-түйекті мына аттылар екпіні көміп тастады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

84. **АРБАҒЫШ** сын. *Арбайтын, арбай білетін.* Сырбай өз өмірінде жыланнан арбағыш мақлұқты көрген емес (С.Мұқанов, Таңд.). Жылан әбден әлсіреген кезде, мяу-мяу оның арбағыш көзін тырнап кеп қалды (М.Тиесов, Әңгім.).
85. **АРДА** сын. 1. *Бұла, ерке (адам).* Арда күрең жігітсің алым-берім. Қашан өзің өлгенше есіл көзел, Күнде той, күнде жиын жүрген жерің (Айтыс). 2. жерг. *Түк білмейтін надан (адам)*. Шырағым, мен түк білмейтін ардамын ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Бір аят оқып бет сипай алмайтын арда молда молда бола ма? (Қаз.тілі. аймақ. сөздігі).
86. **АРДЫҢ-КҮРДІҢ** сын. сөйл. *Аңқаулықпен, көп ойланбай ойындағысын айта салатын, аңғырт*. Досымның мінезі алып ұшпа, ардың-күрдің, кейде алаңғасар да аңқылдақ болатын (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Осы сәтте ардың-күрдің, әумесер ұлы сырттан кіріп келіп, көзіне жас алып анасының тізесін құша құлапты (Б.Момышұлы, Шығ.). Жүрегіммен ақжарқын, ардың-күрдің, Сен мені ойламағын қайғысыз деп, Мен дағы, қараңызшы, жүдеп жүрмін, Мен де өзімше бір жанмын қайғысы көп (М.Мақатаев, Шығ.).
87. **АРҚАСЫЗ** сын. *Енжар, ынжық, жігерсіз*. Арпасыз ат қыр аспас, арқасыз батыр жауалмас (Мақал).
88. **АРҚАСЫНЫҢ ҚОЗБАСЫ БАР** *Қызба, өршіп кететін, желөкпе.* Ән біткен сайын дуылдасып, арқасының қозбасы бар желөкпе немелер өңеші жыртылғанша айқайлап, қошемет жаудырып, азан-қазан болады да, жаңа бір ән басталғанда жаңағы у-шудың бәрі жым-жылас тиылып, жұрт тағы да сілтідей тынып қалады (Ә.Кекілбаев, Дала.).
89. **АРҚАУЫ БОС** *Табиғаты, негізі нашар.* Жамағаттың арқауы бос, ұйқышыл, еріншек тесалақ жұбайы сырттан есіткен жаңалығын аңқау басымен айта салып, әне, ауызбастырыққа бір қиын істі атқармақ боп уәдесін де берді (Ғ.Сланов, Асау арна).
90. **АРСЫЗ** сын. *Адамгершілік қасиеті төмен, ұятсыз.* Көшкенде көлік бар ма түйе алдында. Еруде сауын бар ма бие алдында. Өз ерін сыйламаған арсыз келін, Біз түгіл Құдайынан ұялды ма? (Шал ақын, Өлеңд.). Арсыз күлкің тыйылмас, жылауың да, Айтысың да басылмас, ылаңың да, Араздасып ағайын кетер еді, Бір кәрия болмаса бір ауылда (М.Мақатаев, Шығ.). // *Арланбайтын ұятсыз адам.* Бүркеніп арсыздарың шайнауына, Жем тапты пісірмеген, қуырмаған. Шыққан соң талғамайтын доңыздарың, Қасыңа қиын болар жуу маған (А.Байтұрсынов, Шығ.).
91. **АРСЫЛ-ГҮРСІЛ** *Құбылмалы, айнымалы, алаңқуйын мінез.* Сашканың шешесі … сүйікті, аусиған ірі қатын еді, мінезі де тұрпатына сай – арсыл-гүрсіл болатын (Ә.Тарази, Жаңбырлы түндер).
92. **АРСЫЛДАҚ** сын. *Арс-арс еткіш, ұрысқақ, ұрысшыл*. Апшымаңыз, әміршім, – дейді Қожа, – босағаңызда бірер күн болса, бұл да өзіңіздей арсылдақ болып шығады («Қаз. әдеб.»). Мұнымен елді жетілтсе, Ойбайды жүр қоймай дер, Аша алмассың жылаумен, Арсылдақтың арасын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).
93. **АРСЫҢ-КҮРСІҢ** сын. сөйл. *Арсы-гүрсі*. Өзі септес көп жастардың бойынан әр кезде байқала бермейтін оқшау бір пайымдағыш қасиет бұдан елден ерек сезіліп тұрады. Жас адамда арсың-күрсің мінез, көп ретте әр іске енжар қарау басым келе береді ғой (А.Байтанаев, Асан). Старшина Евстигнеевті де курсанттар ұнататын. Өзінің арсың-күрсің мінезі бар (Т.Ыдырысов, Жалын. жыл.). Ол ойында бөтен ештеңе жоқтай арсың-күрсің мінезімен жайдарылана жетіп барды (А.Байтанаев, Асан).
94. **АРЫЗКЕШ** сын. сөйл. *Арызқой*. Қайда көрсең кінәмшіл, Исабай тым шыдамсыз... Ашуланшақ, арызкеш, Мінезі бар ұнамсыз (Ш.Смаханұлы, Шимайбек.).
95. **АРЫЗҚОЙ** сын. *Арыз жазғыш, арызқұмар, шағым айтқыш.* Жалған арызқойды жазалау осы отырған үш полковниктің қолынан келер деймін (К.Тоқаев, Тасқын). Арамызда әлі де кездесетін арызқой, пәлеқор, шағымпаздарды ақын уытты күлкімен буады («Қаз. әдеб.»). Арызқойларға да тыйым салатын жағдайымыз бар шығар (А.Шамкенов, Шапақ). Мүмкін еңбекшілер деп отырғаныңыз бірді-екілі арызқойлар шығар, – деді біреу көлденеңнен (С.Жүнісов, Жапанда.).
96. **АРЫЗҚОР** сын. сөйл. *Арызқой, пәлесалғыш, жалақор.* Біреуді «ол кісі өлтірген қанды қол зұлым, арызқор адам» деудің орнына Халидаш уақиғаның өзін баяндайтын, тұспалдап

түсіндіретін жан («Лен. жас»). // *Жалақор адам.* Арызқор да алыс арда, бұққанда, Күле кіріп, күңірене шыққанда.Ұялған ба әлде айыбын ұққан ба? Қоштасуға саған созды қол Күләш (Қ.Тоғызақов, Өлеңд.). Сіз, әлі осындасыз ба, – айтып едім ғой, – ол кісі бүгін арызқор д ы қабылдамайды деп (С.Бегалин, Ана.).

97. **АРЫЗҚҰМАР** сын. *Арызқой.* Арызқұмар болғандар опыр-топыр, шақ-шұққа Түспейжүр ме, көрдің бе, жалаң-жұлаң, тақ-тұққа(Абай, Тол. жин.).
98. **АРЫЗШЫЛ** сын. 1. *Арыз жазғыш, шағынғыш.* Дау құмар, «домалақ арызшыл», атыстырғыш болғандықтан жалпақ ел осыүшеуін бір қосып Тұрсынбайға «Үш құмар»деген атақ берген (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). 2. *Арыз айтқыш, біреудің үстінен шағымдана беретін; жылауық.* Сырт естуім, сол қырғыздардың өзі арызшыл, бір-бірінің үстінен өсек дегенді өте көп айтады дейді (А.Сатаев, Дала.). – Арызшыл қарттарыңды тәубесіне келтірдім. Енді домалақ арыз жазбас, – деп тергеуші кетерінде бір күліп қойғанды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Арызшыл желөкпелердің дем берушісі «арақ» деген азамат тағы бар (С.Бақбергенов, Адам.).
99. **АС ІШІП, АЯҚ БОСАТАР** *Жалқау, жатып ішер, арамтамақ.* Жігіттерді докторға тез қаратып, қазынаның нанына ортақ болып отырған жұмысқа жарамайтын, ас ішіп, аяқ босатарларды елге қайтару керек (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Бітіретін бір тиын жұмысы жоқ, тек қазақ атынан комитет болып отырған, ас ішіп, аяқ босатарлар (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Қазіргілер шетінен ас ішіп, аяқ босатар, кілең жаман-жәутіктер (Ө.Қанахин, Жас дәурен).
100. **АСҚАҚ** ауыс. *Өркөкірек, менмен, тәкаппар.* Тарт тіліңді, асқақ қыз! Алшағырға қолжетсе, Арманы болмас Құртқаның (Қобыланды батыр). Азғана күн тойдым деп, асқақ сөйлеп лепірме (С.Мәуленов, Найзағай.). «Күйшіде» ханның асқақ мінез, тентек қызының өр көкіректігін, нашарға зорлығын көреміз (С.Мұқанов, Өсу жол.).
101. **АСТАМШЫЛ** сын. 1. *Дандайсыған, кекірейген, кесір.* Кітап өзімізде бармен көзге ұрып, өзгеден артылсақ деген астамшыл пиғыл жетегінде емес, кем-кетігімізді жөндесек, орнытар, бірақ өзі олқы түсіп жатқан тұстарымызды орнына келтірсек деген ниетпен жазылғандығымен де оқырман жүрегіне бірден жол табатындығына сенімдіміз («Қаз. әдеб.»). 2. *Өктем, асқақ.* Ол Разумовтың әрбір қимылын қадағалап бақса да, совет генералының кескінінен жеңген жақтың астамшыл ірілігін сезе алмады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Махамбеттің ойына ен далаға ел қондырмақ болмақ болған астамшыл да іңкәр кездері оралады (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).
102. **АСТАРЫ БАР, ТЫСЫ ЖОҚ** бейн. *Күшті болып көрінуге тырысып жүретін әлсіз, аузымен орақ оратын пысықай (адам)*. Өзі осалдың сені басар пысы жоқ, Ол бір сорлы астары бар, тысы жоқ. Олар саған қожамын деп ойлайды (Қ.Мырзалиев, Домбыра).
103. **АСЫҚҚЫШ** сын. *Сабырсыз, шыдамсыз.* Дұшпанның артынан өкшелей қуып жеткен қыпшақ жігіттері желкеден соғып, асыққыш немелерді әп-сәтте турап тастады (О.Сәрсенбаев, Сағым).
104. **АТАҚҚҰМАР** сын. *Атаққа әуес, мансапқұмар*. Атаққұмар Аққірпік пен Есдәулет жарылып кете жаздады (Д.Әбілев, Арман.). Атаққұмар кісі жалғандыққа мәз болады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).
105. **АТАҚШЫЛ** сын. *Даңққұмар, атағын шығаруға әуес.* «Жұрттың бәріне жақсы көрінгіш, атақшыл неме, сенің ақылыңа болайын», – деп тұрсың ғой (Ж.Жұмаханов, Жазылм.кітап).
106. **АТҚЫН** сын. жерг. *Азғын, бұзылған.* Мынау атқын қайдан келген (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).
107. **АТТЫНЫҢ АЯҒЫН, ЖАЯУДЫҢ ТАЯҒЫН АЛҒАН** *Қу, сұм, айлакер.* Үсейін маған бір тиын да бермес! Ол аттының аяғын, жаяудың таяғын алған қу ғой (І.Жансүгіров, Шығ.).
108. **АУЖАР** сын. сөйл. *Ожар (қызба, оғаш).* Ол тек өзінің аужар мінезімен үй сыртына барған соң, ат үстінде шірене берді; үйге кіріп атақты адамға сәлем беріп, жүгінесөйлеудің орнына, анадайдан: – Ау, кім бар? – деп айқайлады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

109. **АУЗЫ АЛА** *Ауыз бірлігі жоқ, ынтымақсыз, берекесіз.* Дұшпаның қайтсын күш алмай, Ылау сұрап, атыңды Тартып алып мінеді, Аузың ала болған соң (XVIII–XIX ғг. қаз. ақын.).

110. **АУЗЫН БУҒАН ӨГІЗ [ӨГІЗДЕЙ]** *Үндемейтін, бір ауыз сөз айтпайтын, жуас, жігерсіз.* Оңаша үйде түн бойы екеуден екеу отырғанда бір ауыз сөз айта алмаған мені «жасық, аузын буған өгіз...» – деп қалды-ау! (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Аузын буған өгіздей томсарып отырғандардың тілі ұзарып, бұрын етек астында, жең ішінде жасырынғаны енді әшкерлене бастады (Е.Оразақов, Дәрігер.).

111. **АУЗЫНАН СӨЗІ [ҚОЙНЫНАН БӨЗІ] ТҮСКЕН** *Жасық, бозөкпе, ынжық (адам).* «Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп» дегендей, қарадан-қарап тұрып-ақ, қысылып-қипақтап, біліп тұрғандарын жөндеп айтып бере алмады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Аузынан сөзі түсіп, былжырап жүргеніне қарамай, ол дааулынай болып жүр ғой (Б.Майлин, Шығ.). «Алматы – әсем астанам» деген хабарды жүргізуші бір журналистің де «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп» тұрғаны өкінтіп кетіп еді («Қаз. әдеб.»). Келген басшы алғаш көргеннен-ақ көсіліп сөйлеп, төгіліп тұрмаса, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен біреу екен, басшы боп не оңдырар дейтін пікірден де ауыл адамдары құр алақан емес-ті (Ә.Қалмырзаев, Ар).

112. **АУМАҚАЙ** сын. жерг. *Қиыншылыққа қарсы тұра алмайтын ынжық, жігерсіз*. Ер азаматтың аумақай болғанынан сақтасын («Еңбек туы»)

113. **АУМАЛЫ** ауыс. *Ауыспалы, орнықсыз, құбылмалы; тұрақсыз.* Жылы суға қолын малып, от басында отыратын мезгілі ғой әкенің. Үлкен-кішіні әуреге түсірген аумалы дүние-ай (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ұсталар патшаға келіп жетті, Әділ болған аумалы болмай өтті (Ғашықтық дастан.). Заман ғой сыры қилы, күні аумалы, Татулық сағым кейде бұлаңдады (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме).

114. **АУМАЛЫ-ТОЛҚЫМАЛЫ** сын. *Ауыспалы, бірде олай, бірде бұлай.* Мен аумалы-толқымалы кезеңде нысанаңа тап болып тұрмын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Шәрипаның аумалы-толқымалы мінезінен қайтып қалған Қасболат көңілі қайта лап етті (Т.Ахтанов, Боран). Жас адамның аумалы-толқымалы мінезге үйір сәті де аз емес, Анар да бұдан мүлде арылып кетпегені аян (А.Байтанаев, Қансонар).

115. **АУСАР МІНЕЗ [МІНЕЗДІ]** *Мінезі ожар, дөкір.* Өзінің аусар мінезінен бұл жігіттің жолы болмай жүргені рас (Алғашқы адым). Сүгірдің мұндай шойқара денесі маған ұнамайды. Осындай денесінесай келген оның аусар мінезі де көңілге қонып тұрған жоқ (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Атқарушы өзіме таныс, аусар мінезді, ат жақты, қоңқақ мұрынды, жуан дауысты, қалжыңбас, көсе – Тоқбол дейтін жігіт екен (Ғ.Орманов, Жүрек).

116. **АУЫЗ БАҚҚЫШ** *Басқа біреу не айтады деп, өз ойын іркіп қалатын, сөз аңдағыш, байқағыш.* Көкбай әдеттегі ауыз баққыш, қабақ танығыш қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген болды (М.Әуезов, Шығ.). Арманның оған мен де өмір бойы түсінер емеспін дегісі келіп еді, өздерінің ауыз баққыш әдеттерімен үндеген жоқ (Ә.Әбішев, Ғаламат).

117. **АУЫЗ ЖАППАС** *Әр нені айтып, көп сөйлей беретін*. Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас (Мақал). – Әншейінде «жаңалық, жаңалық» деп ауыз жаппайсыңдар, – деді қашан да аузы батыл, тіктеу Елена Савинская, – ал жаңалық керек болса! (Ә.Жәмішев. Дала шұғ.).

118. **АУЫМ-САУЫМ** сын. жерг. *Алаңғасар, есерсоқ.* – Көкең көз жұмарда: «Несібелім...» деп қиналып еді. Осындай ауым-сауым ақымақ боларыңды білген екен, сабаз, – деді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

119. **АУЫРДЫҢ ҮСТІМЕН, ЖЕҢІЛДІҢ АСТЫМЕН ЖҮРЕТІН** *Ауыр бейнеттен қашты, істің оңайын іздейтін.* Бүгінгі жарқын қоғамымызда ішінара болса да кездесіп қалатын шаруашылыққа қырсыз, ауырдың үсті, жеңілдің астымен, жұмысқа жалтақ, өмірде өзімшіл, менмен жандарды шенейді (Б.Исаев.).

120. **АУЫТҚЫҒЫШ** сын. *Ауытқи беретін, толқығыш, тұрақсыз, айнымалы.* Қыз жігітті қаншама сүйіп, үзіліп тұрса да, осындай жеме-жемге келгенде олар қатты толқығыш, ауытқығыш келеді (М.Дүйсенов, Қалыңдық). Күйгелектермен салыстырғанда, олар өте әсерленгіш емес, тым қозып желікпейді, көңілі қобалжи бермейді. Қайта жігермен жұмыс

істеуге қабілетті келеді. Сол сияқты ашуланшақ, ауытқығыш мінездері де солғындау (Ж.Аймауытов, Шығ.).

121. **АУЫТҚЫМАЛЫ** сын. *Ауытқи беретін, толқымалы.* псих. <франц. deviation>. Әдеткі мінез-құлық нұсқасынан өзгеріп отыратын, ауысқыш. ≈ Ауытқымалы мінез. ≈ Ауытқымалы тұлға.

122. **АШАДДЫ** сын. *Қатыгез, қатал адам.* Көп ауылдың төрт адамын бірден шақыртып, жапқызғалы отырған көрінесің. Ойланшы осыны. Анау [Аман] ашадды жігіт. Қайта көтерілетін түрі бар ғой (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұл аяздай шақылдаған, ашуы қатты, ашадды, бір жуан сары еді. Жігіттергезіркілдеп, көрмегенді көрсетті (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

123. **АШКӨЗ** ауыс. *Қанағатсыз, сұғанақ, алымсақ.* Саттарова ойынынан байқалатын соңғы шешім – аналық жүрек пен ашкөз пайдакүнемдік іштей тартысады («Қаз. әдеб.»). Осы бір тақыс сақтықпен ашкөз сұғанақтық, екіншісі – айласыз құр айқаймен өңезелік бейнесі болып, Ақтаймен Адырбайдың көз алдарынан кетпей қойды (А.Қаражігітова, Шапақ).

124. **АШУҚОР** сын. *Ашуланшақ, ызақор.* Халфе жеңілтек, адымы қысқа, ашуқор сияқты көрінді Тоқашқа (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

125. **АШУЛАНҒЫШ** сын. *Тез ашуланатын (адам).* Өзі аң үстінде ызақор, ашуланғыш та (М.Әуезов, Шығ.). Күнделікті өмірде тез ашуланғыш, не болса соған көңіл аударатын күйгелек адамдарды кездестіріп жүреміз (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Олжабай көбіне тұнжырап жүреді. Оның үстіне ашуланғыш (Ә.Әбішев, Ат тұяғы.).

126. **АШУЛАНШАҚ** сын. *Тез ашуланғыш, ызақор*. Мұндай жағдайда балалар ашуланшақ болады, ауырсынып ыңқылдайды, тыным таппай тынышы кетеді, дөңбекшиді, тамақтан, тіпті су ішуден де бас тартады (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.). Жасында жетімдік өмірдің тауқыметін көп тартып, жүйкесі жұқарып өскен адам тарынғыш, ашуланшақ болады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Адамзат төрт нәрседен болған екен, Адамды төрт нәрседен қылған екен. Адамға от нәсілі көп қосылса, Ашуланшақ болуы сонан екен (Шал ақын, Өлеңд.).

127. **АШУШАҢ** сын. *Ашуланшақ, шырт етпе.* Оның үстіне намысшыл, ызақор, ашушаң шал ел ішінде қайдағы бағы өрлеп, болып-толып тұрған кісілермен ұстасатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сапура есесіне бұрынғыдан да ашушаң, тұйық боп алды (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Өмірде талай бастықты көріп келеміз. Біреу орынды-орынсыз ашушаң келеді, біреу тар, қытымыр келеді (Б.Тоқтаров, Тауда.). Ашушаң аспаз апайдан, Сұрап па ең қайта үстеме? Тыңдап па ең әңгіме атайдан, Кештеме, яки түсте ме? (М.Мақатаев, Шығ.)

128. **АШУЫ ҚАТТЫ** *Адуынды, тез ашуланатын (кісі).* Бәрінен де қорықпаған болар едім, біздің шешей ашуланса, көпке шейін басылмайтын ашуы қатты кісі (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Біздің үйде ең ашуы қатты адам көкем еді. Оның қабағы қара бұлтша түнеретін (М.Тиесов, Дала.). Бұл аяздай шақылдаған, ашуы қатты, бір жуан сары еді. Жігіттергезіркілдеп, көрмегенді көрсетті (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

129. **АШУЫ МҰРНЫНЫҢ [ТІЛІНІҢ] ҰШЫНДА ТҰРАТЫН** *Ашуы тез келетін, «жарылып» кететін тыз етпе, күйіп-піспе кісі туралы.* Ашуы мұрнының ұшында тұрады екен (Ауызекі).

130. **АШЫҚ АУЫЗ** 1. *Аузына сөз тұрмайтын (адам).* Ашық ауыз, – деп көңіл сырын әйгілеп алғанына қысылғандай Валентин маған көз тастады (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Үйге арнайы жазайын десем, ашық ауыз біреудің қолына түсіп, қор болып қалам ба деп қорқамын («Лен. жас»). 2. *Аңқау, сенгіш (адам).* Ойбай, ашық ауызым-а у, маған әлі сенбей тұрмысың? – деп Күлтай жақындай түсіп (Ә.Әбішев, Замана.). Күніне қырық мекеме аралап, қыруар жұмыс арқалап, ашық ауыз аңқаулармен әкей-үкей болып, судай сіңіп жүре беретіндер бар ғой (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

131. **АЯНКЕС** сын. *Аяншақ, аянпаз, аянсақ (адам).* Атын айт аянкестің аямасаң, Он кісі осы ретте құрса тұзақ! Айқай шал, ауылға абай айтатұғын: «Пәленше ат, пәленше шап!» –деп адамсыз-ақ (Айтыс). Кейінгі кезде аянкес жалқаудың өзі боп алды (С.Бақбергенов,

Кентау). Тек аянкес шіркін алғаш жеңіл соққыдан кейін-ақ өлген деген осы екен деп аударылып түссе керек (К.Сегізбай, Беласқан).

132. **АЯНПАЗ** сын. *Аяншақ, аянкес, аянсақ.* Жаман адам аянпаз келеді (Қ.Кемеңгеров, Алтын.).

133. **АЯНСАҚ** сын. *Аяншақ, аянкес, аянпаз.* Жігіттер Молдабектің аянсақ, күйректігіне ішектері қата күлді (Х.Мұстафин, Қыз шоғы).

134. **АЯНШАҚ** сын. *Аянпаз, аянкес, аянсақ.* Аяншақ кісі, жұмсақ жүрек, нәуетек кісі жақсы өмір сүре алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әшейінде кейбіреулер аяншақ деп ойлайтын Тәкең батыл болып кетті (С.Мәуленов, Үркер.). Ескі бай аяншақ келер, Жаңабай мақтаншақ келер (Мақал-мәтел). Езуін жаралаған ат «алып қашпа», мойнын сірестіріп қинаса «сырғақ» аяншақ, арқасын кетіріп жауыр етсе, «запы» немесе «кекжек» болып кетеді (Б.Хинаят, Төрт түлік.).

135. **АЯР** [ар. عيَّار] сын. *Сұм, қу, көлгір, залым, айлакер, жылпос, ала аяқ.* Сені мұнда жау қолында Қалдыруға болмайды. Аяр залымалар жанын Оңайлықпен алмайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұлар алдамшы аяр немесе адам етіне жерік жалмауыз пішінде келіп қастық жасайды (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Хан емессің, ылаңсың, Қара шұбар жылансың. Хан емессің, аярсың, Айыр құйрық шаянсың (Махамбет, Шығ.). Жаны ашыған аярды Мен білемін, ұмытпа: Ертең-ақ елге жаярды, Маңайға жақын жуытпа (С.Торайғыров, Алашұ раны).

136. **АЯУ БІЛМЕС** *Қатыгез, мейірімсіз.* Деуі-ақ сонда мұң екен, Көк қарулар кезенген, Көкшіл беттер безерген, Аяу білмес сұм екен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сені көріп қайта тудым мен бүгін. Аяу білмес мынау жендет жүрегімді мұз қатқан, Ойран-асыр дөңбекшіткен, сыздатқан Дімкес соқыр сенімімді күл-талқан ғып құзға атқан, Пенделікке ұстатпаған сауырын Сенің даңқың артсын мәңгі! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

137. **АЯУСЫЗ** сын. *Аямайтын, жаны ашымайтын, мейірімсіз, қатігез.* Мырықтың шешеме, әсіресе буыны қатпаған сәби маған істеген аяусыз озбырлығы есіме түскенде, күні бүгінге шейін тұла бойым түршігіп қоя береді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Екі ауылды қойған кім жанастырып, Бұдан асқан бола ма оғаш қылық. Екі ауылдың іргесін бөлу үшін, Жатыр әлі аяусыз талас жүріп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Халықты қырды аяусыз жауыз патша, Бұл сөзім жалған емес, алақашпа. Қырық-отыз кедейді Көлқамыста, Аттырды таңып қойып бір ағашқа (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

138. **ӘБІГЕРШІЛ** сын. *Мазасыз, тынымсыз, беймаза.* Бір-екі штрихтың арқасында шүйкедей ғана әбігершіл кемпір Платониха әпкейде қайта тіріліп келгендей болады («Қаз. әдеб.»). Көш-қоны көп осынау әбігершіл елдің ермегі көп емес (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

139. **ӘДЕПСІЗ** сын. 1. *Көргенсіз, тәрбиесіз.* Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала (Мақал-мәтел). Еламан бұрын-соңды әйел-баласында дәл мұндай әдепсіз жанды көрмеген-ді (Ә.Нүрпейісов, Қан мен тер). 2. *Дөрекі, әдеп ережелерін білмейтін, ізет сақтамайтын, сыпайылықтан жұрдай.* Ашық болам деп әдепсіз, қалжыңшыл болам деп дарақы болған түрі бар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Әлдеқайдан пайда болған, қазір сатушы болып орналасқан әйелі бар. Екеуі де әдепсіздеу, екеуі де беймазалау (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Шал келіп: «Сәлем бердік, ханым – деді, Ризалық тапты ма енді жаның?» – деді. Жаратпай шалдың сөзін, кемпірі ұрсып: «Әдепсіз, ақылы жоқ, жарым», –деді (А.Байтұрсынов, Шығ). 3. *Имансыз, арсыз, ұятсыз.* Жайдары, күлдіргіш қалқам, Ұятсыз, әдепсіз, салқам, Күлгенім бір сенің арқаң, Ыржақта, Қылжақта, әйда! (Шәкәрім, Өленд. поэм.). Жігіт болсаң – әдеп күт, Әдепсіз болсаң – тамұқтың Жанып тұрған отысың (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қалып тұр қазағымнан туысқандық, Заман ба, пенде азды ма – суысқандық. Кісі өлтіріп, мал талап әдепсіз боп, Бұрынғыда бар ма екен бұл дұшпандық? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

140. **ӘДІЛЕТСІЗ** сын. 1. *Әділдігі жоқ, қиянатшыл.* Абай Әйгерімге жаны ашып, оны жаңа-ғыдай әділ е т сіз, аянышты зорлықтарға қимаса да, үн қатқан жоқ (М.Әуезов, Абай). Абай өз үйінде өз анасы Айғыздан көрген әділетсіз зорлыққа жаман күйді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). 2. қоғ.-әлеум. *Тұрақтанған қоғамдық ахлақ нормаларына қайшы.* Отаршылдық

соғыстар, құл иеленушілік, аумақтық басқыншылық, әділетсіз сауданың тонаушылық әдістері немесе отар елдердің байлығын қотара карбыту – міне, мұның бәрі де астарлы әрі ашық қалпында қатталып келеді (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл). Ақын әйел теңдігі туралы да сөз қозғап, бұл жөнінде шариғат шеңберінен шықпаса да, әйел туралы әділетсіз көзқарасқа қарсы орынды пікір айтады (Б.Кенжебаев, ХХ ғ. дем. жазушы.). Патшадан әділетсіз келді жарлық. Орнынан естіген жұрт тұрды қарғып. Ел көнбей бұл зорлыққа көтерілді, Болсын деп ел жолында ер құрбандық (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 3. *Әділдікті білмейтін, алалықпен қарайтын (адам).* Мұнда көп жұрттың әділетсіз патшаға наразылық білдіріп көтеруі орынды-ақ (М.Дүзенов, Ант). Мал, мансап, адамзатты мас қылады, Мейірімді ет-жүрегін тас қылады. Тәкаббар, әділетсіз залымдарды Бағы қайтқан сорлы елге бас қылады (Ш.Құдайбердиев. Шығ.). 4. *Шындыққа қайшы, орынсыз.* Шаттығымның бастауын сенен көрдім Сенен көрсем қалайша төмендермін. Енді, сәулем, бәрі де әділетсіз, Бізді бақсыз, бақытсыз дегендердің (М.Шаханов, Ғасырлар.).

141. **ӘДІЛСІЗ** сын. *Әділдікті білмейтін, алалықпен қарайтын.* Ақылы жоқ жігіт Арындаған ат секілді, Әділсіз патша Желді күнгі өрт секілді (Ә.Әбішев, Армансыз.). Әділсі з болса, би оңбас, Әйелсіз болса, үй оңбас (Мақал-мәтел).

142. **ӘДІСҚОЙ** сын. *Айлакер, тәсілқой.* Атағы бұл сарының балуан Жақып, Шыңыраудан түйе тартып алған Жақып. Әдісқой, алысқанда дөңгеленіп, Топтарды талай жығып, жарған Жақып (І.Жансүгіров, Таңд.). – Мына жылқышылар қандай шапшаң, қандай әдісқой, – деп Сергей өзінің бағанадан таңданып тұрған жайына тоқталды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Құсты тез шағылдыратын түлкі. Аңның ішінде онан қу, онан әдісқойы болмайды (Қ.Әбдіқадыров, Мақташы.).

143. **ӘДІСТІ** сын. *Айлалы, тәсілқой*. Әдісі жоқ әйдік ақынды әдісті анау-мынау ақын жеңіп кетуі мүмкін. Айтысқанда түрлі нәрселер жайынан сөйлеп, бірін-бірі тосуға тырысады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Әрине, бұл Атанияз мырзаның басына сыяр айла емес. Алыстан болжайтын әдісті адамның жобасы. Біз бармауымыз керек (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

144. **ӘДІСШІЛ** сын. *Айлакер, амал тапқыш.* Омбыда әдісшіл адам жоқ деп ойлайтын Гасфорт (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). – Үйінде кім бар екен?– Кімдер екенін білмеймін, – деді әдісшіл әйел (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

145. **ӘЖУАШЫЛ** сын. сөйл. *Ажуашыл*. Едірей болысына қараған Әйбике руының ішінде аты шулы Мұқай деген тапқыр, әжуашыл, ауыл тілімен айтқанда «қу» болған («Қаз. әдеб.»).

146. **ӘЗӘЗІЛ** [ар. عزازيل] ауыс. *Рухани азған, әзәзілдің алдауына еріп кеткен адам.* Бір әзәзіл д і ң өсегіне еріп, өз қуанышыма балта шауыппын мен бейбақ (Б.Момышұлы, Шығ.). Әзәзіл адамды алдап кәсіп етер, Еңбексіз тілін жалдап нәсіп етер. Опасыз өмір сүрген өтірікші, Алдынан әділдіктің қашып өтер (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Сұқтанатын көршілер ылғи қарап, Болды өтетін шат күлкі бұл үйді орап. Әзәзілдер әртүрлі сөз таратып, Бұрқ етті кеп бір соғыс қырғи қабақ (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). // *Азғырушы, арбағыш.* Баяғыдан бері ішім жегі құрттай жеп жатқан сол әзәзіл қызғаныш қазір қайта бас көтергендей, түсі кенет өзгеріп, әйелін тиып тастады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

147. **ӘККІ** сын. *Айлакер, қу, зымиян.* Жазықта құтылмасын біліп, әккі қасқыр «Жеті құдықтың» обалы шоқысына беттеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ауыл адамдарының дабырына еліккен әккі тазылар мен кейбір төбеттер қозылардың алдын орап қақпайлайды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Ақботадан гөрі, тісқаққан, әккіс ары атан адастырмай колхозға алып барар деген үмітте едік, ақтамады ол құрғыр (З.Шашкин, Өмір.).

148. **ӘЛЕПЕТ** [ар. خلافات] зат. *Қырсық, әлек, кесір.* Қамқордың әлепеті болмаса, тиыш жатқан момын ел мұндай бола ма? (К.Оразалин, Көктем.). Әлепет шал әлі де борбайлады, Ұнамайды жігіттің тоңды ойғаны. Дүниені өткізу актісіне, Қасарысып, қыңыр шалқол қоймады (М.Мақатаев, Шығ.). Тамашалап тобыр топ дуылдайды, Қол ұшын беріп біреу бұрылмайды. Ей, әлепет ит өмір, естисің бе? Торға түскен торғайың шырылдайды (М.Мақатаев, Шығ.)

149. **ӘЛПЕЙІМ** сын. *Бірде олай, бірде бұлай, құбылмалы.* Әлпейім, мінезі ауыр, сөйлемейтін, Қиғаш қас, қабақ шытпас пары болса. Ләйлідей лебіз ашса, сүйсінерлік, Тілінің тыныктырар балы болса (Үш ғасыр.).

150. **ӘЛІПТІҢ АТЫН БІЛМЕС** *Сауатсыз, надан.* Әліптің атын білмес надан сопы, Қорқамын бола ма деп діннің соры (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

151. **ӘҢГҮДІК** сын. *Даңғой, есерсоқ, әулекі, әумесер.* Адамды ақын ететін де, әңгүдік ететін де өмір ғой, Владимир Евгеньевич (Ә.Нұршайыков, Жомарт өлке). – Әлгі университетті бітіріп кеп, Ақтұмадағы бастауыш мектепке кеткен осы әңгүдік екен ғой. Шіркіннің дипломын маған берсе ғой (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Бүгін, міне, сенің туған күніңде Қандай тілек айтсам екен, бауырым? Саған байлық тілер ем мен, бірақ ол – бір әңгүдік Есігіңнен кіргенімен паң күліп, Жүргенімен шеру тартып, сән құрып, Саған жолдас бола алмайды ол мәңгілік (М.Шаханов, Ғасырлар.).

152. **ӘҢГІМЕЛІ** сын. *Әңгімесі көп, сөзі көп.*≈ Әңгімелі адам. Әңгімелі болды. Басына іс түсті, қауіп төнді. Балам, патшаның өз басы әңгімелі болып жатыр деген не? – деді Мөңке (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

153. **ӘҢГІРЛЕК** сын. *Даңғырлақ, дарылдақ.* Әңгірлек болма, әдепті бол (Ә.Сәрсенбаев, Сең).

154. **ӘҢКҮС** сын. жерг. *Әумесер, даңғой*. Қарсы жақ қалмақ жігіттері екен; той іздеп, салт қуған әумесер, әңкүс серілер (Д.Досжанов, Жібек.).

155. **ӘПЕНДІ** зат. 1. *Қожанасыр, мәжнүн, алаңғасар адам.* Біздің қожайын да әпенді шатыс, қарапайым адам ғой (Қ.Баялиев, Дегелек.). Мұндай әңгіме айтқан адам әлгі аңды тек қана аң деп қана санайтын жай адамға әпенді көрінуі ықтимал (Қ.Тәукебаев, Айлалы.). Сыңқылдасып, күлісіп, сырды ақтарып, Сылқым жастар барады қырға аттанып. Әпенді қарт көтеріп немересін, Әжеміздің алдында тұр мақтанып (М.Мақатаев, Шығ.). Шалқаншама аңғал, әпенді болғанымен, жүрегі таза еді (Ә.Қалмырзаев, Ар).

156. **ӘПЕРБАҚАН** сын. 1. *Есерсоқ, есірік, сотқар, ұрда-жық (адам).* Көзіне құйылған жасты қарсы алдында анталап отырған әпербақан жігіттерге көрсеткісі келмей, төмен қарап, жер шұқылап қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). 2. ауыс. *Асау, аңғырт.* Өйткені әпербақан мал екен; жер ошақтан қарғып кеткенде, Қартқожа қопаң етіп түсіп қала жаздап еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Есерсоқ, есірік адам.* Ол Шыманның кайрап салғанына көтеріліп, «Сарыны не тірі ұстап беремін, не өлтіремін» деп, екі білегін сыбанып, соңына өзі сияқты әпербақандарды ертіп, Сарының келетін күнін аңдып жүрген қолшоқпар еді (А.Жұбанов, Замана.). Асқанға тосқан дегендей, Рысбек сияқты әпербақандарға жүген кигізіліп, аяғына тұсау салынған (З.Ақышев, Жесірлер).

157. **ӘПЕРБАҚАНДАУ** сын. *Есерсоқтау, әумесерлеу, ұрда-жықтау, сотқарлау*. Шофері әпербақандау жігіт екен, қардан алып шыққаны құрысын. «Көздерің жоқ па, өздерін ішіп алғаннан саусындар ма? Осындай жолда есі бар адамның машинасы қарға кіре ме екен?» – деп әбден жерлеп болды (А.Лекеров, Түз гүлі). Бастық әпербақандау, құбылмалы адам болса, халық жиынында: «Байқуанышов байыды, дандайсыды», – деп күпсінеді (Т.Нұртазин, Адам.). – Әпербақандау жігіт екен. Милиция болмағанда билетті ала алмайтын едіңіз (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле).

158. **ӘУЕЙІ** [а р. هوىّ] сын. *Желікпе, әулекі, даңғой, көрсеқызар.* Бірақ олар мені әуейі боп кеттің деп, кейде жаратпайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүниеде дос деген болса, сондай шын дос Бекболат пен Ақберген еді. Бұларды дос қылған екеуінің де құмарлығы, әуесі – аңшылық еді; екеуінде де жалқаулық, серілік бар еді; екеуі де шаруаға қырбай еді; әкесі Бекболат екеуін «Екі әуейі» деуші еді. Алтайда екеуінің жаратылысы екі басқа еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Тасын кемір білімнің», Білім үйрен ерінбе! Болып жүрме әуейі, Ойынға артық берілме! (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

159. **ӘУЕСҚОЙ** сын. жағымсыз. *Әр нәрсеге құмартушы, көрсеқызар, әуесшіл, қызыққыш.* Елді еліртіп азғырған, Әуесқой қып аздырған, Жазықсызды жазғырған, Аузы епті өсекке, Тұлпар ат беріп есекке, Ен жатқан елді бүлдірер Сөзінен бәле үдете (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Дін де осы шын ойласаң, тағат та осы, Екі дүние бұл тасдих – хақтың досы.

Осыларды бұзылатын және үш іс бар, Пайда, мақтан, әуесқой Одан шошы (Абай, Шығ.). Денің де сау емес қой, Болма енді әуесқой, Арзан той, ыржаланға (Қ.Аманжолов, Өлең.).

160. **ӘУЕСТЕНГІШ** сын. *Көңілі ауып, қызыққыш, құмартқыш*. Игі жердің бәріне Әуестенгіш жолаушым. Жолың түссезәуіде, Кім білед, бәлкім, соғарсың (Сәлем саған.).

161. **ӘУЛЕКІ** сын. *Әңгүдік, елірме, даңғой, әумесер.* Айтуға көңілім тербенді. Өзің жалғыз, надан көп, Ұқтырасың сен не деп, Әулекі, арсыз елге енді? (Абай, Тол. жин.). Ертең өзі барып өкінішін айтып өтіл сұрау-ау, сонда да әулекі аңшы Мүсірепке сеніп қалып едім деудің өзі қандай ұят! (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Кеуде керген кесірдің, Көңілі судай басылсын. Әудемсіген әулекі, Аяғыма бас ұрсын (Манас). Жолыңдағының бәрін жапырып, бәрін құрдымға жіберер әулекі құртушы ма, әлде баянсыздықтың қолындағы аяу білмес қылышы ма (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

162. **ӘУЛІКПЕ** сын. *Шыдамсыз, дарақы, желіккіш.* Бай баласы әулікпе, Келіп бір күн тәуіпке: – Разымын күйіме! Деп едіңіз «қауіпті», Емдемей-ақ сауықтым, Жібер, – деді, – үйіме! (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

163. **ӘУМЕСЕР** сын. *Есерсоқ, есалаң, әулекі*. Байеке өзін аспандағы айға теңейді. Қожамбетті жерде жүрген дәрменсіз жанға санап, Айға шапқан әумесердің халі мүшкіл емес пе? – дейді (М.Әуезов, Әр жыл.). «Әумесер, ақылы жоқ, ит-доңыз!» деп, Байғұсты балағаттап, сөкті жаман (А.Байтұрсынұлы, Ақ жол). Қандай тосын жаңалық: Алтын тапты. Адам қалай сіңірген бар қымбатты?! Қызық-ау, Әумесердің қанынан да Құпия түйіршіктер жарқыл қақты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

164. **ӘУМІШ** сын. жерг. *Есерсоқ, әумесер, ақымақ.* Мендей есалаң, әуміш, ашық ауыз қатын жоқ шығар жер бетінде (Ө.Қанахин, Құдірет). Ақылсыз әуміш тап болса, Атасын таптап құл етер (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

165. **БАЖЫЛДАҚ** сын. *Ұрысқақ.* Қалибек бір өзі «Қыз ұзатудағы» бажылдақ кемпір мен балпылдақ шалды, қыз сыңсуын, бұзаудың мөңірегені мен иттің үргенін, қасқырдың ұлығанын – бәрін де айнытпай шебер бейнелеп, көркем шығаратын («Қаз. әдеб.»).

166. **БАЗЫНАШЫЛ** сын. *Базына айтқыш, наз айтқыш.* Думаншыл ақындар, түйрегіш тілдер, базынашыл жігіттер, назқой қыздар еске түсті (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Күнгейге ұшқан тырнадай, Келдім ұшып Алматым, Жүрсе де қайда жырға бай, Базынашыл жарлы ақын (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

167. **БАЙБАЙШЫЛ** сын. *Мазасыз, күйіп-пісіп байбалам салғыш.* Байбашыл тартып баға жоқ, Жастарға жаппас жала жоқ. Жат қораны күзеткен Қартаң шалда сана жоқ (Абай, Тол. жин.). Сөйткенше түз тағыларын, құс атаулыны жала-жоралардан сақтандырғыш, байбашыл балшықшының үні естіледі(Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

168. **БАЙБАЛАМШЫЛ** сын. *Байбалам салғыш*. Бұл әлгі көрші ауылдың белгілі байбаламшылы ғой (Ауызекі).

169. **БАЙЛАНЫСҚЫШ** сын. *Ілінісе бергіш, ұрысқақ, даукес*. Ол мысықпен арбасқан жыландай ысқырынып, жоқ нәрсеге байланысқыш, кім көрінгенмен ұрысқыш боп кетті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

170. **БАЙЛАУ[Ы] ЖОҚ** *Құбылмалы, тұрақсыз.* Бақ дегенде байлау жоқ, Уағдадан танып тұр. Тағдыр шіркін тап беріп, тамағымнан алып тұр (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Өзіміздікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылады, түнде ұйқың. Көрсе қызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың (Абай). Байлауы жоқ шешеннен үндемеген есті артық (Мақал-мәтел). Қазақта жөн ақылмен ой бекітпек, Нәпсі ұнаса болғаны, бәрі бітпек. Тәуекел деп ат қойып ықтималға Байлауы жоқ нәрседен пайда күтпек (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

171. **БАЙЫМСЫЗ** сын. *Байлам-байымы жоқ, жөн-жосықсыз.* Әсіресөзді ерсі дер, Байымсыз сөйлеп, күлмейтін, Сыпылдап кейбір көршілер, Мінезін қыздың күндейтін (Н.Шәкенов, Айгүл). Өткір әзілдің арты зілге айналатын, барлаушымыз жоқ деп байымсыз қалмайық, мен әннен-ақ бастайын (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

172. **БАЙЫПСЫЗ** сын. *Шала, үстірт, жеңіл, берекесіз, ұшқалақ.* Ержан Кәкібайдың байыпсыз аптықпа қимылынан, ыза мен мысқыл аралас дауысынан жігіт көңіліне бір өзгеріс енгенін сезді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

173. **БАҚҚҰМАР** сын. *Мансапқұмар, шенқұмар, атаққұмар.* Шерубайда сондай бірдеме бар ма? Әлде тым баққұмар ма? (І.Есенберлин, Ғашықтар). Ол (Мырқал) атаңа нәлет жаман әліне де, жастығына да қарамастан сондай баққұмар адам таяққа болмаса ақылға көнбейді (Ә.Әбішев, Замана.). Баққұмар ұл оңайлықпен басын ие қоймайды. Қайткенде де Ел тізгінін қолға алуды ойлайды (Қ.Жұмағалиев, Сақара).

174. **БАҚҚЫШ** ауыс. *Бақылағыш, аңдығыш.* Сырттан баққыш, мінегіш, Сүрінгенге күлегеш (Ә.Тәжібаев, Жартас).

175. **БАҚТАЛАС** сын. *Бақкүндес, көре алмайтын.* Бізге де бақталас бір мықтының табылғаны да, – деп Қажым қинала күлімсіреді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Өзіңмен бақталас ауылдың бөрілері болыстыққа таласып, кек қуып, пәле іздеген, атты ұрлатқан солар (С.Әлешев, Жаңғыру). // *Бәсеке, іштарлық.* Ру аталас, бақталастың демі, үні сыяз басына келген, сөз қуған атқамінер, старшын, елубасылар, атшабар, қосшылар, қошаметшілер арасында осылайша лау-лау етеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бабыңыз жоқ. Сарай жоқ Сіз қонатын. Ұрлық та жоқ артында із қалатын. Бақталаста, Бәсеке бишара да, Бойыңдағы барыңды қызғанатын (Қ.Мырзалиев, Мәңгімайдан). // *Бақкүндес адам, көре алмаушы.* Бақталастар қыза келе қазын аларының есеп-қисабын айтып, бірін-бірі кекеп, мұқатпақ бопты (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

176. **БАҚЫЛ** [ар. بخيلٌ] сын. *Сараң, тойымсыз, ашкөз.* Ал маған бин Сави сүйкімсіз кісі болатын. Қарадай жүріп, қар жауғандай қаны қашып, тарылып жүретін бақыл еді (Мың бір түн). Бір бақыл бай бар екен сараң болған, Есігіне еш кедей бара алмаған. Ішкен асын кейінге қоюшы еді, Жан көрінсе алыстан қараңдаған (Үш ғасыр.). Байлық түбі – бақыл, қазына түбі – ақыл (Мақал-мәтел).

177. **БАҚЫРАУЫҚ** сын. 1. *Бақырғыш, бақыра беретін*. Үреген иттер мен бақырауық түйелердің шуылына ырдуан арбалардың шиқылы қосылып, алты ауыл бірден кең даланы күңіренте қозғалды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жалғыз түйе – бақырауық, жалғыз бала – жылауық (Мақал). Ол итке мінбегенмен бойым тежеп, Кіші үйдің қара атаны о бір кезеп. Қырсықты, бақырауық, жырық қар ит Мың салса, бір баспайтын бір ақшелек (Ж.Аймауытов, Шығ.). 2. *Айқайлағыш, ұрысқақ.* Олардың біреуі Ырғызбайдың белгілі қырты Жұман, екіншісі бақырауық Мақа болатын (М.Әуезов, Шығ.). Ол ақынға неше дүркін иіліп тәжім етті де, бақырауық жауынгерді даңғойсың деп, жерден алып, жерге салып балағаттап тастады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

178. **БАЛПЫЛДАҚ** сын. *Көп сөйлейтін, мылжың.* Қалибек бір өзі “Қыз ұзатудағы” бажылдақ кемпір мен балпылдақ шалды, қызсың суын, бұзаудың мөңірегені мен иттің үргенін, қасқырдың ұлығанын – бәрін де айнытпай шебер бейнелеп, көркем шығаратын (“Қаз.әдеб.”).

179. **БАРЫЛДАҚ** сын. *Көп айғайлайтын, барылдауық.* Қайда да серт бергіш-ақ Митрофан барылдақ. Алайда бір ер құсап, Шыға алмайды орындап (Қ.Мырзалиев, Алуан.). Аппас барылдақ дауысты адам еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

180. **БАСБҰЗАР** сын. 1. *Тентек, содық, бұзақы*. Бұлардың сойыл соғар, басбұзар, сотқарлары күндіз істемесе, түн жамылып істейтін қастық аз емес қой (М.Әуезов, Шығ.). Әкесінің байлығының арқасында Күшіген қиянатшыл, басбұзар болып өсті (Қ.Бектұрғанов, Қатерлі.). Қаншама басбұзар, сотқар болсақ та жуасытпай қоймайды (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). // *Тентектік, содырлық жасаушы, бұзақы, төбелесқор адам.* Түйесін тартып алған мен бе екем, өкіметім алып берді емес пе? Ой, басбұзар әумесер күшік! Өзіңде ой дегеннен түк жоқ екен ғой (Р.Райымқұлов, Бұрылыс). Қылмысты кісі өлтірген байдың ісін, Қысқартып деді енді ешкім тергемесін. Алааузыз, әпербақан, басбұзарлар, Сен ғана Демесінге тең келесің (Д.Еркінбеков, Шығ.). Біз екі елдің арасындағы мемлекеттік шекараға мұқият болуымыз керек, өйткені ертеңгі күні тиісті орындар оқиғаға кінәлілерді іздей бастағанда басбұзарлар бізге қарай безуі мүмкін

(«Егемен Қазақстан»). // *Бүлікші, арандатушы.* Түркістан қазақтары мен Арқа қазақтары қосылса міне, сонда солақай басбұзарлар азшылық болып қалады да, басшылықтан кетеді, – деді Ермекбай Теміржанға (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

181. **БАСКЕСЕР** зат. *Қаныпезер, жауыз, кісі өлтіргіш.* Текестегі баскесерлерді былай қойғанда, Бұғы руындағылардың өзі де бұзыла бастады (Ш.Уәлиханов, Мақала. хат.). Қыршын өміріне қатер төнсе де, ол қару кезеген баскесерлерді машинаға қарай адым аттатпады (Ш.Әмірәлиев, Жақсы мінез.).

182. **БАСПАҚЫЛ** сын. *Алды-артын ойлап, аңысын аңдап жүретін қулау.* Жекен баспақыл қу жігіт екен. Қайырбек пен Сарбасовты егестіре, жел бересөйлеп қояды (Қ.Кемеңгеров, Алтын.).

183. **БАТЫЛСЫЗ** сын. *Батыл емес, жасқаншақ, именшек.* Гүлнарға баруға талай оқталып, талай тартындым. «Неге осынша батылсызбын» деп, оңашада өзіме мықтап кейіп те аламын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). // *Именшектеп, жасқаншақтап, әрең-әрең оқталып.* Кенет, ол, Ақбала бір мұздай қолдың өз қолынан батылсыз ұстағанын сезіп, аяз қарығандай денесі дір етті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кішірек көздері Әлимаға жаудырай қиыла қарап имене, батылсыз жыпылықтайды (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

184. **БАУЫРЫ ҚАТТЫ** *Мейірімсіз, қатал, ешкімді аямайтын.* Артына белгі қалдырмай, Бауыры қатты тас өлім. Жыламаймын десе де, Шыдарлық па осы өлім? (Абай, Тол. жин.)

185. **БАЯ** сын. *Ашуланшақ, бақырауық, беймаза.* Енді Нұрабектің үйін айналдырайық, – деді Сарыбала. Ол – кәдімгі «жарық Нұрабек», «сақау Нұрабек» атанған бишара, бая шал (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

186. **БАЯПЫР** сын. *Мазасыз, беймаза.* Жібектей сызылған Лакшми ана абысыны сияқты баяпыр емес, қашан болсын жайдары, жарқын (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай). Байбалам салып, баяпыр мінез көрсеткенмен, түбінде айқаса кетер күш қайсы (С.Омаров, Қызыларай).

187. **БӘЙЕКТЕГІШ** сын. *Құрдай жорғалап қошемет көрсеткіш, жарамсақтанғыш.* Қыздар жігіттің неғұрлым көңіл аулағыш, өбектегіш, бәйектегіш келгенін ұнататынын білмейтіні ме? (Б.Аманшин, Жар мұңы).

188. **БӘЛЕ БАҚҚАН** *Дау, шатақ, арамдық қуған.* Жау болып, бірін-бірі күнде шапқан, Жасы-қарты бәрі де бәле баққан. Соқырға жан-тәнімен басын ұрып, Көздісін көмір қылып отқа жаққан (С.Торайғыров, Шығ.).

189. **БӘЛЕ**сын. сөйл. жағымсыз. 1. *Еті тірі пысық, қу, бәлекет*. Апыр-ай, батшағардың бәлесін-ай. Күнді емес, ортақ табысты сорып жүр екен ғой, – деді Баймағамбет (Ғ.Мұстафин, Миллионер). – Қарай гөр дәмесін, – деп ересек бала күзетші қартқа қарады. – Қадалған жерінен қан алатын бір бәле, – деді қарт (М.Иманжанов, Адам.).

190. **БӘЛЕҚОР** сын. *Жалақор, бәле қуғыш.* – Жоқ, ойбай, атай көрме. Бәлеқор зәнталақпен жағаласып өле алмай жүрген жайым жоқ (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Біреулер Жәлелді «Парашыл, есебін тауып екі асайтыны бар, кісілігі жоқ, қатты, қытымыр, қызғаншақ бәлеқор, жалақор, арызшыл» деп те атайды (А.Тоқмағамбетов, Фельетон.). Аккемпір бәлеқор, мекер қатынның сөзін құлағына ілмеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

191. **БӘЛЕҚҰМАР** сын. *Бәлешіл, жалақор*. Сөзқұмар, бәлеқұмар Баймұрындар аз ба (М.Әуезов, Шығ.).

192. **БЕЗБҮЙРЕК** сын. Е*шкімге жібімейін, қаныпезер, қатыгез, мейірімсіз.* Бітімі жоқ безбүйрек Еспембетті салғаны ма (М.Әуезов, Шығ.). Тоқта! – деді Мұхтар. Мен қайтайын. Ол безбүйректен түңілгем, өзімді жауып қоюдан тайынбайды. Мәжит, сен бірге оқыған құрбысы едің ғой, сөйлесіп көр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ертеңінде жатты құм Кешегі бір шаттығын Тез ұмытқан безбүйрек, Бауырында батты күн (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ.).

193. **БЕЗЕР** сын. *Қиқар, бір бет, айтқанға көнбейтін қыңыр.* – Енді өзіңде де бар ғой, қыс ішінде, сондай ұзақ жерге Абдрахман сияқты безерге есі бар адам түйесінің майын берер ме? – деді Қоржынбай (С.Сейфуллин, Шығ.). Бірақ, бірінен-бірі өткен безер, кесір, ішін жарып алмасаң шындығын айтар түрі жоқ (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Безердің белі ауырмас (М. Әлімбаев, 666 мақал).

194. **БЕЗІЛДЕК** сын. *Безілдей бергіш, безілдеуік, зарлауық.* Көмір кенін басқаратын ағылшынның орынбасары – жылт-жылт етіп бір жерге тұрмайтын безілдек сары (Ж. Саин, Жол үсті.).

195. **БЕЙАПАР** сын. жерг. *Мазасыз, тынышсыз, бейбастақ.* Әйелің бейапар болса, жұрттың тыныштығынан не пайда (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

196. **БЕЙАУЫЗ** сын. *Аузына не келсесоны айтатын, бетпақ.*

197. **БЕЙБАС** сын. *Содыр-соққан, тентек, әдепсіз.* Шәкең шал көсе құрбысының бейбас, артық ауыз айтып қалған сөзін де, кетпенші баланың қатты қысылғанын да сезді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Бәлкім сіздің балаңыз шығармын, кім біледі? Олай дейтінім мені тыр жалаңаш бейбас қалпымда шидің түбінен тауып алыпты (О. Әубәкіров, Сиқыр). Әкем болса, онша ешкімге имей бас, Тілге көнбес болар ма едім бір бейбас. Мақтанына айналсам да қыздардың Қақпанына бір түсірмей күн қоймас (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). // *Сотқар, оңбаған, жүгенсіз.* Үйсін менен найманға белгілі ғой, Алдыңда сан түйіннің шешілгені. Өзіңдей әділ қазы жүрген елде Қалайша бейбастардың есіргені (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

198. **БЕЙБАСТАҚ** сын. 1. *Тәртіпсіз, әдепсіз, жүгенсіз, көргенсіз.* Сол класта тәрбиеге көнбейтін, шу асау, бейбастақ Төрехан деген бар (Ж. Жұмаханов, Махаббат.). Күнжан бейбастақ өскен, бетімен кеткен, ұрыншақ әйел (С.Талжанов, Ұлдай.). – Ондай бейбастағыңызды басқа жерде істеңіз, – деді Ғайни ашуланып (С. Сейфуллин, Шығ .). 2. *Қатал, қатыгез, сотқар.* Қазақ-қырғыз сияқты дінді, құдайды білмейтін бейбастақ жұрттар қала шауып, ел тонап дамыл бермеген соң, соларды дінге, мәдениетке, отырықшылыққа үйретуге, өздерін жуасытуға, «әулие» деп табынып жүрген Қожа Ахмет Яссауиіне өшпес белгі орнаттырған (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есімін кәрі ұғыпты, жас ұғыпты, Дей алман досы тұрсын қасы ұғыпты. Батырды бейбастақ жау таппасын деп, Өр өзен толқынында жасырыпты (І. Мәмбетов, Жас қанат). Ақтиын өте қатал, өте бейбастақ адам (Ж.Саин, Жол үсті.).

199. **БЕЙБАСТАҚТАУ** сын. *Тәртіпсіздеу, әдепсіздеу, жүгенсіздеу.* Машина қалғанмен, шоферының қалар түрі жоқ. Ол боқтампаздау, бейбастақтау біреу екен (С. Мұқанов, Есею жыл.).

200. **БЕЙБАУЫРМАЛ** сын. *Кісімен араласудан қашақтап жүретін, тас бауыр, тас жүрек (адам).*

201. **БЕЙҚАМДАУ** сын. *Тыныштау, алаңсыздау, жайбарақаттау.* Уборщица момындау, бейқамдау адам болатын (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). Қайсар өзеннен қайта өтіп барады. Әлі де бейқамдау, асығыстау, ақ көңіл қалпы (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.).

202. **БЕЙҚАМСЫЗ** сын. *Алаңсыз, қаннен-қаперсіз.* Білмейді ол жүруіңді бейқамсыз, Мүгедек пе осы адам, байқаңыз. Өйткені оның жаны емес мүгедек, Күшті адам деп біз осыны айтамыз (Қ. Көпішев, Әке құшағы).

203. **БЕЙМАЗА** [ир. مزه بی] сын. 1. *Мазасыз, тынышсыз*. Олай десем, кешір, – деді Сәлім келіншегін маңдайынан сүйіп,– Мен өзім ауруға беймаза адаммын (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Қайда кеттің? Беймаза шешең құлағымды сарсытты ғой – деді (Ә. Сәрсенбаев, Сағым). 2. *Дамылсыз, тынымсыз, тұрақсыз.* Беймаза мынау заманға, Берік қып қойдың тосқауыл. Ұраның сенің әмәнда: Адамға адам – дос бауыр (М.Мақатаев, Шығ.). 3. псих. *Мазасыз, тынымсыз, мінез бітістерінің түріне жататын астепикалық сезім.* Беймаза адамдарда эмоциялық күш түсу, ұстамсыздық, ызаланғыштық, тұрақсыздық, жанжалға үйірлік, ашушаңдық сияқты бірқатар ортақ белгілер болады (Қаз. тілі термин. Педагогика). 4. ауыс. *Жайсыз, жағымсыз*. Науқасы тым-ақ беймаза. Сырты ажарлы, іші жау, Тәрізі жаман тамақсау (І. Жансүгіров, Шығ.). Сол кезде оның құлағына және бір беймаза сөздер шалынды (Т. Әлімқұлов, Сейтек.). Шырт ұйқыда жатқан Дәрмен беймаза дауыстан шошып оянды (І. Жансүгіров, Шығ.).

204. **БЕЙМАЗАЛАУ** сын. *Мазасыздау, тынышсыздау*. Бірақ бүгін, әлгі бір ауырып жатқан бала беймазалау болып, тіпті қасынан шығармай, жаңа қазір ғана қайтып келемін – деді (С.

Сейфуллин, Әңгім.). Әлде қайдан пайда болған, қазір сатушы болып орналасқан әйелі бар. Екеуі де әдепсіздеу, екеуі де беймазалау (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

205. **БЕЙПАРЫҚ** [ир. ар. فرق بى] сын. *Парықсыз, берекесіз*. Байқамай барған сөзді, аңғырт басып, Бейпарық, келте бәһәм парасаттан. «Шаршама есі жоққа» деген сөзім, Көрсетші, қай реттен саған айтқан (Айтыс). Орынды сөзге әркез құлақ аспас, Ақылсыз нағыз жарымес бейпарық (Кете Жүсіп, Өлеңд.).

206. **БЕЙІЛІ [ПЕЙІЛІ] ТАР** *Қызғаншақ, қытымыр*. Мен мұндай қайдан қалдым бейілі тарға (Қозы Көрпеш.). Сең соғар, дария толқып, үйірім жарға, Құдай-ау, жолықтырма, бейілітарға! Таңда жоқ, бүгінгі дос, деген сөз бар, Қалайық амандасып ағаларға... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әйтеуір кешірімнің бары жақсы өзінің. Соған қарағанда пейілі тар деуге болмайды (Ж.Еділбаев, Буырқанған бұлақтар.).

207. **БЕРМЕН БЕТ, ӘРМЕН ЖҮРЕК** *Қу, екі жүзді, арам*. Бермен бет, әрмен жүрек адам болу керек, әкет әрі, – деп, суретті қызының алдына лақтырып тастады (М.Дүйсенов, Қалыңдық).

208. **БЕТҚАҚТЫ** сын. *Жалтақ, жалтаң, жасқаншақ.* Неге ұрасың баланы? Ұра берсе бетқақты, жалтақ болып өседі бала (М.Дүйсенов, Меймандар).

209. **БЕТПАҚ** 1. *Айтқанға көнбейтін қиқар, қисық, бірбеткей, долы.* «Япырай, Перизатай, сен осындай бет пақ па едің. Бетпақ болмасаң, айтқанға неге ғана көнбейсің (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Сол күшпен талай бетпақ тойтарылды, Сыбағам кеткен жұртта қайтарылды. Тас болып ұйықтаушы едім Түкті сезбей, Тастасам айтып-айтып айтарымды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). 2. *Қарабет, ұятсыз, жүзіқара, арсыз.* – Мынау неткен бетпақ еді, жүзі жанбайды, ғой, – деп абысын-ажын жағасын ұстады (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол бір бетпақтың Құдай бетін көруге жазбасын (Б.Майлин. Шығ.). Құлқының құрып сенің отырса да, Малшыға кеп мінілген бір байталың. Қайқы төс, қисық мұрын, қалың қабақ, Дидарың құрсын бетпақ, мен қайтамын (О. Шораяқов, Шайыр).

210. **БЕТСІЗ** сын. *Арсыз, ұятсыз, әдепсіз.* Торғын: – Неменесонша, Жанайдың асты-үстіне түсіп өле-өше қалғаның. Ол сенің байың емес. Ұялмайсың ба, мына жұрттан, бетсіз (С.Мұратбеков, Көкорай). Тіфу, бетсіз-ай! Жармаспа енді! – дедім божыны мен де ұстап, – егер Текебай, жармастың бар ғой, әлім келсе, сені мен қан қыламын! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). – Шіркін! Бұл не деген бетсіз еді, жас басынан тақылдап, – деді Ермак (Б.Майлин, Шығ.). Екеуінің де сөзі бұған ұнамайды, тікенше қадалады. Не деген бетсіз адамдар өздері! (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

211. **БЕТІ ҚАЛЫҢ** *Беті шімірікпейтін, ұятсыз.* Жолдастың беті қанша қалың болса да шыдамады. Бет-жүзі өртеніп кетті (Ә.Бөриев, Ақ бидай). – А, бетім қалың, білегім жуан, былқ етпеймін дейсің ғой сен. Бүркемейік, онда ашып-ақ айтайық (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

212. **БИЛЕП-ТӨСТЕГІШ** сын. *Үкімін жүргізгіш, бағындырғыш, ырқына көндіргіш*. Джон Грэй Қазақ ССР халық артисі Шахан Мусиннің орындауында бөгде елді билеп-төстегіш, менмен, сонымен бірге айлакер Янкидің құдды өзі боп шыққан («Лен. жас»).

213. **БОЖЫРАҚ** сын. *Пысық емес, бос, былжыр*. – Шәлкеңе Құдай бересалған ғой! Өзі божырақ бірдеңе емес пе? – Басына осындай ой келгеніне Күлшебай мастанып, өзіне-өзі тамсанып қойған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

214. **БОЗӨКПЕ** ауыс. *Жуас, ынжық, жасық, былжыр.* «Бәсе, нағашыңа тартқан бозөкпе боларсың,– деуші едім, дауыс көтеруге жарар түрің жоқ қой. Күмістің де енді маңайынан жүрмессің»,– деді ішінен аға сұлтан (І.Есенберлин. Қаһар). Ана бозөкпе ұлыңды сен Қызылдарға хабаршыға жібермек едің, болмай қалды, иә?! (З.Жәкенов, Таң самалы.).

215. **БОЙЫ БҰЛҒАҢ** *Былқ-сылқ еткен кербез, керім (адам).* Бойы бұлғаң, Сөзі жылмаң, Кімді көрсем, мен сонан. Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан (Абай, Тол. жин.). Әр ауылдың өз басшысы, төбе биі, өжет жігіттері, сылқым салдары, бойы бұлғаң мырзалары бар (С.Омаров, Дала қызы). Ақылы аз Жаңылдың да оңып тұрған, Мінезі құстай ұшып-қонып тұрған. Сүйегі тым бос емес, іске тәуір, Барықсыз, дарақылау, бойы бұлғаң (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

216. **БОЛБЫР** ауыс. *Сылбыр, ынжық, болжыр (мінез).* Мен сізге сеніп жүруші едім, сөйтсем, қолынан іс келмейтін болбыр командирлердің бірі екенсіз ғой (Б.Момышұлы, Москва.). Жүсіп бүгін өзгеріп кеткендей ме қалай, күндегі сүмірейген, болбыр Жүсіп емес, ширақ та келісті (З.Шашкин, Доктор.). Өзінің жігіт болып қаршығаға құс ілдіретінін Абайға әрқашан бұлдаушы еді. Оны әлі өзінің шерігіне де татымайтын бос, болбыр бала көретін (М.Әуезов, Абай жолы).

217. **БОЛПАШ** *Дайынға үйренген, еті тірі емес, бос.* Ертең-ақ мені бай қыз, мырза қыз, болпаш қыз деп табаламай ма? (Шағын пьесалар). Оның үстіне байдың болпаш баласы, сері жігіт болып, көк төбел үйіміз бар, қаладағы перуайбаймыз деп мақтанады (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

218. **БОПАЙ** сын. жерг. *Бос, болбыр*. Ботай да бір бопай бала екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

219. **БОПАУ** сын. *Болбыр, бос, болжыраған.* Кейбіреулер ұшып-қонған дегбірсіз, ашуланшақ, тағы біреулері бопау, жалқау болады («Халық мұғ.»). Патшада бар арғымақ, Алтын тұрман зер түлік, Май тойында шаба алмас, Майқарын, бопау қан жілік (І.Жансүгіров, Шығ.). Ала қап, боз қап, ақ қанар, Кең қарын, Бопау жолақ бар (Қ.Дәрібаев, Серт).

220. **БОПСАСЫЗ** сын. *Жігерсіз, көңілшек*. Кісінің шекесінен шықса, оның батыр болғаны, ал табанынан көрінсе, бопсасыз қорқақ болғаны, екінің бірі екен (Д.Досжанов, Жібек.).

221. **БОРКЕМІК** ауыс. *Осал, жасық, ез, бос.* Бізге қиындықтан қорқатын боркемік жасықтардың керегі жоқ (Т.Ахтанов, Дала сыры). Иә, мұндайда сабыр сақтаған жақсы. Боркемік боп езіле бергеннен ештеңе шықпайды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Бой түзеген, боркемік. Күлкігөй, күйшіл, көңілшек! Қарт басқанның белгісі – Жексұрын саған көрінсек. Аларманың алтау-ақ Алпысқа болдың берімсек (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

222. **БОС** ауыс. *Ынжық, болбыр, жасық, нашар.* Бос, босаң, жасық туған бозбала көп Киіздей шала басып қарпылмаған (Базар жырау, Шығ.). Бақтығұлдың ойына Сәлменнің Қоқай дейтін бойы еңгезердей, бірақ адамның бос ы, қорқақ жылқышысы сап ете түсті (М.Әуезов, Қараш.). Жүнінде шайыры өте көп қой бос, нашар келеді (М.Ермеков, Қазақст. биязы.). Баланы ауруға бос, қорқақ етіп тәрбиелемеу керек («Қазақст. мұғ.»).

223. **БОСБЕЛБЕУ** сын. *Ширақ, пысық емес, ештеңеге ебі жоқ, болбыр.* Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп, Екпіндеп, үшкір атша қарқындаған. Босбелбеу, босаң туған бозбала көп, Киіздей шала басып, қарпымаған (А.Байтұрсынов, Шығ. жин.). Атының басын алып жүре алмайтын босбелбеудің маған керегі жоқ, тоғызы да жетеді, – деді Жалмұқан (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бүгін бізге ертеңгі күнімізге деген нық сенім керек. Үрейленуге, «жау шапты» деп босбелбеу болуға жол жоқ! (О.Сәрсенбаев, Сағым).

224. **БОШАЛАҚ** сын. жерг. *Нашар, бос, болбыр (адам)*. Оның өзі бір бошалақ жігіт екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

225. **БӨРІБАСАР** ауыс. *Ожар, даң кеуде, ұр да жық.* Қожасы шаш ал десе, бас алатын бөрібасардың нақ өзі (З.Жәкенов, Таң самалы).

226. **БӨСПЕ**сын. *Өтірікті қосып айтатын көпірме, мақтаншақ (кісі).* Жаңағы Әнуар пашаға оқ өтпейді деп сыбырласқан бөспесұмдар қайда кеткен? – деді біреу (Ж.Арыстанов, Жалын.). Шегебай інісін ашық ауыз, бөспе, көп сөзділігі үшін жек көрсе, баласы Ахметбекті өзіне тартқан айлалы, есепқор, тісқақтылығы үшін ұнатып, мақтан тұтады («Қаз. әдеб.»). Мәселен былай ғой, Рас, дәрігер құдай ғой. Ал, мынадай бөспеге, Мықты болсаң шыдай ғой (О.Әубәкіров, Жасыр.).

227. **БӨСТЕКІ** ауыс. *Мақтаншақ, лепірме*. Шәкен бөстекі жігіт емес пе? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

228. **БҰЗАҚЫ** сын. *Бұзық, сотқар, тентек*. Өзі барып тұрған бұзақы екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Бұзақы, сотқарлығының үстіне, жаман оқитындығын дәлелдеп мектептен шығармақшы (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер, Ажал жетсе аурусыз сауды өлтірер, Қаныпезер бұзақы жігіт болса, тыныш жатқан еліне дау келтірер (Шал ақын, Өлеңдер.). // *Бұзық адам, сотқар кісі.* Жатақханаға жақындағанда үш-төрт бұзақы жабылып, бар киімін сыпырып әкетіпті (М.Мағауин, Ақша қар). Біләлді

болыстықтан түсірді. Енді екі бұзақы н ы бір-біріне айдап салып, тиыш жатсам деген есебі бар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Еркектер ше? Жоқ, тәңірім сақтасын, Телпектердей кері бұрмай ат басын, Ер жігітке тән мінезбен баяғы, Бұзақыны өз орнына қояды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

229. **БҰЗЫҚ** 1. *Бұзақы, сотқар, сотанақ.* – Дарқан бұзық, оған ермеңдер. Оның сөзіне ергендерің жұмыстан шығып қаласыңдар (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Қатпаған буын, қатаймаған сүйек бұзық балалар иген балғын сәмбі шыбықтай майысады (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). 2. ауыс. *Арам, қараниет, азғынданған.* Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық фиғыл, әл-инсап ғәддуләма жәһилға хисап (Абай, Тол. жин.). Көңіліне әкенің кіргізіп мұң, Кейбір жастар соңында жүр қызықтың. Мүмкін сенің өлуің, Майданда емес – пышағынан безбүйрек бір бұзықтың! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Шірік шірітеді, бұзық бүлдіреді (Мақал). 3. *Тентек, ешкімге бағынбайтын, арқасы бар.* Бұл да сол бұзық Батақовтың мына біздің атымызды қосып, халыққа жариялап шығарған әні (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Бұл Қоянкөз ауылының ата-бабасынан қалған, осындай құл-құтанмен шатасып, сүйек сындырған бұзықтарға істейтін ежелгі жазасы еді (І.Жансүгіров, Шығ.). // жағымсыз. *Азған, ахлақ жолынан тайған адам.* – Тарт! Мына бұзықты маған көрсетпе! – деп Марданды теуіп қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Сауда қып жүрген қала тұрғыны орыс, ноғай адамдарынан басқаның көбі жаңағы қойлы қоқсық “жүнді бай” сияқты қалашылар. Олардың бәрі де: “қалада бұзық көп болады, ақша-пұлыңды көз ілестірмей қағып алады, алдап әкетеді, ұрлап қояды, қала өңшең құдың, жепкетердің жері” – дегендей үркек ұғыммен жүретін әр-алуан “Біткен бай”, “Біскенбайлар” (М.Әуезов, Абай жолы).

230. **БҰҚА МІНЕЗ** *Дүлей, арсын-гүрсін, ұр да жық мінез-құлық.* Бұқа мінез әлгі пәлекеттің сыры белгілі: жолындағыны жалмайды, қаусатады (Д.Досжанов, Жібек.).

231. **БҰҚПАНТАЙ** ауыс. 1. *Именшек, қорыншақ, жалтақ.* Күйеу жас болса да, молда торғай секілді бұқпантай өмірге үйренген байғұс екен (Д.Досжанов, Зауал). «Мына Құдайдан безген, тағы не бүлдіріп жүр», – деп діншіл шалдар мен пәшпірті біткен бұқпантай молдалар сырттан күңкілдеседі (С.Омаров, Дала қызы). Тек анадай-анадайдан көрінетін қара жалдардың теріс бауыр қыртыс-қыртыстарында қалған бұқпантай ұры-қарылар болмаса, бұл төңірек әбден арылған кез (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). // *Жалтақтық, қорқақтық, бұғып қалушылық.* Өз басы бұқпантайды білмейтін ол: «Әлде, бұл ғайбат сөз шығар»... – деді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Хабаршыға өзіңді ата! Бірге өлуді армандаған соң ендігі бұқпантайға орын жоқ (К.Оразалин, Көктем.). 2. *Жымысқы, бүкпе, арам, бықсық.* Кейде қартаң, сырдаң, дүниеқор болыс-билер, малқорда, бықсыма, жаман ойшыл, бұқпантай адамдар кезігеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көрнеу дұшпаннан сақтануға болады. Іш құрттай тауысатын – бітеу жара бұқпантай ғой... (С.Талжанов, Ұлдай.).

232. **БҰЛА** 1. сын. *Еркін, ерке, қағусыз өскен, еш бейнет көрмеген (адам, мал).* Егіндікөл, көзіме ерте шалындың, Менің ерке, бұла жігіт шағымның. Біразы өтті құшағында бұлықсып, Ұшқынындай алаулаған жалынның (С.Сейітов, Жаңғырық). Әйтсе де тынбай оған ұмтыламыз, Көңілдің шырайланып шырқы нағыз. Бұл өмір ме баурап ап қылығымен, Күлкісі ынтық еткен бір бұла қыз! (А.Нысаналин, Көктем.). Қырық бес шықтық кезеңге, Маң-маң басып бұла аттай. Елу қондық ауыл үй, Тізгіндеп ұстап құлақтай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). 2. ауыс. *Бұлаңдаған, бұлғақ қаққан*. Тербетіп баяу әнмен бұл ағашты, Үрледі қобыраған бұла шашты. Ойнаған қайнысы боп жеңгесімен, Әжемнің ақ шәлісін жұла қашты (Р.Ниязбеков, Келер күн).

233. **БҰЛА-БОЛПАШ** сын. *Ерке, шолжаң.* Ақылбай барлық Ырғызбай ішіндегі бұла-болпаш жастың бірі болатын. Өзі Абайға ағайын ішіндегі ең тоңторыс, алыс есепті (М.Әуезов, Шығ.).

234. **БҰЛДАНШАҚ** сын. жағымсыз. *Білсінгенді, бұлданғанды ұнататын, бұлданғыш.* Аса бұлданшақ болмаса да, өзіне тән өрлігін жасыра білетін адамдар сияқты, бұл да өз ортасының қолпаштауына кет әрі емес-ті («Мәдениет және тұрмыс»).

235. **БҮГІНШІЛ** сын. *Ертеңін ойламайтын.* Алып қал сыбағаңды жас кезіңде, Бүгіншіл неге болдың, ертеңді біл. Надандық – жас жауыр ат, бөрі рия, Қат болған білімсізге бейшара тіл (Ә.Найманбаев, Шығ.).

236. **БҮККІШ** сын. *Ойын құпиялап, сыр жасырғыш.* Бүккіш-ақ қой қыз, бірақ, Білдіре месырларын! Күміс күлкі сыңғырлап, Бөліп кетті ар жағын (Ғ.Қайырбеков, Құрдас).

237. **БҮЛДІРГІШ** сын. *Бүлік тудырғыш, бүлікшіл, лаңшыл*. Алашорда милициясы алдында 1916 жылғы дүрбелеңде қатты күйзеліске ұшыраған Жетісу қазақтарын жергілікті казактар мен бүлдіргіш большевиктердің қызыл армиясының шапқыншылығынан қорғау міндеті тұрды (“Түркістан”). // *Бүлік тудыратын, бүлікшіл адам, лаңкес.* Сен бүлдіргішсің, жұмысшыларды құтыртып іс тастауға басшы болып жүрсің (І.Жансүгіров, Әңгім.). Бүгін кешке басшы кісінің бірі барады. Бүлдіргіштің бірі сол депті және қолдың ертең қайда қонатынын айтыпты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

238. **БҮЛІКШІЛ** сын. 1. *Ұрыс-керісшіл, жанжалқұмар.* Аңмен бірге бүлікшіл, Жанжал іздеп хан кезді. Болса қандай аңы сұм – Болған еді ханы сұм (Халық ақындары). Күлгенде беті жыбырлап, аузы қисайып кетеді екен. Жанарында бүлікшіл, тентек ұшқын бар. Жәнібек секем ала бастады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Колхозда қастық еткен бүлікшілді Колхозшы күн ілгері таба білді (Айтыс). 2. *Бүлікке араласқыш.* Исатай Тайманұлының қызметіне үстем тап өшпенділікпен қарап, оны “қарақшы”, “бүлікшіл” десе, еңбекшілер оны өз қамқоршысы, қайраткері ретінде танып қастерлеген (И.Кенжалиев, Тайманұлы.).

239. **БЫЖЫҢ** сын. сөйл. *Мазасыз, беймаза*. Өрісі тар быжың адамның батырсынғаны күлкі болатын (Ш.Хұсайынов).

240. **БЫЛБЫР** сын. *Сылбыр, ширақ емес, бос*. Былбыр дейсің бейақыл, шата менен шаянды. Жиған малың зекетсіз жылан менен шаянды (Бес ғасыр.).

241. **БЫЛЖЫР** *Болбырағаи, босбелбеу, ынжық.* Құда-жегжат, сыйлы қонаққа арнайы табақ жасалып, бас тартады. Былжыр (жуас) боласың деп балаға миды жегізбейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Жүсіпбек орта бойлы, арық, еті шандыр, сіңірлері білеу-білеу, тіпті жадағай, аңқау, былжыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қарағандыға барғалы бір-ақ рет хат жазыпты дейді. Әй, соны қойшы! Жүрген бір былжыр еді ғой (Ә.Әзиев, Оянған ар).

242. **БІЛІКСІЗ** сын. *Білім, түсініктен құралақан, білімсіз.* Біліксізді үйрету – Салғандай құрық асауға. Асылдың ізде нәсілін Басыңды әуел қосарға. (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Көп екен деп көмегім Көкірегіңді көтерме. Қырық мың қарға топ жасап Жеке туған сұңқардың Түгінезалал етер ме?! Біліксіз туған көп ұлдан Білікті туған бір артық, Үшбу сөзім бекер ме?! (Кердері Әбубәкір, Қазағым). – Жә, біліксіздің білмегенін кешірмесең білгендігің қане?! (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

243. **БІЛІМСІЗ** сын. 1. *Сауаты жоқ, бір нәрсеге бейімдейтін дағды-білімі жоқ, оқымаған.* Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бишарасы, Айтушы мен тыңдаушы көбі-надан. Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы (Абай, Тол. жин.). // *Оқымаған, сауатсыз адам.* Алдында «эмпириокритицизм», Көргемін нұр толқыған ойлы жүзін... Өзі оқып, өзгені де оқытады, Жігіттің ұнатпайды білімсізін (Қ.Аманжолов, Шығ.). Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де білімсіз г е де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды (Х.Досмұхамедұлы). 2. *Ақылсыз, надан, парасатсыз, рухани дүниесі пәс.* Дандайсиды тек білімсіз надандар, қарапайым жүреді асыл жандар (Шығыс жұлдыздары). // *Парасатсыз, рухани дүниесі пәс адам.* Ойсыз, көкейкөзі жоқ, надан. Өмірдің өрін тауысып, Білімсізбен алысып, Шықтық міне белге енді (Абай, Тол. жин.). Сөйлесе білімді адам балдай татыр, Сөз шықпас білімсізден таңдай татыр. Жақтаған жақсы адамды үлгі алады. Жаманнан түсер басқа заман ақыр (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 3. *Ізденіссіз, бейқам, оқусыз.* Білім – бақтың жібермейтін қазығы, Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы (М.Әлімбаев, 666 мақал). Дүниеге адам болып жаралған соң, Білімсіз құр жүрісің бейне есек. Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік, Асыл жүрек бермейді, шайтанға ерік (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жігітке жолдас болар өнер-білім, білімсіз болсаң, босқа өтер күнің. Сиынып күштілерге, тентек болсаң, Таралып жұрт көзіне, кетер құның (Ақмолла, Күндер.). Білімсіз ынта жарығы жоқ отпен тең (Маржан сөз). 4. діни. *Діни*

сауатсыз, иманын біліммен кәмілдемеген. Уағызын мешіттен тысқа шығара алмай, басқа діндердің жымысқы әрекеттеріне демократияға қайшы деп заңды тегеурін қоя алмай тұрған қоғамда дін басындағыларға айтарымыз: «Үмметім үшін білімсіз, азғын имамдар тажалдан да қорқыныштырақ», – деген пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөзі (Ахмад ибн Ханбал) («Жас Алаш»). Білімдіге білімсіз бағынбай ма? Іздесе, пендеге жол табылмай ма? Ақты қойып, арамды әдет етсек, Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). 5. *Ғылым мен техника жетістігінсіз, арнайы мамандандырылған оқусыз.* Біздің бөлім бұл бастаманы қуана қостап, қолма-қол атсалысты. Соның барысында бір-бірімізді жете білісіп, етене араласып кеттік. Бірі – өткен ғасырдың 30-шы жылдары авиация әлі дамымай тұрғанда Атлант мұхиты арқылы қонбай ұшқан американдық ұшқыш Чарльз Линдберг те, екіншісі құнары жоқ айдалада ғылым, білімсіз, қиялдан асып өнім алған Шығанақ Берсиев туралы пьеса жазу мақсат болған («Егемен Қазақстан»). 6. ауыс. *Жабайы, тағы*. Жар салып, жасақ жияр білімді Алик, білімсіз хұзарлардан алмаққа кек, Қаласын, егіндерін ызасы үшін, От пенен қойған арнап қылышқа деп (А.Байтұрсынов, Шығ.).

244. **БІРБЕТ** сын. жағымсыз. *Сыңаржақ, қыңыр, басқамен санаспайтын.* Бұл төсектен қайта тұра алмасына көзі әбден жеткен тәрізді. Жайшылықта бірбет, ожар Исабек тағдырына мүлде өшігіп апты (Д.Әбілев, Арман.). Орданың қадірлеуінен бе, әлде жаратылысы солай ма, Ақпан мінезі жағынан бірбет, қыңыр болған (С.Мұқанов, Аққан жұлд.). Несіне жылайсың, жақсы болған екен, сен өзің кеше ғана Таймасов маған көнбейді, бірбет өзімшіл деп арыз айттың емес пе? (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

245. **БІРЕЗУ** сын. *Бірбет, сыңаржақ, қыңыр.* Байғұс, осы-ақ бірезу болады да жүреді (Қаз. тілі. фраз. сөздігі). Дұрыс деме құр ойлап, Ақылға сынат, сабыр қыл. Жығылмайтын дәлел тап, Бірезу болма, өзімшіл (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

246. **БІРМОЙЫН** сын. *Өз дегенінен басқаға көнбейтін қасарыспа, қырсық.* Істің оң мен терісін айтып жатсаң да мәмілеге келе қоюды білмейтін бірмойын адамның қылығына не істер айлаң бар («Лен. жас»). Оған тағы ақша береміз дағы… Ал Әбділ ше? Бір беткей, бірмойын адам Әбділ ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қараменде Еспембеттей нойыс, бірмойын кесір соққандай қырсық та, бір бүйрегімен жұрт қамын қоса ойлар, әділдікке бой ұрған би (Р.Нұрғалиев, Трагедия табиғаты).

247. **БІТЕУБАС** ауыс. *Ештеңені түсінгісі келмейтін, топас.* Көзілдірік астынан қараған кішілеу өткір, тұңғиық қара көздері прокурордың бітеубас, асқақ, тұрпайы, тәкаппар қалпын түгел таныды (М.Әуезов, Өскен өркен

248. **ҒАЙБАТШЫЛ** сын. *Біреуді сырттан даттап сөз еткіш, өтірік-жала жабуға жаны құмар.* Отырғанда шайқақтап, Бойында үлкен толғаныс Кіріп келді жолбарыс. Ғайбатшыл жазған мысық Орнынан тұрды да ұшып (Ш.Смаханұлы, Шимайбек.). “Ұят” деген сөз бар, Ғайбатшыл үмбет емес Мұхаметке, Үлкеннің үлгі-үмітін ұстамасаң. Жел сөздің пайдасы не тіршілікте? (Құлназар). Ғайбатшыл неменің басын пәлеге душар қылған сасық тілін кесіңдер де, зынданға апарып қамаңдар, сонда шіріп өлсін! – деп әмір етті (Ә.Кекілбаев, Аңыз.).

249. **ДАБЫРАШЫЛ** сын. *Дабыра құмар, думанды шуға әуесшіл.* Дүбір дала дыбысшыл, дабырашыл, Ат қосқандай бәйгеге ауыл да асыр. Күн күркіреп, жалт ойнап жетті түзге Жиырмасыншы жас ғасыр, дауыл ғасыр (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

250. **ДАЛБАҚАЙ** сын. *Далбаңдаған, дарақы.* Ноғайбайдың өлімі айғайға дүрлігіп, мақсатсыз ілесе шабатындарға дауырықпа, далбақай кеудесоқтарға әп сәттесалатын атақ, қол созсақоржын қампитатын олжа дәметушілерге ойда жоқта оқыс қорқыныш әкелді (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр).

251. **ДАЛДЫҢ-ДҰЛДЫҢ** сын. 1. *Парықсыз, шолжаң*. Ескертіп қоймаса бұның өзі кейде аузына келгенін сөйлейтін далдың-дұлдың (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Көрмеген өмірінде ұстаз алдын, Бетімен қазақша өскен далдың-дұлдың. «Қыз оқыса, хат жазса бұзылады», Дейтін әдет шіп-шикі надандардың (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). 2. жерг. Қалай болса солай, арсың-гүрсің. Ол ешнәрсені елемей, далдың-дұлдің жүре береді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

252. **ДАҢҒАЗАЛАУ** сын. *Ақылсыздау, парықсыздау.* Бір күндері батагөй қария қартайыпты. Даңғазалау жалғыз ұлы бар екен: басындағы бақ, алдындағы дәулет аздық еткендей әкесіне алакөзденіпті (Д.Досжанов, Жусан).

253. **ДАҢҒАЗАШЫЛ** сын. *У-шуға, байбаламға құмар*. Дарыныңның отымен, Түс бәйгіге, іркілме, Күлкім келер, көкіген, даңғазашыл шіркінге (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме).

254. **ДАҢҒОЙ** сын. экспр. *Елірме, есер, бөспе, даурықпа*. Батырдан барымташы туар даңғой, Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой (Абай, Тол. жин.). Ырғызбайдың әншейінде жуансыған, қолшыл болып мықтысыған ұргеппе, даңғойлары бұл тұста күпілдектен асқан жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Баланы тым есіртіп, тым мәпелеу де пайда емес. Ол өскенде не даңғой, не әйеншек болып шығады (Ғ.Мұстафин, Шығанақ.). Даңғой есірсе, қызбен күреседі (Мақал-мәтел).

255. **ДАҢҒОЙЛАУ** сын. *Есерлеу*. Әсіресе даңғойлау, есерсоқ аңғалдау адамдар Есентайдың қолына түссін (М.Әуезов, Абай). Көшербай көз алдына елестеп кеткендей еді. Інісі айнытпай бейнелеген сияқты. Даңғойлау, жалаң кеуделеу, даңғаза айқайы молдау кісітін (Т.Иманбеков, Үлкен үй). Бұл елде «Үкілі Айша» деген келте мұрын, кербез домбырашы, әнші, даңғойлау, мақтаншақ, көңілшек қыз бар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

256. **ДАҢҒЫРЛАҚ** ауыс. *Даңғой, ойындағысын ойланбай сөйлейтін.* Соңынан қосылған даңғырлақ келіншек: – Бүгін біздің үйдегі нарқоспаққа, бюллетенить етіп кеңсесіне бармай қалып еді, ет асып, қамырын илеп, картобын аршып, жуасын турап қоясың деп бұйырып кеттім (Ө.Қанахин, Бақыт.). Бағанағы әзірде даңғырлақ Жақанның: «Сенің балаң ғой» деп өзіме тарпа бас салуының байыбына енді ғана барғандаймын (Е.Мырзахметов, Туған күн).

257. **ДАҢҚОЙ** сын. *Даңққұмар, даңқшыл*. Даңқкой, баққұмар, дүниеқоңыз, күншілдік сияқты жағымсыз қылықтармен күресу тәрбие жұмысының басты міндеті (Семья тәрбиесі). Повесте Досанның даңқкой нағашысы Кәмпескенің бейнесі де өтесәтті шыққан (З.Серікқалиев, Ақыл таразы.).

258. **ДАҢҚҰМАР** сын. *Атақ, даңқты сүйетін, даңқ қуатын.* Даңқсыздар, болыңдар даңққұмар, Тұлпарларын тебініп даңқтылар, Тұғырларды сендер де тежемеңдер, Алып шығар немесе қалып тынар (М.Мақатаев, Шығ.). Жер бетіндегі алдап-арбаудан, қара ниеттілік пен дүниеқор ашкөзділіктен, даңққұмар өзімшілдіктен, бір сөзбен айтқанда, оспаншылдықтан – бәрінен, бәрінен мүлдем құтылу! (О.Бөкеев, Өз отың.).

259. **ДАҢҚОЙ** сын. сөйл. *Даңғой.* Қодардың тасыр, даңқой екенін ұғындырады (М.Әуезов, Әр жыл.). Барып тұрған даңқой соғысқұмар емес пе, соңғы солдатым қалғанша соғысамын дегенін қайтерсің (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

260. **ДАТҚОЙ** сын. жерг. *Өкпешіл, кінәмшіл*. Оны-мұныны есіңе тұтасың да жүресің, сен бір датқой қатын екенсің (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

261. **ДАУКЕС** сын. 1. *Дауқұмар, жанжалшыл.* Мына келген даукес дәу қара Шолан болыстың туған ағасы – Есенаман (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Қойшы, бекер шығар! Өлімге өзі тілеп адам барушы ма еді, – дейді Набат даукес құдағиының сөзінесенер сенбесін білмей (З.Шүкіров, Сарша тамыз). Айдаладағы бұлақтың атына бола қайын енесінің аты кеткендей даукес шалды қызыл танау қып шаршатқанына мәз (Қ.Ысқақов, Қара орман). // *Дауқұмар адам.* Сұңқар текке жыртқыш аңын бүрмейді, Шешен келсе, даукес тілін күрмейді. Ақындар да сол секілді екен-ау, Бірі салған ізбен бірі жүрмейді (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Қайран өмір, күнде қызық ат бәйгі, Әркім де оған бір-бір тайын сақтайды. Кей даукестер шаппай сұрап жүлдесін, Бір жағында ауылдасы жақтайды (З.Шүкіров, Арал.). 2. құқық. *Даугер.* Даукестер мені көрген соң, «тағы бір төре келді» деп, сыйғаны үйге кіріп, сыймағаны үйдің жабдығынан дауыстап, «тақсыр жолдас, арызымыз бар, пәлен күннен бері бізге есе тимей жатыр…» деп әркім өз басындағы мұңын шаға бастады (М.Дулатов, Шығ.).

262. **ДАУЛАҒЫШ** сын. *Даулауға құмар*. Даулағыш болсаң түгел даула (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

263. **ДАУРЫҚҚЫШ** сын. *Бос сөз, құр дабдырды сүйетін, көпірме.* Мақтаншақ, бекер даурыққыш, Сондай бір көкірек – жаңғалақ. Ол бола алмады дәуір ұққыш, Ол заман туған

заңға олақ (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). Терлікбай жалпы аңшы адамдарға тиісіп, шеттерінен өтірікші, босқа даурыққыш, салақ болатынын айтыпты (Ж.Молдағалиев, Тыңдағы.).

264. **ДАУЫЛДЫ** ауыс. *Ашуы қатты.* Қатпарлы әжім басқан қабағы түйіліп, бұрын мен байқамаған дауылды мінезінің лебін сезіп отырмын (К.Зәкенов, Жанартау).

265. **ДӘЙЕКСІЗДЕУ** сын. *Тұрақсыздау, берекесіздеу.* Еркін дәйексіздеу демесең, өздеріне қарағанда Алдаберген софыдан кейінгі үлкені осы еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

266. **ДӘЛДІР** сын. *Піспеген, жас, есер.* Ақымақ, дәлдір, есер жындысы да, Жақпаған еш мінезбен құрбысына. Шаруасына пысық бұл десін деп жұрт, Мін таққан бола қалар жұмысыма (С.Торайғыров, Шығ.). Дәлдір менен дананың Терезесін бір қара жер теңейді... Оған қалай нанамын?! Ойын сөзге менің нанғым келмейді (М.Әлімбаев, Өшпес от). Дәлдір тілінесүйенеді, Дана білігінесүйенеді (Мақалнама).

267. **ДӘЛЕКІ** сын. экспр. *Дарақы, тыраш.* – Оның дәлекі шешесі жақсылықты білуші ме еді. Бірақ қызын оқытып адам етем. Енді документін осындағы экономикалық институтқа тапсыртамын! – деп жүр (О.Сәрсенбаев, Сағым).

268. **ДӘҢГІЛ** сын. сөйл. *Бос кеуде, әупірімшіл.* Назарқұл түсіндіріп өтті. Сөзін: – Дәңгіл неме ойыннан шығатынын білмеген екен ғой! – деп бітірді (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер).

269. **ДӘРКІЛДЕК** сын. *Парықсыз.* Тұрғанда бидай бітеу, нан болмайды, Тері де тон болмайды көрмеген и. «Елде де талай адам жүр ғой!» – деме, Ілімсіз іске аспайды дәркілдек би (О. Шораяқов, Шайыр.).

270. **ДЕГБІРСІЗ** сын. *Шыдамсыз, мазасыз, тағатсыз*. – Дудар бас ақ жал толқын ғашығын құшқан дегбірсіз бозбаладай көк көйлекті қызды шыркөбелек айналдыра жөнелді (Х.Әдібаев, Таңбалы.). Біздің дегбірсіз сұрағанымызға атай саспаған күйі бір қозғалып қойды (Ә.Хасенов, Алтын арық.). Бұл тойдың дүбірі естілгелі бері маңғыстаулық малшы қауым дегбірсіз күтумен болған-ды (М.Неталиев, Үлкен жол.).

271. **ДОЙЫР** сын. 1. *Дөрекі, ұрда-жық, дөкір.* Серікбайдың сөзі де, өзі де дойыр, тоңқ еткеннен басқа жылы сөзді бір көрмейсің (Ә.Қалмырзаев, Ар). Олардың да өздерінің дойыр мінезді Жұртбайы, жібектей жұмсақ Зағирасы, жапа шеккен Ералысы бар шығар (Дөңгеле, күн, дөңгеле). Сүйдім деген сөзімді де айта алмай, Келген ізбен көзім қиып қайта алмай, Тентек басты, дойыр басты қойыңа, Салып қойып, айыпты алам мойныма (Т.Нұрмұхамедов, Аспантау). Жапан даладағы жалғыз ол. Мұнысы дойыр күш құшағынан сүйікті Ақтотысын тартып әкетіп, тірі жетім қалдырған өксік күйін есіне түсіреді (Ж.Мусин, Үміт). 2. *Қолында билігі бар, азулы.* Заманында талай дойырлардың тепкісіне ұшырап, Ақтоқтыдай жарынан, Көкжендеттей қыран қаршығасынан, Құлагердей тақымына басқан қанатты тұлпарынан айрылып, осы қауырт келген ауыртпалықтың біріне де мойымай домбырасын шертіп, ән салып Көкшені тебірентіп Ақан сері отыр (С.Талжанов, Ұлдай.). Төренің болса айыпты құр қойыны, Адамның не істемейді шын дойыры (Д.Еркімбеков, Айдай).

272. **ДОЛАНКЕСЕР** сын. сөйл. *Алаңғасар, әулекі, әумесер*. Егделердің бірі ме әлде есер, Қартайғанын білмеймін доланкесер. Олар болса, ойлайды оны-дағы, Бұл елде жазған сөзін кім бар шешер (Ш.Әбенов, Кейпін.).

273. **ДОЛАҢ** сын. сөйл. *Оралымсыз, қолапайсыз, топас*. Азамат сөзге, әзілге долаң, құлық білмейтін олақ көрінді (Б.Майлин, Шығ.). Сенің айтып отырғаның – бір долаң адам ғой деймін (“Жас Алаш”). Долаң үрей құшағында қолын жайып балаға. Бір топ адам есі шығып жүгіріп жүр жағада (М.Шаханов, Ғасырлар.)

274. **ДОЛАП** сын. жерг. *Намысшыл, дөң мінез.* Болат, Болат, Сен бір жүрген долап, Сен жұлқынып кеткенде, Қораға қойың толат (Алтыбашпай өлең.).

275. **ДОЛАУ** сын. жерг. *Долы, ызақор, ашушаң*. Ол жігітің бір долау қатынға кез болыпты ғой (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

276. **ДОЛДАЙ** сын. жерг. *Толқыма, тайсалақ, тұрақсыз.* Сөзге тұрмайтын долдай кісі екенсіз (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

277. **ДОЛУЫР** сын. сөйл. *Ашушаң, ызақор*. Ей, долуыр, сап-сап! Нажағай жалт бер қыныңа! Жайна күн, нөсерді жасқап, Тұнып тұр гүлдер қырымда (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

278. **ДОЛЫ** сын. 1. *Алай-түлей, күшті*. Кейде айтады ақындар Жайдары желдің соғысын. Қатайып кейде баяулар, Түрлендіріп долысын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Долы құйын тұра ма күтіп, құйғыта келді де, ортадағы бір үйді сатыр-күтір еткізіп жықты да кетті (Ы.Жақаев, Өмір.). Күшті жуан қара ағаш, Жапырақсыз жалаңаш, Өмірде беті қайтпаған, Ешкімге сырын айтпаған, Тура келіп тағдыры, Долы дауыл кез келіп, О да бір күн құлайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Күн шыға теңізге шомылыс, Жүйріктер, жүзгіштер көп мендей, Жағада жатамын долы күш. Әдейі құлатып кеткендей (Т.Молдағалиев, Таудан.). 2. ауыс. *Ашушаң, булықпа, ызақор.* Жанай аузын ашар болса ызалы долы айқай мен боқтық сөздер ғана шығатын сияқты (С.Мұратбеков, Көкорай). Ызалы жүрек, долы қол, Улы сия, ащы, тіл Не жазып кетсе, жайы сол, Жек көрсеңдер өзің біл (Абай. Тол. жин.). Жүгірем деп құлап қап, Жылайтұғын долы қыз, Болатынбыз жұбатпақ, Жылы сөзбен оны біз (С.Мәуленов, Тартыс.). Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер, Әйелің долы болса күнде өлтірер. Жақсыдан жаман туған бала болса, Атаға үйде жатқан сөз келтірер (Шал ақын, Өлеңд.).

279. **ДӨКІР** ауыс. *Тоңмойын, дөрекі, ұрда-жық.* Күн Торпақ шоқжұлдызына барған кезде туған адам мықты, бірақ ашуланшақ және дөкір болады (М.Ысқақов, Халық календары). Өзім қайбір жетісіп тұрған адам, оның үстіне мынаның кісіні ұрып жыққандай дөкір сөздері көңіліме тас кесектей тиді (Е.Мырзахметов, Өмір.).

280. **ДӨҢ** ауыс. *Мінезсіз, дөрекі, оғаш мінезді.* Мақтама – Нұрекедей дөң жігітті, Мақтайсың қайдағы бір кем жігітті (Айтыс). Күйеуінің кейбір оқыс дөң мінездерін кешіріп, ретсіз кетіп бара жатса, тежеп тастайды (М.Иманжанов, Алғашқы.). Әсте шыдамаса: – Мейлі. Көре жатамыз да, – деген Тұрарбек тосыннан дөң сөйлеп (Қ.Найманбаев, Беймезгіл қонақ).

281. **ДӨРЕКІ** сын. 1. *Тұрпайы, анайы, тым қарабайыр (сөз, қылық)*. Қыстан қалған қоқым-соқымды, әлдекімдердің дөрекі күлкісін, сұғанақ көзін, бояуы қашқан мүсіндерді, ескірген газет витриналарын көрмеді, естімеді (Х.Әбдібаев, Таңбалы адам). Қыбы қанып Түрік сұлтанның атына айтылған сөздер неғұрлым дөрекі, былапыт болған сайын, әлгілердің соғұрлым қыбы қанып, жандарына жаға түседі (М.Шоқай, Таңд. шығ.). Қаншама сыйымды ғып айтам дегенмен Ерғалидың осы сөзі – есіткен құлаққа бір түрлі жат, дөрекі секілденіп тұрды (Б.Майлин, Таңд.). 2. *Бейахлақ, адамның намысын қорлайтын (іс-әрекет).* Әбден үрейлері ұшқан саяхатшылар автобустың есігін ішінен жауып алып, полицейлер келіп, оларды қайыршылардың торынан босатқанша тапжылмастан отырған көрінеді. Бұл әбден шектен шыққан дөрекі әдіс (Ә.Шәріпов, Қапастағы жұлдыздар). 3. *Дөкір, оспадар, ұрда-жық (мінез, қимыл, т.б.).* Әкесінің өркеуде озбыр дөрекі мінездері ұнамайды оған (С.Байжанов, Замандас туралы толғау). Осы бір шаш ал десе бас алатын, ұрда-жық дөрекі адамды Машановтың неге ұстап жүргенін Дәнеш басында түсіне алмай дал болған (Қ.Жұмаділов, Саржайлау). 4. *Оғаш, қиқы-жиқы, келіссіз.* Ең қорлық нәрсе, сағанақтар дұрыс айқаспайды. Шаңырақ көздері дөрекі, уықтар дұрыс қаламдалмаған («Мәдениет және тұрмыс»). Дінмұқан да ішінен елжіреп, дөрекі тұрпатты мына жігітке сүйінгендей болды (Д.Досанов, Тұлпар.). 5. *Жуан, нәзік емес.* Сүйек заттары сүйектің қабаттарын түзгенде, бірде пластинкалы, бірде дөрекі талшықты сүйекке тән көпіршелер түрінде пайда болады (Қ.Нұғматжанов, Гистология).

282. **ДУАЙПАТ** сын. *Долы, ашулы, дөрекі.* Бұрын да айлы түндегі арық қояндай қорқақтап, дуайпат өгей шешенің қолына қараған жетім баладай жаутаңдауық болған Алсай-Сараның ендігі күні мүлде мүшкіл (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). Әйтпесе оның дуайпат мінезін көріп келе жатырмыз біз (А.Нысаналин, Армысың.). // *Жаман, арам нәрсе.* Дүн-дүниенің бәрі мәре-сәре. Аз күнгі көрген қиындық жайына қалды. Неңді аярсың, арыстай азаматың отанына оралғанда. Барымды салып, той-томалағымызды жасадық. Сонда көрдік қой арақ деген дуайпатты (К.Ахметбеков, Ақдала).

283. **ДУАСЫЗ АУЫЗ** *Сөзі берекесіз, көкіме, бәтуасыз адам*. Өз басыңды білмеймін, ал әкеңді көр-ріп едім… Пақыр көпірме болатын. Қызыл сөзді желге шашқан, дуасыз ауыздың нағыз өзі еді ғой, – деп қарт софы кеңкілдеп күлді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

284. **ДУАСЫЗ** сын. *Пәтуасыз, еліктегіш*. Кім біліпті соны. Еркек деген бір дуасыз халық қой. Біреу бетіне күле қараса, соңына түсіп алады да, мақсатына жетпей қоймайды (Қ.Нұрғалиев, Екінші.).

285. **ДУМАНГЕР** сын. *Думаншыл, сауықшыл*. Артық деп ұқпа сөзімді, Қайсыбір ұлың думангер, Сыйламай жүрсе өзіңді, Алысқа жұмса, туған жер! (Қ.Мұқашев, Дүбір).

286. **ДУМАНШЫЛ** сын. *Сауық-сайранды жақсы көретін, сауықшыл.* Жастар да желігіп думаншыл боп алды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Албырт мінезді, думаншыл өлеңші төр алдындағы құдашаға жақындай берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Тойшыл, думаншыл бала асауды бас білдіргіш жылқышыларға, ән мен ертекке шебер қойшыларға көбірек дос болып өседі (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Осынау думаншыл жастар арасында, бәлкім, Базарбай да жүрген шығар? Сергей буырқана түрегелді (С.Омаров, Жүйрік.).

287. **ДҮДӘМАЛШЫЛ** сын. *Күмәнданғыш, күдіктенгіш.* Айтқаныма сен, дүдәмалшыл болма, – деді ол (Ауызекі).

288. **ДҮМ КЕУДЕ** *Мақтаншақ, ар жағында түгі жоқ құр кеуде*. Бұл жұрт өзін би қойғыш, сондай «жекешап» дүмкеуделерді «жақсы» атандыруға неге албыртады! (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса).

289. **ДҮНИЕЖАНДЫ** сын. *Дүниеқор, дүние-мүлікті ұнататын.* Хасен дүниежанды жігіт. Сол бір сырын сезімтал Шакизат қана білетін (Д.Әбілев, Арман.). Қасымның әкесінің дүниежанды адамдай көрінгені рас («Еңбек туы».). Сен екеуміздің дүниежанды болуымызға осы жағдай әсер еткен болар («Қаз. әдеб.»).

290. **ДҮНИЕҚОҢЫЗ** сын. *Дүниеқор, дүние-жанды, дүние жинауға тоймайтын.* Дүйсен жаннан асқан дүниеқоңыз. Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады (М.Әуезов, Қараш.). Ағасының іні бойынан ұнатар жалғыз қасиеті – дүниеқоңыз еместігі (Ж.Молдағалиев, Екі дос.). Ойында болсын, досым, – деді Фараби, – өз басынан өзі мін таба алмағандар дүниеқоңыз хайуандар деп біліңіз (А.Машанов).

291. **ДҮНИЕҚОР** сын. *Дүниеқоңыз, дүниеқұмар*. Мал қызығына батқан дүниеқор, сараң Қарабайда ар-ұят, әділет жоқ. Ол ерге де, елге де опасыз, тас бауыр, өзімшіл (М.Әуезов, Әр жыл.). Малжан малдан басқа еш нәрсені білмей өткен нағыз феодал. Қарасай ақша арқылы дүниені жалмаған қара қоңыз, дүниеқор жанның өкілі («Қаз. әдеб.»). Дүниеқор сол байдың Дүниеден жалғыз мұны бар, Бір перзенткезар болған (С.Сейфуллин, Шығ.).

292. **ДҮНИЕҚҰМАР** сын. *Дүниежанды, дүние, мал-мүлікті ұнататын, қызыққыш.* Біреулер дүниеқұмар, енді біреулер сараң, санасыз деп мысқылдайды (М.Иманжанов, Менің махабб.). Қазынадан үлес сұрайтын дүниеқұмар болсаң, үйіндегі алтынды неге алып шықтың? (С.Жұбатыров, Алыс.). – Жоқ, жоқ, өзі дүниеқұмар болса керек, – деді ол (С.Ақтаев).

293. **ДҮРКІНШІЛ** сын. сөйл. *Елірме, даурықпа.* Дүркіншіл Шәукен соған мәз еді де, Басқадай жаңалыққа аз ебі де. Бізге тек рекорд керек — деп өзеуреп, Соған: бір жеткен бүгін кезеңі де (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Дабыл қып бүкіл ауданға Дүркіншіл кәрі айқайды Қаулыта «істі» жалғауға Нұсқауды сыммен айдайды (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

294. **ДЫЗЫЛДАҚ** сын. экспр. *Дыз-дыз етіп күйгелектене беретін мазасыз, шыдамсыз, алып-ұшпа.* Дызылдақ та безілдек күйініш сөздер, өңешіне кірпіш құлаған ескі пештің мойнынан үздік-үздік қақалып шыққан ашы қара түтін сияқты ыза сөздер (Д.Әбілев, Баянауыл.). Тай шабысты дызылдақ біреуі, Қайырбектің халін білгелі келгендерін, не жасы үлкен ақсақалын тоспай, не жолы үлкен директорына қарамай, жұрттан бұрын сайрады (З.Шашкин, Сенім). Тегінде Әбуов тым пысық, дызылдақ адамдарды ұнатпайтын (Б.Тоғысбаев, Боз жорға).

295. **ДЫЗЫЛДАУЫҚ** сын. сөйл. *Дызылдақ.* Жас адамға дызылдауық болу келіспейді (Ауызекі).

296. **ДЫҚТЫ** сын. *Кекті, өшті, зілді*. Жаумен беттескен майданда батыр достарынан айырылған ақын әрі кекті, әрі дықты (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Үйреткен Аржасыпқа жадылықты, Бір дию бұл қатарда бар ед мықты. Достымның дәулетін бұл күндеді-ау деп,

Зәрдәшті жау санап, болды дықты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Хан ағаның қаһары қиын. Құдай аты аталған, қалыңмалы және төленген. Тек көңілі дықты (М.Мағауин, Аласапыран).

297. **ДЫҚШЫЛ** сын. *Көңілге алғыш, болар-болмасқа ренжігіш*. Бұл ойымды Арманға айтуға батпадым. Жетім көңіл дықшыл, өкпелетіп алармын дедім (Н.Сералиев, Қаңтар). Анашым тірі болса, бұлайша қаңғып жүрмес едім-ау, «Жетім қозы тасбауыр» дегендей, кім білсін, мұнша дықшыл болмаған болар ма едім (А.Мекебаев, Бойжеткен). Басынан бір сөз асырмайтын дықшыл. Өткен жазда қаталап келе жатқан Сауранбай ат сауырын қимай кетті (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

298. **ДЫРДУШЫЛ** сын. *Ойын-сауықшыл, думаншыл*. Бұлардың бәрі де мінезсіз, дырдушыл балалар. Ұлттық сипат мәселесі бұл сыңайда көрінбес болар («Қаз. әдеб.»). Әріптестерін арақпен ауыздандыруға құмартып тұратын дырдушыл қызметкерлер, тіпті қол астындағы адамдарға ала-құла қарайтын бастықтар жоқ па? («Қазақст. әйелдері»).

299. **ДЫРҚЫ** сын. сөйл. *Көп күле беретін, күлегеш*. – Әй, дырқым-ай, қарғайын десем, жалғызсың; қарғамайын десем, жалмауызсың. О, хазірет, қажыдым (О.Әубәкіров, Жасыр.). Дырқы адамды жақтырмайтын мінезім бар (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

300. **ДІГІРЛЕК** сын. *Зіркілдеген, өктем.* Түні бойы жылымның шығар дөңгелегін айналдырып қоятындығы ма, жоқ әлде дігірлек бұйрықшылдығы ма, әйтеуір ол бір түрлі қорқынышты, қатыгез адам сияқты еді (М.Айымбетов, Шілде. күні).

301. **ДІКІЛДЕК** сын. сөйл. *Тықылдақ, бөспе.* Қазір кәріні кәрі, жасты жас демейтін дікілдектер қаншама. Мынау солардың ішіндегі естісі (Д.Досжанов, Зауал).

302. **ДІЛДАР** зат. *Тілі мен жағына сүйенген берекесіздеу адам.* Шешенсіген ділдардан үндемейтін есті артық (Мақал).

303. **ЕБДЕЙСІЗ** сын. 1. *Ебедейсіз (икемсіз, оралымсыз, епсіз; қорбиған).* Жігіттің ебдейсіз саусақтары қалай қарай қозғалса, бұрандасы түспегір оның айтқанын қалт қылмай әлгі қолдың ыңғайына жығыла береді (Б.Алдамжаров, Қара нөсер). Ол өз пайдасына келгенде сол ебдейсіз денесімен ұршықша айналады (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов.). Ол орнынан тұрып, сипалап жүріп, Қарабаланың жанынан темекі дорба мен шырпы тауып алды да, ебдейсіз қолдарымен шоқпалақтай қылып орап тарта бастады (Балдәурен). 2. *Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет; ерсі.* Кіреукеленген көзінде сәуле жоқ, жараның орнындай шүңірейеді де, қоңқақ мұрыны мен өрескел аузы ол да жансыз, ағаштан ойып жасай салғандай ебдейсіз (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Сорайған ұзын бойынан қысылғандай, ебдейсіз қимылдап, брезент плащының шұбатылған етегі қаудырлай береді (Б.Тілегенов, Көктем.).

304. **ЕБЕДЕЙСІЗ** сын. 1. *Икемсіз, оралымсыз, қорбиған*. Өзі [Нұрғали] ебедейсіз үлкен жігіт, оның үстінесөлекет киімдер қосылыпты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Аты бір нәрседен бесең алып, жалт бергенде Шермектің ебедейсіз тоқымы қолбаң етіп, ер-тоқымды құшақтай аттан қалпақтай ұшқан секілді болды (Б.Майлин, Шығ.). Қаршадайынан темірді қанша илеген ағамның добалдай саусақтарының жіп-жіңішке қаламды тым ебедейсіз ұстағанын көргенде менің күлкім келіп кетті (Ө.Қанахин, Жер бас.). 2. *Ыңғайсыз, жөнсіз, сөлекет, ерсі*. Ол өзінің осы ебедейсіз халін өзі мысқылдағандай Айдынға қарап күліп қояды (К.Сақабаев, Көктас.). Қадыр қос шелек жылы суды Мөңке қарттың қасына апарып қойып, ебедейсіз қимылмен жейдесін, тоқымасын легенге араластыра салып, шелекке қол созғанда, Халима шыдай алмай дауыстап жіберді (Т.Жұртбаев, Бесқарагер).

305. **ЕБЕЛЕК** сын. 1. *Дәрменсіз, әлсіз, қауқарсыз.* Жалпы сағалағанды бағалағандар да бар шығар. Қайтеміз, ердің ебелегінен сақтасын дейміз де (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). Мен жалғыз екенмін, мен әлсіз екенмін, күшті жел тұрса домалай безетін ебелек екенмін (Ж.Саин, Жол үсті.). Еркі желдің еркінде, Ел емес едім, ебелек. Өткен күнде белгі жоқ, Айтып-айтпай не керек (І.Жансүгіров, Шығ.). 2. *Ұшып-қонған, қалбалақ, жеңілтек, ұшқалақ.* Ұшқыны жоқ, бейне ебелек – Бір қызға мен жолықтым, Жаны жалған жан екен тек, Қаштым, сүймей «қорықтым» (Т.Жароков, Шығ. жин.). Бейімған қарт шыбын жанын ала ұшып, жүгіріп тұрған бір ебелек жан («Қаз. әдеб.»).

306. **ЕГЕСШІЛ** сын. *Тайталасқа құмар, ерегіспе.* Нұрғанымның кәр өтпес шұғылалы жүзіне егесшіл бір мысқыл толыпты (М.Әуезов, Абай жолы). Мақсат өзінің егесшіл мінезіне батып бет бақтырмады («Қаз. әдеб.»).

307. **ЕГІЛГІШ** сын. *Күйінгіш, күйзелгіш; күйрек.* Үнсіз-түнсіз төмен қарап жер шұқылай береді. Егілгіш-ақ, мүжіліп жүдеп барады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жүрегім босқа егілген шығар. Егілгіш, еліккіш жүрек шығар менікі (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира).

308. **ЕЗ ЖІГІТ** *Ар-намысы кем, ынжық, жасық адам.* Ұқпайсың бізді демейік Емессің ғой ез жігіт, Есбол-ау, саған сенейік Тоңбайын жұртты тез жібіт (Х.Ерғалиев, Өлеңд.).

309. **ЕЗ** сын. *Ынжық, жасық, шірік, бос.* Адамның қорлауына адамның езі, ынжығы ғана көнеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.). Әділет басқан есермесөзге жуық келер ме? Түзу сөзге сенер ме, Түзелмесін білген ез Ер артық сұраса да, азға разы болады. Ез аз сұрар артылтып берсең де разы болмас (Абай, Тол. жин.). Иә, бұл кезең ер мен ездің, жасық пен құрыштың не екенін ажырататын шақ қой (Ә.Әлішев, Батыр.). Өңшең ез! Сендер жау түсірмек түгіл, өздерің олжаға кетерсіңдер (І.Есенберлин, Алмас.).

310. **ЕЗБАЛДАҚ** зат. *Бос сөз, шатпақ; көк-мылжың, езбе.* Хазірет пен Әбунүсіптің сол езбалдағының өзіне мынау отырған қошеметшілердің кейбіреуі аузын аңқайта тыңдағансыды (Д.Әбілев, Ақын.). Одан да маған «сені сүймеймін, тұрып болдым, енді басқамен тұрамын» демедің бе?! Қорқып, қалтырап өмір сүргенше! Езбалдақ! (Е.Домбаев, Ол осындай.).

311. **ЕЗГЕК** сын. сөйл. *Уайым-қайғыға тез берілгіш; күйрек, күйреуік.* Өмірлері өкіністі екі жан осы отырысымен бір-біріне шағынған, бірін-бірі жұбатқан, елжіреуік, езгек күйде еді (С.Мұратбеков, Жабайы.).

312. **ЕЗГІШ** ауыс. *Көп сөйлегіш, мыжыма, мылжың.* Бір жол сия, дәру деп езгіш көрдім, Қиялменен жер, көкті кезгіш көрдім. Қарғысын – дозақ, алғысын – жұмақ қылып, Көзінен көз айырса безгіш көрдім (С.Торайғыров, Мағынасыз.).

313. **ЕЗМАЛТА** сын. 1. *Көкмылжың, көп сөйлейтін езбе.* ≈ Езмалта құрбысы. // *Мылжың адам, көп сөйлейтін езбе кісі.* Езмалтаның сөзінде, Шындық бар деп сезінбе (Мақал). Істер ана өзің сияқты ез мал т ала р, – деп, Жазира даңғарадай төрт бөлмелі үйде біреу тыңдап тұрғандай сыбырлай сөйледі («Қаз.әдеб.»). – Түркістан тарихы, Түркістан мәдениеті жәйлі, биік Түркістан тұғырысында әр сағат түсіндірдім. – Езмалтаңды (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). 2. жерг. *Жарымес, нақұрыс*. Соның өзі езмалта болғаннан сау ма? (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

314. **ЕКІ АЯҒЫН БІР ЕТІККЕ ТЫҒАТЫН** *Жанын шығаратын, апшысын қуыратын.* Кеше Қарлығаш бізді жұмыстан алып қалып, екі аяғымызды бір етікке тықты (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). Дүниесін фактурамен дұрыстап алайын деп жүрген баланың екі аяғын бір етікке тығып, жұрт тақымдап болмады (С.Жүнісов, Жапанда.). Үш комбайнға төрт-ақ машина. Тым жеткіліксіз екен. Бір Төлегеннің өзі екі аяғымызды бір етікке тығып жатыр («Лен. жас»).

315. **ЕКІЖҮЗДІ** сын. *Сөзінде тұрақ жоқ, бірде олай, бірде бұлай сөйлейтін; қу, айлакер, зымиян.* Десе де кеңес үкіметі екіжүзді саясат ұстанды: қаржылай көмекті көз қылып беруін бергенмен, екі досты Саратовта тұтқындап, ол ақшаларын қайта алып қойды (Сыздықова, Әнес). Екіжүзді, сұрқия адвокат Мәкен дәлме-дәл және нанымды бейнелеп, мейманның епті сыңары етіп көрсетілген (М.Қаратаев). – Адам әрқилы текке жатады. Біреу ақылды, біреу ақымақ, біреу екіжүзді, айлакер, қулығын асырғыш. Енді біреу маубас, момын (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Есеңгіреп жүрмесең, Елді неге даттайсың. Екіжүзді болмасаң, Байды неге мақтайсың (Жамбыл, Таңд. жин.).

316. **ЕКІСӨЗДІ** сын. жағымсыз. *Сөзінде тұрақ жоқ, пәтуасыз, өтірікші.* Жұрттың бәрі сөз сатқан, Сатып алып не керек? Екісөзді Тәңір атқан – Шыр айналған дөңгелек (Абай, Тол. жин.). Екісөзді, қатал, бірақ жұрттың бәрі оны жақсы көреді. Махаббатқа адал («Жас Алаш»). Екісөзді шерменде арын сатқан. Адамдарды араз ғып шағыстырып, Аузы ептілер арадан пайда тапқан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Екісөзді болып елеңдеп жүргеннен, бір сөзді болып мерт кеткен дұрыс (Б.Момышұлы).

317. **ЕЛТІГІШ** сын. *Бір нәрсеге елтіп кеткіш, елтуге бейім.* Сонымен бірге [Ғайша] жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, соның барлық мауыққыш, елтігіш тұлғасын көріп шыққандай болды (М.Әуезов, Қараш.). Бақытты едім. Ойдан жырақ, елтігіш кезімде мен Алалығын өмірдің сезінбеп ем (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.).

318. **ЕНЖАР** сын. *Ниетсіз, ынтасыз*. Ынталының ісі лезде бітеді, Енжардың ісі кейін кетеді (Мақал).

319. **ЕПСІЗ** сын. 1. *Епті емес, орашолақ, олақ.* Жас келіннің алғашқы уақыттағы епсіз істеріне, жөнін білмей бүлдіріп алған шаруаларына ренжімеді, қабақ шытып кейімеді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Біреу епті өмірде, біреу епсіз Жай ғана адамдар бар кереметсіз. Айғайсыз-ақ өз ойын айтатын бар, Тыңдап болмай, оған сіз не демексіз (Ә.Тәжібаев, Кеше.). Епсіздің еңбегі еш (Мақал). 2. *Әдіс-айласы жоқ, құр тоқпақ.* Епсіз, айласыз ештеңе де шығара алмайсың. Байлық, бақ, атақ деген нәрселер өз аяғымен келмесе керек (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

320. **ЕПШІЛ** сын. *Айлакер, тәсілқой, епті*. Епшіл емсек жылпыңдар, Мазаны алды тықылдап. Жаңа ойладым, жығуға, Кім мені жүрген сиқырлап (І.Жансүгіров, Шығ.). Кекшіл болма, епшіл бол (Мақал).

321. **ЕРЕГІСКІШ** сын. *Өштескіш, егескіш, қасарысқыш*. Оған қараған Оспан жоқ. Бұл бір ерегескіш мінезі бар, қисықтау кісі еді (Ғ.Қайырбеков, Шығ.). Қозғалмасақ, қонармыз, – деді Шоқан, ерегіскіш мінезді ұстай ғап (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

322. **ЕРЕГІСІМПАЗ** сын. *Ерегіспе, ерегіскіш*. Ерегісімпаз мінезімен аты шыққан адам осы Оспан («Қаз.әдеб.»). Ерегісімпаз кісі кекшіл келеді (“Жұлдыз”).

323. **ЕРЕПЕЙСІЗ** сын. *Ебедейсіз, қолапайсыз*. Дөңес қабағының үстіндегі қалың қасы бұрынғыдай ерепейсіз дүрдимей, жапсыра сылап қойғандай аздап жылтырайды (А.Лекеров, Түз гүлі). Тізеден төмен салбыраған ерепейсіз ұзын жеңді, салпылдаған ұзын сырғалы әйелдер, бір сөзбен айтқанда, өңшең қара халық қақ айырылып, жапырыла жол ашты (М.Мағауин, Аласапыран). Кабинетте жалғыз қалған Ланке орнынан тұрып, әрі-бері жүре бастады. Серейген аяқтары тіпті ерепейсіз ұзын еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Шашы алынған тап-тақыр басы ерепейсіз үлкен болып көрінді Нартайлаққа (А.Жүнісов, Өмір ізі).

324. **ЕРКЕ-ШОРА** 1. сын. *Бетімен еркін өскен, бұла.* Ерке-шора бай қызы бір жағы қалжыңбастық, еркелікпен, екінші жағынан, жігіттердің намыстарына тиіп мазақ етті (І.Есенберлин, Жанталас). Темірланның көз алдына сүп-сүйкімді, тұлымшағы желбіреген ерке-шора Жанар мен мейірім шуағы мол шешесінің бейнесі тұра қалды (Дөңгеле, күн, дөңгеле). 2. сөйл. *Еркек-шора.* Әсия да жетім болды, бірақ ағаларының қанат астында ерке-шора өсті (Х.Рахимов, Қарлығаш). Өнерлі жастардың ішінде скрипкашы Ізкеш, домбырашы Ысқақ, ерке-шора Мағрипа Тұрағұл қызы да бар (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

325. **ЕРІНШЕК** сын. *Мойны жар бермейтін кежір, жалқау.* Шырақтар, ең құмарың осы болсын, «Алла сүйсең, адамды сүй» дегендей. Құмарың бір, ісің көп болсын, жаным, Көпке құмар, еріншек болма мендей (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Еріншек етікшіден, елгезек масақшы артық (Мақал). Қайырсыз сараң малыңды, Еріншек есек жарыңды, Халыққа емес сыйымды Парақор баспақ биіңді, Ел бүлдіргіш бегіңді Улы тілмен улаттым (Дулат Бабатайұлы, Замана). // *Кежір, жалқау адам.* Теңгеге телміретін еріншектер, Түспеген желектері келіншектер. Қайырмай қайын атасын, «ұялам» деп, Бет басып, сырт айналып, шегіншектер (М.Дулатов, Шығ.). Еріншектің бір мінезі – еміншек (Мақал). Еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұспан болды (Абай, Тол. жин.). // *Жалқаулық, еріншектік.* Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ, – Бес дұшпаның, білсеңіз (Абай, Тол. жин.).

326. **ЕСЕКТЕН ДЕ ЖУАС** *Момын, көнбіс*. Есектен де жуас боп, Қолынан түсті таяғы (І.Жансүгіров, Шығ.).

327. **ЕСЕПДАН** сын. 1. *Есепқор, есепшіл, ұсақ.* Ол есепдан кісі болатын, – деді қария оған шамданбай. – Қымыз түгіл, шалаптың сауабы да оралады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен.). Есепдан кісінің әр нәрсеге сақтықпен қарайтын әдеті емес пе (Алғы шепте).

328. **ЕСЕПДАР** сын. *Есепқор, есепшіл, санасуға бейім.* Әйелдердің еркектермен салыстырғанда есепдар болатыны белгілі («Қаз. әдеб.»).

329. **ЕСЕПҚОЙ** сын. *Есепшіл, санасып қалған, ұсақ (адам).* «Мырза» деген жай сөз, оның қайырымы сатулы, есепқой адам (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Шара жоқ тауым шағылса, Шамамды білмей, шақтамай. Қиындық көріп тосылсам, Есепқой достан сақтағай (Ө.Жайлауов, Шопан.). Күмісбегің құм санаған есепқой (Д.Досжанов, Кісі ақысы).

330. **ЕСЕПҚОР** сын. 1. *Есепшіл, пайдакүнем.* Кіріс-шығыс, пайда-шығынның бірін елемейтіндей көретін Игілік бұл далада теңдесі жоқ есепқор еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Есепқор әке қызының туған күнінің тойын мектеп бітіру тойымен әдейі ұштастырған (Ә.Нәбиев, Ауыр апта).

331. **ЕСЕРСОҚ** сын. *Нақұрыс, әумесер, есірік, ұрда-жық.* – Сіздің генерал-губернаторыңыз тек қана есерсоқ емес, орыс патшалығының барлық есуастық зұлматының айнасы (С.Бегалин, Шоқан асу.). Айтанның өзі де кәдуілгі адамға ұқсамайды, жын буған түзік те, ақылы бүтін есерсоқ та емес (М.Мағауин, Көк кептер). Сол кезде справник тағы келді, Малайды қағыстырып көп тексерді. Шатпақтап малай жөн сөз айтпаған соң, Есерсоқ жынды ғой деп қоя берді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Есерсоқтың ақылы түстен кейін кіреді (Мақал-мәтел).

332. **ЕССІЗ** сын. *Жарымес, есерсоқ, жынды.* Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағашат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады (Абай, Тол. жин.). Біз даланың ессіз есерлеріміз ғой (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Көкшағыр ес сіз адамдай, бажырая қарады (Д.Әбілев, Арман.). // *Ақылы кем, ақымақ адам.* Мен үшін жүдеп, мынадай ессіздердің алдында қор болмаңыз (С.Жүнісов, Ақан сері). Айтқаның ақылдыға әсер етер, Көгалға көктемдегі дым секілді. Ессізге есіл сөзің еш болады, Кереңге көзбен еткен ым секілді (Т.Ізтілеуов, Назым).

333. **ЕССІЗ-ОЙСЫЗ** сын. *Ақылсыз, жарымес.* Біреу! Біреу – мыңның бірі. Ноль емес! «Бірді» ноль деу – ессіз-ойсыз ерегес. Тоғыз жүз де тоқсан тоғыз – бірсіз мың. «Мың» мен «бірді» бөле қарау жөн емес (М.Әлімбаев, Жүрек.).

334. **ЕСІРІК** сын. 1. *Есерсоқ, есуас, ақымақ.* Маңдайынан сипағанмен, ес ірік есіркегенді білмейді. Аз да болса ащының дәмін татқызу керек (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Қызымның естиярлығы кейбір есірік еркектен артып түскеніне қуанбасам ренжімеймін (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Бір есірік бай бопты, Байлығында есеп жоқ. Өзінен басқа адамды Ойлайды екен есек деп (Е.Елубаев, Көкпар). Есіріктің мағынасыз мылжыңынан әбден зеріксе керек, Михаил Иванович зекіп тастады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). 2. *Дандайсыған, асып-тасқан, асқақтаған*. Байсалбайдың манадан бері ес ірік көңілі аяқ астында құлазып қалды. Бес бөлмелі үйде өзіне серік болар жан жоқ (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Үлде мен бүлдеге оранған, бар-жоқты білмейтін талай есірікті басып озар түрің бар (Х. Ерғалиев, Шындық.). // *Ақылға көнбейтін, қызба, өз білермендігімен жүретін адам.* Келеге келмес кесір мен кеселін, айтқанға емес есірігі мен есерін. Есіріктерді Қарғайсың мынау отырған есіріктерді. Мынау жүгенсіздер, анау қасын көрген жеңгесі Шәкетті бұзбай қояр ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Туа араз болып туғандар, Кектерін қанмен жуғандар. Әрқайсысы «үстеммін!» деп айғайлап, Есіріктен екі көзі тұнғандар (Ж.Қыдыров, Шынарым). 3. *Құтырынған, жынданған, лепірген.* Өлтірейін мен ол жетпегірді. Адамды алдау қалай болатынын көрсетейін мен оған! – деген есірік айқай бәрібір басылмады (Ә.Тарази, Асу-асу). Елеуреген есірік елдің бәрі, Өңкей батыр пәлеқор жас пен кәрі. Сені адам деп ескеріп кім елейді, Құлап қалған қу молаң кімге дәрі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әбу Насыр әңгүдік ғалымдардың таусылмас дау-дамайынан, есірік сауық-сайраннан безердей боп кеткен («Білім және еңбек»). Есіріктің қылығын есі кеткен ғана жасайды (Мақал-мәтел). Сырттай осының бірін қалт жібермей отырған Қалқаман қызғаныштың ес ірік отын шарпып жіберді

(К.Ахметбеков, Сый орамал). Ақылдысы тиме деп, Есірігі кимелеп, Ұрып жүр басқа шолтаңдап (Ү.Кәрібаев, Шығ.). Әлде Титанның алғашқы сақшысы, Әлде бір есірік қобызшы, Әлде өзіндей желек жамылып, Қолтығына қылыш асынған, Қалпақты, арсыз бозбала (Ж.Аймауытов, Шығ.). 4. Е*сінен адасқан, шалықтаған, есеңгіреген, мәңгіреген.* Есін алып есірік еткен қатыгез аурудың қыспағында қалған бала үй ішіндегі жандардың толғаныс, күйзелісін де сезер емес (Саржайлау). Ақбала есін дұрыс білмейтін есірік халде. Алдынан жүгіріп шыққан екі бала оның түсінен шошынып, шегініп кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). // мед. *Есіріктік.* Ақыры ескі көңнің тұсынан ұстап, ауылға жетелеп алып келгенде, кемпір бірімізді танымай, аппақ құдай шашы жалбырап, беті қисайып, ықылық атып, есірік буып тұр екен (Т.Әбдіков, Күзгі жапырақ). 5. ауыс. *Алай-дүлей, есіресоққан.* Бұл екеуі бүгін де есірік желге қарамай, көк теңізбен алысып жүріп, ұшанға салған ауларын қарап шықты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Шөлдің есірік дауылы талай-талай керуендерді құм астына көміп те кеткен (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Оның үстіне биылғы жел біртүрлі есірік, жағалау қаймақшып, кілегейлене бастаса-ақ Арқадан шыққан қатты жел әлсіз мұзды бет ашыққа айдап қуып кетіп тұрады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

335. **ЕТЕККҰМАР** сын. *Жүргіш, нәпсіқұмар, әйелқұмар.* Оның да намыссыз, етекқұмар еркек атанғысы келмейді (Б.Нұржекеев, Шығ.).

336. **ЕШ НӘРСЕДЕН [ЕШТЕҢЕДЕН] ХАБАРСЫЗ** *Қаннен қаперсіз, алаңсыз, бейқам.* «Тұр, ұлым» деп дауыс бергенде ғана, ол еш нәрседен хабарсыз адамдай көзін уқалап, басын көтерді (Қ.Исабаев, соңғы .). Қадалып, аңдып жатқан қомағай көздер тіріліп, жана түсті. Ештеңеден хабарсыз бес-алты киік желе жортып, бұлаққа өтіп барады (С.Елубаев, Ойсыл қара).

337. **ЖАБАЙЫ МІНЕЗ** *Кісіге жұғымы жоқ дөрекі мінез.* Кең дүниені тарылтып тұратын жабайы мінезін жұмсарту еді (Д.Досжанов, Кісі ақысы).

338. **ЖАБЫҚ ЖАН** *Ашылып сөйлемейтін, тұйық.* Омардың байқауынша, бұл өзі жатбауыр, жабық жан көрінбейді. Қаржас ұрпағына тән тілі де бар (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

339. **ЖАБЫСҚАҚ** сын. *Кісіні жалықтырып, қыр соңынан қалмайтын.* Төргі үйдің есік жағындағы үстелді өзгертіп, хатшысы болып жабысқақ Мияш отыр (С.Сейфуллин, Әңгім.). Келесі сәтте басқарма әлгі сынды жабысқақ сұраушыдан мұнша оңай құтылғанына қуанды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүниесі құрғырдың жүзі ыстық қой. Ақыры Қали көнді, менің берген нәрселерімді алды да, үйге қайтты. Қызылкөз жабысқақ пәледен құтылғанымызға біз қуаныштымыз (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

340. **ЖАҒДАЙШЫЛ** сын. *Қошеметшіл, жағымпаз, жарамсақ.* Осындай көркем сынды жасырмаймын, Жағдайшыл, жарамсаққа бас ұрмаймын. Ақын дос, мақтанудың реті де бар, Құр босқа даурықпаңа қосылмаймын (Айтыс).

341. **ЖАҒЫМПАЗ** сын. экспр. *Жағыну үшін жалбақтайтын қошеметшіл, жарамсақ.* Көксеңгірге келген күннің ертеңінде қасына Сарманов, Данияр сияқты өзі құрбы, өзінің алдында құрдай жорғалайтын жағымпаз чиновниктерді, тілмаштарды ертіп алып, Оразбай аулына келіп түскен-ді (М.Әуезов, Шығ.). Губерниялық соттың қылмыс бөлімін басқарушы Жалмағамбет дейтін жігіт, тауқұдірет тұмсықтанған, қызыл шырайлы, тісінің бәрін алтынмен қаптаған, күлкішіл, кісіге жағымпаз адам болатын (Б.Майлин, Азамат.). Өз қабілетіне өзі сенбейтін, оңай жолмен пайда табуды немесе биікке қол жеткізуді мақсат тұтқан адамдар жағымпаз келеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Нұржанның бір бастығы болды, маңындағы жағымпаздары не айтса, соған құлағын тосып, соған сенетін де, солардың сөзімен жұртқа баға беретін (Ә.Шашкин, Өмір.).

342. **ЖАҒЫМСЫЗ** сын. *Сүйкімі жоқ, ұнамсыз.* Сол Қоңқай өң жағынан кескінсіз, мінезі одан да жағымсыз адам бола тұра Алуаға ұдайы жабысумен жүретін (М.Әуезов, Өскен өркен). Айнаш өз-өзінен абдырап, не дерін білмеді, әрі мынау кісінің көзі жағымсыз екен (М.Сүндетов, Құмдағы.). Шорманның мінезіндегі жағымсыз жайлар Ақшатауға келгеннен кейін қорексіз қалған қурайдай солды (Ж.Жұмаханов, Шұбартау таңы). Мақтан күйшіл

бүркіттей Бабын қалай табайын? Жағымсыз сөз әркімге Жұмсайтұғын малайын – Бәрі тегін жер тезек Қайсысын таңдап алайын? – Асыл сөзбен бұл кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

343. **ЖАҒЫНҒЫШ** сын. *Ұнауға тырысқыш, жарамсақтанғыш.* Жағынғыш шығар ол менен, Беделдіні таныған. Арға біткен кеудемен, Қайтып кімге табынам (Қ.Бекхожин, Қайран жас.).

344. **ЖАҒЫНЫМПАЗ** сын. сөйл. *Жағымпаз.* Шенқұмар, мансапқор топтың әмір иесіне жағынымпаз бір бейшара, мінезі де осы; күрессе жығылады, ойнаса ұтылады, қалжыңдасса жеңіледі (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

345. **ЖАЙБАР АУЫЗ** *Ашықауыз, аңқау*. Жолдастыққа санама, Жайбар ауыз көнтекті. Арабы нардың белгісі – Бұйдасын ірікпес, елпек-ті (О.Шораяқов, Шайыр).

346. **ЖАЙБАСАР** сын. 1. *Жұмысты сылбыр істейтін, ылдым-жылдым емес.* «Айттым ғой, сен жайбасарсың, әйтпесе Надяның ке-реуетін мен емес, сен көтеруге тиіс едің» – деп, тағы қалжыңдамақ (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Арбамен қоян алатын жайбасар заман емес бұл, асығу керек! (О.Бөкеев, Өз отың.). 2. *Жүрісі сылбыр, шабан.* Әлімқанның қимылдары салмақты, жүріс-тұрыстары марғау, сылбыр, түйенің жамбозы, шудалы жайбасар қара атан тәрізді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бұл да бір жайбасар екен, ештеңемесі жоқ, бірқалыпты жүрісімен тарта берді (М.Мағауин, Қиян). 3. *Бейқам, енжар.* Қап-қара қою шашымды сұйылтып, сол-ақ ағартатын болды. Әй, қанша айтсаң да сөз өтпейтін бір жайбасар еді-ау (Е. Қонарбаев, Түнгі от).

347. **ЖАЙСЫЗ** сын. *Лайықсыз, ретсіз; тиімсіз, қолайсыз.* Тығыздату керек... Елу басылар жайсыз, қолайсыз кісілер... (Ж.Аймауытов, Шығ.).

348. **ЖАЛАҚОР** зат. сөйл. *Жала жабушы, жалақор адам.* Байқағанға мен қуанам Онегинмен екі орамды Келекешіл кей оқушы, Не бір жорта жалақоршы (Н.Оңдасынов, Парсыша-қазақша түсін. сөзд.).

349. **ЖАЛБАҚАЙ** сын. экспр. *Жалбақ қаққыш, жарамсақ.* Әкесіндей ар-намыстан, адамдық абзал қасиеттен жұрдай, жағымпаз, жалбақай болып өссе ше? (Б. Аманшин, Жар мұңы). // *Жағымсыз, жарамсақ адамдар.* Қылмысты да, жай ғана көлеңкесінен қорыққан да, ит үргенге қосыла шапқан жалбақайлар да қозғалған сеңмен араласып, улап-шулап теңізге жөңкілді (Ә.Сараев, Тосқауыл). Бұл кезде Матай маңына жиналған жалбақайлар Шалқасқа атты мақтасып, дуылдасып жатыр еді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк)

350. **ЖАЛҚАУ** сын. *Жұмысқа мойны жал бермейтін еріншек, бойкүйез, кежір.* Өзенде балықшылар ау қарап жүр, Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған. «Аллалап», ал кітапты қолдарыңа! – Құлдарын құдай сүймес жалқау болған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты, Көндіріп кедейлікке жеткендігін? Ақылын жанашырдың алмаушы едің, Сөзіне, сірә, құлақ салмаушы едің (М.Дулатов, Шығ.). Шірімес алтын жерде жатқанменен, оқ өтпес ажалсызға атқанменен. Жалқауға сөз, жаманға таяқ өтпес, Тас жібімес дарияға батқанменен (Қаз. ақын. шығ.). Батыры көксер бас аман; Бәйбіше – тантық, бай – сараң; Бозбаласы – бошалаң; Қырсыға туды қыз балаң; Нары – жалқау, кер табан; Құсы – күйшіл, ат – шабан (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы).

351. **ЖАЛҚАУ-ЖАМПОЗ** зат. *Керенау, самарқау*. Үлкен жорыққа жолдан қосыла кетпек болып, жол тосып жүрген жалқау-жампоз қырт еркектер де бар екен (Ғ.Мүсірепов, Өмір.).

352. **ЖАЛМАУЫЗ** ауыс. *Қанағатсыз, обыр, аш көз.* Сабырсыз, арсыз, еріншек. Көрсе қызар, жалмауыз. Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан алауыз (Абай, Тол. жин.). – Алтында басың қалсын, Қарынбай! Оңбаған жалмауыз, теңіз суында елу миллион тоннаға жуық алтын барын білесің ғой (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз). Жайшылықта жан қиған, жақын дүние, Талып тұрсам, назарың салмадың ба? Ортекедей орғытып, оққа жығып, Жалмауыз жауыз жалған, жалмадың ба? (М.Жұмабаев, Шығ.). Тым болмаса, көкемді аясайшы. Мені саған қолымен бермегенін біледі. Тәңірі жазасын бергір жалмауыз (М.Дулатов, Шығ.).

353. **ЖАЛПАҚШЕШЕЙЛІК** зат. *Көрінгенге жалпақтаушылық, көңілшектік.* Бүгіннен бастап осы жалпақшешейлікпен қош айтысып, беті-жүзің демей нені болсын тура айтуға белімді бекем байлап отырмын (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

354. **ЖАЛТАҚШЫЛ** сын. *Жалтаң, именшек*. Жалтақшыл байлар, ә дегенде, үркіп қалса да, Оқпанбай тез ширап, кеудесіндегі патша медальдарын бір сипап қойды (Ж.Арыстанов, Таң.). Соңғы кездесуінде жалтақшыл жау самолетін прожектор сәулесінің найзадай ұшына қадап алды да, қайтып айрылмады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). // *Жалтаң, именшек адам.* Композитор сөзбен емес, іспен, еңбекпен көрінуді ұнатады. Жалтақшылды жақтырмай, жақсыны жанымен сүйеді (“Қаз. әдеб”.).

355. **ЖАЛТАҢКӨЗ** зат. 1. *Жалтақ, тайсақ*. Абрахмандікіне Әбіл деген бір жалтаңкөз, қыр мұрын қара жігіт келді (С.Сейфуллин, Тар жол.). 2. *Тәуелді, жалынышты.* Жақсылық бұрын нашар кедей күнінде маңындағы малды, жуан ауылдарға жалтаңкөз болушы еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қарағымның мойнына қарыз ғып, өзі жинаған азын-аулағын өзінің сауабынан аяйын деп отырғаным жоқ. Жалғыз-ақ дүниесі құрғырдың тарлығы жалтаңкөз қылып өлтіріп барады, – дейді кемпір (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

356. **ЖАЛТАҢШЫЛ** сын. *Жалтақ, қорғаншақ, именшек (адам).* Жан-жағына жалтаңшылды Жақын көріп жақтамайық. Жатыпішер, жаны аяулы Жалқаулардан сақтанайық (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.).

357. **ЖАЛТАРҒЫШ** сын. *Сенімсіз, тұрақсыз, бұлтарма*. Ол сиқыр күш әлі көп Жолабаевты да, бұрыс бұйрығы жалтарғыш құйрығы бар Қырғибаевты да қанатының астына алады екен (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

358. **ЖАЛЫНШАҚ** сын. 1. *Жалынып-жалпайғыш, жалынышты.* Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, жалыншақ, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). 2. ауыс. *Зәру, мұқтаж.* Жер тоймайды жеріне түлкі, қарсақ, Күн нұрына сондықтан ол жалыншақ. Бар ғасыр мен дәуірді жалмағанда Бөрі бөліп жегендей бір бауырсақ (Айтыс).

359. **ЖАЛЫНЫМПАЗ** сын. *Жалынып-жалпайғыш, өтінгіш.* Жалынымпаз, мойындатқыш, Білек ұстап, жүрек тартқыш. Махаббатты қуып қаққыш, Кездесуге сөз байлатқыш, Онан кейін оңашалап, Ол әйелге берер сабақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

360. **ЖАМАН АДАМ** *Қоғамда қалыптасқан әдеп, ахлақ, ізгілік нормаларына қайшы мінез-құлық, әрекет иесінің жалпы атауы.* Жаман адам зорлықшыл, Жақын жерге тыртаңдап, Ажарсыз жігіт қайынға Алдырар сырын жыртаңдап (Бес ғасыр.).

361. **ЖАМАН** сын. *Ақымақ, ессіз.* Әрбір жаман кісінің жаман қылығына күлсең, оған рақаттанып күлме, ыза болғаныннан күл (Абай, Тол. жин.) Жаманмен жолдас болсаңыз, Көрінгенге күлкі етер. Жақсымен жолдас болсаңыз Айырылмасқа серт етер (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Қарғадан қарға туар қаңқылдаған, Жаманнан жақсы туар жарқылдаған, Дегендер мен жақсымын толып жатыр, Пайдасы өз басынан артылмаған (Бес ғасыр.). Шығармын тірі болсам адам болып, Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып. Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе? Жүргенше өмір сүріп надан болып (С.Торайғыров, Шығ.).

362. **ЖАНБАҚТЫ** сын. *Жалқау, жатыпішер.* Жанбақты жалқаулықты жақтырмаған қазақ халқы бұрынғы заманда «Еңбегі аздың – өнбегі аз» деген (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

363. **ЖАНЖАЛҚОЙ** сын. *Жанжалға әуес, жанжалқұмар.* Сағит Айсұлуды тағы да бөгеп: – Сөз-зім бар, тыңдайсың сен.., – деп енді анық мастық жеңген жанжал қой, сотқар зорлыққа ауыса бастап еді (М.Әуезов, Өскен өркен). Әбдінің соққысы тигенде жанжал қой Қорабайдың да оң иығы сынып кеткендей сытыр етті (М.Әуезов, Шығ.). Хантемір қызба. Жанжал қой, денелі, күшті. Әр мезгілде курстарда оқып сауаттанған: оқиды, жазады. Қабілеті де жаман емес (Т.Нұртазин, Үлкен жолда). Қадырбайда теріс азу, жанжал қой адамның характері айқын да, әлеуметтік типтің бояулары жетпей жатыр (Ғ.Мүсірепов, Суреттер парызы). Осы қалада ел қарғысын алған Степан ішіп алса, ешкімге тыныштық бермейтін соқтыққыш, жанжал қой (Х.Рахимов).

364. **ЖАНЖАЛШЫЛ** сын. *Жанжалға әуес, жанжалқой, ұрысқұмар*. Кеше бір биші қызға арнапсың жыр, Толқын шашты, көзінен төгілген нұр. Сөз бізге махаббат лирикасы Керек-ақ болмайықшы жанжалшыл құр (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Шыңғыс нағашы жұртына тартқан ақсары, шегір көз. Төре тұқымының жанжалшыл, ұрда-жық мінезінің бәрі де бойына біткен (І.Есенберлин, Қаһар).

365. **ЖАНЫ ҚАРА** *Қараниетті, арам*. Қуанба әлі, жаны қара жауыздар, – Ішкі, сыртқы арамқанды ауыздар, Еңбекші әлем сүйікті ұлын ұмытпас, Кегін кектер пролетариат бауырлар! (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

366. **ЖАНЫ ТӘТТІ** 1. жағымсыз. *Жеке басын, өз жанын ойлап қалған, жанынан ары садаға (адам).* Тартынсаң жаны тәтті неме екенсің, Ұйпап, күзеп алайын сор бағыңды (М.Әуезов, Шығ.). 2. мысқыл. *Кім өмір сүргісі келмейді, өмір қымбат, күн көру керек деген мағынадағы сөзқолданыс.* Мінекей жасым келді екі жүзге, Жалғанда жаны тәтті жалғыз біз бе? Өлімнен мен де ықтадым, құтыла алмай, Ұстайды әлде үйде, әлде түзде (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

367. **ЖАҢҒАЛАҚ** сын. 1. *Ұшқалақ, шыдамсыз.* Жиналыстарда оған қарсы жаңғыз-ақ бір жаңғалақ шал сөйлейтін (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Оның бас бухгалтерлікке қолын жеткізіп жүрген осы зеректігі, әйтпесе мінезі тым жаңғалақ (Ә.Сараев, Тосқауыл). Мен жүгіріп барған кезде әлгі қара дәу Керболды қойып-ақ жібергені. Өзі жаңғалақ, жеңіл Кербол мұрттай ұшты (Ә.Бүркітбаев, Жетімек.). 2. *Ұмытшақ.* Бала тәрбиесіне байланысты мақал-мәтелдердің өзін алсақ та сондай көпке ортақ, ертеде қалыптасқан. Мысалы «Жаңғалақ жарым – еспен тең», «Талаптыға нұр жауар», «Бала теңіне қарап өседі» т.б. дегендер («Мәдениет және тұрмыс»).

368. **ЖАҢЫЛҒЫШ** сын. *Жаңыла бергіш.* Саусақтар да жаңылғыш. Көз көргенді қол көтермейді (С.Сматаев, Елімай).

369. **ЖАҢЫЛЫСҚЫШ** сын. *Жаңылыса беретін, шатасқыш*. Сен сөзіңнен жаңылысқыш боп кетіпсің ғой (Ауызекі).

370. **ЖАР КӨКІРЕК** *Тоң мойын, бір бет*. Сынатар жаратылған жүйрік аттай, Жүргізіп өзін-өзі дөңеспенен. Жаманды жар көкірек жан деп білме, Құр кеуде көпті жеңген өңешпенен (Т.Ізтілеуов, Назым.).

371. **ЖАРАМСАҚ** сын. *Біреуге жақсы атанғыш, жағымпаз*. Естай деген бір жарамсақ таз қойшы бар еді. Байына жағынам деп, сол иттің бүлдіргені. Шабынбай екі қой, екі киім ақымды шығарда бермей қалды (Ж.Аймауытов. Шығ.). Ақ көңілдігі маған да ұнайды, бірақ үлкенге табынғыш, өте жарамсақ жан (С. Талжанов, Ұлдай кегі). Абай ж арамсақ, жалтақ, қызыққұмар ақындармен айқаса шықты (Т.Әлімқұлов. Абай). Қинайды-ау әлдекімнен именгенің, Жарамсақ жалынышты күйге енгенің, Түскендей енді есіңе, Дөңбекшисің, Сәл-сәл бір сәтсізірек үйленгенің (С.Иманасов, Ақдариға). // *Жағымпаз, жалтақ адам*. Бұрынғы бастықтың төңірегіне жиналған жарамсақ тар қызметтен қуылды (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

372. **ЖАСЫҚ** ауыс. *Жігерсіз, күйреуік, ынжық.* Ал енді жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый [наград] беру, үлестіру тіпті дұрыс емес. Мұндай сый алған балалар сый алу үшін ғана тырысып, кеуделеріне орынсыз менмендік, ретсіз тәкәппарлық кіріп, сый алмаған балалар күншіл һәм өзіне-өзі сенбейтін жасық болып шығады (М.Жұмабаев. Шығ.). Бір бес надан оңбассың, нансаң, онын қосқанға. Жасық, жаман болмассың, Жамандықтан қашқанға (Абай, Тол. жин.). Алашқа қайсар қырғыз бала ма екен, Қайғымен қайсар жаны жара ма екен?! Жаралы ел көшкен күнін жоқтай, жылай Құл болып, жасық жаспен қала ма екен?! (М.Жұмабаев. Шығ.). // *Жігерсіз, күйреуік, ынжық адам.* Жабырқаусың, жасықсың, Ондай көңіл сенде жоқ. Жалынды жастай болыпсың (І.Жансүгіров, Шығ.).

373. **ЖАТАҒАН** сын. *Жатқыш, жата беретін жалқау.* Есектің сарғалдақтар тұқымдасына жататын жүгі жеңіл болса, жатаған болады (Мақал).

374. **ЖАТБАУЫР** сын. *Ағайын-туғанды іш тартып, жақын көріп тұрмайтын, бауырмал емес.* Домбырам менің қарағай, Қылдың-ау, шіркін, заман-ай! Жатбауыр болған жас шіркін Кеткенің бе қарамай?! (М.Жұмабаев, Шығ.). Күйеуінің жақындары «енді жесірімізді өзіміз бағамыз, оның үстіне бала да туыстарынан алыстап, жатбауыр болып кетпесін» – деп құлаққағыс еткенді (М.Дүйсенов, Мейман.). Тұтасқан бұлт айнальш, ығысқанда, Күн күркірер батыстан, шығыстан да. Әжемнің де баратын күні туар, Алыстағы жатбауыр туысқанға (М.Мақатаев, Шығ.). Бұл арада да, жоқтан өзгеге бола өз бауырыңа өзің тіл

тигізіп, өзіңді өзің жатырқап, соның қырсығынан өз араңнан өзіңе қарсы шабатын күш, жатбауыр жау тауып алсақ үлкен қателік болар еді (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

375. **ЖАТПЕЙІЛ** сын. *Пиғылы арам.* Жатпейіл адам қаншама жақын жүргісі келгенмен, оған адамның іші жылымайды («Қазақст. мұғ.»).

376. **ЖАТЫПІШЕР** сын. *Еңбек істемейтін жалқау, масыл, арамтамақ.* Байлар көп жатыпішер, арам тамақ, Өсірген, қызығын көрмей, басын санап, Шынында, өсіретін кедей жалшы, Бай еңбек сіңірген жоқ малды қарап (С.Торайғыров, Шығ.). Сол дәулет масы, жатыпішер мырзаларға бір күн өз қойын өзіне баққызып байқар ма еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жанары жоқ, жатыпішер сорлыны айт, Өнер алды өршілде емей кімде екен? (М.Әуезов, Шығ.).

377. **ЖАУЫЗ** сын. 1. *Қанішер, қанипезер, зұлым, залым.* Табылып арасынан жауыздар да, Жол бөгеп надандықпен тартқан артқа. Халыққа жанын қиған қаһармандар Күзеткен жұрт пайдасын һәр уақытта (М.Дулатов, Шығ.). Алаштың Арқада еркін ойнақтаған Жол тосқан жауыз жауда болды ма ісі? (М.Жұмабаев, Шығ.). Екі солдат күндіз-түн, Кезек-кезек күзетіп, Кірпік қақпай тік тұрған Қолдарында қылышы, Жарқылдатып жауыздар, Сайланып қару асынған (О. Шипин, Дастан.). Бұл елдің ардақтысы мен қадірлісіне пысқырып та қарамайтын аяусыз жауыз қолдар екеуін де шауып тастады (Ө.Қанахин, Жер бас.). 2. ауыс. *Опасыз, қайырымсыз, қатал.* Жаным Балқия, жауыз тағдыр шынымен екеумізді айырғаны ма?! (М.Дулатов, Шығ.). Балқаштың қаштық үркіп тесігіне, Айдаса кім бармайды несібіне. Тігулі үй, қоралы мал босқа қалды, Жолығып жауыздардың кесіріне (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жауыз құлдың, қабірі Қараңғы түндей тамұқ-ты. Дін қарындас мұсылман, Ізденіп шығып табыңыз Ажал өлім келген күн Неше, неше адамдар қамықты (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Өз сүйген қалпымда қалмақ үшін, Өз жолыммен ілгері бармақ үшін, Елді, жерді бір майлы жем қылмауға, Қалаңның салған жауыз қармағы үшін, Еркімді, елдігімді жұттырмасқа, Алашқа автономия алмақ үшін, Азаматым аямас, орны келсе, Жан қиып, сарп қылуға қуат-күшін (С.Торайғыров, Алаш.).

378. **ЖӘБІРШІЛ** сын. *Зәбіршіл, қиянатшыл.* Арам қанды құзғындар, Тартсын, тартсын жазасын! Жәбіршіл жауыз залымдар, Тартсын енді сазасын (С.Сейфуллин, Шығ.).

379. **ЖӘРКЕЛЕШ** сын. *Жарамсақ, жағымпаз; жәреуке.* Ой, өңшең дуылдақ! Өңкей жәркелеш! – деп, Ожырай жігіттерді тыйып тастады да, – ана жақта дырду бітті ме? – деп сұрады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Үлкен үмітпен оқталған адамының өзі, көп ұзамай тұрлаусыз, шенқұмар немесе жәркелеш біреу боп шыға берді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жаңағы мас адамның. Жәркелеш достығының ізі де қалған жоқ (Т.Ахтанов, Дала сыры).

380. **ЖӘУТІК** сын. *Нашар, қолынан ештеңе келмейтін.* Сонда айтыпты: Біздің Қошмәмбет дейтін бір жәутік жігітіміз шәріге ұрланып көшіп кетіп еді (М. Қуанышбаев, Кек қылышы).

381. **ЖЕБІР** сын. *Парақор, дүниеқор, озбыр.* Жебір сұлтан, сен білмейсің, Мен бір аққау туған бөрімін. Көп екен деп саған иек сүйемен, Несібемді бір тәңірден көрермін (Ер Тарғын.). Қаладағы жебірлер Мен жалғыз ел қызметін істедім бе? Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе? Тірі көрге түскендей жер астының Кендерін шығарғалы түспедім бе? (С.Торайғыров, Алаш.). Алтын таң елге ағарып атпай тұрып, Халықты езді саздай ескі ғұрып. Кедейді жебір байға жем қылмасқа Күреске түскен сонда ол белін буып (О.Шипин, Дастан.). Созылған сөздің қысқасы, Қысқа сөздің нұсқасы – Обыр, жебір, сұмдар жоқ. Еңбексіз жейтін ит те жоқ (М.Жұмабаев, Шығ.)

382. **ЖЕКЕШАП** сын. *Өзімшіл, қара басын ойлайтын.* Бұл жұрт өзін би қойғыш, сондай «жекешап» дүм кеуделерді «жақсы» атандыруға неге албыртады (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

383. **ЖЕЛ КЕУДЕ** *Даңғой, менмен, бос кеуде.* Өзі де тірі пендені менсінбей көкіреңдеген жел кеуде деуші еді (С.Жүнісов, Ақан сері).

384. **ЖЕЛ КӨКІРЕК** *Не болса соған желігіп кететін желөкпе.* Бүтін үй, бүтін асты кеттім тастап, Ғашықтық қиын екен отын баспақ. Осындай бір Мұсаға мінгізуге, Жаратты жел көкірек Тәңірім бастан (Қаз. әдеб. хрестом.).

385. **ЖЕЛБУАЗ** сын. *Даурықпа, кез-келген нәрсеге көтеріле жөнелетін желікпе (адам)*. Сонда бұлар білетін желбуаз жабайылар болса, ар жағында далақтап өлген-жіткендеріне өздері-ақ қарамайды (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Абай тұсы халықтың бұзылғаны, Қаралыққа айналып қызыл қаны. Ақ бейіл, бауырмалдық қалпы кетіп, «Желбуаз», «сұрқия» боп, қызынғаны. (С.Торайғыров, Алаш ұраны.). Келіспес араңызға салқын қабақ, Салқын болсаң, әркімге болдық тамақ. Жел бергенге, желіккен желбуазға Қанжығалы биеке үлкен сабақ (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

386. **ЖЕЛБҮЙРЕК** сын. *Жеңіл мінезді, жел өкпе*. – Ол жетегіңе еріп жүре беретін желбүйрек әйел емес, Амалмен ғана торға түседі (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

387. **ЖЕЛГЕК** сын. *Мазасыз, тынымсыз.* Жер қорығыш желгек шал, Желіп жүріп боздайды (Абай, Тол. жин.).

388. **ЖЕЛКӨКІРЕК** сын. *Өркөкірек, менмен*. Сол мінезің оғашын-ай, тосыны-ай, Желікбасты, Желкөкірек досым-ай! (Қ.Жұмағалиев, Шапағат).

389. **ЖЕЛӨКПЕс**ын. *Жеңілтек, алып-ұшпа, ұшып-қонба, елікпе.* Қалжың құмар желөкпе жігіттер өздерінің тілегін орындамай кетпейтіндерін айтып, тұрып алған (І.Есенберлин, Қаһар). Құрылыс басы думан, кейбір желөкпе кәрілер де жүр (Т.Ахтанов, Махаббат.). // *Жеңілтек, алып-ұшпа адам.* Жетістірер. Айт сонау желөкпеге: «Әуреленбе, дедектеп, өбектеме. Мен шыбықтай нәп-нәзік ақ құдаймын Түспейтұғын қағазға, кенепке де!» (Ж.Жұматаев, Ләйлә.). – Рота! Қорған! Неге қорғанамыз? Қолда, Отан, шабуылды қолда, анамыз! Желіккен желөкпені қуып салмай, Қорғанып неге сонша қорланамыз? (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

390. **ЖЕЛӨКПЕЛЕУ** сын. *Жеңілтектеу, ұшқалақтау*. Мен алғашқы әңгімемді жазып бітіріп журналға апарғанымда, редакторы бір желөкпелеу адам екен (Ж.Алтайбеков, Ұят-ай). Осыны сезгенде отырғандар теңселісіп кетті, әнді дем күші – айқай санайтын жастау, желөкпелеу біреу “уай-хай!” деп ақырып жіберіп, онысының орынсыз екенін жұрттың ыңғайына қарап білгенде қызарып кетті (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады). Өлеңді оқып бола бергенде жел өкпелеу бір-екі мұғалім “ой пәлі!” деп қалды (Б.Шаханов, Ғашықтың тілі).

391. **ЖЕҢІЛ АУЫЗ** *Аузына ие болмайтын, аузына сөз тұрмайтын (адам).* Педагогтердің байсалды да парасатты сөзінен қайдағы бір жеңіл ауыз жеңешелердің пыш-пыш сөздері күшті болғаны ма? («Лен.жас»). Жеңіл ауыз әйелдер осылай деп, қилы саққа жүгірткен (Д.Әбілев, Арман.).

392. **ЖЕҢІЛ АУЫЗДЫ** *Аузына ие болмайтын, аузына сөз тұрмайтын*. Әтікенің әлгі сөзінің астарын әр саққа меңзеп, бұл жұмбақты бұрын шешкендері бәйгі алатындай-ақ жеңіл ауыздылар жарысқа түсіп жатысты (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

393. **ЖЕҢІЛ МІНЕЗДІ** *Жеңілтек, ұшқалақ.* Сүлеймен тілектес болғанымен табиғатынан жеңіл мінезді Ережепке сене бермейтін (Ә.Нәбиев, Шолпан). Мінезі бәйбішеге тартқан жеңіл, деп Зейнешке кінә тағатындар да бар (Б.Майлин, Шығ.). Әкесіне оңашада қызының жеңіл мінезін айтып түсіндірмек болдым (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

394. **ЖЕҢІЛДІҢ АСТЫ, АУЫРДЫҢ ҮСТІМЕН ЖҮРЕТІН** жағымсыз. *Қиындықтан қашқалақтап, жеңіл-желпі, үстіртін жүретін.* Қойыңыз жеңеше, өйтіп ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүре қоймаспыз (Б.Қожабеков, Көктөбе). [Жалқаулар] жеңілдің асты, ауырдың үстімен өмір сүріп, қоғамға аз беріп, көп алуға тырысады («Лен. жас»).

395. **ЖЕҢІЛТАП** сын. *Жеңілтек, сабырсыз, ұшқалақ*. Жаратылысында жеңілтап, сабыры кем, үрейшілдеу адам ғой (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Алма тым жеңілтап, желөкпе секілді (Д. Досжанов, Кісі ақысы).

396. **ЖЕТЕСІ ЖАМАН** *Тегі нашар, тексіз;* ақыл-парасаты төмен; ұшып шыққан ұясы жаман. Жетең жаман болмаса, Жете жарлы болмассың (Мақал). Жетесі жаман бозбала, Тоқсандағы шалмен тең, Төре деген халқыңыз, Саудасы біткен сартпен тең (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

397. **ЖИДЕГІР** сын. жерг. *Ез*. Жігіт емес, жидегір екенсің (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

398. **ЖҰҒЫМЫ ЖОҚ** *Сүйкімсіз, епсіз.* – Төре тұқымы тыраш келеді деуші еді, рас қой деймін сол. Кісіге жұғымы жоқ, кекірейген біреу ғой, Шыңғысың! – деді Ұлпан қасақана Есенейге (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Туысқа да, жатқа да жұғымы жоқ безбүйрек жан Павелдің арқасында жұрт санатына қосылып еді (Б.Тілегенов, Уақыт). Адамға жоқ жұғымы, Қашатұғын қашырдай. Ессіздіктің белгісі, Екі дер сөзді айтпаймын (XVIII– XIX ғ. қаз. ақын.).

399. **ЖҰҚСЫЗ** *Қу, алаяқ.* Астанада жалған ат жамылып, сырттан келген аңқауларды жер соқтыратын небір жұқсыздардың бар екенін ол білетін (Ә.Сараев, Бозқырау).

400. **ЖҰЛМЫР** сын. *Қағынған, қу, сұмырай.* Семей мен Барнаул арасындағы ерсілі-қарсылы өтіп жататын сауданың қазақтан шыққан жұлмыр алыпсатары – Кәрім, жол жұмысына жабысуды үлкен пайда деп орналасқан (І.Жансүгіров, Шығ.).

401. **ЖҰЛМЫТ** сын. *Пысық, жылпос, жұлымыр.* Таң ата жұлмыт жігіттер келіп Ошақбайды орап тастайды, сосын еңкеңдеп, ыңылдап теуіп жөнеледі (Д.Досжанов, Жібек). Әлгі мекендердің есік-терезесін, еденін қайсыбір жұлмыт ұрлап тыншытпай жүр (Д.Досжанов, Зауал).

402. **ЖҰЛЫМЫР** сын. *Іліп-қағып кететін қу адам, сұғанақ, олжақор.* – Сол көрмейтін жерге жасырып қоймайсың ба, балапаным-ау, ол өзі сондай жұлымыр бала болды ғой, мә қанша керек еді, алып па ең әлгі керек қолғабыңды (О.Тәжиева, Қара қолғап). Кенжебекті ата-ана, ауыл-аймақ еркелетіп өсірді. Бұл жиырма бестегі жігіттей жырынды. Ат құлағымен ойнаған жұлымыр бала («Қаз. әдеб.»).

403. **ЖҮРЕГІ ҚАРА** *Қаражүрек, мейірімсіз.* Жанға жақсылық ойламайтын, жүрегі қара наданнан сақта (Ш.Смаханұлы, Шығ.)

404. **ЖЫБЫРЛАУЫҚ** ауыс. *Өсекқұмар*. Екі көзі жерде, қайқы кеудесі бүгілген әлдекім көршісін түрткілеп жыбырлауық ауызым, енді жым болатын шығарсың деп жатты (С.Алдабергенов, Қанат.).

405. **ЖЫЛАУҚОР** сын. сөйл. *Жылауық; арызқой, шағымшыл.* Мына елден келген «жылауқор» ағайынды көріп тұрасың ба? – деді Ыбырай көзін қысып (Д.Әбілев, Арман.). Ешкімге әкімшілік жүргізіп, ел арызын тексермек емес еді. Амал жоқ, жылауқор елдің тілегіне құлақ аспауға тағы болмайды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Бұл үкімет байлардікі, күштілердікі болғандықтан, жылауқордың көз жасы көрілмей, тілегі берілмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

406. **ЖЫЛАУЫҚ** сын. 1. *Жылай беретін, жылағыш.* Оспан әкесі ұрғанда жыламаса да, шешесі ұрған уақытта тіпті жылауық (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жалғыз түйе бақырауық, жалғыз бала жылауық (Мақал). Мен ойланып тұрып қалдым бір ауық, Батыс жаққа бара жатты күн ауып. Сол ойымды быт-шыт қылды бірақ та, Көрші апайдың тентек ұлы жылауық (М.Шаханов, Ғасыр.). Болма енді жылауық, Жүрші ылғи тіл алып. Қонақ келсесен үшін Қалмайық біз ұялып (Қ.Мүсірепов, Алау.). 2. ауыс. *Барды жоқ деп жыланып отыратын (адам)*. – Оның рас. Қазақ сұрамшақ, жылауық жұрт қой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Еркектен біз жұбату күтсек, ал еркектер бізден күтсе, онда не болады? Жер беті өңкей жылауыққа толып, ондай өмір бола ма? (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бұл қазақта ұғымы бар «заржақ» деген, Бүгін барлық ақындар зарлап өлең Жазып кетті, қарғайды әлде кімді, Болмай қойды ашуда «алды-арт» деген. Өлең – деген сезім ғой, жан күйі ғой. Бәлкім, ол да дұрыс па – ойлай берем. Кіл жылауық өлеңнен өнер шықпас, Қанша сыйлап, ықылас қойғанменен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

407. **ЖЫЛМАҚАЙ** сын. *Сумақай, жылпос, ылпың-жылпың*. – Нұреке, бұндай пальто еш уақытта табылмайды. Бұны қалай да аламыз, – деп жылмақай Жүніс пальто сатушы адаммен бір сағаттай саудаласты (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Көңілім өзіме аян, кірсіз аппақ, Жүрмеймін ішке қулық пікір сақтап. Жылмақай жігіттерден жеркенемін, Мұнтаздай сырты жылтыр, іші сатпақ (Ә. Оңалбаев, Таң алды.). Бірақ осы әділ соттардың арасында кейде сәт-сәттің арасымен жымсып жүрген жылмақайлар да кездесіп қалады (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

408. **ЖЫЛМАҢ** сын. 1. *Жылпос, қу, жылмақай.* Тасқын Жәнәбілов деген жылмаң дүкеншіні ұнатпаған, тастай батып, судай сіңіп тұрған сол жылпоспен Нұрадынның қалай достасқанына қайран қалған-ды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Су жұғар ма, Сөз ұғар ма, Сыпыра жылмаң жел буаз? Айтты-көндім, Алды-бердім, Енді өкіндім-өзіме аз (Абай, Тол. жин.). Айшаның ойына терезеден қашқан жылмаң студент тағы да жылт етіп орала кетті (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жолдастың да, жолдастар, жолдасы бар, Сырты жылмаң, іші арам оңбасы бар. Шын адалын, адамын таба алмасаң, Өмір бақи кетпейтін таңбасы бар (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). 2. *Алдамшы, сұм.* Бойы бұлғаң, Сөзі жылмаң Кімді көрсем, мен сонан Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан (Абай, Тол. жин.). Қызылжардың жылмаң саудагерлері, саудагер жүліктері бірі саудаласып тұрса, бірі мына момындардың ұсқынын танып, "қағаз" дегенді тәптіштей бастады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Жылмаң, жыртаң, Бұртаң-тыртаң, Бұртаң-тыртаң, Сұм өмір… (М.Жұмабаев, Шығ.).

409. **ЖЫЛМЫСҚЫ** сын. *Шынайы емес, жалған; арам, жымысқы*. Оның жылмысқы жымиысы мен көлгірсіген сөзінесенгеніне өзіне-өзі жекиді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Онан бір адым кейін келе жатқан Фридерикс жылмысқы күлкісін жасыра алмай, мырс-мырс етті (А.Сатаев, Дала.)

410. **ЖЫЛПОС** сын. 1. *Пысық, епті, ылпың-жылпың.* Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой, әсіресе Ақанның түндегі жүрісіне өте ыңғайлы, әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді (М.Әуезов, Қараш.). Жүргіншілер жетіп, ауыл иелеріне сәлемдесіп болысымен, бір-бір жылпос жігіт аттарды ұстап, қонақтарды құрметпен түсірісті (М.Әуезов, Шығ.). Үсен болысқа үзбей шабарман болған, қазір де жаңа болыс Байсақалға сол қызметін көрсетіп келе жатқан, алымды, жылпос, шаршау дегенді білмейтін бір оқшау жан (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Оның қасындағы жылпос ақсары жігітті де бұрын талай көрген, алдарынан шығып қарсы алды (С.Бегалин, Уақыт.). Сарбаланың қасындағы Атуша дейтін жылпос жігіт ертеректе болыстың шабарманы болған, ел жайына, қулық, сұмдыққа жетік (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). 2. *Ширақ, ұшқыр, жүрдек.* Көңілді, көрікті ақ сұр жүзді Шәке, жел қайықтай ескен жылпос сұр бедеумен лып етіп жетті де, сәлем берді (М.Әуезов, Абай). Қаршыға салған адамға ыңғайлы, жүрдек, жуас, жылпос ат керек (Ш.Айманов, Қыран.). Лашын – алғыр құстардың ішіндегі жылпос ы («Спорт»). 3. ауыс. *Арам, қу, айлакер*. Сұм жалған келді кезі кеселденген, Естіні туды заман есер жеңген. Барады кей қаламгер желе жортып, Қу жылпос, су жұқтырмас «шешендермен» (К.Салықов, Жезкиік.). Шайлықпаймын ылдидан да, өрден де, Қаймықпаймын төменнен де, терден де, Жылпостардың бәрін бір сәт ұмытам Қимас достың адал көзін көргенде (К.Салықов, Жезкиік.).

411. **ЖЫЛТСЫЗ** сын. жерг. *Санасыз, сезімсіз, ұятсыз.* Осының өзі жылтсыз ба деп қалдым (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

412. **ЖЫМПОС** сын. сөйл. *Жылпос*. Ол әшейін Спановтың шығарып салма жымпостығымен түлкі құйрықтығы екен (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі.).

413. **ЖЫМЫСҚЫ** сын. *Білдірмей істейтін қулығы бар, арам, пасық*. Дәуде болса, ол екеуі бармақ басты, көз қысты, жымысқы, қарым-қатынасқа көшкен (С.Омаров, Күншуақ). Досты апарып досына жамандатып, У таратып, ылаң сап, арандатып, Ағайынды аздырмай ала жылан, Жөніңе кет, жымысқы, қараң батып (М.Мақатаев, Шығ.). Зіркілдеп жұрқта жаманат төндіргеннен басқа түк білмейтін топас қой деп жүрген Жаппасбайы барып тұрған сұғанақ, жымысқы ұры боп шықты (Т.Ахтанов, Таңд.). Ел тонағыш басқыншылар, жымысқы, Абылай ханның аруағынан ығысты. Қырғын жұттың ізі өшіп «ақ табан», Құт жайлады ақ дастарқан ырысты (К. Салықов, Жезкиік.).

414. **ЖЫНДЫ** сын. *Тентек, әумесер, есер.* Зейнеп Жақыптың мына сөздерін тыңдап отырып; – Есі кіріп қалған екен ғой бұл жындының! – деген ойда отырды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз), Қап мына жынды ит қайдан шыға қалып еді? Ал, сақ бол, Тайман (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). – Тәйт әрі, не деп тұр мына жынды қыз? (Д.Әбілев, Арман

415. **ЖЫНДЫБАС** сын. жерг. *Жеңілтек, есерсоқ.* Ол жігіттің өзі де бір жындыбастау көрінеді (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі.).

416. **ЖЫНДЫСҮРЕЙ** сын. *Тентек, басбұзар*. Біздің, ¦зақ деп аталар рудың да жігіттері мен атайын, сен тұр, өңкей бір жындысүрейлер еді, білек түріп, сыбанып олар шықты (О.Бөкеев, Біздің жақта.).
417. **ЖЫПЫЛДАҚ** сын. *Жып-жып еткен, жыпылдап қалған.* – Мен бірақ осы бір тышқан көз, жыпылдақ Садырдан сескенемін (С.Шаймерденов, Мінез). Көсебайдың үйіне, не болса ол болсын, көзді жұмып, қойып кеттім. Үйде әлдеқалай абыржыған сөздер жыпылдақ еріндерден сыпылдап айтылып жатыр екен (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).
418. **ЖЫРБАҚАЙ** сын. қарап. *Орынсыз жырбаңдап, жыртаңдап күле беретін, күлегеш.* Бір күлсе, қоймайтын сендей жырбақай адамды көргенім осы (Ауызекі).
419. **ЖЫРҚЫЛДАҚ** сын. *Күле бергіш, күлегеш.* Жырқылдақ әсіреңкі сылаң емес, Ұн бетті, бояу ерін қылаң емес. Қылығы оларсыз-ақ жарасып тұр, Ойыңа ой қосады берсе кеңес (Б.Момышұлы, Москва.).
420. **ЖЫРТАҚАЙ** сын. қарап. *Жыртақтай беретін, күлегеш.* Ей, екі жыртақай қатын, бар ана атқораның есігін ашыңдар! (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Сыпсықай, жыртақай әйелдерді қас-қабағымен үйіріп отыратын сабырлы, нұрлы жүзді Жаңылдың тұла бойынан шуақты күннің лебі ескендей (С.Жүнісов, Ақан сері).
421. **ЖЫРТАҚЫ** сын. *Күлегеш, күле беретін*.
422. **ЖЫРЫНДЫҚОР** сын. сөйл. *Әккі, айлакер, қу*. Ол Федоровқа өзі тиісіп, еркелі назбен қылмыңдап жұғысып өтеді; жырындықор, кәркесте әйелдерше кісіні көзімен арбап, найза кірпігін дәл бір жүрегіңе сұғып алғысы келгендей дірілдетіп қояды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Осы жасында соңына талай қуғыншы салып, жырындықор боп қалған Кәлен бәйге күреңді кейінге сақтады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).
423. **ЖІБІ БОС [БОСТАУ]** *Жұмсақ, көңілшек.* Жібі бос адамға жын-сайтан да әуес келеді (Ж. Жұмаханов, Үш бәйтерек). Сол жігіттің жібі бостау көрінуші еді, – деді Марат (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).
424. **ЖІГЕРСІЗ** сын. *Қажыр-қайратсыз; ынжық, жасық.* Оқыту жігерлі болсын, жігерсіз, жасық жұмыстан жайда да, бала оқытқанда да татымды береке шықпайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жер бетінде жел өшірген із аз ба, Жігерсіздің өрісі әркез тар болған. Отызында кемпір болған қыз аз ба, Жігіт аз ба отыз бесте шал болған?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жігерім болса жетемде, Еліме барып ұл болсам. Жігерсіз болсам жетесіз, Қойын бағып құл болсам (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Кей көңілдің бас бұзар жарлығына, Кей көңілдің шектен тыс тарлығына, Қаным күйіп тұрса да сыр бермедім Кешіріммен қарадым барлығына, Сүйрегенмен дамылсыз өзін өрге, Өзі пенде жандардың сөзі пенде. Бір батылдық көрсем деп үміттендім Ең жігерсіз адамның көзінен де… (М.Шаханов, Ғасырлар.). Өз билігіне өзі ие бола алмаған жігерсіз қыздың соңынан қашанғы жүгіремін (К.Хасенов).
425. **ЖІГЕРІ ЖОҚ** *Көңілі босаң, намысшыл емес, босбелбеу, қайратсыз, жасық, жасқаншақ.* Біреуге мен көк аспандай ашық болып көріндім, Біреуге мен жігері жоқ жасық болып көріндім (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жігері жоқ, ақылы кенде, Жамбасыңнан жат сұлап (Абай, Тол. жин.). Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ, Жігері жоқ маңызы жеңіл үшін (Абай, Тол. жин.).
426. **ЖІКШІЛ** сын. 1. *Жік салғыш, алалық тудырғыш.* Жікшіл ел жетпей мақтайды, Желөкпелер шын деп ойлайды (Абай, Тол. жин.). Бұлар мансапқор, жікшіл, жемқор, басқаның еңбегінің үстінен күн көруді көксеген арамтамақтар еді (Байбатшаев, Бел-белестер). Саяси жағынан ыдыраңқы Батыс Еуропа өздерін «Христиан әлемі» деп атайды да, оны бірлескен тұтас дүниеміз деп қабылдайды, оған беріліп кеткен жікшіл гректер мен орыстарды қоспайды (Қаз. дала. ойшыл.). 2. *Бөлінгіш*. Тәйт әрі, осындағы барып тұрған жікшіл осы Ажар, Жарқын, сендерсің (М.Әуезов, Шығ.).
427. **ЗАЛЫМ** [ар.] сын. 1. *Қу, сұм, зымиян, сұрқия*. Залымның отына момын күймесін (М.Дулатов, Шығ.). Әкімдіктен не пайда Әділ үкім етпесе? Арам менен адалға Ақыл мен ойы жетпесе. Залымдарды мұқатып, Жүзінің суын төкпесе (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Байдың асын сұм менен залым жейді, Ұрысы ұрлап момынның малын жейді. Бірінен-бірі

аяйтын жақсылардың Малы түгіл арының бәрін жейді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ізін білдірмейтін залым еді ғой Өтебай (Б.Майлин, Шығ.). Шақырар екеуіңді ұстатуға, Қылышын жарқылдатып жандаралын. Сот қылып болыс пен би үкім кесіп, Жаптырар абақтыға өңкей залым (О.Шипин, Дастан). 2. *Рақымсыз, жауыз, қаныпезер.* Мен таяқтан жығылдым есім ауып Екі ағам кеңешті ақыл тауыб Танымаймыз бір залым келген бізге Малым бар деб бізлерке жала жауыб (Қысаh Таhир). Болған соң кәсібі ұрлық, ұры залым, Ұрлауға ұят дей ме жұрттың малын?! Ойы арам, қаны қара, ол нағылсын, Біреуді зар жылатпақ, зор обалын! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Үй құрып, туды тігіп, жолдас алып, Басында Молалының жатпақ болды. Қасқырдай көңілі жаман залым болса, Аямай алыс жерден атпақ болды… (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Мал, мансап, адамзатты мас қылады, Мейірімді ет-жүрегін тас қылады. Тәкаббар, әділетсіз залымдарды Бағы қайтқан сорлы елге бас қылады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кекті ашу кеудем толған қайнап пісті, Қоймадың өз еркіме ар-намысым. Не жеңіп, не өлермін, құн сұраусыз, Басынып патша залым берді қысым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 3. *Қара ниет, арам*. Іші лас, сырты таза залымдардың Алданып құр сыртының тазасына. Мәз болып байғазы алған балаларша Сатылып жылтыраған танасына (А.Байтұрсынов, Шығ.). Зар жылап тұрдым шөптің төбесінде Үрлеймін тырнағымның көбесіне. Басыма көп бәлені іздеп алдым, Тоям деп залым байдың көжесіне (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып, Далада кең сахара көшіп-қонып. Алдаған залымдардың тіліне еріп, Жүрмесек жарар еді мазақ болып (А.Байтұрсынов, Шығ.). 4. псих. *Өз мүддесін көпшілік қабылдаған моральдық қағидаларға жатпайтын әдістермен қорғайтын және қанағаттандыратын адам.* Залым адам тікелей жауапқа тартылатын құқық нормаларын бұзбайды, құқықты сақтай отырып, айла-шарғылардың мәрттікке жатпайтын, қораш, пасық түрлерін пайдалана отырып әрекет етеді (Қаз. тілі термин. Педагогика).

428. **ЗАҢҚОЙ** сын. *Заң айтқыш, заңшыл, заң қуушы.* Кеншеке, айтар сөзге кең екенсің, Еліңнен шығып жүрген ер екенсің. Арамза, аңқау елге заңқой болған, Кеншімбай деген ақын сен екенсің (Айтыс). Барша жұртқа жағып бола ма, айтпайтындары жоқ. Осы күні жұрттың бәрі заңқой (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

429. **ЗАҢҚОР** сын. *Заңқой, заңшыл*. Түрме начальнигі кәрлі көзін Әмірден аударып, быламықтанған реңсіз көздерін аласа бойлы заңқор адамның бетіне төңкерді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

430. **ЗАҢШЫЛ** сын. 1. *Заңды жақсы білетін, заңқой*. Терентий заңшыл адам еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). 2. *Заңды жақтаушы*; әділ, турашыл. Орыс арасында Қоңыратты ешкім білмейді. Сондықтан бірден турашыл, заңшыл, іскер адам болып көрінеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

431. **ЗАРЖАҚ** 1. сын. *Көп сөйлейтін, аузы тынбайтын, сөзуар.* Бұл қазақта ұғым бар "заржақ" деген, Бүгін барлық ақындар зарлап өлең Жазып кетті, қарғайды әлде кімді, Болмай қойды ашуда "алды-арт" деген. Өлең – деген сезім ғой, жан күйі ғой, Бәлкім, ол да дұрыс па – ойлай берем. Кіл жылауық, өлеңнен өнер шықпас, Қанша сыйлап, ықылас қойғанменен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сендей заржақ көрсемші бұл жасымда, Апырай, іштен оқып туғансың ба?! (М.Мақатаев, Шығ.). 2. ауыс. *Мазасыз, тынымсыз.*

432. **ЗАУЫҚСЫЗ** сын. *Ынқылассыз, ынтасыз, көңілсіз, ниетсіз*. Үйінде бес күн жатып Қодарқұл қызметке шықты. Зауықсыз, селқос еді (Ә.Тарази, Асу.). Сәл бәсең тартқан көңілдерді жуып-шаймақ болып дуылдасқан келіншектер енді әнге зауықсыз қалды (С.Сматаев, Елім-ай). Сенің ие болғаныңды сонда көрсем, шіркін! – деп менің бауырына мүлде зауықсыз екенімезығырданы қайнайтын (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Ешкіммен ашылып сөйлеспейді, тіпті жігіттік жасап қыдыруды да білмейді, ойын-сауыққа да зауықсыз (О.Бөкеев, Ән салады шағылдар).

433. **ЗЕЙІНСІЗ** сын. *Ынтасыз, ықылассыз, ниетсіз.* Есте қалдырудың нашарлығы баланың сабақты дұрыс тыңдамауынан, зейінсіз отыратындығынан да болады (Қ.Жарықбаев, Психология). Сөйлемді қайта-қайта айта берумен балаларды «тағы айтар» деп арқа сүйеп,

зейінсіз, жақсы тыңдамайтын әдетке үйретіп аламыз (С.Көбеев, Орынд. арман). Зәуреш оқуға зейінсіз, жылтыраққа әуес (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

434. **ЗИНАҚОР** сын. *Нәпсіқұмар, жүргіш, жезөкше; зинашы.* Зинақор адамның нәпсі қызығы дегенде көзді жұмып, күліп беретін мінезін сеземіз (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). – Хазірет, ондай жаза – шариғат бойынша зинақор әйелге күйеуі талап еткен соң барып жасалатын еді ғой (Ж.Молдағалиев, Самал). Біреуіңді зинақор ретінде хазірет сотына берем, – деді Ыбырай ойынды-шынын араластырып (Ж.Молдағалиев).

435. **ЗОР КЕУДЕ** *Басым, тәкаппар, менмен.* Зор кеуде адамзаттың айласына Көнбей бүгін күшімді кәрсеткенмін (Абай, Тол. жин.). Менменсінген зор кеуде Қиыр жүріп кете алмас, Аспанменен өте алмас, Алдындағы жолығар Құдайдың құрған тезіне (XVIII–XIX ғ.ғ. қаз. ақын.). Зор кеуде адамзаттың айласына Көнбей бүгін күшімді көрсеткенмін. Екі езуім көпіріп, айғайласам, шын құтырсам, шың-тасты тербеткенмін (Абай, Тол. жин.).

436. **ЗОР КӨКІРЕК** *Менмен, тәкапар*; *өр кеуде.* Руы Кебек ердің Жуантаяқ, Ел үшін жанын салған аянбай-ақ. Зор көкірек, ер сөзді адам еді, Сол ерлігі түбіне жетті бірақ (Дастандар). Тоқтамады тұрмады, кетті ортадан асылым. Тәкаппар, Зор көкіректі көтере алмай басылдым. Тиянағым, тұрлауым, Енді кімге асылдым (Абай, Тол. жин.).

437. **ЗОРЛЫҚШЫЛ** сын. *Қиянатшыл, әділетсіз, зорлық көрсеткіш.* Болыс, тілмаш, ауылнай, шабарман дегендерді, тағы түрлі «адам мінгендерді» Қартқожа зорлықшыл, жалмауыз, жан алғыш деп ұғынушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Елемесек, бір зиян келер» десе, Сонда сені көреді елдер теңдес, «Сен залым, сен зорлықшыл» дегенменен, қарусыз, қарасөзден дәнеме өнбес (С.Торайғыров, Алаш). Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайласа, яғни «мынау – халыққа тынышты, пайдалы, зарарсыз адам, анау – бұзық, зарарлы, зорлықшыл, қиянатшыл адам, – деп тексеріп, таңдап сайласа, сайлау дұрыс өз мағынасында болғаны (А.Байтұрсынов, Жаңа низам). Өрісте жүрген малын да, Үйін де, жақсы жанын да Күн көрсетпей тартып ап. Біреуге біреу зорлықшыл Осындай бопты бір уақ (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

438. **ЗУЫЛДАҚ** сын. *Зып-зып етіп сөйлей беретін, зыпылдақ; суқит*. Ой, сен қайдан жүрсің зуылдақ– деді Мұздыбай (С.Сұбханбердин, Шағын пьеса.). Әбеннің зуылдақ долы бәйбішесі оны демалыс күні қала шенінен шығарып кететін (С.Бегалин, Уақыт.).

439. **ЗҰЛЫМ** сын. *Сұм, сұрқия, қанішер, жауыз.* Тұтастай алып қарағанда, «Жазагер жады...» поэмасы кез келген алаяқ, мансапқор, зұлым, мейірімсіз, қанағаты жоқ, арамза, обыр, залым басшылардың жетегінде кетуге бейім, төңірегіміздегі соқыр сенімді тобырлардың ой-сезіміне сәуле құйып, санасын жетілдіре түсетін, «көзін қойып, көңілін ашатын» шығарма (Ә.Нарымбетов, М.Шахановтың «Жазагер жады...» туралы).– Отанға біздің, зұлым жау Қан тұмсығын батырды. Жүрмек болдым майданға Береке-бірлік істеңдер – Ақылым осы ақырғы (Қ.Жапсарбаев, Сөйле). // *Қанішер, жауыз адам.* Қош, аға, қолыңды бер, жоқпын енді. Жазықсыз қос шырағым ертесөнді. Жолында бостандықтың мен құрбанмын, Жібермей зұлымдарға ал кегімді, – Деді де Жапар бала көзін жұмды, Иегін жалғыз қағып, жаны тынды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

440. **ЗЫПЫЛДАҚ** сын. *Зыпылдап қалған, аузы-аузына жұқпайтын, өсекші.* Мектептегі өзінен жоғары оқитын қыздарға да көз қиығын тастап, қырындап қояды екен десті зыпылдақ ауыздар (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

441. **ИБАСЫЗ** сын. *Әдепсіз, ізетсіз, ұятсыз.* Кетіп қалуды ибасыз көріп, кетпейін десе берекесі қашып, жұқа өңі қызара түсіп, көзі мөлтілдеп Жұмабекке қарайды (Т.Ахтанов, Дала сыры).

442. **ИМАНСЫЗ** 1. сын. *Құдайсыз, дінсіз, діннен безген*. «Я, жаратқан кәрім ием! Барың рас болса, ал қаһарыңа Сұлтанмахмұт деген бұзық имансызды. Өзі де құрт аурулы екен (Д.Әбілев, Арман.). – Аста-пир-алла, мынау Думан бір имансыз екен ғой, – деп үй иесіне шағына қарады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). 2. ауыс. *Ұятсыз, арсыз, оңбаған.* – Қайдағы зачет?! Кеше тапсырған жоқ па едіңдер? Әй, бір имансыз екенсіңдер түге! Кісіге маза берсейші (О.Сәрсенбаев, Сағым). – Апырай, анау имансыз қайықшы сатып кетпесе игі еді? (М.Сүндетов, Ескексіз.). Мектепті өртеген мына бала екен. Кәпір, зұлым, имансыз.

(М.Ақынжанов). // *Құдайсыз, дінсіз, діннен безген адам*. Бір Құдайдан тілеймін ғұмырымды, Ғұмыр берсең кірсіз қыл көңілімді. Имансыздың көрінде от жанады, Отқа салсаң көремін не күнімді?! (Шал ақын // Өлеңд.). Жатты ол қараңғыда зәресі ұшып, Тірлікте молда айтқаны еске түсіп. Дейтұғын: «Имансызға періштелер Көрсетер көр азабын, тәнді қысып» (С.Торайғыров, Алаш.). Имансыздың ұяты жоқ (Мақал). // *Ұятсыз, намыссыз, жеке бас қамын басқадан артық қоятын қанағатсыз, тоғышар адам*. Құдайдан қорықпаған, адамнан ұялмаған имансыздар қазақты тойғанынша жем қылды (М.Дулатов, Шығ.). Халық аузына қақпақ бола алмаймыз. Түрлі дәрежедегі әкімқаралардың жанында алааяқтардың, имансыздардың әсіре ұлтсыздардың жүруін немен түсіндіреміз? («Жас Алаш»). Нарқасқа жігіттер екен бәрі де. Ішінде Амандос имансыздан жұдырық жей беретін шолақ тонды, асықтай шофер бала да жүр (М.Сатыбалдиев).

443. **ИМЕНШЕК** сын. 1. *Жасқаншақ, қорқақ; жігерсіз*. Ал одан сескеніп, именшек, қорғалақ болсаң онда тіпті оңбайсың. Көзге ілінбей, тасада қаласың (Т.Ахтанов, Дала.). Мен ақыл-есі бүтін талай жігітті білем, бірақ дәл сендей именшек, сендей дәрменсізін көрмедім (М. Мағауин, Көк мұнар). – Жоқ, аға, түсуге емес, түсіп келіп отырмын. Именшек жігіттің даусы кенет қатая бастады да, батыл сөйлеп кетті («Қаз. әдеб.»). 2. *Тым ұялшақ, ұяң; тартыншақ.* Именшек келін-кепшік кәрі еменнің ығында көзден тасаланып сыбыр-күбірге көшкен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Лидия Дудикова деген сом денелі, өжет қыз именшек те ұялшақ Рабиғаны алғашқы күннен-ақ іні тартып, баурап алды (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Кеше ғана асқақ едім, өр едім, Ғашық болдым – адам болдым именшек (Ж. Жұматаев, Ләйлә.).

444. **ИНАБАТСЫЗ** сын. *Әдепсіз, ізетсіз, арсыз, ұятсыз*. Оның арсыз, инабатсыз тұл өмірден адал өлімді мың мәртебе артық көріп, арына дақ түсірмеген биік парасатын жантәсілім етер алдында ата жауымен жағаласты (З.Жәкенов, Таң самалы). Инабат – ердің базары, Ақ жүзінің ажары. Инабатсыз адамның Күнде мұқар қажары. Дүниеде адамға, Ақиретте Аллаға, Болса керек жазалы (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

445. **ИНСАПСЫЗ** [а р.] сын. ескі кіт. *Ынсапсыз.* Ләбізі күпір бұл сөздің болып жүрмесін, Өзім ғалым депсің ғой, інжу, аннас. Демепсің жауабыңда Иншалла, Инсапсыз жан екенсің ей, балғабас (Ақан сері).

446. **ИТ КӨТІНЕН ИНЕСУЫРҒАН** *Айлакер, епті, жылпос.* Айласы асқан, қадалған жерінен қан алатын. – Әй, бәтшағар, ит өңешінен ине суырған бәле екенсің! (Қ.Ысқақов, Қараорман).

447. **ИТІНШЕК** сын. 1. *Тартыншақ, шегіншек.* Алдыңғы түйең итіншек, Итіншек, деп ренжіп, Басқа соқпа келіншек (Халық ауыз әдеб.). Артқы түйең - тартыншақ, Тартына сөйле, келіншек, Алдыңғы түйең – итіншек, Имене сөйле, келіншек (Н.Төреқұл, Сүйіншіден.). 2. *Кертартпа, ескі үйден өзгермейтін, дамымайтын.* Білімі итіншек, халқы тартыншақ. Елдің ыңғайына көне берсең ілгері бастырмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

448. **ИІ ҚАТТЫ** *Айтқанынан қайтпайтын томырық, бір бет, тоң мінезді.* Иі қатты Олжабектің бабын табатын бір ғана Жамал еді (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

449. **КӘРІ САЙҚАЛДАРША СЫЛАҢДАҒАН** *Қылмыңдаған, қылымсыған;* жалаңдаған. Кәрі сайқалдарш а сыланданған иттен құтыл біржола (Ғ.Мүсірепов).

450. **КӘСІПСІЗ** сын. *Тиянақты іс-әрекеті жоқ, жұмыссыз, еңбексіз*. Маслованың үйіне Петрушкиваның барғанын дәлме-дәл анықтағаннан кейін, көзіме кәсіпсіз алаяқ алыпсатар жан елестеді (К.Тоқаев, Түнде.).

451. **КЕЖІР** сын. 1. *Қыңыр, қисық, қияс, тоңмойын*. Мақтайтын түк те жоқ. Ол кежір, кертартпа, жалқау антұрған емес пе?! (Ж. Орманбаев, Жылқышы.). Қыңырлары қиғаш тартып. Кежірлері кері сүйреп, Сандалмаған кезі бар ма қазақтың?! (Т.Ахтанов, Шырағың.). Жас балаларды еңбек етуге баулу, жасқаншақ, кежір болудан сақтандыру қажет («Халық мұр.»). // экспр. кейіс. *Оңбаған.* – Тіфу, мына кежірді-ай! Әй, бүгін кеңседе шот қағылды... (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). 2. *Қайсар, қайтпас, бір бет*. «Сүйегі мықты адам екен, қаратастай қатты кежір кісі болар-ау» деп ойлады Құлан (А.Нұрманов, Құлан.).

Алғаш бригада жігіттерін өндіріс бригадирі тың ашуға жасақтап жатқан кезде Кәрібай кежір мінез көрсеткен-ді («Лен. жас»). 3. *Жалқау, еріншек.* Ал енді бірлі-жарым кежір, керенау табыла қалса, «сөлеңдеп бос жүреді, не оңар дейсің!» – деп, көпшілік ондайды айыптап отырады (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Ақпа құлақ – алаңғасар, жалқау, кежір, өзім ғанамын дейтін өр кеуде баладан не күтеді жұрт? (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Кежірдің ас ішкісі келгенмен Пештен түскісі келмейді (Шопан сырласы). // *Жалқаулық, еріншектік.* Желкесін басқан кежірден арылып, өрісі ашылған кезде тізгінін Қасболатқа беріпті (Т.Ахтанов, Дала сыры). Қарапайым еңбекші жандар үйдің орайын қалай келтіріп жатыр. Ілесу керек соларға. Қию керек желкедегі кежірді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

452. **КЕЗЕП** [ар.] зат. 1. *Қу, сұм, сұмырай, екіжүзді, алаяқ; кәззап.* – Бірге жүруіне қарағанда ол да әлгі кезептердің досы ғой, сірә (М.Гумеров, Хазірет.). Шыққыр көзім шықпаса, таныдым мен ол кезепті (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Сондықтан сенбеңіздер бұл кезепке Азғынның айла сөзі елге сеп пе? Адасқан Аманкелді ерсін соған, Ермейді ұйтқысы бір ел өсекке (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). 2. ауыс. *Ұры, қарақшы*. Талай жерде бүкіл ауыл соңына түсіп ұстай алмай жүрген, елден жылқы қоймаған кезептің қашып келіп, Мистер Харслейдің үйіне паналағанын білгеннен кейін ишан жігіттері кейін қайтып кеткен көрінеді (М.Қаратаев, Далада.). – Сәкежан, мына бір Байсалықов, Беков деген аты шулы кезеп ұрылар күн көрсетуді қойды (С.Талжанов, Ұлдай.). Аман-есен жүрсің бе, Тезек төре, Елден жылқы қоймаған, кезеп төре. Күні-түні жегенің ұрлық еті, Ақыретке барасың не деп, төре?! (Айтыс).

453. **КЕКЕТКІШ** сын. *Кекете бергіш, мұқатқыш, сөзбен шалып қағытқыш.*

454. **КЕКШІЛ** сын. *Кек тұтқыш, кек сақтағыш, кектенгіш; кінәмшіл.* – Мен онша кекшіл адам емеспін. Оны мына балалар біледі (Қ. Мұқамеджанов, Өзіме де.). Кек ішінде кеткен адам дертке шалдығып, ем табылмай өмірден өтеді, түсі жылымайды, жүрегі жібімейді, кекшіл болып, көпшіл болмайды (А.Қайбарұлы, Б.Бопайұлы, Қазақ ырымдары). Із қалдырмай кетудің мәнін тапқан, Қыз сөзімен қинады Медғат атқан. Кекшіл мәңгі кек алмай неге кетсін, Байдың үйін торыды бақша жақтан (Үш ғасыр.). Болмасын кекшіл, Болсайшы көпшіл. Жан аямай кәсіп қыл (Абай).

455. **КЕЛСЕҢ КЕЛДІҢ ӨЗІ** *Еш нәрседен тайынбайтын, ерегіске құмар, шешінген судан тайынбас кісі.* Ұрыс, төбелеске келгенде, ешкімнен тайына қоймайтын нағыз келсең келдің өзі деп естуші едім (С.Мұқанов.)

456. **КЕҢ БАЛАҚ, ЖАЛПЫ ЕТЕК** *Қолынан іс келмейтін, олақ, салдыр-салақ (әйел); шаруасы ұқсап жатпайтын кісі.* Уай, соның кең балақ, жалпы етек, шүйке бас қатынын қойшы, тамағы таза емес (Ауызекі).

457. **КЕҢ КӨМЕЙ** *Қанағатсыз, тойымсыз, обыр*. Олжа бала мен кең көмей болысты бір тойындырдым (М. Тиесов, Әңгім.).

458. **КЕҢ ҚОЛТЫҚ** 1. *Бейқам, қамсыз, алаңсыз.* Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан, үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан» деп (Абай, Тол. жин.). Баяғы бір кеңдік, ешнәрсені елемеушілік, кең қолтық, бейғамдық сияқты белгілі қалыптан басқа түк із жоқ (Ғ.Мүсірепов, Таңд шығ.). Сарыарқа сағынамын сары желін, Кең қолтық, келте шапан, өңкей ерің (Айтыс). 2. *Мақтаншақ, тыраш*. Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан, үй төбесінесаламын деп, қамыс артқан» деп (Абай, Тол. жин.).

459. **КЕППЕ КЕУДЕ** *Ісіп-кеппе мақтаншақ.* Иесі батыраш бір кеппекеуде, Ұр-көппе, томырық мінез, намыс берме, Осы аста сағы сынып, бағы тайса, Ол өзін дап-дайын тұр “өлдім” деуге (І.Жансүгіров).

460. **КЕР АСҚАҚ** поэт. *Паң, менмен (адам)*. Кер асқақтың сөзін-ай! Құйқылжыған қырын-ай! (М.Әуезов, Шығ.).

461. **КЕР ЕСЕК** *Керітартпа; қыңыр, бірбет.* «Ой, тәңірайшыл» кер есек, Қулық, сұмдық не өсек, Болмаған соң, бір есеп – Мейлі қамқа, мейлі бөз (Абай, Тол. жин.).

462. **КЕР ҚАБАҚ** поэт. *Менмен, тәкаппар.* Кер бұлақ тірлік кері тартып арытқанменен, Кер қабақ мінез танытқанменен не түрлі, Ғаламға қарайтын толық күш, толық қанменен, Ойнауға болмайды алыптарменен, Ұлы адамдар ұлы өзендер секілді (М.Шаханов, Ғасыр.).

463. **КЕР** сын. *Тәкаппар, қырсық, менменшіл.* Танымайтын я сырын білмейтін адамдарға Сәкен барып тұрған кер, өр көкірек адам сияқты боп көрінетін (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жақыным болам десе жатсынбаған, Астындағы аласын сатсын маған. Құйын қуған келімсек кер кедейді Алласы асыра деп тапсырмаған! (М.Мақатаев, Шығ.). Мекені жоқ, елі жоқ тұрақ қылған. Жерді төсек, жұлдызды шырақ қылған. Кезбе өмірі делбе етіп кер кедейді Кез келген қиырларға лақтырған (М.Мақатаев, Шығ.). Сұм тазша, олай айтсам, бұлай дерсің, Мінезің тіпті жаман, өзің керсің (Қозы Көрпеш). Кек қуған кер, ызақор, күншілдерге Жұтатын дұшпанының қаны арманда (Шәкәрім. Өлең д.). // *Қырсықтық.* Табиғаттың заңы қатты, үкімі рақымсыз, жолы толып жатқан кер мен кедергі, ісі шынжыр қатар тіркескен себеп пен салдар болып, алды-артыңды ораған шырмау (А.Байтұрсынов, Шығ.). Досболдан келген керді көре жатармыз – деді. Шоңмұрын (Ақынжанов).

464. **КЕР ТАБАН** *Қияңқы, қырсық, тартыншақ.* Нар жалқау кер табан Құсы күйшіл, ат шабан, Жырғалаң жоқ жобалаң (Д.Бабатайұлы).

465. **КЕРҒАЙЗАҢ** сын. сөйл. *Кертартпа.* Қашан да қалпың керғайзаң, Түртпесе ықылас, ынтықтық. Қарарсың ойлап сен қайдан, Жатса да бітпей іс бықып (Ғ.Орманов, Көгілдір.).

466. **КЕРДЕҢ** сын. *Менмендігі күшті, керенау, паң.* Арайды сырттан бөтен адам көрсе, мынау неткен кердең кемпір еді деп қалғандай (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, Мен-мен, кердең, қайғысыз, ер көңілмен (Абай, Тол. жин.). Сүйеу үйленді, ел қатарлы жұмыс істейді. Бірақ араға жыл салмай-ақ Нұрзия келіп кердең мінез аңғарта бастады («Лен. жас»). Молдеке, ісің қандай, сөзің – кердең, Мен тегін жүргенім жоқ сонау өрден. Сенің де атың шығып, мыңнан озған, Теңім деп іздеп келдім сонша жерден (Айтыс). // *Ақылсыз, зердесіз, жөнсіз, қисынсыз кісі.* Менменсінген кердеңнің керген қасы, Ішімді күйдіреді сол ызасы. Жер тәңірсіп, кісімсіп желіксе де, Төбесінен бір түсер жайдың тасы (Ш.Құдайбердиев. Шығ.). Момынға залалым жоқ жалғыз тиын, Кегім кеткен кердеңнің бердім сыйын, Жалғыз-ақ ит әкеңе қыла алмадым, Маған сенің барлығың болды қиын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

467. **КЕРЕНАУЛАУ** сын. *Жалқаулау, самарқаулау.* Мұның әмірін керенаулау болса да құп алып жүрген Мұрат барлығын дерлік қиқар істепті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күндер). Жұрт артынан керенаулау Сағила мен Мергенбай шықты (З.Шашкин).

468. **КЕРТАРТПА** сын. *Ескіні көксейтін; кері кеткен*. Бұл ең алдымен, даланың кертартпа феодалдарына қарсы, ғасырлар бойындағы әдеттерге қарсы ашық айтылған бұқара тілегі, ел тілегі (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ол кертартпа адам, өз ісіне кешірімсіз қарайды (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Жаңалық атаулыдан түршігіп тұратын Жылқыбай тәрізді кертартпа кесел адамдар бұл тұста да қарап қалмайды (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Кертартпаның белгісі Кең дүние тар дейді Қолында жоқтар тайлақты Солқылдақ өркеш нар дейді (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы.).

469. **КЕРІСКЕК** сын. *Салғыласа, ілігісе кететін, ұрысқақ.* Кетеген болса, түйең –жау, Тебеген болса, биең – жау. Ұрысқақ болса, балаң – жау, Керіскек болса, келінің – жау (Алдаспан).

470. **КЕСІР-КЕЖІР** сын. *Қырсық*. Шаң жұтқышпын деп өзің Киіп алып жез қалпақ, Кесір-кежір мінезің Болып алып тап-талпақ (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым).

471. **КЕСІР-КЕРДЕҢ** сын. *Қырсық, қияңқы, кертартпа.* Ағайынды алтау еді өздері Кесір-кердең келуші еді сөздері (Д.Әбілев, Өлең д.).

472. **КЕСІРЛІ** сын. 1. *Кесапатты, қырсықты, қиқар.* Ас үйіне жолатпайтын кесірлі байлар ұясы тас-талқан болды (І.Жансүгіров, Әңгім.). Қас кере күліп, қырындай бұрып бетіңді, Қиылып тұрсың қылықпен әсем не түрлі. Кеш кердің мені. Өлетін науқас сауығып Кеткенде келген кесірлі тәуіп секілді (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Кесірлі бала туар деп Бұрынғы айтқан мақалды. Айнамкөз бен Қаракөз Тұтқынға түсіп маталды. Күмістеп соққан кенейді Алтыннан соққан сақаңды Жұртқа ұмытып кетіппіз (К.Әзірбаев, Таңд.

шығ.). Мұндайда телефонисткалардан кесірлі адам бар ма? Апыр-ай, солардың төбеңнен тоқпақпен ұрғандай дүңк етпесі-ай (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). 2. *Менменсіп бұлданғыш, тәкаппар, паң.* Ноғайбай мырзаның ауыл салтанатын, үлгі-өнегесін көргенде әлгі кесірлі манаптардың қыры сына бастайды (К.Әзірбаев, Аңыз.). Кесірлі адам кер болады, Кемеңгер адам кең болады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Оның мына кесірлі отырғанына жәнесөзін бөліп жібергеніне іштей шала бүлініп Айбас отыр (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). Кесірлімен кеңеске, Керме иықпен егеспе (Қаз. мақал-мәт.).

473. **КЕСІРЛІЛЕУ** сын. *Кесепаттылау, паңдау, тәкаппарлау.* Кісіге көз қарасы, қасын керіп тастап, кесірлілеу паң отырысы айбын танытып, айдарын асқақтатып тұрады (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

474. **КЕУДЕСІ КЕПКЕН** *Мақтаншақ, бөспе*. Біздің ел – биікке өрлеп асатын ел, Кеудесін кепкендердің басатын ел. Болса да қандай мықты беттей алмас, Екпінді тау суындай тасатын ел (Пернедегі терме.).

475. **КЕУДЕСІМЕН ЖЕР СОҚҚАНДАЙ** *Адуынды, ожар, даңғой.* Омырауы ашылған, етек жайылып кеткен, кеудесімен жер соққандай, қатын алатын сырбаз атқа мініп, алдымнан қарсы шықты («Айқап»)

476. **КЕШІККІШ** сын. *Кеш қалғыш, кешіге беретін, кешігімпаз.* Арасындағы жалқаулар мен кешіккіштерге әкімшілік тарапынан шара қолдану барлықуақытта бірдей дұрыс нәтиже бере бермейді («Лен. жас»).

477. **КЕШІРІМСІЗ** сын. *Қатал, мейірімсіз, кекшіл.* Қылғаның тұз арамдық бұл емес пе? Сырттан аңдып, ішінен шалып жүрсің. Біреуді біреуге айтып шағыстырып, Күнәге кешірімсіз қалып жүрсің (Айтыс). Жау қатал, жау кешірімсіз (Қ.Қайсенов, Жау тылында). Ондайда әркім өз айтқанын істемейді де, өзгенің сөзіне кешірімсіз келеді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

478. **КИІКТЕУ** сын. *Кісіге үйір емес, оқшау.* Денесі арық, түрі қан-сөлсіз, қара сұр, еріндері үнемі кезеріп жүретін, көз қарасы өткір, шашын иығына түсіре жалбыратып қоятын, шешілесөйлеспейтін киіктеу бұл ақын тегі психикалық сырқаттан азап шегетін адам болуға тиісті (С.Мұқанов, Есею жыл.).

479. **КӨБІК АУЫЗ** *Жел сөзді, сөзшең, бөспе.* Мақтаншақ, көбік ауыз көкіме қыз, Түсіңнің жаңа білдім сары екенін (Айтыс). Есі дұрыс адам Әйкен тәрізді көкдолы, көбік ауыз, өсекшіл қатынмен сырлас болар ма? (С.Бақбергенов, Кентау). Көбі – көбік ауыз, көз құрты тойғанша, аспандағы айды да алып берем дейді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). // *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме адам* Қарада оңбаған қарда оңа ма? – деп, «Қызылқия» мектебін сырттан келеке етіп жүрген көбік ауыздарды да көрдік (С.Омаров, Өмір асулары). Шолпан оған білдірмей басын шайқады да: – Жоқ. Мен сөйлескенім жоқ. Сөйлесуге реті келмеді, үйінде ағайынды қос көбік ауыз отыр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

480. **КӨБІК ЕЗУ** *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме*. Айнытпастан таныған ақ-қараны, Осы бір жан өзіміздей боп барады. Неден секем алды екен, сақтанады?! Көңіліне көлеңке түсірді ме, Көбік езу біреудің даттағаны?! (М.Мақатаев, Шығ.). Көз алдымда тұр менің, Көріп тұрмын... бесігінен баланың, есігінен түрменің, Көріп тұрмын қара свастика. Иегінен көбік езу шешеннің, жиегінен мінбенің (М.Мақатаев, Шығ.).

481. **КӨЗ АЛДАУШЫ** *Көзбояушы.* Талай жылдар үйренген бұл әдет, қырсаулық, көз алдаушылық Бәйтеннің бойына мықтап орнаған (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

482. **КӨЗІНІҢ ЕТІ ӨСКЕН** *Менменсіді, асып-тасыды, дандайсыды*. Көзінің еті өсейін деген екен (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Өз бақытымды қорғаймын. Көзінің еті өскен жігітке өз намысын қыздың қалай қорғайтынын көрсетемін – деді Күлше (М.Иманжанов, Менің махабб.). Өзге мінін көргіш әулиеге біз де бірдеңе айта алады екенбіз. Көзінің еті өскен өзімшілдікке сот құрамын, әділет сотын құрамын, – деді Кәшкен (М.Иманжанов, Менің махабб.). Көздерінің еттері өскен екен («Лен. жас.»).

483. **КӨК ЕЗУЛІ** *Мылжың, мыжыма.* Көнтек ерін Қодардың қатыны, көк езулі Омардың қатыны, Ұлтарақ, Балға, Айнабай, Тарақ, бас қосты бір күн солардың қатыны (Б.Майлин, Шығ.).

484. **КӨК ЕСЕК** *Көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адам*. Суық тас әкем тәні қара кесек, Жаншылған шешем жаны балшыққа есеп. Көлігі көз ашқаннан көрінгеннің, Жаны елік, жүрегі өлік бір көк есек (І.Жансүгіров, Шығ.).

485. **КӨК ЖАЛҚАУ** *Мейлінше еріншек, жұмысқа бойы жар бермейтін.* Әрине, біздің арамызда көк жалқаулар да жоқ емес («Қаз. әдеб.»). Әлгі Смайыл бір түс жұмысқа шықпай қалып едім, мені «көк жалқау» деп қабырға газетіне жазыпты («Лен. жас»). Мен көргем жоқ, ондай досты... Тоқтай тұр, Нұрлан, кімнің көк жалқау екенін білерміз әлі!... Асықпа! (Н.Ғабдуллин, Шығ.).

486. **КӨКАУЫЗ** сын. 1. *Беталды сөйлей беретін, сөзуар, мылжың.* Бұл көкауыз мылжыңның жер-жебіріне жетуге бірнеше жол болса, қандай жақсы болар еді («Лен. жас»). Ел ішінде атаққа шыққан көкауыз келін Зейнеп... (Б.Майлин, Таңд. шығ.). 2. *Шатақ, ұрысқақ.* Ол кісінің өзі көкауыз, долы болса керек (С.Сарғасқаев, Біз төртеу). Келін мен баланың арасын біріктірудің орнына іріткі салатын көкауыз, долы шешелердің әлі де кездесіп қалатыны өкінерлік-ақ («Лен. жас»).

487. **КӨКБЕТ** сын. *Ашушаң, ызақор, долы, бетпақ.* Ол әлгі сіз айтқандай көкбет емес (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Бет-аузын түк басқан көкбет Керімберді сұмдық тұлданды («Қаз. әдеб.»). Қызына ақыл айтып көріп еді, бірақ ана көкбет илігетін емес, сазарып отырып алды (Қ.Жұмалиев, Соңғы көш).

488. **КӨКЕЗУ** сын. *Сөзге жар бермейтін, қолынан іс келмейтін мылжың.* Көкезу пысықтарды қың демей-ақ қылғи салады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

489. **КӨКМЫЛЖЫҢ** сын. *Көп сөйлейтін, сөзге құмар, сөзуар*. Ал, мына бір сап-сау көк мылжыңның дәптершесіне жазып алған медициналық терминдері таусылар емес (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Көк мылжың істей бергін білгеніңді, Бәрі бір қызармадың, ұялмадың (Е.Қандеков, Өлеңд.). Тілеубайға көк мылжың деп ат қойды (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

490. **КӨКСОҚҚАН** сын. зат. *Құдайұрған, бұзақы, тентек*. Кесім әділ! Бас бұрмасын, ана көк соққан Майсорға осыны жеткіз! (Д.Әбілев, Арман.). Өй, көк соққан! Жеңгеңді сабатып қойып неге тұрсың деді Қайыр (С.Адамбеков, Шығ.)

491. **КӨКІГІШ** сын. *Әр нәрсені бір шатып-бұтып бөскіш, масаттанып лепіргіш*. ≈ Көкігіш әйел. // Бөскіш, лепіргіш адам. Дәл осындай көкігішті Тыңдау қандай өкінішті (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр.).

492. **КӨКІМЕс**ын. *Бөсіп сөйлей беретін, мылжың.* Түу, көкіме екенсің ғой. Ұйқы бер адамға (Т.Тобағабылов, Тағдыр.). Ат жақты, албырт ауыз, көкіме қыз, Өңіннің жаңа көрдім сары екенін («Қаз. әдеб.»). Сәулешім, Желкілдегім-ай, сенің Ұйықтай алмай жатқаның көршідегі көкіме қатындардың тілі-ау (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

493. **КӨКІРЕГІ [КЕУДЕСІ] ТАР** *Өрісі тар, мешеу*. Мұқаң көкірегі тар адамның емес, нар адамның жүгін арқалап жүр екен (Д.Әбілев, Арман.).

494. **КӨКІРЕГІ [КӨҢІЛІ] ҚАРАУ** *Жан-дүниесі арам, қараниет.*– Бірақ көңіліне келмесін, көкірегі қарау, көңілі арам екен (Т. Дәуренбеков, Кездес.). Өмір түз, түзудің жолы тарау-тарау, Тосады тоғысардан көңілі қарау. Жүрегін жалау етіп өтеді ақын, Жанады қызғалдақша жалғыз жалау (Т. Әлімқұлов, Боз жорға).

495. **КӨКІРЕКТЕУ** сын. *Менмендеу, тәкаппарлау*. Қайдан білейін, Ереке... мақтаншақ адам өзімшіл келеді ғой. Менмен, көкіректеу болады (Ғ.Сыланов, Домбыра.).

496. **КӨКІРЕКШІЛ** сын. *Өзімшіл, менмен, тәкаппар*. Теректей тентек кеуде көкірекшіл, Мінезі кейбіреудің кісі кейір Әр кезде сөзі жылы, өзі көпшіл, Білімді адам келеді кішіпейіл (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

497. **КӨЛГІР** сын. *Мүләйім.* Енді ол көңілденіп, көлгір сыпайылыққа ауысты (С.Омаров, Қиыр жол). Көлгір жігітті көздеріне ілмеңдер («Мәдениет және тұрмыс»). // *Мүләйім адам.* Көлгірдің көзі жасты (Мақалнама).

498. **КӨЛЕҢ** сын. *Ерке, шолжың.* Мінгені жолдасымның жирен дөнен, Өнерді жаман екен үйренбеген. Көлең қыз келмей жатып сөзін айтып, Бала екен бір дәріпсіз сүйреңдеген (Айтыс).

499. **КӨЛПАЛ** сын. сөйл. *Бос, көпірме, лепірме мінез*. Көзі кафе жаққа түсті. ашық екен. Демек Әсемкүл де келіп қойған. Отбасында көлпал Әсемкүл сауда үстінде мүлдем басқа (Е.Әлімжанов, Тарғыл.).

500. **КӨН КӨҢІЛДІ** *Тас бауыр, қатыгез.* Абай «сорлы бауырым, жазықсыз бауырым» деп, зар шегер болса да, мынадай іші дұшпандықтан қатып қалған көн көңілді жандардың алдында оны істесе, адасқаны (М.Әуезов, Абай жолы).

501. **КӨНІМСІЗ** сын. *Көнбейтін, көнбес, төзбес.* Өз дегені болмаса, айтқанға көнімсіз біреу болатын (Ауызекі).

502. **КӨҢІЛІ [КӨКТЕН] БИІК** *Ешкімді менсінбейтін, тәкаппар, көкірек*. Көңілі биік, сылқым маңғаз, Секек емес, ұраншақ. Сұмдық баққан, бояу жаққан, Емес жанды қуыршақ (С. Сейфуллин, Шығ. жин.). Көңілі такаппардың көктен биік, Болғанда ойы тайыз сөзі суық, Кішіпейіл келеді білімді адам, Дәні толық тарыдай басын иіп (К.Әзірбаев, Шығ.).

503. **КӨҢІЛІ БОРПЫЛДАҚ** *Көңілшек, көңілі бос*. Әлгінде Жандостың көзінше ақ батасын бағыштамағаны – көңілі борпылдақ жас баланы босатып алам ба дегені (О.Бөкеев, Үркер).

504. **КӨҢІЛІ КӨКТЕ** *Паң кеуде, менмен, өркөкірек.* Көңілдерді көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді (Абай, Тол. жин.).

505. **КӨҢІЛІ КӨКТЕ, БАСЫ ЖЕРДЕ** *Менменсігін, өр көкірек.* Жаманның көңілі көкте,жерде басы, Алыс қой аңғарғанда екі арасы, Жақсының өзі кішік, ойы биік, Бірдей ме екеуінің мәртебесі (Жамбыл, Шығ.).

506. **КӨППЕ**сын. *Мақтаншақ, бөспе, күпсіме*. Көппе тентек болсаң да, көпке тентек болма (Мақалнама). // *Мақтаншақ, бөспе адам.* Осындай өр кеуде көппелер бір халықты екіншісімен өшіктіріп келеді (А.Сатаев, Дала.). Меніменен айтысқан, Сендей талай көппенің көкірегі басылған (Жамбыл, Тол. жин.).

507. **КӨПІРМЕ АУЫЗ** *Сөзге дес бермейтін ұрысқақ*. Кассир қатын да қысыр сөзге дес бермейтін көпірме ауыз әйел болса керек («Мәдениет және тұрмыс»).

508. **КӨРЕ АЛМАЙТЫН** 1. *Қызғаншақ, күндейтін, іштар*. Ел бүлігі тобықты, Көп пысыққа молықты. Малдының малын көре алмай, Борышын түгел бере алмай, Көрінгенге обықты (Абай, Тол. жин.). Ақбала өзіне құдай берген ажар-көрікті көре алмай, күндеп жүрген қатындардың алдынан әрқашан тәкаппар басып, тік ұстап өтетін (Ә.Нұрпейісов, Қан ментер). Жазатайым іс болса Көре алмай жүрген көп дұшпан Қанбай ма оның табасы (Базар жырау, Шығ.). 2. *Байқамады, бағаламады.* Айсарадай асыл сүйекті спортшы шет елде тұрса, байлыққа батып отыратын еді. Ал бізде бәрі керісінше. Барымызды көре алмаймыз, жоғымызды бере алмаймыз («Жас Алаш»).

509. **КӨРСЕҚЫЗАРЛАУ** сын. *Қызыққыштау, құмарлау.* Пыхалов Владимир – әйел десе үйіріле қалатын көрсеқызарлау адам (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

510. **КӨТІНЕ БАҚПАС** *Қырсық, қиқар.* Сен де бір отырған көтіне бақпас екенсің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

511. **КҮЙГЕЛЕК** сын. *Қызуқанды, күйіп-пісуге дайын тұратын ұстамсыз, сабырсыз, тағатсыз.* Саудагер көрсеқызар, шыдамсыз, күйгелек болды-ақ ұрынады, ұтылады. өткір сезім, күшті қиялдың саудагерге түкке керегі жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ерінің соңғы жылдары тіпті күйгелек, бұрынғыдан да қатыгез хәлге душар болғанын Күлпаш білетін (З.Жәкенов, Таң самалы). Андрей Семенович кейінгі кезде аяқ астынан ашуланып, күйгелек мінез көрсететінді шығарды (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Бір сөз айтсаң кимелеп, Он сөз айтар үймелеп, Күйіп-пісіп отырар. Қашан көрсең күйгелек (М.Рашев, Бұйымтай).

512. **КҮЙГЕЛЕКТЕУ** сын. *Сабырсыздау, шыдамсыздау, тағатсыздау*. Орта бойлыдан төмен, қатпалау қара кісі төрге шықты, өзі жүйкесі тозған күйгелектеу адам тәрізді (Т.Ахтанов, Үндістан.). Өзі күйгелектеу, жұмысын жанындай жақсы көретін жас соңғы кезде қатты жүдеп кетті (К.Сақабаев, Өткел.).

513. **КҮЙРЕК** сын. *Жігерсіз, осал, боркемік.* Мұндай күйрек болар ма? Шарт та шұрт 12 қараға сауданы пісіріп, келер сәрсенбіге мал бермек болып, қаз ілген қаршығадай тойқаңдап атқа қонды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мирас өмір бойы қиындық көрмей, бұла боп

өскен жігіт екен, күрт сынып, жүнжіп, күйрек болып кетті (Ә.Тарази, Үлкен ауыл.). Құрымбай балам өзіме тартқан, өмірімнің мақтанышы да, сәні де осы деп жүрсе, күйрек, жасық боп шыққан ба (З.Шашкин, Теміртау). // *Жігерсіз адам.* Жеңіс деп не бір күйрек қайраттанды, Құлпырды қайраттының қайнап қаны. Осымен өз бақытын жасады адам, Халықтың қайта атты жайнап таңы (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

514. **КҮЙРЕКТЕУ** сын. *Жасықтау, боркеміктеу.* Оның мінезі күйректеу (Ауызекі).

515. **КҮМПІЛДЕК** сын. *Алыпұшпа мақтаншақ, бөспе*. Бәрі де ұйқысызды ойлатады, Күнімен толған жырды ми қатады. Есіңе келіп түнде бір күмпілдек, Жүйкеңді жұлқиды да ширатады (Қ.Бекхожин, Шардара). Малға мықты күтім деп, Мүмкін бе, сірә, мүмкін деп, Қой біткен қоңды, оңды деп Есеп берді күмпілдек (М.Рашев, Бұйымтай).

516. **КҮНДЕГІШ** сын. *Өзгенің жақсылығын көре алмайтын, қызғаншақ, күншіл.* Ол от бізге белгілі Майдельден тұтанды. Өзінен өзгені күндегіш ол, Атбасар жәрмеңкесінен абыройлы қайтқан... Шоқанды күндеді, әлдеқалай «азиятқа», оның ішінде жаны жек көретін «киргизға» ондай абыройды қимады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сұлтанмахмұттың өнерін күндегіш Есдәулет манадан бері тыжырынып отыр еді (Д.Әбілев, Ақын.).

517. **КҮНШІЛ** сын. *Ішітар, қызғаншақ, көре алмайтын, күндегіш.* Дәлелсіз сөз — соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдың алдында жоқ қой құны. Мисыз, күншіл, бірезу, өзімшілдер Аласұрсын, асқақтап, қозса жыны (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жарым күншіл, көз салдырмайд жан-жаққа, Жібермейді жұмысқа да, мансапқа. Сондай ерке, оны құшып, керіліп, Күндіз-түні күңірене бер тек жат та (М.Жұмабаев, Шығ.). Шын шын бар, қате шын бар, улы шын бар, Әлгі айтқан өтірікте қандай мін бар? Елді сынап, өз мінін елемейді Өлі жүрек, өзімшіл, күншіл мұндар! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Замандастар, тұстастар әділ болуы қиын, өйткені незаманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішпен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып міниіп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

518. **КІДІКШІЛ** сын. *Кілт етпе мінезді, өкпелегіш.* Кем-кетік көңлі жарым адам кідікшіл болады (Т.Ахтанов, Боран).

519. **КІДІЛЕУ** сын. *Кейігіштеу, өкпешілдеу, тіктеу*. Менің бір мінезім – кіділеумін (Н.Сералиев, Қаңтар). Қарт қойшының мінезі кіділеу екенін Александр Антонович енді ғана ұқты (Көктем лебі).

520. **КІЛТИМЕс**ын. *Өкпешіл, ренжігіш, кілт етпе*. Содан ешкім жоламай, Сорайып тұр кілтиме. Саудаға да обал-ай, Жұрт алмайды бір түйме (Ә.Ахметов, Жерұйық).

521. **КІНӘЛАҒЫШ** сын. *Кінә таққыш, айыптағыш, міншіл*. – Оны мен өлтіргем жоқ, соғыс өлтірді. Кінәлағыш болсаң, соғысты кінәлағын (Б.Момышұлы, Москва.).

522. **КІНӘМПАЗ** сын. сөйл. *Кінәмшіл.* Үлкен кісінің көңілі де жас баланың көңіліндей кіршең де, кінәмпаз да келеді (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

523. **КІНӘМШІЛ** сын. *Кінә таққыш, кірпияз, қыңыр.* Кінәмшіл адам өзгенің тіршілігі мен мінезінің кем-кетігін байқап, әсірелей үстемелейді де, оны кінәлай кетеді (ҚҰЭ). Кінәмшіл адам өз мінезінің кем-кетігіне жете мән бермей, өзгелерге орынсыз талап қояды (ҚҰЭ).

524. **КІНӘШІЛ** сын. *Кінә таққыш, кінәмшіл, міншіл*. Жас бала кінәшіл да талғамшыл келеді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Әрі кілт етпе кінәшіл, кесапат келеді (К.Тоқаев, Тасқын). Өкпем де жоқ емес-ау саған менің, Жосықсыз кінәшілсің – жаман Жерің. Төзгісіз қылығыңды қырқып тастап, Төзімді мінезіңмен қалар ма едің (М.Мақатаев, Шығ.).

525. **КІРБІҢШІЛ** сын. *Ешбір зіл я әзілді көтермейтін ашушаң, не болса соған кейігіш*. – Кейістен арылмайтын кірбіңшіл қабағы ашылып, айналасына жалт-жұлт мамыражай көз тастап, буын-буыны былқылдап, неше алуан «твистерді» де жандырып жібереді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

526. **КІРПИЯЗ** сын. жағымсыз. 1. *Менменшіл, асқақ, өзін-өзі жоғары ұстайтын тәкаппар, кердең.* Жаңабай кірпияз кісі болатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүниежүзілік соғыс ағылшындардың отар және доминондарымен байланысын тым кірпияз күйге түсірді

(М.Шоқай, Таңд.). 2. *Талғампаз, кербез.* Кір-қоқыс үйге жоламайтын, тумысынан кірпияз кінәз Ақан мына мұнтаздай таза үйге көңілі көншіді (С.Жүнісов, Ақан сері). Не ұзын, не келте емес, қара өзіне өзгеше жарасады. Кірпияз сері талғампаздық жағынан бірдей (О.Бөкеев, Қамшыгер.). Дастарқан жайып, кірпияз шеше алдына шай әкелді (З.Шүкіров, Қиын түйін). Бойынан кірпияз серіліктің де жұқанасы арылмаған. Үстінде шолақ жең барқыт бешпет, барқыт шалбар. Аяғындағы мәсі мен галошы да жып-жылтыр (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті

527. **КІСІЛІГІ ЖОҚ** *Менменсінген тәкаппар, адамгершіліктен жұрдай*. «Менің де көңіліме бір аяқ ас сияды, малды екен деп кісілігі жоқ сасық кеуделерге есемді жіберем бе?» – деп Далдабай да тебініп қалды (М.Дүзенов, Меймандар).

528. **ҚАЖЫРСЫЗ** сын. *Қайратсыз, қуатсыз; жігерсіз.* – Қажырсыз еркекті қайрағанмен не шығады (Т.Ахтанов, Дала.).

529. **ҚАЗАНБҰЗАР** сын. *Бұзық, бұзақы, сотқар, содыр*. «Мына қазанбұзар, әпербақан жігіт қазынаға қалай сыйып жүрген?» – дегендей, ішімнен таңданып келем (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалжыңы теріс, сөзі – ұрыс, Айтқан сөзге көнбейді. Өз тентегін көрмейді, Қазанбұзар бір құрыс (Абай, Тол. жин.).

530. **ҚАЗБА** сын. *Қазып көп сөйлейтін, мазасыз, жайсыз; мыжыма (адам).* Баланда ел сабырлы мінез болса, Малыңды сол бағады аз да болса. Бала менен келінде не кінә бар. Үйде отырып кемпір-шал қазба болса (Шал ақын, Өлеңд.). – Қарап жүріп әлгі сүрей Серғазымен ұстасатының бар. Онымен не таппақсың. Сол мазасыз қазба немемен ілінісіп қайтесің (Б.Тілегенов, Көктем.). Қартайғанда қатының қазба дейді, Келін менен балаға жазба дейді. Ат болса, айғыр болса солар мініп, Шолақ байтал қақбасқа аз ба дейді (Алдаспан).

531. **ҚАЗБАЛАҒЫШ** сын. *Бір нәрсені қазбалай бергіш; қазымыр.* «Жақсыны» қай жері жақсы, неліктен жақсы? «Жаманды» қай жері жаман, неліктен жаман? – деп қазбалағыш (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

532. **ҚАЙЫРСЫЗ** сын. *Қайыры жоқ, ізгі амалы жоқ, жаны ашымайтын.* Қайырсыз болса байдан без, панасыз болса сайдан без (Мақал). Ақылы бар кісіні Айбаттайды, даттайды. Ауқаты бар туғанды Қайырсыз ит деп жаттайды (Абай, Тол. жин.). Көктемесе жаңбыр боп Қайырсыз жаздан қыс артық (Н.Наушабаев). Қайырсыз неше сараң байлар да бар, Қайықтай толқындағы қапталдаған (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

533. **ҚАЙЫРЫМСЫЗ** сын. *Қайырымы жоқ, мейірімсіз; қатыгез.* Бай болған Шоқанайда Бабас атты, Қайырымсыз қарау адам тастан қатты (О.Шипин). О, тәңірі, қайырымсыз, анамды алдың, Ашылмастай басыма қайғы салдың (Қ.Жұмалиев). Әлдебір қайырымсыз қара күш көкірегіңді қарс айырып жіберіп, жүрегіңнің тамырларын бырт-бырт үзесуырып әкетіп бара жатқан сияқтанды (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

534. **ҚАҚАТҰЯҚ** сын. *Қу, сұм, сұмырай*. Қақатұяқ кісі (Қаз. тіл.сөздігі). Талай үйге ас емес атау ішкізген қақатұяқ (О.Тәжиева, Жетім қыз).

535. **ҚАЛША** сын. *Қасарып айтқанға көнбейтін, қырсық*. Соңғы рет айтам, алмасаң тілді... Шошынып сұлу көзін тарс жұмды. Белгілі жынды, қайтпайтын қалша Торының басын қақ жарып тынды (Қ.Дәрібаев, Шилі өзен). «Қасарма қалша» атанбай, Болғыл көптің ығында! Басыңды берсен – мияссар Уағыдасы мығымға (О.Шораяқов, Шайыр.). // *Қасарыспа, қырсық мінез.* – Қарғадай болып қалшасын қарашы. Смайыл үлкен емес пе? Тұр, онан да қолын ал! (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.).

536. **ҚАНАҒАТСЫЗ** сын. 1. *Тойымсыз, нысапсыз*. Өзі тойса да көзі тоймайтын қанағатсыз бай қабағынан қар жауып, қарамағындағы қара шаруасының апшысын бидайдай қуырып жеп қоя жаздайды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Айжан келіншектің қанағатсыз шайпау тіліне жаны түршікті (З.Шашкин, Сенім). Адам қанағатсыз болмай ма... «Кедей байға, бай Құдайға жетем» деген мақал бар емес пе? (М.Жұмағұлов, Қыран.). Дүние неткен тамаша ең! Сұлулыққа, әсемдікке тоймайтын, адамнан қанағатсыз не бар екен? (А.Шамкенов, Толқын.). 2. *Ашқарақ, қомағай.* Қанағатсыз қара жер жан біткенді жалмайды. Қайырымы жоқ қара жер Құр зорлығын жалдайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Қанағатсыз, тойымсыз,

Қамтығың келеді барлығын. Жас болғың кеп тұрады Жүректесөнбей жалының (А.Лекеров, Достар).

537. **ҚАНҚОР** сын. *Қанішер, қанқұйлы.* – Әй, жолың кесілгір, менің жолымды кесіп қайда апарасың. Қанымды ішпекпісің, қанқор! – деді Тоқатай (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Еден де қан, есік те қан ағылған, Бірақ әлі сурет жоқ табылған. Қанды таяқ, қара жүрек қанқорлар, Балаларға аш кенедей жабылған (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

538. **ҚАНҚҰЙЛЫ** сын. *Қаныпезер, қанішер*. Сен, қанқұйлы, тамам елді жылатып болдың ғой, осы итаршылықты қоямысың?.. (М.Әуезов, Абай). "Тым болмаса аяңдар, – деп, – сәбиді!» – Әулиедей аппақ басын шал иді. Тындамады қарақшылар зар-күйді, Жібімеді қарақшылар қанқұйлы (С.Мәуленов, Алыс кет.). Даладан тауға көшіріп барлық ұрысты, Даңққа бөлеп алдаспан ауыр қылышты, Қанқұйлы жаудан босатқан ерлер солар ғой Ақжайықтан Алтайға жетер ұлысты (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.). Қанқұйлы фашистер-ай, сендердің осыныңды адам қауымы ұмытар ма? (Арулар отты жылдарда).

539. **ҚАНСҮРЕК** сын. *Қанқұйлы, қанішер*. Екеуі де жүрген бір қазан бұзар қансүрек (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Кесел ғой нағыз ақырет. Адамға ортақ азап сол. Патша бол мейлің қансүрек, Қозыдай момын қазақ бол (Қ.Дәрібаев, Серт)

540. **ҚАНЫ БҰЗЫҚ** *Қараниетті, үнемі жамандық ойлайтын, арам (адам)*. ...Ол қаны бұзық ұры-қары, Қапысын тауып сені алар (Абай, Тол. жин.). Отарбай үйіне жаңағы бар қаны бұзық сойқандар жиылып, Сармолланы сыртынан құртып-жойып жатыр дейді (М.Әуезов, Шығ.). Әкесі Ұлы жүздің Аққойлы деген атасынан еді, соғысқұмар, қаны бұзық боп өсті (Ж.Тілеков, Хинган асу.).

541. **ҚАНЫ ҚАРА** *Зұлым, жауыз.* Қаны қара сұмырай Қатты басты беліңді, Үн шығармай тұншықтың, Шығара алмай шеріңді (Жамбыл, Шығ. жин.). Сол жерде Таһир тұрып ой ойлайды, Салбырап төмен қарап көп ойлайды. Ғазиздің қаны қара адам еді, Бұл мені құрытады,– деп ойлайды (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Басында тәж, алтын қамқа кигені, Қаны қара қатал еді не деген! – Азияны Ақсақ Темір биледі, Тірісінде ешкім ақсақ демеген (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).

542. **ҚАНЫПЕЗЕР** сын. *Бейбіт елге бүлік салушы қанқұйлы, қанішер, жауыз.* Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер, Ажал жетсе аурусыз сауды өлтірер, Қаныпезер бұзақы жігіт болса, тыныш жатқан еліне дау келтірер (Шал ақын, Өлеңд.). Бұрын талай кісі өлтірген, қаныпезер ұрылар абақтыда жататын ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы қаныпезер қарақшыларды неге ғана жер жұтып кетпейді екен! (Б.Жетпісбаев, Жорық.). Қазаққа кәзір қаныпезер хандар емес, қар жастанып, мұз төсеніп ел жорығын бастайтын ерлер керек (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Міне, міне, асыл досым, қарашы. Тым тереңде шын байлықтың бағасы. Егер Гитлер ұлы ақын бабасы Гете рухын өз бойына сіңірсе, Тағдырына ақын көзбен үңілсе, Пенделігі айнала тор құрса да Қаныпезер болар ма еді мұншама? (М.Шаханов, Ғасыр.).

543. **ҚАРА ЖЕЛІН** *Тасбауыр, итмінез әйел*. Жасымнан ел аралап көп жүріп ем, Көрмедім келін иттен қара желі н. Тектіден қарап жүріп қыз алмасаң, Әрқашан жақсы ат бермес мұндай келін (Өске Торқаұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

544. **ҚАРА ЖЫЛАН** бейн. *Сұм, сұрқия адам.* Көк темір қайрауменен алмас болмас, Көк есек құрдас болып, мұндас болмас. «Жаман дос – қара жылан» деген мысал, Жар болып шұбар жылан жолдас болмас (Ақмолла, Күндер.).

545. **ҚАРА ҚАМШЫ** *Қара күш иесі, қаһарлы, өктем адам.* Науан хазірет Ақанның немере ағасы, қара қамшы адам (Ғ.Мүсірепов).

546. **ҚАРА ПЕЙІЛ** *Арам ниет, ниеті жаман.* Қара пейіл Әкпар осы жалғыз қаңғыған жол үстінде келе жатып, енді келешек күрес жоспарын құрды (І.Есенберлин. Қатерлі.). Колхоз құрылысына қаны қас қара пейіл сұмдар жасырын қастығын жасап бақты (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

547. **ҚАРАБАЙДАЙ ҚАНЫПЕЗЕР [САРАҢ]** *Мейірімі жоқ, сараң адам туралы айтылады (І.Кеңесбаев).*

548. **ҚАРАБАУЫР** сын. Т*ас бауыр, безбүйрек, қайырымсыз, қатыгез (адам).* Күркелінің бауыры күнде дауыл, Көтеш қалды жұртында жалғыз ауыл, Ауырып жатқан көңілімді бір сұрамай, Шын Сексеннің баласы қарабауыр (Алдаспан). // *Тас бауыр, безбүйрек, қайырымсыз, қатыгез адам.* – Беделсіз би, қайырымсыз қарабауырлар өңшең. Сендерге сенем деп, бөксе басты болармын ба? Сүгір – бай, мен – кедеймін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Берді бастаған өзге бригадалар да, Аяжандар да тегіс жиылған еді. «Әттең, қандай қарабауыр екен?», «Әттең, осы дұшпанды қолға берсе-ау», – десті (М.Әуезов, Шығ.).

549. **ҚАРАБЕТ** сын. *Ел алдында барлық сенімнен айырылған, елдің қарғысына қалған арсыз, ұятсыз, жексұрын.* Қасірет уын ішіп жүрген Алуа енді күйеуін, адал бата қосқан қойнындағы жазықсыз жарын, кетпенмен басқа шауып өлтірген қанішер, қарабет, бұзық қатын атанып, ертеңінде атыраптағы бар елге әшкере болды (М.Әуезов, Өскен өркен). Бәрінің тартып алды мал мен мүлкін, Тұтқындады ерлерді – елдің көркін. Сұр жылан Сұлтан отыр қанын тартып, Қарабет, қара жүрек азған шіркін! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Лықсып келіп тығылды, Тулаған ойлар көмейге. "...Жүрт білсе егер мұнымды, Қарабет Ақжан демей ме?!" (М.Мақатаев, Шығ.). // *Ел алдында барлық сенімнен айырылған, елдің қарғысына қалған арсыз, ұятсыз, жексұрын адам.* Түлкі болып сіңсеңіз де тау-тасқа Қыран болып төбеңізден самғаймын. Осыменен әңгімемді бітірем. Тек бітірер алдында, Қансыз әрі миятсыз, Шым етпейтін ұятсыз, Мына қарабетіңізге түкірем! Тфу! (М.Шаханов, Ғасыр.).

550. **ҚАРАЖҮЗДІ** сын. *Ел сенімінен айрылған, елдің қарғысына қалған, зұлым, арсыз.* Құдаңмен тәңірі алдында беттестірсе, Сол жерде қаражүзді болмайсыз ба? (Қозы Көрпеш.).

551. **ҚАРАЖҮРЕК** сын. 1. *Мейрімсіз, қайрымсыз, жауыз, қатыгез.* Бір күн ұйықтап қалсаң қаражүрек Нұртаза үстіне мұздай су құйып, шошытып оятады (С.Жүнісов, Ақан сері). Қанды балақ жендеттер, Қаражүрек, көн беттер Жеріме келіп қол салды, Соғысқа қанды жол салды (Т.Жароков, Шығ. жин.). 2. *Зұлым, арсыз, қараниет.* Халықтың тұрған кезде атпай таңы, Қас дұшпан қаражүрек елдің жауы. Жанына жақпағанды жайратыпты, Құдияр – қанға жерік Қоқан ханы (О.Шипин, Дастан.). Кейбіреу оспадарсыз өр көкірек, Биікке шығамын деп бос секіред. Баз адам қаражүрек, қара ниет, Қайдағы шаргейдікті көңілі сүйед. Басының бадырайған мінін білмей, Біреудің кемшілдігін қайдан білед (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бәрінің тартып алды мал мен мүлкін, Тұтқындады ерлерді – елдің көркін. Сұр жылан Сұлтан отыр қанын тартып, Қара бет, қаражүрек азған шіркін! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). (Д.Әбілев, Арман).

552. **ҚАРАНИЕТ** сын. *Арам ойлы, залым, сұм*. Жанақ жырында қараниет Қарабай мен мысық тілеулі Қодар Қозының қолынан сазайын табады (М.Әуезов, Әр жыл.). Кейбіреу оспадарсыз өр көкірек, Биікке шығамын деп бос секіред. Баз адам қара жүрек, қараниет, Қайдағы шаргейдікті көңілі сүйед. Басының бадырайған мінін білмей, Біреудің кемшілдігін қайдан білед (К.Әзірбаев, Таңд. Шығ.). Саф алтынды бос тастан ақтап алып, Бөсіп кетпей, көкімей, мақтаналық. Жақсы деуге жақсыны құлқы қимас, Қараниет індеттен сақтаналық (К.Салықов, Жезкиік.). Қараниет дұшпанның көңілін басқан, Лапылдаған тозақтың алдын қосқан (Қ.Сатыбалдин, Әлия),

553. **ҚАРАПЕЙІЛ** сын. *Қараниет, арам*. Делдие түскен танауында, «шіркін-ай, құдайтағаланың кәрімен атың сүрінсе, допша домалап ат үстінен құласаң» деген қарапейіл жаман ойдың нышаны бар (С.Жүнісов, Ақан сері). Тау мүлгіген, тас ұйықтаған Шақ еді бір тыныгар. Қарапейіл жаны арам Жүретін тек ұрылар (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлеңд.).

554. **ҚАРАРСЫЗ** сын. *Ешнәрсеге қанағат қылмайтын, тойымсыз, обыр, мешкей*. Жалдаушы бай егерде, Болса обыр, қарарсыз. Еңбек шарты жалғыз-ақ, Соған ғана жарамсыз (С. Сейфуллин, Шығ.). Қарарсыз бек, арсыз әмір, Халыққа ұлы еткен зәбір. Сазайын ап ел қолынан, Таңы атқанда Ұлы Октябрь (С.Бегалин, Өлеңд.). // *Тойымсыз, қанағатсыз адам.* Қарарсызбен дос болсаң, Жазымық сонан табылып, Қаларсың бір күн қошыннан (Халық поэм.).

555. **ҚАРАУ** сын. 1. *Әділетсіз, қиянатшыл, зорлықшыл, қараниет, арам.* «Бақай есеп, арам, жылпылдаған жағымпаз яки қайырымсыз қарау болмаса, тәйір-ай, сүмірейген

сұмұрындықтан сол тентектігі, турашылдығы-ақ артық»,– дейтін қарт («Жалын»). 2. *Ешкімге ешнәрсе бермейтін қолы тар; сараң*. Қараудың қазынасы қарғаға бұйырар (Мақалнама), Жұбайыңды есіттім, Таңдап тапқан еліңнен. Өзі қарау тартыншақ, Қас Қарынбай делінген (Айтыс).

556. **ҚАРЫСҚАҚ** сын. *Тайталасқыш, ерегіскіш.* Бекше қарысқақ мінезімен қадалып алды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Алғыс айтар ер жігіт, Қыз жаураса нөсерге. Құшаққа енер өр үміт, Қыз қарысқақ десең де (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

557. **ҚАРЫСПА** сын. *Қарысып қалған, ерегіспе, бірбет*. Бағыт алған жағынан танбайтын қарыспа ер екен (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Қарсы тараптың қарыспа адамдарынан өзге жай қалыпта тәртіпке көнбейтін тентек матростар мен сотқар солдаттар да аз болған жоқ (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Айдаһардай ысқырған, Айбатты көріп шерлі едім. Қарыспа туған паң көрдім, Темірхан ұлы Төрехан (Батырлар жыры)

558. **ҚАСАРҒЫШ** сын. *Қасарып отырып алатын, илікпейтін, бірбеткей; бетпақ.* Қыңыр адам қасарғыш келеді, ақымақ хан бас алғыш келеді (Нақыл).

559. **ҚАСАРМА** сын. *Қасарып қалған, қыңыр, ерегіскіш.* Ол тіл алмайтын қасарма, бір қисайса, келісімге келмей, қитабанданып жатып алады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). «Қасарма қалша» атанбай, Болғыл көптің ығында! Басыңды берсең – мияссар Уағыдасы мығымға (О.Шораяқов, Шайыр.).

560. **ҚАСАРЫСПА** сын. *Өз айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей, қайсар, қыңыр*. Зәуір Дүрияға: «Қайда барасың?» – дегісі келсе де, тіл қатпады. Бойын иілмес, қасарыспа бір мінез билеп алды (Т.Нұрмағанбетов, Қарлығаш.).

561. **ҚАСКӨЙ** сын. *Қаскүнем, зиянкес, теріс пиғылды*. Жәрдем Тілеков – қару-жарағымен де, қаламымен де қ а с қой жауды жамсатқан жауынгер жазушы (Синонимдер сөздігі). Көне магиялық сенім бойынша қаскөй күштерді қорқытып, үркітуде шудың ғұрыптық әсері мол саналған (Б.Абылқасымов, Телқоңыр). Осы тұрған ашынған жұрттың қаскөй жауы, қандықол айыпкері сенсің, – деді зілденіп (Ә.Әбішев).

562. **ҚАСКҮНЕМ** сын. *Қара ниетті дұшпан, зиянкес.* Иә, дарын ең қаскүнем пендеде де болады. Адамды адам ететұғын саналы Әсемдікті бағалауға бағытталған жанары Ізгілік пен тазалыққа деген іңкәр талабы (М.Шаханов, Ғасыр.). Сенуші едім, болар деп тойым алда, Тек арыма сыйындым мойығанда, Тек ізгілік іздедім тыным таппай Ең қаскүнем адамның бойынан да (М.Шаханов, Ғасыр.). Қаскүнем, қара жүрек, қаны бұзық, Ұрыспай Дутовпенен жатқан бұғып. Торғайға мен комиссар болмадым деп, Қайғырып қапаланып жүрді сұлық (О.Шипин, Дастан.). Тағдырдан сұра, қаскүнем, Бар ма екен менің сасқаным?! Алысуға бата алмай, Жалтақтап, сірә, қашқаным?! (М.Дулатов, Шығ.). Мен дос көрсем, мені санап дұшманға, Айтқанымды алғыза алмай еш жанға. Қаскүнемнің хайласына көз жетпей, Білерсің бір-ақ бүйіріңнен қысқанда (М.Дулатов, Шығ.).

563. **ҚАСҚЫР БЕТТІК** *Қаталдық, қатыгездік.* Еламан, саған келіп отырмын, – деп, бұл арада да өзінің кісіден жүзі қайтпайтын қасқыр беттігіне бағып, ойындағы сөзін ірікпей, тура бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

564. **ҚАСТАНДЫ** сын. *Қаскүнем, арам, зиянкес.* Ұлы күн жарқ еткендей аспанымнан, Ән төкті ақ ниетті асқарымнан.– Салынған аққан термен үйімізді Сақтастың – деді Конев, – қастанды дан (Қ.Көпішев, Кезеңдер).

565. **ҚАТЫБАС** сын. *Қатыгез, мейірімсіз, тасжүрек.* Қатыбас өмірден мен пайда алмадым, Жаныммен жазған жырым – жайған малым. Қылышың емес пе едім қынаптағы, Жоғалттың неге мені пайғамбарым (М.Мақатаев, Дариға). Болған соң өзі әмірші – атты қайтсын, «Ер жігіт айтар сөзін батыл айтсын», Деп тұрған жүрек жегіш жолбарыстар Табиғат, сонша неге қатыбассың (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.). Қайтып жаның ашымас? Неткен заман қатыбас? Еткен еңбек, төккен тер Қалай түкке татымас (Жамбыл, Шығ.).

566. **ҚАТЫГЕЗ** сын. 1. *Қатыбас, қатал, тасжүрек*. Бастан аңыз Баспанаңыз Ауыл – Мөлтек Астанамыз! Қызықтарға Қызып барма. Қағыстырма Бұзықтарға! Атым өзге, Затым өзге. Қарсы қойма Қатыгезге! Біз күйрек пе? Қыз күйрек пе? Жолықтырма Безбүйрекке! Мазақтар ма? Азаптар ма?! Кезіктірме Кәззаптарға! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.). Қолымда

жіпке тізген кірәнжілік, Беруге жүгіріп ем соны ұмтылып, Қатыгез милиционер қолым қақты, Сөйткенше кете барды вагон жылжып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Екеуін еркіменен қоспайтұғын, Қатыгез хан қаһары өзіне аян. Шарасын қалай етсек табамыз деп, Ойласты Салиха мен батыр Сәмен (Ә.Найманбаев, Шығ.). 2. *Аяусыз, ауыр, қиындыққа толы (өмір, тағдыр)*. Қатыгез зілдей тағдыр қара тастан, Алдында жерге құлап барады аспан. Төменде сылқ-сылқ күліп дария жатыр Жап-жаңа қыз бақытын ала қашқан (Ғ.Қайырбеков, Құрдас). Тағдырыңды қатыгез де, сараң десен сүйгенмен ол сүймесе шарың не? Махаббат ол – қос жүректің әні ғой Өзінесай дауыс керек әр әнге (М.Шаханов, Ғасыр.). Кеттіңдер біздің үйден ұзатылып, Қатыгез қимастықты қыз аты қып. Сан түндер сағынышым көз ілдірмей, Жүгіріп сыртқа шықтым жүз атылып (Т.Айбергенов, Мен. ғашық.). 3. *Безбүйрек, жаны ашымайтын*. Біз болсақ, баланы балабақшалар, мектептер тәрбиелейді деген ұғым қалыптастырдық. Анасының мейірімімен өспеген бала қатыгез болады (Айқын)

567. **ҚАТЫН ЖҮРЕК** *Қорқақ, батыл емес.* Қайда күшті жауым бар Жолыма бөгет бола алған. Жорыққа шықсам мен жалғыз: Тұлпармен қылыш қолға алған. Жүргенім жалғыз тым артық, Арыстандай жортқан құмдарда Болғанша жолдас опасыз Қатын жүрек құлдарға (М.Дулатов, Шығ.)

568. **ҚАУ БӨРІК** *Даңғой, даурықпа, өркөкірек*. Қау бөрік, әпербақан адамсың (Айтыс). Қайратты да сабырлы ма десем, өзің бір қау бөрік неме ме едің? (Д.Әбілев, Арман.).

569. **ҚИДА КЕЗДІК** *Қырсық, қыңыр*. Жасы Әлібекпен қатар құрбының лебізінде ешқандай қида кездік жоқ (Р.Райымқұлов, Қыз-айна). Шетінен жігіттері қида кездік (С.Омаров, Сәукен).

570. **ҚИҚАР** сын. *Қисық, қыңыр, бірбет.* Ол өткір Аспаһанның көк болаты. Қызғаншақ, қиқар кесел, ұрыншақ ор, Қаскүнем, қара көңіл, жаман тобы (І.Жансүгіров, Поэм.). Ежелден сүйекке сіңді қырсықтығы бар қиқар шал төбемді мен де көрсетпейін дегендей тесек тартып жатып алған (О.Бөкеев, Қамшыгер). Қиқар адам біреудің айтқанын ешбір дәлелсіз керісінше істейді (К.Жарықбаев, Психология).

571. **ҚИҚАР-ҚЫРЫС** сын. *Қырсық, кеж, қияпар, бірбеткей.* Әрқашанда Арал төбедегі көргендері көз алдына елестеп, Шөпіштің қиқар-қырыс бейнесі ерекше ызғар шашып тұратын (К.Оразалин, Абай.).

572. **ҚИРАКӨЗ** сын. *Қырсық, қыңыр, қисық.* Өз ішіндегі қиракөз, қыңыр мінезді Жайырбек... (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш).

573. **ҚИТАР** ауыс. *Жөнге көнбейтін қиқар, қырсық, қияңқы.* Қияңқы, қитар офицер талайды отқа тастады (Ғ.Орманов, Сәт сапары). – Қорықпаймын сенің сотыңнан, қитар иттің баласы, – деді Баспақбай кіжініп (М.Жұмағұлов, Қыран.).

574. **ҚИТЫҢ** сын. *Қырсық, қыңыр, қисық.* Жұтып алған құмарпаз қитың қара, Карта жайлы мәселе қозғап отыр («Лен. жас»).

575. **ҚИЯМПҰРЫС** сын. *Қырсық, қыңыр, кесірлі, қисық, сыңар езу.* Жоқ, бұл Шәймерденнің қашанғы әдеті, қиямпұрыс бір езу, сотқарлықпен көзге түсем дейтін жігіт (Б.Майлин, Шығ.). Әнеукүні Ши-амбының тойында Демежанмен шәлкем-шалыс кеп қалатын қиямпұрыс, тентек халдайдың өзі (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Тек Манас қана есепшінің сазайын бермек болып, әрі қиямпұрыс қызға өкпелеп, түнеріп аттанған (Е.Рахимов, Тентек келін). Шын шабыт та, жанжал тілеген қиямпұрыс тентектік тесонда тұр. Шегір көзі дүниені ішіп-жеп, үңгіп, тесіп бара жатыр (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

576. **ҚИЯНАТҚОР** сын. *Қиянатшыл, зорлықшыл: озбыр.* Зорлық иесі қиянатқор аз топ, күшті көп қол даулы түп тамырымен құлатқан шірік бәйтеректей (Д.Әбілев, Баянауыл.).

577. **ҚИЯНАТШЫЛ** сын. *Қиянат жасауға бейім, қиянатқор; зорлықшыл, опасыз.* Жүрегім менің – қырық жамау, Қиянатшыл дүниеден. Қайтіп аман қалсын сау, Қайтқаннан соң әрнеден (Абай, Тол. жин.). Бәрінен де өзімшіл, күншіл, қиянатшыл озбыр Қодар алдыңнан шығады (М.Әуезов, Әр жыл.). Неткен жауыз еді! Мынау бірлік аңсаған ұлы мекенге де осындай қиянатшыл айуандық түнейді екен-ау (С.Сматаев, Елім-ай). Жазған жоқ Пушкин мұны ертек үшін, Мақсұты: бізге ғибрат бермек үшін. Қиянатшыл, зорлықшыл, парақордың Мінезінің суретін көрмек үшін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

578. **ҚИЯНКЕС** сын. *Қияңқы, қияпар, бұзық, кесір.* Әкесі демекші, Сарыбастың қиянкес мінезі, қыршаңқы тілі елге аңыз болып кеткен (Т.Дәуренбеков, Біз әлі кездесеміз). // *Қияңқы, кесір адам.* – Ой, қиянкес, бүлдірдің бе? Берейін мен жазаңды! – деп басыма тепкіледі (С.Машаңов, Жылдар.).

579. **ҚИЯҢҚЫ МІНЕЗ** *Кесірлі, қасарыспа қылық, қыңырлық.* Әйел түгіл, ер адамды бетіме қаратпаймын дейтін қияңқы мінез қажының қарсы жауап есітсе, қатуланып кетерін, сонсын небір сұмдықтарды ойлап табатынын Тәжі жақсы сезіп отыр (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Саматтың, көбінше, өз айтқаны болмаса, көнбейтін бір беткей, қияңқы мінезін бұрын Еркін жақсы білетін (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.).

580. **ҚИЯҢҚЫ** сын. *Мінезі қыңыр, бұзақы, сотқар (адам)*. – Әуелі балаңды өзің алдайсың, әке. «Боқта!» – деп, біреуді боқтатып: ... кәпір, қияңқы, осыған тимеңдерші, – деп, оны масаттандырасың. Осы ма берген тәрбиең? (Абай, Тол. жин.). Әсіресе есік жақ түкпірде жатқан ересек жігіт, ай қияңқы болар. Тілі де шалдауар екен (С.Жүнісов, Өшпейтін іздер). Өзі сері, әрі қияңқы «Өтеш молдамен шариғат таласуға келеді»,– дескен лақап етек алып жайылып кеткен екен... (С.Телжанов, Қайып қарт.). Әке-шешесі қияңқы адамдар емес еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

581. **ҚИЯПАР** сын. *Кеж, бірбеткей, қыңыр, қырсық.* Қабақтың осы бір басбілді орынсыз қияпар қылығы бастықтың шымбайына батып, ебедейсіз жағдайға түсті де қалды (Б.Тельман).

582. **ҚИЯПАТТЫ** 1. сын. *Қармаулы, мінезі қиын, бірбеткей.* Бойына біткен балуандық қара күш қана емес, адамдық күш-қасиеті де өзі тұстас жастардан озық болатын. Өзін алдырса да, жолдасын жауға бермейтін қияпатты жігіт (Д.Әбілев, Арман.). Асып-саспай тұрды кәрі кемеңгер, Қияпатты ой кенет сірә азған ба? (Қ.Көпішев, Ақмаралды асулар). Мұндағы ел кезінде сенің кейбір қылық-қияпетіңе ренжісе де, кейін сол зейін-зердең үшін кешіріп еді (Мәдениет және тұрмыс). 2. ауыс. *Үрейлі, қорқынышты*. Қияпатты сол бір үнде ашынған, Қайғы меңдеп, Көңілдер бар басылған (Қ.Жұмағалиев, Сақара).

583. **ҚОЖБАНТОПАЙ** сын. жерг. *Жуас, жігерсіз, жасық.* Осындай әйел сенің теңің бе? Аяулым-ай, ардақтым-ай, қайдағы бір қожбантопайды қайдан тапқансың? (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Айгүлдің онда ойы жоқ. Түйсігі шамалы, бар болмысы қожбантопай Тойбазармен тұрмыс құрғанда көрген күні не болмақ? (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

584. **ҚОЛЫ САРАҢ** *Қолы тар, жомарттығы жоқ.* Жігітке қисық қылық мінменен тең, жараспас жас бойына сынменен тең. Надан бар көңіл қара, қолы сараң, Қараңғы жүрегі оның түнменен тең (Ә.Найманбаев, Шығ.).

585. **ҚОЛЫ ТАР** *Сараң, қатты, берері жоқ кісі.* Қайдам, келіннің дастарқанын әлі көрмедік, қолы тар емес пе, шырағым, – деп, бір жағы әзілге сап күліп қойыпты («Қаз. әдеб.»).

586. **ҚОПИ** сын. жерг. 1. *Менмен, тәкәппар.* Аманғали қ о п и ғой нағыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). 2. *Мақтаншақ.* Ой, қопи ғой ол, келе алмас (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

587. **ҚОРҒАЛАҚ** сын. *Жасқаншақ, именшек, қорғаншақ.* Сен басар ізіңді батыл баспай, қорқа соғатын қорғалақ әдетіңнен айырылмай-ақ қойдың-ау. Бұл болмайды (А.Байтанаев, Асан.). Ал одан сескеніп, именшек, қорғалақ болсаң, онда тіпті оңбайсың. Көзге ілінбей тасада қаласың (Т.Ахтанов, Дала сыры). Заңғипаның шешесіне ойын ашық айтпай, қорғалақ келуінің бір себебі бар: соңғы кезде Есей бұған хат жазбай, қара үздіріп сусып кетті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

588. **ҚОРҒАЛАҢ** сын. *Жасқаншақ, ұялшақ.* – Біздің бала да сөйтеді, бәрінікі сол, – деді Ақсұлу. – Сендер іше беріңіздер, шай ыстық. – Әйел “Біздің баланы” еш қорғалаңсыз, түйткілсіз айтты (Т.Тілеуханов, Өмір арнауы).

589. **ҚОРҒАЛАУЫҚ** сын. *Жалтақ мінезді.* Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр (Абай, Тол. жин.)

590. **ҚОРҒАНШАҚ** сын. *Жасқаншақ, именшек*. Оның бойында жұрттың бәрінен именетін қорғаншақ мінез пайда болған. Жылы сөйлесіп, жақын жіберсе, кез келген адам ішінде не

жатқанын оқып қоятындай, оқи сала бетіне қарап, саусағымен нұқып тұрып қарқ-қарқ күлетіндей, сол күлкіден аспан айрылып, жер қопарылатындай өзінің де жүрегі жарылардай, есінен танардай көрінетін де тұратын (М.Мағауин, Көк мұнар). Бөрібаев көзінің жанарын төңкеріп, Мадиярға сыншыл пішінмен қарап отыр. Мадияр әкеден жастай жетім қалды. Қорғаншақ, ұялшақ болып өсті (С.Омаров, Өмір асулары). Жасқаншақ жарым ырысынан ажырайды, Қорғаншақ өз-өзінен қожырайды (Мақал-мәтел).

591. **ҚОРЖЫНЫНА ҚОҚЫМ ТОҚТАМАЙТЫН** *Құтсыз, берекесіз, ырысы жоқ, жолы ауыр (адам).* Жарықтық қайын атасы қоржынына қоқым тоқтамайтын берекесіз, қазанына қақ тұрмаған кедей еді (Қ.Ысқақов. Қараорман.).

592. **ҚОРҚАҚ** сын. 1. *Өжет те өткір емес, батылы жоқ, жүрексіз, су жүрек, жасқаншақ, үрейшіл.* Момыннан жаман қорқақ жоқ, «қу», «пысық» деген ат қойды (Абай, Тол. жин.). Кемітпеген тіпті қорқақ күйеуінің парқын да, Ұлылық бар сол әйелдің даңқында... Бірақ мақтау қажет те емес алтынға (М.Шаханов, Ғасыр.). Әзберген қырсық мінезді, қыршаңқы тілді болғанымен қуыс кеуде қорқақтың бірі болатын (М.Әуезов, Қараш.). // *Жүрексіз, жасқаншақ, батылы жоқ адам.* Ол ерлікті ерекше дәріптеп, қорқақтар мен үрейшілдерді жан-тәнімен жек көрді (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). – Қорқақтарың осы бастан қалыңдар. Кәне кім? – деп бәрімізге шүйіле қарағанда да ешқайсымыз селт еткеніміз жоқ (С.Жиренов, Туған үй). Ата-баба көрмеген Қорлықты кештік кіл қорқақ. Үрейден үрей өрлеген Күн – ылайсаң, түн – бұрқақ (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ.). 2. *Өзі-өзіне сенімсіз, табансыз, күйрек.* «Ел» дейтін адал басшы әзір сирек Көпшілігі табансыз, қорқақ, күйрек. Ел үшін құрбанға шалса разы, Кім бар еді, ту ұстаған елін сүйреп? (С.Торайғыров, Шығ.). Шараң қанша енді соның бәрімен, Қоштасатын шақ келді. Кимекпісің қорқақ атын ноқта ғып, Қалсын десең еркек атың сақталып, Есіңді жый, айнам менің, есіңді жый, қамықпа, Ел мазағын көтеруден өлім ауыр болып па?! (М.Шаханов, Ғасыр.). Қайтеді сөйлесуге тілде шорқақ. Мұндайда болып шықты ол да қорқақ. Барады кеудесіне сыймай жүрек, Қарады жан-жағына жалтақ-жалтақ (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Көзім қорқақ көруге сұлулықты, Бойымдағы от бітті, жылу бітті. Дереу жария боласың жалпақ елге, Жасай қалсаң егер де бір ұрлықты (Т.Молдағалиев, Шақырады.). 3. *Дызықтап, өз-өзінен байыз таппай жүретін, қорқашоқтау.* Жөн таппас жанның қорқақ елгезегі; Жақын тұр жаудың құлар бір кезеңі; Ақ патша шырматылып жатыр қазір, Шортандай ауға ілінген желбезегі (Н.Ахметбеков, Амангелді).

593. **ҚОРЫҚҚЫШ** сын. *Жоқтан өзгеден қорқа беретін, үрейленгіш (адам).* Бірте-бірте баланың өзі де не болса содан қорыққыш, өз сезімдеріне көңіл аударғыш болады («Соц. Қаз.»).

594. **ҚОРЫНШАҚ** сын. *Өжет емес, жүрексіз, қорғаншақ, именшек, жасқаншақ.* Ол өз-өзін қайрағанмен, көңілінің бір қыртысында қорыншақ жалтақтық та бұғып жатыр еді (Ә.Сараев, Тосқауыл). Әшейінде, қалт еткенге тұс-тұстан аттан салатын «ынтымақшыл» иттер де қазір селкеу, қорыншақ. Тек шілдеуік шырылы ғана онсыз да еңсесі жабыңқы өңірдің жабайы сұсын молайтып, құлақ тұндырып тұр (Ә.Сараев, Ақ тымық түн)

595. **ҚОШЕМЕТШІЛ** 1. сын. *Қошемет ете білетін, қошемет қылатын, қолдаушы, дәріптеуші.* Ән тыңдап отырған қошеметшіл қауымның тасқынды көңіл қошын танытатын бір салтанатты тыныштық орнады (С.Омаров, Өмір.). Екеуі қошеметшіл топпен бірге есіктен ене бергенде ақ жаулықты аналар шашу шашып, қыз-жігіттер «жар-жарды» шырқай жөнелді (С.Досанов, Қыран.). 2. ауыс. жағымсыз. *Жарамсақтанғыш, жағынғыш, жағымпаз.* О кездегі ақындар ия қошеметшіл, ия тіленші, ия мақтаншақ болып заманның ыңғайымен кетіп, сөздеріне баға қойылмаған һәм баға қойдыра алмаған (Ж.Аймаутов, Шығ.). Жамандық жақсылыққа қарар салқын, Долығы тез басылып, қайтар қарқын. Ұлыққа қошеметшіл құл сықылды Қатерге аяқ баспас, көрмей артын (Абай, Тол. жин.). Мақтау – жел сөз жанға қас, Қошеметшіл шығарған. Бір мақтаса, боқтамас ел табылса, құмарлан (Абай, Тол. жин.).

596. **ҚОЯН ЖҮРЕК ҚОРҚАҚ** *Сужүрек, табансыз.* Қоян жүрек қорқақтар Оқ тимей-ақ, сауда өлер (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). Бірлік қып іс істеуге шорқақ, жұртым, табылса оңай

олжа ортақ, жұртым. Сияқты қара қарға шуылдаған, Үрейсіз, қоян жүрек қорқақ, жұртым (А.Байтұрсынов, Шығ.).

597. **ҚОЯН ЖҮРЕК** *Су жүрек, қорқақ, үрейшіл.* Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым, Табылса оңай олжа ортақ жұртым. Сияқты қара қарға шуылдаған, Үрейсіз, қоян жүрек қорқақ жұртым (А.Байтұрсынов, Шығ.). Біздің арамызда қоян жүректер енді болмайды, Отанның тапсырмасын абыроймен орындаймыз! – деп уәдемізді береміз (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). – Сен өзің қоян жүрек емессің ғой? – деді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Өй, нағыз қоян жүрек өзің едің ғой, бүгін тіпті батырсынып кетіпсің (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

598. **ҚУ [ҚУАҚЫ] ТІЛДІ** *Сықақшыл, әзілқой.* Ол жасынан қазақ арасында өскен әзілқой, Қу тілді (Д.Әбілев, Ақын.). – Өздері қу тілді екен (Т.Иманбеков, Үш ай.). Федор Лавриенко – ұзын бойлы, көп сөйлейтін, қуақы тілді солдат (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

599. **ҚУ АУЫЗ** 1. *Сараң, қытымыр, қатты*. Қу ауыз Дәменнің бұл қашанғы әдеті ғой, барды жоқ деп отыратын («Қаз. әдеб.»). 2. *Аузы жаман, өсекші, жылпос адам.* Ақанның осылай деп өктегенін, «Құламнан озар жылқы жоқ» дегенін, Жеткізді Батырашқа бір қу ауыз, «Құлаға бөктерілер көк» дегенін (І.Жансүгіров, Шығ.). Өйтетін болса Троицкі түгіл Мәкәржардан келсе де, қуып жіберу керек ондай қу ауызды! (Д.Әбілев, Ақын.). 3. *Аузының салымы жоқ адам.* Жып-жып етіп саусақтар, Қалдырмайды бір қауыз, Мылжың, кесел ішінен, Көрмедім бір қу ауыз (І.Жансүгіров, Шығ.).

600. **ҚУ АЯҚ** *Ала аяқ, залым, зымиян, арамза.* Сол елде Қоңқаш деген бір қу аяқ жігіт болатын (Абай, Тол. жин.). Бір күні далада аң аулап жүргенде, оған қу аяқ кемпір кез болады (Қаз. ертег.). Мәсен ит сол бұзық, қу аяқтарды менің соңыма салды (С.Сейфуллин, Шығ.).

601. **ҚУ БАСТАН ҚУЫРДАҚ ЕТ АЛАТЫН** *Өте сараң, жоқтан барды жасайтын адам туралы да, арам ниетті адам туралы да айтылады.* Және қу бастан қуырдақ ет алды дейтін қан сүлік Әбділда болатын (М.Әуезов, Шығ.).

602. **ҚУ ЖАҚ** *Сөз кезегін бермейтін, не болса соны айтып мазаны алатын, әзілқой, қалжыңбас, сөзуар.* – Мына алшынның қу жақ даугері менен тағы қоныс даулайтын түрі бар ғой, – деп ызғарлана сөз бастады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ет пен қаймаққа бір тойып қайтуға шыққан қу жақтар не демейді сіздер сияқтыларға (З.Ақышев, Жесірлер). Жантас секілді қу жақ балалар сол мезетте-ақ атыңды тоғыз саққа жүгіртіп, тәлкек ете бастайды (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

603. **ҚУ ҚАПТАЛ** *Қағынған, бұзық, сұм кісі*. Талайды көрген қу қаптал ғой (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

604. **ҚУ** 1. сын. *Айлакер, амал тапқыш, епшіл*. Айсұлу да бір қу болып шықты, келісімен-ақ Қасымбекті баурап алды (З.Ақышев, Ақбел.). Бұлар – зәңгі жол тосып кісі өлтіргіш, Бір қылатын ісі бар бүгінгі кеш. Сары бастық - бұлардың атаманы, Өзі батыр, өзі қу, өзі білгіш (Бес ғасыр.). Әйелдер-ай! Әйәйлар-ай, қулар-ай, Жанарлардың жауын алып тұрғаны-ай! Біле тұра бүйректерің бүлк етіп, Кетесіңдер тыңдай тұра тыңдамай. Әйелдер-ай! Әйәйлар-ай, қулар-ай! (М.Мақатаев, Шығ.). 2. ауыс. *Алаяқ, сұм, сұмырай.* Ол – бүкіл елді жерге отырғызып кеткен қу (Т.Әлімқұлов, Шығ.). Орыс теріс айтпайды, Жаман бол деп оларды. Қаны бұзық өзі ойлар Қу менен сұм боларды (Абай). Болады мал аласы сырт жағында, Жүреді күшіген құс жұрт жағында. Қулар мен алаяқтың сыры мәлім, Аласы көрінбейді, ұрт жағында (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). 3. ауыс. *Опасыз, жалған, баянсыз.* Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер. Өз күлкіңе өзің қарқ болма бекер (Абай, Тол. жин.). Біреуді тасыттырған, қу дүние-ай! Біреуді жасыттырған, қу дүние-ай! Біреуді түлкі еткен, қу дүние-ай! Біреуді күлкі еткен, қу дүние-ай! (Қ.Бектұрсынұлы, Үміт.). Қу тіршілік, Кім басында болмаған, Кімді қорлап, кімнің қанын сормаған. Қинаса да, тырнаса да жүрегін ойлап-ойлап, ақырында көнді оған... (С.Жиенбаев, Алтын қалам)

605. **ҚУ ТАҢДАЙ** *Таңдайы тақылдап қалған, сөзуар.* Уа, қу таңдай Жалайыр! Менен асқан еліңде Бар ма сірә бір батыр? (Жамбыл, Тол. жин.).

606. **ҚУ ТҰЯҚ** *Қу, сұм, сұмырай.*

607. **ҚУ ТІЛДІ** *Күлдіргі, сөзге жүйрік, сықақшыл, әзілқой.* Ол қу тілді, жайдары, пысық жігіт еді (Б.Майлин, Шығ.). Қағылез келген қу тілді Алатаев жол-жөнекей күлдіріп те қойды (Ақ бидай). …Бірақ қу тілді жігіттерді қыздар менсіне қоймайды ғой. Сол себептен де ол өлдім-талдым деп отызға жеткенде әрең үйленеді (Ә.Нұршайықов, Автопортрет).

608. **ҚУЖАҚ** сын. *Қутың қаққан, жылмаңдаған.* Жігіт әлдебір оқиғаларды еске алып, жуасып қалды. Ішінен: "Қайынатаны қорғасам, келіншегімді сөзбен шымшылайды ғой, бұл қужақ!" деп тұр (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сайлау жиынында қужақ қараның "Салықты сайлайық" деп сайқы-мазақ еткенін, бұл әңгіме де ауызға алуға татымайтын ұсақ дүние, жалғыз ұлының шалапайлығын мазақ еткен бейпіл ауыздың сөзін Жаяу атаға жеткізу ұят (Д.Әбілев, Баянауыл).

609. **ҚУЛАУ** сын. *Аздаған қулығы бар, айлакерлеу.* Сембин жолдас қулау, суайт; айласын алдап асырады (З.Шашкин, Сенім). – Ол ысылған, тәжірибелі адам, бір айыбы – аздап қулау (З.Қабдолов, Сыр.). – Қулау ма, қалай осы ағамыз, – деп тілімен екі ұртын бір-бір томпайтып қояды Тәкең (С.Мәуленов, Үркер.). Қулау бастық құтылатын өсіріп Адамынан ақыл-үгіт қонбайтын: біз де сені жігіт қып тез өсіріп, "Құтылмасақ" болмай тұр (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

610. **ҚУЛЫҚШЫ** зат. сөйл. *Қу, айлакер, алдамшы, қулықшыл адам.* Қулықшы Досмағамбет мені тағы бір айтысқа салып жіберді (С.Мұқанов, Менің мектеб.). Балуан да, домбырашы да, әнші де, қулықшы да болған Қауқарды атқа мінген шағында Айғаным атқосшы ғып қасынан тастамайды екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

611. **ҚУЛЫҚШЫЛ** сын. *Қу, айлакер, тәсілқой, алдамшы*. Алдар көсе кісінің ойыншы, қулықшыл, келемежшіл болатынын көрсетеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Парикмахер қолтоқпақтай ғана денелі, бүкіштеу, өзінен мұрны мен мұрты үлкен, кішірек шүңірек көк көзді, қулықшыл шал екен, өзі қазақшаға судай (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Оның осы қылығын қалт жібермей бақылап отырған қулықшыл бір құрдасы басына келді де, малдас құра жайғасып, «Зәуреш» әніне сала өлеңдете жөнелді (М.Хасенов, Алғашқы.). Бұрынғы Семей уезіне қарасты Мұқыр болысының адамы Рахымберлі деген ойыншы, өлеңші, өнершіл, қулықшыл, тапқыр болған деседі (Шопан серігі).

612. **ҚУШЫКЕШ** сын. *Қу, айлакер, күлдіргі*. – Бізде шофер көп, машина жоқ, әйтпесе біздің Әукен де үш жыл оқып алған правосы қалтасында тұр, – деп қалды бір қушыкеш жігіт (С.Досымов, Директор.). Қушыкеш шал қазақшаға судай екен. Тек кейбір дыбыстарды бұзғаны болмаса, мүдірмейді (Қ.Мұханбетқалиев, Тоғай.).

613. **ҚУЫС БАС** *Ақылсыз, мисыз, топас.* Айтамын мұны жастарға, Таза арақ ішкен мастарға, У ішіп, қулық жинаған, Айтпаймын қуыс бастарға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Шоқанның Омбыда қуыс бастар тобына қоспайтын екі-ақ чиновнигі бар: бірі – Майдел, екіншісі – Гутковский (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

614. **ҚУЫС КЕУДЕ** 1. *Қолынан ешнәрсе келмейтін, бос; дәрменсіз, жігерсіз.* Ал өзіңізді жұрттан ала бөтен қуыс кеуде, топастардың қатарына қоссаңыз, ерік сіздікі (К.Тоқаев, Түнде.). – Ажарына қызығып алды-артымды байқамаппын. Сезімі, мейірімі жоқ қуыс кеуде екен (Т.Ахтанов, Боран). Жүйрікпін қара өлеңге желмейтұғын, Қырандай ұшқан сайын өрлейтұғын. Жел өкпе, қуыс кеуде мақтаншақты, Мен болам қара өлеңмен емдейтұғын (Қара өлең). – Жоқ! – Кесенің түбі столға тақ етті. – Сізді кетіреді. Бізге сандалбай қуыс кеуделердің керегі жоқ (М.Мағауин, Өмір жыры). 2. *Су жүрек, қорқақ*. Әзберген қырсық мінезді, қыршаңқы тілді болғанмен, қуыс кеуде қорқақтың бірі болатын (М.Әуезов, Қараш.).

615. **ҚУЫС ҚУРАЙ** *Ешнәрсеге шамасы келмейтін, қауқарсыз; бос, бейшара.* Бәпиха ұзақ жылап жатты. Оған күйеуі жай ғана қуыс қурай болып көрінді (З.Иманбаев, Дала.). Маған тартқан ұл болса, саған бір септігі тиер. Әйтеуір осындағы қалып бара жатқан қуыс қурайлардың бірі құрлы болар (С.Жүнісов, Ақан сері).

616. **ҚУЫСТЫ** ауыс. *Күдікті, сезікті; секемшіл.* Саудагер: «Бұ базарға біреу-міреуден түсіп қалған нәрсені қағып әкету үшін жүргендер де бар», – деп айтатындай көріп, қуысты келіншек қысыла бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ержан Кәкібай әңгімесін шын

ықыласымен тыңдады. Оның жағдайын, ұрлық, қылғандай қуысты халін түсінді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

617. **ҚУЫСШЫЛ** сын. *Секемшіл, күдікшіл.* Тым аса қуысшыл ма, шамшыл ма, секемшіл ме, не әлде намысшыл ма, қалай болғанда да ондай кісілер жұрт білетін мінін шалғайымен жапқандай қымтап болады («Лен. жас»).

618. **ҚҰБЫЛҒЫШ** сын. 1. *Тез құбылатын, жиі-жиі түрлене беретін; өзгергіш.* Әлжуаз түріне қарағанда дауысы шыңылдаған шақар-ақ. Жүзі тез құбылғыш (Б.Аманшин, Жар мұңы). Алматының ауа райы бала мінезді құбылғыш та айнығыш қой («Білім және еңбек»). 2. ауыс. *Айнығыш, тұрақсыз (мінез т.б.*). Бағыңа біреу кез келер, Шын сүйсең, қиын бұл бір іс. Мінез де бара өзгерер, Ал сезім әсте құбылғыш (Ә.Абайділданов, Маржан).

619. **ҚҰБЫЛМАЛЫ** сын. *Айнымалы, толқымалы; қылт етпе (мінез).* Еріксіз айырғанда менен сені, Тағдырдың қайтпақшы екен қанша кегі? Мінезін құбылмалы рақымсыз Басқасы көрсетуден бар ма, тегі? (М.Дулатов, Шығ.). Әйтсе де ол үй иесі келіншектің жүріс-тұрысына, құбылмалы мінезіне ылғи да таңданып қалатын (М.Сүндетов, Құмда.). Маған керек емес, Мінездері құбылмалы. Маған керек емес, Дүниенің бояулы сұлулары (С.Мәуленов, Найзағай.).

620. **ҚҰБЫЛЫМПАЗ** сын. *Құбыла беретін; өзгерімпаз.*

621. **ҚҰЛҚЫ БҰЗЫҚ** *Ойы, тәртібі ақлақ нормасына қайшы, сотанақ.* Қорықпас па баратқан соң құрып жылқы? Ұры жоқ ұрлайтұғын бұзық құлқы. Көрінбес ол маңайда өлімтік те, Қасқыр мен қажап жатқан мәлін, түлкі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

622. **ҚҰЛҚЫН МІНЕЗ** *Тойымсыздық, ашкөздік*. Ендігі барып түсетіні болыстікі. Алдияр байдікін көріп қуанысып еді Қаңгелді байдың құлқын мінезін көріп, енді көңілі орнықпай әлде қалай болады деп қауіптеніңкіреп келе жатыр (С.Шәріпов, Бекболат).

623. **ҚҰЛҚЫН САУСАҚ** *Ашкөздік, парақорлық.* Ашқарақ тамақсаулық жаныңа күйгелектік, күңгірттік күй қас, қу нәпсіні қуалап құлқын саусақ арылмас ауру болар, тез жазылмас (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

624. **ҚҰЛҚЫННЫҢ ҚҰЛЫ** *Қара басының қамын ойлаушы; тойымсыз, пайдакүнем, ұятты ойламайтын.* Қоғамның мүлкін қорғаған – халықтың ұлы. Қоғамның мүлкін қармаған құлқынның құлы (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Адамшылық, ар ұждансыз, Арам құлқын құлдары Олар менен әмпейлескен, Қазақтың өз сұмдары… (С.Сейфуллин, Шығ.). Беттерінің арын белбеулеріне түйген құлқын құлдары өткен жылы құрылыстың аңқау ақ пейіл басшыларын алдап-арбап жүріп, республика бойынша мемлекеттің бақандай 10,7 миллион сом қаржысын қымқырып кетті («Соц. Қаз.»).

625. **ҚҰЛҚЫН-ТАМАҚ** зат. *Жемқор, парақор*. Аңқау сорлы бір қудан алды сабақ, Бөденемен дос қылды құлқы ын-тамақ. Жау міндеті мойнында бөдененің, Екеуі емін-еркін қырда оттамақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

626. **ҚҰЛҚЫНШЫЛ** сын. *Жемқор, пайдақор, парақор, құлқынқұмар.* Хан, сұлтандар өздерінің құлқыншыл пейіліне бақты (ҚазССР тарихы). Бұрын атқамінерлер мен құлқыншыл қулардың тепкісінде жүрген кедей активтері енді атқа мініп, кек алуға кірісті (Ш.Байбатшаев, Бел-белес).

627. **ҚҰЛҚЫНЫ ЖАМАН** 1. *Ындыны бұзық*. Құлқыны жаманға қыз қосып жіберген өзіңнен көр (Ауызекі). 2. *Ашқарақ, қомағай*.

628. **ҚҰЛЫҚСЫЗ** сын. 1. *Ынтасыз, селқос.* Ләйлә шеше тәлім-тәрбиесін жүре тыңдайтын орашолақ, құлықсыз қыздардың біріне де ұқсамайды (Ш.Құмарова, Қаз бауыр.). Айдар үйге қызыққанымен, қазір оны көріп шығуға құлықсыз. Көңілі анасын ойлап алаң, (К.Баялиев, Жер тынысы). 2. *Немқұрайды.* Біз ертең жайлауға көшеміз – деп әңгімені құлықсыз бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Негізі ең мықты велосипед клубтары қатарындағы велошабандоздардың өз еліндегі чемпионатта топ жарғаны асса құлықсыз (“Алматы ақшамы”). Қазақтың құлықсыз, құлқынсыз, таза жүріп, жұртқа пайда келтіретін күні бар ма? Құлға «дес» тиген күні құдайы ұмытып, бармақ бастыға сала бастайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ондай жан Асты да Құлықсыз ішеді. Көзінің асты да Көлдіреп іседі.

Жаулайтын жалғанды Жыр ғана құралым. Оңаша қалғанды Тілеп-ақ тұрамын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі)

629. **ҚҰМ МІНЕЗ** *Айнымалы, тұрақсыз.* ...Махаббатың құм секілді мінезі жоқ сырғыма Жүргенімен көп опық жеп алданып... Ғайша кенет орнынан сүйретіліп тұрды да, Бір ғана ойға табан тіреп түбірлі (М.Шаханов, Ғасыр).

630. **ҚҰМАРПАЗ** сын. 1. *Бір нәрсеге ынтық, қызыққыш, әуесқой*. Көрсеқызар, құмарпаз Байламап па еді бағыңды? Адасасың сен, Махмұт, Алданып, қума сағымды (С. Торайғыров, Алаш ұраны.). Мен аңшылыққа көп әуес те емеспін, ал құмарпаздар аң аулауға барайық деп қолқаласа, кет әрі де жасамаймын (Ә. Жылқышиев, Айтолқын). 2. *Құмар ойынына берілген адам*. Құмар ойнайды. Бұрынғы меңгеруші құмарпаздарға қосылған, картаға беріліп кеткен, атақ-абыройды ұмытқан (Д. Досжанов, Дария). Күні-түні карта ойнап, қалтасы қағылған, басын тауға-тасқа ұрса да ұтылғанын қайтара алмаған құмарпаз да осылайша опық жеп, өлердей өкінетін еді (С. Алдабергенов, Жаңару). Болдық бүгін жазушы кітабы жоқ, Құмарпаздай қолы бар ұтары жоқ. Көздеуі бар мергендей атары жоқ, Байтеректей сидиған бұтағы жоқ. Бәрінен де сұмдығы іштен жылап (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

631. **ҚҰНЕЗЕР** сын. *Неден болса да қайтпайтын даукес, дауқұмар.* Жұман байды шама келгенше дабырасыз жерлеп, жегісін өткізгеннен кейін, сақалтай-сақалтай құнезер балалары енші алысу жайын қолға алысып, тарбайысып қалып еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). – Құнезер байдың несі жақсы дейсің, – дейді Бәкен Боржабайға (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Құнезер байлар мен жәдігөй билер қудалаған Ақан жалғыздықта күн кешеді (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

632. **ҚҰНЖЫТ** зат. *Болбыр, босбелбеу адам*. – Неғып, сопая қалдың, әй? Болашақ тоқалыңды қарап тұрмысың? Ол келмейді, өзің бармасаң. Ендігі ұрғашы басын бұлдауды білер. Құнжыт өңкей (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады.).

633. **ҚҰНТСЫЗ** сын. *Ұқыпсыз, құнты жоқ; салақ*. Ал хат жазуға бұлардың бәрі де құнтсыз еді (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Арон бұл үйдің есігін ашпағалы не заман? Наурыз айтта сәлем беріп шығуға да құнтсыз (Б.Аманшин, Көкжар). Далада туып өскен еркек қалтаға орамал салып жүруге қандай құнтсыз болса, қалада туып өскен келіншек мейман терлеп отыр екен деп, сүлгі алып беруге сондай құлықсыз (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). Артық айтсам, келмеңіз, Құнтсыз шыққан кемеміз Адасатын жиі біз. Үйден-үйге жететін, Демде тарқап кететін Үйірілген құйынбыз (Қабан жырау. Алтын қазық)

634. **ҚҰРКЕУДЕ** сын. *Тек өз күшінесенетін даурықпа бос адам.* Автор Көтібарды бос, қуыс, құркеуде, күнінің өткенін өзі де білмейтін, күші жоқ феодалдық қоғамның өкілі етіп алады (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Қара жұмысқа қажырым бар деп жүрген құркеуде екен. Алқынып, ентігіп қалды (Б. Тоғысбаев, Асыл адам.). Бірді аударып бірге кетіп қалыппын Жолым қайда? Түстім бе әлде сүрлеуге?! Отан – менің алдымдағы жарық күн, Болдым әлде, мағынасыз құркеуде?! (Ө.Нұрғалиев, Кемпірқосақ).

635. **ҚҰРЫСҚАҚ** сын. *Құрысып қалғыш, ашуланшақ.* Кейбір басшылардың басында жиі ұшырасатын құрысқақ, өзімшіл, паң мінездіге кезікпей, ақ жарқын адамға

636. **ҚҰТЫРЫҚ** сын. *Ерке шолжаң, тентек; надан*. Бұл бала оқудан құтырған, құс қуған құтырықтың өзі болды (Жалын).

637. **ҚЫДЫРЫМПАЗ** 1. зат. *Орынды-орынсыз қыдыра беретін адам, кезбе.* Бірақ менің мұным, жұмыссыз сандалыс кешіп жүрген кейбір қыдырымпаздарға үлгі де болар (Б.Тоқтаров, Қыран.). – Жұмысымнан қалып, қыдырымпаз атанып жүрермін – деді Қадиша (А.Хангелдин, Өткен күн.). Қыдырымпаздың аяғы ас пен тойда тынығады (Мақал). 2. ауыс. *Жұмыс бабымен көп жүретін, ел аралағыш.* — Ә, қыдырымпаз бастық, аман-есен оралдыңыз ба? – деп Әлжанов қағыта сөйледі (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). 3. ауыс. Қыз-келіншекке көп барғыш, жүрімпаз. Бойдақ күнінде қыдырымпаз едің, кейде әлдебір «достарыңдікіне» қона салу әдетің болатын («Лен. жас»).

638. **ҚЫДЫРЫНДЫ** сын. сөйл. *Қыдырғыш, қыдырымпаз.* Қыдырынды азайды, Қыдырып үйді шұбаған. Жалқаулары көрінбейді, Жатып ішіп сұлаған (І.Жансүгіров, Шығ.). – Мынау

бір-екі қыдырындыны зынданға тастаңыз, – деді қазы жұмыскерлеріне (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

639. **ҚЫЗБА БАС** *Желөкпе, албырт.* Мақтанып жүртты шулатса, Құмары сол қызба бас (Абай, Тол. жин.)

640. **ҚЫЗБА ҚАНДЫ** *Қызып кететін, қызу қанды.* Футболшылар ішінде қызба қанды біреуі төрешіге тіл де тигізді («Спорт»).

641. **ҚЫЗБА МІНЕЗДІ** *Мінезі ұстамсыз.* «Бір қалыпқа сыймайтын» қызба мінезді ағамыздың сонау 70-жылдары «Қазақ әдебиеті» секілді қара шаңырақта қызмет істегенін, осында жүргенде бірталай көркем шығармалары дүниеге әкелгенін білетінбіз («Қаз. әдеб.»).

642. **ҚЫЗБА** сын. *Қызу қанды, көтеріліп кететін; ұстамсыз*. Рәйіс аздаған албырт, қызба демесең, айтқанынан қайтпайтын бір бет, өжет (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Жоқ жерден шатақ шығарғысы кеп тұрған қызба жігіттер де бар (М.Дүзенов, Ақәже). Сөз астарын түсінген қызба мінезділеу Темір би сөз таласты

643. **ҚЫЗБАЛЫ** сын. *Қызба мінезді.* Әулігу, құнтақты, тереңдегіш – Қызбалы кейіпкерлер сыртқы әсерге тез түйсіктенеді, қатты әулігеді. Ыстық қандылармен салыстырғанда, қозғалысқа шабанырақ, үзілмейтін еңбекке икемірек, өте шыдамды, батыл, жұмысқа қабілетті, құнтақты, тереңдегіш (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ойламайды, ол мезетте ойламадық біз-дағы Бәлкім, оған кінәлі ме жастығымыз қызбалы? (М.Шаханов, Ғасыр.).

644. **ҚЫЗБАЛЫҚТЫ** сын. *Албырт, қызба.* Қызыл-жасыл киініп Қынай белің буынып Қызыл балықты көрініп Бала болдың бір кезек (Батырлар жыры).

645. **ҚЫЗҒАНШАҚ** сын. *Іштар, күншіл.* Тегі адам қартайған сайын қызғаншақ болады дегенді кейде бекер ме деп ойлаймын (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.). Аппақ боп ағарып сақал-шашы қуарған, бір малды ауыл иесі Қанай шал өте қызғаншақ, шодыр, рақымсыз қатал адам болған (М.Әуезов, Өскен өркен). Дон Диаго сіз қызғаншақ екенсіз! Көрде жатқан ерім сізді қинайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

646. **ҚЫЗЫЛ АУЫЗ** *Біреуді сыртынан сөз етуші, өсекші.* Бұл күнге шейін де Ғайша жайын сырттан сөз қылушы қызыл ауыздар бар еді (М.Әуезов, Қараш.). Бірақ басында өздері жайып жіберіп, кейін осы өсек еріккен қызыл ауыздың бәрін кернеп кеткен уақытта, Сүйіндік тағы бір келіп Жексеннен енді анық дерегін сұраған (М.Әуезов, Шығ.).

647. **ҚЫЗЫЛ КӨЗ [КӨЗДІ]** *Барып тұрған жалақор, бәле қуғыш.* – Тілге келсесөйтеді бұл... қызыл көз ?.. — деп Аккірпік дүңк ете қалды (Д.Әбілев, Арман.). «Ең қызыл көз бәле осы, бұған тисем, үстімнен домалақ арыз домалар» деп, ол өзінен-өзі шошынады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Мен келе жатқанда қызыл көзді пәле келе жатқандай атын, дүниесін тыққыштап, өп-өтірік жалпақтауды шығарды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

648. **ҚЫЗЫЛ КӨЗ ЕССІЗ** *Ештеңеден тайынбайтын, бәле қуғыш, бәлеқор*. Лизаға қарасам, “Мынау шын қызыл көз ессіздің өзі ғой” дегендей, таңырқап тұр екен (Ү.Шойбеков, Сұсты күндер).

649. **ҚЫЗЫЛКЕҢІРДЕК** сын. *Дауласқыш, көп сөзді.* Нәзірдің осы бір сөзі әрбір қара танитын қазақтың есінде болуы керек. Әсіресе жазушылар, ақындар, білім иелері жаттап алуы керек. Сөзді «өзінше» бұзбай айтамыз, жазамыз дейтін қызыл кеңірдектерге осы сөзді көбірек ойлау керек (Х.Досмұхамедұлы, Таңд. шығ.).

650. **ҚЫЗЫЛӨҢЕШ** сын. *Желігіп сөйлейтін сөз құмар, даукес.* Талай ділмарлар суырылып шықты, талай қызылөңеш, бұлбұл тілдер сайрады, бірақ еш шешімге келе алмаған (І.Есенберлин, Алмас.)

651. **ҚЫЛАУЫЗ** зат. жағымсыз. *Өсекші, сөзуар*. Ауылдарыңа Заңипа деген бір өсекші қатын бар емес пе, хабар берген сол қылауыз! – деп әйелі кіжіне қосарланды (Ғ.Мүсірепов, Боранды түнде).

652. **ҚЫЛЖАҚБАС** сын. экспр. *Былапыт сөйлеп, дөрекілеу әзілдесетін, бейпіл ауыз*. Бүтін кеш бойы өздерінің ішек-сілесін қатырған сөзуар, қылжақбас Демесін Зәрудің көз алдынан кетер емес (Ө.Қанахин, Жүрек.). Былай қарап түрса жеңілтек мінез, қылжақбас дейтін

Кемпірбайдың еш жерде өтірік айтқанын әлі күнге естімепті (С.Сарғасқаев, Тәмпіш.). Кім біледі тәуірлеу үйдің қылжақбастары да болар, тәлкек етер (Ж.Аймауытов, Шығ.).

653. **ҚЫЛЖИМА** сын. *Жеңілтек мінез.* Әйтпесе, өзге пішімінде шақырық мол, қылтыңсылтыңы көп қылжима бикештер көрген жерден құлап түсер-ақ мүсін (З.Қабдолов, Біз жанбасақ)

654. **ҚЫЛТ-СЫЛТЫ КӨП** *Мазасыз, күйбең, сабырсыз.* Қызғаншақпын, қылт-сылты көп, сабырсыз, Қарамайға шомылғандай сабынсыз – Албасты боп шыға келдім лезде Қалыбайдың қара итінен қадірсіз (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

655. **ҚЫЛЫҚСЫЗ** сын. *Дөрекі мінезді, сүйкімсіз.* Бақ, дәулет, мал кетерде ырыс қашар, Біреуі біреуіне пәле жасар. Бала пайдасыз болар, Жалшы жалқау болар, Қызы қылықсыз болар (Үш ғасыр.).

656. **ҚЫЛЫШЫНАН ҚАН ТАМҒАН** *Қаһарына мінген, қатулы.* Қылышынан қан тамған полиқейлерден қаймығып, өз жолдарынан тайған жоқ олар (З.Мұхаметжанов, Торғай.). Батыс Сібірдегі патша жандаралының қарда қылышынан қан тамған жендеті екені ұсқынынан-ақ көрініп тұр (Ж.Бектұров, Жол.).

657. **ҚЫҢЫР КӨКІРЕК** *Кежір, қырсық, кертартпа, қисық.* – ...Өйткені кейбір қыңыр көкіректер бар. Олар қаскөйлікпен, зорлықпен, арамдықтың есебінен басқаны ойлап көрген емес, барлап барған емес... (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

658. **ҚЫҢЫР МОЙЫН** *Бірбеткей, қарыспа, қиқар.* «Желдей ескен машина тұрғанда ескіден қалған аттың керегі не?" – дейтін қыңыр мойынның дәл өзі (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

659. **ҚЫҢЫР** ауыс. 1. *Әдейі бұра тартқан, қыршаңқы.* Гүлжан Әбілқасымның қыңыр сұрағына түзу жауап беруге іштей бекініп алған (С.Омаров, Қиыр.). Жақсы өнер жасап, оны әр көкірекке ұялату үшін алдымен адамдардың өз арасындағы қыңыр қылықтардың негізін өзгерту қажет екен (Ә.Кәшімов, Лашын.). 2. *Жөнсіздігіне қарамай, өз дегенінен қайтпайтын бірбет, қарыспа, қиқар.* Нағашысы Тұяқбай қарадан шыққан қыңыр еді, көрдің бе жиенінің қалай қарай тартқанын (І.Есенберлин, Қаһар). Жарылқасын қаншама жікшіл, бұра тартар қыңыр болғанмен, бұндай ұсақ әрекеттің адамы емес, менің байқауымша (А.Байтанаев, Асан). Ақылды, дара, рахымды, әділ, шынға сусаған қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді (Ж.Аймауытов, Бес том.шығ.). 3. Қ*атал, қатып қалған, өзгермейтін*. Үлгермеді, өзі соны арман етіп жүрсе де, Қатал, қыңыр тағдырына қарсы қарап күлсе де (М.Шаханов, Ғасыр.)

660. **ҚЫРҒИ МІНЕЗ** *Араздық, алакөздік.* Сыйластыққа көңіліміз тоқ болды, Қырғи мінез қырғын сөз де көп болды. Тәуба деймін, құдай оңдап қазақты Жүзге бөлу осы жолы жоқ болды (К.Салықов, Жезкиік).

661. **ҚЫРҚАР** сын. жерг. *Қу, айлакер, айлалы.* Кенжеғара болса, ол бір қырқар, оңай жеңіле қойған емес-ті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Біреу-міреу зауытқа жер сатып, зауыт шаптырып жатқан шығар? – деп, қырқар түлкі тағы аңқаусырады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жамантай айтты: – Жігіт қырқар екен, Қу ілген айдын көлден Сұңқар екен, Алатын ас пен тойда шаппай бәйге, Күрең ат топтан озар тұлпар екен (Н.Ахметбеков).

662. **ҚЫРСЫЗ** сын. *Ешнәрсеге ебі жоқ, икемсіз.* Ескі ауыл шаруа бағуға қандай қырсыз, қандай бейғам екендігін мен кейінірек түсіндім (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Жамантай шаруаға қыр сыз болатын (Қ.Исабаев, Айқыз). – Ұзақов жолдас өзінің өмірге икемсіз, іске қырсыз екенін танытты (Т.Тілеуханов, Шарапатты.).

663. **ҚЫРСЫҚ** сын. *Өзінің айтқаны болмаса, басқаға көнбейтін бір бет, қыңыр, қиқар.* Ал енді ол түсін жорып жата берсін. Қырсық әйел шығар... (Б.Момышұлы, Москва.). Түйелі байды менсінбейтін қырсық қобызшының көкірегіне нан пісуші еді-ау! (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Міне, сол қырсық мінезді қиын шалға ісі түскелі тұр (Қ.Қазыбаев, Ызғар).

664. **ҚЫРСЫҚ-ҚЫҢЫР** сын. *Жөнге көнбейтін, қисық.* – Сіз, – деді оған қарата сөйлеп, – былтыр да қырсық-қыңыр едіңіз, биыл одан да асып отырсыз (Ж.Өмірбеков, Қызыл су).

665. **ҚЫРСЫҚШЫЛ** сын. *Қырсығы мол, кесепатшыл.* Келемін әлі де алға, бұрылмастан, қырсықшыл қыңыр емен, қырын басқан (К.Аманкелдиев, Жылғалар.).

666. **ҚЫРТ** сын. *Мылжың, езбе, сөзуар (адам).* Олардың біреуі Ырғызбайдың белгілі қырты Жұман, екіншісі бақырауық Мақа болатын (М.Әуезов, Абай.). Үлкен жорыққа жолдан қосыла кетпек болып, жол тосып жүрген жалқау-жампоз, қырт еркектер де бар екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қылжың, қылжақ туысқан, Қырт пен мылжың ағайын. Бәрінен де дауасыз Өсекті қайтіп бағайын (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

667. **ҚЫРТИМА** сын. *Қыртиып қалғыш, қырсық.* – Жоқ-ә? Шалдың қыртима мінезін айтқаным да (С.Санбаев, Аруана).

668. **ҚЫРЫМПАЗ** сын. *Жинақы, таза жүретін сылаң, кербез (адам).* Тұйықтан деген сөз бар бұйық туар, Бұйытан деген сөз бар қиық, туар. Шешесі қырымпаз боп қыландаса, Баласы бір маймөңке бұзық туар (Айтыс).

669. **ҚЫРЫМПОЗ** сын. сөйл. *Қырымпаз.* Жандарбек те домбырашы, өлеңші, қырымпоз дегендей сері жігіт екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Осы ауылдың бұрыл, аң, қоңыр сақалдарымен қабат, қырымпоз, жігіт ағасы, жас жігіт екі-үш әйелдері де бар еді (Ғ.Сланов, Жанар тау). Қылаң қыз қызыл жағалы қырымпозға тиіп, үшты-күйлі жоғалыпты (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Қырымпоз жігіт екен қыдыралы, Көбірек қызды ауылды қыдырады. Түбінде үлкен ақын болар деймін, Көрінеді басылмаған қызуы әлі (Сара Тастанбек қызы, Тордағы тоты).

670. **ҚЫТЫМЫР** сын. 1. *Қатыгез, қатты, қатал.* Бұл кісі от басында қаншама ызақор, қытымыр болғанымен, тым тамақсау (З.Жәкенов, Таң самалы). Біз өзіміз тиынның сөлін ішкен қытымыр жан болып көрінуіміз мүмкін (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Өзін кәдімгі бір қытымыр мұғалима сияқты салмақты ұстайды (Тұлпар).

671. **ЛАҚА АУЫЗ** *Күлегеш, не болса соған ыржиып күле беретін.* Езуінде жиек болмаған соң Әбдіжапар ел ішінде лақа ауыз атанып кетті (Қ.Ы.Қараорман).

672. **ЛАҚҚЫ** сын. жерг. *Күлдіргіш, масқарампаз.* Біздің елде лаккы деп аталатын күлдіргіш адамдарымыз бар (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

673. **ЛАҚПА** сын. *Лағып бетімен кететін; бос сөйлейтін.* Ол алды-артын аңдамайтын лақпа мінезден де құр емес (Б.Майлин, Шығ.). Білгіш ірі көңіл, лақпа жігіттер аз ба? (З.Шашкин, Сенім). // *Бос әңгіме, өсек.* Қалың мал Лақпаға күйіп ұзатылған еді (І.Жансүгіров, Күннің өлімі.).

674. **ЛАҚУА** сын. *Сөзшең, әзілкеш.* Жәнібек мұның соңы тегін кетпес деп түйген. Бүгін, міне, Тынышбек лақуа сол күдігін растап, жанын мұздай етіп кетті (Б.Алдамжаров, Ұлы сел).

675. **ЛАҚЫЛДАҚ** сын. 1. *Лақ ете қалғыш, лепірме.* – Жілігінің майы жоқ, құр жеммен жүрген, қабырғасын жауып, жалтырап жүрген лақылдақтар емес пе! (А.Нұрманов, Құлан.).

676. **ЛАҢШЫЛ** сын. *Жанжалқұмар, бүлікшіл.* Бақтияр шал жігітке: Сен пәлекеттің дәурені он жерден дүрбіп тұрса да, қызымды аламын деп аузың қисаймай-ақ қойсын! Қызымнан алты көш аулақ жүрсін! Сенің еліннің, көрдің бе, итіне шейін лаңшыл келетінін (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

677. **ЛАС КЕУДЕ** *Арамза кісі, көркеуде.* Прагматиктерге еңіреп ерді, Конформистердің бәрі лас кеуде. Биіктей берді, семіре берді, «Ләббай, тақсыр, ол рас!» деумен (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).

678. **ЛЕПІРМЕ** сын. *Босқа есіп кететін, көпірмелі.*

679. **МАҒҰР** [ар.] сын. *Менменшіл, мақтаншақ, тәкаппар.* Келгелі бұл көп жыл өткен елінен, Байлығының саны да асқан шегінен, Өз жұртына қайтып көшіп кете алмай Мағұ р болған дүниесінің көбінен (Көрұғылы).

680. **МАДАҚШЫЛ** сын. *Әсіре мақталған, көтермеленген.* Қалижан Бекхожин ақынның жаңа кітабы («Әппақ-намә» дастаны) кейбір кемшіліктерден құр емес. Ол, әсіресе, кей тұстарда тіркес қайталау, құрғақ баяндау, әсіресе мадақшыл шумақтардан көбірек байқалады (Т.Ибрагимов, Өлең өрісі).

681. **МАЗАҚШЫЛ** сын. Мазақ еткіш, қорлағыш. Сезген-ді, сезгені рас ана жүрек! Жүгіріп келе жатты ана жүдеп. Құлады ол бауырына басып ұлын, Мазақшыл немелерге жаза тілеп

(Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Мазақшыл серігін қостаған Шыңғыс ат ақылы тайыз арзан күлкісімен қарқ ете қалды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

682. **МАЗАҢ** сын. *Беймаза, мазасыз.* Осы кезде ғана дабыр-дұбырға толы мазаң шақ аяқталып, жұрт аяғы сирей бастайды (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Байбөрі көп сөйлейтін, келсін-келмесін боратып өлең жаза беретін мазаң қарт болатын (С.Шаймерденов, Өмір.). Желтең, Мазаң ойменен Жүргендеймін кейде мен Барселона аэропортында Бір кез әлгі орманшы кеп қасыма Балап мені баласының досына Мейіріммен күлімсіреп жанары: – Әне, ұлым, Уақыттың талабы Ерте, кеш пе, бәрін жөнге салады (М.Шаханов, Ғасыр.). Ай аспанда тағадай, Өзендер киген көк көйлек. Жел бір мазаң баладай, Қатырған басты көп сөйлеп (С.Мәуленов, Алыс кет.).

683. **МАЗАСЫЗ** сын. *Тынышсыз, тыным таппайтын, өзіне де, өзгеге де маза бермейтін.* Атымтай дегеннің үйіне пәтерге түстік. Кемпірі мазасыз, шаң-шұң ұрыстың адамы екен (С.Мәуленов, Үркер.). Түтінбай мал десе жанын беретін мазасыз адам ғой (К.Қазыбаев, Дәуір.). Біздің мазасыз көршіміз Рабиға жеңгей Света, деп балконнан тұрып әлде біреу талап жатқандай тарғыл-тарғыл даусымен бақырғанда есіктің алдына жаңағы тоғыз Светаның кем дегенде үшеуі келеді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

684. **МАҚТАНҚҰМАР** сын. *Мақтау сүйгіш, мақтаншақ.* Ескерусіз бар өмір кетсе желге, Ақыл, айла, қайратың ақса селге. Мақтанқұмар партия күйлесеңіз, Мен сықылды боласың сен де делбе (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

685. **МАҚТАНШАҚ** сын. *Мақтануды сүйетін, өзін-өзі асыра бағалайтын, бөспе.* «Қалай өзі, мақтаншақ па, әлде ер көңілді ме?» деп Ақтоты бір сәт Әміртайдың албыраған жүзіне көз қиығын тастады (Б.Тоғысбаев, Асыл. адам.). – Мына Жақыптың өзі жігіт қой. Бұл ұстайды, – деп, Сергей бөсіп тұрған мақтаншақ балаға жел беріп қойды (С.Бегалин, Бала Шоқан.). Ез, еріншек, қорғалақ, шабан болсаң, Не мақтаншақ, дарақы, надан болсаң, Есі-дертің партия, ел билемек, Залалкес хайуаннан жаман болсаң (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

686. **МАЛЖАНДЫЛАУ** сын. *Малға жақынырақ, сараңдау.* Жапа – малжандылау, сараң кісі болса керек (С.Мұқанов, Өсу жол.).

687. **МАЛҚОР** сын. *Малқұмар, малсақ.* Өзі малқор да; пайдакүнем; Жарасбайдың күйері Қайранбай (М.Әуезов, Қараш.). Қазақтың малқор да дүние қоңыз байының маңында еңбек етуші кедей еңбегін ғана жегізбейді, ар қорлығын да көреді (М.Әуезов, Әр жыл.). Жалшым деп емес, жанашырым деп қарадым, Малшым деп емес, малқорым деп санадым (К.Сегізбаев. Беласқан).

688. **МАЛҚҰМАР** сын. *Малқор, малжан, дүниеқор.* Амалдап қарағайды талға жалғап, Әркім жүр алар жердің ебін қамдап. Мақтан қуған малқұмар нені ұға алсын, Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап (Абай, Тол. жин.). Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай боп сәлдесі. Малқұмар көңілі – бек соқыр, Бүркіттен кем бе жем жесі? (Абай, Тол. жин.). Малқұмар құрғырлар бар. Жабдықты әзірлеп, жылпылдап мені арулап, жаназа оқысты. Шалдың сорлы болғанын не қылсын? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

689. **МАНСАПҚОР** [ар.] сын. *Шенқұмар, жоғары қызмет үшін барын салатын.* Халықтың өзі сайлаған колхоз бастығынан басқа лауазым, қызмет іздемедім. Мансапқор емеспін. Атақты сұрап алғаным жоқ (С.Бақбергенов, Адам.). – Кейде өтірікті басқаларға көрініп қалу үшін де айтады. Мұндайларды – жағымпаз, мансапқор, көз бояушы бөспе – дейді (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара). // *Шенқұмар, білікқұмар адам.* Өтіп жатты көп байлар Мініп алып күймеге. Мансапқорлар мақтанып Сары ала жез түймеге (О.Шипин, Дастан.). Жойып, зорлық пен қару жолдауды, Қойып, күндестік, мақтан, алдауды, мансапқор жойылса (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

690. **МАНСАПҚҰМАР** сын. *Мансапқор, әкімшіл.* “Хан тағы” деген сөзді естігеннен-ақ мансапқұмар Сүйіншіктің екі көзі оттай жайнап сала берді (І.Есенберлин, Алмас қылыш).

691. **МАНСАПШЫ** сын. сөйл. *Мансапшыл.* Түсін Дидар! Мен мансапшы да емеспін, атақ үшін дәрежесі үлкендердің алдында көңілшек әйелдерше көлеңдеп әр табанды бір жалайтын (Ә.Әбішев, Замана.).

692. **МАНСАПШЫЛ** сын. *Шенқұмар, мансапқор, мансап сүйетін.* Бақ құмар, мансапшыл, екі жүздінің образын көрсету үшін және оны жексұрын етіп суреттеу үшін Абай ең мысқыл, ең кекесін сөздерді таңдап алады (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Ажарлы алапатты оның беті, мансапшыл, ұлық сыйлау бар ниеті (І.Жансүгіров, Шығ.)

693. **МАҢҒАЗ** сын. 1. *Паң, керенау, кербез, тәкаппар.* Сабырлы, терең ойлы маңғаз еді, Жетпеген қатарына тең құрдасы. Сағымдай садақ жетпес жылдамдығы, Қырмызы қыз мінезді, қымбат басы (Ә.Найманбаев, Шығ.). Сауытты ерің зерігіп, Сері бойдағың ерігіп; Маңғаз байың балпаңдап, Мақтангөйің талтаңдап, Жас өспірім жар таңдап (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы.). Өр тұлғасы маңғаз, кербез, сымбатты, Ұларлы жер баба сырыш тыңдатты. Бар қазаққа орда болған ақжолтай Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты (К.Салықов, Жезкиік.). 2. *Байыпты, байсалды, салмақты.* Мен саған бас қоямын таңда өзі арай, Шам жағып, қиса азабын маңғаз Абай. Бейшара бей қазақтар оқ атқанда Намазын үзбей өлген Жанғожадай (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә.). Күләш отыр сыпайы ғана үлбіреп, Жүсіпбек отыр маңғаз (И.Жақанов, Екі жирен). Бұрын көп сөйлейтін, орынды-орынсыз мақтана кетуге бейім, қалжақбас Бек салмақты, маңғаз жігіттердің қатарына қосылады (М.Мағауин, Ақша қар).

694. **МАРҒАУЛАУ** сын. *Селқостау, самарқаулау.* Әдебиет-мәдениет жайынан мен ой-тілектерімді ортаға салсам, тағы да Қаныштан басқасы марғаулау қалып танытқандай болады (М.Әлімбаев, Тәрбие тұр.). // *Селқос, сылбыр адам.* Бәріне де мақұлмыз, марғаулаумыз. Сол марғаулық езінді алдау нағыз, Өз еркіңде ерек боп көріну де, Өз еркіңде жата қап шаңға аунаңыз (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

695. **МАРДАТ** сын. жерг. *Өркөкірек, өзімшіл.* Көп ортасында мардат қылық көрсету – адамның жеке басы үшін ыңғайсыз жағдайға қалдыру деген сөз (Диал. сөзд.). Осы ауданда кейбір мардат адамдар бар (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

696. **МӘДЕНИЕТСІЗ** сын. 1. *Мәдениеті дамымаған, мәдениеті жоқ, надан.* Ғылымды тек сауын сиыр ретінде пайдаланғысы келген мәдениетсіз тоғышарларды кездестіргенде, қынжылмай қоймайсың (Е.Букетов, Атан қолында туған адам). 2. *Артта қалған, жетілмеген.* Мына қызықты қараңыз, Құдай ұрғанда, енді солар әлгі өздері бір кезде мәдениетсіз санаған үйді біздерге жөндеп, жасап бере алмай әуре болып жүр (Б.Нұржекеев, Бір ғана.).

697. **МӘЖІЛІСҚОР** сын. *Мәжіліске әуес, жиыншыл, отырысшыл, думаншыл.* Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев та Ахметжан үйінің жиі келіп кететін мәжілісқор қонағы болатын (Е.Ысмайылов, Сын.). Әлібектің соңынан ілесе бере іркілген мәжілісқорлардың да көздерінің оты жарқ еткендей зәрелері үшып, үрпиісе-үрпиісе тұрып қалды (С.Жүнісов, Ақан сері).

698. **МЕЙІРСІЗ** сын. *Еш нәрсеге жаны ашымайтын, рақымсыз, қатыгез.* Мейірсіз байдың ер құлдан саза тартқанын әңгіме етемін деп, ақын өз тақырыбының айшығын тапты (М.Әуезов, Әр жыл.). Маужырап дария толғанша, Күн батып, түн болғанша, Қаз, үйректі қырады, Рақымсыз, қатты, мейірсіз (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

699. **МЕЙІРІМСІЗ** сын. *Жаны ашымайтын рақымсыз, тасбауыр, қайырымсыз.* Жаны ашымай әлсізді аңша қырып, Мейірімсіз, озбырлығы осындайлық. Мұнысы айуаннан қалай дейсің, Бір жаңа өнер шықса, «пәлі-ай», дейсің (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Отында ғашықтықтың күйіп-жанып, Дариға, бір сен үшін көңілім алаң! Зарлатқан мені мұнда, сені онда, Мейірімсіз қара пейіл сұмырай жалған. Өлсе, керін, өлмесе, өзін көрмей, Тарқар ма, өліп кетсем, іштегі арман? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Алып кетті, тәңір атқыр, мейірімсіз арам-ай, Хал үстінде жатқан қартаң анаға да қарамай, Сорлы анаға қайдан жеңіл тисін мұның салмағы, Бастан жүрек ауруы бар, емдеткенмен болмады (М.Шаханов, Ғасырлар.).

700. **МЕЙІРІМСІЗДЕУ** сын. *Тасбауырлау, рақымсыздау.* ≈ Мейірімсіздеу екен.

701. **МЕКЕР** сын. *Қу, залым, айлакер.* Аққемпір бәлеқор, мекер қатынның сөзін құлағына ілмеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Патшаның заңын қуаттап, Жол ашып елді суаттап, Баладай алдап уатпақ, Би дегенің би емес, Ел алдағыш мекері (Д.Бабатайұлы, Замана сазы.). Бұрынғы пайғамбар мен сахабалар, Пайда ғып ешкім малын алған емес. Өтірік,

ұрлық, зорлық, мекер, қайла, Бұл үлгі пайғамбардан қалған емес (Қабан жырау, Алтын қазық).

702. **МЕНМЕН** сын. *Өзін басқалардан жоғары санайтын тәкаппар, өзімшіл, өр көкірек.* Өздері тәкаппар, менмен, асқақ мінезді өр-көкірек келеді (К.Әзірбаев, Аңыз.). Сырт көзге менмен, тастай қатты такаппар көрінердей аға мінезіне келсек, бұл өзі қаукөкіректік емес, сырсыз-сынсыз сыздану да емес, мәнді маңғаздық, сырбаз табиғилық, өз қадірін өз деңгейінде ұстағандық екен (М.Әлімбаев, Қалам қайраты). Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен, Жазғытұрым жасырып жердің бетін, Жасыл шөппен бой жеткен егінмен тең (Абай, Тол. жин.).

703. **МЕНМЕНДЕУ** сын. *Өр көкіректеу, өзімшілдеу, тәкаппарлау.* Мұндай менмендеу, өзімшілдігі басым қылық тілшіге ұнамай қалды (С.Бақбергенов, Адам.). Бетімен жіберілген, нәзік балалар көпшілік жағдайда менмендеу, өзімшіл келеді де, ата-анасына рақымсыз болады (Семья тәрбиесі).

704. **МЕНМЕНШІЛ** сын. *Өзінен басқаны менсінбейтін, тәкаппар, өзімшіл.* Өркөкірек, менменшіл Әбілқайыр үлкен таққа отырып, бүкіл қазақ жеріне әмірлік етуге өзін ғана лайық деп санады (Ә.Әлімжанов, Жаушы). Менменшіл, өзінен басқаны жақтырмайтын, тыраш (З.Шашкин, Сенім). Ол Мексика сапарынан кейін бұрынғысынан да жатбауыр, менменшіл, қатыгез болып кетті (Ж.Жұмаханов, Жинақ).

705. **МЕНШІККҰМАР** сын. *Жекеменшігіне айналдырғысы келетін, жекеменшікті қалайтын*. Жақын арада малды иелерінен алуға меншікқұмарлар қарсы болып, жанжал да шығарар (Т.Нұртазин, Үлкен жолда).

706. **МЕНШІКШІЛ** сын. *Меншікқұмар, жекешіл.* Байсал несіне ақылдасады. «Менікі» деген меншікшіл ойдан ұлым да, қызым да аулақ (Ш.Хұсайынов, Қызыл жалау). Осы мен жеке меншікшіл болып кеттім бе, не болмаса сен менің басымды қатырып жүрсің бе? (А.Жағанова, Еркежан).

707. **МЕНШІЛ** сын. *Өз қара басының қамын ғана көздейтін, өзімшіл, менмен.* Шектен шыққан шеншіл бар. Өр көкірек мен шіл бар. Меншіл «меншіл» келеді. Өзгеге «сеншіл» келеді (М.Рашев, Бұйымтай).

708. **МЕРЕЗДЕУ** сын. *Арам ниеттеу, пестеу*. ≈ Аздап мерездеу екен.

709. **МОЙЫҒЫШ** сын. *Ренжігіш, кейігіш.* Білімі саяз жан қашан да мойығыш, ынжық келмек («Білім және еңбек»).

710. **МОЙЫЛҒЫШ** сын. *Көнбіс, ынжық.* Сержан сияқтылар мансап үшін сүйген қызы түгіл ар-намысынан айрылған иілгіш, мойылғыш келеді («Қаз. әдеб.»).

711. **МОЙЫС** сын. Доғал мінезді, морт, дүңк еткіш. Жандар бір беткей, сөзге олақ мойыс жігіт еді (С.Бегалин, Сәтжан).

712. **МҰҢАЙҒЫШ** сын. *Қайғырғыш, уайымдағыш, уайымшыл*. Бұрынғы бұйылау, ұялшақ, мұңайғыш қыздың өзгеріп кеткенін көрген ақсақал «Бұл қалай боп кеткен? Қаланың не қасиеті бар» деп, таңғалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

713. **МҰҢАЙЫМШЫЛ** сын. сөйл. *Мұңайғыш.* Бұрын қайғылы көзін жерден көтермейтін мұңайымшыл жас, енді өзіне біреу сұқтана қараса, кенет өзі де шырақ жарығындай тұтана қалатын болды (І.Есенберлин, Маңғыстау).

714. **МҰҢШЫЛ** сын. *Мұңайғыш, уайымшыл.* Уайымшыл, мұңшыл бір әйел жыласа, аза бойы қаза тұрып ұрыса жөнелетін Қалиманың өзі қияметтік жарын жоқтап, аза салған айқайы алты қырдан естіледі (Ә.Бөриев, Ақ бидай). Адам деген бірде көл, бірде шөл, бірде мұңшыл, бірде сыршыл болады (У.Қыдырханов, Таң нұры). Қара қағаз келген жолы Қошайды жоқтап, мұңшылығын айтып еңірегені көз алдымда (З.Иманбаева, Дала).

715. **МҰРНЫН [КӨККЕ] КӨТЕРГЕН** *Менменситін, дандайсыйтын, шамадан тыс көкірегін керетін, паңданатын.* Бай сонда көтермес пе мұрнын көк к е. Етер ме «көтердің» деп оларға өкпе, Аурусыз «хақ-туүфә» деп құр жөтеліп, Паңдықты байқатпас па төңірекке (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

716. **МҰРНЫН ТЕСКЕН ӨГІЗДЕЙ** *Неге болса да көне беретін, жетекке көнгіш; жуас*. Шаруадан басқаны білмейтін жуас күйеу, көк айыл әйеліне қарсы ештеме айта алмай,

мұрнын тескен өгіздей жетегіне еріп жүре береді (С.Жүнісов, Ақан сері). Жазғытұрым Әбіш оны мұрнын тескен өгіздей мініп алады (Б.Шалабаев, Өмірде.).

717. **МҰТТАХАМ** сын. *Алдамшы, залым*. Ел ортасында отырған мұттахам залым саудагер жапан түздегі, жазира шөлдегі халық талақ қылған арам ұлы Шынарға ұқсатты өзін (Ө.Тұрманжанов, Менің). Туылмай жатып қайдан мұндай мұттахам болды екен деп таңдансың да күйінесің (С.Баязитов, Алтын).

718. **МҮНАФИҚ** сын. *Екі жүзді (адам), имансыз.* Мүнафиқ деп кінәлады.

719. **МҮТТАЙЫМ** ар сын. *Екіжүзді сұм, зұлым, арам.* Сол мүттайымдарды тәубесіне келтіріп, халқының көзін ашу үшін көмекке келеді олар (Д. Досжанов, Жібек.). – Ой, мүттайым-ай, мүттайым! Сол алаяқтан халықтың көрмеген қиянаты аз емес, – деді олар (Е. Әкімқұлов, Қош бол.).

720. **МЫЖЫҢ** сын. сөйл. 1. *Мылжың (көп сөйлейтін, сөзуар)*. Сары үрпек қыз әбден күйіп кетсе керек: – Ағай-ай, мыжың екенсіз! – деді ақыр соңында (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Көп сөйлесең, мыжың атанасың (Мақал).

721. **МЫЛЖЫҢ** сын. *Бос сөзге үйір, көп сөзді*.

722. **МЫРЫҢ** сын. экспр. жағымсыз. *Ынжық, ез.* Ол нағыз мырыңның өзі («Сөз сандық»). – Мына мырың не дейді? Сорлы-ау, сүйреп шығарған төбемнен домалап кеттің ғой (Т.Ахтанов, Дала сыры).

723. **МЫСҚЫЛШЫЛ** сын. *Мысқыл айтуға шебер, сықақшыл.* Қазақша: «Ойыншы, күлдіргі, қу, мысқылшыл, сықаққой» аталатындардың бәрі де табиғатында артист болып туғандар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жалпы, өзгелерге қарағанда қазақ мысқылшыл халық қой, бірақ сатириктер мен сатирикалық шығармаларға келгенде өзгелерден жұтаңдау («Қаз. әдеб.»). // *Мысқылдауға шебер, сықақшы адам.* Біреуді ұрсаң сорлайсың саймен жүріп, Мысқылшылдар қинайды қоймай күліп: «Көрсетуге қарасын қаймыққан ғой, Қайда барсын бұғынбай, қайран жігіт!» (Ғ.Орманов, Жер.).

724. **МЫСЫҚСОПЫ** сын. *Момақан, жуас жалған*. Сіз қазір ел-жұртқа қамқор, қой аузынан шөп алмас, мысықсопы боп көрінгеніңізбен, дәуреніңіз жүріп тұрғанда алыстан тау асып, тас басып келген қандастарыңызға осындай қиянат жасадыңыз («Жас Алаш»).

725. **МІНДЕТШІЛ** сын. *Істеген ісін бұлдайтын, міндет еткіш.* Иттің бажасы көп, құдасы жоқ дегендей, міндетшіл адамдарда тұрғылықты махаббат та болмайды (Р. Райымқұлов, Бұрылыс.).

726. **МІНЕГІШ** сын. *Мін таққыш, сынағыш.* Бұған қарама-қарсы енді біреулер жағымпаз, өзінің қолынан түк келмесе де, біреуді мінегіш, сықақшыл, қуыс кеуде («Лен. жас»). Сырттан баққыш, мінегіш, Сүрінгенге күлегеш, Жақсылардың жаңылғанын тілегіш, Қазақ аз ба қауымда (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Мінегішім тілге майда, Мерт болған ба терең сайда. Тығылған ба терең жайға, Бір келмей ме осындайда (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал).

727. **МІНЕЗҚОР** *Мінезі шатақ, мінез көрсеткіш.* Мінезқор Жайырбек қана сырттай сыр бермегенсігенімен, шытынап отырғанын байқап қалды (Т.Рыскелдиев. Ұлы көш).

728. **МІНЕЗСІЗ** сын. *Мінезі нашар; адамшылығы жоқ, қайырымсыз.*

729. **МІНЕЗСІЗДЕУ** сын. *Мінезі нашарлау*. Еріксіз байланғанның томырық ызасы ма, болмаса әуелден бітімі болмай ма, әжеміз, бұздым-жардым мінезсіздеу болыпты (Ә.Сараев, Қараша.). Еріксіз байланғанның томырық ызасы ма, болмаса әуелден бітімі солай ма, әжеміз бұздым-жардым мінезсіздеу болыпты (Ә.Сараев, Ақ тымық түн.).

730. **МІНШІЛ** сын. *Бір нәрсенің мінін табуға құмар, сыншыл.* Сыншыл қайнағалар мен міншіл енелер оны талай рет ел салтына имек боп әрекет те жасап көрген (Ә.Сараев, Қараша.). Біздің арамыздағы небір міншілер де Сәкеннен мін табуға талаптанған жоқ (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Бетке айтқанды жау көріп, Міншіл болып барамыз (О.Әубәкіров, Сүзеген сөз).

731. **НАДАН** [ар.] сын. 1. *Топас, пайымсыз*. Бұ дүние білімі бар адамды Қайғылы бейнетпенен өткізер. Қайдағы ақылы жоқ наданды Ойлаған тілегіне жеткізер (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Надан, оны билеген күш-қуат қара албасты, қаратүнек күштері. Бұны ойласа Абай бір сәт шұғыл, қатал бір ойға ауысады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Осыған

қазақ бар ма жанасарлық, Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық? Жұрт алмаса, ақылын біз алалық Өзгедей надан емес адасарлық (Ш. Құдайбердиев, Шығ.).

732. **НАМЫССЫЗ** сын. *Ар-намысы жоқ, ынжық, жетесіз*. Намыссыз абырой, арсыз атақ болмас-ау! Абырой мен атақ жүрген жерде намыс, ар деген сөздер тепе-тең жүрсе жақсы (С.Бақбергенов, Адам.). Намыссыз, Жасық өзіңнен Бөлектеу тұрар жағымды ұл. Басың айналып сезімнен Ләйліп кететін шағың бұл! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі). Оның үстіне, мұнда көптеген намыссыз қазақтар күн көрісін жеңілдету үшін балаларын өзбек етіп жазып жіберген. Олардың енді «оралман» атымен квота алуға ешқандай құқығы жоқ («Жас Алаш»).

733. **НАНҒЫШ** сын. *Жоқтан өзгеге сенгіш, иланғыш.* Кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек (М.Әуезов, Әр жыл.). Алтынсары сөзге нанғыш, уәдешіл, момын бала болатын (С.Мұқанов, Аспаз).

734. **НАНҒЫШТАУ** сын. *Не болса соған сене беретін, иланғыштау*. Байбек айтылған сөзге нанғыш тау кісі еді (Ауызекі).

735. **НАНДЫҚ** сын. жерг. *Нанғыш, сенгіш, аңқау.* Мен нандықпын, не айтсаңда нана беремін. Әкемде нандық еді (Қаз. тілі аймақ. сөзд.).

736. **НАНСОҒАР** сын. *Арамтамақ.* Беріп кет теңдігімді о дүниеге. Нансоғар, мені осынша жамандадың (І.Жансүгіров, Шығ.).

737. **НАНЫМПАЗ** сын. сөйл. *Нанғыш, сенгіш*. Айтылған хабарға сене беретін нанымпаз адамдар да баршылық (Ауызекі).

738. **НАС БАСҚАНДЫ БИТ БАСҚАН** *Салақ, былғаныш, өзін-өзі күтіп жүрмейтін (адамға қатысты).* Нас басқанды бит басқан, міне, сұлу жұрт асқан (С.Торайғыров, Шығ.).

739. **НАУ** сын. көне. *Даукес, жалақор*. Науды аяма, бауды ая (Қаз. мақал). Нау жүрген жерде дау жүреді (Қаз. мақал).

740. **НАЯТСЫЗ** сын. *Мейірімсіз, нысапсыз.* Адамның наятсызы екен (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

741. **НӘМӘРТ** сын. *Айтқан сөзінде тұрмайтын, опасыз; сараң.* Адам болсаң – жомартсың, Жомарттар да – жақсылық! Сараң болсаң – нәмәртсың, Көңілінде – жат ғұрып (Ғ.Мүсірепов, Алау). Жақсылардың сөзін ұқпай, Ақылсыздай болма нәмарт. Сырыңды айтпа ғауретке, Ішің толар қайғы-дертке (Қисса Шеризат). Ұқсамақ емес бұл ойдың Түбі олақ нәмәртқа. Он бесіме келгенде, Қаршыға, бүркіт көргенде, Құс салып жүрдім серуенде, Еркіндеп шығып азатқа (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Саз керек атқа шаппаққа, Ой керек қиял таппаққа, Жолдас болсаң жақсымен Жетеді қолың мақсатқа. Жолдас болсаң нәмәртпен Аунатар бір күн батпаққа (Базар жырау, Шығ.).

742. **НӘПСІҚОР** сын. *Көрсеқызар, нәпсіге қызыққыш*. Ал сарай маңының сабылмаларының да нәпсі қор еркектердей қашан барлық гәпті біліп болғанша өліп-өшетін ежелгі әдеті бар (Ә.Кекілбаев, Дала.).

743. **НӘПСІҚҰМАР** сын. *Жеңілмінезді, желікшіл.* Қызбалық желікпен аңсары ауған жігіт нәпсіқұмар жалынды әйелді көз жұмбай тәуекелмен аймалағандығын ұғыну қиынға соқпайды (Р.Нұрғалиев, Трагедия.). Темірәлі Мәруаға қамшы сілтегенде де күйеуі майданда жүрген жас әйелдің нәпсіқұмар ұстамсыздығына күйіп кеткендіктен сілтеген («Лен. жас»).

744. **НӘУЕТЕК** сын. *Еңбек етуге қыры жоқ, бос.* Аяғы небәрі жеті жасар баланың аяғындай, өзі сәл жел тұрса құлап қалатындай аса нәуетек, нәзік болыпты (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Олардың міні мынада: балаларын әу бастан нәуетек өсірген, тұрмыс тың барлық жүгін өздері ғана көтеріп, балаларын аянкеш етіп алған («Мәдениет және тұрмыс»). Нәуетекке, зәнталаққа сенген кім? Жолы сынсын бұлбұлды атқан желбастың, Қолы сынсын аққуды атқан мергеннің (М.Шаханов, Ғасырлар.). Аяншақ кісі, жұмсақ жүрек нәуетек кісі жақсы өмір сүре алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әй, нәуетек-ай, не үй жұмысына, не түз жұмысына қыры жоқ (С.Шаймерденов, Қарғаш).

745. **НИЕТІ ЖАМАН** *Көңілі бұзық, арам ой, сұм көңіл (адам).* Мақұл сөзін бос көріп, Тентек сөзін қош көріп, Жамандармен іс қылып, Ниеті жаман болған соң (Дулат Бабатайұлы, Шығ.).

746. **НОЙЫС** сын. *Дойыр мінезді, дөкір, дөрекі*. Бастығымыз Ерден деген қатыгез, нойыс, тоңмойын, қатал жан еді (З.Шашкин, Ақбота). Қолына түссең, оңдырмайтыны айдан анық. Мінезі шадыр, нойыс адам (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Тыныбай болса жалтақ, Көксеген болса бір беткей, нойыс (Қ.Жұмаділов. Тағдыр). Ержетіп, ел ұстауға жарап қалған інісінің нойыс ашумен қорқытып өр кеудемен баспақ (Ғ.Мұстафин, Дауылдан кейін). // *Дойыр мінезді, дөкір адам.* – Тағы айтарың бар ма? Доңғыз, нойыс! – деді Сұраншы (С.Талжанов, Ұлдай.). баспа редакторының өзі де жазушы. Яғни, жалпыға ортақ жағдай оның да төбесінен түсуі мүмкін. Оның үстіне, дос-жар болмаса да, жүзтаныс, әріптес. Және мүлде қаражаяу, ұрда-жық нойыс емес («Жұлдыз»).

747. **НОЙЫСТАУ** сын. *Дойырлау, дөрекілеу.* Жарықтық, ә, жарықтық! – деп оятты. Анау бір нойыстау пәле екен (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Ағасының мінезі нойыстау еді, бұл жағдайды біле ме, жоқ па? – деп ойым он саққа жүгіріп мен тұрмын (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

748. **НОҚАЙ** сын. *Іске икемсіз, олақ.* Ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, “башалшік ноғай” дейді (Абай, Тол. жин.).

749. **НОҚАЙЛАУ** сын. 1. *Топастау, надандау.* – Әйел адаммен қалай сөйлеседі? Ноқайлау ма? – деп ренжіп қалды Ақдидар (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). 2. *Ебедейсіздеу, іске икемсіздеу*. – Тама жағы менің қайын жұртым, – деді – орталықтан шалғайда жатқандықтан ба, сәл ноқайлау (Б.Тоғыспаев, Асыл адам.).

750. **НЫСАПСЫЗ** сын. *Көзі тойымсыз, аш көз, қанағатсыз.* Бураханнан басқа хандықта Қожа пайғамбардың әулетіміз деп нысапсыз кеткен (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Әдеп пен нысапта жұмысыңыз болмасын. Қайсымыз нысапсыз екенімізді көре жатармыз (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

751. **ОБАҒАН** сын. жерг. *Іші-жемге тойымсыз, ашқарақ, обыр.* Осында обаған көз обыры да, Осында жегін өгіз момыны да, Осында бір тойынып кетейін деп, Келіпті кедей-кешнік шоғыры да... (М.Әлімбаөв, Көңіл күй). Нұртай беті қызара қалып, обаған көзінің титімдей қарашығын ойнақтатып, Күреңбайдың өңменінен өткізе қарады (С.Омаров, Қайырлы.). Олар зәулім ағаштарды күйретіп, Пушкинге тән дүниелерді талан-таражға салып, озбырлықпен олжаланып, обаған аранын ашқан (С.Мәуленов, Үркер.). Тарс жұмылып талай көздер обаған, Талайларға туар еді зобалаң... Алшаң басып жүрер еді алаңсыз, Еш пендегезәбір-зілі жоқ адам (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

752. **ОБЫР** сын. 1. *Көзі тоймайтын ашқарақ, қомағай, жебір*. Міне, енді мың аяқты, сан мың тісті жалмауыз обыр айдаһар боп созылыпты (М.Әуезов, Абай жолы). Көрші елі, бозекеңнің момын екен, Сол елді Бозбай қасқыр торыр екен, Арық тоқты сойса да алып, Ел үшін арын сатқан обыр екен (М.Дулатов, Шығ.).

753. **ОҒАШ** сын. 1. *Ерсі, дөрекі, өрескел, сөлекет*. Атқа тыныш, адамға және жайлы Алды-арты бірдей сұлу, көзге ыңғайлы. Оғаш, оғат, оқыра, сызаты жоқ, Ер қайда сыр-сымбаты түгел сайлы! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сондықтан Шолпанның мынау мінезі Сәрсенбайға да, басқаларға да жат, оғаш көрінді. (М.Жұмабаев, Шығ.). Отырған жұрттың көбі себебін білмегендіктен, қыздардың күлкісін оғаш көрді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

754. **ОҒАШТАУ** сын. 1. *Ерсілеу, өрескелдеу*. Жас адамда, әсіресе, жас ақындарда кейбір оғаштау мінездер бола береді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Алғашқы сөздерінің аузынан оғаштау шыққанын енді аңғарған (А.Лекеров, Түз гүлі).

755. **ОДАНЫ** сын. *Тілазар, қыңыр*. Бізде оданы адам деп тіл алмайтын, сөзді елемейтін адамды айтамыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

756. **ОДЫР** сын. *Дүңк етпе, томырық, ұр да жық [мінез]*. Сайра, мен де бір күн де болса ұлық атандым, сен сылқым атандың, одыр мінез, ұр да жық орталарыңа бір түсті (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Күнәсіз одыр мінезі, Моп-момақан кезі де, Көрінбей бәрі мін өзі, Тартады билеп өзіне (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.).

757. **ОЖАР** сын. 1. *Алды-артына, бас-көзге қарамайтын, ұр да жық.* Бұл тым ожар батылдық, бірлі-жарым жаман өлеңмен де, жақсы өлеңмен де бір дәуірдегі әдебиетке баға беру шетін пікір. Өткендегі әдебиеттен жақсы мысалдар көрсетуге болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үстіне егін шықса қырқып алып, Аузына не түскенін итше қажар.. «Біз солдат патшаға бердік» дейді, Омырауға салады өңкей ожар (М.Жұмабаев, Шығ.). Рас, оның мінезі ұрт, ожар, содырлы (М.Әуезов, Әр жыл.).

758. **ОЖАРЛАУ** сын. *Қимыл-қозғалысы, мінезі өрескелдеу, дөрекілеу.* Тамақ дәметкен сұқ ит көзденген, мінезі кесектеу, ожарлау адам (І.Жансүгіров, Шығ.). Қиыр Сібірде туып өскен кесек тұлғалы, мінезі де тұлғасына сәйкес ожарлау болса да, ақкөңіл адам (Ә.Сәрсенбаев, Батыр ізі.).

759. **ОЗБЫР** сын. *Жәбір көрсетуші, зорлықшы; зұлым.* Мейлінше қатал, озбыр Құнанбай Абайдың ерекшезеректігін танып, оған үлкен үміт артты (Т.Әлімқұлов, Абай). Үлкен бір төбені көтеріп әкеліп, мына озбыр жендеттерді екінші тұра алмайтындай қылып бастырар ма еді деп кіжінеді (М. Дүйсенов, Мейман.). Бақайшағына дейін қаруланған озбыр, айлакер жауды жеңу үшін, әскери қару-жарақты жіті меңгеру керек (Т.Бердияров, Солдат.).

760. **ОЙСЫЗ** сын. *Ақылсыз, зердесіз, санасыз.* Сөз бен ой бірін-бірінен айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). Адам бір нәрсені аяғанда бір мақсұт үшін яки сол нәрсе дұрыс болғандықтан аямайды, тек сол нәрсе аяныш көрінсе аяйды. Біз суға батып бара жатқан адамды көрсек, осыны құтқарып, осыдан олжа алайын деген оймен емес, ешбір ойсыз, жанымызды өлімге байлап толқынға кіріп кетеміз (М.Жұмабаев, Шығ.). Айқай салып бақырса, Ойсыз құлақ ұқпады. Қанша тұқым шашылса, Жер жыртылмай шықпады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

761. **ОЙЫНПАЗ** сын. *Ойынқұмар, ойынға берілгіш.* Өміртай құрттайынан ойынпаз, ән-күй, биді, жиналып ойнайтын түрлі ойынды жаны сүйетін бала болды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Өзі бір көңілді жүретін, ойынпаз, ақ жарқын бала (С.Мұратбеков, Дос.). Кішкене Жомарт – ойынпаз, әр нәрсеге еліктегіш, қиялшыл, саяхатты жаны сүйетін бала (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

762. **ОЙЫНШЫЛ** сын. *Қалжыңбас, әзілқой, қуақы*. Өзі ойыншыл, қалжыңқой, ісіне мейлінше адал, өте іскер жігіт болатын (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қалай дегенмен де, Қажекеңе ауыл-үй қона келе, біз оның ақкөңіл, ойыншыл жан екенін біліп алдық (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Қалжыңбас, ойыншыл жігіт екен, әрі-беріден соң екеуміз су ішінде алысып ойнай бастадық (Қ.Сақабаев, Өткел.).

763. **ОҢБАҒАН** сын. *Ниеті қара, жексұрын, сұрқия*. Осындай оңбаған қылықтарын көріп отырсаң да безе алмайсың, амал бар ма (М.Дулатов, Шығ.). Ой, тіліңе құлғана шықсын, ой, күйдіргі шықсын. Ой, оңбаған, тентіреген ит. Есік-есіктен, тесік-тесіктен өт. Өл де маған. Ол не қылғаны екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Жексұрын, сұрқия адам.* Қызыл иегімен кажалатқызып балаға нан беріп, ет беріп, сорғалатып май беріп қойған ана–баланың досы емес, қасы. Маған майлы бауырсақ, не болмаса қазы-қарта шайнап бере гөр дегендей баласына ет, нан шайнап беретін ана – ананың нағыз оңбағаны (М.Жұмабаев, Шығ.).

764. **ОПАСЫЗ** сын. 1. *Екіжүзді, құбылмалы*. Тұрма, қарғам, ұмтыл! Аты өшкірден құтыл! «Білімсіз – есек, Опасыз» десек, Сөйлеп, күліп жүрсе де (М.Жұмабаев, Шығ.). // Екіжүзді адам. Сол күні бір опасыздар әкемді немістерге ұстап берді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). 2. *Тұрақсыз, тұрлаусыз.* Жүргенім жалғыз тым артық, Арыстандай жортқан құмдарда. Болғанша жолдас опасыз Қатын жүрек құлдарға (М.Дулатов, Шығ.). Опасыз жардың күнәдан күйген қара бетін көргісі келмей шыдап бақты (Ә.Бөриев, Ақ бидай). – Антына опасыз, жаулық кисін оқасыз, – деп Сары бәйбішесақ-сақ күлді (Д.Әбілев, Арман.).

765. **ОРАШОЛАҚ** сын. *Ешнәрсеге бейімі жоқ, епсіз; олақ.* Жалпы жұмыста ақылшы бола жүре, Сәкен ұйымдастыру ісіне орашолақ адам еді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жасынан қалада өскен жеңгем ауыл тіршілігіне орашолақ еді (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Ләйлә шеше тәлім-тәрбиесін жүре тыңдайтын орашолақ, құлықсыз қыздардың біріне де ұқсамайды (Ш.Құмарова, Қаз бауыр.).

766. **ОРАШОЛАҚТАУ** сын. 1. *Бейімсіздеу, епсіздеу; қыры жоқтау.* Шайқы үй шаруасына орашолақтау еді (М.Дүйсенов, Ант). Шымырбай шаруаға орашолақтау болғанымен, өзінікі дегенде үзіп түсетін адам (Б.Тілегенов, Көктем.). Жетіншінің бригадирі жұрттың тілін табуға, жұмсауға орашолақтау (М.Гумеров, Хазірет.). 2. *Жатық емес, жүйесіз; төселмеген.* Өкілдің өзі орысша орашолақтау екен (С. Жүнісов, Жапанда.). Кейде орашолақтау құрылған сөйлемдерінде де терең мән жататындығы байқалды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Орысша ойланып, қазақша сөйлегендіктен, сөзі орашолақтау, созаланду шығып жатыр (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

767. **ОРДАҢ** сын. *Тәкәппар, кердең; өрескел.* Сұңғақ денелі, сұлу, сүйкімді, ұяң емес, ашық, ордаң емес, әдепті болатын (Ғ.Мүсірепов, Белдер.). Кетер істі күйретіп, Сендей жігіт ордаңы (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

768. **ОСПАДАР** сын. *Өрескел, ожар, ұрда-жық мінезді адам.* Баққұмар болып, кім көрінгенмен бақталасып жату оспадардың ісі (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Оның бейпіл сөз, оспадар қылығы жоқ (С.Байжанов, Сыр.). Ереуіл толқын етбеттей келіп құлады, Осы ма екен теңіздің тентек пырағы?.. Омырауын тепкен оспадар ұлдан безгендей, Едірейіп тұрды жартастың жалғыз құлағы (Б.Әбдіразақов, Жарық дүние).

769. **ОСПАДАРЛАУ** сын. *Өрескел мінезділеу, тұрпайылау.* Оспадарлау бір жігіт тақау келіп, қожаны тұрғызып алды да, бір-екі рет бауырына қысып-қысып қойды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Жұмекен оның бұл оғаш та оспадарлау мінезін құптап қалған сияқты (Береке бастауы).

770. **ОСПАДАРСЫЗ** сын. сөйл. *Оспадар.* Оның оспадарсыз қимылына кейбіреулер күліп жіберді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Кейбір оспадарсыз бала-шаға мұның иығына шығып, жырқ-жырқ күліп тәлкек ете бастады (О.Сәрсенбаев, Жиде.). Өзі шаршап келе жатқан әйел, әлгі балалардың оспадарсыз мінездеріне ызаланып, жарылып кете жаздады (М.Дүйсенов, Ант). Біреулердің оспадарсыз зорлығын қандай жақсы көрмесең, өзіннің құлақ кесті құлдығыңды да сондай жек көруің керек екен (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік).

771. **ОСПАҚШЫЛ** зат. *Оспаққа жаны құмар, оспақ айтатын әзілқой адам.*

772. **ОЯСЫЗ** сын. жерг. *Ойсыз, зердесіз, түйсіксіз.* Күйзелетін нәрсе бұл ғана емес, осындай оясыз, мақсатсыз жастар көбейіп барады (З.Қабдолов, Жалын). Әншінің келгеніне қарағанда шақырған болды, Саттар ондай оясыз жігіт емес (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

773. **ӨЗГЕРГІШ** *Құбылмалы, тұрақсыз.* Шәкен! Адам өмірінен өзгергіш, адам көңілінен қобалғыш нәрсе бар ма өмірде. Қит етсе болды бір қозғалып жатқаны. Сол бір толқыған пернені кезінде дәл баспасаң күмбірлеген күйдің орнына азынаған азап төгіліп жатқаны (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде месол бір кез).

774. **ӨЗГЕРМЕЛІ** сын. 1. *Өзгеріп тұратын, құбылмалы, тұрақсыз.* Адам өзгермелі, құбылмалы жандық. Сондықтан оның қылығы да өзгермелі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

775. **ӨЗІМШІЛ** 1. сын. *Қара басының қамын, өз пайдасын ғана ойлайтын (адам).* Кісімсіп белгілі білгіш, Біреуге сондай-ақ күлгіш. Бұлықсып, бұлданып босқа, Өзімшіл, оңбаған шерміш (Абай, Тол. жин.). Қит етсе трибунаға шығып, аттан салу атақ құмарлардың өзімшілдердің ісі (Ә.Тәжібаев, Гүлден.). Өзімшіл болғаным жоқ, бірақ өзгенің де қамын ойлап жарытпадым (С.Шаймерденов, Қарғаш). Пайда-күнем, өзімшіл. Көз бен көңлі тоймаған. Өтірік, қулық онда бар Әдет қылып қоймаған (Қ. Тәкежанов, Қария.). 2. ауыс. *Менмен, тәкаппар, өркөкірек.* – Ендеше ғапу ет, Розажан. Өнер адамы өзімшіл болады (Т.Ахтанов, Көк-құтан). – Өзімшілсің. Менің айтқаным тура дейсің. Жолдастарыңның сөзін тыңдағың да келмейді (Н.Ғабдуллин, Қызық.). Өзімшіл болу жаман-ақ, Жеттім деп биік деңгейге. Білсем де мұны, жамағат, Артықтау кеттім мен кейде (Қ.Мұқашев, Жер.).

776. **ӨЗІМШІЛДЕУ** сын. *Өркөкіректеу, тәкаппарлау, менмендеу.* Бәтестің мінездерінен әнеукүні байқап қалғанымның біреуі – өзімшілдеу, яғни, өз дегені бола қоймаса, өкпешілдеу (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Күлаш ерке мінезді, өз дегені болмаса кісінің айтқанына көне бермейтін өзімшілдеу қыз болып өсті (Ж. Молдағалиев, Айналайын.).

777. **ӨКПЕЛЕГІШ** сын. *Жиі өкпелейтін, өкпешіл.* Ыбырайымның басқа балалармен көбінесе ойнамауының мәнісі: өкпелегіш. Қапелімде, болмашы нәрсеге-ақ, ренжіп қалады

(Ә.Әлішев, Батыр.). Ал мен одан да бетер өкпелегіш едім (Т.Тобағабылов, Жазира). Көңілімнен кетпедің, Сенің көңілің мендей ме?! Өкпелегіш деп мені, Өкпеледің сен кейде (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

778. **ӨКПЕШІ** сын. сөйл. *Өкпешіл.* Шал жоқ нәрседен секем аяғыш өкпеші кісі (А.Жағанова, Еркежан). Дей алман: Айгүл жеңілтек, Сұрама менен бұл қалай? Өкпеші, сенгіш, көңілшек, Қылт етпе, шіркін, қыздар-ай! (Н.Шакенов, Айгүл). – Таныстарыңның ешқайсысына болмайды деме. Өкпешіні көбейтіп аласың (М.Дүйсенов, Мейман.).

779. **ӨКПЕШІЛ** сын. *Не болса соған өкпелейтін, жиі ренжігіш*. Бала кезде мен өкпе шіл, әрі тілазар болдым (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Өкпешілін қайтейін, Тарпаң тайдай қылтыңдап; Бәтуасын қайтейін, Тазы ит қуған кояндай Қаққанша қабақ бұлтылдап (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Өкпешілмін, Өз ұлымын Даланың. Бір-ақ сөзден төсек тартып қаламын. Емгер емес, Шипагерім өздерің, Қайран менің қағазым мен қаламым! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.).

780. **ӨКТЕМШІЛ** сын. *Өктем сөйлейтін, үстемшіл.* Арман таулар: Шығар шың-құзыңа кім? Соны ойласам тағы да бұзыламын. Кейде тіпті өкпешіл әрі өктемшіл Саған бауырым, керемет қызығамын (Е.Зікібаев, Қазақ әдеб.).

781. **ӨКІРЕҢ** сын. *Ұр да жық, өр кеуде*. Өзім білем деген өкірегің осы ма; дырдай басқарма бастығысың, бюро мүшесі дейді-ау сені!.. Тапқан екенсің жолдас-жораларың анау!.. (Д.Досжанов, Табалдырығыңа табын).

782. **ӨКІРЕШ** сын. *Өр кеуде, бірбет.* Хан екен деп ханыңнан да қорықпан. Ол да көктен түскен құдірет емес, алысуға болатын өкіреш пенделердің бірі екенін кеше ғана Үбедей көрсетіп бермеді ме (Қ.Салғарин, Үбедей).

783. **ӨЛДЕБАР** сын. *Құры сүлде; әйтеуір жүрген бір тірі жан*. Қарақан басын алып жүре алмай құр текке қуғын-сүргінмен күн кешкен, не жұртқа, не өзіне рақаты жоқ жанның қолынан мұндай тірлік келмейді де ғой!.. Әншейін бір өлде бар емеспін бе, несіне шалабымды шайқаймын (Қ.Сәрсекеев, Қызыл жалау).

784. **ӨЛЕЗ** сын. жерг. *Бос, ынжық.* Сүмелек Сарнояннан туды деуге илану қиын. Әкесіне тартып өлез болмай, өрт болып жаралғанын айтсайшы (З.Жәкенов, Таң самалы). Ол мынаның қасында бір ө л ез екен (Қ.Ілиясов, Қайран жастық).

785. **ӨНЕГЕСІЗ** сын. *Тәлім-тәрбиесі жоқ, көргенсіз, үлгісіз*. Өнегесіз, тәрбиесіз өскен жетім балаға қыз бермеймін (З.Иманбаев, Кең аймақ). Бұл мәселеде әйел, еркек деп бөлмейміз, өйткені, жақсы-жаман, өнегелі, өнегесіз істер екеуіне де тән нәрсе («Қазақст. әйелдері»). «Мейірбанды қала тұрғындарының көзқарастары» деген кітабында «Өнегесіз шаһардың басшылары да өнегесіз» дейді, оқып көріңіз (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

786. **ӨНЕРСІЗ** сын. *Қолынан ештеңе келмейтін, орашолақ, қабілетсіз.* Өнерлі жігіт өрде озар, Өнерсіз жігіт жер соғар (Қаз. мақал.). Жақсылар бізді есінен тастамаған, Өнерсіз деп жаманға бастамаған (Алдаспан). Аржағы түрікпен менен ауған, тәжік, Мұсылман барлығы да, дінге ортақ. Кәсіпке ерте кетіп, кеш қайтады, Өнерсіз оның бәрі іске шорқақ (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

787. **ӨҢЕШҚҰМАР** сын. *Өз құлқынын ойлайтын, ішкіш.* Өңешқұмар өзімшіл келеді, қалған көңіл қалпына келмес («Мәдениет және тұрмыс»).

788. **ӨПІРЕМ** сын. жерг. *Өзімшіл, менмен, тәкаппар.* «Ұяң мінезден ада, тым өзімшіл, өпірем кісі боларсың-ау» – деп ойлады Жанар (З.Қабдолов, Жалын). Ішнара болмаса, көбі дүң, өпірем, елге шықса қырып кете жаздайды (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Қасақана көзіне көз қадап, әрі өпірем, әрі мысқылды түрмен подполковникті басынан аяғына дейін бұл да шолып өтті (Б.Аманшин, Жар мұңы). // *Өзімшіл, менмен адам.* Болмағанмен бұл топтың сүйіктісі, Өпіремі, Өжеті, Иықтысы, Айтыстың бір үстінде шыдай алмай, Ашу шықты ортаға күйіп-пісіп (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

789. **ӨПІРІМ** сын. *менмен, өпірем*. Намысқор да өпірім жас өзінше бір ерлік іздеп жүр (Ж.Тілеков, Жоңғар даласында).

790. **ӨР КЕУДЕ** *Бір бет, өжет, өркөкірек.* Ат емес, енді автоны тіреп белдеуге, Жілігім толып, жігіт боп, жын боп өр кеуде, Ат жетер жерден ақ кеңіл нөкер жиып ап, Аулыңа

сенің алшаңдай басып келгенде (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Құрыштай денесіне кол батпады, Ойынсыз отырмады үйде жөнді. Өр кеуде арыстандай арпалысып, Жас батыр лезде екі жасқа келді (О.Шипин, Дастан.). Естуімше, апырау, Ер едің ғой өр кеуде, Өкпеледім, Атырау, Жел бермедің желкенге (М.Әлімбаев, Жүрек.). Өр кеуде ақынсымақтар да жоқ емес («Қаз. әдеб.»).

791. **ӨР КӨКІРЕКТЕУ** *Бірбет, менмен, тәкаппарлау*. Өте кекшіл, әрі сезімтал және өр көкіректеу ЗаҒипаға Шолпанның сөзі табанға басқан шоқтай тиді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

792. **ӨР КӨҢІЛДІ** *Тәкаппар.* Өр көңілді әйелі Қатша болса, бұлар әбден титықтап, тұралап қалғандарынша «береріміз жоқ, ішеріміз таусылды!» деп сыр бермейтін (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

793. **ӨРЕСКЕЛ МІНЕЗ** *Жөнге, жораға сыймас ерсілік; жанға батар, жан қинар, жұрт түршігер жай, қылық.*

794. **ӨРЕСІ АЛАСА** *Білері аз, түсінігі тайыз, өресі төмен*. Осы арқылы ертедегі қазақ байларының кескін-келбетін, олардың өрісі тар, өресі аласа ой-жүйесін көрсетеді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.).

795. **ӨРЕСІЗ** сын. *Өресі тар, білімсіз*. Қайдасың, қайда, қайратым бойды кернеген, Өресіз өмір өкінішке өткел бермеген. Арындап жүрген, жалындап жүрген жүректің Керегі қанша мұндайда қуат бермеген (М.Қанғожин, Қызылжар). Не керек теріп айтып жат мінезді, Қор ғылып соған бола алтын сөзді. Өңешті өресізге созба, деген – Әкемнің сөзі барды қайбір кезгі (Р. Нұрпейісов, Мейірім).

796. **ӨРКЕУДЕ** сын. жағымсыз. 1. *Менмен, өзімшіл*. Әкесінің өркеуде озбыр дөрекі мінездері ұнамайды оған (С.Байжанов, Замандас туралы толғау). Басынан сөз асырмайтын, барып тұрған «менен басқа ешкім жоқ» деп ойлайтын өркеуде менмен екенсің (С.Еркебаев, Алғашқы адым). 2. жағымды. *Тәкаппар, намысы зор*. Өркеуде, салқам жігіт сұңғақ Батырдай шымыр болып біткен сымбат (Қ.Бекхожин, Менің замандастарым). Қасындағы тоқпақ мұрын, айран көз жігіт өркеуде болар, қасқырша арқасына сала жөнелген ғой, – деп іштей бір жобалап қойды да, Аман тергей бастады (Ғ.Мұстафин). Өзгелер айтса – өркеуде, Өзінше бір міні жоқ. Молданың тілін алмайды, Мал жаюға бармайды. Алпыстай ала жылқы бар, Басқа малы болмайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

797. **ӨРКӨКІРЕК** сын. *Тәкаппар, менмен, өркеуде.* Атамыз шағын дәулетті адам болғанымен, тірі пендеге кеудесін бастырмайтын өркөкірек болыпты («Қаз. әдеб.»). Қастары түгіл, достарының қатты сөзін кешірмейтін өркөкірек екі батыр жігіттің арасындағы махаббат таласы мен намыс таласы осылай бітті (І.Есенберлин, Қаһар). Қазақ дегеніңіз ен далада еркін өскен өркөкірек халық (Ә.Әлімжанов, Махамбеттің жебесі). Өжет қыз өркөкірек батыл еді, Досқа адал бітпейіншге ақыр жемі (Т.Нұрмұхамедов, Серпін). Кешіріңдер, туыстар, Кешіріңдер, ағайын, Өркөкірек бейбаққа өкпеледің талайың (М. Мақатаев, Шығ.).

798. **ӨРКӨКІРЕКТЕУ** сын. *Тәкәппарлау, менмендеу, өзімшілдеу.* Күшейген ұлыс, рулардың асқақ, өркөкіректеу келетіні тәжірибелі Мөңке Темірге белгілі (І.Есенберлин, Алтын орда). Бұл кісі өзіне халық сеніп тапсырған қызметтің жауапкершілігін ойлаудан гөрі, өзіне берілетін правоны ғана пайдаланып қалғысы келіп тұрған өркөкіректеу адам боп көрінеді («Лен. жас»).

799. **ӨРІСІ [ӨРЕСІ] ТАР** *Мешеу, тоғышар*. Тілді шала білетін қызметкердің өрісі тар болатыны күмәнсіз (Ә. Қарағұлов, Баспасөз.). Қанша дарын өресі тар пенделікке күйттелді. Кім дарынсыз дей алады Шыңғысхан мен Гитлерді? Жайпап өткен жанағанын Бірақ олар қара дарын Елестеткен тек қасірет қараны (М.Шаханов, Ғасыр.).

800. **ӨСЕККҰМАР** сын. *Өсекке әуес, өсекшіл*. Он төрт жасқа шыққанда ауылдың өсекқұмар әйелдерінен өзінің Бектенбергеннің қызы екенін естіді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Сақалы шошаңдап кім көрінгеннен насыбай сұрап жылмаңдаған алааяқ, өсекқұмарлар бедірейген күйінде телміре түсіп, қабағынан қар жауған есерсоқ байдың атарман-шабармандарын байқайды (К.Оразалин, Көктем.).

801. **ӨСЕКШІ** зат. *Өсек тасушы, өсек айтушы*. Өсекшілер ол қаңқуларды талай саққа жүгіртті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Ауылдарыңда Сағила деген бір өсек ш і қатын бар емес пе, хабар берген сол қыл ауыз («Қаз. әдеб».). Ішіне ішек айналмайтын өсекшінің жанын жай таптырмайтын басқа да жағдайлар болды (С.Бердіқұлов, Үшінші подъезд). "Правда" атаң айтқан жалғастырып, Отыр, менің жастығым, малдас құрып. Өрте, жалыным, өртеп жібер, Жүрсе өсекші ел-жұртты жауластырып (М.Мақатаев, Шығ.). Өз қолын өзі батып кесе алады, Бауырлас кекіл кесіп кете алмады. Салпы етек, сабау қамшы өсекшілер, Ел-жұрттың бірлігінен өте алмады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

802. **ӨСЕКШІЛ** сын. *Өсек сөзге құмар, лақапшыл.* Ел аузына аты ілініп қалған әйел, қасында еркін қорғаушысы жоқ болған соң, өсекшіл қауымнан оңды-солды соққыны көре бастады (М.Әуезов, Қараш.). Таза жүрек, ақ пейіл. Ренжітпейді жолдасын. Өзің жалтақ, өсекшіл, Болсаң өмір оңбассың (Ы.Сандыбайұлы, Әндер.). Ас үйдегі анау өсекшіл, жеп-ішкенге есепшіл. Мені ұры деді, мысық болмай құры деді (Қ.Мұқтиев, Екі мысық). // *Өсек сөзге құмар, лақапшыл адам.* Құтты болсын, келінжан, аяғынан, Осы еді ғой күткенім баяғыдан. Мал-мүлкіңе ие бол, арнап жиған, Өсекшілдің сақ болғын саяғынан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Өсекшіл, ойсыз, сумаңдар, Атадан алтау, ежелден жалқау Ұятсыз, жебір жылмаңдар (Ж.Сыздықов, Асулар). Қорқауды, өсекшілді қатарға алма, Кеселін тигізеді сапарға алда. Не бетімізді айтамыз Болашаққа, Жат қылықты қалдырмай апарғанда? (М.Мақатаев, Шығ.).

803. **ӨТІРІККЕ ЖҮЙРІК** *Өтірікші, суайт, шіміркпестен өтірік айтып үйренген.* «Көктегі елдің абыройын төкпеңіз, Бар ма десе, жоқ болса да көп!» – деніз. Осы ақылды ешкім айтпай жаттадым, Өтірікке жүйрік болсақ, сөкпеңіз (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).

804. **ПАЙДАКЕР** сын. *Ебін тауып пайда түсіргіш, пайда тапқыш.* Қарыз алған – айлакер, Қарызға берген пайдакер (Қаз. мақал.). Жақсыға келіп тұрса еркелегім, Пайдакер күйкі дастан жеркенемін. Бір жырым бір адамды ойға салса, Ақындық сол дер едім ең керегің (К.Салықов, Парасат сыры).

805. **ПАЙДАКЕШ** сын. *Пайдақұмар, пайдакүнем*. Көрініп қалып жүр, Кейде бір-тоғышар, пайдакеш, жылпостар. Санада-саңлау жоқ, Кеуде-кір, Оларға-түк емес, Іс, жоспар (Р.Нұрпейісов, Мейірім). Пайдакеш елді жеген сұрақшылар, Заманы Некалаймен бірге батты. Аштықтан шұбай бердік атты-жаяу, Ой жетеу, ақыл алтау, жүріс баяу (Ә.Найманбаев, Шығ.).

806. **ПАЙДАҚОР** сын. 1. *Жоқ жерден пайда табуды мақсат ететін пайдақұмар.* Халық мұрасын көрінген саудагер мен пайдақорлардың оңай олжа, талан-таражына салдырып отыруыңа бола ма? (А.Машанов, Жер асты.). Соғыс кезінде пайдақорлар бәсекемен қай нәрсенің болсын бағасын көтергені мәлім («Қазақ» газ.). Жайшылықта сабырлы жас трактор айдаушы ойын дәл түсіндірер сөз таба алмай күйіп-пісіп асыға сөйледі. – Пайдақор топас! (І.Есенберлин, Шығ.). 2. ж а ң а. *Сауда-саттық жасап пайда түсіруші саудагер.*

807. **ПАЙДАҚҰМАР** сын. *Пайдакеш, пайдакүнем.* Американдық пайдақұмарлар алтынға бай кен орындарын сатып алды (Б.Бекмаханов, ҚазССР тарихы).

808. **ПАҢ** сын. *Керім, кербез, тәкаппар, менмен.* Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, Арын сатып тіленген малы құрсын, Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тілімен қулық сауған заңы құрсын, Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір, өз үйінде шертиген паңы құрсын (Абай, Тол. жин). Қайырсыз надан болма іші білмес, Паң болма жуан кеуде көзіне ілмес. Біліп қылған қылықтың айыбы жоқ, Пікірің парасатқа болса тілдес (Ә.Найманбаев, Шығ.). Сүйтіп жүрсек те, Оспанға жақпадық: екі баласын орысша оқытқанда, мені оқытпай қойды. әкем де, өзім де барып айттым, үндемеді, паң еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Менің көптен естіп жүрген әңгімемнің бірі Сағынайдың паң Нұрмағамбеті. (С.Сейфуллин, Тар жол.). Жұмабек болса, қазірдің өзінде жарты Игілік бола қалғандай паң екен (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бердібек кейбір бастық сияқты адамға жуыспай шытырайып тұратын паң да емес, арамза қу да емес (З.Ақышев, Жесірлер). Қаламым, қарындашым – жан жолдасым! Жау болды, жан аяспас сан жолдасым. Қайрылып, мейірімденіп қарамайды, Кеше аласа, бүгін зор, паң жолдасым (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

809. **ПАҢДАУ** сын. *Кербездеу, тәкаппарлау, менмендеу.* Шу дегенде көрінер сұлу артық, Көбі көпшіл келеді ондай қаншық. Бетім барда бетіме кім шыдар деп, Кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай, Тол. жин.). Әдеппенен тамылжып, Мінезі тәтті болмайды. Сасық паңдау келеді, Қырт мақтаншақ оңбайды, Кісімсініп жалпылдап (Абай, Тол. жин.).

810. **ПАРАҚОР** [ир.] сын. *Пара алғыш, парашыл, жемқор.* Ал төренің өзі аса парақор кісі болатын-ды (М.Әуезов, Абай.). Халқымыздың жанын таза сақтау үшін, әділдікке сенген үмітін ақтау үшін, таңымыздың тыныш атуы үшін, күніміздің тыныш батуы үшін парақорлармен, жемқорлармен, қылмыскерлермен аяусыз майдан аштық («Егемен Қазақстан»). Рушылық дәуіріндегі рудан шыққан әділ билердің орнын байлар табынан шыққан, малға сатылған парақор билер басып, ол таластарды тексереді (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам.). Қайырсыз сараң малыңды, Еріншек есек жарыңды, Халыққа емес сыйымды Парақор баспақ биіңді, Ел бүлдіргіш бегіңді Улы тілмен улаттым (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бас ұрып, бөркін алып тұрды байға, Үлкенсіп, ұлықсымақ қалды жайға. Иттейін еркелеген жылмаң қақты, Бай көрсе парақорлар қандай майда? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

811. **ПАРАСАТСЫЗ** сын. *Ақылсыз, ессіз, түйсіксіз, парықсыз*. «Мына парасатсыз маскүнем неме істің жайына бір ми жүгіртіп ойлай ма екен, сірә! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Айт дегенде іркіліп, Бойымды балам тартайын. Парасатсыз жамандай, Жүрексініп саспайын (Ақберен).

812. **ПАРАШЫЛ** сын. *Парақор, пара алғыш.* Ол кез – көп бидің парашыл кезі. «Сыбаға» деп, «Жол» деп мол параны бадырайтып алып жатады (М.Әуезов, Әр жыл.). Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би Өткендер келгенмен де орын бермес. Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап, Жүруді өздігінен тағы білмес (М.Дулатұлы, Шығ.). Байшыл болсам, парашыл болсам, тағы аяма! (С.Дөнентаев, Шығ.).

813. **ПАСЫҚ** сын. *Надан, топас, оңбаған, арам, адамшылықтан безген.* – Неткен сорлы, неткен пасық едің!» – деймін оған естіртпей күбірлеп (Д.Исабеков, Бекет). Тек пасық жандар ғана басқалардың біріне бірі істеген опасыздығын, әділетсіздігін кешіре береді (І.Есенберлин, Айқас). Сахрада надандықпен ғұмыр сүріп, Жоқ екен құлық-сұмдық пасық кісі. Жүріпті мал өсіріп, көшіп-қонып, Болмаған онан басқа кәсіп-ісі (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Жақынсып жұртқа тегіс сене берме, Білдің бе, досың қандай, қасың қандай? Болмаңыз көрсе қызар көрінгенге. Байқаңыз: пасық қандай, асыл қандай? (М.Дулатов, Шығ.). Бәсекеменен бұл кезде Мал жиған пасық байлар көп Пейілі төмен жалшыдан. Жаздырмай қолын жоқшылық, Кетпеген кімдер кіжініп, Кемтаршылық зарпынан (Базар жырау, Шығ.). Мұның қайраткері көбінесесасық пікір, пасық ой, адалдықты білмейтін, арамдықтан жиренбейтін нашар құлықты, адамгершілігі жоқ, сана-саңлауы кем, босқалаққыш, жоққа нанғыш, битке пышақ суырғандай, көздей істі көлдей қылып, босқа пысықсып, босқа жанып, қайратын, күшін, өнерін жоққа сарп қылып, арам тер болып, босқа бусанып, босқа біленіп, босқа сабылатын адам (А.Байтұрсынов, Шығ.).

814. **ПӘЛЕ** сын. *Еті тірі, пысық, пәлекет, қу.* Өзі бар болғаны екі жаста. Соған қарамастан пәле бір (Қ.Мұқаметқалиев, Тоғай.). – Әй, осы Жаңбыршылар үндемей жүріп пәле ей, – деп қойды (С.Мұратбеков, Көкорай).

815. **ПӘЛЕҚОР (ЖАНЖАЛ) КӨЗДІ** *Жаласы дайын даукес, «көргенге көз дауы бар кісі».* Бірақ Жұматайдың өзін кім дерсің? Сіз деуге бұл еңгезердей үлкен бойлы, әдемі қара мұртты, ашушаң, бұлтиған пәлеқор көзді, кекірдей кісі (М.Әуезов, Шығ.).

816. **ПӘЛЕҚОР** [ир.] сын. *Жалақор, пәле қуғыш, пәле іздегіш.* Ол «Қужаурын Әбділда» деп аталатын пәлеқор бидің бірі болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Арамызда әлі де кездесетін арызқой, пәлеқор, шағымпаздарды ақын уытты күлкісімен буады («Қаз. әдеб.»).

817. **ПЕЙІЛСІЗ** сын. *Ынтасыз, ықылассыз, көңілсіз.* Онысыз адам жаны қанағат таппас, ал пейілсіз әрекетте ынта жоқ (Т.Тілеуханов, Өмір.). Үй иесі мойнын соза бейсауат адамға пейілсіз қарап: – я жап-жас азамат екенсің, – деді («Қаз. әдеб».).

818. **ПЕЙІЛІ [НИЕТІ] БҰЗЫҚ** *Пиғылы жаман, арам ниетті, мысық тілеу (кісі).* Түзелер еді бұл заман, Пейілі бұзық пендені, Кетсе астынан жер тартып (Б.Өтемісов). Жергілікті қазақ жастарының ашу-ызасын туғызған ең басты қырсыздық не еді? Бұл әлгі кейін

қитұрқы, ниеті бұзық кейбіреулердің шығарып жүргеніндей, ешқандай да ұлтаралық қақтығыс деген нәрсемен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тіпті бөлек оқиға болатын-ды (“Егемен Қазақстан”). Кездесіп пейілі бұзыққа, Сезіп қалып күйеуін, Шалдырып жүрме дертке (Базар жырау, Шығ.).

819. **ПЕЙІЛІ БҰЗЫҚ** *Ниеті жаман, қара ниет, арам пікірлі*. Түзелер еді бұл заман. Пейілі бұзық пендені Кетсе астынан жер тартып (XVIII–XIX ғг. қаз. ақын.).

820. **ПЕЙІЛІ ҚАС** *Өш, қоштамайды деген мағынада.* Жасарам деп көңілі жас, Жас иіске құмарлар! Кәріге жастың пейілі қас, Шамаларда жұмарлар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Екі жердезарлатып, Кемпір мен шалдың пейілі тар, Ыңырсыған, үйінде жас ботаның үні бар (С.Сейфуллин, Шығ.).

821. **ПЕЙІЛІ ТАР** 1. *Сараң, қытымыр*. Қарға ақын Көлдейдің үйіне түседі. Пейілі тар бай ақынға қонақасы бермей, дайын тұрған көжені ұсынады («Қаз. әдеб».). 2. *Ниеті жаман, қара ниет, қызғаншақ.* Жүрегің тар, пейілің тар, ашқарақсың, Маған доссың, әйтсе де басқарақсың. «Әбең-Әбең», дейсің де сөзбен алдап, Түкке асырмай «Әбеңді» тастамақсың (Ә.Тәжібаев, Көне.).

822. **ПЕС** сын. 1. *Қара ниет, арам, пасық.* Сақидың шынжыр қатар әулеті – Уақ, Болмаса кім сыйлайды сендей пестi. Асқансып бір ісінен бір ісі оның, Таңырқап Әлім, Шөмен «пәлі» десті (Айтыс). 2. жерг. *Жомарт емес, сараң.* Шығайбайдай қайырымсыз пес екен (Диал. сөздік.)

823. **ПІКІРСІЗ** сын. *Пікірі жоқ; жетесіз, ойсыз.* ...алайда Төлеген пікірсіз де жігіт емес (Ж.Аймауытов, Шығ.).

824. **РАҚЫМСЫЗ** сын. *Өте қатал, мейірімсіз, тас бауыр.* Сондай қорлықтар үстіне жаңағыдай жуан бәйбішенің рақымсыз иттігін тағы естіген соң, Жұмыр Бөрібасарын ертіп шығып кетті (М.Әуезов, Шығ.). Ал еврей Бейлис немістердің еврейлерді жек көретінін, оларға рақымсыз екенін біле тұра, өз жолдастарын неге сатты? (І.Есенберлин, Шығ.). Еріксіз айырғанда менен сені, Тағдырдың қайтпақшы екен қанша кегі? Мінезін құбылмалы рақымсыз Басқасы көрсетуден бар ма, тегі? (М.Дулатов, Шығ.). Табиғаттың заңы қатты, үкімі рақымсыз, жолы толып жатқан кер мен кедергі, ісі шынжыр қатар тіркескен себеп пен салдар болып, алды-артыңды ораған шырмау (А.Байтұрсынов, Шығ.). Дүниеде менің ұлымның өлімінен де өткен, орны толмас қасірет бар, ол үшін бізге тірі жан келіп, көңіл айтып, қайғымызды жеңілдетпейді, тек қатал рақымсыз жауларымыз ғана “шоқ-шоқ” деп күліп көзімізден шұқиды (Қазақтар хақында).

825. **РИЯШЫЛ** сын. *Жәдігөй, сұрқия, зымиян.* Рияшыл жалған жыршыларды да, Обыр Кәдірбайды да бет-жүзіне қарамай түйредім (Жамбыл, Бір томдық).

826. **РУХСЫЗ** сын. *Рухы жоқ, ішкі, табан тірейтін ұстанымсыз, ерік-жігерсіз, намыссыз.* Нәпсі дер рухсыз жандарды, Мейлі адам, мейлі аңдарды. Үстіртін қарап ұқпайды, Қай молда мұны аңғарды? Мәнісін білмей шатасқан (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

827. **САБЫРСЫЗ** сын. *Шыдамсыз, тағаты жоқ.* Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсе қызар жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін. Алты бақан алты ауыз (Абай, Тол. жин.). Бей қайраттың белгісі, Таласты жер кез келсе, Сөйле деп енді сөз берсе, Жалт-жалт қарап тұрады, Берекесін қашырып, Сабыр – ақыл серігі, Сабырсыз болма асығып (Майлықожа). Сабырсыз салмағы жоқ түрің мынау, Келісті кеңес шықсын қай тұлғаңнан (Айтыс). Тәтті қиял ұшығына жете алмай, ұзақ, сабырсыз оймен көзі іліне берген Ақан мызғи да алмады (С.Жүнісов, Ақан сері). Іштеріндегі сабырсызы да, ақылы аздауы да мен едім (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Сабын кірді ашады, сабырсыз сырды ашады (Мақал).

828. **САЙДАҚЫ** сын. жерг. *Қу, сұм, зымиян; сайқал.* Образдар көбінесе хайуандардың өздеріне тән пиғылдарын айқындай түсу арқылы жасалады. Мысалы: қасқыр — зорлық-зомбылық күш, түлкі – сайдақы, қу; аю – аңқау, алаңғасар ретінде сипатталады (Қ.Сиранов, Кино туралы.).

829. **САЙҚАЛ** сын. 1. *Жеңіл жүріске салынған, жәлеп, жүргіш.* Жастай қосылған қосағым орта жастан асқанда бір сайқалды құшақтап жатқанын көріп, жарылып кете жаздадым

әуелгі кезде (З.Ақышев, Ақбел.). Әлгі Жәмила сайқалдың қылығы жанымды жегідей жеп барады (Ә.Нәбиев, Шолпан).

830. **САЙҚАЛДАУ** сын. *Көлгірлеу, әзезілдеу*. Мәлике бір топ шашы самайына жығылып, сайқалдау жүзімен аға сына күлімсірей қарайды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

831. **САЙРАМПАЗ** сын. *Сөйлеуік, сөзуар.* Оның үстіне бұл сайрампаздың аузын құмға толтыру пәлендей қиынға түспейтінін біледі (О.Сәрсенибаев, Сағым). Мұны сайрампаз Жатыпатар байқамады білем, Шаянға сүліктей қадалып отыр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

832. **САЙРАНШЫЛ** сын. *Ойын-сауыққа құмар, сауыққой.* Ол көбіне-көп қасындағы сайраншыл әбжіл жігіттермен билеп көңіл көтереді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

833. **САЛ БӨКСЕ** *Оңайшылықпен қозғалмайтын, тез қимылдай қоймайтын; сылбыр*. Олардың ойынша бұлардың алдындағылар оқымаған, білмеген, сал бөксе, самарқау біреулер болған тәрізді («Қаз. әдеб.»). Сонда ғана торуылдап жатқан сал бөксе қасқырлар сүйретіле тұрып, жылысып кете бастады («Қаз. әдеб.»).

834. **САЛ СҮЙЕК** *Селқос, енжар, жалқау*. Жалқау бар ма жатаған, Жұрынбекке тең келер? Сал сүйек, – деп атаған сол себепті жеңгелер (С.Сейітов, Жаңғырық).

835. **САЛАҚ** сын. 1. *Кір, лас*. Көрді ме енді көзің кеткендігін, Замана өз жұмысын еткендігін. Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты, Көндіріп кедейлікке жеткендігін? (М.Дулатов, Шығ.). Салақ әйел ауы да болар тесік, Қолын тығып қасуға оңай десіп. Тағдырда мандайыңа жазған болса, Табиғаттың ісіне амал нешік (Шал ақын, Өлеңд.). Айтпасымды айтқыздың, Аузыңды бақпай, келіншек! Шаруа десе – шалдуар, Салақ, олақ, еріншек (Дулат Бабатайұлы, Замана сазы). 2. *Шаруаға ыңғайы жоқ, қырсыз, құнтсыз, ұқыпсыз, еріншек.* Алар жерге келгенде Жан салмайды сыпылдап Бір парсы тым салақ Шаруаға сылпылдап (Бес ғасыр.). Олақтан салақ жаман (Мақал). Ақыл керек, іс керек, мінез керек, Ер ұялар іс қылмас қатын зерек. Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез, Жыртаң-жыртаң қызылдан шығады ерек (Абай, Тол. жин.). 3. *Жайбарақат, бейқам*. Көрді ме енді көзің кеткендігін, Замана өз жұмысын еткендігін. Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты, Көндіріп кедейлікке жеткендігін? (М.Дулатов, Шығ.). «Мылтық сақтау әдетім, салақ жүрмей, Бұл үйге кірдім аю барын білмей. Мазағың ба, жоқ мені сынадың ба, Неге алдадың кір-кір деп, түк білгізбей? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Соңғы кезде қосшы ұйымының қызметкерлері айлықтарын ала алмаған соң, қызметке де салақ болып кетті (А.Байтұрсынов, Шығ.).

836. **САЛАҚТАУ** сын. 1. *Ұқыпсыздау, шаруаға қыры жоқтау*. Салақтау кейбір сенің мамандарың (Айтыс). 2. *Шорқақтау, епсіз.* Есепке менің салақтау екенімді, сондықтан балалардың соңына таман шығатынымды ол жақсы білетін еді (Д.Исабеков, Тіршілік).

837. **САЛДАҚ** *Екі сөзді, екіжүзді болды*. Расында Сүлеймен партияда ел аларлық, дүние шашарлық, салдақ боларлық кісі емес, біртоға, сыпайы, шаруақор адам еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

838. **САЛДАҚЫ** сын. *Қар, сайқал, жүзі қара.* Өңгей салдақы неме! Екеуіңді бірдей жерге қағып жіберейін бе (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір жетіден кейін жалпы жиналыс болғанда, Афанас Петрович айтты: Жолдастар! Бір сұмдық бар, сұмдық! Мынау салдақы қазақ қатын екі баланы тең емізбейді екен (М.Жұмабаев, Шығ.). Деді де жетіп барды Айсұлуға: «Бай керек пе салдақы сендей қуға!» Жұлқылап бүркеншігін, ішке тепті, Ойнастан дайынсың деп ұл табуға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

839. **САЛДАМАН** 1. сын. жерг. *Салдақы, жезөкше.* Ойбай-ау! Менің күйеуім ше? Ол енді менің маңыма жолар ма? Орыстан қалған салдаманды ол неғылсын? Тым болмаса бұзылмаған қаймағым, соған да бұйырмады-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.). 2. ауыс. *Арсыз, жеңілтек, абыройдан жұрдай.* «Ағалар, осындайда ойна да күл», – деген үкілі Айша сияқтылардың жалғыз-жарым салдаман өлеңдері болмаса, жалпы әйелдердің өлеңі, көбіне теңіне тие алмағанын, малға, шалға сатылғанын, қорлық көргенін, оң жақтағы дәуренін, тым болмаса бір жылша ұзатпай тұруын жырлаған, сұраған, еріксіз, көріксіз өксіген өмірлерін суреттеген мұң-зарлы, қайғы, шерлі еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Түтін аңдып жүретін, өлеңінде бес тиындық құн қалмаған салдаман әншілер де келді (Ж.Аймауытов,

Ақ білек). Әнші пәлен дәріпті емес. Шілдеханада айтатын салдаман өлеңдер мен әр әннің басын шатып, соғып отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

840. **САЛМОЙЫН** сын. *Өркөкірек, өте тәкаппар, топастау адам; тоңмойын.* Бір салмойын сал келер, Омырауы дал келер. Бақайынан келмес-ақ, Өзінен басқа пенделер (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

841. **САНАСЫ ЖОҚ САБАЗ** *Есер.* Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр, Тізесін не момынға батырып жүр. Алдында аңдап тұрған ақиқат жоқ, Сырын түйіп, сілесін қатырып жүр. Өзінікі жетпей ме тәуба қылса, Ит болып нәпсіге еріп шатылып жүр (Ә.Найманбаев, Шығ.).

842. **САРАҢ** сын. *Біреуге бірдеңе бере қоймайтын, қолы тар (адам).* Сұрағанда бермеген Сараң емей немене; Кісі ақысын көп жеген Арам емей немене (Бұқар жырау). Кеңшілікте жараспаған, Таршылықта бастырмайды маңайын, Сараң байдан сұрасаңыз ат майын, Бермес үшін айта берер жоқ жайын (Шешендік сөздер). Арасын ашып көрсетпесе де, Әдиб Ахмед адамды пендеден бөліп алады да, пендені пайдақор, сараң, дүниеқоңыздық сияқты жат қылық иесіне жатқызып, адамды қайырымдылық, жомарттық, адамгершілік, ақылдылықпен теңейді (Қаз. дала. ойшыл.). Әдиб Ахмедтің де, Абайдың да ұғымында – пенде біреуге бірдеңесін тегін бермейтінметін – сараң. Оның табатыны да, мақтанышымы да – малы (Қаз. дала. ойшыл.). Қас екеніңді қабағыңнан танимын, сараң екеніңді табағыңнан танимын (Мақал). Мырза менен сараңды Өлшестіріп қарасаң Ылди мен зәулім асқардай. Ғалым менен наданды Салыстырсаң білерсің Дария шіреп тасқандай (Базар жырау, Шығ.).

843. **САРАҢДАУ** 1. сын. *Сараңдығы бар, қолы тарлау, қытымырлау.* Құланбайдың ұнамайтын бір мінезі – сараңдау. Құлаңасқаға шөпті сығымдап, шымшып қана береді (М.Дүйсенов, Ант). Мұғалімімізі көңілі жайдары кездің өзінде де бағаға сараңдау болатын, енді ашу үстінде несіне бөгелсін «бірлікті» сытырлатты да тастады (К.Асанов, Сағыныш). 2. ауыс. *Жиі емес, сиректеу.* Сараңдау көтеріліп өскен жас егін елдің көзін бірден тартты (С.Бегалин, Ана қайраты).

844. **САРМОЙЫН** сын. *Жуан мойын, жалқау (адам).* Сармойын! Ер жетті ғой балаларың, Пәледен құдай сақтар бірер-жырым. Бұлардың күндіз-түні жанында бол, Жоқтатпай сорлылардың аналарын! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

845. **САРЫУАЙЫМШЫЛ** сын. *Уайымдай беретін, күйрек.* – Қайда барса алдынан «қорқыттың көрін» көретін бір сарыуайымшыл жанға неге шықтың? (І.Есенберлин, Қатерлі.). – Сен, бала, өзің бір сарыуайымшыл солқылдақ екенсің. Майданға түссең майыспа! Төзімді, тапқыр бол! (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

846. **САТҚЫН** сын. *Өзіне қымбат асыл құндылықтарды, өзін жақсы көретін адамдарын, т. с. дүниеге, жеке мүддесіне т.б. бола айырбастап кететін опасыз, арсыз.* Опасыз, сатқын кіл сымпыс, Кешегі достық, бүгін жау, Жаңылса жағын – жалт бұрыс, Тұрақсыз дүние – зырылдау (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ). – Достарыңды қалдырып, Сатқын болып келдің бе? Үміт жібін жандырып, Тірі қалам дедің бе? (Ж.Қашқынов, Соқпақ.). // *Сатқын адам.* Осындай кезде есі дұрыс адам сатқындардың армиясына бара ма (Т.Ахтанов, Боран). // *Отанының, елінің мүддесінен жеке басын жоғары қойған, ел-жұртын сол үшін сатып кеткен бейахлақ адам.* Шын мәнінде олар кім: сатқын ба, әлде қашқын ба, демократ па, ұлт азаттығының, тәуелсіздігінің күрескері ме? Иә, тарихшыларға ойлануға тура келеді (М.Қозыбаев, Өркениет және ұлт). Бір жағында советтік империя, сталиндік тоталитарлық режим, екінші жағынан – соғысып жатқан Отан. Бір жағында Қызыл Армияда тұтқын жоқ, тек сатқын деген директива, фашизмнің концлагерінен босанған совет солдаттары мен офицерлерін қуғындау (М.Қозыбаев, Өркениет және ұлт). 1916-ж. Ұлт-азаттық қозғалысы туралы Отандық тарихта көп жазылды. Бірақ, онда жарлы-жақыбайларды бастаушы, бай-молдалар, алаш зиялылары сатқын болып көрсетілді (М.Қозыбаев, Өркениет және ұлт).

847. **САТЫМСАҚ** сын. *Сатылған, сатқын, арсыз.* Сатымсақ ардан кешкен ар зан ақын болма, жуандарға қостаушы, құптаушы, қошаметші болма (М.Әуезов. Әр жыл.). Қарт ойындағысын ашық айтып тұр, соған қарағанда сатымсақ біреу емес, жай әншейін уайым шыл жандардың бірі болуы керек (Ж.Жұмақанов, Әлия). Драматургтер халықтық

интеллигенция мен сатымсақ интеллигенция арасындағы күресті осы Долгов, Әзімхан образдары арқылы бей нелейді (Р.Нұрғалиев, Трагедия.).

848. **САУДАЙЫ** сын. көне. *Алаңғасар, нақұрыс, есі ауған.* Екі тентек қосылса, саудайы болар, екі мақұл қосылса, таудай болар (Мақал). Қос жүйрік қатар тұрғанда қолының ұзын боларын, осыны саудайы баласының түсінбей, бекерге шай хысламданып жүргенін қатынының құлағына құя кейіген (Т.Әлімқұлов, Ақ боз ат). // *Әйел көрсе, есі ауып кеткен, аңғалақ адам.* Саудайы-ай сауды алмадың-ау сырқауды алып, Бір пәлеге жолықтың шырқау барып, Ала жаздай көгалды бір кермедің Сары жұртқа қондың ба ірге аударып? (Абай, Шығ. жин.).

849. **САУЫҚҚҰМАР** сын. *Сауықшыл, думан-тойды жақсы көретін, тамашашыл.* Қыр елі қызық халық сауыққұмар. Даусын-ай, қандай ашық, қандай мығым? Әйтеуір сиқырлы әуез арбайды мың. Әлдидеп әннің пірі алса солай, Мұндай да қақпай қалар таңдайды кім? (Т.Сәдуақасов, Өлеңд.).

850. **САУЫҚ-САЙРАНШЫЛ** сын. *Ойын-күлкі, той-думанды ұнататын, тамашашыл*. Жаңағы Жапекең ақсақал кезінде өнерлі сауық-сайраншыл адам болған еді (Бал дәурен).

851. **САУЫҚШЫЛ** сын. *Той-думаншыл, қызыққұмар, тамашашыл.* Ашық көңілді, сауықшыл ел-жұрттың баласы да сауықшыл ер болмақ, Діндар елдің баласы діндар келеді. (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мырзалар, аң құмарлар су жағалап қаршыға салып, сауықшыл жастар ауыл сыртында күресіп жүр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қазақтардың сауықшыл халық екенін, әсіресе, ән мен күйге өте құштар екенін ориенталист ғалымдар ертеден байқаған-ды (І.Омаров, Серпін). Сол күлкі шықпаса жарылып, Кең дүние кетпей ме тарылып. Кей-кейде сауықшыл боламын, Өскен соң шаттыккк зарығып (К. Салықов, Жезкиік.). Алатау, туып өстім алабында, Жетісу желі жұпар самалында, Атанып әнші-ақын еркеледім, Сауықшыл қырғызы мен қазағына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

852. **САХАУАТСЫЗ** сын. *Ашкөз, қызғаншақ.* Пайғамбарлар шағында Әлек қылған Құдайым Сахауатсыз байларды. Сыналар күнің алдында Таңда маһшар күнінде Жұрт жиналған той бар-ды (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

853. **САЯСАТҚҰМАР** сын. *Бәрін саясатқа айналдыратын, айлакер.* Шыныңда да «саясатшы» деген атау орысшасы сияқты шынайы саясат адамын бейнелейтін болса, саясатқұмар деген сөз ақыл-парасаты төмен, пайымы таяз бірақ пысықсынған белсенді адамның кейпін білдіреді, ал «саяси» деген сөз өзінің тұпнұсқасы сияқты анықтауыш қызметін атқарады (Қ.Сағындықов).

854. **САЯСАТШЫЛ** сын. *Нені де болса саясатқа бұрғыш, саясат жөнінде көп айтқыш.* – Жарайды қойшы әрі, басты қатырмай, саған ерем деп мен де саясатшыл боп барамын (А.Шамкенов, Табамын.). Бұлардың үлкен-кішісінің бәрінің әлдеріне қарамай, саясатшыл ы н а й деген ой келген мұны естігенде (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Берердей сау адамға ақыл-дәрі, Бір айтқыр талай әнтек тақылдады. Әрине, саясатшыл сумақайды Түлкілер «төрге шық» деп мақұлдады (К. Салықов, Жезкиік).

855. **СӘЙКІ** сын. *Кербез, сылқым, әсемпаз.* Ішінде емес, бар қызығы сыртында,– Деді біреу күлкі үйіліп мұртында. Сыртқа қарай жапырыла жөнелдік, Жедел басып сәйкілерде, сылқым да (С. Жиенбаев, Алтын қалам.).

856. **СӘНҚОЙ** сын. *Жылтыраған әдемілікті ұнататын әсем құмар.* Кеңірдегін сорайтып, кеудесі ашық, Осы емес пе орынсыз сәнқой деген. Ойлашы, осы ақылға жараса ма, Емес пе ержетпеген бала-шаға? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Маржан қырықтарға келіп қалса да, өзін әлі жаспын деп сезінетін желөкпе, сәнқой әйел еді (М.Иманжанов, Көк белес). Өмірбек дейтін сәнқой милионер жігіт бір күні біздің ауылдың үстінен өтіп бара жатып Бибігүлді кездестіреді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Бір жігіттей қайрат-күші бар, өзін сәнқой, кербез санайтын Жұмабекті қыздар түгіл, жігіттер де жақтырмайды (Ә.Әлішев, Батыр.).

857. **СӘНҚҰМАР** сын. *Сәнді киінгенді жақсы көретін, сән қуатын.* Кешке еліміздің зиялы қауым өкілдері, сәнқұмар қауым жиналды. Сән кешінде “Ерке-Нұр” сән компаниясы жаңа коллекцияларымен қоса, сәнқой қауымға бұрыннан таныс коллекцияларын көрермен назарына ұсынды («Түркістан»).

858. **СӘНШІЛ** сын. *Жылтыраған жаны құмар, сәнқой*. «Сәнқой» сөзі «әдемілікке әуес, сән қуғыш» деген мағыналарды білдіретінін, оның «сылаң, сәншіл, әсемпаз» сияқты синонимдері барлығын ескерсек, бұл атаудың осы ательенің атын шығарып емес, қайта беделін түсіріп тұрғанын да аңғаруға болады («Сарыарқа самалы»).

859. **СЕЗІМСІЗ** сын. *Қайырымсыз, мейірімсіз, енжар.* Жүрексіз, жансыз, суық тас, Отты, суды жуытпас. Мейлің жыла, мейлің күл, Сезімсіз жүрек сыр ұқпас (М.Хакімжанова, Таңд.). Сезімсіз әйел – иіссіз гүл. (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тасжүрек, ойсыз адам. Демеймін мен бәрінің де рухы – жетім, құны – кем, Серімін селкілдеген сезімсізден түңілем («Рахмет самалы»).

860. **СЕНІМСІЗ** сын. *Опасыз, тұрақсыз, тұрлаусыз.* – Мені сенімсіз адам деп, қорқатын болсаңыз, өз жөніме кете берейін (С.Омаров, Өмір.). Дұшпан көп, достымыз аз, халық сенімсіз, я, алла, тура жолға өзің баста! (М.Дулатов, Шығ.). Демейік қойлардың да ішін аппақ, Оңай ма Арыстаннан алу ақтап? Шыққан соң сенімсіз боп, бұл қойларды Ал енді Арыстанға қалай бақбақ?! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ұрыны сенімсіз көріп, қашып кетеді деп, аяғына кісен салушы еді (М.Әуезов, Қараш-қараш.).

861. **СЕСКЕНГІШ** сын. *Сескене беретін, тіксініп қалғыш.* Сезікті адамның сескенгіш келетін әдеті ғой (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

862. **СЕСКЕНШЕК** сын. *Жасқаншақ, қорқақ*. Дененің қайда сүйек- буындары, Көзді ашып-жұмғандай-ақ бұрылғаны. Созылып сағыздайын иілгенде, Жүрегі сескеншектің зуылдады (Д.Еркінбеков, Шығ.).

863. **СЕСКЕНШЕКТЕУ** сын. *Жүрексіздеу, қорқақтау.* Сескеншектеу бала.

864. **СЕСТІ** сын. *Түсі суық, сұсты.* Айлалы, епті, салауат сесті, сегіз қырлы, бір сырлы бопты (К.Әзірбаев, Аңыздар сыры.). Сесті адамды әркім артық пір санар, Дертті жандар өз тағдырын пір санар (Ғ.Орманов, Сәт сапары.). Осы бір кезде ол Балықбай көзіне айбынды, сесті көрінді (С.Бақбергенов, Адам.). Ол состиған түрімен сесті көрініп кетті (А.Байтанаев, Қайнар.).

865. **СИПАҚШЫЛ** сын. *Сипақтап қалған, өз шешімі жоқ, батылсыз.* Сылбыр редактор сипақшыл келеді, Сылдыр редактор с и пақ шыл келеді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

866. **СИЫР МІНЕЗ** *Сүйкімсіз қылық (көрінген нәрсеге орынсыз соқтыққанда айтылады).* Ағаштық ісімізді білмедік пе? Көңілін бұл нәрседен кірледік пе? Сықылды сиыр мінез жаман елміз, Орданың бір жерінесүйкендік пе? (І.Жансүгіров, Шығ.).

867. **СИЫР ТЕКТЕС** *Жөн сөйлемейтін, қисық, қыңыр.* Өзі сиыр тектес, бір жан, жөнмен жүргенін көрген емеспін (А.Тоқмағамбетов, фр.).

868. **СОҒЫСҚҰМАР** сын. *Соғыс ашуға дайын тұратын, соғысты тілейтін.* Соғысқұмарлардың бүкіл әлемдік қырғынды бастауға батылдары бармайды (М.Мағауин, Көк мұнар). Әкесі Ұлы жүздің Аққойлы деген атасынан еді, соғысқұмар, қаны бұзық боп өсті (Ж.Тілеков, Хинган асу.). Ойрандалмаған ордаң бар, Солар үшін, Алдыңа тостым нанымды, Соғысқұмарларды құртыңдар (Е.Ибраһим, Жас.).

869. **СОДЫРЛАУ** сын. *Мінезі сотқарлау, бұзақылау*. Тұмарбай ұр да жық, содырлау жан болғанымен, сөз мәнін түсініп, астарын сезе қояды (Қ.Исабаев, Айқыз). Менің осы інім содырлау болып өсіп келеді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

870. **СОДЫРЛЫ** сын. *Бейбастақтығы, бұзақылығы бар.* Екі күнге созылған сесияда делегаттардың айрықша көңіл аударғаны бас секретарьдың содырлы әрекеттері жайлы болды (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Содырлы жау, сойқан жау, Сияқтанып Балқан тау, Ұйықтағанда түсімде, Үрейімді алған тау (М.Әлімбаев, Жүрек.).

871. **СОДЫР-СОЙҚАН** сын. *Бұзақы, лаң салғыш, бүлікшіл.* Мұның содыр-сойқан мінезіне қарай оны жұрт кейде содырбай дейтін де көрінеді (Ә.Қарағұлов, Шоқ ине). Бұрынғы шығармаларында зиянкес, содыр-сойқан атқамінер тобының іс-әрекетін әшкерелеп жырлағанда, Абай болыстарды жиі айтатын (М.Әуезов, Әр жыл.).

872. **СОДЫР-СОТҚАР** сын. *Бұзақы, тентек, төбелескіш.* Оның бер жағында, қала мен далаға кезек жортатын ұры-қары, содыр-сотқар, бұзақылар да мұны ықтап жүреді (К.Оразалин, Абай.). Біреу содыр-сотқар көрсе, біреулер оны ұры деп, ішінен сенімсізденіп

тұратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қыр соңынан қалмайтын содыр-сотқар Мырзалы мен Көшек сойылдарын сүйретіп жүр (Б.Тәжібаев, Қара торғай).

873. **СОЙҚАНДЫ** сын. *Сойқаны мол, бүлік салғыш, лаңды*. Сойқанды содырлардың сойылы қанды көбігін шығарып, діңкесін құртқан Тобықтың көк биесі әбден зорықты (З.Жәкенов, Таң самалы). Қаңқайып, қала тағы қалды қаңырап, Жалт беріп шыға келді тағдыр аунап, Шашылды нәлет соққан сойқанды топ, Жолшыбай бір-бірінің жанын жаулап (Ғ.Қайырбеков, Большевик.).

874. **СОЙҚАНШЫЛ** сын. *Бүлік салуға әуес, лаңшыл*. Ақтар уақытша басып алған аудандарды сойқаншыл алашорда отрядтарының жан түршігерлік айуандығы суреттеледі (Д.Еркінбеков, Шығ.).

875. **СОҚТЫҚҚЫШ** сын. *Әр нәрсеге соқтығатын, жанжалқой.* Соқтыққыш жуандар, содырлы сайқалдар кімге көкірек керсін (М.Әуезов, Абай). – Әй, бет-аузын күрт тескен жапырақтай боп, ілбиіп өлейін деп жүріп, өзің соқтыққыш біреу екенсің ғой, – депті Әміре жекіріп (С.Мұқанов, Есею жыл.).

876. **СОҚТЫҚПА** сын. *Әр нәрсеге тиіскіш, ұрыншақ.* Бұл училище дегеніңде де ауылдың сүзеген бұқаларына ұқсаған соқтықпа жігіттер көп болады екен (Х.Рахимов, Сеңгір.). Пән жүйесімен оқытқанда, пәндер жеке-жеке өз жолымен жүретін, бірінің арбасына бірі соқтықпайтын, ең ұстатқанда аз-маз жарыса үзеңгі қағыса оқылатын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

877. **СОҚТЫҚПАЛЫ** сын. *Соқтыққыш, ұрынғыш*. Роман әзілқой, көңілді, күйедей соқтықпалы жігіт (Б.Тілегенов, Аққайнар). Көпшілік арасында басқаға реніш туғызатын, соқтықпалы сөз айту ұят болады («Мәдениет және тұрмыс»).

878. **СОҚЫРЛАУ** сын. *Көп аңғара бермейтін, сұңғыла емес.* – Мұның өзі бір кісіден басқаны көрмейтін соқырлау, – деді Зайкүл жұртты тағы да күлдіріп (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

879. **СОТАНАҚ** сын. *Азырақ сотқарлығы бар, тентек.* Махаббат емес сотанақ, Сотанақ болса, сол – қайғы. Ұятты болсын махаббат, Ұятсыз болса, болмайды! (М.Мақатаев, Шығ.). Нұрбапа сабақ үстінде мазасыз. Әсіресе, өзінің туған әкпесі Күлайшаның сабағында сотанақ (Ш.Құмарова, Қазбауыр.). – Шешейау, әлгі сотанақтар кімдер екен? (А. Хангелдин, Қараторғай). Қыдыр тұқымының сотанағы Сүгір салған ылаң жұртты қатты қозғап, абыржытып кетті (А.Тоқпанов, Бүгін.).

880. **СОТҚАР** сын. *Бұзақы мінезі бар, содыр, шектен шыққан тентек.* «Шын айтып, шын жыласам, әкем тоқтар, Болса да қанша залым, қанша сотқар. Аямай, ықтиярсыз бермек болса, Уәдем сол, не қылсаң, мені құтқар» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Баланың сотқар, тентек болуы өзіне лайық іс таппай іші пысқандықтан. Іші пысқан сон әр нәрсеге тиісіп, бүлдіре береді. (М.Жұмабаев, Шығ.). Өзі нағыз жынды, сотқар қу болатын (Р.Райымқұлов, Бұрылыс). Кебек бұрынғыдай емес, сотқар, озбыр билерге лағнат айтады (А. Тоқпанов, Бүгін.).

881. **СОТҚАРЛАУ** сын. *Сотанақтау, тентектеу.* Нүсіпбай дейтін сотқарлау жуан білек бір баламен жанжалдасып қалдым (Б. Соқпақбаев, Өлгендер.). Парықсыз, сотқарлау балада болатын әдетке басты ол (М.Иманжанов, Адам.).

882. **СӨЗГЕ [ӘҢГІМЕГЕ, ТІЛГЕ] САРАҢ** *Көп сөйлемейтін, аз сөзді.* Бұрын да өзі аз сөйлеп, өзгені көп тыңдайтын Иванов бүгін айрықша сөзге сараң, сырға тұйық еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Күлшахан да бірсыдырғы тәуір қыз, Сөзге сараң, мінезі де ауыр қыз. Бәріміз де желінбейтін алмамыз, Бәріміз де бөлінбейтін ауылмыз (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Ол берілген әмірді екі етпей түгел тындыратын, сөзге сараң жігіт еді (Т.Ахтанов, Дала.). Топта болмаса, жеке адаммен кездесуге сөзге сараң, көбінесе өзі сөйлегеннен гөрі басқаны тыңдауға құмар болатын (Д.Әбілев, Арман.). Әкелер қан майданға ерте кетіп, Балалық жіберген жоқ еркелетіп. Үйрендік іске обыр, тілге сараң, Мың ойлап айтар сөзді келтелетіп (К.Салықов, Жезкиік.).

883. **СӨЗГЕ ҮЙІР** *Сөзқұмар, сөзшең, әңгімеқұмар.* Жас басымен сөзге үйір қысыр, кексе, Жоқ беделін ант етіп түсірмеске. ...Шала өлеңші, бар болғыр, шала сыншы, Шауып алғын мені енді күшін жетсе (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

884. **СӨЗУАРЛАУ** сын. *Көп сөйлегіштеу, шешенсымақтау, тілмарлау.* Бәт жеңілтектеу, сөзуарлау адам (С. Мұқанов, Есею жыл.). Боташ деген сөзуарлау, мылжың шал (С.Жүнісов, Жапанда.).

885. **СУ ЖҮРЕК** *Қорқақ, батылсыз.* Құбыжық бар десе, қорыққан баладай, Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы (М.Дулатов, Шығ.) Бөки келеді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян. Мұндай сөздерді, ертегілерді, әңгімелерді естіп өскен бала өмір бойы су жүрек, корқақ болады (М.Жұмабаев, Шығ.). Мына кісі мені табансыз, су жүрек деп ойлап қалмаса не қылсын?! (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.).

886. **СУАЙТТАУ** сын. *Аздаған өтірігі бар,жалған сөйлегіштеу*. Асылға тартқан ба, аздап суайттау (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн). Аңшылар суайттау келеді демексіз ғой (Ә. Сәрсенбаев, Батыр.).

887. **СУАЯҚ** сын. жерг. *Алаяқ, қу*. Ылғи осындай куды-кетті дау-дамайда куәлікке жүретін су аяқ көсесаулай жөнелді (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

888. **СУЖҰҚПАС** сын. *Барып тұрған алаяқ, жылпос, суайт, мүттәйім.* Жалпы бұлардың тұ- қымы, сужұқпас, баянсыз, ысқаяқ ретінде екі болыс елге түгел мәлім-ді («Қаз. әдеб.»). Қымс етсе шабатын, Қарсақтың ізін табатын, Қадыр, Шуыт, Жайнағы Сужұқпас қу қайдағы (Манас).

889. **СУЖҰҚТЫРМАС** сын. *Алаяқ, суайт.* Нағыз сужұқтырмас жігіт екен (Ауызекі).

890. **СУЖҰҚТЫРМАС ШЕШЕН** *Ділмар, сөзден мүдірмейтін*. Сұм жалған келді кезі кеселденген, Естіні туды заман есер жеңген. Барады кей қаламгер желе жортып, Қу жылпос, су жұқтырмас шешендермен (К.Салықов, Жезкиік).

891. **СУЖҮРЕК** сын. *Батыл емес, қорқақ.* Құбыжық бар десе, қорыққан баладай, Сужүрек боп сорлы қазақ бұғулы (М.Дулатов, Шығ.) Бөки келеді, жалмауыз кемпір келеді, пері, жын шайтан, албасты, обыр келеді деген сықылды сөздермен баланы қорқыту қып-қызыл зиян. Мұндай сөздерді, ертегілерді, әңгімелерді естіп өскенбала өмір бойы сужүрек, корқақ болады (М.Жұмабаев, Шығ.).

892. **СУҚИТ** сын. сөйл. *Суайт.* Ел емес пе ішінде, Суайт небір суқит бар. Көрмесе де түсінде, Өсекпен сырттан сылқитар (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). – Айтқанды орындамайтын бізді бір суқит деп ойлайсыз ба? (Б.Қыдырбекұлы, Шойын-құлақ).

893. **СҰМ** сын. 1. *Залым, қу, жексұрын.* Бұл аса сұм бала, қулығы біздің әр жағымызда (Ж. Аймауытов, Шығ.). Шынында, Құнанбай бірыңғай жар соғар озбыр да емес, жылмақай қу да емес, пасық сұм да емес (М. Қаратаев, Далада.). Алдауыш, ел бүлдіргіш құрыса сұмдар. Қараңғы ел арамзадан тыным табар (С. Торайғыров, Таңд. шығ.). 2. *Қан ішер, қатыгез, жауыз.* Сондықтан бір тексеру болмай қоймас, Мұнымды әділетпен ойла да шеш! Егер құдай барлығы анық болса, Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба? Тән арып,тамырда қан қалмадың ба? Жалған үшін жан қиып, жапа шектім, Еңбегім, екі болып, жанбадың ба? (М.Жұмабаев, Шығ.).

894. **СҰМҚАЙ** сын. *Жексұрын, сұм; жаман.* Кейбір кесір жандар әркезек әр түрлі сұмқай мінездер көрсетіп қап жүрді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ісі уақтық, іші тарлық сияқты жағымсыз қылықты адамдар, көбіне жәдігөй де сұмқай келеді (3. Қабдолов, Өмір).

895. **СҰМПАЙЫ** сын. *Сұмырай, жексұрын, сүйкімсіз*. Бәрімізге ортақ қызмет етіп жүрген «Атсыз» журналының бейтарап беттерінен сұмпайының сұр жебесін атып отырсыз (М. Шоқай, Таңд.). Екі жасқа өшіккен бір сұмпайы жандар қыз жаққан отты өшіріп тастап, аралды таба алмай шаршаған жігіт суға кетіп өледі (І.Омаров, Шабыт). – Балажаным-ау, жұртта қалған тазыдай әлгі бір сұмпайы кім, ноғай ма өзі, шүршіт пе (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз). Күлгеннен танауына өткізген жіңішке ұзын зәресі селкілдеп, билеп, түрін бұрынғыдан бетер сұмпайы қып жіберді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

896. **СҰРАНБАҚ** сын. *Үнемі сұрана беретін, сұраншақ.* Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан, Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан. Абай кетсе, осы елде кім қалады, Не табамыз наданнан сұранбақтан? (Ш. Құдайбердиев. Шығ.)

897. **СҰРАНШАҚ** сын. *Үнемі сұрана бергіш, тілемсек*. Ұлпан сұраншақтардың соншама көптігіне ыза болып, кейде Есенейдің бар байлығын таратып бергісі де келеді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Сөзіне естіген жан болсын құмар, Көңіліне тоқып, бойына қылсын тұмар. Түртіншек сұраншақ боп пайда іздесе, Ақындық қайыршыдай кімге ұнар (Қ.Тәкежанов, Қария.). Пай-пай-пай-ай! Осы молда-екеннің сұраншағы-ай! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

898. **СҰРҚИЯ** сын. *Оңбаған, залым, сұмырай.* Қазақтан қалмай партия, Көбейді сұм мен сұрқия, Келген жастар ел тия, Қабыл алып өсек сөз (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сұрқия тілін жалдайды, Момын мен аңқауды алдайды. Қанды қақпан бар құрған, Түсірер болса қандайды. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Салдың жара кеудеге сұрқия жау, Кетпес естен қан қырғын, талау-тонау: Сенің арам сүйегің шірігенше Біздің ауыр жарамыз жазылар-ау (Қ. Аманжолов, Шығ. жин.).

899. **СҰСТЫ** сын. *Түсі суық, зілді, қаһарлы.* Молданың қабағы тым түксиіп, қарауытқан өңі кешегісінен де сұсты сияқтанды («Қаз. әдеб.»). Самайына ақ кірген толқынды қою шашы сұсты түріне қара галстукті қардай аппақ, көйлегімен, көмірдей қара тройка костюмі қалай келіскен десеңдерші (І. Есенберлин, Алтын құс).

900. **СҰСТЫЛАУ** сын. *Түсі суықтау; зілділеу, қатулау*. Мыңжасар бұрын көкесі соғып әкелген өлі қасқырды көргені болмаса, тірісін көріп отырғаны осы, Арлан сұстылау көрінді оған (Фермаға кел.). Жүрекбайдың дауысы сұстылау шыққандықтан да, Түлкібек абыржып қалды (Т. Нұрмағанбетов, Қарлығаш.).

901. **СҮЙЕГІ БОС** *Жасық, болбыр.* Өз қайны Әлібайдың алысырақ, Шамасы сексен шақырым, емес жырақ. Жәмила – қалыңдығы жиырма жаста, Сүйегі бос, бет-аузы тәуір-сымақ (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

902. **СҮЙЕК БЕРМЕС** *Қомағай, обыр, сараң.* Оларша – жердің белі, таудың құзы, Ата ұлы арыстандай кер ауызды. Біздіңше хат білмейтін бір қатты шал Жуан ит сүйек бермес жалмауызы (І.Жансүгіров, Шығ.).

903. **СҮМЕЛЕК** сын. *Еңбекті сүймейтін жалқау; жексұрын, жек көрініштi адам.* – Әй Қатай, Бөпіш қалада біреуге жалданып жүр деген, ол да біздің ауылдың сүмелегі (С.Жүнісов, Өшп. із.). Пайдағұлға үнемі айтып жүретін өсек-лайсаңы есіне түсіп, «жылмаңдауын қарашы, сүмелектің, өзі күлгенмен көзі күлмейді екен!» – деп ойлады ол (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). – Мына отырған сүмелек, қолымдағы екі баланың әкесі еді (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

904. **СҮМЕЛЕКТЕЙ** сын. *Сүмелек тәрізді.* Сағыздай созылып, сүмелектей шұбатылып өтпей қойған күндер артта қалған соң-ақ құмырсқа адымға айналады екен (Д.Исабеков, Тіршілік).

905. **СҮМЕЛЕКТЕУ** сын. *Шаруаға қыры жоқ, жұқсыздау.* Оның үстіне өз әкесі өлгеннен кейін, шешесіне үйленген қайнағасы да бір сүмелектеу кісі еді, ақыр сол шаруасын шалқайта берді, шалқайта берді («Қаз. әдеб.»).

906. **СЫҒЫРДАҢ** сын. сөйл. *Қатаң, қытымыр.* Университеттің профессоры Джорж Бейкер сығырдаң, өзімшіл, ақсүйек адам (Т.Әбдіков, Күзгі.).

907. **СЫҒЫРДАҢДАУ** сын. *Қатаңдау, қытымырлау.* – Өзі сығырдаңдау жігіт еді, бере қойға жақсы ғой, – деп ойлап қояды құмар (А.Нұрманов, Аққу.).

908. **СЫЙЫМСЫЗ** сын. 1. *Жүрген жеріне, ортаға сыйы жоқ, қадір-қасиеттен, құрметтен жұрдай.* Осында істейді деп естігенмін. Бірақ өзі коллективке сыйымсыз дейтін (А.Шамкенов, Толқын.). Кәкімбек бұны әрі-беріден соң «сыйымсыз біреу екен» деуі де мүмкін (А.Жақсыбаев, Егес). 2. І*стеген іс-қылығы ұнамсыз, оғаш, келіссіз, жарасымсыз, лайықсыз.* Сен де ойланбай, сыйымсыз бір нәрсені айта саласың-ау, – деп Сәтжан Жанайдың ойланбай айтқанын дәлелдеді (С.Бегалин, Таңд.). – Рахмет, қарағым. Қол жетпегендіктен емес, шариғат жолына сыйымсыз болғандықтан, атам оған тыйым

салды (А.Ханкелдин, Қара торғай). Кешірген өмірінің, жазған өлеңінің, ретсіз болып, яки ғибрат алмаққа жарамайтындығын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат, әурешілік пен бойды ыза кернеп, өткен қатам болса аяп, аз сөзге көріңдер, деп жазғаны – Өлсем орным қара жер сыз болмай ма...” (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сенің әке-шешең әдет-ғұрыпқа сүйеніп, сені сүймеген адамға берем деуі, адамшылыққа да, әділшілікке де, жолға да сыйымсыз (М.Дулатов, Шығ.). Бұралқылар сандалды, Жуандарға сыя алмай. Сыйымсыз болды алашқа, Барамтасын тыя алмай. 3. ауыс. *Есепсіз, қисапсыз, мөлшерсіз.* Қайта-қайта директор есебіне деп жаза берсем, әрі сыйымсыз көп, оның үстіне есепсіз дүние бар ма, бастан асыш жететін (С.Бегалин, Уақыт.).

909. **СЫҚАҚҚОЙ** сын. *Қуақы тілді, қалжыңшыл, әзілқой, мысқылшыл.* Қазақта: «ойыншы, күлдіргі, қу, мысқылшыл, сықаққой, қылжақ» аталатындардың бәрі де табиғатында артист болып туғандар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бай күйеудің жолдасының ішінде әнші, күлдіргіш, сықаққой адамдар да болады (Ы. Алтынсарин, Танд. шығ.).

910. **СЫҚАҚШЫЛ** сын. *Біреуді сынап-мінеуге, келеке етуге бейім, ажуашыл, мысқылшыл*. Асқар, меніңше, ең сықақшыл ақын (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Хұсекең найза тілді, сықақшыл да кісі. Бірақ сыңақты тура айтпай, көп жағдайда астарлап, тұспалдап мақтамен бауыздайды («Лен. жас»), Малтекең сауықшыл, отырған жері күлкілі, сықақшыл, біреулерді келеке етуге жаны құмар адам еді («Қаз. әдеб.»).

911. **СЫҚАЯҚ** сын. жағымсыз. *Алаяқ.* Осы құрылтайда сықаяқ тілмаш Камал Ақрамов атамекеніміздегі мұғалімдердің жартысынан астамын «залалдыларға» жатқызды (М.Шоқай, Танд.).

912. **СЫЛДЫР БАҚАЙ** *Пәтуасыз, тұрақсыз (адам).* Сырыңның сылдыр бақай адамдары, Тұрмайды уәдеде табандары (Айтыс).

913. **СЫЛДЫР-СУАЙТ** сын. *Бос сөзді, өтірікші, алдамшы.* «Дейді екенді» лепіртіп, Тағы айтар кім болды екен? Сылдыр-суайт, сұғанақ Сұқты көзді молда екен (А.Тоқмағамбетов, Дария.).

914. **СЫЛТАУШЫЛ** сын. *Желеуі, айтатын себебі көп, уәжшіл*. Жалқау адам сылтаушыл, Жүре алмайды «ауырмай». Керіседі кей «актив», Біріне-бірі бағынбай (Қ. Жапсарбаев, Өлеңд.).

915. **СЫНАҒЫШ** сын. 1. *Кемшілікті мінегіш, шенегіш, сынға алғыш.* – Сыр сақтағыш, ел сынағыш, Берік жансып жүруші ем. Жұртты сөгіп: “Таңырқағыш Неткен жан!” деп күлуші ем. Бұл не ғажап өзгелерден Артық болды жұдызың! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл неғып Хам-зинді сынағыш боп кетті (Ш.Мұртазаев, Қара.). Өз басының міні көп, өзгені сынағыш келеді деген осы ма әлде! (Н.Қазыбеков, Шалғай.). 2. *Біреудің кемшілігін байқағыш, аңғарғыш, абайлағыш.* Сәруар сынағыш назармен қонағының тұла бойына бір көз жүгіртіп өтті (Б.Аманшин. Көкжар). Қыз бала өсе келе жігітке көз салғыш, сынағыш болады екен (Ә.Нәбиев, Шолпан). Әкесіндей бұлдағы Білмегенін сұрағыш; Ненің қалай тұрғанын Абайлағыш, сынағыш (С.Мұқанов, Замандас.).

916. **СЫНАМПАЗ** сын. *Сын айтқыш, сынағыш, мінегіш.* Мінез сұлулығынан гөрі, мін айтқыштар, сындарлы ойлардан гөрі, сынампаздар көп болды (К.Қазыбаев, Дәуір.). Ерқожаның қалжыңшыл, адамнан сөз тартуға құмар, сынампаз кісі екені көрініп отыр (Ғ.Сыланов, Домбыра.). Мал танығыш сынампаз кәриялар ентелеп, мойындарын соза қарасып, әр түрлі болжал айтысады (Б.Соқпақбаев, Қайдасың.).

917. **СЫНШЫЛ** сын. 1. *Біткен істі немесе біреуді сынағыш, мінегіш, оғаш істі байқағыш, көреген.* Асықпай, байыпты оқып бергеніне сыншыл да есті әжесоншалық разы болып, батасын берді (С.Бегалин, Шоқан.). Солдат қауымы сыншыл келеді. Командир туралы пікірін естіртіп айтпағанмен, іштеріне тізбектеп жүреді (Б.Момышұлы, Шығ.). Тегінде жай көрермен болғанмен, жұрт көзі байқағыш та сыншыл ғой (Жүлдегерлер).

918. **СЫПЫЛДАҚ** сын. *Көп сөйлейтін сөзшең, өсекшіл, беймаза,* Отырған жерін өсекпен өртейтін сыпылдақ әйелдер қара кемпірдің алдында аузын бағып сөйледі (А.Жақсыбаев,

Кайырлы таң). Кеше әлгі сыпылдақ келін келіп еді З.Түкіров, Жас жесір). Тайжанның қызы жасынан жеңілтек, шешесіне тартқан сыпылдақ (З.Шашкин, Сенім).

919. **СЫРДАН СЫҢАР АЯҚ ӨТКЕН** *Айлакер, амалы, көп, қу, алаяқ.* – Қандай Сырдан сыңар аяқ өткен алаяқтар еді. Қап! Тым құрымаса, қайда тұратынын да біліп алмаған екенсің (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Сырдан сыңар аяқ өткен қанша қу болғанымен, бұл жолы құтыла алмасын білген Үмбетияр не істеді деңіз (Б.Аманшин, Көкжар). Мынау бала Сырдан сыңар аяқ өтсе де үстінесу жұқтырмас сөз тауып кетті (З.Ақышев, Қызыл жалау).

920. **СЫРДАҢ** сын. 1. *Сараң, қатты, қолы тар.* Түзде – мырзаң, Үйде – сырдаң, Сөзі қылжаң еркесіп (Абай, Тол. жин.). Біреуге тоқты-торым беріп, кейде сырдаң бәйбішесандықтан шапан-шоқпыт әперер еді (М.Әуезов, Тол. жин.). 2. *Сырғақ, сырдақ, қашқалақ.* Түзде мырзаң, Үйде сырдаң, Сөзі қылжаң еркесіп (Абай, Тол. жин.). Ол аяқ астынан сырдаң мінез көрсетіп, тайсақтай бастады (Ауызекі).

921. **СЫРҚЫНДЫ** сын. *Қу, әккі, айлакер, жырынды, тіс қаққан*. Түлкі қартаң тартқан, сырқынды ашушаң екен (М.Әуезов, Абай). Ақбозды жігіт те талай қидаласуды басынан өткерген сырқынды болса керек, ер үстіне түзеліп отыра беріп, сойылын Барластың оң жақ самайына сақ еткізген (К.Сегізбаев, Беласқан). Сондықтан Тойшыдай сырқынды атбегілер кеше кештен бастап әр келген атақты бәйгелердің бабын байқасып, аңыстарын аңдысып, тыным таппаған (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Ораз «Сырқынды шал ірге аударыпты-ау» – деп келе жатыр (Т.Әлімқұлов, Шежіре).

922. **ТАБАНЫ ТАЙҒАҚ** *Ісіне, сөзіне берік емес, тұрақсыз.* Тайғақ болса табаның тантырамай шыныңды айт, Өзім берем есесін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Әй, табаныңыз тым тайғақ-ау, айтайын дегеніңізді де айта алмадыңыз (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Табаның тайғақ сен байғұс қара тер боп қайтесің (З.Жәкенов, Таң самалы).

923. **ТАБАШЫЛ** сын. *Табалағыш, күндегіш*. Жаман сопы тобашыл, Жаман адам табашыл (Мақал). Сол қуға, із аңдығыш, түсті месәт, Сөйлеп тұр сөз сабалап жарым сағат. Сондай бір табашыл дар аз болды ма? Сүрінсең масайраған санын сабап (Қ.Бекхожин, Үш кезең)

924. **ТАҒАТСЫЗ** сын. *Төзімнен, сабырдан айрылған; шыдамсыз.* Сұлтанмахмұт та сағатына қарап қойып, Мәликенің келер минутын тағатсыз күтуде еді (Д.Әбілев, Баянауыл.). Ардақты ағамен дидарласып қалғалы тағатсыз күтіп тұрған сол мектептің қалың оқушы жастары болатын (Е.Тұрысов, Құралай).

925. **ТАЙҚАЛАҚ** сын. *Сенімсіз, тұрақсыз*. Тайқалақтар қай жағына қосыларын білмей, екі жаққа кезек жүріп, екі топтың арасын жуырда жіктетпеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тайқалақ кісі көпке дейін толқып, жуырда ештеңеге табан тірей алмайды, кейде белгілі бір қорытындыға келе алмай, дағдарып қалады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

926. **ТАҚЫС** сын. *Қу, әккі, айлакер.* Құдайберген мырза отты өзгенің қолымен көп көсеп, игілігін өзі көріп үйренген тақыс (З.Жәкеков, Таң самалы). Ол зұлымдығына найза бойламайтын тақыс, ішінде несыр барын аңғартпайтын қу еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Тайсақ тақыс жасау керек қысыл таяңда» деген сөзі оралды нағашысының (С.Әбілқасымұлы, «Оспан батыр»).

927. **ТАҚЫСТАУ** сын. *Әккілеу, қулау, айлашыл.* Көпті көрген тақыстау, қулау біреуді әжемнің: «қуғынды көп көріп, құйрығы бурыл болған түлкі» деп отыратыны есімде бар (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

928. **ТАЛАПСЫЗ** сын. 1. *Ынтасыз, мақсатсыз.* Адам баласының ең жаманы – талапсыз (Абай, Таңд. шығ.).

929. **ТАЛАСҚЫШ** сын. *Төбелескіш, даукес, жанжалқой.* Жыныс бездерін алып таста са әрекеті күшті таласқыш әтеш сылбыр болып жуасиды (Адам анатом.). Таласқыш, қаныпезер, өздері кіп-кішкен тай қара құмырсқа бұлтық-бұлтық семіз (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Қазақтың қызметке таласқыш болатындығының, өздерінің жалқау болатындығының себебі не? (Абай, Тол. жин.).

930. **ТАНТЫҚ** сын. *Мыжып көп сөйлейтін, бос сөзге үйір, сөз соқты (адам).* «Көп жаман сөз естідім ол туралы, Тәкаппар, залым, тантық дейді халы. Үш мың сом жылға бермек жалуанасы, Барамын, біраз шыдап, соны алғалы» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл іспен

бойға мақтан кірді тантық, Әркімнің әлі бар деп алар андық. Жеңгеніміз желіктік желпеңқағып, Жеңілгенді жер болған атқа таңдық. Ортамыздан от жағыш, өрт шығардық, Көре тұра құтырып, күйіп-жандық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Байқошқар, Балқыбекке кеше барған, Барлыны жіберуге дайындаған. Дарақы, тантық өскен Ханым қатын «Оны алсаң, мен кетем» деп азап салған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Демеңіз әдебі жоқ неткен тантық, Айтамын жанбасын деп ерте қамтып. Тең емес бақайыңа біз бүйткенде, Сіздердің ғашықтығың жүз есе артық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Базарбай (бұлқынып). Түсіндіргенің бар болсын! Бу жерде ит қылған соң. Артық көріп тидің ғой, Ол қалталы болған соң. Жігіттігі несі артық? Ақынсынған бір тантық. Желеңдеген бір бәдік, Қатынын қайтпек ол аңғырт (Ж.Аймауытов, Шығ.). Суды көп кешсе, шалшық болады, сөзді көп сөйлесе, тантық болады (Қырғыз мақалы).

931. **ТАР МІНЕЗДІ** *Ашуланшақ, ұрыншақ.* Әшімтай алып-ұшпа ұрыншақ, тар мінезді (Ш. Құмарова, Қаз бауыр.).

932. **ТАРАҢ** сын. сөйл. тар. 1. *Сараң.* Қытымыр, пайда күнем, дастарқаны тараң жан болатын (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

933. **ТАРПАҢ** ауыс. *Шәлкес, тағы, оқыс (мінез)*. Тарпаң мінез теңізге сенесің бе?! Тау-тау толқын ырқына көнесің де. Тұңғиыққа сырғисың... Мүмкін емес Тұрып қалу толқынның төбесінде! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тарпаң ат түйені соғып жолдан құлатып жіберді (Б.Құсбегин, Зуқа батыр). Өтінем сенен ғафу асыл жарым, Көрсетпе тарпаң мінез тасынбағын. Сен менен от іздеме құрмет изде, Өртеніп жана-жана басылғамын (М.Мақатев, Шығ.).

934. **ТАРПАҢДАУ** ауыс. *Мінезі шәлкес, тентектеу.* Әлгінде көрдіңіздер ғой мінезі тарпаңдау, – деді ол артына жай бұрылып («Қаз. әдеб.»). Бір сәтте тарпаңдау сияқты боп та көрінді (Ө.Қанахин, Құдірет).

935. **ТАРТЫНШАҚ** 1. сын. *Жетекке жүрмейтін, көткеншек, шегіншек*. Басшылық қылып ұқтырса, тура жолға сілтесе, қазақ тартыншақ емес, елгезек халық қой (М.Дулатов, Шығ.). Білімі итіншек, халқы тартыншақ. Елдің ыңғайына көне берсең ілгері бастырмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жездем тартыншақ, асау маямды біраз ыңғайға көндіріп беріп кетті (Ө.Тұрманжанов, Адам.). 2. ауыс. *Жасқаншақ, именшек.* Өз басы ондай жанжалды сүймейтін Ербол мұндайда тартыншақ болушы еді (М.Әуезов, Абай жолы).

936. **ТАРЫНҒЫШ** сын. *Тарыншақ, кейігіш, ренжігіш*. Жасында жетімдік өмірдің тауқыметін көп тартып, жүйкесі жұқарып өскен адам тарынғыш, ашуланшақ болады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

937. **ТАРЫНШАҚ** сын. *Ішітар, қызғаншақ.* Жұбайың да есіттім, Таңдап тапқан еліңнен: Өзі қарау, тарыншақ, Қас Қарынбай делінген (Жамбыл, Шығ.). Татулық – жанға таяныш. Тынысың ол бір теңі жоқ, Тарыншақ күні – аяныш, Жалтаң көз, жалқы, серік жоқ (Г.Орманов, Жан.).

938. **ТАС КӨҢІЛ** *Бауырмалдығы жоқ, мейірімсіз*. Мінезі ауыр қыздың сабыры көп, Білмеймін қашанғыша жүрерін тең. Ол қыздың тас көңілін жұмсатпаққа, жігітке артық өнер керектісі (М.Сералин, Қанат.).

939. **ТАСБАУЫР** сын. *Мейірімсіз, қайырымсыз.* Өз қолымен отқа салған ата-анасына, аяу білмеген тасбауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған, намыссыз күң қылған мұндарларға қанды жас төгіп, лағынет айтады әйел... (М.Жұмабаев, Шығ.). Сонда Махамбет: Тасбауыр төрені қазаққа болысып, орысқа қарсы болды дегенге кісі нанар ма? – депті (Х.Досмұхамедұлы). Апталап-айлап таңдайын мейлі тас б ауыр шөлдер құрғатсын, Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік тіпті күн батсын. Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана – бауыр дүние, Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсың (Т.Айбергенов, Мен. ғашық.).

940. **ТАСЖҮРЕК** сын. *Қатал, мейірімсіз*. Мен ондай тасжүрек емеспін (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Мына жүрек, мына көз, мына баста, Ненің барын біледі мына қасқаң... Сезгіштігін білдіріп алам ба деп, Тасжүрегін жасырар қына басқан (М.Мақатаев, Шығ.). Көзім жетті. Ерітердей тасжүректі мұз қатқан, Отты, қайсар, қатал жігіт екенсің. Зор

әбестік болды, әрине, біз жақтан Сорлы досың өліп кетті, не етерсің? (М.Шаханов, Ғасырлар).

941. **ТАСТАН [ТАСТАЙ] ҚАТТЫ** 1. *Қатыгез, қатал*. Жауда қалса жолдасы, Мақтанады несіне ер?! Тастай қатты тағдырың Исатаймен шешілер. Айтып-айтпай немене Қор болды-ау, қайран есіл ер! (Махамбет). Арман қып жырламай ма махаббатты, Өзі ұзақ, тойдырмайтын болса тәтті. Жалғыз-ақ махаббатты танымайтын, Мейірімсіз жандар жоқ па тастан қатты (И.Байзақов, Құралай сұлу). 2. *Қолы тар, сараң*. – Ол тұқымның жайын білемін, Ұлы атасы Тасболат тастан да қатты кісі еді, тастан темір туған екен ғой, – деді (С.Омаров, Өмір асу.).

942. **ТАСЫРАҚ** сын. *Тасыр-тұсыр еткен, дөкір.* Бұл әдепкі мінез емес, алаң-жұлаң, тасырақ (Ж. Сәтібеков, Сырлы.).

943. **ТАУАНЫ ТАР** *Ашушаң.* Ей, Үмбет, Ақындықпен арындадың, жорғадай жолға түскен ағындадың, Ант ұрған әділ сөзге ыза болып, Тауаны тар адамдай тарынбағын (Жамбыл).

944. **ТӘЙТІК** сын. 1. *Бейбастақ, бетімен кеткен*. Мына тәйтік балаға тым болмаса тәйт демегені несі бұлардың (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Ағайын,–деді ол айналасына барлай қарап алып, – ағайын, рас ақыл сөзді дау деп ұғар, ағайынды жау деп ұғар бір тентегімнің, тентегім емес, тәйтігімнің аңдаусыз сілтеген шоқпары бір азаматты жазым етті (К.Сегізбаев, Беласқан). Ұзын сары кісі тәйтік сөздер сөйлеп кірді (М.Әуезов, Қараш.). Тәлімсіз, тәйтік болмасаң игі еді (К. Тоқаев, Тасқын). 2. *Ерке, бөспе, ұшқалақ.* Ол бір жүрген тәйтік адам, оның айтқанына сеніп алданып қалмаңдар (Сөйл.). Шолпан Маман байдың ерке қызы, Бірақ ол тәйтік ақылсыз емес («Қаз. әдеб.»). Тәтіктеп көрінгенге соқтығып, бостан бос көшеден қыдырып жүретінді шығарды (О.Бөкеев, Өз отыңды өшірме).

945. **ТӘКАППАР** сын. *Өркөкірек, менмен, паң*. Дүниелікке көңілі тоқ, Ағайынға бауырмал. Тәкәппар, жалған онда жоқ, Айнымас жүрек, күлкің бал (Абай, Тол. жин.). Елде көп бұл бидайдай адам деді, Тәкәппар оны халық жаман, – деді. Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді, балам, – деді. (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ауылға көлген соң тәкаппар Мешіт сұлу да Ақбозаттың мойнынан құшақтады (М.Жұмабаев, Шығ.). Тәкәппар сұлу менсінбей өте шықты қасымнан, ең болмаса көз қырын да тастамайды-ау! (З.Шашкин, Өмір.). Тілдескен зәулім шыңы аспанменен, Тәкәппар иілмейді қарап төмен, Мақтаны ұлы Кавказ қарт Қазбек Жалғыз–ақ сүйіседі күн төбеден (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Ер, көне тайпа дәстүрі оралса кері, Қасоқтың және қасоққа жоғалса-ау кегі. ...Тәңірің сенің көбейсін, тәкәппар елім, Алдымен сені жарылқар, сонан соң мені (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Жеңіс маған мәңгі берді қол ұшын, Бақыттымын, Тәкәппармын сол үшін. Оны ұғатын қайдан болсын от сенде Өкінбеймін қазір өліп кетсем де (М.Шаханов, Ғасыр.). // *Өзін басқадан артық көріп, кеудесін көтеріп, жағымсыз құлық көрсететін адам.* Тәкәппар болу – ақымақтықтың белгісі (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

946. **ТӘКАППАРЛАУ**сын. *Менмендеу, паңдау, өр көкіректеу.* Өңі салқын, төңірекке тыжырына қарайтын тәкәппарлау ма, қалай? (Т.Ахтанов, Дала сыры). Өзінің мінезі тым тік, тәкәппар лау ма екен? (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.). Тәкәппарлау, менмендеу көрінетін, сол көрінісі өзіне жарасып тұратын, ал шын мәнінде адамды сүйіп, адамды ұнатуда еш тәкаппарлық пен менмендігі жоқ Оралханның орны біздер үшін әрқашан бөлек («Жас Алаш»).

947. **ТӘЛПІШ** сын. жерг. *Ерке, шолжың, жеңілтек, ұшқалақ.* Бастығымыз тәлпіш теу адам еді, жақында орнынан түсті (Жерг. сөзд.). Ей, сен өзің тәлпіштен бей отыр (сөйл.). Қараш Тұраш дейтін тәлпіш балаға келді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Жасынан бұла өскен тәлпіш қыз күлбіл–төңді де білмейді (Б.Аманшин, Жар мұңы). Тәлпіш мінезімен жас балаша сөйлеп қалатын адуын сөздері сол қалпында әлі де құлағынан кетпейді (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

948. **ТӘРТІПСІЗ** сын. Т*әртібі жоқ, бетімен кеткен, жүгенсіз, тентек*.

949. **ТЕБІЗ** зат. көне. *Бұзық, қияңқы, тентек.* Ол тентегі мен тебізі, ұрысы мен қарысы дәл өздері екенін аңдаған-сиды, ұқпағансиды (М.Әуезов, Қараш.). Тайлақ айтты: «Жамағат ой

ойлаңыз, Тентек пенен тебізді бір қоймаңыз. Даусыз болып аттарың анық келсін, Әр ұрудан бір кісі ат айдаңыз» (Қозы Көрпеш.).

950. **ТЕЛПЕК** зат. стиль. кекесін. *Еркексымақ, ер мінезі жоқтар.* Талғамыңды әйгілей ме талабың, Көкейіңді сезіп тұрмын, қарағым! Айтқаныңнан шықпайтын, Меселіңді жықпайтын, Саған момын, жұп-жуас еркек керек, Жо-жоқ, еркек аты бар телпек керек (М.Шаханов, Ғасыр.).

951. **ТЕЛІЗ** сын. *Даңғаза, тентек*. Бірен-саран даңғой, тентек пен теліз қалың көпшілік бас қосқанда одағайланып, іштен міңгірлейді. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деген осы (Т.Әлімқұлов, Шежірелі сахара).

952. **ТЕЛІ-ТЕНТЕК** зат. *Есер, есуас, содыр-сотқар*. Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр, О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр. Қарсылық күнде қылған телі-тентек Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр (Абай, Тол. жин.). Қылышынан қан тамып, байтақ Сібірді тітіренткен Колчак телі-тентек, ұры-қары, қанішер қарақшыларды соңына ерткен баскесерлігінің үстіне патша самодержавиесіне, шовинистік идеяларға берілген, дүниеге қоғамға көзқарасы, концепциясы кәміл бекіген идеяның адамы (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Телі менен т е н текті Тию салып ел қылған. «Абысыным, Ақырғай, Көздің жасын көл қылған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қадамын қиған ер едім Телі-тентек бұзықтың. Ұзап кеттім алысқа, Көңілімді елден суыттым (О.Шипин, Дастан.).

953. **ТЕНТЕК** сын. 1. *Тәртіп бұзғыш, сотқар*. Тентегінің жазасын мойынға алсын, Егер оған көнбесе, дайындалсын. Қырылыспай бітпейміз тауысылғанша, Не Найман, не Тобықты бірі қалсын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып, Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып. Қайғы мен хәл мүшкілін білдіргенім – Ұйқыда жұрт жатқан соң ғафыл болып (М.Дулатов, Шығ.). Баланың сотқар, тентек болуы өзіне лайық іс таппай іші пысқандықтан. Іші пысқан соң әр нәрсеге тиісіп, бүлдіре береді (М.Жұмабаев, Шығ.). Затсыздан күтпе жақсылық Не айтарын білмейтін Шамасыз шалғай шарқыдан. Екі елі аузын жаппайды Айтқаны өсек балшылдан, Тентектің жайы белгілі Асау нардай тарпыған (Базар жырау, Шығ.). Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр, Іште жалын дерт болып шыға алмай жүр. Арақ ішкен, мас болған жұттың бәрі, Не пайда, незалалды біле алмай жүр (Абай, Тол. жин.). 2. ауыс. *Баланы жақсы көріп, мейірі түскенде айтылатын сөз.* – Ата, менің тентегімді маңдайынан сипай жүргейсіз, – деп, Шәкеңді қақпаға қарай шығарып салды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). – Қазір танауы пысылдап ұйықтап жатқан болар сары тентегім әжесінің бауырында, – дейді (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Әлде мені сағындыра түсейінші деп пе едің, Мұның қалай, тентегім-ау, тым хабарсыз кеткенің? (М.Шаханов, Қыран.). 3. *Теріс, қисық.* Жау қожаңдап бұртайып, Дос құбылып, әуре етер. Кімі тентек, кімде айып, Тексере алмай өмір өтер (Абай, Тол. жин.). Қалжыңы теріс, сөзі – ұрыс, Айтқан сөзге көнбейді. Өз тентегін көрмейді, Қазан бұзар бір қырыс (Абай, Тол. жин.).

954. **ТЕРІСАЗУ** сын. *Өзінше бір қырсық, қыңыр.* Мынау бір терісазу болмаса еді, – деді Олжабек ішінен (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Бұрын орталарынан Кеңгірбайдай терісазу мықты биі шыққан ел (М.Әуезов, Шығ.).

955. **ТЕТІР-ТЕНТЕК** зат. *Бұзық, тентек.* Мысалы, тасқын кезінде жұрттың мүлкін тонау басталған. Сондай тетір-тентекті тыюға ол қорқытатын әділ бұйрық берген (Б.Қыдырбекұлы, Маздаған шырақ).

956. **ТОЗАҚЫ** сын. *Содыр мінезді, сотқар, бұзақы*. Ерте шапқан жарыстан, Шулатып кешке озатын. Боз тұлпарды өлтірген Нығмет қандай тозақы (К.Әзірбаев, Шығ.).

957. **ТОҢ МІНЕЗ** *Дүңк етпе, бір беткей, қиқар.* Елдегі жемқор болыс, билердің бастығы болған Тезек төре ұрлық қылдырады, нашарға жәбірлік істейді, Тоң мінез, ұр да жық, елге жағымсыз болады (М. Әуезов, Әр жыл.). Керуен басы қайтып сөзге келмей, бойына біткен тоң мінезбен ішінен түйіліп, тез бұрылып кеткен-ді (Д. Досжанов, Жібек.). Дегені болмаса, дес бермейтін бір беттілігіңесалып көрмейсің бе?! – деп тоң мінез танытып қалды («Лен. жас»).

958. **ТОҢ-ТОРЫС** сын. *Тымырайып қатып қалған, томаға-тұйық, қыңыр*. Тәкежанның Әзімбайы өзінің көп арам есеп, айла-тәсілін, сырты суық тоң - торыс мінездерін осы Есентайдан оқитын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қандай ренжігенде де Дәулеттің қайтымы жылдамдығын білетін, үш-төрт күн тоң-торыс жүрсе де, бір сағатта өзі жұғысып, ерке бала мінезі ұстап кететін (М.Сүндетов, Құмда.). Біріне –бірі бөтен адамдай тура қарамай тоң-торыс болып, үн-түнсіз отырғаны (Б.Мұқанов, Жалғыз жазу). Жайшылықта тоң-торыс, суық мінезді дударбас өзіне-өзі себебін айта алмастай халде күліп жіберді (Б.Мұхамеджанов, Өзіме де сол керек).

959. **ТОҢЫРАЙЫҢҚЫ** сын. жерг. *Кісіге жанасымы жоқ, сырдаң(адам).* Бұлар тоңырайыңқы жандар көрінеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

960. **ТӨРЕШІЛ** сын. көне. *Мансап сүйгіш, әкімқұмар*. Ежелден т өр е шіл, бақшыл болып үйренген ел жуандары оқығандардың әлгіндей ауруын жарастықты істеп көріп жүрді (М.Әуезов, Қараш.). Ал, аламандықты алға ұстап жүрген мен емес, өзің сияқты қаратаяқтылар: ханшыл, бекшіл, төрешіл задалар (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Тілемсековтің төрешіл, әкімқұмар, дөкір екендігіне бұл бір айғақ (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.). Оңбайдың төрешіл деп жүргені қара сұр жігіттің бетің бар, жүзің бар демейтін осы тікшілдігі болса керек (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). Анау әлгі, өкімет ондай төрешіл мінезді жақтырмайды (С.Сматаев, Ақ желек).

961. **ТЫРҚЫ** сын. сөйл. *Сараң, қытымыр.* Жомартсың десең, зулайды, Тырқысың десең, тулайды (Б.Ыбырайымов, Ой тамшы).

962. **ТЫРТАҚАЙ** сын. қарап. 1. *Жеңілтек, шошаңдап қалған (адам)*. Осы ауылдың тыртақайы түгел келді (Ауызекі). 2. Б*екер мал шашпақ, дарақы.*

963. **ТЫРЫСҚАҚ** сын. *Болмашы нәрсеге ашулана қалатын, қитар, қыңыр (кісі).* Абай мынау ыстық үйге, мынандай тырысқақ ашушаң кісінің үйінде ет асым отыруды өз басына жазадай санап еді (М.Әуезов, Абай жолы). Мынау да айтқанынан қайтпайтын тырысқақ екен (Ж.Мусин, Қанат.). Алғаш рай бермеген тырысқақ шал жүзі жылып, бәйбішесіне шай дайындатты (З.Иманбаев, Қыран.)

964. **ТІК МІНЕЗ** *Мінезі нашар, ожар.* Айбаршаның тік мінезінен Самарқан сыпайы әдістің бәрін қолданып, сөзге келтіріп алды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Алғашқы бетте бұл адам оған қалауын тауып болмас, тік мінезді, тым маттақам көрінді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

965. **ТІЛ БЕЗЕРГЕ СҮЙЕНГЕН** *Тілазар, бос сөзге үйір.* Киеңкі биедей қылдырық та шылдырық. Тіл безерге сүйенген бүгінгі келіндер менің ықтиярыма көнер ме, – деді (Ғ.Сыланов, Домбыра.).

966. **ТІЛАЗАР** сын. *Ешкімнің тілін алмайтын, тапсырған істі орындамайтын (адам).* Оспан: – Әй, Әйгерім, желегі басынан түспеген келін тілазар болғанын неше атаңнан көріп едің? – деді (М.Әуезов, Абай жолы). Тілазар істі тілімен тындырады (Мақал). Қой дедім ғой мен сендерге. Неғылған тілазар баласыңдар (М.Иманжанов, Алғашқы.).

967. **ТІРІ ӨЛІК** *Қолынан түк келмейтін дәрменсіз, қауқарсыз адам*. Тірі өлік, екі қолымен жер тіреп, бой түзеді (Х. Әдібаев, Таңбалы адам). Бұл қазір тірі өлік, қаруы да, қауметі де жоқ мүсәпір (М. Ғабдуллин, Сұрапыл.).

968. **ҰҚЫПСЫЗ** сын. *Ұқыпты емес; салақ.* Мүлік қаншама құнды болғанымен, ұқыпсыз ұсталып, тазалығы нашар болса, көз қуантпайды («Мәдениет және тұрмыс»). Оқушылар оқу құралдарын, дәптерлерін ұқыпсыз ұстайтын жолдастары жайында айтты («Қазақст. мект.»). Тапқанын ұқыпсыз дар тонатады, Егерде жігіт болсаң зор атағы. Әркімдер оқ атады жүрегіңе Бұғып кеп, бұғынбай кеп оқ атады (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

969. **ҰРТҚАЛ** сын. жерг. *Тентек, кері сөйлейтін кісі (адам)*. Сейсенбай құсаған ұртқал кісіден не жөн сөз шығар дейсің. Ұртқаладамнан аулағырақ жүру керек (Қаз. тілі аймақ сөздігі).

970. **ҰРЫНҒЫШ** сын. *тентек.*

971. **ҮДІР** сын. жерг. *Қыңыр*. Оның мінезі үдір, айтқанға көнбейді (Диал. сөзд.). Болат үдір мінезді жігіт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

972. **ҮЗЕҢГІ БАУЫ АЛТЫ ҚАБАТ** Т*әкаппар, өркөкірек, менмен кісі туралы айтылады* (Қаз. тілі фраз. сөздігі). Сақина десе сақина, қашан болсын керіліп, созылып, үзеңгі бауы алты қабат боп отырғаны (Ш. Құмарова, Қос шынар).

973. **ҮМІТТӘЙІМ** сын. жерг. *Алдамшы, қу.* Сағынбаев үміттәйім адам (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

974. **ҮРГЕЛЕК** сын. жерг. *Қорқақ, үркек, секемшіл.* Өзі үргелек еді одан сайын үркітіп, дүрліктіріп бітті (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Ойпыр-ау, менің досым тап мұндай үргелек те, күйгелек те емес еді ғой (Б.Аманшин, Жар мұңы.). Сым арқанның бойымен шынжыры сылдырап, ақ азу арсылдап, олай бір,бұлай бір шапшығанда, онсыз да үргелек ол состиыңқырап қалды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы.).

975. **ҮРЕЙШІЛ** сын. *Сужүрек, қорқақ.* Басқалардан жасы кіші үрейшіл Қасым қорқып, Омекең мен Садуақас екеуінің ортасына жатты (Б.Соқпақбаев, Қайда Гауһар.). Ол ерлікті ерекше дәріптеп, қорқақтар мен үрейшілдерді жан-тәнімен жек көрді (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

976. **ҮРКЕК** ауыс. *Қорқақ, батыл емес (адам).* Тәжірибесіз жауынгерлер үркек келеді (Б.Момышұлы, Шығ.). – Қазіргі заман – жасқаншақ, үркектердің заманы емес, творчестволық ойдың заманы (С.Жүнісов, Жапанда.).

977. **ҮРКЕППЕс**ын. *Ұркөппе (бөспе, лепірме).* Қарашты жыққан Байсерке емес, осындағы мақтан сүйгіш, үркеппе, желғабыз жігіттердің өздері сияқты, екі езулері құлағында (Қ.Жұмаділов. Тағдыр.). Масайымның түрі қиын. Үркеппелеу тәрізді (С.Сматаев, Ақ желең.).

978. **ҮРТУ** сын. *Ұялшақ.* Үрту мінезді тастау керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

979. **ХАН КӨКІРЕК АДАМ** көне. *Өте тәкәппар адам туралы айтылады.*

980. **ХАНҒА СӘЛЕМ БЕРМЕЙТІН** 1. жағымсыз. Т*әкаппар, өркеуде.* Ханға сәлем бермейтін көкірек еді, сауап болды (Ауызекі). 2. жағымды. *Өрмінез, намысшыл.* Сауық та сын, ойлар да, сайран да сын, Ауыз екі дәріпке айналмасым. Қажып, талып барасың төменшіктеп, Ханға сәлем бермейтін, қайран басым (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә).

981. **ШАБАЛ** сын. *Әлжуаз, әлсіз.* Бергенін алған – жаманның ісі, ішкенін құсқан – шабалдың ісі (Мақал).

982. **ШАБАН** сын. 1. *Жайбасар, енжар, жалқау.* Қазақ ала, арамза, шабан болған соң үкімет закон арқылы ұзақ жолмен, көп шығынмен қылатын жұмысын еппен қылып отыр (Ә.Бөкейханов, Шығ.). «Екі айдалғанды губернаторға көрсетемін» дейді. Біз сенің арық қара байталың мен шабан торыңды ұрлап алғанымыз жоқ (М.Дулатов, Шығ.). 2. *Баяу, жай, сылбыр.* Сондықтан заман жүйрік, біздер шабан, Артында ілесе алмай жүрміз әман. Күн сайын өзгеріліп, өнер артып, Бәрі де бара жатыр алға таман (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ызғұтты көктің шабан тебіндеп келе жатқанын әңгіме қып отырды (М.Әуезов, Абай).

983. **ШАДЫР** сын. *Күйгелек, тез ашуланшақ, мінезі шайпау, шәлкес.* Мінезі шадыр, тез ашуланғыш молданың көңілін Ербол ренжіткісі келген жоқ (М.Әуезов, Абай.). Мінезі шадыр да ұшқары жігіт (З.Шашкин, Сенім). Найзағай сияқты шарт-шұрт еткен шадыр мінезі болғанмен, зәрі жоқ, қайтымы тез болатын-ды (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

984. **ШАДЫРЛАУ** сын. *Мінезі аздап шадыр; шайпаулау, шәлкестеу*. Мінезі шадырлау, арық көсе кісі болатын (Т.Әбдіков, Ақиқат).— Шырағыш-ау, мінезің шадырлау еді, тұмсығын жарға соғып бүлдіріп аларсың (С.Досымов, Директор.).

985. **ШАДЫР-ШӘЛКЕС** сын. *Қырсық-қыңыр, қиқар.* Мұндай шадыр-шәлкес мінезді күтпеген қайсар қапелімде не айтарын білмей сасып қалды (М.Хасанов, Қайсар).

986. **ШАЖА** сын. 1. *Қиқар, қырсық, тілазар*. Баланы жастан деген ғой. Балаң шажа болмас үшін емшектегі кезінен қолға алған жөн (Семья тәрб.). 2. *Ілмиген арық, нашар*. Ағасының алып отырған қатыны да партия тақырыпты атастырған бір жетесіздеу адамның шажа байтал бейнелес кілбиген маймақ кәрі қызы (Ж.Аймауытов, Шығ.).

987. **ШАЙҚЫ-БҰРҚЫ** сын. *Тентек, долы, шәлкес.* Ағарыс қашан жаратылғанын, тегінде, қай өзеннің қорек қосар саласы, не ағар арнасы болып, тегінде де, дәл бүгінгідей ерке-шолжаң телегейлі әрі шайқы-бұрқы тентек болып па еді – әсте сезіп-білген емес (О.Бөкеев,

Терісаққан). Жау тиген, айқай-ұйқай, үріккен жылқы, Долданған дуанасы шайқы-бұрқы. Толқытқан тұңғиықты долы дауыл, Дүлейі көл Балқаштың ұйқы-тұйқы (І.Жансүгіров, Күй).

988. **ШАЙЛАУ** сын. *Шадыр мінезді шайпау, ащы тілді.* Тілі ащы болса керек. Шайлау әйел жылқы шетінде жүрген Жанқара байға шаптығып: Мұнша малды неңе жетпей жиып жүрсің деп ашуланыпты (Албан-Жарты ата).

989. **ШАЙПАУ МІНЕЗДІ [ТІЛДІ]** *Тілі ащы, мінезі шатақ, шәлкес қылықты адам*. Дәл осы жақында, екі жұмадай бұрын тілі шыға бастаған шайпау мінезді тоқалға (М.Әуезов, Шығ.).

990. **ШАЙПАУ** сын. *Шадыр мінезді, тілі ащы, ашушаң.* Бала кезінде қабаған ит қапқан баланың өскен кезде тілі ащы, шайпау, ит мінезді болады (Б.Қанарбаева, Қазақтың наным сенімдері). Сақып кемпір шайпау тілімен келінін бетінен алып тастады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Әлгінде ғана қызметкерлерін шыжықтай шыжғырған шайпау мінез шайдай ашылды (М.Рашев, Бетің қисық.).

991. **ШАҚАР** сын. *Ашуы қатты, ызақор, бірбет.* – Бұл аңдар сұрша ғана мақар екен, Ғайратлы һәм хәйләлі шақар екен (М.Дулатов, Шығ.). Ойпырмай, кішкентай болып алып, өзі бір шақар неме көрінеді ғой (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Шақар мінезімен көп адамға жақпайды да, өзі де көпшілікке үйір емес (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Шаймұрат шақарға ерегіскенде бүгінше бүркеніп жата тұрайық деп едім (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

992. **ШАЛАҒАЙ** сын. *Бастатан істі толық аяқтамайтын олақ, ұқыпсыз.* Оқытушымыз, аспазымыз – бәрі шалағай. Және көп әдістер біз түгіл, өзге өнерлі елде де жүйеленіп жетпей жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Салақсыған шалағай старшиналардың екі аяғын бір етікке тықты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Текке өлген күндерін есептей білсе, Тауке сірә, шалағай, салақ болмас еді-ау (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

993. **ШАЛГЕЗ** сын. *Шәлкем-шалыс, қыңыр; шәлкес, қарсы.* Мұныңның сөзі қайда, ақын дейсің, Мінезі шалгез екен, мақұл дейсің, Байқарсыз құрбыңмен де аға-еке жан, Мені жас, анамызды қатын дейсің (Айтыс). Иассауи туындыларында Ислам дінінің қасиетті қағидаларына, шариғат шарттарына шалгез келерлік сөздер түгіл, нышан да байқалмайды (Қожа Ахмет Иассауи «Хикметтер»).

994. **ШАЛДУАР** сын. *Мінезі шәлкем-шалыс, аусар.* Осындай кездерде жасаран шалдуар, оқыс қылықтары есіне түскенде, күні бүгінге дейін өзінен-өзі ұялып, жерге кіргендей болады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Айтпасымды айтқыздың, Аузыңды бақпай, келіншек! Шаруа десе – шалдуар, Салақ, олақ, еріншек (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Барон, ол жалғыз боп, шалдуар өскендіктен ғой. Жас адамның түбіне жететін – оңаша аяқ, қол бостық қой. Оны бізге жіберіңіз, шетте үйренген әдеттерін әлі-ақ ұмытып кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

995. **ШАЛДУАРЛАУ** сын. *Мінезі шалыстау, аусарлау.* Оның шалдуарлау шырай беріп, шәлкем-шалыс мінез көрсеткенін алғаш аңғарғаны осы еді (Ф.Дінисламов, Ұшқын). Сол арада мінезі шалдуарлау Сәду маған домбыра орнына от басынан көсеу әкеп ұстата салды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

996. **ШАЛҚАҚ** сын. 1. *Шалқайған, қайқаң*. Жұрт озған адам дейді Табын Талтақ, Ақсақал Жетіруға болған ортақ. Айдаған төрт мың жылқы заманында Озғанбай, Майлыбайды жатқан шалқақ. Төртінші Ожырайда Төлек, Тастан, Білуге баршасын да емен шорқақ (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Дүние Майда неге құлпырады?! Шаттанып шалқақ кеуде шың тұрады. Көңілде көлдей тұнық сыр тұнады, Секілді бұлақтардың сылқым әні (М.Мақатаев, Шығ.). 2. ауыс. *Паң, кейкиген.* Ел үстінен күн көргесін, шалқақ иық кей ұлық, кері шаптырар дерт табады (А.Сүлейменов, Бесін).

997. **ШАЛМАН** сын. жерг. *Тентек, бұзық, сотқар.* Соның кенже ұлы бір шалман еді, кәзір жөнделейін деген бе, қалай? (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

998. **ШАЛПЫ** сын. жерг. *Шайпау, тілі ащы, ұрысқақ.* Мұндай шалпы әйелді көрмедім (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

999. **ШАМДАНШАҚ** сын. *Ашуланшақ, ренжігіш.* Бас білмейтін шамданшақ асау аттай айналшықтап мен тұрмын (Қ.Бадыров, Өткен.). Өзі туралы айтқанда шамданшақ аттай кібіртіктеді (Н.Келімбетов, Үміт.).

1000. **ШАМКЕС** сын. сөйл. *Шәлкес, шәлкем-шалыс.* Қаңбақбайдың тілі тотияйындай, мінезі шамкес кісі (З.Жәкенов, Таң самалы).

1001. **ШАМШЫЛ** 1. сын. *Ызаланғыш,, шамданғыш, ашушаң.* Аузы жеңіл біреу әлде қалай оған қыз екенін айта қалса да, ызақор, шамшыл көріп жылап қоя беретін (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Айдарбай қарт теңізден де шамшыл, ол да бір өзінше дүлей (М.Сатыбалдиев, Жартас.). 2. ауыс. *Ырыққа көнбейтін, тулағыш.* Дүниеде бас білмеген тайдан қытықшыл, шамшыл, тулағыш мақұлық жоқ (Ө.Қанахин, Жер бас.).

1002. **ШАМЫРҚАНҒЫШ** сын. *Шамданғыш, ашуланғыш, ренжігіш.* Әсіресе, ол шаруаның көзін таба алмайтын шалағайларға шамырқанғыш (Өнегелі өмір).

1003. **ШАМЫРЫҚҚЫШ** зат. *Ашуланғыш, ренжігіш.* Жоқтан өзгеге шамырыққыш жүйлесі жай тапқандай болады (Ә.Кекілбаев, Құсқанаты).

1004. **ШАПТЫҚПА** сын. *Ашуланшақ, ұрысқақ.* Оның тез ашуланғыш, шаптықпа мінезі о бастан жоқ (А.Байтанаев, Қансонар). Көк долы аяз өрши түседі: шаптықпа мінезі бар (Ә.Әлішев, Батыр.). // *Ашуланшақ. өршеленіп кететін мінез.* Зәбірдің шаптықпасы бар ма? (Ұ.Доспанбетов, Қыр.).

1005. **ШАПЫЛДАҚ** сын. *Беттен алғыш, ұрысқақ.* Беттен алғыш, шапылдақ әйел жүрегінің тарс айырылатындығын айтып зарланумен болды (Б.Майлин, Азамат.). // *Ұрысқақ адам.* Шындықты айтса, шақырайып шыға келетін өңкей шапылдақтар мен шіңкілдектер ауылы бұл (Ж.Мусин, Ақ алаң).

1006. **ШАР** сын. жерг. *Ашулы, ызалы.* Мынауың бір іздегені төбелес, мінезі шар жігіт қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1007. **ШАРАПҚҰМАР** сын. *Ішкіш, ішімдікті жақсы көретін, маскүнем.*

1008. **ШАРҚАЯ** сын. жерг. *Бұзақы, ұрысқақ, ашушаң.* Ол өзі – осы елдегі шарқая әйелдің бірі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1009. **ШАРЛАШ** сын. жерг. *Бұзақы, тентек*. Сіздің айтып отырған балаңыз – менің білуімше, барып тұрған шарлаш (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1010. **ШАРЫҚШЫ** сын. жерг. *Ұрысқақ, ашушаң.* Шарықшы әйелден аулақ жүрмесең, басың бәлеге қалады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1011. **ШАТА** сын. *Мінезі шәлкез, тентек, шатақ шығарғыш.* Мінезі шата ғой өзінің: тиіп кетсең, өзіңе бас салғалы тұр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Оған соқтықпа – ол шата кісі (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Әй, енеңді ұрайын, Маусымбектің шатасы не қыласың қылжақты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1012. **ШАТАҚҚОЙ** сын. *Дау, жанжал шығарғыш, даукес.* Әлгі шатаққой шалды қай жер жұта қойды (Б.Нұржекеев, Күту.). Ең шатаққой баламен өмір бойы бір шәй деспей өту де өзгеше дүние-ау (Б.Нұржекеев, Бір ғана.).

1013. **ШАТАҚҚОР** сын. *Шатаққұмар, жанжалқой.* Меніңше, ол шатаққор жігіт болса керек (Е.Оразақов, Дәрігер.). Мына үлкен балалары шатаққор келеді (С.Мұратбеков, Көгорай.).

1014. **ШАТАҚҚҰМАР** сын. *Шатаққой, даукес, жанжалқұмар.* Тыз етпе, жеңілтек, әрі шатаққұмар едім (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Өмірәлі шатаққұмар да кісі сияқтанбайды (Б.Нұржекеев, Бір ғана.). (Шатаққұмарлар желігіп, Шабуылдайды қайдан да. Шұбарға мініп тебініп, Шақырса-дағы майданға (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

1015. **ШАТАҚТАУ** сын. *Қияңқылау, тентектеу, даукестеу.* Мінезім де шатақтау, жоқ нәрсеге кіділенем (Б.Майлин, Шығ.). Әй, жолдас, өзің шатақтаусың ба, қалай? (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер).

1016. **ШАТАҚШЫЛ** сын. *Шатаққұмар, шатаққор*. Шатақшыл балалардың таласа кететіні бар (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Жігіттер шатақшыл семіз сары мен семіз қараны үйден қуып шықты (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Оның жүйкесі жұқара бастайды, шатақшыл болып алады (Б.Мұқаев, Аққу.).

1017. **ШАТЫРАШ** сын. жерг. *Тентек, мінезі шатақ*. Мінезі шатыраш – байқап сөйлеспесең болмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1018. **ШАУЛАУ** сын. жерг. *Еріншек, жалқау*. Ол – өзі бір шаулау адам. Істемейін демейді, бірақ шаулау (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1019. **ШАШ АЛ ДЕСЕ, БАС АЛАТЫН** *Асыра сілтейтін, шамадан, мөлшерден тыс кететін*. Шолақ белсенділер «шаш ал десе, бас алған» айқайға, зорлыққа сүйенгісі келген отызыншы жылдардың бас кезіндегі Қазақстанда кездескен қиыншылыққа сол шауыпкел, атқамінер сымақтар айырықша себепкер («Қаз. әдеб.»). Біз Қазақстанда қазақ мектептері жабылып қалғанда, қазақ ұлты өкілдерінің 40 пайызға жуығы өз ана тілін білмей, мәңгүрт болып қалғанда мұның бәрі Мәскеудің, оның шаш ал десе бас алатын алакеуде өкілдерінің кінәсі деп келдік («Жас Алаш»). Күн батып, ақшам өтіп, уақыт жетті, Аяусыз қосып берді қу жендетті. Шаш ал десе, бас алған екі дінсіз, Патшаның сарайына келіп жетті (Ә.Найманбаев, Шығ.).

1020. **ШАЯ** сын. *Ашуланшақ, ызақор*. Басқа бір ұшқалақ, қалжың түсінбейтін шая әйел болса ғой, осы жерде ер-тоқымға мойнына алып, қып-қызыл ұрыс басталар еді (Ә.Шәріпов, Сахара қызы) Қасболат – Жәукеннің немере інісі, Қаршадайында әке-шешеден жетім қалып, шая боп өскен (С.Омаров, Қызыл.).

1021. **ШӘДДЕ** сын. жерг. *Ашушаң, күйгелек*. Өзі бір шәдде болғанда машқара шәдде екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1022. **ШӘЙПІ** сын. жерг. *Шайпау, ашушаң, ұрысқақ, жанжал шығарғыш.* Оның мінезі жаман, тілі шәйпі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1023. **ШӘЛКЕСТЕУ** сын. 1. *Асаулау, бұғауға бағына қоймаған*. Мінген атының мінезі шәлкестеу еді (С.Мұқанов, Ботагөз). 2. *Қыңырлау, қырсықтау.* Қоқыш Дүйсенбай сияқты ертегі айта білмейді. Өзінің мінезі де шәлкестеу (К.Кенжетаев, Дархан.). Сен сұлу қызсың. Тек мінезің ғана шәлкестеу (Ж.Молдағалиев, Тыңда.). О, менің шәлкестеу дүлдүлім, Ұрттаса, мен құсап ұрттаған! (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә.).

1024. **ШӘЛКІ** сын. жерг. *Шәлкес, қырсық, қыңыр*. Өзің абай бол – мінезі шәлкі адам (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

1025. **ШӘРГЕЗ** сын. *Шәлкес, шалыс, қыңыр.* Жат елге жадағайда сөйле шәргез, Тар жерде тайпалудан танба әр кез. Жатты жау деп, еліңді үрпитіп ап, Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез (Абай, Тол. жин.). Оқыған білер әр сөзді, Надандай болмас ақ көзді. Надан жөндіге жөн келмей, Білер қайдағы шәргезді (Абай, Тол. жин.).

1026. **ШЕГІНШЕК** сын. *Көткеншек, жасқаншақ*. Еріншекке шегіншек үйір (Мақал). Үйренген халықпыз ғой шегіншекке, Кәсіпсіз сахарада еріншекке. Байлар жүр малша күйсеп, малын айдап, Ұйқымен өмірі өтіп тектен-текке (Үш ғасыр.).

1027. **ШЕНЕГІШ** сын. *Сынап-мінеп, сын айтқыш*. Ал мына жер шенегіш Сотников деген кісінің қазақ тілін жетік білуі Шоқанға сондай жақсы болды (С.Бегалин, Шоқан асу.).

1028. **ШОЛАҚ БЕЛСЕНДІ** *Асыра сілтеуші, белсенділік жасаушы*. Ежелгі мінезім жоқ жерден білгішсіп, шошаңдап қалған шолақ белсенділерді жаным жақтырмайтын-ды (К.Асанов, Сағыныш). – Тамағы жыртылғанша даурыққан шолақ белсенділер де көбейіп кетіп еді (Н.Ғабдуллин Өмір күйі.). Ешкінің құйрығынша шолтаңдаған шолақ белсенділер шаш ал десе, бас алған жоқ па (С.Жүнісов, Жапанда.).

1029. **ШОЛЖАҚ** сын. *Ерке, шолжаң, тәйтік*. – Тыш ерке, шолжақ, – деді Сабира. – Бүйтіп бала өсірмеу керек қой (М. Дүйсенов, Ант). Мен онда он үш – он төрт жаста ма едім, Әйтеуір үйдің шолжақ Асқары едім. Ауылға қонақ келсе ғой, Қалтасын қарап, тінте бастар едім (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Бұрынғы әке-шешесіне жасайтын шолжақ ерке шоралығы бірте-бірте нәзік еркелікке ұласты («Лен. жас»).

1030. **ШОЛЖАҚАЙ** сын. сөйл. *Шолжақ*. Өз ауылында сен шолжақай баласың (С.Бердіқұлов, Аспан.). Үрия Тұрдықұлованың Ақжүнісі Ақша ханның ерке өскен шолжақай қызы (К. Кенжетаев, Дархан.).

1031. **ШОЛЖАҢБАЙ** сын. экспр. *Ерке-тотай, шолжаң*. Тілінде бір түрлі мүкісі бар сияқты «Қаладан келген шолжаңбай болдың-ау», – деп бір түйдім (Б. Әдетов, Алтынай).

1032. **ШЫҚЫЛДАУЫҚ** сын. *Мазасыз, ұрыса беретін, шырт етпе*. Әйтсе де шешесінің шықылдауық мінезін ескерді (М.Әбдірахманов, Адасқан қаз.).

1033. **ШЫРТ КЕТЕТІН** етіс. *Ашуланшақ, мінезі кіді, шатпа-шұрт.* Керімнен бұрын осы ауданда аупарткомның бірінші хатшысы боп Семсер Кескімбаев істеген. Отыз мыңыншы боп осы облыстың басқа бір ауданына колхоз бастық боп кеткен. Өте қатал еді. Қабығын қарс жауып, мұздай сіресіп, болмашы нәрсеге шырт кететін (Ә.Жылқышиев, Балжанның тағдыры).

1034. **ШЫРТ СЫНАР** *Ашуланшақ, тыз етпе*. – Кім біледі, олардың Мінезі бар шырт сынар Бәлкім… ондай хабарды естімеген ит шығар (С.Жиенбаев, Ақ самал).

1035. **ШЫРТБАС** зат. жерг. *Күйгелек, ашушаң, кейігіш кісі.* Ол секілді шыртбас мазасын ала берсең, өзіңе айқай салуы мүмкін (Қаз. тілі аймақ сөздік.).

1036. **ШЫРТЕТПЕс**ын. *Мінезі кіді, ашушаң, ашуланшақ, мінезсіз*. Әскербайдың мінезі шыртетпе, маңындағы жолдастарына маза бермей, болмашы нәрседен төбелес шығаратынның өзі болатын («Лен. жас»). Еменнің шырт етпе мінезі жоқ болатын. Момын көрінетін түр-тұрпатына сай жуас мінезді еді («Қаз. әдеб.»).

1037. **ШЫРТИМА** сын. *Шертиген, быртиған, өзінше болған*. Белі ауырмастың бір парасы Қаланың кейбір қылтимасы Кейбір дөйдің шыртимасы (С.Мақинұлы, Көріп жүр ғой көздерің).

1038. **ШЫТУЛЫ** сын. *Қабағы қатулы, түюлі, ренжулі*. Күнімжан шытулы қабағын жазбай, үн-түнсіз маған да шай құйды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Директор кешегідей емес, қабағы шытулы (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

1039. **ЫҒЫ ЖОҚ** *Ебедейсіз, қырсыз*. Сауда кәсібіне жастарымыздың ығы жоқ екені рас (Семья тәрбиесі).

1040. **ЫЗБАЙ** сын. *Жанжалқор, жылауық.* Қайда кетті екен деп басын көтеріп іштегі, тыстағы дыбысқа құлақ тігіп еді; сыртта ерте тұрған балықшылар аулының күндегі дағдылы әбігері, ұйқысы қанбай оянған ызбай балалар ыңырсиды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Біздің Ілеш батыр, сескенуді білмейді дегенге бұл қоқилана түседі. Ақырында, әлгі жаман әдеттер қанға сіңіп, жанжалқор ызбай болып шыға келеді (Ө.Ахметов, Адам болғым келеді).

1041. **ЫЗБАРЛЫ** сын. *Ашулы, сұсты*. – Рысқұлов кім? – Ойбай, ол үлкен кісі… Сарыбала енді осы үлкенді көруге асықты. Атақты адам әрқилы елестеді оған: денелі, күшті немесе көрікті, тілді, біресе кең, мейірбан, біресе ызбарлы, айбатты боп көрінді (Ғ.Мұстафин, Қаз. әдеб.). Құрманғазының ызбарлы дауысы түн қараңғысын тіліп түсті (А.Сатаев, Дала күйлері). Адамдарының еңселері көтеріңкі, жайшылықтағыдан бет шырайларының түрлері, қимылдары, жүріс-тұрыстары өзгешелеу. Біреулері ызбарлы, біреулері көтеріңкілеу, біреулері әбігер, біреулері бәрін өзі істеп «жүргендей» (С.Сейфуллин, Шығ.). Ой, жексұрын… бар, кет! – деді Тәңірберген ақырын, бірақ бет бақтырмайтын ызбарлы үнмен мына жігітті өзіне жауықтырып алғаннан көрі, дәл осындай біреуді де қолында ұстап отырғанның бөтен болмасын біліп еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

1042. **ІШІ ЛАС, СЫРТЫ ТАЗА** *Сырты-бүтін, іші-түтін, қу, айлакер.* Іші лас, сырты таза залымдардың Алданып құр сыртының тазасына. Мәз болып байғазы алған балаларша Сатылып жылтыраған танасына (А.Байтұрсынов, Шығ.).

1043. **ІШІ ТАР** *Пейілі тар, қызғаншақ*. Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең! Іші тар, көре алмастың біреуі сен, Ондай кісі бұл жерге келмейді тең(Абай, Тол. жин.). Өзі биік болғанмен, іші тар болу керек (Ә.Әбішев, Жас түлек). Іші тар туысқанның іші күйсін! (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Дегенмен бар ғой, апайдың іші тар (Е. Домбаев, Ол. адам).

1044. **ІШІНЕ [ІШЕГІНЕ] ПЫШАҚ АЙНАЛМАЙТЫН** *Іші тар, қызғаншақ*. – Бұл жігіттің ішіне пышақ айналмайтын. Қызғаншақ адамда іш болмайды, – деді (Р.Тоқтаров, Терістік.). «Кішкене адамның терісі тар, ішегіне пышақ айналмайды» деуші еді (Ә.Ибрагимов, Ақ пейіл).

ҚОСЫМША Г

Жағымды мінез атауларының жиілігі

(«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (Алматы: «Дәуір» 2016 ж.) негізінде жасалды).

Жағымды мінез саны – 116 сөз.

Жақсы (8118), көркем (2135), білімді (2081), ашық (1889), тұрақты (1599), адал (1566), тура (1566), қарапайым (1433), еркін (1250), жан-жақты (857), белсенді (824), шынайы (809), күшті (798), зиялы (702), жауапты (660), әділ (620), сенімді (598), жомарт (523), ақылды (509), әдепті (488), іскер (480), батыл (477), өткір (443), жайлы (407), дана (389), батыр (388), мұқият (366), саналы (364), қалыпты (355), талантты (354), жұмсақ (352), ізденімпаз (344), сауатты (321), түзу (319), жағымды (293), көңілді (293), ойшыл (269), жетік (262), қуатты (234), әлеуетті (232), тәртіпті (229), мейірімді (226), беделді (219), ерке (202), қайсар (196), білгір (179), алғыр (166), сыпайы (165), сүйкімді (164), момын (156), салмақты (150), тапқыр (143), білікті (133), сыйлы (128), талапты (126), жүректі (122), қырағы (121), қайырымды (118), ержүрек (114), өжет (113), мінезді (112), кемеңгер (111), ұнамды (111), тұйық (105), текті (103), кәсіпқой (101), табанды (100), зерек (98), еңбекқор (96), ұлтжанды (90), пысық (85), сабырлы (85), шыншыл (81), тиянақты (79), сезімтал (77), ұяң (76), еңбексүйгіш (75), қайратты (75), жайдары (74), салиқалы (72), байсалды (70), жаңашыл (70), жинақы (70), айбынды (69), қонақжай (67), ынталы (66), дарқан (65), зерделі (63), бейқам (60), жалынды (60), білгіш (59), икемді (59), аққөңіл (57), арлы (55), ширақ (54), аңғал (50), жайсаң (50), отансүйгіш (50), иманды (40), кішіпейіл (40), мейірбан (39), намысты (38), өрелі (34), байыпты (33), момақан (33), әлжуаз (31), көргенді (28), тәлімді (26), инабатты (23), ділмар (22), қиялшыл (20), талғампаз (20), елгезек (17), құлықты (17), тақуа (17), ымырашыл (17).

ҚОСЫМША Ғ

Жағымсыз мінез атауларының жиілігі

(«Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі»
(Алматы: «Дәуір» 2016 ж.) негізінде жасалды).

Жаман мінез саны – 53 сөз.

Қатты (2995), қиын (1702), жаман (1459), қатал (353), ұлтшыл (319), жағымсыз (296), қорқақ (230), қырсық (214), пәле (172), тентек (172), жынды (170), әділетсіз (160), жалқау (144), қатыгез (133), жауыз (129), оңбаған (122), қаһарлы (112), жағымпаз (97), білімсіз (96), бұзық (91), сараң (90), сорақы (90), сұм (90), қырсықты (89), мақтаншақ (75), айлакер (74), озбыр (70), арсыз (66), жексұрын (66), дүлей (65), зұлым (62), еріншек (59), долы (52), сотқар (50), содыр (46), әдепсіз (45), ақылсыз (43), сайқал (43), опасыз (42), күншіл (41), сыншыл (41), маңғаз (39), салғырт (37), мылжың (36), алдамшы (30), қызғаншақ (28), қыңыр (26), сұрқия (26), ынжық (24), паң (23), шайпау (23), зорлықшыл (22), жасқаншақ (17).

ҚОСЫМША Д

Жағымды және жағымсыз мінез атауларының тізімі

Жағымды мінез атауларының саны – 756,
Жағымсыз мінез атауларының саны – 1044. Жалпы саны – 1800

№	Жағымды мінез атаулары	Жағымды мінез атаулары
1	абайлағыш	а десе, мә дейтін
2	ағайыншыл	абдырауық
3	адал	абылаңқы
4	адал жанды	ағаш мінез
5	адамгершіл	ағашбелсенді
6	адамжанды	адамкиік
7	адамшыл	адамсыған
8	азамат	адасқыш
9	айласыз	адуынды
10	айтқыр	адыр мінезді
11	айтқыш	адыраң
12	ақ	адыраңбай
13	ақ көйлек адам	адыр-бұдыр
14	ақ көкірек	адырлау
15	ақжарқын	азғырғыш
16	ақжелең	айбынсыз
17	ақжүрек	айқайшыл
18	ақиқатшыл	айлакес
19	аккөкіректі	айлақор
20	аккөңіл	айлалы
21	ақ-қараны [ақты-қараны] танитын	айланкес
22	ақниет	айлашы
23	ақпейіл	айлашыл
24	ақтарылғыш	айналғыш
25	алақаны ашық	айнығыш
26	алақаны кең	айнымалы
27	алақолсыз	айнымпаз
28	аламан	айтақшыл
29	алаңғасар	айыпшыл
30	аласыз	ақикөз
31	алғаусыз	аккөз
32	алғыр	ала жылан, аш бақа
33	алды бар, арты жоқ	ала тай
34	алды кең	алабүлік
35	алды-артын аңдайтын	алағұс
36	алымды	алақарға
37	антына берік	алақол
38	аңғал көз	алақұйын
39	аңғарғыш	алақұс
40	аңғарлы	алақызба
41	аңғарымды	аланиет
42	аңғарымпаз	алаң-бұлаң

43	аңдағыш	аларман
44	аңдампаз	аласот
45	аңқылдақ	алауыз
46	аппақ	алаяқ
47	арланғыш	албыт
48	арлы	алдағыш
49	ары таза	алдампаз
50	арыншыл	алдамшы
51	арыстан жүректі	алданғыш
52	асқақсыз	алдаушы
53	асыл жүрек	алдауыш
54	аузын ашса, іші [көмейі] көрінетін	алды ауыр
55	аузына берік	алкеуде
56	ауызбаққыш	алпауыз
57	ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін	алпыс алты айлалы
58	ауыр мінезді	алпыс екі [алты] айлалы
59	ахлақты	алты бақан алауыз
60	ашық жүзді	алымпаз
61	ашық қайың	алыпқашпа
62	ашық қолды	алыпұшпа
63	ашық мінезді	амалқой
64	ашық райлы	амалшыл
65	ашық-жарқын	антбұзғыш
66	аялы	антқор
67	әбжіл	антсоққан
68	әдеп көрген	аңғал
69	әдепті	аңғалақ
70	әділ	аңғалсоқ
71	әділетті	аңғырт
72	әділетшіл	аңқау
73	әзілкеш	аңқау-аңғал
74	әзілқой	аңқаулау
75	әзілқұмар	аптыққыш
76	әзілші	апырақ
77	әзілшіл	арам
78	әйнек көңілді	арам ниетті
79	әккіс	арам пейіл
80	әлжуаз	арам пиғылды
81	әндемді	арамза
82	әнжемді	арандағыш
83	әңгімеқұмар	арандатқыш
84	әңгімешіл	арбағыш
85	әрекетшіл	арда
86	әсерленгіш	ардың-күрдің
87	әсершіл	арқасыз
88	әуесқой	арқасының қозбасы бар
89	бағдаршыл	арқауы бос
90	бажайлы	арсыз
91	байқағыш	арсыл-гүрсіл
92	байқампаз	арсылдақ

93	байпаң	арсың-күрсің
94	байсалды	арызкеш
95	байымдағыш	арызқой
96	байымды	арызқор
97	байыптағыш	арызқұмар
98	байыпты	арызшыл
99	байыпшыл	ас ішіп, аяқ босатар
100	байырқалы	асқақ
101	бақылампаз	астамшыл
102	бал мінез [-ді]	астары бар, тысы жоқ
103	бала көкірек	асыққыш
104	бала мінез [-ді]	атаққұмар
105	бапандай	атақшыл
106	барлағыш	атқын
107	барлампаз	аттының аяғын, жаяудың таяғын алған
108	басалқы мінез	аужар
109	басалқылы	аузы ала
110	басбақыл	аузын буған өгіз [өгіздей]
111	басбілгі	аузынан сөзі [қойнынан бөзі] түскен
112	басыңқы	аумақай
113	батыл	аумалы
114	батылдау	аумалы-толқымалы
115	батымды	аусар мінез [мінезді]
116	батыр	ауыз баққыш
117	бауырмал	ауыз жаппас
118	бауырмалшыл	ауым-сауым
119	бәсең	ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін
120	бейнеткер	ауытқығыш
121	бейнетқор	ауытқымалы
122	бейнетшіл	ашадды
123	бейілі кең	ашкөз
124	береген	ашуқор
125	берік	ашуланғыш
126	бет моншағы үзілмеген	ашуланшақ
127	бетегеден биік, жусаннан аласа	ашушаң
128	бетті	ашуы қатты
129	беті шіркеулі	ашуы мұрнының [тілінің] ұшында тұратын
130	бипаз	ашық ауыз
131	биязы	аянкес
132	биязы мінезді	аянпаз
133	биязылау	аянсақ
134	бұйдалаған тайлақтай	аяншақ
135	бұйығы	аяр
136	бұйығы мінез	аяу білмес
137	бұқыл	аяусыз
138	білгір	әбігершіл
139	білгіш	әдепсіз
140	білермен	әділетсіз

141	білмір	әділсіз
142	білікті	әдісқой
143	білімдар	әдісті
144	білімді	әдісшіл
145	білімқұмар	әжуашыл
146	білімпаз	әзәзіл
147	біліскер	әккі
148	бір ауызды	әлепет
149	бірбет	әлпейім
150	бірбеткей	әліптің атын білмес
151	бірмінез	әңгүдік
152	бірсөзді	әңгімелі
153	біртоға	әңгірлек
154	дана	әңкүс
155	данагөй	әпенді
156	даңғал	әпербақан
157	даңғыл	әпербақандау
158	дарқан	әуейі
159	дарқылдақ	әуесқой
160	дарылдақ	әуестенгіш
161	дәлелқор	әулекі
162	дәті берік	әулікпе
163	дүмді	әумесер
164	дүниеге кең	әуміш
165	ділмар	бажылдақ
166	дітіне берік	базынашыл
167	ебдейсек	байбайшыл
168	ебедейлі	байбаламшыл
169	ебсекті	байланысқыш
170	ежекті	байлау[ы] жоқ
171	елгезек	байымсыз
172	елжанды	байыпсыз
173	елжірегіш	баққұмар
174	елжірек	баққыш
175	елпілдек	бақталас
176	елшіл	бақыл
177	еліктегіш	бақырауық
178	еліктемпаз	балпылдақ
179	еңбекқор	барылдақ
180	еңбексүйгіш	басбұзар
181	епті	баскесер
182	ер көкірек	баспақыл
183	ер көңілді	батылсыз
184	ерен ер	бауыры қатты
185	ерке	бая
186	ерке-бұлан	баяпыр
187	еркекжанды	бәйектегіш
188	еркелегіш	бәле
189	ерке-тәйтік	бәле баққан
190	ерке-тәлпіш	бәлеқор

191	ерке-тотай	бәлеқұмар
192	есеппаз	безбүйрек
193	етек-жеңі кең	безер
194	еті тірі	безілдек
195	жағымды	бейапар
196	жағымтал	бейауыз
197	жайбарақат	бейбас
198	жайдарлы	бейбастақ
199	жайдарман	бейбастақтау
200	жайдары	бейбауырмал
201	жайқар	бейқамдау
202	жайлы	бейқамсыз
203	жайраң	беймаза
204	жайраң мінез	беймазалау
205	жайратқыш	бейпарық
206	жайсаң	бейілі [пейілі] тар
207	жақсы	бермен бет, әрмен жүрек
208	жақсы адам	бетқақты
209	жақсы мен жаманды айырған	бетпақ
210	жалын атқан	бетсіз
211	жалынды	беті қалың
212	жанасқыш	билеп-төстегіш
213	жанашыр	божырақ
214	жанкешпе	бозөкпе
215	жанкешті	бойы бұлғаң
216	жанқияр	болбыр
217	жансебіл	болпаш
218	жансебіл жан	бопай
219	жаны берік	бопау
220	жаны сірі [темір]	бопсасыз
221	жаны үлкен	боркемік
222	жарқылдақ	бос
223	жарқын жүз [жүзді]	босбелбеу
224	жауапкер	бошалақ
225	жауапты	бөрібасар
226	жаугер	бөспе
227	жаужанды	бөстекі
228	жаужүрек	бұзақы
229	жаутүсіргіш	бұзық
230	жәбірсіз	бұқа мінез
231	жеделсіз	бұқпантай
232	желғабаз	бұла
233	жетелі	бұла-болпаш
234	жойдасын	бұлданшақ
235	жуас	бүгіншіл
236	жуас-қоңыр	бүккіш
237	жуастау	бүлдіргіш
238	жұғымды	бүлікшіл
239	жұғымы бар	быжың
240	жүзі жарқын	былбыр

241	жүрегінің [жүрегінде] жалыны [оты, шоғы] бар	былжыр
242	жүрегінің түгі бар	біліксіз
243	жүрек жұтқан батыр	білімсіз
244	жүрекжұтқан	бірбет
245	жүректі	бірезу
246	жып-жинақы	бірмойын
247	жытқыр	бітеубас
248	жібек мінезді	ғайбатшыл
249	жібі түзу	дабырашыл
250	жігерлі	далбақай
251	жігерімен тасты үгіткен [даланы дүр сілкінткен]	далдың-дұлдың
252	зәбірсіз	даңғазалау
253	зейінді	даңғазашыл
254	зерделі	даңғой
255	зерделі жан	даңғойлау
256	зерек туған	даңғырлақ
257	ибадатты	даңққой
258	ибалы	даңққұмар
259	иланғыш	даңқой
260	иман жүзді	датқой
261	иманды	даукес
262	иманды жан	даулағыш
263	иманмен қаптап қойғандай	даурыққыш
264	иманы бетінде үзіліп тұр	дауылды
265	иманына берік	дәйексіздеу
266	инабатты	дәлдір
267	инабатшыл	дәлекі
268	иненің көзінен өткендей	дәңгіл
269	иі жұмсақ [жұмсағырақ]	дәркілдек
270	кексіз	дегбірсіз
271	келісімпаз	дойыр
272	кенен	доланкесер
273	кең етек	долаң
274	кең қолтық	долап
275	кең мінезді	долау
276	кеңесімпаз	долдай
277	кешіргіш	долуыр
278	кешірімді	долы
279	кешірімпаз	дөкір
280	кешірімшіл	дөң
281	киліккіш	дөрекі
282	килікпе	дуайпат
283	көз [жүз] таныс	дуасыз
284	көз жоқ	дуасыз ауыз
285	көзсіз [қас] батыр	думангер
286	көзі қанық	думаншыл
287	көзінде оты бар	дүдәмалшыл

288	көзінің [кеудесінің, жүрегінің] оты бар	дүм кеуде
289	көкжал бөрідей	дүниежанды
290	көкірегі сезімді	дүниеқоңыз
291	көкірегінде [кеудесінде] оты бар	дүниеқор
292	көкірегінде көзі бар	дүниеқұмар
293	көмбіс	дүркіншіл
294	көмпіс	дызылдақ
295	көн тулақ [болды]	дызылдауық
296	көнбіс	дықты
297	көнбісті	дықшыл
298	көнгіш	дырдушыл
299	көндіккіш	дырқы
300	көндімбай	дігірлек
301	көнпіс	дікілдек
302	көнпісті	ділдар
303	көнтерілі	ебдейсіз
304	көніккіш	ебедейсіз
305	көнікті	ебелек
306	көнімді	егесшіл
307	көнімпаз	егілгіш
308	көнімшіл	ез
309	көңілшек	ез жігіт
310	көңілшектеу	езбалдақ
311	көңілі бос	езгек
312	көпшіл	езгіш
313	көпшілікшіл	езмалта
314	көтерімді	екі аяғын бір етікке тығатын
315	күлеген	екіжүзді
316	күлегеш	екісөзді
317	күлегештеу	елтігіш
318	күлекеш	енжар
319	күлешек	епсіз
320	күлкішек	епшіл
321	күлкіші	ерегіскіш
322	күлкішіл	ерегісімпаз
323	күлімпаз	ерепейсіз
324	күткіш	ерке-шора
325	кіжіңдеуік	еріншек
326	кірімді	есектен де жуас
327	кірімтал	есепдан
328	кішіпейіл	есепдар
329	қабағы ашық	есепқой
330	қадалған жерден [қадалғаннан] қан алатын	есепқор
331	қажымас	есерсоқ
332	қажырлы	ессіз
333	қайсар	ессіз-ойсыз
334	қайтпас	есірік
335	қайтусыз	етекқұмар

336	қайтымды	еш нәрседен [ештеңеден] хабарсыз
337	қайырымды	жабайы мінез
338	қайырымшыл	жабық жан
339	қайыспас	жабысқақ
340	қақ-соқпен ісі [жұмысы] жоқ	жағдайшыл
341	қақ-соқсыз	жағымпаз
342	қалжыңбас	жағымсыз
343	қалжыңқой	жағынғыш
344	қалжыңшыл	жағынымпаз
345	қамқоршыл	жайбар ауыз
346	қанағатшыл	жайбасар
347	қара қылды қақ жарған	жайсыз
348	қара сіңір	жалақор
349	қарағайға қарсы біткен бұтақ	жалбақай
350	қарағайдың қарсы біткен бұтағындай	жалқау
351	қарақты	жалқау-жампоз
352	қарапайым	жалмауыз
353	қарекетшіл	жалпақшешейлік
354	қасалықты	жалтақшыл
355	қасқыр жүрек	жалтаңкөз
356	қатал	жалтаңшыл
357	қатержам	жалтарғыш
358	қатты	жалыншақ
359	қатыны мінезді	жалынымпаз
360	қау көкірек	жаман
361	қау көрік	жаман адам
362	қауға тиген өрттей	жанбақты
363	қауымшыл	жанжалқой
364	қиғыр	жанжалшыл
365	қоғамшыл	жаны қара
366	қой аузынан шөп алмас [алмайтын]	жаны тәтті
367	қой мінезді	жаңғалақ
368	қойдай жуас [момын]	жаңылғыш
369	қойдан қоңыр [жылқыдан торы]	жаңылысқыш
370	қоймүрет	жар көкірек
371	қойнынан бөзі, аузынан сөзі түскен	жарамсақ
372	қойпалақ	жасық
373	қойторы	жатаған
374	қоламта мінез	жатбауыр
375	қолы ашық [жазық]	жатпейіл
376	қолы сақи	жатыпішер
377	қонақжай	жауыз
378	қонақжайлы	жәбіршіл
379	қонаққұмар	жәркелеш
380	қонақуар	жәутік
381	қонақшыл	жебір
382	қоңынан [етінен] ет кесіп алса да	жекешап
383	қуақы	жел кеуде
384	қуды мініп, құланды құрықтайтын	жел көкірек

385	қулық-сұмдығы жоқ [қулық-сұмдықты білмейтін]	желбуаз
386	қулық-сұмдықсыз	желбүйрек
387	қулықсыз	желгек
388	қунақы	желкөкірек
389	құдайшыл	желөкпе
390	құймақұлақ	желөкпелеу
391	құлқы таза	жеңіл ауыз
392	құмартқыш	жеңіл ауызды
393	құнтақты	жеңіл мінезді
394	құнтты	жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүретін
395	қыз мінезді	жеңілтап
396	қызба бас	жетесі жаман
397	қызу	жидегір
398	қызуқанды	жұғымы жоқ
399	қызыққыш	жұқсыз
400	қызымпаз	жұлмыр
401	қылықты	жұлмыт
402	қырағы	жұлымыр
403	қырағы қия жазбас	жүрегі қара
404	қыранкерей	жыбырлауық
405	қырау қабақ	жылауқор
406	лепілдек	жылауық
407	майда қол	жылмақай
408	малсақ	жылмаң
409	марқабатты	жылмысқы
410	мархабатты	жылпос
411	махаббатшыл	жылтсыз
412	мәдениетті	жымпос
413	мәйім	жымысқы
414	мәмілешіл	жынды
415	мәрт	жындыбас
416	меймандос	жындысүрей
417	мейманқор	жыпылдақ
418	мейманқос	жырбақай
419	мейманшыл	жырқылдақ
420	мейрамшыл	жыртақай
421	мейірбан	жыртақы
422	мейірбанды	жырындықор
423	мейірбаншыл	жібі бос [бостау]
424	мейірқанды	жігерсіз
425	мейірлі	жігері жоқ
426	мейірімді	жікшіл
427	мейірімшіл	залым
428	мерейлі	заңқой
429	мерейі үстем	заңқор
430	меселді	заңшыл
431	можан топай	заржақ
432	момақан	зауықсыз
433	момақан мінез	зейінсіз

434	момақандау	зинақор
435	момын	зор кеуде
436	момын адам	зор көкірек
437	момындау	зорлықшыл
438	момынырақ	зуылдақ
439	мондыбай	зұлым
440	мондыбас	зыпылдақ
441	мондыбастау	ибасыз
442	моп-момақан	имансыз
443	моп-момын	именшек
444	мұқият	инабатсыз
445	мұратшыл	инсапсыз
446	мұрнын тескен тайлақтай	ит көтінен инесуырған
447	мүддешіл	итіншек
448	мүсіркегіш	иі қатты
449	мінажатшыл	кәрі сайқалдарша сыландаған
450	мінәйі	кәсіпсіз
451	мінезді	кежір
452	мінезділеу	кезеп
453	мінезі ауыр [ауыр мінезді]	кекеткіш
454	мінезі майдай	кекшіл
455	мінезі текті	келсең келдің өзі
456	намазқой	кең балақ, жалпы етек
457	намазшыл	кең көмей
458	намыскер	кең қолтық
459	намысқой	кеппе кеуде
460	намысқор	кер
461	намысты	кер асқақ
462	намысшыл	кер есек
463	нан тепті	кер қабақ
464	ниеті қазат	кер табан
465	нысапты	керғайзаң
466	озық пікірлі	кердең
467	ойлағыш	керенаулау
468	ойлампаз	кертартпа
469	ойланғыш	керіскек
470	ойлы	кесір-кежір
471	ойнампаз	кесір-кердең
472	ойнарғы	кесірлі
473	ойшаң	кесірлілеу
474	ойшыл	кеудесі кепкен
475	орақ ауыз [ауызды, тісті], от ауыз [ауызды, тісті, тілді]	кеудесімен жер соққандай
476	ортақшыл	кешіккіш
477	орташыл	кешірімсіз
478	от жүрек	киіктеу
479	от көзді	көбік ауыз
480	отанжанды	көбік езу
481	отансүйгіш	көз алдаушы
482	отаншыл	көзінің еті өскен

483	оялы	көк езулі
484	оянымпаз	көк есек
485	өбектегіш	көк жалқау
486	өжет	көкауыз
487	өжет-өткір	көкбет
488	өзіне-өзі сенімді	көкезу
489	өктем мінезді	көкмылжың
490	өлеңшіл	көксоққан
491	өнершіл	көкігіш
492	өңі жылы	көкіме
493	өр кеуде	көкірегі [кеудесі] тар
494	өр мінез	көкірегі [көңілі] қарау
495	өржүрек	көкіректеу
496	өрмінез	көкірекшіл
497	өрмінезді	көлгір
498	өрт мінезді	көлең
499	өршіл	көлпал
500	өсиетшіл	көн көңілді
501	өткір	көнімсіз
502	өткір жүрек	көңілі [көктен] биік
503	пайдашы	көңілі борпылдақ
504	пайдашыл	көңілі көкте
505	пайымшыл	көңілі көкте, басы жерде
506	панашы	көппе
507	панашыл	көпірме ауыз
508	парасатты	көре алмайтын
509	парасатшыл	көрсеқызарлау
510	пәк	көтіне бақпас
511	пәмді	күйгелек
512	пейілді	күйгелектеу
513	пейілі ашық	күйрек
514	пейілі кең	күйректеу
515	рақымшыл	күмпілдек
516	риясыз	күндегіш
517	рухтанғыш	күншіл
518	рухтандырғыш	кідікшіл
519	рухты	кіділеу
520	рухы жоғары	кілтиме
521	рушыл	кінәлағыш
522	сабырлы	кінәмпаз
523	сақи жан	кінәмшіл
524	сакқұлақ	кінәшіл
525	сақуатты	кірбіңшіл
526	салдарлы	кірпияз
527	салиқа	кісілігі жоқ
528	салиқалы	қажырсыз
529	салқам	қазанбұзар
530	салқынқанды	қазба
531	салуалы	қазбалағыш
532	сарапшыл	қайырсыз

533	сардарлы	қайырымсыз
534	саудыр-садақ	қақатұяқ
535	сауысқаннан сақ	қалша
536	сахаби	қанағатсыз
537	сахауатты	қанқор
538	сахи	қанқұйлы
539	саясатқа жүйрік	қансүрек
540	сәлемшіл	қаны бұзық
541	сәлемі түзу	қаны қара
542	сегіз кессе, сіркедей қан шықпайтын	қаныпезер
543	сегіз қырлы, бір сырлы [сегіз қырлы]	қара желін
544	сезгіш	қара жылан
545	сезікшіл	қара қамшы
546	сезімді	қара пейіл
547	сезімпаз	қарабайдай қаныпезер [сараң]
548	сезімтал	қарабауыр
549	сезімшіл	қарабет
550	сезінгіш	қаражүзді
551	сейілшіл	қаражүрек
552	секемсіз	қараниет
553	секемшіл	қарапейіл
554	сенгіш	қарарсыз
555	сенгіштеу	қарау
556	сендіргіш	қарысқақ
557	сенулі	қарыспа
558	сенімгер	қасарғыш
559	сенімді	қасарма
560	сенімпаз	қасарыспа
561	сенімшіл	қаскөй
562	сеп-сергек	қаскүнем
563	сепшіл	қасқыр беттік
564	сергек	қастанды
565	сергектеу	қатыбас
566	сертшіл	қатыгез
567	серуендегіш	қатын жүрек
568	серуеншіл	қау бөрік
569	сері мінезді	қида кездік
570	серілеу	қиқар
571	серісымақ	қиқар-қырыс
572	сиқырлағыш	қиракөз
573	сөзгер	қитар
574	сөзуар	қитың
575	сөзшең	қиямпұрыс
576	сөзі өтімді	қиянатқор
577	сөйлегіш	қиянатшыл
578	сөйлемпаз	қиянкес
579	сөйлескіш	қияңқы
580	сөйлеуік	қияңқы мінез
581	сужұқпас шешен	қияпар
582	сумақай	қияпатты

583	сұңғыла	қожбантопай
584	сұңғылалау	қолы сараң
585	сүттей[н] ақ [судай таза]	қолы тар
586	сыйлағыш	қопи
587	сыйласты	қорғалақ
588	сыйлы	қорғалаң
589	сыйшыл	қорғалауық
590	сыйымды	қорғаншақ
591	сылаң	қоржынына қоқым тоқтамайтын
592	сылаңгер	қорқақ
593	сылбырлау	қорыққыш
594	сылдыр көмей, жез таңдай	қорыншақ
595	сылқым	қошеметшіл
596	сылқымдау	қоян жүрек
597	сымпылдақ	қоян жүрек қорқақ
598	сыпа	қу
599	сыпайы	қу [қуақы] тілді
600	сыпайылау	қу ауыз
601	сыпайырақ	қу аяқ
602	сып-сынық	қу бастан қуырдақ ет алатын
603	сып-сыпайы	қу жақ
604	сырбаз	қу қаптал
605	сырға берік	қу таңдай
606	сырдесте	қу тұяқ
607	сырты ащы, іші тәтті	қу тілді
608	сырты бүтін, іші түтін	қужақ
609	сыршыл	қулау
610	сілетсіз	қулықшы
611	табаны алты қарыс	қулықшыл
612	табынғыш	қушыкеш
613	табыскер	қуыс бас
614	тағайынды	қуыс кеуде
615	тағатты	қуыс қурай
616	тақуа	қуысты
617	тақуалау	қуысшыл
618	тақылдақ	құбылғыш
619	тақылдауық	құбылмалы
620	тақымкеш	құбылымпаз
621	талабы таудай	құлқы бұзық
622	талағының [талағында] биті бар	құлқын мінез
623	талайлы	құлқын саусақ
624	таланды	құлқынның құлы
625	таланлы	құлқын-тамақ
626	талантты	құлқыншыл
627	талапкер	құлқыны жаман
628	талапты	құлықсыз
629	талапшыл	құм мінез
630	талғағыш	құмарпаз
631	талғамды	құнезер
632	талғампаз	құнжыт

633	талғамшыл	құнтсыз
634	тамашашыл	құркеуде
635	танығыш	құрысқақ
636	танымпаз	құтырық
637	таныс-біліс	қыдырымпаз
638	таңдағыш	қыдырынды
639	таңдайынан бал тамған	қызба
640	таңсыққой	қызба бас
641	таңсықтау	қызба қанды
642	таңырқағыш	қызба мінезді
643	тапқыр	қызбалы
644	тапқыш	қызбалықты
645	тасбақаның аузынан шөп алған	қызғаншақ
646	тасқайнат	қызыл ауыз
647	тастүйнақтай	қызыл көз [көзді]
648	тастүйін	қызыл көз ессіз
649	тасыраңдау	қызылкеңірдек
650	тауанды	қызылөңеш
651	тәлімшіл	қылауыз
652	тәртіпті	қылжақбас
653	тәртіпшіл	қылжима
654	тәубешіл	қылт-сылты көп
655	тәуекелішл	қылықсыз
656	тебіреншек	қылышынан қан тамған
657	тексергіш	қыңыр
658	тепсе темір үзетін	қыңыр көкірек
659	тетігі аузындағы кісі	қыңыр мойын
660	тойған қозыдай [қозы секілді]	қырғи мінез
661	топшылағыш	қырқар
662	төзгіш	қырсыз
663	төзімді	қырсық
664	төзімтал	қырсық-қыңыр
665	төзімшіл	қырсықшыл
666	тұзақ үзген [ала аяқ]	қырт
667	тұтымды	қыртима
668	түйе үстінен ит қапқан	қырымпаз
669	тындырымпаз	қырымпоз
670	тыңдағыш	қытымыр
671	тілалғыш	лаңа ауыз
672	тілінен бал тамған	лаққы
673	ұғымпаз	лақпа
674	ұғымтал	лақуа
675	ұжымшыл	лақылдақ
676	ұқыпты	лаңшыл
677	ұя бұзбас	лас кеуде
678	үзеңгісін тең басқан	лепірме
679	үйек	мағұр
680	үйкүшік	мадақшыл
681	үйлесімді	мазақшыл
682	үйренгіш	мазаң

683	үйреткіш	мазасыз
684	үйретімпаз	мақтанқұмар
685	үйтентек	мақтаншақ
686	үйіргіш	малжандылау
687	үйірсек	малқор
688	үйіршіл	малқұмар
689	үйірілгіш	мансапқор
690	үйірімді	мансапқұмар
691	үлгілі	мансапшы
692	үлкен адам [кісі]	мансапшыл
693	үлпетті	маңғаз
694	үміттес	марғаулау
695	үмітті	мардат
696	үмітшіл	мәдениетсіз
697	үндемеген үйдей пәледен құтылады	мәжілісқор
698	үндеуші	мейірсіз
699	үнемқор	мейірімсіз
700	үнемшіл	мейірімсіздеу
701	үңілгіш	мекер
702	фазылатты	менмен
703	фаһімлі	менмендеу
704	фәрзана	менменшіл
705	фируз	меншікқұмар
706	флегматик	меншікшіл
707	хакім	меншіл
708	халис	мерездеу
709	халықтың адамы болды	мойығыш
710	халықшыл	мойылғыш
711	харизма	мойыс
712	хаяс	мұңайғыш
713	хәләл	мұңайымшыл
714	хикаяшыл	мұңшыл
715	холерик	мұрнын [көкке] көтерген
716	хошуақ	мұрнын тескен өгіздей
717	хұрсант	мұттахам
718	шабытты	мұнафиқ
719	шағымпаз	мұттайым
720	шағымшы	мыжың
721	шағымшыл	мылжың
722	шағырлау	мырың
723	шадыман	мысқылшыл
724	шадыман жұрт	мысықсопы
725	шадыманды	міндетшіл
726	шайқы	мінегіш
727	шайлы	мінезқор
728	шала-дүмбіл	мінезсіз
729	шалғыр	мінезсіздеу
730	шалғырт	міншіл
731	шалушы	надан
732	шалымды	намыссыз

733	шанымды	нанғыш
734	шаңдаяқ	нанғыштау
735	шапағатты	нандық
736	шапағатшыл	нансоғар
737	шарапатты	нанымпаз
738	шаруашыл	нас басқанды бит басқан
739	шатты	нау
740	шат-шадыман	наятсыз
741	шашпа	нәмәрт
742	шер	нәпсіқор
743	шөгел	нәпсіқұмар
744	шыдамды	нәуетек
745	шырын-балдай	ниеті жаман
746	шіркеулі	нойыс
747	ызасыз	нойыстау
748	ызбайлы	ноқай
749	ызбарлы	ноқайлау
750	ықтиятты	нысапсыз
751	ымырагер	обаған
752	ыңғайтөк	обыр
753	ыстық жүрек	оғаш
754	ізгілікті	оғаштау
755	іздемпаз	оданы
756	ілтипатты	одыр
757		ожар
758		ожарлау
759		озбыр
760		ойсыз
761		ойынпаз
762		ойыншыл
763		оңбаған
764		опасыз
765		орашолақ
766		орашолақтау
767		ордаң
768		оспадар
769		оспадарлау
770		оспадарсыз
771		оспақшыл
772		оясыз
773		өзгергіш
774		өзгермелі
775		өзімшіл
776		өзімшілдеу
777		өкпелегіш
778		өкпеші
779		өкпешіл
780		өктемшіл
781		өкірең
782		өкіреш

783		өлдебар
784		өлез
785		өнегесіз
786		өнерсіз
787		өңешқұмар
788		өпірем
789		өпірім
790		өр кеуде
791		өр көкіректеу
792		өр көңілді
793		өрескел мінез
794		өресі аласа
795		өресіз
796		өркеуде
797		өркөкірек
798		өркөкіректеу
799		өрісі [өресі] тар
800		өсекқұмар
801		өсекші
802		өсекшіл
803		өтірікке жүйрік
804		пайдакер
805		пайдакеш
806		пайдақор
807		пайдақұмар
808		паң
809		паңдау
810		парақор
811		парасатсыз
812		парашыл
813		пасық
814		пәле
815		пәлеқор
816		пәлеқор (жанжал) көзді
817		пейілсіз
818		пейілі [ниеті] бұзық
819		пейілі бұзық
820		пейілі қас
821		пейілі тар
822		пес
823		пікірсіз
824		рақымсыз
825		рияшыл
826		рухсыз
827		сабырсыз
828		сайдақы
829		сайқал
830		сайқалдау
831		сайрампаз
832		сайраншыл

833		сал бөксе
834		сал сүйек
835		салақ
836		салақтау
837		салдақ
838		салдақы
839		салдаман
840		салмойын
841		санасы жоқ сабаз
842		сараң
843		сараңдау
844		сармойын
845		сарыуайымшыл
846		сатқын
847		сатымсақ
848		саудайы
849		сауыққұмар
850		сауық-сайраншыл
851		сауықшыл
852		сахауатсыз
853		саясатқұмар
854		саясатшыл
855		сәйкі
856		сәнқой
857		сәнқұмар
858		сәншіл
859		сезімсіз
860		сенімсіз
861		сескенгіш
862		сескеншек
863		сескеншектеу
864		сесті
865		сипақшыл
866		сиыр мінез
867		сиыр тектес
868		соғысқұмар
869		содырлау
870		содырлы
871		содыр-сойқан
872		содыр-сотқар
873		сойқанды
874		сойқаншыл
875		соқтыққыш
876		соқтықпа
877		соқтықпалы
878		соқырлау
879		сотанақ
880		сотқар
881		сотқарлау
882		сөзге [әңгімеге, тілге] сараң

883		сөзге үйір
884		сөзуарлау
885		су жүрек
886		суайттау
887		суаяқ
888		сужұқпас
889		сужұқтырмас
890		сужұқтырмас шешен
891		сужүрек
892		суқит
893		сұм
894		сұмқай
895		сұмпайы
896		сұранбақ
897		сұраншақ
898		сұрқия
899		сұсты
900		сұстылау
901		сүйегі бос
902		сүйек бермес
903		сүмелек
904		сүмелектей
905		сүмелектеу
906		сығырдаң
907		сығырдаңдау
908		сыйымсыз
909		сықаққой
910		сықақшыл
911		сықаяқ
912		сылдыр бақай
913		сылдыр-суайт
914		сылтаушыл
915		сынағыш
916		сынампаз
917		сыншыл
918		сыпылдақ
919		сырдан сыңар аяқ өткен
920		сырдаң
921		сырқынды
922		табаны тайғақ
923		табашыл
924		тағатсыз
925		тайқалақ
926		тақыс
927		тақыстау
928		талапсыз
929		таласқыш
930		тантық
931		тар мінезді
932		тараң

933		тарпаң
934		тарпаңдау
935		тартыншақ
936		тарынғыш
937		тарыншақ
938		тас көңіл
939		тасбауыр
940		тасжүрек
941		тастан [тастай] қатты
942		тасырақ
943		тауаны тар
944		тәйтік
945		тәкаппар
946		тәкаппарлау
947		тәлпіш
948		тәртіпсіз
949		тебіз
950		телпек
951		теліз
952		телі-тентек
953		тентек
954		терісазу
955		тетір-тентек
956		тозақы
957		тоң мінез
958		тоң-торыс
959		тоңырайыңқы
960		төрешіл
961		тырқы
962		тыртақай
963		тырысқақ
964		тік мінез
965		тіл безерге сүйенген
966		тілазар
967		тірі өлік
968		ұқыпсыз
969		ұртқал
970		ұрынғыш
971		үдір
972		үзеңгі бауы алты қабат
973		үміттәйім
974		үргелек
975		үрейшіл
976		үркек
977		үркеппе
978		үрту
979		хан көкірек адам
980		ханға сәлем бермейтін
981		шабал
982		шабан

983		шадыр
984		шадырлау
985		шадыр-шәлкес
986		шажа
987		шайқы-бұрқы
988		шайлау
989		шайпау
990		шайпау мінезді [тілді]
991		шақар
992		шалағай
993		шалгез
994		шалдуар
995		шалдуарлау
996		шалқақ
997		шалман
998		шалпы
999		шамданшақ
1000		шамкес
1001		шамшыл
1002		шамырқанғыш
1003		шамырыққыш
1004		шаптықпа
1005		шапылдақ
1006		шар
1007		шарапқұмар
1008		шарқая
1009		шарлаш
1010		шарықшы
1011		шата
1012		шатаққой
1013		шатаққор
1014		шатаққұмар
1015		шатақтау
1016		шатақшыл
1017		шатыраш
1018		шаулау
1019		шаш ал десе, бас алатын
1020		шая
1021		шәдде
1022		шәйпі
1023		шәлкестеу
1024		шәлкі
1025		шәргез
1026		шегіншек
1027		шенегіш
1028		шолақ белсенді
1029		шолжақ
1030		шолжақай
1031		шолжаңбай
1032		шықылдауық

1033		шырт кететін
1034		шырт сынар
1035		шыртбас
1036		шыртетпе
1037		шыртима
1038		шытулы
1039		ығы жоқ
1040		ызбай
1041		ызбарлы
1042		іші лас, сырты таза
1043		іші тар
1044		ішіне [ішегіне] пышақ айналмайтын